Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.Л.Н.ГУМИЛЕВА
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ КАЗАХСТАНА
ИСТОРИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

«ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ:
КӨНЕ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН»

Халықаралық Еуразиялық форумының

МАТЕРИАЛДАРЫ

1-ТОМ

МАТЕРИАЛЫ

Международного Евразийского форума

«ИСТОРИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ:
ОТ ИСТОКОВ ДО СОВРЕМЕННОСТИ»

1-ТОМ

Нұр-Сұлтан, 2019

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
Ұ46

Председатель редакционной коллегии
Сыдықов Е.Б., ректор ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, академик НАН РК

Редакционная коллегия
Айтмагамбетов Д.Р., руководитель аппарата ректора, к.и.н., Садықов Т.С., д.и.н., профессор, декан исторического факультета, Мусабалина Г.Т., д.и.н., профессор, зав. кафедрой истории Казахстана, Кумеков Б.И., доктор исторических наук, академик НАН РК, Дукенбаева З.О., д.и.н., профессор, Алпысбес М.А., д.и.н, профессор, Мусагалиева А.С., д.и.н., профессор, Ковальская С.И., д.и.н., профессор, Сайлаубай Е.Е., к.и.н., доцент, секретарь Национального Конгресса историков Казахстана, Батталов К.К., к.и.н., доцент, Елкей Н.Н., аға оқытушы, магистр (тех. редактор), Оразаев С.Б., магистр (тех. редактор), Бижанов А.С., магистр (тех. редактор), Елемесов С.М., магистр (тех. редактор)

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.
Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

Ұ46 **«ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: КӨНЕ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН»: Халықаралық Еуразиялық форумының материалдары. 1-том. / «ИСТОРИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ОТ ИСТОКОВ ДО СОВРЕМЕННОСТИ»:** Материалы Международного Евразийского форума. 1-том. / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. - 354 б. Қазақша, орысша.

ISBN 978-601-337-218-1

Материалдар жинағына 2019 жылы 25 қазанда Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінде (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) өткен «Ұлы Дала тарихы: көне дәуірден қазіргі заманға дейін» тақырыбында Халықаралық Еуразиялық форумына ұсынылған мақалалар енгізілген. Мақалалар авторларының редакциясымен жарияланады.

В сборнике материалов представлены труды международного Евразийского форума «История Великой степи: от истоков до современности», прошедший в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан) 25 октября 2019 г. Статьи публикуются в авторской редакции.

ISBN 978-601-337-218-1

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019

КІРІСПЕ СӨЗ

Сыдықов Е. Б. т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры

Құрметті «Ұлы Дала тарихы: тарихтан қазіргі заманға дейін» атты Еуразиялық Форумының қонақтары, ғалымдар мен студенттер!

Ұлы дала тарихы – Еуразия кеңістігін мыңдаған жылдар бойы мекендеген халықтардың тарихи шежіресінің куәсі. Батыс пен Шығыс өркениеттерін тоғыстырған үндестік пен үйлесімнің бесігі, мәдени қазынасы мен тамырлы тарихы, жауһардай әдеби мұрасы мен жарқыраған асыл тілі, тасқа таңбаланған жазуы мен саф өнері - адамзат өркениетіне қосылған баға жетпес құнды байлығы екені тарихи шындық.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың **«Ұлы даланың жеті қыры»** бағдарламалық мақаласында айтылған адамзаттың рухани кемелденуіне тың серпін беретін құндылықтарды зерделеуге, жаңаша пайымдауға бүгінгі **Еуразиялық Форумның** мүмкіндіктері мен қосатын үлесі шексіз. Бүгінгі Форумның да негізгі мақсаты - Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті бойынша ғылыми зерттеулердің қазіргі тәжірибесімен алмасу.

Еуразияның ен даласын еншілеген ежелгі түркінің түп мұрагері – Қазақ елі. Алтай мен Дунайдың арасын аттың жалында, түйенің қомында жүріп өткен арғы бабалар тарихы – ұлылық ұлағаты.

Бүгінгі әлемде, **Батыс пен Шығыс өркениетінің** аражігін ажыратар құндылықтар біртұтастанып, ұлттар болмысы жаһандық болмысқа айналып отырған кезеңде түркілік өркениет әлем жұртшылығының назарын өзіне қайта аударуға бет алды. Батыстың Шығыс өркениетіне, соның ішінде **Түркі өркениетінің** мәдениеті мен өмірлік философиясына, өнері мен тұрмысына қарай бет бұру үрдісі әлемдік деңгейде кең етек жайып келе жатқан үдеріске айналды. Бұл заңды құбылыс. Бірақ бұл үдеріс біржақты емес. Оның екіжақты да қайтарымы бар және солай болатын үдеріс.

Осы тұрғыдан алғанда **Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты** Қазақстанның ұлттық өрлеуінің және еуразия идеясының қолдаушы дара тұлғасы деп танимыз. Қазақстан үшін **Елбасының** Еуразия халықтарының бірлігі контексіндегі түркілер мен славяндардың өзара қарым-қатынасы мәселесі бойынша, түркі-монғол әлемінің тарихын тану бойынша атқарған істері аса маңызды болып табылды**. Елбасының** «Түркі өркениеті, оның мәңгі өшпестей болып, тура мың жарым жылға жуық уақыт бұрын Еуразия құрлығының төсінде бедерленген көне жазбалары – жалпы адамзат өркениетінің үлкен қазынасы» деп толғануы да осы ойымызға дәлел.

ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың **«Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»** атты Қазақстан халқына арнаған биылғы жылғы Жолдауын жүзеге асыруға бағытталғанКешенді іс-шаралар түзілді. Осы арнада жаһандық сын-қатерлер мен қазіргі заманның күрделі үдерістерін парасатпен жеңуге, кемелдік пен мейірбандықты дәріптеуге негізделген ашық пікірлі алмасулар мен салиқалы сараптамалар зор үлес қосады деп сенемін.

Ұлы Дала тарихы – бір күнде зерттеліп, бағасы берілетін шаруа емес. Тарихты заттай деректер мен жазба құжаттардың көмегінсіз зерттеп әділ бағасын беру мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан, кәсіби тарихшылардың жан-жақты ізденуін, ежелгі дәуірден сақталған тарихи деректерді мұқият зерделей отырып, адамзат баласының өткен тарихи жолын ғылыми тұжырымдап, обьективті көзқарас ұстануда тәуелсіз елдің тарихшыларының көтерер жүгі барынша салмақты болмақ.

Демек, ұлт тарихының өзекті тұстарына қатысты көзқарасты анықтап алмай, әрі бабаларымыздың жүріп өткен жолын шынайылықпен беретін іргелі еңбектер жазылмай төл тарихты ұлықтау әсте мүмкін емес. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов: «Сөздің ең ұлысы,

ең сипаттысы – тарих» деген болатын. Демек, тарихымызды бүтіндеу – өскелең ұрпақ тәрбиесінің толыққанды болуының басты кепілі болмақ. Тарихты тану – тағылымды іс, әрі ұлттың мерейін тасытып, рухын көтереді. Ұлы даланың мақтан тұтарлық төл тарихы, мәдениеті мен өнегесі бар екені сөзсіз. Оны ұлықтау – ұлтты ұйыстыруға бастайды.

Өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын бабаларымыздың асқақ рухы Ұлы Дала жерінің баға жетпес байлығын ұрпаққа аманат ету. Ұлы Дала жеріндегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, халқымыздың отаншылдық рухының келбетін аша отырып, аса бай рухани тарихы бар ел ретіндегі түсінікті азаматтардың санасына берік ұялату арқылы қоғамның рухани жаңғыруына жағдай жасау.

Бүгінде Елбасының **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** бағдарламасының басым бағыттары мен оның заңды жалғасы болып табылатын **«Ұлы даланың жеті қыры»** мақаласындағы жүктелген міндеттер біздің кәсіби жұмысымыздың құрамдас бөлігіне айналды.

Тарихымыздың мұндай міндетін бүгінгі күні университетіміздің тарихшы қауымы жеткілікті дәрежеде түсінеді. Сондықтан оқытушы-профессорлар құрамы **«Ұлы дала тарихы»** тұжырымдасы арнасында және **«Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәндері** бойынша әр тақырыпқа тыңғылықты дайындалып, ғылымның соңғы жаңалықтарын барынша ескеруде. Мұндағы басты мақсат – тамыры терең Отан тарихын жетік меңгерген бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Университетіміздің түлектері түрлі мамандық иесі атанып қоймай, тарихын толық меңгерген ұлтжанды азамат болып шығуы аса маңызды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басым бағыттарын жүзеге асыруда университетіміздің ұжымы мен студенттері, магистрлері, PhD докторанттары мен жас ғалымдары белсенді әрі жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Атап айтсақ, қолданбалы және іргелі ғылыми, стартап жобалар, түрлі конкурстар мен зияткерлік олимпиадалар, қайырымдылық акциялары мен түрлі кездесулер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру, т.б. көптеген шаралар мазмұндық және тұрпаттық жағынан рухани жаңғыруға бағытталған. Қазіргі таңда университетіміздің академиялық миссиясы білім-ғылым-тәрбие үштігі негізде атқаратынын ескерсек, бағдарламаның басым бағыттары осының үшеуінде де қамтылған. Әсіресе, өскелең ұрпақ бойындағы тарихи сананың қалыптасуына үлкен мән беріліп, назарға алынған.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің бастамасымен дәстүрге айналған бұл форум ғылыми интеграцияға да тың серпін береді демекпін. 2020 жылы ұлы ойшылдардың мерейтойы - әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы аталып өтіледі.

Форум жұмысының аясы мен мақсаты да осындай аса зәру мәселені қозғайтындықтан құптауға тұрарлық, тұғырлы да ұмырлы ғылыми ой-санаға қозғау салатын иігілікті іс-шара. Сондықтан, бүгінгі форумда талқыланатын тақырыптардың ауқымы кең, мағынасы терең, болашақ ұрпақ үшін тағылымы мол боларына кәміл сенемін.

«Ұлы Дала тарихы: тарихтан қазіргі заманға дейін» атты Еуразиялық Форумының жұмысына сәттілік тілеймін, ғалымдардың қаламы қайратты, шабыты шалқар болсын демекпін!

ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖАЙЛЫ

Көмеков Б. Е., т.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақ Ұлы даланың елі. Қазақтың болмысы Ұлы даланың теңдессіз құндылықтарымен бейнеленеді. Оның тамыры өткен мыңжылдықтарда жатыр. Біздің заманымызға дейін екінші мыңжылдықтың аяғында Еуразияның Ұлы даласының көшпелі мал шаруашылығына өтуі далалық қоғам дамуында түбегейлі бетбұрысқа алып келді. Бұл дәуірде қоғамдық және материалдық мәдениеттің даму деңгейінде маңызды өзгерістер орын алып, ол Дала өркениетінің дамуына негіз болды. Жалпы өркениет ұғымы отырықшы егіншілік аясында қалыптасқан, оның негізгі өлшемдерін зерттеушілер мемлекет, қалалар, жазу мен мәдениетпен байланыстырады. Бұл өркениеттің құрамдас бөліктерін анықтайтын өлшемдер отырықшы халықтардың мәдениет деңгейін анықтайтын заңдылықтардан бастау алады. Сондай-ақ, отырықшы қоғам өркениетінің қағидалары Дала өркениетінің дамуында да көрініс табады. Бірақта далалық аймақта тек қана Ұлы далаға тән ерекшеліктер қалыптасқан.

Ұлы даланың құндылығы қашанда қоршаған географиялық ортаға байланысты. Көшпелі қоғам өне бойы табиғатпен үлесімдік және үндестікте болған. Табиғаттың заңдылықтарына өте-мөте көңіл бөліп, флора мен фаунаны көзінің қарашағындай сақтаған. Жас шөпті үзбеген, суды ластамаған, бұлақтың көзін тазалап, артық аң, құс, балықты алмаған. Табиғаттың экологиялық тазалығын сақтаған. Қазақ табиғаттың өзінен күш-қуат алып, табынып жүрген, бір қадам жерін ешкімге бермеген. Сонымен бірге табиғаттың тазалығын бойына сіндірген, обал, қанағат ұғымдармен өскен. Сондықтан сұңғыла бола алды. Бүгінгі таңда әлемде экологиялық зардап, басты проблемаға айналғанда Дала өркениеті құндылығының теориялық және тәжіриебелік мәні баға жетпес қазынаға айналды

Ұлы дала өркениетінің негізгі ерекшеліктерінің бірі, ол ел мен жер ара-қатынасына байланысты. Отырықшы қоғамда жерге байланып, жылжымай отырады. Сондықтан оларда «жер болса, ел табылады» деген қағида бар. Бұл аумақтық ұстанымның негізі. Көшпелі қоғамның заңдылығы керісінше – «ел болса, жер табылады», яғни көшпелі елдіктің қасиеті осыған тіректенеді. Дала өркениетінің бірегей құндылығы ру-тайпалық жүйемен тығыз байланысты. Ру-тайпалық құрылым қоғамдық және мемлекеттік дамудың негізгі діңгегіне айналған. Қазақтың болмысы осы ру-тайпалық жүйеге қатысты. Ру-тайпалық жүйе туыстық желісінде қалыптасқан. Олардың байланыстары бауырлардың қарым-қатынастарына іспеттес. Жүздердің ара-қатынастары туған бауырдай. Сондықтан ру-тайпалық жүйе әуелден елдің бірлігін күшейтіп отырған. Басып айтатын тағы бір жәйіт көшпелі қоғамда басты назар адамға бөлінген, адами фактор бірінші орында болған, адамның құқығы тапталмаған. Ру-тайпалық құрылым көшпелі қоғамға бейімделген, Ұлы даланың өте күрделі өлшемі.

Ерте дәуірде Ұлы даланың тұрғындары талай технологиялық табыстарға ие болды. Айталық, металл технологиясын жоғары дәрежеде меңгергенін, жылқытану немесе атқа міну мәдениеті. Сонымен бірге ертедегі көшпелілер дәуірінен бастап, Дала өркениеті құндылықтарының бірі көшпелі малшылардың отырықшы шаруашылыққа тән техника арқылы даму жолының орнына биологиялық даму жолына түсуі болды. Малдарды жоғары технологияға байланысты будандастыру, сұрыптау, жаңа түрлерін шығару мен асыл тұқымдарын өсіру дәуірдің басты белгісіне айналды. Біздің заманымызға дейін II ғасырда Ұлы далада ғұндар жылқы түлігін өсіруге айрықша көңіл бөлген. Қытай жылнамасында ғұндардың әскері жайлы құнды мәліметтер келтірілген. Ғұндардың мыңдаған сарбаздары біртүсті атқа мінгендерін баяндайды. Сонда боз, қара, күрен, құла түсті атты жауынгерлерді сипаттайды. Бұл көрініс селекцияның өте жоғары дәрежесін, өндіріс мәдениетінің таңқаларлық табыстарын меңзейді. Сонымен қатар 10 ғасырлық арабтың географы Ибн әл-Факих Түркі елінде таңғалатын жағдайларды бейнелеп, бұл жерде бір қой төрт-бес қозы табады, қойдың құйрықтары соншалықты үлкен оны арбашаға салғаннан кейін қой жүре бастайды. Қойдың

түрлері көп, соның бірі қысқа жүнді, құйрығы жоқтың қасы, өте төзімді жүздеген шақырымды жүріп өтеді. Осының бәрі өндірістің жоғары мәдениетінің айқын белгісі.

Көшпелі тұрмыстың ерекшелігінде Ұлы даланың кез-келген көшпелі қоғамында негізгі мал шаруашылығынан бастап жер өңдеу, қалалар мен қоныстар және т.б. мәдени-шаруашылықтың бірнеше түрлері болды. Жалпы көшпелі шаруашылығы толыққанды қоғамға айналды деуге дәлелдер жеткілікті. Негізінде таза көшпелі қоғам болған емес, ол үнемі жартылай көшпелі және жартылай отырықшы сипатта өтті. Сондықтан да ғылыми әдебиеттердегі қолданылып жүрген «көшпелі қоғам» мен «көшпелі мемлекет» деген ұғымдардағы «көшпелі» сөзі шартты мағынаға ие. Дала өркениетінде Қазақстанның кең байтақ жерінде отырықшылық және қала мәдениетінің дамуы ежелден ерекшеленген. Түркі көшпенділер қоғамда қалалар мен қамалдар Сырдария, Талас, Шу, Іле, Ертіс, Есіл, Жайық өзендерінің аңғарында, көлдердің жағасында, таулардың бөктерінде, сауда жолдардың бойында жайғасқан. Қала мен дала біртұтас экономикалық тұрмыстың өзара байланыстағы салаларына айналды.

Дала өркениеті мемлекеттіліктің өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуы мен көшпелі мемлекеттердің құрылуына алып келді. Ғасырлар бойы көшпелі мемлекеттілік дәстүрі қалыптасты. Ол саяси басқаруда, шаруашылық және рухани-мәдени өмірде, өнеге мен тәртіп нормаларынан орын алды. Қазақстан аумағында ежелгі және орта ғасырлар дәуірінде мемлекеттілік үрдісі екі басты белгілермен сипатталады, олар – үздіксіздік және сабақтастық. Қазақстан территориясында мемлекеттіліктің пайда болуы негізгі шаруашылығы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болған сақ қоғамымен (б.з.д. VIII-III ғғ.) байланысты. Сақтардың мәдени шығармашылығындағы ерекше құбылыстардың бірі «аң стилі» деп аталған бейнелеу өнері болды. Бұл стиль олардың дүниетанымының көрінісі мен олардың мифологиясының бейнелеу өнерінде іске асуы және көшпелілер идеологиясын көрсетудің ерекше белгілік жүйесі ретінде қалыптасқан. Бұл олардың көркемдік ой-өрісінің дамығандығын және металлдар технологияларын жоғары дәрежеде меңгергендігін білдіреді. Б.з.д. V-IV ғғ. сақтарда мемлекеттіліктің басты белгісі – жазу пайда болған. Осылайша, сақтарда мемлекеттің қалыптасуы мен жазудың пайда болуы өзара байланыстағы және бір мезеттегі үрдіс болды. Қазақ хандығы құрылғанға дейін (1465 жыл) сабақтастық байланыста 18 көшпелі мемлекет өмір сүрді. Қазақ хандығы төрт ғасырға жуық дәуірде елеулі рөл атқарды, өзіндік саясат жүргізді, мемлекеттің, халықтың бірлігін нығайтты. Мемлекеттің іргесінде қазақ халқы бірікті, оның этникалық территориясы қалыптасты, қазақтың тұрмыс тіршілігі, рухани және материалдық мәдениеті дамыды. XIX ғасырда Ресей империясы Қазақстандағы дәстүрлі мемлекеттік билікті түбегейлі жойды.

Өркениеттің өлшемі жазу тек отырықшы шаруашылықтың басты белгісі деген қағидат археологиялық табыстар негізінде күмән туғызды, өйткені Жетісу өлкесінде көшпелі сақ қоғамда біздің заманымызға дейін V-IV ғасырларда жазу пайда болған. Осылайша, сақтарда мемлекеттің қалыптасуы мен жазудың пайда болуы өзара байланыстағы және бір мезеттегі үрдіс болып қалыптасты. Көшпелі ұйғ империясында жазу қолданылған, мемлекетте іс-қағаздар айналымы жүргізілген. Ал ерте ортағасырлық Түрік қағанатында көне түрік жазуының кең таралуы және жазудың түрік тілінің заңдылықтарына әбден лайық болғандығымен сипатталанады. Жазудың пайда болуы көшпелі қоғамның өзіндік сұранысы мен қажеттілігі әкімшілік және дипломатиялық тәжірибиенің, мемлекеттік актілер мен дәстүрлерді тіркеу қажеттілігімен байланысты.

Дала өркениеті дала мәдениетінің және оның аса тұрақты бөлігі ретіндегі далалық тұрмыспен тығыз байланыста дамып отырды. Оның тамыры бастауын қола дәуірінен алып, сақ тарихи-мәдени қоғамдастығы кезеңінде негіздері орнығып, ал түркі мемлекеттік құрылымдарында одан әрі дамытылып, көшпенді тұрмыс уақыт пен кеңістік жағынан жоғарғы деңгейлі сабақтастық сипатына ие болады. Барлық этникалық және жергілікті нұсқаларда ұзақ тарихи кезеңдер арқылы сақталып келген мәдениеттегі стереотиптер құрылады. Олар

негізінен материалдық және рухани мәдениеттен, адамгершілік пен жүріс-тұрыс нормаларынан айқын көрініс табады.

Дала өркениетінде ауыз әдебиеті саласындағы шығармашылықтың түрлі формаларының орны мен рөлі ерекше болды. Олар есте сақтау қабілеті мен шешендік өнердің дамуына, көркем шығарманың жоғарғы формалары болып табылатын батырлық эпостар мен лирикалық поэмалардың көптеп пайда болуына жол ашты. Егер отырықшы қоғамда батырлық эпостар мен лирикалық поэмалар ондықтармен саналса, көшпелі қоғамда бұл көркем жанрлар жүздікпен саналады. Қазақтың фольклорлық қорында аталмыш рухани мирастың саны бес жүзден асады.

Сайып келгенде Ұлы дала құндылықтары Еуразия халықтарының рухани және материалдық асыл қазынасынан орын тапты.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ: ТАРИХИ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Аяған Б., т.ғ.д., профессор
ҚР БҒМ Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институты

Қадірлі қонақтар! Форумға қатысушылар!

Құрметті зиялы қауым! Қазақстан Республикасының соңғы ширек ғасырлық тарихы әлем жұртшылығы тарапынан жасампаздық пен бейбітшілік, келісім кезеңі ретінде мойындалып отыр. Мұндай беделді де орнықты мемлекеттілікті құру процесі - қазақстандық «Назарбаев моделі» деген атауға ие болды. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың жаңа мемлекеттілікті қалыптастыру және оның даму стратегиясы мен адам капиталының сапасына негізделген, «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегі жарық көрді. Ұлт көшбасшысының бастамасымен жаңадан Мемлекет тарихы институты ашылды. Қазіргі заманда Қазақстан дамудың жаңа сапалы кезеңіне аяқ басты. Ұрпақтар сабақтастығын сақтай, жүйелі реформалар жасау міндеті күн тәртібінде тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуін тікелей, қоғамдық келісіммен байланыстырып отыр.

Қадірлі әріптестер! Расында, ел бірлігі – оның әралуандығында. Этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыруда қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласы мамандарының рөлі зор. Атап айту керек, 2020 жылы әлем таныған ғұлама тұлғаларымыз, әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өту міндеті тұр. Мұндай ауқымды іс-шаралар ең өзекті мәселелер: белсенді азаматтық қоғам құру, қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру бағытындағы жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу жұмыстарына әсер беретіні сөзсіз. Қоғамдық келісімді нығайту – тұрақтылық кепілі. Өздеріңізге белгілі «Ұлы Даланың жеті қырында» ұлттық тарихқа, тұлғалар, мен көзқарастар дамуының негізгі бағыттарына, тарихи сананы жаңғырту үдерістеріне айырықша мән берілді.

1995 жылдың маусымында Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңесі «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын» қабылдады. Дүниежүзілік қауымдастықтың бір бөлігі ретінде Қазақстан Республикасы - жаһандық тарихи, саяси және экономикалық инновациялардан ешқашан тыс қалған емес.

Қазіргі қоғам өміріндегі өзгерістер заман талабына сай іс-қимылдарға бағытталған. Жаңа ғасырда әлемдік тарихқа жаңаша көзқарастар қалыптасып отыр. Республикада Ұлттық тарих жылы жарияланып, ұлттық тарихты жүйелеу қажеттілігі артты. Соңғы отыз жыл, тарих ғылымының дамуындағы маңызды кезең болды деуге болады. Тарих ғылымы мен білімі - қоғамдық өмірде, қазіргі заманғы түрлі үдерістерде мемлекеттің ішкі және сыртқы

саясатындағы басымдықтарда және жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде жетекші рөл атқарып келеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Ғылыми қазына» пәнаралық жаңа ғылым-зерттеу бағдарламасы аясында «Ұлы Дала Тұлғалары» жаңа топтамасы жарық көрді. Ұлттық тарихты дамыту мәселелері басты назарда.

«Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру» Мемлекеттік бағдарламалары арқылы тарих ғылымы қарқынды даму мен ғылыми ізденістер жүргізуге қолайлы мүмкіндіктер алды. Көшпелілер өркениетінің әлемдік тарихтағы рөлі, орны мен үлесі анықталды, қазақ халқының этникалық тарихы ғылыми негізде қайта жаңадан жазылды. Қазақстан тарихына арналған оқулықтар мен хрестоматиялар жарық көрді. Тарихшылардың Ұлттық конгресі, Тарихшылар және қоғамтанушылар лигасы сияқты тарихшылардың қоғамдық бірлестіктері құрылды.

Жас ұрпақтың патриоттық сезімін нығайтуда «Көшпенділер», «Жау жүрек мың бала», «Балалық шағымның аспаны», «Көшбасшы жолы», «Анаға апарар жол», «Томирис» және басқа да көркемсуретті фильмдердің орны ерекше. Алайда, тарихи фильм шығару процесіне кәсіби тарихшы-мамандады көбірек тарту жағдайы әлі де қарастырылуы тиіс.

«Туған жер» жобасын жүзеге асыру бойынша меценаттардан қомақты қаржы тарту бойынша үлкен жұмыс қолға алынды. Жұртшылық пен ғалымдардың кең қолдауымен «Қазақстанның қасиетті географиясын» зерттеу бойынша жұмыстар, оның ішінде тарихи мұра объектілерін қалпына келтірудің негізгі нысандары айқындалуда. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі мәдени орталықтарда «Қазақстанның мәдениет күндері» өткізілді. Оған қоса, отандық поэзия және проза антологиясы дайындалды.

Тарих ғылымының дамуында популяциялық генетиканың, қазақтардың популяциялық генофондысын, генетикалық құрылымын зерттеудің маңызы зор. Тарихты инновациялық зерттеу әдістері IT-технологияны, электронды және компьютерлік құралдарда бағдарламалық ресурстарды қолданумен байланысты. Тарихи зерттеу жұмыстары нәтижесінде тарихи жадыны қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

Атап айтқанда, қуғын-сүргінге ұшыраған және ұмытылған тұлғалар есімдерінің жаңғыруы және ұлықталуы, жаңа шығармалардың жарық көруі. Жаңа әлеуметтік-мәдени құндылықтар - өткен тарихты объективті зерттеуге және оны түсінуге мүмкіндік береді, жас ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығын өзектендіреді. Биылғы қазан айында, «Валдайда» өткен жыл сайынғы Халықаралық пікірлесу клубының пленарлық сессиясында сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан тарихи және географиялық жағынан алғанда өркениет қиылысында орналасқанын, қазақ халқының мәдени кодындағы Ұлы Жібек Жолы, Алтын Орда, еуразияшылдықтың маңызды орнын атап өткені белгілі.

Алтын орда тарихы жеткілікті деңгейде зерттелмегені мәлім. Алайда қазіргі еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің көбі осынау алып мемлекетке қарыздар. Еуразияның тарихшылары неліктен Алтын орда тарихы жайлы ауыз ашпай отыр. Бұл жерде бір әділеттілікті айта кету керек: Ресейде революцияға дейін Ключевский, Костамаров, Зернов, Бартольд қатарлы тарихшылар объективті зерттеу жүргізген. Әлбетте, олардың еңбегінен бірқатар субъективті қате таба аламыз. Алайда олар орасан зор еңбек атқарып кетті. Татар ғалымы Махмуд Сапарғалиевтің еңбегі мен ізденісі – ең керемет зерттеулердің бірі болып қалып отыр. Кеңестік заманда Алтын орда тарихын зерттеуде ғалымдар корпусы мен әдістемеге қатысты тосқауылдар болды. Алтын орда кезеңін зерттеу мүмкін болмады. Соңғы уақытта біздің бауырлас елдер, оның ішінде Татарстан Алтын орда тарихын зерттеуге кірісті. Әлемдік тарихқа татарлар «Әлем тарихындағы Алтын орда» үш томдық кітабын сыйлады. Қазақстан үшін бұл тақырып мемлекеттік «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында зерттелуде. Кеңестік күрделі заманның өзінде академик Әлкей Марғұлан, Сұлтан Тұрсынов, Венямин Юдин, Сергей Престорный, Клавдия Пищулина зор еңбек атқарды.

Сонымен бірге Меруерт Әбусейітова, Бекет Кәрібаев, Радик Темірғалиев қатарлы замандастарымыз да Алтын орда тарихын зерттеуде зор үлесін қосып келеді. 2019 жылдың 24 тамызында өткен «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумына қатысқан Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу аясында бірқатар жұмыс жасалу керектігін атап өткен еді. Президент Алтын орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алу жөнінде ұсыныс жасады. Жошы мазарының қазақ жерінде орналасуы көп тарихтан хабар береді.

2019 жылдың қыркүйек айында «Архив 2025» бағдарламасы аясында Татарстанның Мемлекеттік және Ұлттық архиві, әлеуметтік-саяси тарих архиві, Қазанның Н.И. Лобачевский атындағы қолжазбалар мен сирек кітап қорларында Қазақстан ғалымдарының зерттеушілер тобы жұмыс атқарды.

Құжаттар арасынан Алтын Орда ханының Махмұдтың Осман империясының сұлтаны Фатих Мехмедке, өзінің Алтын Орда тағына отырғанын және сауда керуенін ретке келтіріп өзара достық қарым-қатынас орнату ұсынысымен жазған хатының көшірмесі табылды. Хат қолмен әдемі арабтың өрме жазуымен жазылған. Бұл Алтын Орданың сыртқы саясатындағы аз зерттелген тұстарын айқындауға жол ашады. Қазандағы жоғарыда аталған архивінің 969-шы қорында 1860-жылдары Қазақстан территориясында (Жетісу), Шығыс Түркістан және Сібірге саяхат жасаған белгілі шығыстанушы Н.Ф. Катановтың естеліктері сақталған. Н.Ф. Катанов Ташкенттегі сияқты Петропавловскіде қазақ тілінің бірегейлігін атап өтеді, сол сияқты: «тракт бойында тұратын орыс шаруалары... қырғызша (қазақша) жақсы сөйлейді, ал орысша сөйлейтін қазақтар аз» екенін атап өтеді. 10-шы қорда орыс администраторы Василий Бакуниннің «статтық кеңесші Василий Бакунин жазған қалмақ халқы, оның ішінде торғауыттар туралы және олардың хандары мен билеушілерінің әрекеттері» жазылған қолжазба табылды. Автор қалмақтардың (торғауыттардың) Еділ мен Жайық (1620-1640жж.) аралығындағы көші-қонына кеңірек тоқталған.

Тарихшылар үшін бұл қолжазба қазақ-жоңғар және қазақ-қалмақ қарама-қайшылықтары тарихын зерттеу бойынша, Қалмақ ұлысының қалыптасуы мен қалмақтардың ноғайлармен және қазақтармен арадағы қақтығыс болған кезеңді зерделеуде, аймаққа жүргізген Мәскеу саясаты туралы ақпараттар құнды дерек болып табылады. Ноғай ғалымы, тарих ғылымдарының докторы Даниял Кыдырниязов аталынған қолжазбаның 1935 жылы Элисте жарық көргені туралы мәлімет береді. Біз қолжазбаның жеке көріністері бойынша көшірмесін алдық.

Негізінен бұл басылымды тауып, ғылыми айналымға қосқан дұрыс деп есептейміз. 92 және 93-қорлар бойынша А. Алекторов, Н.И. Ильминскийдің жеке қорларынан Ыбырай Алтынсарин және басқа да қазақ жастарының өмірі мен қызметінің кезеңдері жөніндегі хаттардың түпнұсқалары сақталған. Тереңірек мәліметтер алу мақсатында М.А. Машанов, Александр Алекторов, Вельяминов-Зернов және басқа да белгілі қайраткерлердің еңбектері, естеліктері, монографиялары қарастырылды. Мұндай ғылыми іссапарлар жалғасын табуы тиіс.

Мемлекет тарихы институты ұжымы өз тарапынан «Еуразиялық тарихи мұра: бұрынғы кезеңнен қазірге дейінгі тарих беттерін», оның ішінде Алтын Орданың тарихи мұраларына қатысты зерттеудің маңызды бағыттарын қарастыруда. «Әбілқайыр Шәйбан» кітабы жарық көрді. Сонымен қатар, «Архив-2025» жобасы аясында отандық және халықаралық ғылыми мекемелермен, архивтермен байланыс орнату; мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген отандық тарихтың басты оқиғаларын саралау;

әлемдік қауымдастықтағы отандық тарихи мұраларды айшықтау; жетекші және жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру бағытына қамқорлық көрсету тетіктерін қарастыру жұмыстары қолға алынуда. АҚШ, Франция, Голландия, Ресей, Түркия, Польша, Украина, Өзбекстан, Қырғызстанның ғылыми-зерттеу сараптамалық орталықтарымен тұрақты ынтымақтастық нәтижесін көрсетуде. Ресей ғылым академиясы Сібір бөлімінің Археология және этнография институтымен, Гувер соғыс, революция және бейбітшілік архивімен (АҚШ), Украина Тарих институтымен, Қырғызстан Дипломатиялық Академиясымен, Голландия Патшалық архивімен және басқа да мемлекеттер ғалымдарымен ынтымақтастық келісімдеріне қол қойылды.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі Форумға қатысушы-ғалымдар гуманитарлық ғылым салалары, оның ішінде тарих ғылымының сапасы қалай анықталу қажеттілігі жөнінде пікірлерін ортаға салу қажет деп ойлаймын. Бұл - күрделі мәселе. Себебі Қазақстанның **тарих ғылымын жаңғыртуда**:

- ғылыми жұмыстарды халықаралық ғылыми айналымға (жоғары рейтингті импакт-фактор SCOPUS журналдарына) енгізу жолдары;
- гуманитарлық сала бойынша отандық интеллектуалдық-ғылыми әлеуетті, диссертациялық жұмыс қорытындыларын халықаралық бағалау критерийлеріне сәйкестендіре, ұлттық ерекшеліктерін айқындау және ғалымдар әлеуетін қолдау, қамқорлық жасау;
- ғылыми тарихи жобалардың тақырыптары мен олардың нақты орындалу нәтижелерін айқындау;
- мекемелерді қазіргі заманның материалдық-техникалық жабдықтарымен қамтамасыз ету сияқты нақты іс-қимылдар бүгінгі күні әлі де шешімі табылмаған, ең өзекті мәселе.

Тыңдағандарыңызға, рахмет!

ВЕЛИКИЕ ЛИЧНОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В НОВЫХ РАССЕКРЕЧЕННЫХ ДОКУМЕНТАХ ЗАРУБЕЖНЫХ АРХИВОВ (АБЫЛАЙ ХАН, УАЛИ ХАН, СУЛТАНМАМЕТ И ДР)

Кабульдинов З. Е., д.и.н., профессор
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова

В настоящее время в отечественной исторической науке особое внимание уделяется вопросам изучения и широкой пропаганды выдающихся исторической личностей Великой степи. В этой связи заметный импульс бы задан и Елбасы в его программной статье «Семь граней Великой Степи», опубликованной в 2018 году на страницах центральных и региональных газет.

Безусловно, изучение выдающихся личностей с новых позиции, с позиции деколонизации общественного сознания и преодоления евроцентрийских позиции во многом зависят от введения в широки научный оборот ранее не опубликованных и не выявленных архивных материалов. В этой связи в июнь -июля текущего года мы работали с фондами Государственного Исторического Архива Омской области (ГИАОО), где хранится значительный массив архивных документов по истории и культуре Великой степи. Особый интерес для исследователей представляют документы, касающиеся XVIII века и связаны они в большйе степени с именами важых акторов Казахстахского ханства – хана Абылая, султана Султанмамета, хана Уали и многих других рядовых и нерядовых исторических персонажей.

Здесь в ряде фондов сохранились документы с XVIII века: переписка канцелярии генерал-губернатора, документы Военно-походной канцелярии командира Сибирского корпуса, Пограничного управления сибирских киргизов, рапорты комендантов крепостей, таможенные ведомости и прочие.

В 30-е годы прошлого столетия архив был передан во введение НКВД, что послужило началом засекречивания многие архивных дел, в том числе касающихся казахско-русских отношений. Всего дел, храняшихся в этом архиве более 1 миллиона. О том, что архивы Омска содержат ценные сведения по истории казахов нового времени, писал еще видный ученый и друг Шокана Валиханова, Григорий Николаевич Потанин: «*В архиве много интересных сведений о сношениях русских пограничных начальников с киргизскими родоначальниками и князьями Джунгарского ханства, а также о торговле между Сибирью и городами Восточного Туркестана. В этом архиве заключается документальная история последних дней существования Джунгарского ханства*».

Нами было выявлено более 3, 5 тысяч кадров недавно рассекреченны и материалов той эпохи. Так, при изучении дел Фонда 1 «Дивизионная канцелярия командующего войсками Сибирской дивизии и линиями военной коллегии», нами выявлено значительное количество документов, раскрывающих содержание отношений между казахскими ханами, султанами, батырами с одной стороны, и российскими пограничными властями, башкирами, волжскими калмыками, джунгарами - с другой. Примечательно что, значительная часть дел этого фонда до недавнего времени имели гриф «Особо ценный» или секретный и практически в широком научном обороте не были.

В первую очередь, нас интересовали сведения, относящиеся к личностям казахских правителей Среднего и Старшего жузов XVIII века: Абылай хана, Султанмамет султана, султанов Уали, Уруса, Абульфеиза, Суюка, Букея и прочих.

Абылай.

Как видно из документов, особый интерес российские пограничные власти уделяли персоне султана и позднее хана Абылай хана. Так, в одном деле имеются ценные сведения о кочевьях султана Аблая в местности Шербакуль недалеко от Усть-Уйской крепости Новоишимской линии. Видимо речь идет о местности, находящейся в нынешнем Шербакульском районе Омской области РФ. Так, в письме одного из комендантов крепости Новоишимской линии в адрес генерал-губернатора Западной Сибири Карла Фон Фрауендорфа от 3 апреля 1758 года говорится: «*О правителе киргиз-кайсацкому Аблай салтане что где он ныне кочевьем своим находятся… между здешних и Усть-Уйских крепостных на гордытского редута… зимового кочевья того марта 28 числа о Тоболу реки кочевал… 25 кибитков в том числе при нем караулить старшина Кашетай мурза… он Аблай со старшиной Кашетаем… кочует к озеру называемому Чебаркулью в осиновых кольках…*»

(ГИАОО. Ф.1, оп.1, д.66(67), л.74).

На наш взгляд именно в это время он попадает под пристальное наблюдение российского военного генералитета ввиду высокого авторитета и значительного вклада в деле разгрома воинственных джунгар, его военного противостояния с Китаем. Более того, Аблай выступил категоричным противником строительство новых крепостей по Новоишимской линии (1752-1752 гг.).

Кроме того, в ходе работы с делами Фонда 1, наша экспедиция обнаружила многочисленные копии с оригиналов писем Аблая, написанных на казахском языке арабской графикой. Прямое обращение к оригинальным казахским письмам позволяет сравнить их с переводами, сделанными преимущественно русскими толмачами, которые зачастую неточно передавали содержание писем казахских правителей, подчас коверкая их истинный смысл.

(ГИАОО.Ф.1, оп.1, д.83)

Как известно с целью расположить к себе правителей Среднего жуза, и в первую очередь Аблае, царизм в эти годы строит последнему деревянный дом. К примеру, имеется рапорт генерала Девица в адрес генерала И.И. Шпрингера от 12 сентября 1765 года, где говорится: «*Находящееся для построения Аблай салтану покоев полку Азовского капралом Абдуловым по окончанию того строения… так же бывшии там киргизцах для примечания при ордере вашего высокопревосходительство из Омской крепости казак Андрей Безерин сего сентября 6 го дня в крепость святого Петра… кроме одного упалой казачьей лошади прибыли благополучно…для ввоза к тем построенным покоям…*» (ГИАОО.Ф.1, оп.1, д.137, л.29). Как известно в 60 - 80 е годы 18-го столетия царизм построил до одного десятка «*хорумов*» для влиятельных казахских султанов: Аблаю, Султанмамету, Урусу, батырам Кулебак и Кулеке. Подобные расходы позднее себя несколько оправдывали: оседлых представители степной знати было легче контролировать.

На наш взгляд, в изучаемое время царское правительство осуществляла многоходовую и долгосрочную колониальную политику по постепенному превращению ханско-султанской и батырской групп на полную финансовую и материальною зависимость от Российской империи. В этой связи в арсенале последний были следующие методы: выдача ежегодного

жалования; строительства «хоромов» (домов); предоставление вещевого и продуктового довольствия; вручения военного снаряжения и халатов; угощение казахской знати в приграничных крепостях; вручение медалей, орденов и присвоение званий; приглашение в имперский двор на коронации русских царей и в качестве отдельных депутации и т.д. В этом плане выдача продовольственного пайка так же служила одним из методов приручение казахской политической элиты царскому правительству.

И наконец, нами извлечены новые и редкие документы **об обстоятельствах пленения джунгарами Аблай султана** в начале 40-х годов 18 века.

Султанмамет.

Также обнаружены неповторимые и уникальные архивные источники, касающиеся неосвещенных ранее страниц из жизни и деятельности двоюродного брата хана Аблая и его верного соратника Султанмамет султана. Судя по извлеченным материалам, последний создал мощный военно-политический альянс с Аблаем с целью сохранения независимости и территориальной целостности северо-восточных рубежей Казахского ханства. В частности, это подтверждается попытками Султанмамет султана удержать бассейн реки Иртыш в пользу степняков, а также и его попытки защитить своих подданных от притязаний военных иртышских гарнизонов. (ГИАОО.Ф.1, оп.1, д.116).

Здесь же имеется богатейшие эпистолярное наследие влиятельного султана кыпчакского улуса Султанмамет султана, касающиеся вопросов управления казахами города Ташкента. (ГИАОО.Ф.1,оп.1, д.144).

Очень показательным является следующее свидетельство. После ограбления Неженского купца Курбанова, выяснилось, что к нему имели отношение люди самого влиятельного султана Прииртишия Султанмамет султана. Под прессом аргументированных улик этот султан был вынужден признать вину своих людей, проявив готовность выплатить причитающегося с его людей штраф. Это видно из рапорта майора Буковского в адрес генерала Штрандмана: «*Ордером мне ваше превосходительство повелеть изволили, от киргизского старшины Солтанмамета салтана вытребовать следующих купцу Курбанову денег 70 рублей…почему я прибыв в форпост Коряковский по вытребовал его Салтанмамет салтана, хотя и довольно старался принуждать чтобы он те деньги непременно представил, но Салтанмамет салтан отзывается тем, что теперь в наличии при себе такого оных не имеет, а просить что бы будучи год то число удержать из определенного ему жалования*» (ГИАОО.Ф.1,оп.1.д.256,л.419). Из этого можно вынести несколько выводов. Во-первых, выясняется, что к этому времени Салтанмамет салтан выступал в качестве чиновника Российской империи с получением годового жалования. Во-вторых, прииртышский властелин имел мужество и мудрость признавать свою вину, и открыто проявлять готовность компенсировать причиненной ущерб противной стороне.

Урус султан. В частности, в одном из документов содержится интересный материал о попытке влиятельного султана Басентийновской волости Уруса Султанмаметова отправить депутатов в императорский двор, что следует из письма руководства Западной Сибири, написанного 12 февраля 1793 года в адрес командира Сибирского драгунского полка Рапрания: «*По высочайшему Ей Императорского Величества воизволению предполагали отправить отсюда обратно крепость Омскую присланных ко двору ее величества Средней киргиз-кайсацкой орды от султана Уруса депутатов сына его султана Татена с двумя с тремя старшинами Бактыбаем Айтуаровым и Арубаем Аксакаловым да одним служителям и из теленгут и вместе с ними служителя меньшей орды султана Шергазы – Канкелди, которого высочайше повелено попрошению того султана править Среднюю орду*». (ГИАОО.Ф.1,оп. 1,д.264,л.27). В этом же документе имеется распоряжения, связанного финансового обеспечения полка: «*1) на путевые расходы для всех депутатов, как то на платеж прогонов, на содержания их пути и на прочие непредвиденные надобности… 1230 рублей 12 коп.*» (Там же). Из этого вполне следует, что Российская империя, желая приблизить к себе султана Уруса, была вынуждена пойти на финансирования такого дорогостоящего

финансового проекта. В то время Российская империя рассматривала его кандидатуру в качестве вероятного претендента на место Султанмамет-султана и даже на должность общеказахского хана. Из выявленных нами архивных документов четко прослеживается желания царизма противопоставить Уруса своему отцу Султанмамету, который был не только двоюродным братом хану Аблаю но и верным его союзником северном и северо-восточном Казахстане. Здесь же можно усмотреть желания Уруса поднять статус своего сына султана Татена в глазах Петербургского двора.

В дополнение к указанной теме следует присовокупить документы, в которых повествуется о том что, султан Татен Урусов при посредничестве своего отца Уруса уже побывал в Санкт-Петербурге вместе с двумя влиятельными старшинами региона. Интересно, что Султан Урус побывал на инаугурации императрицы Екатерины II в 1762 году вместе с четырьмя другими влиятельными казахскими султанами. Данный факт подтверждается письмом секунд-майора Ямышевского крепости Егора Дуки в адрес Г. Г. Штрандмана от 25 января 1794 года: «*При ордере вашего высокопревосходительства их полученных мною трех патентов каково пожалованные чины киргисо-кайсацской Средней орды. Один Урус султана сыну Татену капитанской а другой из бывших с ним в Петербурге двух старшин. Одному Бактыбаю Антуварову, ручии чей, от меня доставлены взятые с ней две росписи присем вашему высокопревосходительству представляю о третей патент Ирабаю Аксакалову с прибытие его сюда положения. Его отдаленно в степь и прикочеваний к линий недоставлены содержаться у меня. О чем вашему высокопревосходительству честь имею донести*» (ГИАОО. Ф.1, оп.1,д.268,л.80).

Одним из ключевых интересов России в казахских владениях была торговля, как транзитная со Средней Азией, так и собственно с кочевой степью. Известно, что построенные российские крепости служили местами торгового обмена, к примеру, к Ямышевской, Семипалатинской, Петропавловской, Омской крепостям прибывали казахские скотоводы со значительным количеством скота и сырья. Обычно близ Омска торговля проходила с 26 по 31 августа. Особое внимание уделялось Семипалатинской таможне, где проходила транзитная и степная торговля (ГИАОО.Ф.1, оп.1, д.137). Наряду с этим из центральной России, Поволожья и Сибири шли караваны русских и татарских купцов на базары Средней Азии (Бухару, Ташкент и пр.), причем данное явление очень часто сопровождалось набегами и ограблениями караванов со стороны удалых степняков. Чтобы пресечь эту деятельность, и по возможности обезопасить караванную торговлю, российские власти контактировали с казахскими правителями, с тем, чтобы последние обеспечили безопасность транзитной торговли. Однако казахским владетелем было сложно контролировать своих вольнолюбивых подданных, при этом Абылай или Султанмамет были ответственны за них перед российскими пограничными властями. Поэтому поводу имеются интересные сведения о том, что проштрафившиеся султаны, т.е. чьи нередко вместе себя оставляли в заложниках простолюдинов в местах временного заключения, что можно увидеть из письма майора Шахова в адрес генерала Г.Г. Штрадмана от 10-го февраля 1790 года: «*За ограбление Неженского купца Курбанова из-за которого здесь поневоле под стражей находиться киргизец вместо Булекей салтана, которой уехал в степь, в свой аул. Уплату сделал его брат Абылай салтан*». (ГИАОО.Ф.1,оп.1,д.256,л.316). Кроме того, пограничные власти сами предпринимали и репрессивные меры по отношению к степнякам, предположительно уличенных в нападениях на караваны, которых ловили и держали под стражей в крепостях.

Уали хан. Так, из письма полковника Шпрингера в адрес генерала Штрандмана Г.Г. от 10 августа 1794 года мы узнаем: «*Со времени вступления моего командования пограничными-Новоишимской, Тарской и Тобольской линиях я усмотрел, что Средней орды киргиз-кайсацкий народа живет в великом между собою волнении и что власть поставленного монаршею рукою хана Уали не в состоянии обуздать буйства их своеволия. Безопасность же вверенных мне линии требует, что бы все их мятежи по пользе их самих и к вашему интересу нашего государства были прикрашены. Сообязуясь внутренним их обстоятельствам и*

государственным выгодам, не нахожу лучшего средства для пресечения сего для могущего вредить и нашим границам как лаская их свекровью, привлечь содержанное подданство, таким образом чтобы вся киргизская орда без малейшего кровопролития повиновалось российскому креплению, от чего множественными пользы проистекающих главнейшая суть три предмета: 1-е – известное изобилия в степи металлических мест ощутительным будет для государство приобретение богатых рудников. 2-е – торговля здешнего цветущее получить состояние, когда через присоединение киргизской орды, смежные будут Ташкиния (Ташкент. – А. Т.), Бухария с некоторыми народами. 3-я – полковое пересечение границ наших прекратить все возможности похищению наших людей с линии, и облегчить способ возвратить уже похищенных, число которых простирается до несколько тысяч человек». (ГИАОО. Ф.1, оп. 1, д.267, л. 26).

Таким образом, из документы мы имеем представление о волнениях в Среднем жузе, когда хану Уали не удавалось обеспечить спокойствие в степи, т.е. описание политической ситуации в Среднем жузе в правление хана Уали. Дело в том, что на выборах хана 1781 года в качестве хана одного только Среднего жуза была поддержана кандидатура сына Аблая – Уали. Последний, по многим критериям заметно уступал своему отцу хану трех жузов Аблаю. В этих условиях Российская империя, видя слабость Уали, пыталась получить свои выгоды от этого; разработка рудников, вывоз скота и животноводческого сырья. Кроме того, через казахские степи проходили караванные дороги в государства Средней Азии. Кроме того, не менее важно для России было прекратить похищение россиян жителями казахской степи.

Из того, какие суммы царская казна выделяла на содержание казахских правителей, мы можем составить представление о степени важности того или иного лица для российских властей. Так, из сообщения полковника Матвеева на имя генерала Штрандмана от 23 декабря 1790 года, встречаем сведения о размерах совокупного годового жалования двух высокопоставленных политических персон, приходящего в упадок Казахского ханства – Уали хана и Султанмамет султана: «Ваше превосходительство 26 числа сего месяца… ордером мне повелеть соизволили: что и следующих на жалования Вали хану и Салтанмамет салтану 450 рублей отдать господину подполковнику Павлуцкому 140 рублей…» (ГИАОО.Ф.1,оп.1, д.260,л.3). Из этого документа можно получит следующую информацию: если годовое жалования Уали составляет 300 рублей, что было видно из одного из предыдущего документов, то не трудно определить годовую «зарплату» Солтанмамет солтана – 150 рублей. Во-вторых, в зависимости размера годового жалования можно узнать и статусное положение обеих степных акторов и не только: если Аблай хан получал годовое жалования размером 600 рублей, то Вали в 2 раза меньше - 300 рублей, Султанмамет получал 150 рублей 2 раза меньше чем Уали. Эту градацию по годовому жалованию можно и объяснить: Аблай 1771 году был утвержден царизмом в звании хана Среднего жуза, но он не мог не видеть, что его избрали представители трех жузов в качестве общеказахского хана и поэтому он был «посажен» на более высокую оплату. А его сын Уали, также утвержденный ханом одного Среднего жуза, получал всего лишь 300 рублей, так как царизм видел, что его власть не простиралась за пределы одного жуза. Салтанмамет султан к этому времени оставался старшиной одного кыпчакского улуса и представлял из себя 80 летнего дряхлого старика.

Поэтому, весьма оправдан вывод руководителя экспедиции Кабульдинова З.Е. о том, что ряд крупных казахских государственных деятелей, со временем превратился в в российских чиновников, с полным материальным и денежным содержанием. Для примера приведем ряд свидетельств и упоминаний.

К примеру, имеется ордер командира Троицкого драгунского полка капитана Перепеченного, в котором содержатся редкие материалы о том, что помимо годового жалованья казахские султаны были поставлены и на продовольственные обеспечение, что усматривается из вышеупомянутого ордера от 25 апреля 1766 года: «*В бытность здесь Средней киргизской орды владельца Салтанмамет салтана сына Иман салтана ради надобных потребностей в состоящей введении генерального казначейства вещи выдано ему*

Иман салтану… перцу пол фута на 9 рублей 20 копеек…» (ГИАОО.Ф.1.оп.1,д.139,л.143). В другом документе находим, что бригадир Ушев в своем письме в адрес генерал майора Штрадмана от 1 февраля 1790 года открыто пишет о размерах годового жалования Уали хана: «*Присланные при повелении от вашего превосходительства возвращенные суммы вместо отданного за долг Касимовским мурзам Якуп и Темир-булату Вали ханшего жалования 300 рублей*» (ГИАОО.Ф.1,оп.1,д.256,л.140).

В делах фонда 1, имеются документы, показывающие каким образом задабривалась казахская политическая элита. К примеру, хан Уали получал годовое жалование и денежное подношение как из Омска, так из Оренбурга, о чем свидетельствует письмо генерала О. Трешкова в адрес генерала, правителя Уфимского наместничества А. А. Пеутленга от 19 июля 1794 года: «*Господин генерал поручик правитель Уфимского наместничества… Пеутлинг, 18 числа сего экспедиции предписал вместо выданных от вашего высокопревосходительство посланному списком киргиз-кайсацкой Средней орды Уали хану… на съезде до пребывания его ханом киргиз-кайсацкой степью на наем вожатых киргизцов и лошадей взаимообразно денег пятьдесят рублей…*» (ГИАОО. Ф.1.оп.1.д.270,л. 106). Также в архивах экспедиция обнаружила материалы о выдаче жалования женам казахских султанов и ханов, что свидетельствовало о попытках региональных и центральных властей Российской империи по введению системы прямого подкупа целых правящих семейств.

Жолбарыс султан. В делах фонда содержатся сведения о попытках сибирских властей наладить отношения с султаном Старшего жуза Жолбарысом, что следует из письма коменданта одной из крепостей в адрес генерала Штрандмана от 13 февраля 1794 года: «*Воисполнение повеления вашего высокопревосходительства минувшего ноября от 28 числа прошлого 1793 года ко мне посланного вместе выданного Вали хану взяток из магазинов муки двух сот пуди только со случае число в базаре здесь искуплено по дватцати восем копеек и в магазин возвращено, а сверх того и еще купленном Юлбарыс Султаном девяноста, байцгит тархану пятьдесять пут...*» (ИАОО. Ф. 1. Оп. 1. Д. 268. Л. 152.).

Адамзат баласының діні мен ғылымы қанша бас қатырса да шешімін таба алмай келе жатқан Басты мәселеге – О.Сүлейменов басқа қырынан келеді. Адамзаттың о баста бір бастаудан шыққандығын және олардың тілінің бір болғандығын ақын өзінің «атомарлы лингвистикасы» арқылы дәлелдейді. Құдайдың өзі қойған жұмбақ сауалдар жауабының шешімін жеке дара табуға әрекеттену астамшылдық болып көрінуі мүмкін. Алайда, қазақ ақынының әлемдік ресми ғылымның өкілдерін жеңуі бір емес, бірнеше рет болған жағдай. «... Жер бетінде бүкіл адамзатқа ортақ біртұтас түпкі тіл болған... адамзат бір тамырдан тарайды (Адам Ата мен Хауа ана), - дейді О.Сүлейменов. Мен ондаған жылдар бойы айналысқан сөздіктердің, археологияның, палеографияның, этнологияның материалдары мені бұлжытпай осындай қорытындыға алып келді. Оны тек қана лингвистика немесе антропологияның мағлұматтарымен негіздеу мүмкін емес. Мәдениетті, оның барлық мың-сан күрделі комплектілерін жасайтын басты факторлар – ілкі иероглифтер мен тіл екеніне менің көзім барған сайын жетті. Олардың белсенді өзара әрекеттесу актілері адам мен оны қоршаған дүниеде адамилықты қалыптастырды» [6].

О.Сүлейменов алғашқы таңбалардан ежелгі алғашқы алфавиттерге дейінгі аралықтағы дыбыстар эволюциясының барысын, ежелгі сөздер мен материалдық мәдениет өрнектерін талдаудың жаңа күшті инструментарилерін жасай алды. Жаңа тілтану мен этимологияның іргетасын қалап, оны дәл ғылымдарға жақындатты. Сөйтіп осы күнге дейін адамзаттың ғылыми ойы – жұмбағын шеше алмаған түйінді шешуге орасан зор үлес қосады. Сол арқылы

бүгінгі әлемдік қоғамдық ғылымдарда қалыптасқан жүздеген діни, идеологиялық, мәдени, нәсілдік, ұлттық соқыр сенімдерді жеңуге мүмкіндік берді. Осылайша жер-жердегі «патриоттық ғылымның» алуан түрлі өкілдерінің «жұмақ тілін» өз тілдеріне тартуы мән мағынадан айырылды. О.Сүлейменов үшін бүкіл адамзат – таңдаулы халық. «Халықтарды ежелгі немесе жас, тарихи немесе тарихи емес деп бөлмеймін. Олардың барлығы жерде бір уақытта пайда болды. Олар туралы естелік – тілдерде сақталған. Этимология тарих ғылымының негізгі жанры – тіл археологиясы болуда. Ол көне тарих туралы, тарихқа дейінгі саналмаған мыңжылдықтар туралы негізгі мағлұмат беруші бола алады» [6, с. 496] – дейді ақын. Шынында осы күнгі көне замандарды зерттеуде негізінен жазба, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық деректер ғана пайдаланылып, этимологиялық деректер шеттеп қалған. Ал О.Сүлейменов «Этимологияның сөздіктер қорғандарынан ежелгі тас ғасырының вавилондарын қазып алуға болатынына» сенімді. О.Сүлейменов адамзаттың Басталу дәуірінің архетипін жаңа «ядролық», лингвистикалық және көркемдік зерттеу құралдарымен тануға болатындығын іс жүзінде дәлелдей алды. Еңбектің миссиялылығы осында.

О.Сүлейменов тұлғасы үлкен феномен. Көзінің тірісінде-ақ талайларды мойындатып, қазақ халқын интеллектуалды жоғары ұлт ретінде әлемдік деңгейге көтерген осындай тұлғаның мұрасы мен қызметін насихаттау бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы әлемдік өркениеттердің рухани дағдарысы жағдайында діни, мәдени, экономикалық, саяси қайшылықтарды жұмсартып, адамдардың, өркениеттердің жақындауына қызмет етіп планетарлық сананы қалыптастырып, адамзаттың психологиялық мәдениетін көтеруге жәрдемдеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Менің досым Олжас туралы сөз //Егемен Қазақстан. – 2006. – 17-мамыр.
2. Обсуждение книги О. Сулейменова. //Вопросы истории. – М. – 1976. №9. – С. 147-154.
3. Бофф. Дж. История Советского Союза. – М., 1990. Ч. 2. – 540 с.
4. Сулейменов О. Аз и Я. – Алматы., 1975. – 272 с.
5. Сулейменов О. От января до апреля. – Алматы., 1989. –267 с.
6. Сулейменов О. Язык письма. – Алматы-Рим., 1998. – 33 с.

ХАЛИФА АЛТАЙ-ТАРИХШЫ, ЭТНОГРАФ

Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор
Алиакбарова А.П., 3-курс докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халифа Алтай Ғақыпұлы елімізге ғана танымал емес, сонымен қатар түркі жұртына танымал тұлға екені белгілі. Халифа Алтай есімімен, қасиетті «Құран» кітабын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде танылуы, ел арасында қатар жүретін ұғым болып қалыптасты. Бірақ та, Халифа Алтайдың өмірбаянын қарастырғанда ғалымның әуелі тарихшы, этнограф, кейін дін саласындағы аудармашылық, діни-ағартушылық қызметтеріне атсалысқанын байқап отырмыз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтқандай «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады» [1] Сондай тұлғаларымыздың бірі және бірегейі –Халифа Алтай Ғақыпұлы. Мақаламызда Халифа Алтайдың тарихшы, этнограф, ақындық қабілеттеріне кеңінен тоқталсақ деп отырмыз.

Халифа Алтайдың ең алғашқы кітабы 1977 жылы «Kazak türklerıne aıd şecere» (Istanbul, 1977) «Қазақ түріктері жайлы шежіре» түрік тілінде жарыққа шықты. Бұл кітапта қазақтардың

шежіресі баяндалады.1980 жылы «Estelikterım» бұл еңбегінде өлең жолдары арқылы шежіреге тоқталып, негізінен басынан өткізген бірінші көш тарихы туралы жазылған. «..бұл тарихи өмір шындығын дастан етіп жырлауды, келешек ұрпаққа қалдыруды қасиетті бір азамат борышы, елеулі бір күрделі міндет деп бағалағандығым үшін осы (Естеліктерімді) жазып шықтым. Бұл дастанның әдеби көркемдігі оншалық қызықтырмаса да болмыстардың шиелене елестетілген мәні, маңызы жағынан дерліктей көңіл аударып, тамсандыра таңырқатумен қатар, кей жерде қынжылта күрсіндіріп, кей жерде көңіл босатып, көзге жас келтірмей қоймайды. Өйткені, бұл бір жай ғана роман немесе қарапайым бір ертегі емес. Нағыз аянышты бір өмір шындығы ғой»[2,5б].

«Бұл жерде кейбір өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешіліктерін ескерте кеткім келеді. Бұл оқиғаны жеткілікті айта алмаған болуым мүмкін, бірақ асыра айтқан жерім жоқ десем артық болмас; сөзді ұзатпай, мейлінше қысқарта сұрыптай отырып нақтай көрсете баяндау жолын ұнаттым; болған жағдайлардың, қолдан келгенінше, мүмкіндігі болғанынша айға күнін көрсетумен қатар, жер аттары мен кісі аттарын көрсете дәлелдей отыруға тырыстым; өлеңдердің қисындары (тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, айналасы теп-тегіс жұмыр келмесе де) сөз арасын бөтен сөзбен былғамауға қайрат еттім; көштің немесе көшкен елдің жол-жөнекей бастарынан кешірген ауыр-жеңіл жағдайларын жалпы түрде тобыменен сомдай ортаға қоя отырып, жеріне және сөздің ыңғайына қарай, әсіресе, өз басымнан яки үй-ішімнің басынан кешкен ауыр өмір соққыларынан мысалдар бере отыруды тура көрдім, көш не көшкен ел жайында, көбінесе өзім ішінде болып, көзіммен көрген кісілерден сұрастырып, дұрысын жазуға көңіл бөлдім. Алайда кейбір ағат кеткен жері немесе кемшілігі жоқ деу қиынырақ».

Бұл еңбектің ең басты құндылығы Халифа Алтайдың оқиғаның ішінде өзінің қатысып, оны нақты уақытын көрсетуімен, болған оқиғаларды баяндауында. Мысалы:

Жұт болды Өралтайда бір жылдары,
Қырылды мейлінше елдің баққан малы,
Малынан айырылған ел кедейленіп,
Күйзеу тартты ауырлап жағдайлары.
Алтайдан көшіп шықтық дәм жазған соң,
Баркөлге жетіп келдік біраздан соң.
Бір мыңды тоғыз жүз отыз төрттің,
Күзі болған кез еді бір жаздан соң.
Тағы да:
Біреуді безгек тұтып селкілдетіп,
Жынданды кейбіреулер есі кетіп.
Бірі құсып, біреудің іші жүріп,
Сарғайып, көзі-басы ісіп кетіп.-деп көштің оба ауруына шалдыққандарын айтып өтеді.

1981 жылы «Anayurttan Anadoluya» атты кітабының бірінші бөлімінде қазақтың әдет-ғұрыптары, ал екінші бөлімінде көш тарихы жазылған. Аталған кітаптың екінші бөлімі қазақшаға алғашқы рет Зұфар Сейтжан аударып, 1995 жылы баспадан шықты. Кейін «Алтайдан ауған ел» атауымен толықтырылып, оқырман сұрасына байланысты бірнеше рет баспадан басылып шықты.

Халқымыздың тарихында қилы-қилы замандар өтті. Соның бірі – XX ғасырдың 40-жылдары Қытайдағы қазақтардың жер-суын тастап, белгісіз бағытқа үдере көшуі болды. Осы қатерлі де азапты көш туралы бүгінде бірнеше кітап жазылды. Осы сыр-шежірелердің ішінде шоқтығы биік көрінетіні-Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған елі». «Алтайдан ауған ел»-мыңдаған бауырларымыздың басынан өткен қиын күндердің қаламмен емес, қанмен жазылған шежіресі[3,4б]. Шежірелер әуелден тарихи дерек болу мақсатында емес, асыл бабалардың өмір тәжірибесін ұрпаққа жеткізу үшін жасалған. Шежірелер осындай тәжірибе сабақтастығымен, жазба дәстүрі әлі қалыптаспаған тарихи ескі заманнан дамыды. [4,4б].

«Anayurttan Anadoluya» атты еңбегінде қазақтың қысқаша шежіресіне тоқталып, қазақ жүздері, оған кіретін негізгі руларға тоқталып, ру таңбаларында көрсетеді.

Бұл еңбектің біз бірінші бөліміндегі келтірілген мәліметтерге тоқталып өтсек. Аталған бөлімде қазақтың әдет-ғұрпы, малшылық, аңшылық, тіпті ауру түрлері және оны емдеу жолдары, қазақ ауылы, киіз үйі, тұрмыс-салты, бала тәрбиесі, билер басқосуы, жыл мезгілдері туралы жазады. Оны автор Түркияда тұратын ұрпақ өзінің ұлттық болмысын, менталитетін жоғалтпасын деп, мәліметтерді қағаз бетіне түсіріп, шетте жүрген ағайынға мұра етіп қалдыруды мақсат етті. Қазақтың рухани құндылықтарын түгендеуді, қолға алған Халифа Алтайдың қозғамаған тақырыбы жоқ. Күнтізбе, жұлдызнама, қолөнер, ұлттық киім, малдың ені, сүттен жасалатын тағамдар, бәрін жік-жігімен тарқатып баяндайды. Бұл тақырыптарды ешқандай кітапхана, мұрағат ақтарып жатпай-ақ, өз өміріндегі көрген-түйгендерінен, өзі туып-өскен елдің, жердің шынайы тыныс-тіршілігінен алып жазған. Жүрген, тұрған жерінің бәрін қағазға түртіп отыратын болған. Өз мұрасына өте ұқыпты болған [5].

«Халифа Алтайдың білімдарлығы мен зиялылығы мені әрдайым таң қалдыратын. Қазақтардың Алтай бөктерінен Тибет және Үндістан арқылы босып қашуы туралы зарлы, тарихи оқиғаларды сезімге толы да мәнді баяндай алатын Халифе Алтай Түркия қазақтарының жалғыз бір жарық жұлдызы еді. Ғұлама ғалымның Түркия қазақтарының ішінен бірінші болып Қытайға жасаған сапары жайындағы баяндамасы мен үшін аса қымбат еді. Бұл баяндамалар менің қазақ тілі қазақ тілі фонологиясына арналған зерттеуім үшін ғана маңызды емес еді; ғалым осы туындысы арқылы қазақ халқының мәдениеті мен тағдыры жайлы деректердің бетін ашып көрсетті. Ол түрік тіліндегі алғаш оқыған кітаптарымның біреуіне айналды. Халифе Алтайдың «Анаюрттан Анадолыға» атты ауқымды естеліктер жинағы қазақ халқы мәдениетінің энциклопедиясы» десем артық емес»-дейді профессор Марк Кирхнер[6,16 б].

Тоғыз айдай көтеріп,
Анам мені тапқан жер.
Жөргегімді жөткеріп,
Маймен сылап баққан жер.
Бесігімді өңгеріп,
Анам атқа алған жер.
Іңгәләсәм жөн көріп,
Аузыма мама салған жер.
Кіндік қаным төгілген,
Алғаш көзім ашқан жер.
Сүйгенмін сені сол күннен,
Қаз тұрып аяқ басқан жер.
Кебежеге мен түсіп,
Қызығына тоймаған.
Ірімшік жеп, сүт ішіп,

Болмаған күй, ойда қам. –бұл өлең жолдары «Алтайдағы балалық» атпен 1982 жылы Стамбул қаласында «Шалғын» журналында жарыққа шықты[7,1].Өлең 23 шумақтан тұрады. Туған жерін, балалық шағын жүйелі баяндай отырып, сағынышын өлең арқылы жеткізе білген.

Халифа Алтай Түркия қазақтары ішінде көптеген тұңғыштықтардың иесі. Мәселен оның 1980 жылы жарық көрген «Естеліктерім» атты еңбегі-қазақ тілінде баспадан жарық көрген тұңғыш еңбек; Құранның қазақ тіліндегі мағыналық аудармасын беріп баспадан шығарған алғашқы ғұлама; Түркиялық қазақтар ішінде өмірі мен шығармашылығы ғылыми зерттеуге тақырып болған алғашқы тұлға; «Атажұрттан Анатолияға» деген еңбегімен, Түркия Мәдениет Министрлігінде еңбегі шыққан алғашқы Түркиялық қазақ жазушы; 1994 жылы Қазақстан жазушылар одағының «Алаш» сыйлығын алып, Қазақстаннан алғашқы жүлдені иемденген Түркиялық қазақ; Түркиядан Қазақстанға көшіп барып сонда орналасқан алғашқы қазақ атанды. Халифа Алтай қазақ халқының мәдени және рухани өмірінде өшпес із қалдырды[8,59 б.].

«Тұлға- ол қандай қасиеттерімен елден ерек, жұрттан бөлек болуы керек? Тұлға- интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұштастыруымен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан. Халық басына күн түсіп, қиын-қыстау замана туғанда ғана тұлға өзінің өзгеден ерек ірі ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріп келдігімен танылады. Ендеше, тұлға- табиғат сыйы, табиғи ортаның туы. Мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды, табиғат адам баласына оны анда-санда сыйлайды» [9,7].

Халифа Алтай халқымыз үшін аса қадірлі тұлға. Мақаламызда Халифа Алтайдың тарихшы, этнограф, ақындық қабілеттерін ашуға тырыстық. Аталып өткен еңбектердің ұрпаққа берешегі мол. Ұрпақ үшін асыл мұра деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1.«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы http://www.akorda.kz/kz/.

2. Халифа Алтай. Естеліктерім. Шежіре дастан.-Алматы,2014. 152 б

3. Найманбаев Қ. //Халифа Алтай.Алтайдан ауған ел.-Алматы,2014.-272 б

4.Алпысбес М. Қазақ шежіресі:тарихнамалық-деректанулық зерттеу.-Астана,2013.-380 б.

5. Әлішева Н. Үлкен үй немесе Халифа Алтайдың асығы. almaty-akshamy.kz › "Ақшам" және ағайын

6. Кирхнер Марк. Қазақтың тілі мен мәдениетін зерттеуге құлшындырған Халифе Алтай туралы/немісшеден ауд.доктор Райхан Мұхамедова // Көрнекті дін және қоғам қайраткері Халифа Алтай: елдік пен имани құндылықтар: халықаралық ғыл.-практ. конф. (Астана, 2007 жыл, 6 желтоқсан)материалдары.-Алматы; 2008.-168 б.

7.Алматы қаласының орталық мемлекеттік мұрағаты. Халифа Алтай Ғақыпұлының жеке қоры. 284 қор. 47 іс. 17 бет.

8. Қара Әбдіуақап. Қазақ халқының рухани өмірінде өшпес із қалдырған Халифа Алтай. // Көрнекті дін және қоғам қайраткері Халифа Алтай: елдік пен имани құндылықтар: халықаралық ғыл.-практ. конф. (Астана, 2007 жыл, 6 желтоқсан) материалдары.-Алматы; 2008.-168 б.

9. Қозыбаев М. Шығармалары.-Алматы,2013.Т.3.-328 б.

ОДОМАШНИВАНИЕ ЛОШАДИ У КАЗАХОВ: НАЧАЛО ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Айтмагамбетов Д. Р., к.и.н.
Искакова К. И., к.филос.н., профессор
Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева

В бытовой жизни кочевников среди четырех разновидностей домашних животных конь всегда ценился выше других и занимал свое особенное, главное место. «Лев – царь зверей, конь – царь домашнего скота», «Крылья батыра – конь», «Неудачливого джигита выручает удачливый конь»,- так говорят народные поговорки. Казахи всегда очень ценили и берегли коней, уважительно называли их «мудрым животным», «безъязыким человеком», «человекоподобным зверем». Такое отношение к лошади, возвеличивание и почитание коня, связано с ведущей ролью этого благородного животного в кочевой жизни и быту казахов.

В своей статье «Семь граней Великой степи» Елбасы Н.А.Назарбаев отмечает: «Впервые одомашнивание лошади человеком произошло на территории современного Казахстана, о чем свидетельствуют раскопки поселения «Ботай» на севере страны. Одомашнивание лошади дало нашим предкам немыслимое на тот период превосходство, а в планетарном масштабе произвело крупнейшую революцию в хозяйстве и военном деле. Вместе с тем одомашнивание лошади положило начало культуре всадничества. Всадник на коне, вооруженный луком, пикой либо саблей, стал своеобразным символом эпохи, когда на

авансцену истории выходят могущественные империи, созданные кочевыми народами. Изображение конного знаменосца – наиболее узнаваемая эмблема героической эпохи и особый «культурный код» кочевого мира, формирование которого связано с зарождением всадничества. Мощность автомобильных двигателей до сих пор измеряют в лошадиных силах. И эта давняя традиция – символическая дань той величайшей эпохе, когда на планете господствовал всадник. Мы не должны забывать о том, что вплоть до XIX века человечество пользовалось плодами этой великой технологической революции, пришедшей в мир с древней казахской земли» [1].

Действительно, ученые подтверждают, что на территории современного Казахстана лошадь появилась 6 тысяч лет назад, вместе с первыми кочевыми племенами, зародившимися на этой земле, то есть с первыми культурными цивилизациями, занимавшимися коневодством. Это была андроновская культура. Все последующие племена, населявшие территорию Казахстана – саки, канглы, кангюи, гунны, хунны и многие другие были неразрывно связаны с коневодством, так как само их существование на землях огромных масштабов без лошадей было бы просто невозможно. Вся их жизнь полностью зависела от наличия или отсутствия у них лошадей. Перемещение людей на тысячи километров, захватнические войны попросту неосуществимы без хорошей конной армии.

Само название «кочевые племена» подразумевает мобильность, быстроту, молниеносную откочевку при нападении и т.д. Лошадь для казаха всегда была чем-то неизмеримо большим, чем средство передвижения, источник пищи, атрибут богатства и престижности среди соседей. Лошадь играла исключительно важную роль в жизни и быту кочевников, использовавших ее как рабочее, мясное и молочное животное.

Британские ученые вслед за американцами признали, что лошадь впервые была приручена на территории Казахстана. Ученые из университета Питтсбурга признали поселение Ботай самым древним памятником одомашнения лошади. Интересно, что поселение Ботай находится недалеко от города Атбасара (в переводе с казахского языка «верхом на лошади»). Адъюнкт-профессор Розмари Капо провел химический анализ почв около поселения. Исследование подтвердило, что 5 600 лет назад, когда люди жили на стыке каменного и медного веков, предки казахов разводили лошадей. Ученые из британского университета в Экзетере под руководством Элана Оутрама нашли здесь образцы первых уздечек. Теперь они считают, что именно в Ботае люди впервые научились ездить верхом. Кроме того, британцы обнаружили следы кобыльего молока на древних пиалах. Свои исследования они проводили вместе с известным археологом из Кокшетауского университета Виктором Зайбертом. В 2008 году павлодарский ученый Виктор Мерц провел разработку древнейшей стоянки людей времен неолита и энеолита - Борлы и доказал, что в V–IV тысячелетиях до нашей эры древнее население северо-востока Казахстана приручило и одомашнило лошадь [2].

На территории Современного Казахстана лошадь появилась, как отмечалось выше, 6 тысяч лет назад, вместе с первыми кочевыми племенами, зародившимися на этой земле, то есть с первыми культурными цивилизациями, занимавшимися коневодством, в середине неолита - это была андроновская культура. У андроновцев были лошади очень крупных размеров, заметно превосходившие все последующие более поздние породы.

Лошадь была не только единственным средством передвижения и источником полноценного питания человека, лошадь была и есть символ казахской жизни, не только кочевой жизни, но и жизни вообще, так как для оседлого человека символом жизни является дом, для казахов домом являлась лошадь, потому что единственным надежным существом которое может помочь в трудной кочевой жизни была она. Только во владениях у казахов были огромные территории, кочевые пространства по которым им было необходимо ежесезонно кочевать с летнего пастбища на осеннее и т.д. Можно без преувеличения сказать, что только благодаря лошади казахи выжили как нация. Без этого четвероногого друга они давно бы вымерли или ассимилировались в народах пытавшихся завоевать казахские племена.

Лошадь помогла казахам сохранить свою национальную и культурную идентичность и самобытность [3]. Для казахов конь – достояние культуры. Поэтому исследование лошади способствует национальному самопознанию казахов, формированию культурного образа, определению ориентации будущего.

Лошадь давала людям все: пищу и одежду, возможность охотиться и сражаться, развлечение и наслаждение от того, как свободные животные резвятся на просторах их земли. Лучших скакунов приносили в жертву только богу Солнца, особо чтимому среди степных жителей. Считалось, что это животное единственное может сравниться с Солнцем в скорости. Это упоминал в своих трудах древнегреческий историк Геродот.

В Великой степи человек и его конь сошлись неразлучными спутниками. Еще у Геродота можно встретить: «У каждого охотника наготове конь, приученный лежать на брюхе, чтобы меньше бросаться в глаза...» [4]. Издавна кочевники у древних греков воспринимались в образе кентавров – мифических полуживотных-полубогов, сильных и недосягаемых. Номады, совершая свои набеги, живя на лоне природы, в степном ареале внезапно появлялись и так же внезапно исчезали из поля зрения равнинных людей. Поэтому их боялись, о них придумывали всевозможные мифы и легенды. Прототипами кентавров в греческой мифологии также послужили древние кочевники, проживавшие восточнее от греков. Европейцу неведом был стиль езды, когда лошадь управлялась при помощи ног, предоставляя рукам огромную свободу действий и маневра. Говоря о казахах, много позже у А.Левшина встречаем такое описание: «Искусство ездить верхом, с самого младенчества приобретаемое киргиз-казаками, составляет первое гимнастическое их достоинство. Они, так сказать, родятся на лошадях и с самими дикими из оных обращаются необыкновенно смело и ловко [5]. Радлов пишет о казахах так: «Для киргиза лошадь - это высшее средоточие красоты, жемчужина среди всех его животных» [6]. Наверное, ни у одного другого народа нельзя встретить такое отношение к лошадям, как это было и есть у казахов. Нигде в другом месте судьбы человека и его верного коня не переплетались так тесно, как это было у кочевников в Великой степи.

Конь с древнейших времен сопровождал человека везде, где бы он ни был. Значение коневодства не возможно преувеличить. Логично поэтому, что одним из первых животных одомашненных человеком была – лошадь. Появление лошади в жизни кочевников – предков казахов сыграло огромную роль в истории их развития. Несомненно, то, что коневодство было одним из важнейших факторов прогрессивного развития человеческой цивилизации.

Выдающийся казахский ученый-историк, археолог Алькей Маргулан об этно-хозяйственной преемственности саков и казахов писал: «Они имели сходные бытовые черты и форму хозяйства. Лучших коней приносили в жертву. Череп и копыта коня служили оберегом. Например, саки подвешивали к поясу копыта знаменитого скакуна как предмет, приносящий счастье в пути и оберегающий от гибели во время боя. Такой же обычай был и у казахов» [7].

Все тонкости коневодства и, в целом, всего скотоводства, присущие древнетюркскому периоду, отражены в быту и языке казахов. В китайских источниках поэтично говорят о казахах, как о людях «выросших на спине коня». Из народных преданий и сказаний мы знаем о конях Ер-Тостика — Шал Куйрыке, Кобланды батыра — Тайбурыле, Алпамыса — Байшубаре, Аблай-хан - Алшанбоз (Пестрый серый) и Жалын Куйрык (Пламенный хвост) и многих других. В именах коней отражены их основные качества и приметы [8].

Воспитание коня, предназначенного для охоты и сражений, предусматривало участие в конных играх, скачках и джигитовке. У казахов были распространены спортивно-военные игры: дошедшая с древних времен борьба всадников за тушу козла (кокпар). Хорошо известна казахская игра «догони девушку» (кыз куу), весьма популярная и сегодня, по правилам которой если джигит догонял девушку, то срывал поцелуй, а если не мог догнать ее, то получал удары плеткой.

Кочевые народы с древнейших времен в великом множестве изображали своих самых преданных и верных друзей – коней. Поскольку жизнь кочевников непосредственно связана с

лошадьми, разумеется, не обошлось без того, чтобы они не оказались персонажами мифов, сказок, легенд и эпических поэм. Фантастический образ крылатых коней, представления о волшебных крылатых существах возникли еще в древние времена. Трудно найти в казахской прозе произведения, где не описывалось бы с самых неожиданных сторон это любимое, веками почитаемое степняками благородное животное.

Ильяс Жансугуров, (1894-1938) казахский поэт, один из основоположников казахской литературы, как никто из предшественников, поднял на громадную высоту тему поэта-певца Ахана и его непобежденного скакуна Кулагер, которому не было равных во всем степном крае того периода, в поэме «Кулагер»:

Пленена моя душа с самых детских дней
Скакунами: я рожден средь степных коней!
Нес меня степями конь, гриву распустив,
Я держался за нее, я склонялся к ней.
Всё я знаю про коней. В них судьба моя!
О лихих конях стихи сочиняю я.
Издавна живет казах в солнечных степях,
Там, где небо наверху, а внизу земля.
И богатый, и бедняк знали толк в коне.
Для казаха с давних пор были наравне
Конь и друг, ведь без коня – что за жизнь в степи? [9].

Кочевые народы с древнейших времен в великом множестве изображали своих самых преданных и верных друзей - коней. Придавая им различные мифологические и сказочные свойства, они считали их священными животными. Изображения коней находят на золотых изделиях скифо-сакских времен, на многочисленных рисунках (петроглифах), выбитых на скалах по всей территории Казахстана и за его далекими пределами. Символичным является и то, что фантастические скакуны – золотокрылые с рогами в форме полумесяца тулпары оказались составной частью композиционной структуры герба Республики Казахстан Силуэт скакунов на языке геральдистов имеет глубокий смысл и содержание. Особо отмечается верность, трудолюбие, удаль и красота этого животного. Летящий тулпар объединяет в себе время и пространство, напоминая потомкам о великих кочевниках – предков казахов.

Казахи наивно полагали, что под лопатками аргамаков спрятаны невидимые глазам маленькие крылья. Когда рождается тулпар, чтобы не повредить ему эти самые крылья, необходимо вынуть жеребенка, вспоров брюхо кобылицы. Разумеется, кобылица умрет, но жертва эта - ради несравненной быстроты коня. Будущие крылатые кони - тулпары (в греческой мифологии - пегасы) должны были родиться именно так, как это описано в героических поэмах о знаменитых батырах и их конях. Наличие у тулпаров крыльев говорит об их принадлежности к Верхнему миру.

В некоторых сказках крылатые кони могут быть связаны с небесными пери. Как представители другого, Верхнего, а не Срединного мира, крылатые кони обладают многими волшебными свойствами. Конь дает батыру, главному герою сказки, волосок из своего хвоста или гривы и исчезает, а тот может вызвать его мгновенно, если сожжет этот волосок. Причем герой может сжечь этот волосок в нужный момент («Керкула атты Кендебай», «Дельдаш-батыр). Такое их волшебное свойство можно сравнить с волшебством птицы Самурык. Герой может поджечь небольшое перышко из ее оперенья, и тогда птица примчится на помощь.

Мгновенно исчезать или мгновенно появляться из неизвестности - это их свойство говорит о том, что крылатые кони способны путешествовать из своего мира в иные миры. Человек этого сделать не может. И тут появляются его помощники. Благодаря своей волшебной силе крылатые кони умеют менять облик, превращаясь в других животных.

В древнем эпосе волшебный конь, предназначенный для батыра, пока тот не вырастет, находится среди простых лошадей в табуне в виде невзрачного, худого и немощного конька, покрытого язвами и какой-то грязной попоной. А когда батыр наконец-то вырастает, тут и

конь его преображается, показывая свой истинный облик. Как существа Верхнего мира крылатые кони служат человеку, делают ему только добро, всячески помогают и выручают, подсказывают и советуют. Они возносят своего хозяина на небеса, погружаются вместе с ним в подземный мир, выручают из различных передряг. Как и в жизни, сказочный конь всегда рядом с кочевником, всегда готов оказать ему услугу.

У казахов есть поверье: когда рождается батыр, вместе с ним рождается его конь. А если верить мифологическим представлениям, то такой конь прилетает к батыру с небес, из Верхнего мира. И поскольку у кочевых народов конь - главный помощник в нелегкой походной жизни, то после смерти хозяина по тенгрианскому обычаю вместе с ним хоронили и коня. Об этом свидетельствуют многочисленные захоронения, в которых рядом с телами людей находят останки лошадей. Конь, который появился на свет вместе с батыром, и на тот свет должен уйти вместе с ним. У тюрков разных времен, у саков, обитавших в Жетысу, и у скифов, живших на западе, встречаются золотые и медные изображения крылатых тулпаров, что подтверждает общность мифологий этих народов, единые этнические корни.

С развитием религиозных представлений несколько изменялся и образ животных в фольклоре. У кочевых бедуинов есть миф о том, что Мухаммед пайгамбар (пророк) был доставлен на небеса к престолу Аллаха крылатым конем по имени Бурак, причем верхняя часть у этого коня была человеческой, а туловище лошадиное, но только с крыльями. Это несколько видоизмененный образ крылатого коня: знакомый нам кентавр, но уже с крыльями, и обитает он на небе. Поэтому в мусульманском варианте под лопатками у Бурака растут крылья, голова у него человека, туловище коня. Такое существо иногда изображается с раздвоенными копытами [10].

В казахских сказках рассказывается и о конях, живущих в Нижнем, подземном мире. Например, в сказке «Жарты Тостик» под семью слоями земли живет крылатый конь по имени Кула Шолак, а в сказке «Крылатый черный конь» матерью крылатого коня является подземное существо.

Есть в казахских сказках и существа, живущие в воде: морские, речные или озерные кони. Они тоже представляют Нижний мир.

Если кони, живущие в Верхнем мире, обладают свойствами птиц, то кони Нижнего мира должны обладать свойствами подземных обитателей. У них тела или хвосты змеиные. В трех загадочных мирах встречаем различных коней: в Верхнем мире - это крылатый тулпар, в Среднем - это привычный для нас степной конь, в Нижнем - конь подземного царства, половина туловища которого змеиная. И в каждом из этих миров конь является другом и помощником человека.

Хотим обратить внимание на то, что составной частью композиционной структуры герба нашей республики являются золотокрылые с рогами в форме полумесяца, фантастические скакуны - тулпары. Хотя изображение аргамаков в государственной символике имеет давнюю историю, тем не менее данный вариант авторов вызвал большие дискуссии и споры, прежде чем был принят. Силуэт скакунов на языке геральдистов имеет глубокий смысл и содержание. Он означает: бесстрашие льва, прозорливость сокола, физическую мощь и силу быка, быстроту, скорость и пластику лани, хитрость и находчивость лисы в борьбе против врагов. Золотые крылья скакунов напоминают также снопы зерна, золотых колосьев, т.е. признак труда, изобилия и материального благополучия. «Изображение конного знаменосца – наиболее узнаваемая эмблема героической эпохи и особый «культурный код» кочевого мира, формирование которого связано с зарождением всадничества.

Лошадь в Казахстане можно назвать – национальным животным, так как она играла огромную роль в судьбе казахского народа. Конь был для казахов в буквальном смысле слова другом и товарищем, потому что они можно сказать, никогда не расставались. Во владениях у казахов были огромные территории, кочевые пространства по которым им было необходимо ежесезонно кочевать с летнего пастбища на осеннее, с осеннего на зимнее, с зимнего на весеннее, а с весеннего на летннее пасбище. В основе кочевания по сезонам года

лежал принцип бережного отношения к природе, который был проверен временем и доказывает мудрость наших предков. Главным фактором выбора в качестве основной формы хозяйства – кочевого скотоводства являвяется природно-климатический фактор. По оценке ученых, начиная с ледникового периода до наших дней более 90 процентов земли Казахстана являются аридными. При скудных осадках, высокой испаряемости на аридных землях вырастали в основном кустарники и полукустарники и поэтому казахстанские земли были больше пригодны для кочевого скотоводства. Маршруты кочевок складывались веками и сохранились до первой трьети XYIII века. С присоединением Казахстана в состав Российской империи началось падение кочевого скотоводства на территории Казахстана.

Славная история кочевничества была прервана в начале XIX века, в период проведения территориально - административных реформ царской администрации Российской империи. Чиновники, не вникая в спецефическую особенность родоплеменного состава казахов (удобной формы ведения кочевого хозяйства), реформу проводили по географическому принципу и разрушили традиционную форму хозяйства, начало которой берет с I тысячелетия до нашей эры. Разрушение скотоводства, в т. ч коневодства, было продолжено и в советский период, с проведением коллективизации, с освоением целины. В советский период коневодство Казахстана понесло огромный урон, который советское сельское хозяйство не смогло восполнить за все последующие десятилетия. Если в 1916 году в Казахстане насчитывалось 4 млн. 640 тыс. лошадей, то в начале девяностых их было всего 1 млн. 200 тыс. За всю бытность СССР численность их поголовья только один раз переваливала за полуторамиллионную отметку. А в периоды спада – например, сразу после Великой Отечественной войны – этот показатель доходил до 200 тыс. Казахстанские конезаводчики в период Великой Отечественной поставили несколько сот тысяч лошадей для армии. Оценив их выносливость и силу, сразу же после войны армейская администрация под руководством маршала Буденного создала в Казахстане несколько десятков так называемых табунно-ремонтных конных заводов, в которых на основе скрещивания казахской лошади с заводскими породами – донской чистокровной, верховой, рысистой – пытались создать армейскую офицерскую лошадь, или так называемую «ремонтную». В частности, такие конезаводы были созданы в Западном Казахстане, на юге и юго-востоке республики. Надо сказать, что все это делалось не на голом месте – были, так сказать, старые наработки. Еще в конце XIX века в нынешней Костанайской области действовала государственная царская конюшня, одной из задач которой было «улучшение» местной казахской лошади. Одних жеребцов-производителей там насчитывалось 300 голов – среди них были калмыцкие, донские и даже чистокровные английские. Этих жеребцов царское правительство бесплатно раздавало крупным коневладельцам, с тем чтобы они пускали их в свои табуны и тем самым улучшали породу.

Таким образом, например, еще до революции была заложена основа знаменитой кустанайской породы лошадей, которой гордились советские заводчики. В целом же «классическая» технология казахстанского коневодства, с учетом наших условий, оказалась одной из самых малозатратных в мире. На наших огромных пастбищных массивах эта довольно примитивная дедовская технология давала прекрасные результаты. Конечно, во многом именно старые традиции казахов, которых не знали российские или украинские специалисты, становились фактором успеха многих советских проектов на «всесоюзном полигоне породоиспытания», которым тогда называли Казахстан.

Советский Союз построил 19 крупных конезаводов и сотни племенных коневодческих ферм, вкладывал серьезные деньги в селекционную и племенную работу, направлял в республику лучших специалистов; благодаря всему этому в Казахстане была создана своя племенная база. Но при всех плюсах казахстанское коневодство оставалось именно полигоном, где самые разные кабинетные экспериментаторы могли тестировать свои теории. Стоимость ошибок часто была неоправданно высокой. Например, в начале семидесятых годов прошлого века в племенной науке было повальное увлечение метисацией всех пород лошадей,

как, впрочем, и другого скота. Только благодаря «самодеятельности» зоотехников, которая, естественно, жестко наказывалась, хозяйства смогли тогда сохранить в чистоте классическую казахскую лошадь джабе и другие породы. Главным итогом советского периода в развитии отрасли можно назвать ее, в некотором роде, обезличивание. Отрасль честно работала на внутренние задачи – на мясо, на армию и «народное хозяйство», на достижение высоких показателей выносливости лошадей. Она работала и на спорт – но на спорт всего СССР. Пожалуй, только специалисты знают, что один из выдающихся скакунов – победитель двух олимпийских скачек ахалтекинец Абсент был выращен на Луговском конном заводе в Казахстане. Для всех поклонниковконного спорта он был и останется советским скакуном. К сожалению, будучи одной из немногих стран мира с самыми древними традициями коневодства, Казахстан пока не сказал своего слова в элитарном, спортивном конном деле. Между тем это не только область «капризов» состоятельных людей, одержимых красотой и силой лошади, но и сфера очень серьезного бизнеса [11].

В последние годы в Жамбылской и Алматинской областях появилось несколько десятков высокопрофессиональных племенных хозяйств по чистокровной верховой, арабской, ахалтекинской, донской породам. 97-й конный завод в Жамбылской области вырастил, помимо внука Абсента, еще много прекрасных ахалтекинцев, чудесных лошадей донской породы. К концу девяностых годов подавляющее большинство всего поголовья лошадей – более 80 процентов – было сосредоточено на частных подворьях. Элитарное коневодство в последние годы переживает небывалый подъем. Причем оно становится не только по-настоящему элитарным (судя по классу и цене скакунов), но и превращается в очень серьезный бизнес.В Южном, Восточном и Центральном Казахстане появилось несколько десятков частных конезаводов и племенных хозяйств, специализирующихся на разведении элитарных пород лошадей [12].

Таким образом, лошадь для казаха всегда была частью жизненной философии и мироощущения человека Степи, а ее поведение и поступки – ответом на многие сложные человеческие вопросы.

Список использованной литературы и источнкиов:

1. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи. - Официальный сайт Президента Республики Казахстан //akorda.kz/ru/events/akorda_news/...21 ноября 2018
2. Горбунов С.Кто первым оседлал коня… // Казахстанская правда, 24.02.2012
3. Предки казахов приручили лошадей более 6 тысяч лет назад // Казахстанская правда, 26.02.2012
4. Герадот. История в девяти книгах. - 4-я книга «Мельпомена». Перевод Г.А.Стратановского. - Издательство: «Наука» Ленинградское отделение, Ленинград, 1972
5. Левшин А. Описание орд и степей казахов. – М.: ЭКО, 2005
6. Радлов В.В. Тюркские степные кочевники: :(отрывки из путевого дневника) // Өлкетану - Краеведение, 2010. - № 1
7. Маргулан А.Х. Мир казаха.А.: Институт развития Казахстана : Международный фонд им. академика Алькея Маргулана, 1997
8. Токтабай А. Культ коня у казахов.- Алматы, 2004
9. Жансугуров И. Кулагер: Стихи и поэмы Алматы: Атамура, 2003
10. Имангалиев А.И. Казахская лошадь.- Алматы, 1976
11. Моисеенко Н.А. Служит людям добрый конь. – М.: Агропромиздат, 1988
12. Aitmagambetov D., Iskakova K. An eternal companion of the Kazakh // Mangilik El.-2014, №1 (3), 104-107 p.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: В.В. РАДЛОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Акпар А., магистр, кіші ғылыми қызметкер
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Қазақ даласы күллі адамзаттың өміріне елеулі әсер еткен оқиғаларға куә. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында айтқанындай «Еліміздің табысты болуының кепілі – өткен тарихын мақтан тұтып, бүгінгі жағдайды нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту» болмақ. Сондықтан да, өткенді зерделеп, бүгінгіні бағалап, келешекке сеніммен қадам жасау үшін тарихи сананы жаңғырту қажеттігін нақты мысалдармен түйіндейді. Соның бірі атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы Ұлы Даладан тарағаны тарихтан белгілі. Ең алғаш атқа міну мәдениеті қазақ жерінде басталғаны Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Ботай қонысында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған жылқы сүйектерін зерттеу негізінде дәлелденді. Мұнда табылған аттардың азу тістерінде ауыздықтың ізі қалған. Ол жерден сол замандағы ат әбзелдері, кәдімгі құрық, теріден тігілген шалбар, тізеден асатын тері етік, тымақ та табылған. Британиялық ғалымдар ботайлықтар тұтынған керамикалық ыдыстардан қымыздың жұғынын анықтаған. Бұдан ботайлықтар жылқыны мініс көлігі ретінде пайдаланып қана қоймай, бие сауып, қымыз ашытып, шипалы сусын өндіруді де меңгергенін көре аламыз. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Ата-бабаларымыз жылқыға қатысты ашылған барлық жаңалықтың бастауында тұр. Демек, атқа міну мәдиениеті - Ұлы даладан тараған, деп айтуға толық негіз бар.

Петербург академиясының академигі, түрколог, этнограф, шығыстанушы В.В. Радлов қазақ өлкесінің зерттелуіне үлкен үлес қосты. Атқа міну мәдениетінің қазақ жерінде дамығанын өткен ғасырлардағы зерттеушілердің еңбектерінен көре аламыз. Мысалы, Орталық Азияны, оның ішінде Қазақстанды зерттеуде академик В.В.Радловтың еңбегі маңызды. Ол өзінің қазақ жеріндегі зерттеулері жазылған күнделігін «Из Сибири» еңбегінде жариялады [1, 87 б]. Бұл еңбектің «Тюркские степные кочевники» деп аталатын бесінші тарауында қазақ этнографиясы, оның ішінде мәдениеті жайлы көп айтылады. В.В.Радлов зерттеулерін Алтай қырғыздарымен, яғни қара-қызғыздармен салыстыра отырып зерттеп, сипаттап жазды. Қазақтардың материалдық мәдениетінің жай-күйі қоғамның көшпелі мал шаруашылығы әсер етті. Материалдық мәдениеттің маңызды дерегі болып табылады. Қарапайым еңбек құралдарын, ер-тұрман әбзелдерін қолөнершілер жасап отырған. Қазақтың ер-тұрман әбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер байқалады. Олардың үлгілері тиісті өзіндік атаумен аталып келді. Қазақ – нағыз шабандоз халық. Бала күннен ат құлағында ойнау – күнделікті гимнастикасы. Әйелдер кейде бұл тұрғыдан еркектерден асып түсіп жатады. Кең-байтақ өлке де өмір сүрген олардың тілі тұтас бірлікте.

Қазақтың атты көрсе, мінгісі кеп, шапқысы кеп кететіні – қандағы өлмес қасиет. Белгілі түркітанушы ғалым В.В.Радлов: «Қазақтар үшін ол малдың (жылқының) асыл тастай көркі – барлық сұлулық атаулының жиынтығы. Қазақ атты сүйікті әйелінен де артық көреді. Өте әдемі, текті ат үшін жұрт сыйлайтын өте әділ де адал адамдардың өздері ұрыға айналады», – деп жазады.

Қазақтың төрт түлікке байланысты атаулары бұрынғы еңбектерге қарағанда жүйелі әрі кеңірек берілген. Зерттеуші мақаласы қазақ халқының тұрмыс ерекшеліктері жайлы қысқаша кіріспеден басталып, әр түліктің жағдайын таратып айтып, малда кездесетін індет ауруларына жеке-жеке сипаттама берумен аяқталады. Автор қазақтардың тұрмыс-тіршілігіндегі жылқы малының алатын орнына тоқталғаннан кейін үйірдегі жылқы санына, жылқының жасына, түсіне байланысты атауларды сөз етеді. Қазақтың барлық тіршілігі, қуаныш-қайғысы

жылқымен ажыраспас байланыста екендігін, оның күйеу мен қалыңдыққа, ұрыста батырға, қаза болған иесінің денесін елге жеткізуде, тұлданған ат ырымында, құн орнына жүруде, ас кезінде т.б. тіршіліктің сан-салалы қажетінде атқаратын рөлін жазып қалдырған.

Ғалым өз зерттеулерінде қазақтың ат әбзелдеріне ерекше көңіл аударды. Оның пікірінше, ердің көп таралған түрі, қайыңнан шауып жасалған алдыңғы қанаты кең «қазақтың ері» болып табылады. Мұндай ерлер құрамдас бес бөліктен – алдыңғы қас пен артқы қастан, екі жақтағы қапталдан және орта ағаштан тұрды. Ердің ағаш сүйегі мұқият өңделді, ал халықтың ауқатты топтарына арналған күміс кейде алтынмен қаптап түрлі-түсті бағалы тастан көз салған түрлері болды. Әсіресе, әйелдерге арналған ер сәнді безендірілді. Қазақстанның оңтүстік аймағында ердің «құранды ер» дейтін түрі таралған. Ол 22 құрамдас бөліктен тұрған және бұл элементтердің әрқайсысының өз атауы болған, бұл бөліктердің барлығы желіммен жапсырылып, күміспен немесе алтыннен безендірілген. Ер-тұрман әбзелдерін жасау негізінен ершілердің ісі болған. Олар тек қана ердің өзін емес, сонымен бірге барлық ат әбзелдерін: тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, тартпа, үзеңгі, таралғы, қамшы, және т.б. жасап оларды әсемдеп-көркемдеп отырған.

В.В.Радлов «Тюркские степные кочевники атты еңбегінде қазақтар аттың үстіне отыруды бала кезінен үйренеді, отыратын ері ашамай деп аталады, әр адам тамаша шабандоз» деп жазды [2,64 б]. Қазақтардың ер-тұрманы бірнеше бөліктерден тұрды:

Аттың басына тағылатын бөліктері:

1) Ауыздықтан тұратын жүген, аттың аузының екі жағында тұратын сақина тәріздес сулық, жақтың астында тұратын белбеуі сағылдырық, ауыздың астыңғы бөлігіндегі кеңсірік, сондай-ақ тізгін, шылбырдан тұрады.

2) Ноқта.

3) Ер: а) қазақи, яғни жарты ай формасындағы ер адамдарға арналған ер; б) қоқандық ер немесе сырлы ер, сарт ер деп аталатын әйел адамдарға арналған ер. Қоқандық ер қайыңның қабықтарынан жабыстырылып, жылтыратылып жасалынады [2, 76 б].

Жергілікті қазақтарда ердің ең көп таралған түрі «қазақ ері» болғандықтан, оны ер адамдар да, әйел адамдар да қолданды. Ал В.В.Радлов ер адамдардікін қазақ ері атауымен, ал әйел адамдардікін басқаша атаумен, яғни қоқандық ер деп атаған. Жасалуы мен безендірілуі жағынан қоқандық ер Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі құранды ермен сәйкес келеді. Екеуінің де бөліктері желіммен жапсырылып, сыртынан қайыңның қабығымен тартылып, күміспен немесе алтынмен безендірілген. Яғни, ғалымның мұндағы қоқандық ер деп отырғаны құранды ер деп санауға болады. Қазақ ері В.В.Радлов жазбаларында «қырғыз ері (қазақ ері)» деп аталады [3, 372 б]. Бұлай атауының себебі сол кезде қазақ жеріне жер аударылып келгендер жергілікті қазақтарды қырғыздар деп атаған. Енді ердің бұл түріне тоқталатын болсақ, жергілікті қазақтар оны бес бөліктен тұратындай етіп жасаған, дәлірек айтсақ, алдыңғы қас, артқы қас, екі жақтағы қапталдан және орта ағаштан тұрған. Ал В.В.Радлов жазбасындағы оның айырмашылығы – төрт бөліктен тұрған: алдыңғы қас, артқы қас және екі қанатты қаптал.

В.В.Радлов зерттеулері арқылы, ер-тұрмандардан халықтың әлеуметтік жағдайына байланысты айырмашылықтарды да көруге болады. Дәулетті емес қазақтардың аттары қарапайым безендірілген. Ал бай-қуатты адамдардың ат әбзелдері күміспен, қымбат әшекейлермен сәнделген. Сондықтан да, ат иесінің әл-ауқат жағдайын осыған қарап-ақ ажыратуға болатын. Осы жөнінде ғалым ең қымбат қазақ ер-тұрмандар күміспен әшекейленіп жасалатынын және оны тек бай қазақтар ғана сатып алатынын айтады. Әйел адамдардың ерінің әшекейленуі әл-ауқатына байланысты емес, яғни күміспен әшекейленеді.

Ат үстінде жүрген көшпенділер неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Ер қанаты - ат демекші, аттың үстінде еркін отыруды үйренген сарбаз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың

құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды. Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі болып табылады. Жаумен шайқасарда қылыш ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды.

В.В. Радлов сонымен қатар қазақ халқының ұлттық ойындарына, оның ішінде жылқымен байланысты ойындарға тоқталды. Ертеден келе жатқан ойындардың бірі – теңге алу. Теңге алу ойыны тегіс жерде өткізіледі. Жерге күміс теңге қойылады. Ойыншылар реттелген атқа мініп, шауып бара жатып, жердің үстінде жатқан тиынды еңкейе беріп, іліп алып кетулері керек. Ақшаны сыйлық ретінде ат үстінен алған адам иеленіп кетеді, сөйтіп, жеңімпаз атанады.

Сонымен қоса, жарысқа қатысушылар өздерінің күштерін де көрсете білген. Мысалы, салт атты адам ат үстінде отырып, жерде тұрған қойдың артқы аяғынан ұстап алып, жоғары көтерген және арлы-берлі теңселтіп, бірден лақтырып жіберген, яғни, оның қолында малдың аяғы мен терісінің бір бөлігі қалуы керек. Сонда, қой жерге өлген күйде түскен. Мұндай жабайылық өнер көрермендеріне ұнаған.

В.В. Радлов «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі» атты 4 томдық еңбегінде түркі тілділердің лексикасын зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдісті түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне, лексикалық құрамына, грамматикалық құрылысына түгел қолданған. Бұл еңбегінде кездесетін үлкен бір топ – төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдер. «Түркі сөздігінде» төрт түлік малға байланысты мақал-мәтел елеулі орын алады. Олардың ішінде көбірек көңіл бөлетіндерінің бірі – жылқы, оның себебі түсінікті, өйткені жылқы мінсе – көлік, жесе – тамақ, ішсе – сусын. Мысалы:

Алып жақсының ана сүті ат үстінде жүріп кебер.

«Түркі сөздігіндегі» төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдер негізінен өзінің жалпы түркілік қасиетін сақтаған. Бұл жерде түркі тілдерінің заңды фонетикалық өзгешеліктері есепке алынбайды. Басқа тілдерді былай қойып, қазақ тілінің жүз жылдан бұрынғы сққзінің қзінен де, кейбір дыбыстық өзгешеліктер сезіледі.

«Түркі сөздігіндегі» төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдерді қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда, бірінде жоғалып кеткендері екіншісінен немесе үшіншісінен табылады. Ал, осы қағидаға бағынбайтын мақал-мәтелдер кейбір түркі халықтарының кәсібіне, күн-көрісіне байланысты пайда болған.

В.В. Радлов жазбаларынадғы мақал-мәтелдерде бір ғана ескеретін жағдай – олардың негізінен дыбыстық өзгешеліктері ғана, ал лексикалық айырмашылықатры жоқтың қасында. Мысалы:

Жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы (қаз.)

Якши отга – бир қамчи, еман отга минг қамчи (өзб.)

Ягши ата бир гамчы, яман ата мүң гамчы (түркм.)

Бұл салыстырылған мақал-мәтелдердің мазмұны мен қолдану аясы бірдей. Барлығында да жақсы ат пен жаман ат туралы сөз болып отырған жоқ. Әңгіменің негізгі түйіні – жақсы адам мен жаман адам туралы.

Тәуелсіз ел болып өмір сүру үшін ұлттық санамызды, болмысымызды сақтап, жастарымызды жарқын болашаққа тәрбиелеуде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы Атқа міну мәдениетінің тарихын зерттеуде XIX ғасырдағы қазақ қоғамын, тарихын, этнографиясын зерттеп жазған В.В.Радловтың еңбектерінің маңызы зор. Қазақ мәдениетін XIX ғасырда келген көптеген шет елдіктер зерттеді. Дегенмен, солардың ішінде В.В.Радловтың зерттеулерін қазақ этнографиясы, оның ішінде атқа міну мәдениеті туралы толығырақ жазылған еңбек деп бағалауға болады.

Жылқы – қазақ халқының сенімді серігі, елтаңбамызда қанатты тұлпар бейнеленуінің сыры осында. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде ата кәсібіміз – жылқы шаруашылығын дамыту қайтадан қолға алынып отыр. Қазіргі таңда жылқыны ондап, жүздеп, мыңдап өсіретін

шаруалар, кәсіпкерлер қатары өсіп келеді. Ұлттық ат ойындары: ат бәйгесі, көкпар, теңге ілу, қыз қуу, аударыспақ, жамбы ату, асауды үйрету, т.б. қолға алынып, қайта жаңғыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Қасымжанов А.Х., Любаев А.Г., Хамзеева Б.Х., Портреты. Степ глазами из вне. От Геродота до гумбольдта. – Алматы, 2000. – 148 Б.

2. Радлов В.В. Тюркские степные кочевники. – Астана: «Алтын кітап», 2007, Том3. – 390 Б.

3. Бейсенбекова Н.А. Некоторые вопросы истории казахского народа в трудах В.В.Радлова. // ҚарМУ. Сыр Сандығым Сарыарқа. 22-23 сәуір. – 372-376 бб.

Х. ОРАЛТАЙДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Садықов Т. С., т.ғ.д., профессор
Ақтайлақ Б. Б., 2 курс докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақ тарихында туған халқына жан аямай қызмет еткен азаматтар баршылық. Олардың өмірі мен тұлғалық болмысының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу қашанда тарих ғылымының өзекті бағыттарының бірі болып қала бермек. Бұл бағытта батыс елдерінің тарихнамасы көп ілгері жетістікке жетті. Тіпті қазіргі таңдағы тарихи тұлғаларды зерттеу әдіснамасы батыстық зерттеу дәстүріне сүйенеді. Сонымен біздің зерттеу тақырыбымыз Хасан Оралтайдың қызметінің кей қырларын қарастыруға бағытталған. Туған жерінен жырақта өмір сүріп, бар ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған тұлғалардың бірі – Хасан Қалибекұлы болды. Ғалымның тұлғалық қалыптасу тарихын зерттеуде Шығыс Түркістан және ондағы тарихи үдерістердің алатын орны ерекше екендігі сөзсіз.

Шығыс Түркістан Орталық Азияның бір бөлігі әрі құрлықтың орталығы ретінде стратегиялық маңыздылыққа ие аймақтардың бірі. Ұлы державалардың мүдделері бұл аймақтарда жиі түйісіп отыратын. Ресей мен Ұлы Британия аймақта өзінің саяси, сауда-экономикалық және мәдени ықпалын бекемдегісі келіп отырды. Қарсылас империялардың бәсекелестігі тарихта «Үлкен ойын» деп атала отырып, аймақтың жергілікті халқын өз мүддесіне сай пайдалануды көздеді [1]. Аймақта Ұлы Британия мен Ресейден басқа, Осман империясы мен Қытайдың да мүдделері түйісіп отырды. Әсіресе Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың өрістеген тұстарында ұлы державалардың аймақтағы саяси белсенділігі жиі артып отыратын. Бұл XIX ғасырдың екінші жартысындағы Жақып бектің құрған мемлекеті кезінде көрініс тапты [2].

XX ғасырдың басында Ресей мен Қытайда орын алған тарихи жағдайлар Шығыс Түркістанға өз әсерін тигізді. Ресейде орын алған төңкеріс, азамат соғысы және бұдан аймақта орын алған миграциялық әрекеттер өзіндік із қалдырып отырды. Бұл XX ғасырдың басында Орталық Азияда жаңа қарқынмен «Үлкен ойынның» жандануына әкелді [3].

Қазіргі уақыттағыдай Шығыс Түркістан халқы әртүрлі ұлттардан құралған. Бұл аймақта түркі тектес, монғол тектес халықтармен қатар қытайлар да өмір сүріп келеді. Қазақтар аймақта үлкен ықпалға ие ұлттардың бірі еді. Жалпы айтқанда аймақта түркілік және исламдық фактор жоғары деңгейде болды [4].

Хасанның әкесі – Қалибек Райымбекұлы Шығыс Түркістан қазақтарының көсемдерінің бірі болатын. Қалибек Сауан ауданының әкімі ретінде аймақтағы саяси үдерістердің бел ортасында болды. Көптеген тағдырлы оқиғалардың басында болды. 1933 жылы Қытайдың қазіргі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық өлкесінде дүниеге келген Хасан бұл жерде балалық шағын өткізді [5, 12 б.].

Шың Шыцайдың 1933-1944 жылдардың аралығында Шыңжаңда билік құруы аймақтағы саяси жағдайдың ушығуына әкелді. Оның аймақта билік еткен уақытында жергілікті тұрғындардың ұзаққа созылған азаттық қозғалысы өрістеді. Сонымен қатар елдің өмірінде әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер орын алды [6]. Бұл жайлы Хасан Оралтай былай еске алады: «Шың Шыцай Сталиндік үлгі кеңес бойынша зомбылығын барған сайын үдете берді... әкем Қалибек те екі рет Үрімжіге әкетілді. Бір ретінде 18 ай хабар-ошарсыз кетіп, әйтеуір аман қайтты» [5, 13 б.].

Шыңның басқару кезінде Шыңжаңда 70 мыңнан астам адам өлтіріліп, 100 мыңнан астам адам қамалды. Оның билік құрған жылдарының соңында жазалау әрекеттерінің ауқымы ұлғайды. Қамауға алынғандарға қарсы азаптаудың 100 астам түрлері қолданылды. Шың Шыцайдың осындай әрекеттер арқылы жергілікті тұрғындардың наразылығын басу үміті еш нәтиже бермеді. 1943 жылдан бастап Алтай өңірінде Оспан бастаған қазақтардың көтерілісі үлкен күшке ие бола бастады [7, 130-131 бб.].

Тіпті 1944 жылы Шың Шыцайдың биліктен кетуі аймақтағы жағдайдың оңалуына әкелмеді Қытай Республикасының аймаққа тағайындаған басшылары басқаруда өз біліктілігін көрсете алмады. Олардың сол кезде жүргізген саясаты жергілікті халықтың наразылығын арттырумен ғана болды. Сонымен қатар Кеңес Одағының аймақтағы көздеген өз мүдде-мақсаттары айқын көріне бастады [7, 138 б.].

Шығыс Түркістанның азаттығы үшін күресте Оспан батырмен бірге Қалибектің бірге әрекет етуі бала Хасанның тұлғалық қалыптасуында өзіндік із қалдырғаны анық. Сол кездегі күрделі саяси ахуалға байланысты қазақтардың жағдайы қиындай түсті. Өмірінің он екі жасынан бастап, үлкен арпалыс – өмір мен өлім арасындағы күрес жолына түскен тұлға бұл жайында: «1945 жылдың көктемінен кейінгі өмір «Әне жау келіп қалды!» деген ылғи үркү-қашумен басталып... жанбағу үшін мүлдем жаңа өмір-салтына орай арпалысқан қазақтарды бастаған Қалибек Хакімнің ұлы ретінде мен талайды көрдім. Көп кеңестер естідім...» [5, 4 б.].

Шығыс Түркістандағы күрделі саяси ахуалға байланысты қазақтар шетел асуға мәжбүр болды [8]. Сонау Алтайдан шығып, Такла-Макан, Тибет, Кашмир, Үндістан арқылы Түркияға жеткен қазақ көші жайлы бүгінгі таңда көптеген еңбектер жазылды. Солардың бәрінде көш кезіндегі қазақтардың басынан өткізген ауыртпалықтары мен оларды жеңудегі табандылығы жайлы баяндалған. Қазақ көшіне байланысты сол көштің ішінде болған Халифа Алтай [9], Дәлелхан Жаналтай [10], Хасан Оралтай [5] сынды тұлғалардың еңбектерін атауға болады.

Көп кедергілерді жеңе отырып, қазақ көші Түркия жерінде тыныштық тауып, еркін әрі тыныш өмір сүру мүмкіндігіне ие болды. Түркияда орналасқаннан бастап Хасан Қалибекұлының зерттеушілік қызметінің қалыптаса бастағанын байқауға болады.

Хасан Оралтай түрік тілшісі Өздемір Аталанмен бірге Шығыс Түркістанда және шетел асу кезінде қазақтардың көрген қиындықтары туралы баяндалған «Himalaya destanı (Гималай дастаны)» тақырыбында мақалалар тізбегін «Ege Ekspress» газетінде жариялады. Аталған мақалалар жинағы кейін жеке кітап болып шыққан [11]. Хасан Оралтайдың айтуынша, өзінің тұңғыш мақаласы болып табылатын бұл тізбекті мақалаларды жазу кезінде әкесінің «Хасан Хакім» фамилиясымен жазған [5, 173 б.]. Бұдан кейінгі кездерде Хасан Оралтай тұрақты түрде әртүрлі газет-журналдарда мақалалар жариялап тұрады.

Измир қаласында 1961 жылы түрік тілінде «Kazak Türkleri: hürriyet uğrunda Doğu Türkistan (Қазақ түркілері: Шығыс Түркістан бостандығы үшін)» тақырыбында Хасан Оралтайдың кітабы жарық көреді [12]. Кітапта Үлкен Түркістан жерін жайлаған түркі халықтарының Ресей мен Қытай коммунистерінің қоластындағы жағдайы жазылған. Сондай-ақ, автор бұл кітабында Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен ондағы қазақтардың орны жайлы баяндайды. 1976 жылы Ыстамбұл қаласында толықтырылып өңделген бұл кітаптың екінші басылымы шығады.

Туған жерінен жырақта жүрсе де Хасан Оралтай қазақтың өткен тарихына, әдебиеті мен өнеріне үлкен қызығушылық танытып отырды. Сондай-ақ осы бағытта жазылған өзінің

әртүрлі еңбектері арқылы қазақ халқын Түркия жұртшылығына таныстырып отырды. 1962 жылдан бастап Измирде Хасан Оралтай «Ұлы Түрікелі» атты журнал шығарып тұрды. Журнал бетінде қазақтарға қатысты деректермен қатар, жалпы түріктік мәліметтер де жарияланып тұрды.

1965 жылы түрік тілінде «Ұлы түркішіл Мағжан Жұмабайұлы» кітапшасы жарық көрді [13]. Бұл кітаптың бірінші бөлімі әлемдегі түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақтардың жағдайы һәм күллі түркі халықтарының бауырластығы туралы болса, ал екінші бөлімінде қазақтың ұлы перзенті – Мағжан Жұмабайұлы жайлы жазылған. Сонымен қатар, бұл кітапта қазақ тілінде және түрік тіліне аударылған Мағжанның өлеңдері келтірілген. Ақынның өлеңдерін қазақшадан түркішеге аудару арқылы Хасан Қалибекұлы Түркия халқын Мағжан шығармашылығымен және оның ой-пікірлерімен таныстырды.

«Коммунизммен шайқас» журналының 1965 жылғы №2 санында Х. Оралтайдың «Тұтқын халықтардың апталығы» тақырыбында мақаласы шықты [14]. Есік қорғанынан Алтын адамның табылуына байланысты 1971 жылы Х. Оралтайдың «Алтын киімді адам» мақаласы жарық көреді [15].

1973 жылы Ыстамбұл қаласында «Алаш. Түркістан түркілерінің ұлттық тәуелсіздік ұраны» тақырыбында [16]. Кітапта қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт-азаттық қозғалысына шолу жасалынған. Бұл Алаш партиясы мен үкіметі, қазақ зиялылары, қазақ мерзімді басылымдары жайлы коммунистік идеология шеңберінен тыс, мейлінше шындыққа жақын жазылған алғашқы еңбектердің бірі болып есептеледі. Себебі бұл кезде Қазақстанда Алаш жайлы нақты еңбектер жазылмайтын, ал жазылғандары Алашты қаралаумен ғана болды. Хасан Оралтай өзінің «Алаш» кітабы жайлы: «...Біз біршама жұмыс атқардық. Біз осы кітапты және мұнда көрсетілген дереккөздерді жетілдіруді, сондай-ақ осы мақсатта үшін жұмыс істейтін болашақ мамандардың үмітін көргіміз келеді», - деген [16, 10 б.].

Ғалымның «Шығыс Түркістан тарихындағы кейбір мәселелер және жауаптар» кітабы да зерттеуші тарапынан үлкен қызығушылық туғызары анық. Бұл еңбекте Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық көтеріліс және қазақтар жайлы біршама деректер келтірілген [17].

1968 жылдан бастап Хасан Оралтай «Азаттық» радиосындағы қызметін бастады. Радионың Хасан Оралтайға берген үлкен мүмкіндігі – ол шетте жүрсе де қазақтың мұң-мұқтажын радио эфирі арқылы әлем қазақтары мен әлемдік қауымдастыққа тарату мүмкіндігін жасады. Хасан Оралтай радионың қазақ бөлімінде қызмет еткен жылдары қазаққа қатысты әртүрлі тақырыпта мақалалар әзірлеп, оны радио эфирінде өз дауысымен дыбыстап отырды.

Хасан Оралтайдың «Азаттық» радиосында қызмет еткен жылдары әріптесі Чарльз Карлсонмен бірігіп ағылшын тіліндегі беделді Central Asian Survey ғылыми журналында «Күлтегін: болашаққа қатысты кеңестер?» тақырыбында мақаласын шығарады [18]. 1983 жылы шыққан бұл мақалада әйгілі Түрік қағанатының қолбасшысы Күлтегін және оған арналған ескерткіш-таста жазылған түркі халқының бостандығына қатысты өзекті деректер жайлы жазылған. Авторлар Күлтегін ескерткішінде жазылған сөздердің қазіргі түркі халықтарының басындағы өзекті мәселелермен салыстырып, мұны қолбасшының ұрпағының болашағына арнаған кеңестері ретінде бағалайды. Аталған мақала КСРО құрамындағы Қазақстанның Ресейге «өз еркімен қосылуының» 250 жылдығына байланысты еліміздің мерзімді басылымдарында позитивті қырынан жазылған мақалаларға жауап ретінде жазылған сыңай танытады.

1984 жылы Ыстамбұл қаласында қазақ-түрік сөздігі болып табылатын «Kazak türkçesi sözlüğü» кітабы шығады [19]. Кітаптың негізгі авторларының бірі Хасан Оралтай болды. Бұл сөздікте қазақ сөздері латын жазуымен жазылып, оларға түрік тілінде түсіндірме аудармасы беріліп отырған. Соған қарағанда, бұл еңбек авторларының түпкі мақсаты қазақ тілін терең меңгергісі келетін және қазақ тарихы мен тіл ғылымына қызығушылығы бар адамдарға арналған.

1984 жылы Х. Оралтайдың «Шығыс Түркістанға саяхат» атты мақаласы жарық көреді [20]. Онда автор 1984 жылдың жазында Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиясының тілдер институтының шақыртуымен Шығыс Түркістанға барып келгендігі жөнінде жазылған. Автор 1949 жылдан бері бұл жақта болмаған еді. Сол кезден бері орын алған өзгерістер мен өлкенің тіршілігі жайлы деректер келтірілген.

1985 жылы ғалымның Central Asian Survey журналында «Түркістандағы Алаш қозғалысы» тақырыбындағы кезекті мақаласы шығады [21]. Мақалада автор «алаш» түсінігінің шығу тарихы мен аңыздар және Алаш қозғалысы мен оның өкілдері жайлы баяндайды.

Хасан Оралтайдың азаттық жолындағы қызметін зерттеуде оның «Елім-айлап өткен өмір» естелік-кітабының алатын орны ерекше екендігін айтпасқа болмайды [5]. Аталған еңбек – ғалымның «естігендері мен көргендерінің және істегендерінің есте қалған жиынтығы» болып табылады [5, 4 б.]. Еңбек халқымыздың басынан өткерген түрлі оқиғалардың дереккөздерінің бірі болып табылатындығы айдан анық. Автордың бұл еңбегінің деректік әл-ауқаты өте жоғары.

Сонымен қатар, Хасан Оралтай өзінің еңбектерін жазу кезінде лақап аттарды көп пайдаланған. Хасан Оралтайды көзімен көріп, онымен пікірлескен азаматтардың біразы «Қазақбаласы» [22], [23], «Тарбағатайлы» [24], [25], «Қырбаласы» [26] лақап аттарымен шыққан еңбектер Хасан Қалибекұлына тиесілі.

Отандық тарих ғылымының құнды дереккөзі ретінде белгілі ғалым, тарихшы, ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеуші, публицист, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Хасан Оралтайдың бай ғылыми мұрасын зерттеу өз өзектілігін жоймай келеді. Тіпті, керісінше бұл бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі жыл өткен сайын артып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Warikoo K. Central Asia and Kashmir: A Study in Political, Commercial and Cultural Contacts During the 19th and Early 20th Centuries // Central Asian Survey, Vol.7, №1, 1988. – 63-83 бб.
2. Paul B. Henze. The Great Game in Kashgaria. British and Russian Missions to Yakub Bek // Central Asian Survey, Vol.8, №2, 1989. – 61-95 бб.
3. Benson L., Svanberg I. The Russians in Xinjiang: From Immigrants to National Minority // Central Asian Survey, Vol.8, №2, 1989. – 97-129 бб.
4. Musabay İ. Doğu Türkestan'ın nüfusu // Türk Kültürü, Sayı 79, 1969. – 499-507 бб.
5. Оралтай Х. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: «Білім», 2005. – 632 б.
6. Самаев А. Казахи в составе республиканского Китая. Период губернатора Шэн Шицая // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. № 2 (51). 2010. – С. 16-22.
7. Гасанлы Дж. П. Синьцзян в орбите советской политики: Сталин и мусульманское движение в Восточном Туркестане (1931-1949): монография / Дж. П. Гасанлы; пер. С азерб. Ф. Гаджиева. – 2-е изд., стер. – М.: «Флинта», 2016. – 360 с.
8. Кларк Дж. Милтон. Как казахи бежали их Китая // Мир ислама. National Geographic. – Москва, 2004. – 104-109 бб.
9. Altay H. Anayurttan Anadolu'ya. – 469 б.
10. Canaltay D. Çetin Zaman Zor Günler (Altaylardan İsranbul a Göç Hatıraları). – İstanbul, 2019. – 288 б.
11. Atalan Ö. Himalaya destanı. – Ankara, 1975. – 144 б.
12. Oraltay H. Kazak Türkleri: hürriyet uğrunda Doğu Türkistan. – İzmir, 1961. – 210 б.
13. Oraltay H. Büyük türkçü Mağcan Cumabayoğlu. – Izmır, 1965. – 40 б.
14. Oraltay H. Esir Milletler Haftası _// Komünizmle savaş. 1965. - №2. – 2 б.
15. Oraltay H. Altın Elbiseli Adam // Türk Kültürü, IX. – 1971. – 100 б.
16. Hasan Oraltay. Alaş. Türkistan türklerinin millı istiklal Parolası. – Istanbul, 1973. – 200 б.
17. Hasan Oraltay. Doğu Türkistan tarihindeki bazı meseleler ve ithamlara cevaplar. – Istanbul, 1975. – 45 б.

18.Carlson C., Oraltay. H. Kül Tegin: Advice for the future? // Central Asian Survey. Vol.2, №2, 1983. – 121-138 бб.
19.Oraltay H. Yüce N. Pınar S. Kazak türkçesi sözlüğü. – Istanbul, 1984. – 328 б.
20.Oraltay H. Doğu Türkistan Seyahatı // Büyük Türkeli. 1984. - № 8. – 20-33 бб.
21.Oraltay H. The alash movement in Turkestan // Central Asian Survey, Vol.4, №2, 1985. – 41-58 бб.
22.Kazakbalası C. Büyük Türkeli'nden Habarler // Büyük Türkeli. 1984. № 8. – 74-78 б.
23.Kazakbalası C. 17-18 Aralık 1986 Kazakistan Olayları // Büyük Türkeli. 1988. – 69 б.
24.Tarbagataylı C. Doğu Türkistan tarihindeki bazı meseleler ve «Çin'ciler». – Istanbul. – 1976. – 70 p.
25.Tarbagataylı. Türkeli Komitesi. - Büyük Türkeli. 1984. № 8. – 68-73 б.
26.Kırbalası K. Şerkı Türkistan Cumhuriyeti'nde Devlet Memuru Subay ve Er Olarak Vazıfe Görenlerle Mülakat // Büyük Türkeli. 1984. № 8. – 13-19 б.

ЖҮСІП ХАС ХАЖИБ БАЛАСАҒҰННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Әпендиев Т.Ә., PhD, жетекші ғылыми қызметкер
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Қазіргі кезеңде әлемде болып жатқан саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік қайта құрулар әрбір елдің өз халқының рухани мұрасы мен мәдениетін қайта жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу ұмтылысын айқын аңғартып отыр. Соның ішінде Қазақстанда да қазақ халқының мәдениеті мен рухани өмірін ежелгі дәуірден бастап зерттеп, оның ішінде түркілік мұраны түгендеу ұдайы басшылыққа алынып келеді. Оның басты мысалдарының бірі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мен «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты республика көлемінде ұйымдастырылып және халықаралық деңгейге көтеріліп жатқан тарихи-мәдени шаралар ел тарихының өткенін түгендеуге мүмкіндік береді. Тарихи және мәдени қайта өрлеу XXI ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының негізгі белгісі ретінде қарастырылуы үлкен мәнге ие болып, халықтардың тарихымен қоса мәдениетін түгендейтіні анық. Сондықтан әр халықтың тарихындағы рухани құндылықтарды ой елегінен өткізіп, бүгінгі күннің жалпы адамзаттық игілігіне айналдыру басты міндет болып табылады.

Қазіргі кезеңде әрбір халық өзінің төлтума мәдениетін сақтау үшін ұлттық бірегейлігін, даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударуда, сондықтан оны сақтауға, әрі қарай дамытуға жанталасуда. Шығыстық ділге сәйкес келетін ерекшеліктер мен батыстық өркениеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарды анықтау мәселесі тұр. Бұл мақсатқа қоғамды іштей рухани жағынан біріктіру, топтастыру, ешкімді көзқарасына қарап алаламау, сөйтіп, әрбір адамның әлемдегі өзіндік құндылығын бағалау, оны биікке барынша асқақтату сияқты теориялық іргетастарға еліміздегі әлеуметтік қатынастар негізделген жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Тарихи үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа негіз болатын рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және дамиды. Адамның әлемге қатынасын айқындаушы факторлар ақиқаттың заңдылығымен, оның үйлесімділікке толы ұстанымдарымен астасып жатады. Ал енді бір кезеңдерде өткен көшпелі мәдениетке сай құндылықтар жүйесі өзінің ділінде адамның табиғатпен үйлесімділігін дәріптеумен ерекшеленеді.

Қазақ халқының тарихында мәдениет, өркениет, философия және тәрбие мәселесі қашанда болмасын ең басты орынға қойылған. Ол үшін халық арасынан суырылып шыққан ақын-жазушылар мен ғұламалар, философтар халықтың тұрмысы мен тіршілігін терең ұғып, қоғамды тәрбиелеуге үлес қосып қызмет етіп отырған. Өз халқының өркендеуі үшін жас

ұрпақтың білімді, тәрбиелі болуын негізгі мақсат деп таныған ғұламалардың бірі ретінде XI ғасырда өмір сүрген түркі данасы, ойшыл-ақын Жүсіп Баласағұнды ерекше атауға болады.

Шу мен Іле өзені аралығында ұлан байтақ өлкеден XI ғасырда аты әлемге әйгілі ақын, философ, қоғам қайраткері Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн орта ғасырлық Баласағұн қаласында музыканттар отбасында дүниеге келген. Оның туған жылы белгісіз болып, ол туралы ғылымда әлі күнге дейін әртүрлі тұжырымдар ұсынылып келеді. Кей ғалымдар 1015, 1017 жылдарды көрсетеді. Ал кейбірі 1020 жыл деп көрсетеді. Дегенмен, оның туған жылынан өмірі мен шығармашылығы, философиясы маңызды болатыны анық. Ж. Баласағұнның шыққан тегі және ортасы туралы Х.Сүйіншәлиевтің келтірген мынадай мәліметі болып, онда Жүсіптің әкесі де өнер иесі, күйші-музыкант болған. Ол да Қарахан мемлекетінің билеушісі Сатух Боғраханға қызмет еткен.

Жүсіп осы талантты өнерпаз әкесінің тәлімін алып өскен. Жасынан зерделілігімен көзге түсіп, сарай қожаларының көңілін аударған. Шығыс Түркістан, Қашқар, Баласағұн, Жетісу өлкелерін билеп тұрған Боғрахан (1012 ж. өлген) Жүсіптен үлкен үмітті боп, оны ғылым мен білімге баулыған. Жүсіп кезіндегі атақты білім ордаларында болып, көп тілдерді үйреніп, тез жетілген. Әділет жолын іздеп, алас ұрған жігерлі жас әдебиет пен ғылым салаларын жете меңгерген. Жүсіп өз кезінің білімді адамы саналған. Ол жасынан оқып, түркі тілдеріне қоса парсы, араб, қытай тілдерін жақсы білген. Сол кез әдебиетінен, тарихынан, астрономиясынан, геометриясынан, тағы басқа ғылымдарынан мағлұмат алған» [1, 116-120 бб.].

Жүсіп өз заманындағы ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында «Құтты білік» тәрізді классикалық шығармасын жазуға бет алды. Араб, парсы тілдерін жақсы білумен бірге өз ана тілін де терең меңгеріп, бар байлығын бойына дарытқан Жүсіп ана тілінің көркемдік қуатын әлемге таныту бағытын ұстады. Музыкант отбасында туылғандықтан күй тартып, өлең айтып, нақышты музыка сазын тұла бойына толық дарытқан.

Жүсіп Баласағұнның туған жері Батыс Түрік қағанатының басты астанасы, саяси, экономикалық және рухани мәдениеттің орталығы ретінде аты әлемге әйгілі болған ортағасырлық ірі қала Баласағұн екендігі тарихтан белгілі. Қазақстандық танымал тарихшы, этнограф және археолог, ғалым У.Х. Шәлекеновтың жүргізген бірнеше жылдық қомақты зерттеуі бойынша бүгінде Баласағұн қаласы «бізге жердің қойнауына түгелімен енген археологиялық ескерткіш түрінде жеткен. Бұл қаланың орны Жамбыл облысының Шу ауданы, бұрынғы «Калинин» колхозының (қазіргі Баласағұн ауылының) жерінде, Алматы-Тараз тас жолының бойында. Ол Шарғау, Ақсу, Қарабалта және Тоқташ өзендерінің Шу өзеніне құятын төменгі ағыстарындағы тегістікке орналасқан» [2, 8-10 бб.].

Баласағұнның адамның дамуы, жеке адам басының жетілуі, өсуі тікелей тәрбиенің жетістігі, ол адам табиғатына байланысты бола отырып, оның тарихи дамуының үстінде үнемі өзгеріске ұшырайтынын анықтады. Баласағұн – философ ретінде және тәрбиелік тағылымға толы-педагог ретінде артына өшпес мұра, тәрбиелік дәстүр, өнеге қалдырған адам. Оның үйретуінше, адамның жетіліп қалыптасуы, оның ішінде жастар тәрбиесі-қоғамдық жағдайлардың, айнала ортаның ықпалымен, оң әсері мен тәрбие арқылы және адам табиғатын туысынан-дүниеге келумен бірге болатын қасиеттер арқылы қалыптасады. Оның ішінде адамнан өсіп – жетілуінде, оның дүниеге келуі мен іле келетін қажетті кейбір сапалар мен қасиеттердің болатындығын мойындайды.

XI ғасырда Орта Азиядағы Қараханидтер үстемдігінің кезінде өмір сүрген көрнекі ақын және ойшыл, сол кездің өзінде өсіп-өркендеу биігіне жеткен Баласағұн қаласының тумасы еді. Жүсіп Хас Хажіптің есімі бізге дейін толық күйінде жетіп отырған жалғыз поэмасы «Құтты білік» арқылы танымал болды. Ұлы ойшылдың басқа да шығармалары болғандығын, әрине, топшылауға болады. Бұл кітапты автор 1069 жылы Қашғар билеушісі Сүлеймен Арыслан Қара Қағанға арнап жазды, осы еңбегі үшін хан оған Хас Хажіп деген лақап есім берді, яғни ұлы ханның әлеуметтік кеңесшісі лауазымына ие болды.

Ғұламаның бізге қалдырған асыл мұрасы – түркі тілінде жазылған 13 мың жолдық «Құтты білік» дастаны. Бұл – сан ғасырлар сынынан өтіп, өзінің рухани баға жетпес

құндылығымен иесінің (авторының) есімін аспан көгіндегі жарық жұлдыздай етіп, әлемдік мәдениеттің тарихына мәңгілік етіп жазып қалдырған көне түркі ғылымының ұлы ескерткіші, саясат, өнеге, тәрбие, еңбек жөнінде толғанысқа құрылған, тәрбиелік мәні мен маңызы зор, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын дәріптейтін философиялық және педагогикалық туынды. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны бойынша жүргізілген зерттеулердің барлығында оның бізге дейін сақталып келген үш нұсқасы бар екендігі айтылады. Академик В.В. Бартольд «Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии» атты атақты еңбегінде «Құтты білік бізге үш қолжазба түрінде жетті, біріншісі ұйғыр алфавитімен, 1439 жылы Гератта жазылған, және екеуі араб алфавитімен жазылған, оның біреуі – Египетте, екіншісі – Ферғанада табылған» - деп жазады [3, 59 б.].

«Құтадғу біліг» дастаны XI ғасырдың жұлдызды шығармаларының бірі ретінде өз бойына классикалық түркі әдебиетінің, поэзиясының бірегей қасиеттерінің, эстетикалық тәжірибелерінің нәрін жиған туынды. Қоғамдық-әлеуметтік мақсаты айқын, танымдық талғамы биік поэтикалық құбылыс. Таза әдеби шығарма ретінде ол өзіне дейінгі түркі поэзиясының ішкі заңдылықтары мен барша көркемдік қасиеттерін шығармашылықпен сіңіріп, әдебиеттің кейінгі кезеңдеріне өзгеше даму арналарын ұсынған шоқтықты эстетикалық белес. Қазақ халық поэзиясына да, жыраулар поэзиясы деген атпен танылған бертінгі XV-XIX ғғ. жыраулығына да табиғатынан жақын тұрған өзгеше арналы әдеби үрдістің, ерекше тарихи дәстүр желісінің асыл арқауы.

Қараханид билеушілерінің Жүсіп Хас Хажіп шығармашылығын мұншалықты жоғары бағалап, оның басты еңбегіне айрықша қызығушылық танытуларын, бір жағынан, «Құтты біліктің» түркілік қоғам өкілдеріне арналған этикалық ережелер мен нормалардың ерекше кодексі болуымен, екінші жағынан – Қараханидтер әулеті өздерінің билік ету беделін мемлекеттің егіншілікпен және қолөнермен айналысатын тұрғындарының алдында мейлінше нығайта түсуге, сондай-ақ көршілес мемлекеттер билеушілерінің сый-құрметіне бөленуге ұмтылуымен түсіндіруге болады. Жүсіптің пікірі бойынша, билеуші мен оның төңірегіндегілер, түркі этикасына жан-жақты сәйкес келетіндей етіп қалай жүріп-тұру, «мемлекеттік ғылым» ережесі бойынша, қалай басқаруды үйрену керектігі туралы барлық қажетті білімдерді осы жерден меңгеруі керек.

Жүсіп Баласағұн поэмасы басқа түркі тілдес ұлттармен бірге, қазіргі қазақ жұртшылығының да рухани алтын қазығы. Оның қазақ әдебиетімен, халық әдебиетімен де тамырластығы, бір топырақтың өркені екендігі дау тудырмайтын тарихи шындық. Ғұлама ақынның туып-өскен жері Баласағұн да, дастанның тілі, образдық-стилистикалық жүйесі де, түркі өлеңінің классикалық өлшем, үлгісі мен тарихи, философиялық-эстетикалық аспектілері де бұл ойымызға толық негіз бола алады.

Шынайы талантты энциклопедиялық бітімдегі шығарма – тарихи түйінді құбылыс. Халықтық сипат, ұлттық мінез-құлық қырлары, сана, дәстүр болмысы солардан бедерленіп көрінбек. Ұлттық ой-сана, менталитет ұзақ сүзіліп, баяу қалыптасатын әрі баянды сақталатын күрделі түзілім. «Құтты білік» дастанының беттерінен де қазақ елінің жаратылысына тән сипаттарының куәгері болғандаймыз. Халқымыздың қанына сіңген әдет-құлықтар, қасиеттер: үлкенге-құрмет, кішіге-ізет, барға қанағат етушілік, жомарттық пен қонақжайлылық, мейірімділік пен қайырымдылық сынды көптеген адам-гершілік өнеге-сипаттар мемлекеттік іс, тұрмыс, өмір, мораль, әдеп-иман тақырыптарын жырлаған тарауларда ақындық ой-маржандарымен астасып жарқырай көрініп отырады да, бір-бірімен ұласып келісті бір тұтас ұлттық бітімді көзге елестетеді [4, 20 б.].

Алуан түрлі ықпалдар болғандығы даусыз, еліктеушілік үлгісі ретінде көбінесе парсы және парсы тілдес жауһарлар алынды, солардың бірі түркі айтылымындағы алғашқы поэманы, «Құтадғу білікті» жазуға авторды шабыттандырды. Түркі мемлекетінің заманауи ойшылының қоғамдық мәселелерді энциклопедиялық қамтуы, оның рационалды түсіндірілуі, зайырлы бағыттылығы, сол сияқты өмірді шабыттандыруы мен шығарманың көркем тартымдылығы, түркілік философиялық ойдың даму жолын дәл осы Баласағұн айқындағанын негіздесе керек.

Бала тәрбиесі, әйел алу, жар таңдау, қонақ шақырып, қонақ күту, ойлар, тұжырымдар хал-қымыздың қазіргі бойында тумысынан біткен, тұрмысында бар, санамызға сүтімен сіңіп, бабалар ақылымен дарыған қасиет-сипаттармен жалғасып, жақын түсіп отырады. Баланы жасынан қолыңда тәрбиеле, жатқа жіберме, үйіңде өсір, өнер-білім үйрет, имандылыққа баулы, еңбекке баста дейді ақын. Ұзын жолдың бойына үй тікпе, тасыған арынды өзенге жақын қонба, қамал қасынан алыс жүргін дейді. Бұлар әдет-нанымнан да, әдеби шығармалардан да жақсы таныс түйіндер.

«Құтадғу біліг», бір жағынан, ақылнама өсиет сөз. Өмірдің өз табиғатынан, тұрмыс толғамдарынан туған даналық. Сол ақыл сөз, тағылымды толғаныстар уақыт өте келе түрленіп, құбылып, мақал-мәтелдерге, нақыл, қанатты тіркестерге айналған. Он ғасыр бойына мәйегін сақтап, сүйегін бұзбай, қазіргі қазақ тілінің шұрайына айналу үрдісі айтуға ғана жеңіл түрлену (трансформация). Оның үстіне, «Құтадғу білігтегі» қанатты сөздердің бәрін бірдей автордың ғана төлтумасы дей қою да қиын. Бүкіл бітімімен, поэтикалық айшықтарымен сол замандағы түркі жұртының тіл байлығынан алынғаны да баршылық [5, 9-11 бб.].

Жүсіп Баласағұнның шығармаларында отбасы тәрбиесі мен жеке адам тәрбиесі бірінші орында тұрады. Жүсіп Баласағұн еңбектерінде әділетті қоғам, ізгі өмір, парасат, қанағат, еңбек, білім қайырымдылық сияқты өмірлік қағидаларды арқау етеді. Біз Баласағұн еңбегінің моральдық жақтарына ден қоямыз. Ж. Баласағұн адамдарды «қоғамдық қатынастың жемісі» дей келе, адамзат бойындағы күллі жағымды мінез-құлықты, жақсы адами қасиеттерді, биік моральды, қоғамдағы ізгілік, мейірімділік, қанағат, адамгершілік, білім, қайырымдылық этиканы бәрі-бәрін отбасылық, қоғамдық тәрбиемен ұштастырады. «Тәрбие тал бесіктен басталады» десек, адам үшін ең жақын әлеуметтік орта болып табылатын, туылған күннен бастап тәрбиенің алғашқы белгілері берілетін орта – ол отбасы. Отбасы тәрбиесі – қай уақытта да өзекті мәселелердің бірі.

«Отан от басыннан басталады». Адамның жеке басына қажетті адамгершілік қасиеттер, ақыл-ой, имандылық, мәдениеттіліктің алғашқы дәні себілетін орта отбасы болып табылмақ. Отбасы тәрбиесі – адами биік қасиеттерді қалыптастырудағы негізгі алғашқы саты. Адам өмір мәніне жету үшін дұрыс тәрбиеленуі керек. Баланың дұрыс тәрбиеленуі мен білім алуы ең алдымен ата-ананың парызы. Ата-ана баланы өткенге парасатпен, құрметпен қарауға, салт-дәстүрлерді ардақтауға, киелі нәрселерді қастерлеуге, шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екенін ұғындыруы керек. Баланы ата-ана үнемі назарда ұстау керек. «Бала қағаздың таза парағы», сондықтан жаман әдет, жағымсыз қылықтан сақтандырып, әрі қарай ұласпауын қадағалау керек.

Дүниеге келгеннен бастап жаны тек әділетті істерді ғана білуі керек. Тәні мен жаны жақсы жетілуі тиіс. Ол үшін бала тәрбиені өз от басынан алуға тиіс [6, 21-23 бб.]. Баласағұнның тәрбие тағылымының бастауы боларлықтай мына бір пікірін келтіруге болады: «Тәрбиенің барлық ыждахаттылығы, саласы мен түрі, өзара ұйымдасқан, ұйымшыл тату да тәтті адамдар құрамының, тобының-жетелі адамдар, зерделі адамдар құрамын толықтыратындай биікке көтерілуі қажет. Тәрбие өз кезегінде, әсері мен ықпалында-мирасқорлы», пайдалы еңбектің көзі болуы шарт-деп ой түйеді Баласағұн. Бұл үлкен өсиет.

Бүгінгі педагогикалық тұрғыдан алғанда үлкен ұжым тәрбиелейтін, педагогиканың бала тәрбиесіндегі басты мақсаты мен міндетін айқындайтын әдіс, еңбек тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі десе де болады. Сондай- ақ, бұл еңбек пен тәрбиенің педагогикалық негізгі-теориясы деуге толық болады. «Тәрбиенің барлық ыждахаттылығы, саласы мен түрі, өзара ұйымдасқан, ұйымшыл тату да тәтті адамдар құрамының, тобының-жетелі адамдар, зерделі адамдар құрамын толықтыратындай биікке көтерілуі қажет. Тәрбие өз кезегінде, әсері мен ықпалында-мирасқорлы», пайдалы еңбектің көзі болуы шарт-деп ой түйеді Баласағұн. Өзінің еңбегі мен тәжірибесіне сүйне Баласағұн тәрбиелік тағылымды негізінен үш сатыға бөлді. Бірінші – әрбір жеке адамның білімді болуы. Білімді болу үшін оқу қажет. Екінші – барлық байлық, молшылық-ол үшін еңбек, кәсіп, адалдық, тазалық, қажет. Үшінші – әлеуметттік, табиғи күштілік – ол үшін бірлік, достық бостандық керек [7, 15-17 бб.].

Ж.Баласағұнның тәрбие теориясының негізі болып табылатын жетілген тұлғаны тәрбиелеу туралы ілімі оның қоғамдық-саяси көзқарастарынан рухани бастау алады, соның ішінде педагогикалық ой-пікірлері ерекше мәнге ие болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ғұламаның педагогикасы ізгілендіруге бағытталған. Сонымен бірге онда мұсылмандық дін идеялары да басым екендігін ешқашан есте шығармауымыз керек. Өйткені мұсылман идеологиясының қайнар көзі болып саналатын Құран – бүкіл мұсылман қауымы үшін қасиетті де, мәңгілік кітап, ешқашан өзгермейтін «Алланың сөзі» ретінде аса құрметтеледі.

«Құтты білік» атауының өзі айтып тұрғандай, оқу-білім мәселесіне арналған. Бірақ, Ж.Баласағұнның педагогикалық ілімінің ерекшелігі оның барлық дидактикасы жетілген тұлғаны тәрбиелеу, адамда адамдық ізгі қасиеттерді тәрбиелеу идеясына негізделеді. Ізгілікті (адами қасиеттерді) тәрбиелеуде Ж.Баласағұнның ойынша жоғары адамгершілік сана мен мінез-құлықты қалыптастыру басты рөл атқарады, соның негізінде ішкі және сыртқы дүниесі өзара тең, рухани және дене әсемдігі өзара үйлескен жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге болады.

Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанында тәрбиенің практикалық мәнділігіне сәйкес мақсаты да көрсетілген. Адамды өмірде үш рөлге – азамат, қоғам иесі, отбасы иесі ретінде тәрбиелеуге ерекше орын берілген. Азамат ретінде адамға тән сапалар: кісілік, тектілік, парасаттылық, жолдастық, достық, рухтылық, мәрттік, серілік, антқа беріктік, аманатқа адалдық сияқты қасиеттерді ұлағат етеді. Дастанның мазмұны азаматтың кісілік қадір-қасиетін, мән-мағынасын, қыр-сырын терең сипаттауға бағытталған [8, 24 б.].

Сонымен Ж.Баласағұнның тәрбие мақсаты туралы идеялары қазіргі педагогикадағы тәрбиенің мақсатымен тікелей байланысып, бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоймай келе жатқандығы оның өміршеңдігін, үнемі ұрпақ тәрбиесінде жалғасын таба беретіндігін дәлелдейді.

Жүсіп Баласағұн өз дәуірінің бірден-бір аса білімді адамы болды, ал өзінің поэмасында тарих, философия, этика және эстетика салаларындағы ауқымды танымдар жөнінде құнды мәліметтерді жинақтай білді. «Құтадғу-біліктің» Фирдоусидің «Шахнамесі» тәрізді екі жолды-масневи түрінде жазылуы, оның ирандық батырлық эпостарын жақсы білетіндігін көрсетсе керек. Поэмада «Шахнаме» поэмасындағы кейіпкерлердің есімдері кездеседі – Анушырван, Зохак, Феридун, Рүстем, Афрасиаб және т. б. Оларды автор өзіндік ізгілік жасаушылар өлшемдері: әділдік, мейірімділік, ержүректік – ретінде қолданады және бірде-бір міні жоқ билеуші қасиеттерінің іске асуы түрінде береді.

Еркіндік сүю аясында пайда болған мәдениет еркін болды, сондықтан да Жүсіп Баласағұнның философиялық білім беретін «Құтадғу білік» поэмасы еркін, гуманистік толғаудың үлгісі. Исламдық Ортағасырдың барлық білім беру дискурсының этикалық ұстыны ретінде шыққан исламдық тиімділік білімнің адамгершілік мәні мен оның әр адам үшін болашағын ашып көрсетеді. Тек білімді адам ғана өнегелі болады деп есептейді Баласағұн. Сана мен адамгершілік – ажырамас категориялар. «Құтадғу біліктің» авторы ғылымның өнегелілік күшін көрсете отырып, білімді болсаң бақытты боласың деп есептейді [9, 197 б.].

Жүсіп Баласағұнның философиялық шығармашылығы түркілік орта ғасырдағы әлеуметтік-этикалық ойдың зайырлы бағдарланған, рационалистік бастамы болды, ал Қожа Ахмет Иасауи мен оның пікірлес ізбасары С. Бақырғанидың рухани мұрасы, ең алдымен өзінің ішкі әлемін тани білу барысындағы адамның өнеге-ізгілігін жетілдіруге ұмтылған діни-сопылық бағытта дамыды. Бұл екі ағым – зайырлы-рационалистік және сопылық – адамдардың саналарына ықпал ету мақсатында қатар өмір сүріп, кейде бірі-біріне қарсы келу арқылы, талас-тартыспен түркілік этикалық ойдың ары қарай дамуын айқындап берді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасында тұжырымдалған өмір онтологиясына назар аударатын болсақ, онда тағы да экзистенциалдық түсініктердің ортағасырлық ойшылдың шығармашылығында негізгі рөл атқарғанын байқаймыз. Мәселен, Баласағұн әлемнің тылсым мән-мағынасын Әділдік, Ақыл, Бақыт және Даналық сияқты ұғымдардың көмегімен сипаттауға, тұжырымдауға тырысады [10, 5-9 бб.].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің өзі сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен рухани даму үрдісінің үздіксіз желісін үзбей келе жатқан бастау бұлақ, педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылады. Өз кезегінде «Құтты білік» еңбегі қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылады. Өйткені еңбектің негізгі идеясы педагогиканың ең маңызды мәселесі тәрбиеге негізделіп, оның мазмұнында педагогиканың жалпы негіздері, дидактика және тәрбие теориясының негізгі мәселелері, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене, құқықтық, т.б. тәрбие мазмұны қарастырылады. Мұның өзі чехтың ұлы педагогы Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактика» атты еңбегі алты ғасырдан кейін XVII ғасырда жазылғанын, ал «Құтты білік» XI ғасырда жазылып, педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылатындығын нақтылайды. Себебі, Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанында педагогика ғылымының барлық маңызды мәселелері қарастырылады.

Ғұламаның еңбегінде педагогиканың негізгі ұғымдарының анықтамасы қазіргі педагогикадағыдай ғылыми тұрғыдан негізделмегенімен, дастанда оның тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша ой-пікірлері мен көзқарастары анық байқалады. Мысалы, Ж.Баласағұни өз еңбегінде педагогикаға ғылым ретінде анықтама бермейді, бірақ «Құтты білік» адам тәрбиесі туралы ғылымның негізін құрайтын еңбек екенін оқыған адам бірден түсінеді, яғни Ж.Баласағұни «педагогика» терминін қолданбағанымен, сол ғылымның мазмұнын баяндап тұрғанына ешкім күмән келтірмейді; Ж.Баласағұни тәрбиенің анықтамасын бермейді, бірақ оның ілімінен тәрбие деп оның басшы-ұстаздың тікелей басқаруымен арнайы ұйымдастырылған ортада тұлғаны қалыптастырудың мақсатқа бағытталған және ұйымдасқан процесін түсінгенін аңғаруға болады.

Педагогика саласында Жүсіп Баласағұнның үйретуінше, адамның жетіліп қалыптасуы, оның ішінде жастар тәрбиесі-қоғамдық жағдайлардың, айнала ортаның ықпалымен, оң әсері мен тәрбие арқылы және адам табиғатын туысынан-дүниеге келумен бірге болатын қасиеттер арқылы қалыптасады. Оның ішінде адамнан өсіп – жетілуінде, оның дүниеге келуі мен іле келетін қажетті кейбір сапалар мен қасиеттердің болатындығын мойындайды [11, 24-25 бб.].

Жүсіп Баласағұн өзінің шығармаларында тек ойшылдық, философия, адам тәрбиесі, халық педагогикасы және басқа да салалармен шектелместен, сонымен бірге ең маңыздысы Ислам құндылықтарына негізделген тұжырымдар жасайды. Түркі ислам философиясы тарихында әлемнен Алланың хикметін құтын іздеген ойшылдар көп болған. Солардың ішінде ең танымалы әрі Қарахан мемлекеті тұсында «Құтты білік» атты еңбек жазып, түркілік мәдениетінде өзіндік із қалдырған Жүсіп Баласағұн болатын.

Жүсіп Баласағұн да адам мен Алла арасындағы байланысты Құран танымы шеңберінде түсіндіреді. Адамдық танымның негізі Алладан келеді. Алла адамға ақыл, ерік пен таңдау берген. Өзін дамытқан адамға ғана Алланың құты тұрақтайды. Өзін дамытпаған адамға құт берілсе де, ол өткінші, өйткені ол адамның қабілет дәрежесі Алладан берілген құтты көтере алмайды. Сондықтан нағыз мұсылман әрдайым Алладан мінәжат етіп, одан жол көрсетуін тілеуі қажет. Бұл сопылық танымның негізгі ұстанымы. Сонда ғана адам Алланың құты арқылы кемелдікке жетіп, оның дидар-жамалын көре алады. Бұл танымдық қалып Баласағұнға негізінен Фарабиден ауысқан болуы ықтимал. Өйткені, Фарабидің философиялық мұрасын дәріптеуші Ибн Сина Баласағұнның ұстазы болатын. Баласағұн «адамның көңілі (жүрегі) – түпсіз теңіз, білім-теңіз түбіндегі жауһар. Адам сол жауһарды теңізден шығармайынша, ол жауһардың жауһары да болса, құны жоқ» [12, 160-161 бб.].

Білімсіздік, надандық адамның әуейілігі мен әуесінен туындайды. Әуейілік адамды жамандыққа бастайды. Ал адам өлсе де, оның жақсылығы да, жамандығы артында қалады. Сондықтан әлемнің, қоғамның адамды жасаған жақсылығына қарай үлгі етіп, өзі өлсе де істеген ісін сөз қылып отырғаны, оның Алланың қалауына іліккені деген сөз. Баласағұнда «дұрыс адам» типі көп айтылады. Баласағұнның Алла туралы түсінігі Құранмен үндес. Көрінетін және көрінбейтін, ішкі және сыртқы әлемдегілерді білетін тек Алла (хаққ-ул йақин) ғана. Алла әлемнің және әлемдегі бар нәрселердің, болмыстардың барлығының Жаратушысы

болғандықтан Оны – Бір, Бар, Ұлы, Заңғар, Ғалым, айқын ақиқат «хаққ-ул иақин» деген ұғымдармен танытады.

Оның Исламдағы орны мен қызметі орта ғасырлық түркі ғұламаларының қызметімен байланысты. Мысалы, Хикмет дәстүрінің негізін қалаған Қожа Ахмет Иасауидің көзқарасында пайғамбар тұлғасы Яссауи дәуірінен бұрын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты мәшһүр еңбегінде түрік тілінде сомдалған болатын. Бірақ бұл еңбектің таралу аймағы шектеулі болды [12, 160 б.]. Себебі Қарахан мемлекеті мен Мауараннаһрдағы ислам ілім ошақтарынан тыс жерде танылмады. Ал хикмет дәстүрі табиғаты жағынан ауызша айтылып елден елге тарағаны белгілі. Хикмет дәстүрі бойынша Хз.Мұхаммед тұлғасы ерекше орын алады. Құт немесе хикмет туралы теориясымен Яссауиге ықпал еткен негізінен Баласағұн болатын. Құт арқылы адам кемелдікке жетіп, оның дидар-жамалын көре алады. Бұл танымдық қалып Баласағұнға негізінен Фарабиден ауысқан.

Ортағасырлық түркі ойшылдарының қатарында саналған Жүсіп Баласағұн өз өмірі мен шығармашылығында қоғамдық және ізгілік мәселелерін зерттеп, оларды шешу жолында еңбек еткен. Ғұламаның әлеуметтік мәртебесі, этикалық көзқарастары, дүниетанымдық зерделеулері адамгершілік пен адам тәрбиесіне бағытталып, оның бұл саладағы тұжырымдары қазіргі күнге дейін қолданылып келеді. Жүсіп баласағұн мен өзге де түркі ғұламаларының дүниетанымдық мұраттарының өнегелік және жалпы адами ниеттері ортақ болып, қазақ халқының ой-санасы мен тәрбиесінің дамуына ықпал етті. Бір сөзбен айтқанда, Баласағұнның өмір жолы мен идеясы жауласу, жек көру, зорлық-зомбылық пен шайқастар мен соғыстарда емес, керісінше әділдік, сүйіспеншілік, қоғам игілігіне қызмет етуде жатыр.

Жүсіп Баласағұнның идеясы, философиясы мен ой-пікірлері бүгінгі күнмен сабақтасып жатыр, бұл – рухани байланыстықты байқатады. Қай ғасырда да ұлт өмірін өркендетуші саналы да, салауатты, рухы биік, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет. Жүсіп Баласағұнның негізгі ұстанған қағидасы – пендені адамгершілікке, адамшылыққа, имандылыққа ізгілікке шақыру, қоғамға пайдалы ұрпақ тәрбиелеу. «Құтты білік» сол заманнан сақталған бүгінгі ұрпақ тәрбиелеуде басшылыққа алатын тәлім-тәрбиелік ой-толғамдарға өте бай рухани мұра болып табылатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 280 б.
2. Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 248 б.
3. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын. – 192 с.
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 б.
5. Кононов А.Н. Слово о Юсуфе из Баласагуни и его поэма «Кутадгу билиг» – Советская тюркология. – 1970. – №4. – С.3-12.
6. Егеубаев А. Құтты білік/Баласағұн, Жүсіп; Көне түркі тілінен ауд., алғы сөзі мен түсініктерін жазған Егеубаев А. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
7. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. – пед. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003. – 152 б.
8. Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. Ж.Баласағұн педагогикасы: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 124 бет.
9. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір /З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 400 б.
10. Юсуф Баласагунский. Благодатное знание /Перевод и комм. С.Н. Иванова/. – М.: Наука, 1983. – 558 с.

11. Жамирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері. – пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 28 б.

12. Кенжетаев Д.Т. Қазақ мұсылмандығы және оның қалыптасу алғышарттары: Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 248 б.

ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ»

Байдалы Р., Ж. PhD,
Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Н.Назарбаевтың «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», [1] деген тұжырымы өте орынды. Елбасы айтқан осындай біртуар перзенттердің қатарында еліміздің әр өлкесінен шыққан тұлғаларымыз бар. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында тұлғатанудың теория-методологиялық мәселесін көтереді. Президентіміз: Тутанхамон, Конфуций, Ескендр Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин, және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілуіне септігін тигізіп отыр [2, б. 2] -дей келе біз бұдан кенде емеспіз дейді. Міне осыған байланысты мемлекет басшысы біріншіден, тарихи тұлғалардың оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын, тұлғалар бейнесінің галереясы және әр заманда өмір сүрген тұлғалардың ғылыми-көпшілік сериялар арқылы тұлғаландыруды көтерді.

Міне осы бағытта біз тарихшы ғалымдарымыздың тұлғатанудағы тұжырымдарын қарастырамыз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «...ғұмырнама – (араб, иран сөзі) біріншіден, жеке адамның өмір жолы мен өмірбаянын баяндайтын жылнама. Ғұмырнама жазу дәстүрі көне дәуірден басталады. Көне түркі ескерткіштері де ғұмырнама үлгісімен жазылған. Екіншіден, ұзақ әңгіме, хикая, басынан кешкен оқиға», [3, б. 414] деген анықтама берілсе, академик М.Қозыбаев: «...ғұмырнама негізінен өмірбаяннан құралған тарих», деп сөздің ұғымын ашады [4, б. 8]. Тарихтағы ғұмырбаян жанрының негізін қалаған грек ғалымы Плутарх еді. Элленизм дәуірінде Грек және Рим тарихынан құнды зерттеулер қалдырған Плутархтың антикалық тарихнамадағы орны айрықша. Плутархты әлемге танымал еткен өмірбаяндық шығармалары. Өмірбаяндық жанрдың тиімділігін оның тәрбиелік мәнімен түсіндірген Плутарх мұнда фактілерді талдайтын тарихшы рөлін атқармайды. Плутарх адамның психологиялық бейнесін әртүрлі тұжырымдар мен көзқарастарды салыстыра талдайды. Ол антика заманының ұлы тұлғаларының есімдерін тарихта қалдырды [5, б. 16]. Плутарх өзінің «Жизнеописания» атты еңбегінде: «Біз тарих емес, өмірбаян жазамыз», деген-ді, шындығында да тарих әрбір адамның, содан қалды қауымның, қоғамның тарихы, олардың ішінде ұлылардың өмір жолы – тарихтың сүбелі жанры, саласы [5, б. 16]. Сол заманның тарихи биография еуропа тарихнамасының ғасырлар бойы ажырамас бөлігі болып келіп, уақыт өте келе өзгерді. Еуропада орта ғасырдан кейін Ренессанс дәуірінде ғұмырнама қайта түлеп, жаңа дәуірде тарихи шығармалардың ішінде танымалдыққа ие болса, қазақтың тарихи дәстүрінде ғұмырнама іргелі жанрлардың бірі болған. Оған Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» мен Шоқан Уәлихановтың «Абылай» немесе «Қазақ шежіресі» [5, б. 16] атты еңбегін жатқызған М.Қозыбаевтың тұжырымымен келісе отыра жандандырып, дамытуымыз керек. Шынында да қазақ шежіресінде мыңдаған адамның есімі айтылады. Олар көбінесе батырлар, дана абыздар, билер, ел басқарған хандар мен сұлтандар, елге сыйлы ақсақалдар. Қарап отырсақ әйгілі адамдардың өмір тарихы елі мен халқы үшін атқарған игілікті қызметін баяндайды. Міне бұлардың бәрі зерттеу нәтижесінде құнды дерекке айналады.

Ресейлік тарихшы Л.П. Репин: «...тарихи өмірбаян жанры XX ғасырдың соңғы он жылдығында методологиялық ізденістің нәтижесінде әлем тарихнамасында «жаңа өмірбаян тарихы» бағытында қайта түледі», [5, б. 17] дейді. Шынында да біздің елімізде Батыстың дамыған өркениетті елдері сияқты жеке тұлғаның тарихтағы рөлі туралы еңбектер шығуда. Тарихнамада белгілі бір табыстарға жеттік. Бірақ бұған қарамай әліде зерттейтін тұстарымыз баршылық.

Профессор Ж.Артықбаев – тұлға туралы қанша айтсақ та, оған қандай мағына берсек те, тұлғаның маңызы ешқашан жоғалмауы керек дей келе, «...қазақ шежіресі толыққанды тұлғаны тәрбиелеуге ерекше мән береді, шынтуайтқа келгенде, шежіренің басты міндеттерінің бірі және көшпенділерде тарих мағынасы негізінен осыған келіп тіреледі. Осылайша, ерте уақыттан бері қазақтың далалық тарихтану дәстүрінде тарихтың негізгі категориясы тарихи заман емес, тұлға болып саналады. Нақты айтқанда, тұлғалар өзінің ел басқарудағы ұлы істері арқылы тұтас замандар мен тарихи кезеңдерді алмастырады», [6, б. 14-15] деген тұжырым жасайды.

Мәселен, академик М.Қозыбаев: «Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол – өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегендігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен ерекшеленген жан. Халық басына күн туып, қиын қыстау заман келгенде ғана тұлға өзінің өзгеден ерек ірі ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріпкелдігімен танылады. Ендеше, тұлға – табиғат сыйы, табиғи ортаның туы... Мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды. Табиғат адам баласына оны анда-санда сыйлайды...», деп пайымдап, ой қорытады [5, б. 18].

Авторлар көтерген тұлға ұғымы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Тұлға – белгілі бір елдің танымал адамы, қоғамға еңбегі сіңген қайраткер, айтулы азамат», [7, б. 417] делінсе, тарихшы Х.Әбжанов: «Тұлға – өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік т.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект», [8, б. 252] деп анықтама беріп, тарихи тұлғатануды автор былай түсіндіреді. «Тұлға тұғырының биік әрі көрнекі өлшемі халқының санымен, оның халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттағы бәсекеге қабілеттілігімен, азат немесе отарлық күй кешуімен анықталатынын тарих әлденеше дәлелдеді» [8, б. 254]. Осы тезисті дәлелдей түссек қазақ тарихының тұлғалары дүние жүзі тарихынан ойып тұрып орын ала алмай келеді. Ол үшін біз дамыған елдер қатарында әлем өркениетінен көрінсек, онда Қазақстанға яғни қазақ тарихына қызығушылық артып тұлғаларымыз әлемдік деңгейде тұғырға қонады.

Тарихшы-этнограф Ж.Артықбаев Өмірзақ Озғанбайдың «Тарихи тұлғалар тағылымы» кітабына мынадай пікір білдіреді: «...Тұлға кездейсоқ тумайды, тұлға – халықтың жүздеген жылдық сұрыптау тәжірибесінің нәтижесі...Қазіргі қазақ халқына тұлғатану ғылымы да, заманға қарап сәуегейлік айта алатын ғұламалар да қажет. Сонымен бірге мемлекетіміз әлемдік жарысқа кірген уақытта бірегей күрескер тұлғалар да керек, себебі қай заманда болсын, елді ел қатарына қосатын – топ басындағы көсемдері мен ерлері». Автор тарихи тұлға мен тарихи заман ұғымын талдай келе Вилям Грин атап көрсеткендей, «заманды түсінудің кілті – тұлғатануда» деген тұжырымын айтады. «Тарихты тұлға арқылы таныту көне және жаңа заманның белгілі тарихи кезеңдеріне ғана емес, сонымен бірге тарихқа дейінгі уақытқа да қатысты. Біз тарихқа дейінгі кезең ұғымын қазақ тарихының аңыздық кезеңінде қолданамыз. Заман – тарихи уақытқа байланысты қолданылатын араб сөзі, ал тұлға – түпкі мағынасы бас дегенді білдіретін түрік-моңғол сөзі, осының тасасында ер азамат, мәдениет туғызушы тарихи кейіпкер бар», [6, б. 3-11] дейді ғалым.

Профессор Тұрсын Хазретәлі: «Тұлғатануда ең бастысы – оның өмірі мен қызметін жан-жақты бағалау. Кімді де болса біржақты мақтау немесе біржақты қаралауға жол беру – тарихтың шынайы мазмұнын ашуға кедергі болады. Қазіргі кезде кейбір тарихшылар жеке тұлғаларға тарихи баға беруден тартынады. Олардың пікірінше, шамшылдық сипатына қарай

тарихи тұлғалардың кемшіліктерін талдап, оны жарнамалаудың қажеті жоқ деп «Жабулы қазан жабулы күйінде жата берсін», «Сен тимесең мен тимен, бадырақ көз» деген психологияға ерік береді. Ал кейбір тарихшылар бұл миссияны үлкен құлшыныспен атқарып, кейде тым асыра сілтеп жібереді», [9, б. 76-77] дейді. Автор ары қарай ойын былай тұжырымдайды: «Ұлылы-кішілі бабаларымыздың тұлғасын тану көпшіліктің танымдық қызығушылығын арттыруға қызмет жасайды. Тұлғаларды түрлі тарихи жағдайларда жол берген қателіктері болса да сабақ алуға шақырып, тарихи тұлғаға толық та шынайы бағаны жеке адам емес, тек уақыт береді» [9, б. 76-77]. Ғалымның бұл ұстанымымен біз де келісеміз.

Қ.Еңсеновтың «Нұртас Оңдасынов» атты еңбегінде тұлға феноменіне – ерекше, дара, қайталанбайтын қасиеттерге ие қайраткерге тән болмыс деп анықтама береді. Автор тұлға феноменінің бірнеше белгілерін көрсетеді. Атап айтсақ: біріншіден, еңбек, тәлім-тәрбие алған ортасы, ұстаздары; Екіншіден, көшбасшылық; Үшіншіден, тектілік; Төртіншіден, адамтану қасиеті, сезімталдық түйсік; Бесіншіден, туа біткен өткірлік; Алтыншыдан, ұлт жанашыры; Жетіншіден, ұқыптылығы; Сегізіншіден таза дидарлығы; Тоғызыншыдан, мәдениеттілігі, ұлағаттылығы [10, б. 345-349].

Біздіңше болашақ тарих өткен заманалар сырын ұғып, кемшілігі мен жеткен жетістігін саралап, дұрыс тұжырым жасаса ғана болады. Ал, болашақ тарих келешекте елдің үмітін ақтайтын жастардың бойына зор парасаттылықты, Отаны үшін отқа түсуге дайын жанпидалықты қалыптастыруы тиіс. Осы тұрғыдан келгенде елге тұлға болып, дауыл тұрғанда халқына пана бола білген есіл ерлеріміздің саяси, тарихи портретін жасап, бүгінгі жас ұрпақтың жүрегіне жеткізіп, тұлғасын танытуымыз заман талап етіп отырған басты бағыт екенін ұмытпағанымыз абзал.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде қазақ интеллигенциясына – қазақ зиялылары деген анықтама берілген [11, б. 306]. Алаш зиялыларын зерттеуші М.Қозыбаев; «Intelligens – латын сөзі, түйсікті, ойшыл, есті, білімпаз деген ұғымды береді. Шын мәнінде, интеллигенция дегеніміз – ғылым мен мәдениеттің сан-саласымен кәсіби айналысушы, мәдениетті дамытып, таратушы, ой, рухани еңбектің адамдары. Интеллигенция – зиялылар, ең алдымен, ғылымды, техниканы, өнерді, білімді дамытушы жасампаздар қауымы. Олар ой еңбегіне парасат пен демократиялық сипат береді», [12, б. 237] деген. Х.Әбжанов: «Интеллигенция әлеуметтік қауым ретінде зиялылардан (интеллектуал, элита) және мамандардан тұрады. Зиялылар деп – интеллектуалдық ізденісі арқылы таным мен практиканың жаңа көкжиектерін ашқандарды жатқызуға болады. Айталық, әйгілі академик Ә.Х. Марғұлан: «Интеллектуал, элита деп қызметімен немесе шығармашылығымен танымның, практиканың, прогрестің жаңа қыр-сырын ашқан, келесі баспалдағына аттауға негіз қалаған ой еңбегі адамдарының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан саңлақтарын айтамыз», [8, б. 144] деп зиялы ұғымын толықтыра түседі.

«Интеллигенция» деген терминді XX ғ. 70-ші жылдарында П.Д. Боборыкин деген орыс жазушысы енгізсе, қазақ тілінің қорына «Интеллигенция» сөзі кейініректе кірді. Алайда, сол кезге дейін зиялы қауым болмады деуге болмайды. Өйткені, ол, ой еңбегі мен дене еңбегі шыққан кезден сонау антикалық және ортағасырлық кезеңнен бой көрсеткен-ді [5, б. 21].

Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихын зерттеген, оның теориялық мәселелерін зерттеуші профессор З.О. Дүкенбаева «интеллигенцияны» аудармай сол қалпында сақтағанымен, интеллигенттерді – «зиялы», шығармашылық интеллигенцияны «зиялы қауым» деген атау орын алды. Біздіңше, зиялы – жалқы есім, ол нақты тарихи тұлғаға қаратылып айтылуға тиісті қадірлі ұғым. Қазақтың «зиялы» деген сөзінің аясы «интеллигенция» ұғымынан әлдеқайда кең әрі биік, ерекше құрметті сөз. Қазақ зиялысы батыстың да, шығыстың да әлеуметтік құбылыстарға қолданатын теория, өлшемдерімен өлшеп-бағалауға келмейді. «Зиялы» деген термин, біздіңше, қазақшаланған араб сөзі. Л.Рүстемовтың сөздігінде бұл сөздің түбірі «зийа» – араб тілінде нұрлы, сәулелі деген ұғымды білдіретіндігі жазылған. Зерттеуші З.Дүкенбаева қазақтың ұлттық интеллигенциясын зиялылар, шығармашыл интеллигенция, мемлекеттік қызметкер, мұғалімдер және мамандар

деп бес құрамды бөлікке бөледі [13, б. 8-16]. Автор өз пайымдауларының дұрыстығына көңілге қонымды дәлелдер келтірген.

Дегенмен, Ақпан, Қазан төңкерісі мен азаматтық қарсыласу жылдарындағы Ақмола және Семей облыстарындағы қазақ зиялыларын зерттеген Н.Шаяхметов: «Ұлт зиялыларының екінші легінің, яғни жергілікті жерлердің деңгейінде әлеумет істерінде көзге түсіп, өзінің азды-көпті қызметімен халқына азаттық таңын жақындатуға ат салысқан азаматтардың назардан тыс қалуы, еңбегінің елеп-ескерілмеуі тарихқа қиянат, әділетсіздік», [14, б. 4] деп тұжырымдаған. Қазақ зиялыларын зерттеуші Н.Шаяхметов «Ел-бүгіншіл, менікі-ертеңгі үшін» атты оқу құралында ұлт зиялыларын екі лекке бөледі. Біріншісіне ірі тұлға, саяси қайраткерлер, саяси лидер ұғымдарын қолданып, олар Ресейлік, Түркістандық масштабта, мемлекеттік деңгейде көрінді. Сондықтан да зерттеу нысанына айналды. Екіншілері – жергілікті жердегі ұлт зиялылар қауымы. Олар мемлекет пен халықты байланыстыратындар, үкіметтің шешімдерін жүзеге асыратындар [14, б. 4-6] – деген методологиялық тұжырым жасайды. Біз ғалымның бұл тұжырымымен келісеміз. Осы орайда зерттеу нысанамызға алып отырған кез-келген тұлғаның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі арқылы белгілі бір өңірде болған тарихи оқиғаларды білеміз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Элита француз сөзі. Қоғамның, не оның белгілі бір тобының таңдаулы өкілдері, бетке тұтар қалаулылары деген мағынаны білдіреді» [15, б. 782]. Оны саяси тап ұғымы мағынасында ғылыми айналымға алғаш рет Г.Моска ұсынған болса, элита терминін әлеуметтану мен саясаттануда ғылыми категория ретінде айналымға В.Парето енгізген еді. Қазіргі заманғы қоғамдық ғылымдар саласында элита ұғымының анықтамалары қанша көп болғанымен олардың бәріде осы категориялардағы тұлғалардың қоғамдағы таңдаулылар екендігіне тоқтайды [9, б. 34]. Х.Әбжанов элита ұғымын талдап, оны жинақтап: «Ұлттық элита дегеніміз – зерек ақыл-ойымен, тегеурінді іс-әрекетімен, интеллектуалдық ізашарлығымен халқының ілгерілей дамуына шарапатын тигізген, адамзат өркениетіне лайықты үлес қосқан, ұлтқа үлгі қабілет-қасиетке ие тұлғалардың шоғыры», [8, б. 163] дейді. Автор элита ұғым-түсінігін «ұлттық» – деп, оны дәстүрлі, саяси, түрікшіл деп бөліп, тарих қойнауынан, тереңнен алып, бүгінгі күннің жағдайатымен түсіндіреді.

Ал, М.Қозыбаев: «Ұлт элитасы деп ұлтына сенетін, оның басына түскен қиындыққа көнетін, өз мүддесін ұлт мүддесіне жегетін, тығырықтан жол тауып беретін, әлемдегі 2000-нан астам ұлт пен ұлыстардың ішінен «қазақ» деген ұлттың өркениеттік орнын тауып қана қоймай, оны өркениеттік дамудың даңғыл жолына салып беруге өнерін, білімін, күш-қайратын, ар-намысын төгетін, керек кезде ең қымбаты – өмірін беретін ұлт асылдарын айтса керек. Қара бастың құлы емес, халқы үшін жүрегін қақ айырар ұлттың ұлы ғана ұлттың болмысын көрсете алады. Ұлт элитасы – қайраткер, жасампаз, дауылпаз жан. Зиялы қауымның ұлттық элитасы – ұлттың ашытқысы, қоры», дей келе М.Қозыбаев өз тұрғысынан элитаны бірнеше лекке бөледі. Оның олар мыналар: «Бірінші – көшбастар, топ бастар элитасы. Екінші – қазақ зиялыларының ұлттық мүддесін қорғап, намысын жыртатын, ел шетіне жау келсе, ұрандап шығатын ұлттық элитаның тірегі. Үшінші – дүбаралар. Төртінші – дүбара топқа қызмет ететіндер», [16, б. 24-25] деп батыра және дәлелді айтқан қорытындысымен келісуге болады.

«Алаш һәм Түркістан» зерттеуін элиталық көзқараспен тұжырымдаған Т.Хазретәлі контрэлитаға – билік құрылымдарына еңбегімен стратегиялық маңызды шешімдердің қабылдауына елеулі ықпал жасайтын тұлғаларды біріктіреді – дей келе контрэлита қатарында негізінен отарлық және кеңестік билікке балама позиция ұстанған Алаштық үлгідегі ұлт зиялыларын жатқызады [9, б. 37].

Біздіңше Алаш қозғалысы тұсындағы ұлт көсемі А.Байтұрсын, қазақ жерінің жоқшысы Ә.Бөкейхандар элитаға жатса, қалғандарын А.Тұрлыбаев сияқтыларды зиялылар қатарына енгізуге болады. Бір сөзбен айтқанда олар қазақ элитасының қатарында жүріп, қазақ мұратына қалтқысыз қызмет жасады. Бұдан шығатын қорытынды – элита бір текті емес, құрамы мен құрылымы күрделі. Қазіргі таңда элита тарихының жауапты кезеңі жүріп жатыр.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қайраткер – қоғамдық қызметке, қоғамның қандай да бір саласына белсене қатысып, үлкен беделге ие болған тұлға [17, б. 51].

Қайраткерлік ең алдымен ұлы істе танылады. Ұлы іс – халық мүддесінен туындайды. Ендеше қайраткер болу үшін ол парасат, ақыл иесі болуы керек. Қайраткер болар адам ұлт мүддесін жоғары қояды, ұлттық және жеке бастың мүдделері бір жерден танылады. Ендеше, қайраткер болар жанға көрегендік аз, ұлтжандылық керек. Қайраткерлік күш-қуатын, шешендік пен көсемдікті, тапқырлықты, өжеттікті, батылдықты қарымды іске бағыттаудан көрінеді. Басқаша айтқанда, қайраткерлік жасампаздықтан танылады. Халық басына күн туып, қиын-қыстау заманда ғана қайраткер жан ерен ісімен, пәрменді күшімен, құдіретті көріпкелдігімен көрінеді [16, б. 24].

Академик М.Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек», деген тұжырым жасайды. Әрине, бұл сапалардың элита қызметіне тән екендігіне талас жоқ болғандықтан да ғалымның тұжырымын элитатануға қатысты деп айта аламыз. Жоғарыдағы ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек», [16, б. 33] деген пікір айтады.

М.Қозыбаев: Қазақстан тарихнамасында өткен заманғы көрнекті қайраткерлердің тарихи портреттері жасалмай келеді. Қазақ хандарының, билерінің, батырларының, қазақ ғалымдарының, зиялыларының бейнелері өте жұпыны. Жеке бастың, тұлғаның психологиялық ішкі сыры, кесек қимылдары тарихи шешуші сәттердегі ұлт мүддесін қорғауға қосқан үлестері жан-жақты ашылмай келеді», [12, б. 286] дейді.

Қорыта айтқанда біз өз зерттеулерімізде жетекші ғалымдардың тұлғатануға қатысты тұжырымдарын және Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы Ұлы даланың ұлы есімдері бөлімін басшылыққа алып, жұмыс істеуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // http: www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka–bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293.

2 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. №223. – 21 қараша, 2018 ж.

3 Әшімбаева Н., Рысбергенова Қ., Манкеева Ж. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 5 т. – Алматы, 2011. – Т. 4. – 752 б.

4 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). – Алматы: Ғылым, 1998. – Кітап. 2. - 280 б.

5 Байдалы Р.Ж. Айдархан Тұрлыбаевтың өмірі және қоғамдық-саяси қызметі: 6D020300 филос. докт. PhD ... дис. – Астана 2018. – 173 б.

6 Озғанбай Ө. Тарихи тұлғалар тағылымы. – Астана: Фолиант, 2016. – 440 б.

7 Малбақов М., Есенова Қ., Хиянат Б. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. – Алматы, 2011. – Т. 14. – 800 б.

8 Абжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. – Петропавл: АО «Полиграфия», 2011. – 364 б.

9 Хазретәлі Т. Алаш һәм Түркістан. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. – 400 б.

10 Еңсенов Қ.А. Нұртас Оңдасынов. – Шымкент: Азиат, 2017. – 408 б.

11 Момынова Б., Сүйеркұлова Б., Фазылжанова А. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. – Алматы, 2011. – Т. 7. – 752 б.

12 Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.

13 Дүкенбаева З.О. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ұлт зиялылары: оқу құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2014. – 240 б.

14 Шаяхметов Н.У. Ел бүгіншіл менікі-ертеңгі үшін. – Алматы: 2001. – 149 б.

15 Жаңабекова А., Жанұзақ Т., Әбілқасымов Б. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. – Алматы, 2011. – Т. 15. – 828 б.

16 Қозыбаев І.Тұлғалар тұғыры. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 540 б.
17 ЫБырайым Ә., Жаңабекова А., Рысбергенова Қ. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. – Алматы, 2011. – Т. 9. – 744 б.

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ЕҢБЕГІ – ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Балыкова А.М., т.ғ.к.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті доценті

Түркі дүниетанымы-өте күрделі мәдени-тарихи кеңістік және қазақ өркениетінің төл арнасы. Түркілік дүниетаным негізінде қалыптасқан түркі халықтары бүгінгі таңда ұлттық ерекшеліктері мен тарихы туралы зерттеулер жүргізуде. Әрбір ұлттың өзіне тән мәдениеті мен өркениеті болатынын ескерсек, қазақ өркениетінің де жалпы мазмұнын тануға болады.

Түркі өркениеті мазмұны әрбір түркі халықтарының мәдениеті мен өркениетіне бастау болған. Сондықтан да, қазақ өркениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлес салмағын бағдарлау барысында да жаңа мазмұнға ие болып, толығатыны даусыз.

Өз философиялық көзқарастарымен дала өркениетіне қомақты үлесін қосқан тұңғыш ұлт тарихшысы Дулати оны адамзаттың рухани мәдениетінің деңгейін көрсететін ғалым деп санады. М.Х.Дулатидің философиялық тұжырымдарын талдау арқылы түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтары мен даму негіздерін, ұлттық болмысын танып-білуге болады.

XVI ғасырдағы белгілі тарихшы және әдебиетші Мырза Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың «Та’рих-и Рашиди» деген шығармасы XIV-XVI ғасырлардың басында Қазақстан аумағы мен көрші аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі Моғолстан тарихына арнайы арналған. Бұл еңбек- Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы тым қысқа болғанымен, дәйекті түрде баяндалған.

Шонжарлардың жоғары топтарына жататын Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсайын Дуғлат (1499-1551 жж.) Моғолстанның аса ірі тайпаларының бірінен шыққан. Мырза Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары –дуғлат тайпасының әмірлері мен бектері- Моғолстан мемлекетіне кірген Оңтүстік Шығыс Қазақстанның, Қырғызстанның, Шығыс Түркістанның саяси тарихында зор рөл атқарған; олар аса маңызды мемлекеттік қызметтер атқарып, ұлысбектер болған.

Мырза Мұхаммед Хайдар хижра бойынша 905 жылы (1499/1500 жж.) сол кезде моғол хандарының билігінде болған Ташкентте туған. Оның анасы Моғолстан ханы Сұлтан Жүністің кіші қызы болған, ал Сұлтан Жүніс белгілі мемлекет қайраткері, тарихшы және ақын Захир ад-дин Бабыр мен Моғолстан ханы Сұлтан Сайидтың немере туысы еді. Мырза Мұхаммед Хайдар 1512 жылдан 1533 жылға дейін Сұлтан Сайид ханның сарайында болып, билеушінің мұрагері Абд ар-Рашид сұлтанды тәрбиеледі. 1533 жылы Абд ар-Рашид хан дуғлаттардың жоғарылауынан қауіптеніп, оларға жазалау шараларын үйіп-төкті. Мұхаммед Хайдар Кашмирге қашып барып, Үндістан, Ұлы Моғолдар билеушілері атынан 1551 жылы шайқастардың бірінде өлтірілгенге дейін билік етті [1;14-15бб].

Мырза Мұхаммед Хайдар жақсы білім алған, өз дәуірінің саяси оқиғалары мен қайраткерлерінен хабардар болды. Ол түркі тілінде әдеби шығармалар жазғанымен де, мұсылман тарихнамасына тарихи «Та’рих-и Рашиди» еңбегінің авторы ретінде енді. Шығарма 1542-1546 жылдары Кашмирде ортаазиялық парсы тілінде жазылған. Екі бөлімнен – дафтарлардан тұрады.

І дафтар моғолдың Шағатай ұрпақтарынан шыққан хандардың тарихынан тұрады, онда әмір Болатшы дуғлат 1348 жылы Тоғлық-Темір ханды хан тағына көтерген уақыттан бастап, Мұхаммед Хайдар мырза Абд ар-Рашид ханның құрметіне арнаған өз шығармасы 1533 жылы

Қашғарияға (Моғолияда) оның билік ете бастағанына дейін Моғолстанда болған оқиғаларды баяндаған.

II дафтар автор 1541 жылға дейін жеткізген мемуарлар болып табылады. Бұл бөлімде өз өмірбаяны және сол дәуірдің көптеген тарихи адамдары туралы өмірбаяндық материалдармен қоса, бірінші бөлімде баяндалғандарына қосымша Сұлтан Сайид ханның Моғолстандағы билік үшін күресі, оның 1514 жылы Қашғарияның дуғлат әмірлерін басып алып, Моғолия мемлекетінің негізін қалағаны, Моғолстанның бұрынғы аумақтарында-Жетісу мен Тянь-Шань өңірінде Шағатай ұрпақтарының билігін қалпына келтіру әрекеттері туралы мәліметтер бар [1;16 б].

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиінде» Қазақ хандығының XV-XVI ғғ. тарихы жай тарихи фактілердің жиынтығы түрінде емес, нақты бір мәселені ғылыми принциптерді сақтай отыра, арнайы түсіндіруге бағытталған түрде беріледі. Сол себепті де Мұхаммед Хайдар Дулатиды Қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдерін алғаш зерттеген ғалым деп саналады [2;16 б].

Мұхаммед Хайдардың шығармасы медиавистикада кеңінен мәлім. Оны XVI-XVII ғасырлардағы көптеген шығыс авторлары мен соңғы орта ғасырлардағы Орталық, Орта Азия тарихын қазіргі зерттеушілер түпнұсқа ретінде пайдаланады [3;58 б].

«Та’рих-и Рашиди» қолжазбасы парсы тіліндегі көптеген тізімдерде, түрік тіліндегі аудармаларда сақталған [4;506 б].

М.Х.Дулати Орта Азиядағы мемлекеттер мен халықтардың XV-XVIII ғасырлар аралығындағы екі жүз жылға жуық тарихына шолу жасап, соның негізінде сол дәуірдегі қоғам өміріне, ондағы болған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың іс-әрекеттеріне рухани және адамгершілік құндылықтар тұрғысынан баға беріп, терең әлеуметтік – философиялық ақыл-ой жүйесінде тарих философиясының бастамасын қалаған деп айтуға толық негіз бар.

Ойшылдың «Тарихи Рашиди» шығармасында туған жерге, халқына деген ыстық сезімдері, толғаныстары жазылып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жалғасып отыр. Сондай-ақ, жастарды ерлікке тәрбиелеудегі арман-тілектері айқын байқалады. Бұл туралы «Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің шығармаларында батырдың тұлғасын сомдап, жауына қаншалықты қатал мейірімсіз болса, бауырларына, еліне халқына, отбасына соншалықты мейірімсіз болып суреттеледі. Ойшылдың шығармаларында барлық тәрбие негіздері қарастырылады. Яғни патриоттық тәрбиемен қатар дене тәрбиесі, имандылық пен адамгершілік тәрбие негіздері де беріледі. Мұның өзі халқымыздың ерлікпен қатар адамгершілікті жоғары бағалағанын, яғни балаға тән тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар беруді мақсат еткендігі байқалады» [5;98-101бб]- деп түйеді зерттеуші Б.Қалыбекова.

М.Қозыбаев: «Мұхаммед Хайдар Дулати кешенді түрде көшпенділерді динамикада қарап, олардың көшуден отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін қарастырумен бізге қымбат» [6; 369 б.]–десе, « Мұхаммед Хайдар өз еңбегінде көшпелілердің отырықшылыққа ауысуын, даладан қалаға орнығуын, тайпалық одақтан мемлекетке өтуін тұңғыш рет қарастырған ұлы тұлға. XV-XVI ғасырлардағы Шыңғыс хан, Әмір Темір шапқыншылығына ұшырап күйреген ел, құлазыған дала көрінісін шынайы суреттейді.

Шындығында да, адамзат тарихында талай мәдениеттердің жаугершілік замандарда өзін-өзі қорғай алмай, дәрменсіздік көрсетіп, ассимиляцияға ұшырағандығы немесе мүлде жойылып кеткендігі қолың көпшілікке белгілі тарихи-мәдени фактілер болып табылады. Ал сындарлы кезеңдерде тағдыр талқысына қанша ұшыраса да әлемдік философияда, мәдениетті бүгінгі таңда да, өзінің өміршеңдігін танытып отыр [7;12 б.].

Қазақ халқы-басқа да түрік халықтары секілді қиын да бай тарихты бастан кешірді. Қазіргі таңда өз ұлттық тарихымызды терең танып-білуде ең алдымен рухани байлығымыздың қайнары болған тарихи тұлғалар өмірі мен шығармашылығын зерттеу қажет.

М.Х.Дулатидің шығармашылық мұрасы-қазақ ұлтының өз шаңырағын құрып, жеке хандық құрған, аса ауыр да дүрбелең уақытындағы түркі тілдес халықтардың мәдени-тарихи

өмірін шежірелеуден туған, өмір философиясына тұнған, болмыс пен таным туралы, адам тұлғасы жайлы жан-жақты сыр шертетін философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. М.Х.Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» мен «Жаһаннаме» секілді еңбектері арқылы түркі тілдес халықтарға ортақ рухани тұлға болып қана қоймай, бүгінгі таңда да жоғары деңгейдегі рухани көшбасшы болуда.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. 2-том. Алматы: Атамұра, 1998.
2. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: Сардар, 2014.
3. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925.
4. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе. Том 4 //Академия наук Казахской ССР.- Алма-Ата, 1985.
5. Қалыбекова Б. Адам өмірінің мәні- М.Х.Дулати шығармашылығының философиялық өзегі// ҚазҰУ хабаршысы.-Алматы, 2006.-№1.
6. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. -Алматы: Сөздік-словарь, 2001.
7. Карашин Ө. Халықтық философияға бетбұрыс// Ақиқат. 2003. №3.

1916 ЖЫЛЫ СӘТБАЙ АБАҚҰЛЫ МЕН МОЛДАЖАН ЖАДАЙҰЛЫ БАСТАҒАН ЕРЕЙМЕН КӨТЕРІЛІСІ

Бижанов А.С., магистр
Елкей Н.Н., магистр
Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті

1916 жылдың 25 маусымындағы Патша жарлығы елге таралған кезде Ақмоланың Ереймен өңірінде халықтың ұлтжанды игі-жақсылары Омбыдан келген бұйрықты талқыға салған еді. Арғын тайпасының Қанжығалы елінде «Ереймен, Қоржынкөл, Сілеті болыстарында» орын алған 1916 жыл оқиғалары «Ереймен көтерілісі» деген атқа ие. I дүниежүзілік соғыстағы Ресейдің сәтсіздіктерден көз ашпаған кездегі Орта Азия мен Қазақстан жерінен майданның тыл жұмысына 19 бен 31 жас аралығындағы жігіттер алынады делінген II Николайдың жарлығы шыққанда Ереймен даласы дүрліге бастады. Көтерілісті бастаған Қоржынкөл болысының Шағалақ және Әлдеуін рулары болды. Сәтбай қажыны хан сайлап, Бала Сыздық, Жанмолда, Молдажан Жадаев, Жанайдар Ыбыраев сияқты көтеріліс басшылары көтерілістің негізгі ұйымдастырушылары мен қаһармандары болды.

1916 жылғы көтеріліс кезінде Қазақстанның әр аймағында хан сайлап, дәстүрлі билігімізді қалпына келтіруге тырысып, қазақтың жойылып кетпеуіне үлес қосып, жергілікті билік жүйесін жаңғыртуға тырысып жатты. Қазақ сахарасындағы бұл тенденция Ерейменді айналып өткен жоқ. Ереймен халқы Бөгенбай батырдың замандасы Атан батырдың шөбересі болып келетін Абақұлы Сәтбайды хан сайлайды. Шыңғыс тұқымы болмаса да, би-батырлардың ұрпақтары мен «қажы» атағына ие болғандарды ақ киізге көтеріп хан сайлау үйреншікті жағдайға айнала бастаған кезде Сәтбай қажыны хан сайлап, Арғынның Нияз руынан шыққан Бейсенұлы Бала Сыздықты бас сардар ретінде таңдайды.

Ереймен таулары маңында жиналған көтерілісшілер саны 5000 адамға жетеді[1, 491 б.]. Қанжығалы елінің көтерілісшілері Молдажан Жадайұлы, Жанайдар Ыбыраев, Жанмолда сияқты батыр мергендер құрған арнайы мергендер топтары болады. Бұл туралы деректер көтеріліске қатысты құжаттар жинақтарында да, ақын-жазушылар еңбектерінде де, жергілікті немесе республикалық деңгейдегі журналистер мақалаларында да кездеседі. Торғай халқы Тілеулі батырдың ұрпағы деп Әбдіғаппардың артынан ерсе, Ереймендіктер Атан батырдың

ұрпағы деп Сәтбай қажыға сенім білдіріп, оның беделін құрметтеп, қиын кезеңде өз тағдырларын қолына тапсырады.

Сонымен қатар, 1916 жылғы көтерілістің ерекше ұйымдасқан орталығы болып табылған Торғай өңірі халқы бас сардарлыққа Кенесарының серігі Иман батырдың немересі екендігін алға тартып Аманкелдіні таңдаса, Ереймен жұрты 1771 жылы қалмақ тобына бағытталған жорықты Бөгенбай батырмен бірге басқарған Жантай батырдың ұрпағы Бала Сыздыққа сенім білдіреді. Тектілікке қатты көңіл бөлетін қазақ халқы, тектілердің бастауымен үкімет шешіміне қарсылығын білдіріп, көтеріліске бел буды. Қанжығалылар елінен 5 мың ердің атқа қонуы өңір халқының егемендікті аңсаған, отаршыл орыс үкіметінен шаршаған халықтың өліспей-беріспейтіндігінің нақты айғағы болды.

Хан мен бас сардар, мергендер басшыларынан бөлек, көтеріліске арнайы мамандандырылған топтар құрылып, ханның кеңесшілері таңдалынады. Арнайы топтарға жауапты адамдар мен Жантай Бағанаұлы, Сатай Сәдуақасұлы сияқты ел арасында беделді азаматтар хан кеңесшілері болып тағайындалады. Ереймен мен көрші болыстардан ұста-теміршілер мен қару-жарақ жасауға икемі бар адамдарды жинап, оларға қылыш, найза, айбалта, шоқпар және сойыл сияқты қаруларға тапсырыс беріледі. Соғыс өнеріне машықтау бағытында жаттығу шаралары жүргізіліп, өздерін күтіп тұрған ұрыстарға дайындыққа қызу кіріседі.

Мемлекет басшысы бастаған соғыс болсын, мейлі көтеріліс басшысы бастаған ереуіл болсын қазақ елінің қолдауына ие болуы үшін рухани қолдаудың қажет екендігі белгілі. Халықтың сенімінен шыға білген діндар адамның қолдауына ие болған халық қайда болса да баратындын тек қана қазақ тарихынан көрмейміз. Ереймен халқына танымал Тоқан хазірет Домаұлы көтеріліске қатысты оң ойын берген екен. Халық арасында «елдің пірі» саналған діндардың 1917 жылғы ақпан төңкерісін көріпкелдікпен сезіп, халықтың II николай патшаға қарсы бағытталған көтеріске өз батасын беруі Қанжығалы елін рухтандырып, жасағалы жатқан істерінің дұрыстығына сенімдерін нығайтты [2].

Тоқан хазіреттің Тұмсық ауылындағы жиын кезінде Ерейменнің жеті руына төрелік еткен төбе би Зілқара халыққа Николай патшаның өз уәдесін сақтамай еркек кіндіктілерді соғысқа алмақ ойынының дұрыс еместігін, көптің қорқытып, тереңнің батыратындығын айтады. Егер әрқайсысы бас басына би болса, Ерейменге сыймайтындықтарын айтып, араларынан бір басшыны таңдап, тәртіптерін қатайтса ешбір жау ала алмайтындығын, отқа салсада күймейтіндіктерін айтып елдің қамын ойлайтын көреген би екендігін көрсетеді. Әр жігіт найза түйреу мен қылышпен шабуды білуі тиіс деп елді рухтандырған[3].

Зілқараның зілді сөздері халықты жігерлендіріп, еңселерін көтеріп тастайды. Сол кезде қалың халық ішінен ортаға шыққан жас ақын нияз руының Төлеші Бөгенбай, Нияз, Малайлардың атқа қонып, артынан қалған руларды ерітуін жырлайды. Бала Сыздық балуанға батыр бабасының аруағын қорлатпауын айтып, Жантай бабасы сияқты найзасын түйреп, қалың қолды бастауы керектігін жеткізеді. Қылшарлар мен Киікбайлардың зергерлікке икемділіктерін алға тартып, Ерейменнің көтеріліске шығушы жігіттеріне қару жасауы керектігін айтады. Атқан пытырасы текке кетпейтін Жанайдар сияқты мергендерді тездетіп көбейту керек екендігі туралы өлең сөздерін жариялайды[4].

Ақын әрі мерген Молдажан Жадайұлы халықтың көңіл-күйін одан да шабыттандыра түседі:

Адамның арыстаны Досай батыр,
Жау десе ұрпағы оның босай ма бір.
Ашулы жолбарыстай ұмтылғалы
Жанымда жалаң семсер Жанмолда тұр.
Ер сынарегерзамантусатағы,
Оқтаулыперенмылтыққолымдағы,
Құралайдыкөзгеатқамжаскүнімде
Құртамынжаушоғырынөзімдағы.

Шапсам менБөгембайлапбуырқанып,
Кімкетпесжауқамалынбұзып, жарып,
Қырандайбүргелітұрөңшеңсарбаз,
Тек, түзубастайбілгін, туыңдыалып!

Көтерілістің тек қана Патшаға емес жергілікті болыстарға қарсы болғандығын жақсы білеміз, халыққа қиын тиге заманда Ереймендегі Қанжығалылар елін билеген ақын Олжабай Нұралыұлы, Әлкей Байменов сияқты болыстардың қарамағындағы ел оларға қарсы шығып, қара жұмысқа алу туралы тізімді әділетті түрде жасамадыңдар деп кінәлайды. Нұралының інісі Ералының Тұрсынбайы мен Мұқаны, Шәрке Байменов, Барлыбай, Төлеубай, Боқтаев Махмет және Жәкен Шопалаев сияқтылар Қоржынкөлдің №2,4,5 және №8 ауылдарына қамшысына ойнатып, қара жұмысқа алынуы тиістілердің жасы жетпегенін де, жасы асқанын да тізімге тізіп, халық арасында «бай-болыстар мен олардың ұлдарының тыл жұмысына бармай жатырғандығы» туралы сөздерді растайтын әрекеттерге жол берді.

Бала Сыздықтың халық алдында абыройлы болғандығының дәлелі, ол туралы көптеген әңгімелерді Ереймендік ақсақалдар күні бүгінге дейін айтып отырады, соның бірі болыс Олжабай Нұралин мен Бала Сыздық арасындағы мынадай оқиға ел жадында сақталған. Бала Сыздық Бейсенұлының жұлқынып тұрған жас шағы болуы керек. Түс уақытында Олжабай болыс ауылы маңында жайылып жүрген табын жылқысының арасынан бір атты көрінеді. Қымызға қызып қалған ауылдың иықты жігіттері «сұраусыз жүрген кім өзі» деген сөздермен ұмтыла бергенде, Олжабай оларды тоқтатады. Болыс бұл аттының Бала Сыздық екендігін байқап, жігіттеріне орынсыз күлкіге қалатындықтарын, оған әлдерінің жетпейтіндігін айтқан екен. Кейін, бір тойда кезігіп қалғанда Олжабай Нұралыұлы : « Інім-ау, Бөгенбай мен Жантай батырлар иық тіресе соғысқан, бір жылқы керек деп сұрасаң, ішінен өзіңе таңдатар едім ғой»-депті. Сондағы Бала Сыздықтың айтқаны, болыстың жігіттерін сынамақшы болғаны екен [5]. Осы сияқты ерліктеріне тәнті болған жұрт Бала Сыздықты Ерейменге қиын күн туғанда өздерінің бас сардары қылып сайлайды.

Ереймен көтерілісі туралы алғашқы қалам тартқандар Ерейментаулық Ғалымжан Мұқатов және Қазыбек Сүлейменов сияқты журналистер болды. Қазыбек Сүлейменовтің 1916 жылғы Ереймен көтерілісі туралы жазған мақалалары өте құнды болып саналады, көтеріліске қатысқан, көзімен көрген адамдардың естеліктерін жинақтап, олармен әңгімелесе отырып, жүйелі сұхбатқа тарта білген. Естеліктерді жинаушылардың мәліметтері бойынша, халық толқуы соғыс даласына мініске ат жинаудан басталыпты, кейіннен бұл қарулы көтерілске айналады. Қаламгерлердің жазған мәліметтері тарихи шындықтан алыс еместігі мұрағат құжаттарындағы мәліметтермен сәйкес келіп отыр.

Ереймен көтерілісінің қаһармандарының бірі, мерген Молдажан Жадаевтың халық қамын ойлаймын деп 1916 жылғы оқиғаларға дейін жер аударылғандығын мұрағат құжаттары да, оның қызы да растайды. Аманкелді Молдажанқызы әкесінің XX ғасырдың бас кезінде Зайсан уезіне жер аударылғандығын айтады. Елжанды ақын адамның мал ұрлағаны үшін деген айыппен елінен қуылуы Патшалық дәуір қоғамына таңсық дүние емес еді. ҚРОММ №64 қорының 2436 ісінде 1908 жылы 29 ақпанда Ақмола уезінің қырғыздары, Жадаев, Үмбетов және Үйсіновтың, мал ұрлағаны үшін Зайсан уезіне жер аударылуы туралы жазылады[6, 1-3 п.]. Көтерілісті көзімен көргендер мен олардың ұрпақтарының естеліктері мен олардан алынған интервью мәліметтері ішіндегі шындыққа жанасатындарының бірі осы мысал болып келеді.

Ереймен көтерілісінің өңір тарихындағы маңызын айқындайтын фактор халық наразылығы барысында жазалаушы отряд солдаттарымен бір немесе екі айқас емес, бес бірдей жерде ұрыстың болуы. Шәкей ауылындағы тоқталмаған атыс, Кеңасу мен Жуанадырдағы және Қоржынкөлдегі қырғын соғыстарда Ереймендік тер көп шығынға ұшырағанымен қайсарлықтары мен табандылықтары арқасында жазалаушыларды әбігерге салып, өздерімен санасуға мәжбүр етеді. Ал шешуші Жал тауындағы шайқаста күшті қаруланған, Ресейдің ішкері бөлігінен келген жазалаушыларға қарсы соғыс жүргізудің тек қана өлімге апарарын

түсінген көтерілісшілер тізе бүгуге мәжбүр болады. Білтелі мылтық, қылыш және сойылмен мұздай қаруланған мылтықты, зеңбіректі әскерге төтеп беру мүмкін емес болатын. Көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң халық соққының астына алынып, көп ерлерді тұтқындаған еді.

Халық көтерілісін басу, жаныштау жолындағы жазалаушы әскердің іс-қимылдары шектен тыс қатал болыпты. Күз-қыс айлары болса да, қыстап жатқан ауылдардың мүлкін тонап, кейбірлеріне өрт қойып, малдарын айдап әкетіп қырғынға ұшыратқан. Жазалаушы әскерден үрейленген халық көшіп, бас сауғалап, кең даланы кезіп кетеді. Ел басына осындай қиын жағдай туындағанда Өсіп Айтбаевтың жесірі Жамал Қошақайқызы мынадай сөздермен өз күйінішін жеткізген екен:

«Қайдасың аруақ, қу құдай,
Енді қайттік, ойпырым-ай!
Жансерігімнен айырылдым,
Қанатымнан қайырылдым,
Әлди-әлди, сәбиім,
Шырылдама, жоқ үйің,
Жан қырылды, мал ықты,
Мұңымызды тыңдар кім?
Патшаның да біздей боп,
Ұрпағы түзде еңіреп,
Қатын-баласы қаңғырсын!» [7, 189-190 бб.].

Халық зары мен жан-айқайын көктегі тәңірі естігендей, көп ұзамай, 1917 жылдың ақпан айында Романовтардың патшалық әулеті биліктен құлатылды. Бұл өлеңде бір ғана Жамалдың емес, сол кездегі көп халықтың тағдырынан көріні беріп тұр.

Ереймен көтерілісі Ақмола жеріндегі ең ұзақ уақытқа созылған қантөгісті шайқастардың бірегейі болып саналады. Басқа аймақтан, қосымша көмек келмесе де , өздерінің ойынан қайтпай бірбеткей мінезін көрсеткен. Қараша мен желтоқсан кезіндегі қатты аяз бен тоқтамаған болмағанда көтерілістің қай кезде тоқтайтынын болжаудың өзі қиын болды. 1916 жылғы Ереймендегі оқиғалар Алтынтау, Ақшоқы, Жалпаққайың және Төрежалы жерлері тарихының ұмытылмас бірнеше беті болып қалады. Молдажан Жадайұлы, Жанайдар Ыбырайұлы, Жанмолда, Бала Сыздық Бейсенұлы сияқты батырлардың ерліктері жергілікті жұрттың ерекше қызығушылықпен тыңдауына ие болды.

Ереймен көтерілісінің басшысы, халық сайлаған хан Сәтбай қажының немересі Серік Елубайұлы көтерілістің тағы бір каһарманы Молдажан мергенмен сөйлесіп, көтерілістің басыры туралы естелін жазып алыпты.

Молдажан Жадайұлы 1916 жыл оқиғалары туралы қысқаша төтендегідей баяндайды. 1916 жылдың жазында 5 мыңға жуық қол жиналып, II Николай патшаның жарлығына байланысты халық кеңесі болып, басшылар таңдалынды. Ереймен халқы Серік Елубайұлының атасы Сәтбай қажыны толық қолдап ақ киізге отырғызып, көтеріп хан сайлайды. Бейсенұлы Сыздық балуан мыңбасы етіп таңдалып, Жанмолда мен Жанайдар жүзбасы болып сайланды. Ал Молдажан Жадайұлы мергендердің жүзбасы болып сайланады. Әбутәліп, Көдек, Рақым және Баһрам сияқты ерлер зергерлік кәсіптерін тоқтата тұрып, ұсталық қызметке көшеді. Ұсталар шалғылардан қылыш жасайды, тақтайша ағаштан садақ жасап, найза, қанжар, пышақ және айбалта сияқты қаруларды дайындайды. Жасалынған қарулармен жасақталған сарбаздар соғыс тактикасын үйренуді бастаса, қару жарақ жетпегендері өз қолдарымен жасаған сойылмен, шоқпармен жауға қарсы тұруға дайындалады.

Көтерілісшілер жергілікті жердің тау-тасы, төбесі мен әр ағашын жетік білгендіктен Ерейменнің табиғи қорғанын тиімді пайдалана білді. Патшаның жазалаушы солдаттарымен Кеңасу тұсындағы соғыс алғашқы шайқас болды деп Молдажан мерген баяндайды. Ереймендік сарбаздар таудағы қолайлы жерлерді алдын ала таңдап, бекінеді. Жақсы бекінген көтерілісшілерден шығынға ұшыраған жазалаушыларға кері шегінуден басқа амал қалмады. Зеңбірек пен пулеметке қарсы тұру оңай болмай, көп жігіт Ереймен топырағында қаза табады.

Қыс жақындаған сайын көтерілісшілердің жағдайы қиындай түсіп, қыс түскенде саны едәуір сиреп, қазақ жігіттері ауылдарына қайтып, қыстауға көшеді. Бұл көтерілістен қашу емес, өз отбасыларына қыста ер адам еңбегінің керек екендігін түсініп, ауылдарына қайтқандары еді.

Қатарлары сирегеннен кейін, жиырмаға жуық адам болып, ішінде Сәтбай қажы мен Молдажан мерген бар, жазалаушылар қоршауына түсіп, тұтқындалады. Аяқтарын кісендеп, жаяулатып апарып, Ақмоланың түрмесіне жеткізеді. Түрмеде оларды қатты қинайды, сол кезде Сәтбай қажыны «Патшаға қарсы бағытталған бүлікті кім бастады?» деген сұрақтармен аяусыз қорлағандығын Молдажан Жадайұлы Серік Елубайұлына айтады. 1917 жылдың ақпанындағы төңкерістен кейін тұтқыннан босап, олар Ерейменге қайтады. Түрмедегі шексіз қорлықтан ауруға айналған Сәтбай қажы сол жылы қайтыс болады. Сәтбай қажыны ағайындары мен қаруластары болып Ереймендегі Сандықтасқа жерлеген екен. Көтерілістің нәтижесі қалай болса да, Ереймен халқы өз намысы мен жері үшін жанын аямай қарсы тұра алатындығын дәлелдеп берген.

Ереймен көтерілісі туралы Қанжығалы елінің Шағалақ руының өкілі, 1916 жылғы көтеріліс туралы алғашқы қалам тартушылардың бірі Қазыбек Сүлейменов 1916 жылғы оқиғалар туралыкелесідей естелік қалдырған екен: «Көтерілісті бастаған Қоржынкөл болысының Қанжығалыларында Әлдеуін мен Шағалақ сияқты мықты, саны басым рулар болған. Әлдеуіндер күшті ру, XVIII ғасырда аты бар қазаққа танылған Бөгенбай жұрты. Бөгенбай батырдың тікелей ұрпақтары Ералы мен Нұралының балалары 1916 жылға шейін Ерейменде болыс болған, дәулетті ел мықтылар болатын.Ал Шағалақ руының көп бөлігі кедей, оқығандары аз болатын. Әкімшілік билігіне ие болған Әлдеуіндер айтқандарын істетіп, бұйрықтарды орындатып отыратын». Патша шенеуніктерінің рулардың арасына іріткі салып отыратын үйреншікті саясатын қосатын болсақ, Ереймендегі саяси жағдайдың ушыққандығын байқауға болады.

Жазалаушы отрядтармен бірінші соғыс Кеңасуда басталады. Ажалмен айқасу оңай ма? Бұған дейін ешкіммен соғыспаған, техниканы көрмеген қазақтар зеңбіректің гүрсілін, пулеметтің тарсылын тұңғыш есітігенде дір етпегені жоқ. Бұрынғылардың соғысындағыша қол қаруымен араласып кетсек, сүт пісірімде жайратар едік, бәлемді» десіп қозғалмастан қасқайып қарсы тұрады. Мергендер тасты тасалай бұғып атып, осы арада бес солдатты бәйтеректей құлатады. Жаудың етектен қардай боратқан оғы биікке бармай, тасқа тиіп жатады. Көтерілісшілер жағынан екі жігіт жараланады. Түсте жазалаушы отрядты қоршауға алып жойып жібермек болады. Сарбаздар екі қанатқа жасырын өтіп, ту сыртынан орағытып келіп, жан-жағынан өрт қояды. Өрт тоғайды шалғанда төңіректі түтін басады. Бұдан қатты сескеніп абыржыған солдаттар жалт беріп қаша жөнеледі. Дуылдаған жұрт: «Оғы таусылды», «жоқ, түнде барып болыстардың үйін көтеріп әкетпек шығар», «өлгендерін жерлейтін болар» деп даурығып тұрғанда жау поселкеге еніп кетеді[7, 186-187бб.]. Тауға бекінген көтерілісшілердің алғашқы айқасы осылайша сәтті аяқталады.

Патшаның жазалаушы отрядымен екінші соғыс Жуанадыр бөктерінде болады. Жау осы тұстағы Благодат поселкасында топтанып, бұрынғысынан көп күшпен тап береді. Ереймендік көтерілісші жігіттер тауға тағы да бұрын шығып алады. Патша жендеттері пулеметтерін қаз қатар қойып атудан тыным таппайды. Көтерілісшілер оқ нөсерлерінен тайынбай, сәл толастаса-ақ лап қоюға дайын тұрды. Мергендер тасада тұрып нысанаға алғанда перденке оғының өзімен-ақ оннан аса солдатты жайратады. Жазалаушы отряд көк арбаларын алқа-қотан иіріп, енді соған жасырына ататын соғыс мәнеріне көшеді. Көтерілісшілер оны қулықпен қолға түсіруге ұйғарды. Бірақ не пайда, осы арада тағы бір оқыстық істеп, елшілікке бұрын болыс болып жүретін Төкім мырзаны жібереді. Ресей өзінен саны аз халықтардың бірлігін оп-оңай бұзуға әбден үйренгендігін көрсетіп, елшіні алдап, өз жағына шығарып алады. Благодат поселкасын халық сол кезде Олжабай поселкасы деп атаған [7, 187 б.]. Жау жасағы күндіз түк өндіре алмай кешке таман сол ауылға қайтқан.

Ерейменнің найза қиялы, қалың тоғайлы көп тауларының ішіне ене алмай дағдарған патша ұлықтары бұдан әрі шеттен орап өтуге ұйғарыпты. Олар енді оңтүстіктегі Жакей дейтін

шағын селоға жасырын жиналған екен. Көтерілісшілер оны айсыз түнде қоршауға алып, осы арада үлкен атыс болады. Жау солдаты аз болып,кейбіреуі көтерілісшілерді білісімен тайып берген. Көтерілісшілер оларды паналатқан үйлерді аяусыз өртейді. Малдарын айдап әкетіп, жаудан біраз винтовка қолға түсіреді. Қарсыласқанның көбі кулактар екен. Олардың бір тобы айбалта, қылыштан жараланып, найзаға түйреліп, сойыл астында өледі. Көтерілісшілер жақтан бес жігіт қаза табады [7, 188 б.]. Бұл атыс туралы мұрағат деректері Астана қаласы ММ мекемесіне Омбы мұрағатынан әкелінген құжаттарда кездеседі.

Көтерілісшілер қаруын тастағасын, патша солдаттары Ереймен елінің болысы Усамбайдың Мұқанының ағаш үйіне барып тоқтап, сол жерде Ереймен елінен 500 адам қара жұмысқа алынады деген қағаз жасайды. Июнь жарлығы Ереймен халқына тарихи сын болды. Молдажан, Бала Сыздық, Иманғали балуандар, Жанайдар мен Көшербай батырлар бастаған намысшыл азаматтар ерлігі ел жадынан өшпейді.

Қанша қырғынға тап болса да, халықтың өзге елдің дегенінде ешқашан қалмайтындығын, қазақ халқының жер мен елге деген сүйіспеншілігі мен ар-намысының айқын көрінісі – 1916 жылғы Ереймен қазақтары көтерілісі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Восстание 1916 года в Средней Азии и в Казахстане, Сборник документов. – Москва: Изд. АН. ССР, 1960. – 794 б.
2. Байбосын С. Елеусіз қалған бір ерлік// Ақиқат ұлттық қоғамдық саяси журналы. – Алматы, 16.05.2016.
3. Түгелбаев Ә. Естеліктер. - Астана. 2014. – 74 б.
4. Әдірешев М. Ереймен аудандық газеті. 24 қазан, 2015. – 1 б.
5. Нұралыұлы О. Шығармалары. – Алматы: Шартарап, 1995. – 232 б.
6. ҚР ОММ. 64 – қ. 1 – т. 140 – б. 2436 – іс.
7. Смайыл А. Шығармалары. III том. – Астана: Фолиант, 2015. – 320 б.

ШТРИХИ К ТВОРЧЕСТВУ ФИЛОСОФА А.Х. КАСЫМЖАНОВА

Булекбаев С., д.филос. н., профессор
Казахский университет международных отношений и мировых языков
им. Абылай хана

По сложившейся традиции современники чаще и охотнее рассматривают труды мыслителей отдаленного прошлого, нежели тех, которые жили всего лишь несколько десятков лет назад. Здесь, по-видимому, срабатывает комплекс обывателя, для которого «нет пророка в своем Отечестве». Хотя, на мой взгляд, ряд мыслителей второй половины двадцатого века, по реальному вкладу в развитие философских проблем, заслуживают гораздо большего внимания и изучения. Здесь речь идет, в первую очередь, о таких советских философах, как Э. В. Ильенков, П. В. Копнин, О.Г. Дробницкий, М.К. Мамардашвили, А. Х. Касымжанов, М. С. Орынбеков, и др. Отличительной особенностью творчества этих крупных философов было то, что все они работали в тех областях философии, которые были мало связаны с официальной идеологией. В основном они занимались историко-философскими проблемами, проблемами мышления и культуры, диалектическим материализмом. Такая тематика научных интересов в условиях тоталитарного режима, по-видимому, позволяла им, в определенной мере, сохранять в чистоте научную совесть, то есть, с одной стороны, показывать, что они и не апологеты системы, а, с другой, и не противники системы. Короче говоря, они старались заниматься проблемами, которые в определенной мере являлись нейтральными в сфере философии.

В этой плеяде выдающихся философов советского и постсоветского периода особо хочу отметить и нашего выдающегося соотечественника, доктора философских наук,

профессора Агына Хайрулловича Касымжанова. На мой взгляд, он внес огромный вклад в развитие мировой и отечественной философии, который, к великому сожалению, до конца не изучен и не оценен. Основанием для такого вывода являются, по меньшей мере, два обстоятельства: во-первых, это то, что даже в магистерских и докторских диссертациях КазНУ им. Аль-Фараби, связанных с историко-философскими проблемами, ничтожно мало ссылок на труды А.Х. Касымжанова, имеющего в этой области очень глубокие исследования, а, во-вторых, это – то, что до сих пор в Казахстане не переизданы не только все его труды, но даже и те его работы, которые были крупными событиями в философском мире. Сейчас их практически нигде не найдешь, хотя Агын Хайруллович оставил достаточно большое наследие. В этом плане не только анализ всех его трудов, но даже перечень опубликованных работ занял бы несколько страниц. Поэтому, в данной статье я попытаюсь лишь в абрисной форме отметить некоторые крупные проблемы, затронутые в трудах нашего выдающегося философа.

Уже в первых его работах, связанных с такой актуальной проблемой советской философии, как диалектика, можно видеть глубину, масштабность и высокую культуру его философского мышления. Особенно это проявилось в его работе под названием «Проблема совпадения диалектики, логики и теории познания» (1962г.), которая стала одним из краеугольных камней известной казахстанской школы диалектической логики, занявшей достойное место в советской философии. Попутно отмечу, что в те годы по этой тематике были изданы несколько работ очень маститых советских философов. Это и монография академика Б.М. Кедрова под названием «Единство диалектики, логики и теории познания», это и работа академика П.В. Копнина «Диалектика как логика и теория познания», ну и, наконец, монография профессора З.М. Оруджева «Единство диалектики, логики и теории познания в «Капитале» К. Маркса». Возможно, это мое субъективное мнение, но, на мой взгляд, более сжато и по - существу эта проблема была раскрыта в работе А.Х. Касымжанова.

После этой работы крупным событием в философском мире, бесспорно, стала работа А.Х. Касымжанова «Как читать и изучать «Философские тетради В.И. Ленина» (1967г.), где он, изучая конспекты В. И. Ленина по истории философии, высказывает очень глубокие и очень ценные суждения по ключевым проблемам истории и теории мировой и европейской философии.

Говоря о творчестве профессора А.Х. Касымжанова в советский период, отмечу следующий момент: он, как и многие талантливые и честные ученые, которые были вынуждены жить и творить в условиях тоталитарной системы, находились в условиях, схожими с теми, в которых находились и наши великие казахские просветители, которые, как он писал, находились в состоянии «трагического надлома казахской души, каждый из них чувствовал безысходность, отсутствие выбора после поражения Кенесары Касымова, и должен был искать путей возрождения «духа предков», а через него – возможностей приобщения к мировому цивилизационному процессу». В этом плане и он, вполне осознавал, с одной стороны, бесперспективность борьбы с существующей системой, а, с другой, пытался, хотя бы в рамках этой системы, сделать что-то полезное для своего народа и своей науки. Очень часто в разговоре с ним явственно ощущалось, что он знает что-то очень важное, и что-то очень глубокое о нашей истории и нашей реальности, но которое пока недоступно многим. И что об этом он пока ничего не может рассказать нам. Нужно сказать, что он смог высказать и написать обо всем этом лишь после того, как наша страна обрела свободу и независимость. На мой взгляд, работы Агына Хайрулловича именно этих лет нуждаются в особом внимании и изучении, поскольку именно они являются наиболее выстраданными и прочувствованными в годы тоталитарного режима.

В этом плане отмечу лишь некоторые его работы, написанные после развала Союза в 1994–1999годах: «Жгучее самоопределение степи на пороге третьего тысячелетия», «Казахское просвещение и перспективы изучения культурного наследия» и «Стелы Кошо Цайдама». В своей работе «Казахское просвещение и перспективы изучения культурного

наследия» А.Х. Касымжанов на основе глубокого анализа творчества великих казахских просветителей – и не только их – раскрывает глубокий смысл казахского просвещения и, вместе с тем, дает глубоко обоснованную программу изучения культурного наследия для казахского народа. По его мнению, многие высказывания наших просветителей не утратили глубокого смысла и по сей день, и имеют важное значение для будущего независимого Казахстана. Согласно ученому, для наших просветителей характерными были «Призыв, желание приобщить свой народ к тому, что завоевано соседями по пути цивилизации, требование возвыситься над узко национальным бахвальством, самомнением, критическое отношение к тем же соседям, когда они проявляют насилие, жестокость, высокомерие, навязывают свои стандарты, видят в соседях великое, значительное, общечеловеческое – взятое вместе это как небо от земли далеко от приписываемого им преклонения перед всем русским только за то, что оно русское. А вдобавок и Абаю, и Чокану, и Ибраю было глубоко свойственно понимание своих восточных, азиатских корней. Имена Фирдоуси и Карлейля, Навои и Гете, Платона и Пушкина, многих-многих других соседствуют на страницах наших замечательных просветителей. Но каждый из них – цветок родной почвы, выросший из глубинных недр и чаяний народа и выражающий по-своему его устремления и идеалы. Они с болью воспринимали судьбы своего народа, его исторические ограничения и лишения и в то же время отстаивали достоинство и честь своего народа, со всей принципиальностью отвергая все, что могло бы унизить народ». А.Х. Касымжанов пишет, что «только «свой до корней волос» может и имеет право так обличать свой народ, как Абай. И с такой силой переживать горечь от непонимания своих сородичей, как Валиханов. Он боролся с примитивными, уродливыми и корыстными формами привязанности к своей стране, которые, к стыду нашему, сохранились до сих пор. На эксплуатации национального мифа базируются дела тех амбициозных ученых и «деятелей культуры», которые со всего снимают пенку, будь-то борьба против «врагов народа» или «за перестройку». Именно они сколачивают свои состояния на национальном мифе с таким же успехом, как в другое время – на «интернационализме».

В работе «Жгучее самоопределение степи на пороге третьего тысячелетия» А.Х.Касымжанов говорит, что, как и ранее перед Абылаем и Кенесары стоял вопрос: «Что предстоит испытать народу на пересечении Степи и Центральной Азии в грядущем столетии?»– такой же вопрос и такой же выбор стоит и перед Казахстаном, который совсем недавно получил независимость. По его мнению, политический и экономический вектор развития нашей страны оказался связанным с поиском адекватных путей социально-экономического и политического развития, что, в свою очередь, было связано с решением таких проблем, как сохранение культурной самобытности и самоидентификации в процессе реформирования страны. В этом плане, как известно, Казахстан выбрал путь Запада, который олицетворяет три высшие ценности: это рыночная экономика, правовое государство и демократия. Рассуждая о нашем выборе и угрозах, таящихся на этом пути, А. Х. Касымжанов пишет: «В самоопределении Казахстана мы выделяем два основных параметра: идентичность и ориентация на Запад. Что касается первого параметра, то он выглядит крайне расплывчато и, главное, не очевидно. Преимущества второго параметра предстают как вполне очевидные, закрепленные «мировым общественным мнением», а, главное, повсеместно внедряемыми, начиная от образцов рекламы и стандартов образования и кончая ходячей и, в особенности, экономической терминологией, безмерным и безоглядным подражательно-обезьяньим «вестерном». По его мнению, «вестернизация», вместе с той же латинизацией, благо в определенных пределах, имеет свою меру. Особенно он предостерегает от той бездуховности, которую несет с собой «бесповоротный» выбор вестернизации нашими «трезвыми практиками». Он пишет: «Имея ресурс в виде богатства недр и, выбрав «бесповоротно» путь вестернизации, рынка и демократии, стоит ли придавать серьезное значение рассуждениям о том, на каком духовном уровне находится казахстанское общество и какими духовными ориентирами оно предполагает руководствоваться? Поэтому и теоретически, и практически («трезвые практики» вообще недолюбливают всякое излишнее «мудрствование») проблема

қоғаммен бірге өсіп, қалыптасқан Демежанның өмірін жазушы әртүрлі деректермен нақты келтіре отырып, баяндайды. Осылайша, жазушы Демежанның бүкіл өмірін өзі өмір сүрген қоғаммен бірлестікте қарайды. Сонымен қатар, әрбір кейіпкерінің кейінгі өмірінен де толыққанды хабар беріп отыратындығымен ерекшеленеді. Мәселен, кезінде Мәтен амбы тұқымын құртпақ болған Демежанның артында 3 әйелден қалған төрт ұл мен үш қыздан бүгінгі таңда 70-80-дей ұрпақ өрбігендігін тілге тиек етеді. Ал Мәтеннің атының өзімен бірге өшуі – тарихтың таразышы екендігін тағы бір айғақтайды.

Жазушының көп зерттеуді көздеген тақырыбының бірі – Ұлы Жібек жолы болса, кейінгісі – қытай жазбаларындағы қазақ тарихы мен қаламгерлеріне қатысты тарихи деректер.

Жібек жолы бойындағы жанданған халықаралық саудаға Орта Азия мен Ресей, Еуропа елдерін тарту ісіне Абылай ханның тұсында ерекше көңіл бөлінгендігіне Шәуешек базарына апарған құндыз, қара түлкі терілерінің жоғары бағаланғандығы мысал бола алады.

«Туған жерге оралу» эссесінде жазушының қаламы бізді еріксіз тағы да сағыныш әлеміне жетелейді. «...Мен Үрімжіден автобусқа отырып, өзімнің атамекенім – Тарбағатайды бетке алып, тартып келемін. Ұзақ жылға созылған солшылдықтың зардабы мойныма ажырғы, аяғыма шідер болып салынғандығы үшін туған жерге орала алмағандығыма 20 жылдан асқан болатын. Сондықтан тұла бойымды сарылған сағыныш билеп, көңіл құсым көк жүзін қалықтап, атамекен аспанына қарай самғай жөнелді». Мәтіндегі көзге көрінбей, бірақ асқақ мағынаға ие болып тұрған дүние – жол. Өмір жолы... Сол өмір жолындағы ең бір сәулелі мекен, туған жер – жерұйығына сапарлап келеді жазушы. Жиырмасыншы ғасырда Америкадағы ең танымал жазушылардың бірі – Курт Воннегут жазушылық жөнінде студенттерге «Шығарма басында кейіпкер әлдебір нәрсені іздеуі керек. Бір жұтым су болса да» дегені бар. Зейнолла Сәнік те қаламгерлік мұратқа барар жолдағы қаншама інжу-маржанды көз алдыңызға әкеледі[6, 190 б].

Қаламгердің тағы бір қыры – оның шежірешілдігі. Мәселен, оның Найман ата шежіресін Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс тәрізді үш арыстан тарқата келіп, Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл туралы аңыздарды тарихи тың деректермен ұштастыра отырып баяндайды. Сонымен қатар, аңыз-әңгімелерге назар аудара отырып, одан тарайтын ұрпақтарды тарата сөз етуі – қаламгердің шежірешілдік қырын ашып көрсетеді.

Жалпы алғанда, жазушының қаламынан туған әрбір шығарманың негізгі өзегі – адамдық пен адамгершілік. Сонымен қатар, қазіргі қоғамда адами құндылықтардың құлдырағаны белең алған кезінде халқымыздың этнопедагогикалық тәлім-тәрбиесін болашақ ұрпақ бойына сіңіріп, санасын жаңғыртуда Зейнолла Мүбәрәкұлы шығармаларының берері мол. Көптеген әңгіме-эсселерінде өмірден түйгені мен жинаған тәжірибесі, адамтанудың қыр-сырлары айқын көрінеді. Кейіпкерлері де жеке бас мәселесін күйттемей, үлкен ерлікке бара алатын, кең де мәрт, қиындықтан жасымайтын жандар. Мұндай өмір материалдарын қағазға түсіру үшін қаншама жылғы ізденіс, көңіл түкпіріндегіні қалт жібермейтін қырағы көз және ең бірінші сезім қажет екені түсінікті.

Қорыта айтқанда, Зейнолла Сәнік – қазақтың тарихы мен этнографиясын зерттей жүріп, оны көпшілік оқырманға жатық, түсінікті тілмен жеткізе білген қарымды қаламгерлердің бірі. Халқымыздың құнарлы қазынасының дәстүрлі заңдылықтарын өрелі ой, орамды тілмен өріп, ғылыми дәлелдермен бекітіп жазған. Осыншама қыруар еңбегінде материалдарды жік-жігімен жүйелеп жеткізуі халық тарихын терең меңгергендігін дәлелдейді. Сонымен қатар қазақтың сан қатпарлы тарихына еркін бойлап, тарихи эсселері мен тарихи романдарды көркем тілмен жазуы оқырманды қашанда тәнті етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Сәнік З. Қазақ этнографиясы. Алматы: «Ан Арыс», 2016. - 576 б.
2. Сәнік З. Қазақтың тұрмыс-салт білімдері. Үрімжі, 1998.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы, 1985.
4. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1994.

5. Әбілқасымов Б. «Қабанбай батыр». Алматы, 2005.
6. Тарихқа толы Тарбағатай III. –Алматы: «Мерей», 2018.-256б.

ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ:МАҢЫЗЫ МЕН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Журасова А.Ш. т.ғ.к., доцент
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында халықтың өз мәдениетін, өзіндік ұлттық кодын сақтаудың маңыздылығын атап көрсетті. Тұңғыш президент атап көрсеткендей халықтың тәжірибесі мен дәстүрі модернизация жетістігінің маңызды шарты болып табылады. Шын мәнінде ұлттық-мәдени тамыр кез келген ұлт берік тұратын тірек. Өз халқыңның тарихын білмейінше ұлттық бірегейлікті сақтау мүмкін емес. Белгілі неміс ойшылы Гете «әлемдік тарихты уақыт өткен сайын қайта жазу керек» деп жазғанындай уақыт өткен сайын жаңа оқиғалар, жаңа көзқарастар болады. Бұл қазіргі таңда әлемдік тарихта тәуелсіз мемлекеттердің орын алуына орай олардың ролі мен орнын қайта қарау қажеттігімен де байланысты.

Атаусыз ұлт жоқ сияқты ұлттық құндылықтарсыз, өз топырағына терең тамыр жібермеген ұлт болмайды. Біздің заманымызға дейінгі III ғасырда өмір сүрген Қытай ойшылы Сюнь-цзы «Барлық жаңа туған сәбилердің үні бірдей. Бірақ өсе келе олар әртүрлі әдет-ғұрыпқа үйренеді»,- деп ұлттың жаратылысын әлеуметтік ортамен байланыстырған. Адамды ұлтымен, тілімен қатар, мәдениеті, салт-дәстүрі, табиғаты мен тарихы байланыстырады. Әр ұлттың өткені, болашағы туралы өздеріне тән өлшемі бар.

Біз – Ұлы даланың перзенттеріміз. Біз өз тарихымыз бен жаңа брендті байланыстыра отырып, Қазақстанды жаңа Қазақстан ретінде танытуымыз керек. Елбасы бізге неге өзімізді «Ұлы дала еліміз» деп атамасқа?» деген өте тамаша бастама тастаған еді. Расында, Жапонияны – «Күншығыс елі», Қытайды – «Аспанасты елі» не болмаса «Аждаһа елі», Исландия – «Вулкандар мекені», Мысыр – «Пирамидалар отаны», Канада – «Үйеңкі жапырақтылар елі», Индонезияны «үш мың Аралдың елі» деп атайды. Жалпы, ресми бекітілген атауымен қатар жерінің, елінің тұрмыс салтына, белгісіне орай қосымша атауларға ие мемлекеттер жер бетінде жеткілікті. Осы орайда шынында да Қазақ елін неге өзге жұрт «Ұлы дала елі» деп атамасқа? Өйткені осы Ұлы даланың ұрпағына өздерін өзгеге мойындататын кез жеткен сияқты. Шындығы сол, ата тарихқа көз салар болсақ, ежелден Тынық мұхитынан Дунайғ, Байкалдан Балканға дейінгі аралықты «Ұлы дала» деп атаған. Ұлы Даланың оңтүстігі Қара теңізбен, батысы Карпат тауларымен, шығысы Қытаймен шектеседі. Онда арғымақ мініп, бес қаруын асынған көшпенділер өмір сүрді. Олар –кешегі сақтар, ғұндар, түркілер. Солардың көшпелі салтын өткен ғасырдың 30-жылдарына дейін сақтап қалған қазақтар. Демек, Ұлы даланың иесі, кешегі күнше күркіреп өткен сақтардың, ғұндардың, түріктердің мұрагері қазақтар. Тарихтың бір қилы замандарында Ұлы даланы Дешті қыпшақ, Жошы ұлысы, Алтын Орда, Ақ Орда деп те атады. Сондықтан Ұлы Даланы Евразияның эквиваленті немесе оның қазақша атауы деп атауға болатын сияқты. Бәрібір қалай атаса да, бұл өлке «Ұлы дала» деген атауды сақтап қалды. Ұлы далада өмір сүрген көшпенділердің адамзаттың дамуында алар орны ерекше. Кәрі құрлық тұрғындары жабайы түрде жүргенде көшпенділер тері илеп киім киді, алтын-күмістің қадірін білді, темірден қару соқты, асауды ауыздықтап, белден-белге көшкенде жүк артатын арбаны ойлап тапты. Аспандағы жұлдызға қарап ауа райын анықтап, жүрер бағытын нақтылады. Мұның өзі үлкен жетістік. Ұлы дала өзіндік ерекшелікпен өркендеді, адамзат дамуының сатысына өз ерекшелігімен ат салысты. Оның барлығын сол Даланы мекендеген тұлғалар жасады.

Бүгінгі күні сол Ұлы далада Қазақстан деген атауға ие, мейманасы тасқан тәуелсіз қазақ елі өмір сүруде. Шындығы сол, Қазақстанды алдағы уақытта «Ұлы дала жұрты», «Ұлы далалықтар» деп атауға толық болады.

Бұл өзінің тарихи, мәдени және ұлттық бірегейлігін анықтау тұрғысынан Қазақстан үшін өте маңызды болып табылады. Өз тарихыңды білу түркі әлемінің құрамдас бөлігі ретіндегі Қазақстандағы патроиттық тәрбие үшін де маңызды. Өзінің отарлық статусы кезінде Қазақстан өз тарихын тиісті деңгейде жаза алмаған болса, тәуелсіз ел ретіндегі қазіргі тарихи жағдайда Отан тарихын әлемдік тарих контексінде жаңаша көзқарас тұрғысынан, европоцентризмнен және аңыздық бүркемелеуден ада күйде қайта қарап, зерттеуі қажет. Әр халықтың, әр жеке тұлғаның өз тарихы, онда шарықтау мен құлдырау беттері орын алатыны белгілі. Әлемдік тарихты құрастыруда жеке халықтардың үлесі толыққанды жазылуы аса маңызды. Неміс философы Д.Риккерт тарихтың үш түрін көрсетеді. Олар: эмпирикалық тарих, теориялық тарих және тарих философиясы[1,176] Осының ішінде тарих философиясы тарихи үрдісті жинақтап, жеке «тарих» мәліметтерін біртұтас тарихқа біріктіру, тарихтың мәнін ашу, тарихи таным әдіснамасын жасау міндеттерін атқарады. Осы тарих философиясы тұрғысынан алсақ қазақ халқының тарихын бүкіл түркілік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде оның әлемдік тарихтағы ролін, оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін, әлемдік тарихтағы орнын көрсету қажеттілік.

Тарих обьективтілік пен субьективтіліктің бірлігі, яғни ол бір жағынан, адамдардың еркі мен тілегінен тыс дамиды, ал екінші жағынан ол сол адамдардың тарихы болып табылады.

Модернизация дәуірінің маңызды көрсеткіштерінің бірі Қазақстан тарихындағы, Қлы далада өмір сүрген белгілі тарихи қайраткерлердің ролін зерттеу болып табылады. Елбасы өз мақаласында «бұқаралық санада тарихи үрдіс персонификациялық сипатта көрініс алатынын» атап көрсеткендей әлем халықтарының тарихында мақтаныш етер өкілдері болғаны және олардың халық жадында мәңгіге сақталғаны белгілі. Ондай тұлғалар Қазақстан тарихында да аз емес.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» деген бағдарламалық мақаласынан Ұлы даланы мекендеген түркі халықтарының тарихын анық танығандай боласың. Ұлы дала деген термин алғаш рет әйгілі тарихшы Рене Груссенің 1938 жылы жарыққа шыққан «Ұлы дала империялары» деген еңбегінде әлемдік тарихнамаға алғаш енді. Елбасы өзінің әр сөздерінде Ұлы даланың халқымыздың рәміздік киелі нысаны болғанын айтып келеді. Сондықтан Ұлы дала ұғымы бүгінде Қазақстанның ұлттық кодына айналып үлгерді. Мақалада Мемлекет басшысы Ұлы даланың қастерлі қасиеттеріне, сан түрлі қырына айрықша тоқталғанын білеміз. Біздің Ұлы даламыздың ғалам мәдениеті мен өркениетінде өзіндік орны бар. Оған ешкімнің таласы болмауы тиіс. Тек соны нақтылап, шегелеу үшін алдымен оның мәні мен маңызын өзіміз жете түсініп, түйсінуіміз керек. Алтайдан Алатауға дейінгі, Байкалдан Балқанға дейінгі алып аумақты жайлаған халықтардың бәрінің түп-тамыры Ұлы даладан бастау алып жатыр. Елбасы мақаласында айтылғандай, «бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткен». Қыран ұшса қанаты талатын, құлан жортса тұяғы тозатын шексіз кеңістікте ғұмыр кешкен бабаларымыз осы жерге иелік етіп, Ұлы дала өркениетін қалыптастырған. Мысыр, Қытай, Үнді, Рим секілді іргелі елдермен қарым қатынас орнатып, оларға балама өркениет құрған Түркі әлемі Шығыс пен Батыстың, солтүстік пен оңтүстіктің арасын жалғаған Ұлы Жібек жолы арқылы әлемдік саудаға, дүниежүзілік дипломатияның дамуына жағдай жасаған.

Осындай Ұлы дала өз жерінде оның дамуына ықпал ететіндей ұлы тұлғаларды да дүниеге әкелді. Ұлы тұлғалар туылмайды, Плеханов атап көрсеткендей олар белгілі бір тарихи жағдайларда қалыптасады [2,300]. Ұлы мемлекеттік тұлғаға айналу үшін тарихтың бұралаңында пайда болатын ерекше бір жағдайлар қажет. Қиындықтарды жеңе отырып адам тұлғаға айналады. Бір сөзбен айтқанда көрнекті тұлға – маңызды тарихи кезеңнің өнімі.

Өйткені белгілі бір тарихи кезеңде ұлы тұлғалар туындайды. Яғни тарихи кезеңде әлемдік тарихи маңызға ие нақты бір шешімдерді қабылдау үшін, әрекет ету үшін қажетті жағдайлар туындайды. Сол кезеңде ерекше ақыл-ойы бар, нақты жағдайда қоғамға не қажет екенін түсінетін нақты қадам жасаған адамдар пайда болады. Сол тұлғалар қоғамда қалыптасқан қайшылықты шешіп, қоғамды талқандалудан, бүлінуден құтқарады. Мысалы, Қазақстан тарихындағы жоңғар шапқыншылығынан елді құтқару үшін өз ақылдарын ортаға салып, шешім шығарып, батыл әрекетке барған Абылай, Бөкенбай, Қабанбай және тағы басқа аты қалған тарихи тұлғалардың шығуы осының бір дәлелі болып табылады. Ұлы тұлға болу үшін нақты бір тарихи жағдай жеткілікті десек қателескен боламыз. Нақты тарихи жағдайдан басқа жоғарыда атап көрсеткеніміздей ақыл-ой, ерекше қасиеттер де қажет. Әсіресе тарихтың дүрбелең кезіндегі тұлғаның ақыл-ойы мен мінезінің ролі зор. Соғысты алсақ қолбасшыдан батылдық, табандылық, жағдайға тез баға бере алушылық, шұғыл шешім қабылдай алушылық сияқты қасиеттер талап етіледі. Себебі сол жағдайдағы шайқас барысынан армияның, мемлекеттің тағдыры шешілуі мүмкін. Мысалы, Мәскеу шайқасындағы 316- атқыштар дивизиясының, генерал-майор И.В.Панфиловтың, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының әрекеті мен ерлігі соғыс барысындағы түбегейлі бетбұрысқа жол ашты.

Тұлғаның іс-әрекеті конструктивті де, деструктивті де сипатқа ие болуы қажет. Мысалы Наполеон Бонапарт мықты басқару жүйесі, заңдар жинағын қабылдауымен ұлы болып қалды, ол Францияда тәртіп орнатушы ретінде, ал Сталинді қанша сынға алса да ол әлемді фашизмнен құтқарушы, Черчильдің сөзімен айтқанда «Ресейді соқамен қабылдап, атом бомбасымен қалдырған» адам ретінде есте қалды.

Абылай хан халық есінде тәуелсіз қазақ мемлекеттілігінің символы ретінде қалды. Абылай ханмен бірге Қасым хан, Тәуке хан өз шешімдерімен қазақтарды біріктіре алған, мемлекетті қаупісіздендіре алған, заң мен тәртіпті бекіте алған тұлғалар ретінде есте қалып, оларға құрмет көрсетіліп отыр.

Францияның ұлы ойшылдары ретінде Вольтер, Бальзак өзінің керемет туындыларымен француз ағартушылық ойын дамытып, француздардың әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсетсе, Абай өзінің шығармашылығымен туған елін әлемдік өркениеттің байлықтарына жақындатты және сонымен бірге оған қазақ этносының үздік рухани құндылықтарын енгізді. Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына, әлеуметтік-саяси және философиялық-этикалық ойды дамытуға, жаңа қазақ әдебиетін қалыптастыру мен қазақ әдеби тілін бекітуге қосқан үлесі Абайды ұлы ойшыл ретінде мәңгі есте қалдырып отыр.

Сонымен қатар халықтың ұлттық сана-сезімінің өсуі де белгілі бір тарихи кезеңнің жемісі. XX ғасырдың басында қалыптасқан саяси жағдайлар Ресейде А.И.Гучков, П.Н.Милюков, В.И.Вернадский және т.б. сияқты либералдық-демократиялық зиялы қауымды қалыптастырса, осы кезеңде Қазақстанда А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев сияқты либеральдық-демократиялық зиялы қауым өкілдері шықты. Осының өзі қазақ қоғамының, Ол мекен еткен Ұлы Даланың тарихи дамудан тыс қалмай Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікті алуы және демократияландыру процесіне өзіндік үлестерін қосуымен есте қалады.

Ұлы тұлғалар өздерінің саяси және рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін толық қанағаттандырып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы айқын, әрі әсерлі көрінеді. Оның үстіне тарихи дамудың өзі кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі, тұлғалар әрекеті мен қызметі арқылы біз мемлекетіміздің жалпы тарихи үрдістен оқшау қалмағанын көрсете аламыз.

Өз тарихындағы ұлы тұлғалардың тарихын әлемдік тарихқа ортақ еткізу адам баласының өз еліне, оның тарихына, оны жасаған ұлы тұлғаларға деген мақтаныш сезімін қалыптастырады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 27 мамырдағы Еуразиялық Ұлттық университеттің студенттері алдындағы дәрісінде «біздің бабаларымыз қазіргі Қазақстанның

ұлан байтақ даласын қорғап, төл мәдениетін сақтап, өмірді түйсіну мен танудың ерекше түрін бізге мұра етіп қалдырды. Бұл дала халқының бостандық сүйе білуі мен айбындылығы тарихтың қатал кезеңдерінде де жоғалтылмай, ата-бабаларымыз біз үшін сақтай алды» деп атап көрсеткендей біз сол тұлғаларды дәріптеу арқы қазақты әлемге таныта аларымыз сөзсіз[3]. Кезінде «Менің Әуезовым» деп роман жазған академик Зейнолла Қабдолов «Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды, Әуезовты оқымай қазақты білдім деу сондай қиын» деп жазғанындай ұлы тұлғаларды сомдайтын шығармаларды туғызып, оны басқа тілдерге аудару арқылы біз өзімізді таныта аламыз. Оны кезінде «Абай жолы» романын оқыған камерун прозашысы Бенжамин Матип: «Қазақтар туралы бұрын-соңды ештеңе естімегенмін. Шынында, бұл қазақтар – неткен ғажайып халық! Осы керемет «Абай» романында қандай тамаша суреттелген!» десе, неміс жазушысы Альфред Курелла: «Сіз әлі Абайды оқыған жоқпысыз? Онда сіз мүлдем ештеңе оқымағансыз... Сіз сол дәуірді көзіңізбен көргендей айна-қатесіз танисыз.» деп жазғанынан сол М.Әуезов тұлға ретінде «Абай жолы» еңбегі арқылы ұлы Абай бейнесін, сол арқылы бір дүйім ел тарихын әлемге танытып отыр. Сондықтан да қазақ тарихының барлық кезеңдеріндегі ұлы тұлғалар бейнесін дәріптеу, олар туралы ғылыми еңбектер жазу арқылы біз өз халқымыздың тарихын, оның әлемдік тарихтағы орнын көрсете аламыз.

Қазіргі таңда біз сыртқы, ішкі саясатта да Ұлы дала образын қалыптастыруымыз керек. Ол үшін тек үгіт-насихат жүргізіп қана қоймай, әр намысты адам Ұлы дала деген ұғымды алдымен өз жүрегінен, көкірегінен өткізгені жөн. Ол үшін керемет әсер беретін шығармалар жазылып, кинолар түсірілуі керек. Мысалы, Жапония «Күншығыс елі» деген атауды бізге өздерінің кітаптары, кинолары, мәдениеті, философиясы арқылы санамызға сіңіре білді. 1929 жылы Ұлы депрессия кезінде АҚШ-та «Жаңа бағыт» деген аса ауқымды бағдарлама қабылданды. Ол бағдарламаның қабылдану тарихын оқып біліп отырмыз. Осы бағдарламаның бір тармағы мәдениетті дамыту деп аталған. Онда ақын, жазушылар, әншілер, т.б. өнер адамдары қауырт жұмыс жүріп жатқан аймақтарға, штаттарға барып, сол жерде көргендері жөнінде мақала, шығармалар жазады. Оны оқыған жұрт сол туындыға арқау болған жерге баруға деген аңсары ауады. Сөйтіп шығармалар арқылы адам басқа дүниемен танысып, сол жерді көруге асығады. Өздерімен пара-пар ерекше халық және онымен танысу туралы ой келеді. Сондықтан тарихты жазу арқылы біз еліміздің әсем табиғатын суреттей отырып басқалардың назарын Ұлы Далаға аударамыз.

Біз өз тарихымыздағы ұлы тұлғалар туралы, оны өз тарихымыз бен жерімізбен байланыстыра керемет туындылар жаза алсақ, не болмаса сырттан келген белгілі бір үлкен тұлға біздің еліміз жайында жазып, жылы пікір білдіретін дәрежеге қол жеткізсек ол да бір жетістік. Бір ғана мысал, тау шаңғысы туралы айтсақ, оның атасы – атақты жазушы Артур Конан Дойл жолы түсіп Швейцарияға барып, таудан төмен шаңғы теуіпті. Бұл жөнінде кейін еліне барып керемет қылып жазған. Соны оқыған жұрт артынша Швейцарияға ағылған. Қазір бұл ел таудан шаңғымен сырғанайтын ел атанды. Көрдіңіз бе, бір адамның еңбегі қандай! Біз «Ұлы дала» деген ұғымды өзіміздің де, өзгенің де санасына құю жолын қарастырумыз керек.

Демек, Қазақстанды «Ұлы дала елі» деп әспеттейтін кез жетті. Енді өзге жұрттың санасына бізді солай деп атау үшін қадау-қадау іргелі тірліктер жасау керек. Ұлы даланың өткені мен бүгінінен сыр тартатын көркем және деректі фильмдер түсіріліп, мән-мағынасы кең туындылар жазылуы тиіс. Бұл біздің елімізді дәріптемеумен қатар өз ұлтымыздың мәңгі жасампаз болуы үшін де қажетті жағдай. Ұлы Даланың ұлы тұлғаларын дәріптеудегі басты идея олардың арасындағы сабақтастықты көрсете алу. Мысалы европалық Өркендеу кезіндегі демократиялық мемлекет туралы негізгі концепция Ұлы Далада әл Фараби шығармаларында көрініс алған приципттерден бастау алса, бірнеше ғасырдан кейін ол Жүсіп Баласағұнда «бақытты болудың ғылымы» концепциясымен жалғасын табады, сонымен қатар жетілген адам тура ой Абай мен Шәкәрім еңбектерінде де көрініс табады. Сондықтан да Ұлы Даланың құдіреттілігін дәріпеуде ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа, деялардың, негізгі тұжырымдар мен ойдың сабақтаса дамуын дәлелдей алуымыз керек. Ұлы Даланың ұлы есімдері туралы

жазғанда оны ешқандай аңызға айналдырмай шынайылығымен нақты дәлелдермен көрсету қажет. Ол үшін отандық ғалымдарға біздің тарихымыздың деректері сақталған Қытай, Иран, Ресей мұрағаттарында тер төгуге, бірлескен жұмыстар атқаруға тура келеді. Осыған орай мұрағаттардағы жұмыс тарихи тұлғалардың туралы орасан зор материалдың жинақталуына ықпал етсе, Ұлы даланың Ұлы есімдерінің энциклопедиясын жасақтау, оны заманауи форматқа көшіру келешек ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің келелі міндеттерін шешері сөзсіз.

Тарихы көнермей, бабалар ерлігін жадында жаттаған ұлт қана өзгелермен терезесі тең ел ретінде өмір сүре алады. Тарихын аялаған ел ғана бабалар негізін салған ұлы көштен ғибрат алып, келешегіне нық сеніммен қарап, Ұлы даланың адал перзенттері ретінде алға нық баса алады. Елбасымыз: «Тарих дегеніміз тек өткеннің сабағы ғана емес. Ол – едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі. Қазақстан тәуелсіздігінің тарихы аппақ парақ бетіне өздігінен түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну және болашақтың дидарын көзге елестету үшін біз өткенге көз жіберуіміз керек» деп, өткенге тың көзқараспен қарауға үндеуінің өзі Ұлы даланың ұлы есімдерін дәріптеп оларды әлемнің өзге елдерінің тұлғаларымен тең қоя алатындай дәрежеде жұмыстану міндетін қояды. Ұлы даланың ұлы тұлғаларын дәріптеу ұлттық кодтың бір маңызды индикаторы. Сонымен қатар Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалардың өмірлік қызметінің тарихы қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру факторларының бірі болып табылады. Өйткені төл тарихын білетін, оны бағалап, мақтан ететін ұрпағы бар халықтың болашағы зор болатыны кәміл.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Риккерт Г. Философия жизни.-К.:Ника-Центр.-1998.-512 с.
2. Плеханов Г.В. к вопросу о роли личности в истории //Избранные философские произведение. Т.2.- М.:Госиздат.,1956.-824с.
3. Н.Ә.Назарбаевтың Л.Гумилев атындағы университет студенттері алдындағы сөзі //Казахстанская правда, 2007, 27 мамыр
4. https://wiki2.org/ru/ Путь Абая.

ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

Жұмағалиева М., 1 курс студенті
Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек - деп айтқан Ұлт Көшбасшымыз Н.Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек» екенін атап көрсеткенді. [1,1]

Адамзатты әуелі түркі, кейіннен қазақ мәдениеті өзінің терең де бай екенімен, әлемнің далалық келбеті көрініс тапқан даналық сәулет өнерімен, халықтық қолданбалы өнердің жауһарларымен, киелі ғимараттарымен, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тәнті етті. Ұлы дала туған мәдениеттер жүйелі түрде зерделеніп, қазіргі заманғы мәдениетте, сәулет өнерінде және басқа да салаларда неғұрлым кең қолданылып отыр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы, мәдени-тарихи мұраны сақтау, ұлттың рухани жаңаруы аясында Ұлы дала құндылықтары ерекше маңызға ие болды. Көшпенділердің Ұлы даланы және айнала-сындағы әлемді құндылық тұрғысынан бағалау ерекшеліктерін, материалдық игіліктерін жинақтаумен қатар, оларды еркіндік пен рухани дамудан да іздестіруіміз қажет. Мұны Мемлекет басшысы мақаласында айқын көрсетіп берді. Сан ғасырлық Ұлы дала мұрасын

қазіргі ұрпақтың және болашақтың жадында қалдыру үшін, цифрлы өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, тарихи сананы жаңғыртуымыз керегі мақалада орынды айтылған. Мақалада тарихи сананы одан ары жаңғырту мақсатында алты бағыттағы бірнеше ірі жоба қарастырылған. Атап айтсақ, «Архив – 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» және «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі».[2,21] Ұлтымызға ұйытқы болар осы ауқымды шаралардың өз деңгейінде орындалуы заман талабына сай туындаған өркениет талаптарына сайма-сай және мемлекет ретінде ілгері басуымызға жол ашары анық.

Елбасымыздың халыққа жолдаған осы 2018 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ерекше атап өтетін жайт тарихымызға ерекше көңіл бөлінген. Оның ішінде «Ұлы дала металлургиясы» және «Архив 2025» мұнда құндылықтарымызды бағалап оны әрі қарай дамыту керек екені айтылған. Осы ұлы даланың мұрасын асқақтатқан бірден бір адам ол-Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Әлкей Хақанұлы Марғұлан - көрнекті ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғалым-археолог, этнограф, шығыстанушы, тарихшы, филолог, қоғам қайраткері. Қазақ халқының мандайына біткен біртуар ұлы, көзі тірісінде аңызға айналып, ғұлама атанған. Ленинградта оқып жүрген кезінен бастап, Ә.Х.Марғұлан қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жан-жақты зерттеп, әдеби және архив деректерін жинаумен айналысты. Осы жылдарда ол көркем әдебиет саласында да біраз іс тындырды. Оның аудармасы бойынша қазақ қауымы орыстың және шетел жазушыларының көркем шығармаларымен таныстыры.

1926-1927 жылдары Ә.Х.Марғұлан КСРО Ғылым академиясының одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі Ерекше комитет мүшесі, академик А.Е.Ферсманның және профессор С.И.Руденконың басшылығымен Қазақстан және Алтай ұйымдастырылған экспедицияларының жұмысына қатынасты. Оның қазақ мәдениеті мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жетік білуі экспедицияның антропологиялық отрядының жұмысына өлшеусіз септігін тигізді. Экспедиция барысында Ә.Марғұлан Ә.Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет жасады. Осы экспедициялық зерттеудің нәтижесінде Ә.Бөкейханов адайларға байланысты мақаласын жариялады. Сонымен қатар Ә.Марғұланның да наймандар мен адайлар туралы жазған алғашқы ғылыми мақалалары баспа жүзін көрді. 1938 жылы Алматыда КСРО Ғылым академиясы бөлімшесінің ашылуына байланысты тарих саласы бойынша білгір, сауатты ғалым ретінде Әлкей Марғұлан елге шақыртылады. Бұл - Қазақстан ғылымы мен ғалымдары үшін өте бір ауыр кезең болатын. 1937 жылғы қырғын қазақтың тарихы мен әдебиетінің жүгін көтеріп жүрген ғалымдардың көпшілігін жойды.[3,36] Қазақ елінің рухани жүдеушілігі басталды. Бұл апаттан елді аман алып шығуға К. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә.Марғұландар белсене кірісті. Ә.Марғұланның алдына қойған міндеті әрқилы еді, біріншіден, тарих, археология, этнография ғылымдарын жүйелеп бір жолға қою, екіншіден, ескерткіштерді зерттеуге ел ішіне ірі экспедициялар ұйымдастыру, ғылымға бейімді жастарды тәрбиелеу, тарихтың әр саласынан, әдебиеттен монографиялық еңбектер жазу. 1945 жылы Ә.Марғұлан қазақ ғылымының тарихында алғаш рет қазақтың ерлік жырларынан «Қазақ халқының эпикалық жырлары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Осы күнге дейін ғылымда бұл еңбекке жақын, деңгейлес келетін зерттеу жұмысы жоқ деуге болады. Бұл жұмыс - Әлкей Марғұланның талай жылдық еңбегінің қорытындысы іспетті.

Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Оның ішінде айтатын болсақ Орталық Қазақстан. Еліміздің металлургия Орталығы десек те артық болмас. Бұл жерден табылған дүниелер ата- бабаларымыздың жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді.

Жезқазған мысты кен орны адамзатқа үш мың жыл бұрын белгілі болған. Бұған куә көптеген ашық жұмыстар кесіндері, балқыту пештері, жыныстар мен кен үйінділері. Бұрынғы кен қазушылар жер қойнауынан 2 миллион тоннадан аса жоғары сапалы мыс кенін шығарған. Уақыт өткен сайын мұндай өндірулер азайған. Қала тарихы комбинаттың тарихымен тікелей байланысты. Жезқазғанның алғашқы тұрғындары құрылысшылар мен кеншілер болды. Ғасырлар жылжып өтті. Тарихтар қойнауындағы Орталық Қазақстан ескерткіштерінің тарихи маңыздылығын айғақтайтын тас бетіне салынған суреттер - петроглифтер алғаш рет ғылыми айналысқа түсті. Қазақстан жеріндегі археологиялық зерттеулердің жаңа кезеңі Ғылым академиясы құрылғаннан кейін жаңа қарқынмен жүрді. Осы кезеңнен бастап республикадағы археологиялық зерттеулерге тарих институтының археология бөлімі жетекшілік ете бастады. Академик Ә.Х. Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы халқымыздың тарихын, мәдени шежіресін жалықпай зерттеп, көпшілік санасының өсуіне, білім қорының молаюына зор ықпал жасады. Академик ағамыз өзінің тау суындай сарқыраған ұшан еңбегінің арқасында «Қазақ археологиясының атасы» аталынып, есімі бүгінгі XXI ғасыр жастарына да мәшһүр екендігін мақтанышпен айта аламыз.

Академик ағамыздың Ұлытау-Жезқазған өңіріне алғашқы сапары 1943 жылы қыркүйек айында Кеңес Одағының Ғылым Академиясы Қазақ филиалы ұйымдастырған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшысы А.Иманов туралы материал жинауға шыққан экспедицияның оңтүстік бөлімінің басшысы ретінде басталды. Осы сапар барысында Әлкей Марғұлан Ұлытау жерінде алғашқы археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, Ұлытау тауының ең биігі - Ақмешіт Әулиеде ескі қорған табады. «Ескерткіш жанында бақсылық діни-нанымның белгілері байланған ақтық және ат құйрығының үзіктерінің табылуына қарағанда бұл оба Дешті Қыпшақ даласына ислам дінінің таралу кезеңінде, яғни б.з. X ғасырда дүниеге келуі мүмкін» деп жазған дерегін келтіреді. Ә.Марғұланның 1947 жылғы үшінші сапары кезінде Ұлытау және Арғанаты таулары беткейлерінде көне тас мүсіндері зерттелінген. «Бес оба», «Үш оба», «Мұртты оба»деп аталатын ескерткіштер Ұлытау өңірінде көптеп кездеседі. Зерттеу кезінде «мұртты обаларда» көмірдің, ағаштың күлдері табылды, яғни, бұл орындар «құрбандыққа шалу» ғұрпын жасау үшін қолданылған деп пайымдай отыра, «Қаракеңгір өзенінің жоғарғы сағасында орналасқан қорғаннан қыш ыдыстар мен қарт адамның қисайтып жерленген бас сүйегінің табылуын: археологтар Гейкель мен Бернштамның Талас өзені бойындағы Кеңкөл қорымынан тапқан бас сүйектері мен бұл жәдігерлер ғұн заманына сәйкес келуі мүмкін» - деген болжам жасайды Ә.Х. Марғұлан . Бұл ойлар, ежелгі қазақ жерінің елеулі мәдениет орталығы болғандығын, онда, ондаған қалалар орнап, мыңдаған өнер иелерінің өмір сүріп, еңбек еткендігін, олардың адамзат мәдениетіне материалдық және рухани байлықтар жасағандығын баяндайды[4,8]

Дегенмен, Н. Ә. Назарбаевтың мақаласындағы «Архив 2025» айтып өткендей біз осымен тоқтап қалмаумыз қажет. Ұлы даланың мұрасы мұнымен аяқталып қалмайтыны сөзсіз. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек. Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» 21 қараша, 2018 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.

3. Маргулан А.Х. Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года // Изв. АН Каз ССР. Сер. археол. – 1949. – Вып. 2. – С. 3-36.

4. Байпақов К.М., Ақышев К.А. Қазақ археологиясының атасы // Қазақ тарихы. - 1994. – № 2. - 7-10 бб.

ӘНУАР ӘЛІМЖАНОВТЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Жұмамұратов Н.А., 1 курс магистранты
Искакова К.И., филос. ғ.к., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Өлім-екі түрлі.Бірі-табиғи өлім, екіншісі – рухани өлім.

Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу», - деп тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаев айтып кеткендей, кеменгер тұлғаларымыздың рухани мұрасын өлттірмей, келесі ұрпаққа мұра етіп қалдыру әр бір қазақтың парызы. Осындай, тұлғалар қатарына белгілі жазушы және қоғам қайраткері Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановта жатады. Жазушының шығармалары XX ғасырдағы әр түрлі қиындықтар мен рухани қымысға тап болғанымен, қазақ халқының рухын көтеруге бағытталды. Сондықтан, біз жазушының еңбек жолымен шығармаларына тарихи тұрғыдан шолу жасауды жөн көрдік.

Біз алдымен Ә.Әлімжанов тарихи тұлға ретінде қарастыратын болғандықтан, алдымен адам деген не, тұлға деген не сынды сұраққа жауап беріп алайық. Адам — өзіне тән биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі, сондықтан табиғат заңдары оның дамуына да әсер етеді. Қоршаған ортаға бейімделіп, өз тіршілігі үшін дайын заттарды пайдаланатын жануарларға қарағанда, адам өзіне керектіні өз қолымен жасайды[1]. Яғни, адам деп табиғатқа тәуелділігі жоқ, еңбек құралдарын жасау білетін тіршілік иесі. Бұл жерде тұлға дегеніміз не? Оның адамнан қандай айырмашылығы бар деген қызықты сұрақтар туындайды. Бұл сұраққа көптеген ғалымдар жауап іздеді, солардың бірі Манаш Қозыбаев. Тұлға- интеллект, ақыл, парасат иесі. Ол өткірлігімен, тапқырлығымен, көрегенділігімен, қажымас күш-қуатымен, ақыл-парасатымен, басқаша айтқанда, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен ерекшелеген жан [2]. Осы қасиеттерді Ә. Әлімжановтың бейнесінен іздеу үшін, оның өмір жолына тоқталып өту қажет.

Әнуар (Әнуарбек) Тұрлыбекұлы Әлімжанов 1930 жылы 12 майда Талдықорған облысы, Андреев ауданы «Қарлығаш» аулында дүниеге келген (сурет-1) [3] . Балалық шақта алдымен шешеден, кейін 1941 жылы ақпанда әкеден жетім қалып, Әнуар Әлімжанов «Екпінді» интернатындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алған. Колхозда шопан, сүт тасушы, жанармай тасушы, тракторист сияқты тіршілік жағдайына қарай шаруашылықтың біраз саласында алғашқы еңбек мектебінен өтіп, өмірге деген көз-қарасы ерте қалыптасқан [4].

1947 жылы Ә.Әлімжанов Лепсі педагогикалың училищесін, 1954 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттікуниверситетінің журналистика бөлімшесін бітірген. Жазушы өзінің журналистік қызметі барысында:Облыстың «Алма-Атинская правда» газетінде;1955 жылы «Литературная газетаның» Қазақстан бойынща меншікті тілшісі;«Ленинская смена» газеті редакторының орынбасары;Қазақстан және Қырғызстан республикалары бойынша «Правда» газетінің тілшісі;«Қазақфильм» студиясының Бас редакторы;«Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы сынды т.б. қызметтермен айналысқан;

Тіпті, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары қызметтерін атқарды. 1985 жылға дейін республикалық тарихи ескерткіштер мен мәдениетті қорғау жөніндегі Қазақ қоғамы Орталық советі президиумының председателі болып қызметте атқарды.

Ә.Әлімжанов Азия және Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі комитеттің, Африка халықтарымен достықтың Қазақ Ассоциациясы Президиумының, Африка халықтарымен достықтың Ассоциациясы Басқармасының мүшесі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болды. Осындай қызметтері үшін, жазушыға Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы, Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты. «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы ордендерімен марапатталып, Қазақстанның Халық жазушысы атағына ие болған[5].

Көптеген жетістіктерге қарамастан, Ә.Әлімжановтың өмір сүрген кезеңі қазақ қоғамындағы ең күрделі кезеңдердің бірі болды десек қателеспейміз. XX ғасырдың 30-жылдары қазақтың зиялы қауім мүшелері, яғни Алаш қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшыраса, Ашаршылық пен 1941-1945 жылдардағы соғыс қазақтың санын азаюына алып келді, соғыстан кейін, бұл жағдай жалғасын тауып, 50-жылдардағы қуғын-сүргінге алып келді, осылайша қазақтың рухани мұрасы тапталып, еңсесі түсе бастаған заманға айналды. Тек, Хрушевтің жылымылығы заманынан бастап, қазақтың рухын қайта көтеру мүмкін бола бастады.

Осы тұста Ә.Әлімжанов сол заманғы ең танымал газеті «Правданың» әдеби басылымында, яғни «Литературная газетында» рухани салада бұрын-соңды көтерілмеген өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірді көтеруге тырысты, әсіресе, тарихи хикаялар мен романдарға көп тоқталып өткен. Оған жазушының «Күнге бет алған керуен», «Отырар ескерткіші», «Махамбеттің жебесі» сынды т.б. еңбектері мысал болады [6].

Сондай-ақ Әнуар Әлімжанов қазақ қоғамында Фарабитану ғылымының дамуына өзінің үлесін қосты. Сол кездегі Ағжан Машанов, Ауданбек Көбесов сынды шығыстанушы қазақ ғалымдары Әл-Фарабидің өмірі мен ғылыми еңбектері туралы зерттеу жұмыстарын жарыққа шығарып, ғалымды бүкіл Кеңес Одағына насихаттады. Көптеген ғалымдармен біріге отыра Әнуар Әлімжанов, Әл-Фарабидің тегі «өзбек» деп тұжырым жасалуына қарсы шығып, оның қазақ-қыпшақ екенін ғылыми айналымға енгізуге өз үлесін қосып және ұлы ғалымның туғанына 1100 жыл толуын Алматыда әлемдік деңгейдегі іс-шара түрінде ұйымдастыруға атсалысқандардың бірі осы Әнуар Әлімжанов еді. Фарабитану ғылымының дамуына «Ұстаздың оралуы» атты жазушының еңбегі де орасан зор үлес қосты. Бұл шығармада Әр-Фарабидің араб әлеміне тек білім алып, үйрені үшін аттанып қана қоймай, ғалымның араб әлеміне түрік және қышпақ өркениетін тарату үшін аттанды деп айтылады. Осылайша, жазушы бұл шығарманы жазудағы мақсаты қазақтың мәдение рухын көтеруді көздегенін көреміз.

Осыдан-ақ Әнуар Әләмжановтың қазақ қоғамындағы беделі жоғары, тұлға болғанын көре аламыз. Жазушы тек Қазақстанның төңірегін де ғана емес, халықаралық деңгейде де зор беделге ие болған. Оған дәлел, «ӘНУАР! Пәкістандық достарыңыз Сіздің шығармашылық әрбір табысыңызға әрқашан қуанып жүреді. Сіздің өнегеңіз бізге ерекше ғибратты, қымбат. Досым, бақытты болыңыз, тың табыстарға жете беріңіз! Төл әдебиетіңіз гүлдене түссін!» деп Фаиз Ахмад Фаиздың 1976 жылы жазған хаты айтсақ болады. Осындай хаттарға 1973 жылы 29 қарашада жазылған «Құрметті Әнуар ӘЛІМЖАНОВ! Қазақ халқының әдебиеті, мәдениеті, тарихы хақындағы тамаша әңгімелеріңіздің бізге әсер еткені соншалық, естігендеріміз бір ғажайып суреттердей болып әлі күнге көз алдымызда тұр. Студенттеріміз Сіздің, білімдарлығыңызға қоса, қарапайымдылығыңызға қайран қалды, Сіз олардың жүрегін баурап алдыңыз!»-Эдвард С.Мейнардың (АҚШ университеттерінің Нью-Йорк бірлестігі қара студенттер қауының профессоры) жазбасында жатқызуға болады. Бұдан көретініміз, жазушының халықаралық деңгейде беделі қазақ болғанын көреміз[7].

Ә. Әлімжановтың кезінде қазақ әдебиетінің тыныс ашыла түсті, халықаралық деңгейде таныла түсті. Ол жазушылар ұйымының көпшілік мойындаған басшысы ғана емес, сонымен қабат саясаткер, философ, конфликтолог, шығыстанушы, тарихшы, қазіргі тілмен айтқанда, жоғары дәрежедегі менеджер еді. Ол өз ана тілін мүлтіксіз білсе де, неге тек орыс тілінде жаза бастады? Сол кездегі саяси сәнге ілесу үшін бе? Олай емес, мүлде олай емес! Ол өркениеттердің, Шығыс пен Батыстың, көзге көрінер мен көрінбестің арасын жақындата

түсуді мақсұт тұтқан. Мен осыған нық сенімдімін. Халықаралық аудиторияға әдеби-мәдени мәселелерді ғана емес, сонымен қатар өз халқының көкейтесті әлеуметтік-тұрмыстық проблемаларын жедел жеткізуді көздеген. Сөйтіп, екі жақты байланыс орнатқан. Ал сол қырлар арқылы кез келген мемлекеттің саяси әуселесі айқын көрінеді.

Қазақстан Жазушылар одағы, КСРО Жазушылар одағындағы қат-қабат ұйымдастыру жұмыстарымен жүрген қаламгер шығармашылықтан да қол үзген емес. «Махамбеттің жебесі» (1969), «Жаушы» (1974), «Ұстаздың оралуы» (1979) тарихи романдары бірінен соң бірі дүниеге келіп жатты. Рухани, идеологиялық қыспақтың дәртесінде жүріп-ақ ол ұлы қазақтың бірі - Мұстафа Шоқайды ақтап алу үшін Мәскеудегі «Дружба народов» журналына көлемді мақала жариялады. Айтыс-тартысқа тағы да білек сыбана кірісіп кетті. 1989 жылы Әбіш Кекілбаевпен бірге Өзендегі толқуларға ара ағайындық жасап, басу айтып қайтты. Сол жылдың 17-19 шілдесінде Семейде өткен «Семей қаласы және Семей облысының экологиялық ахуалы және халқының денсаулығы» атты халықаралық конференцияға қатысып, қазақ халқының жыртысын жыртқан да Әнуар Әлімжанов еді. Кейінірек Ұлыбританияның Қауымдар палатасында ядролық сынақ мәселесіне байланысты нақты дерек түсіріп, бірінші дауыс көтерген, халықаралық дүмпу туғызған да қазақ азаматы Әнуар Әлімжанов еді [8].

Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов өнегелі сөзімен де, нақты ісімен де туған халқына жан аямай қызмет етті. Өзінің бар күш-жігерін, беделін жұмсап 1973 жылы Алматыға әкеліп өткізген Азия-Африка жазушыларының Y конференциясы түйсігі бар қазақ ойшылдарына үлкен ғибрат қалдырды, отаршылдықтан құтылған елдер тынысы, азат пікірлі қаламгерлер шығармалары қазақ әдеби кеңістігіне кеңінен тарады. Ел ояна бастады. Шынайы азаттықты аңсаған, ұзағынан ойлап-толғанатын арлы азамат жазушының басты идеясы да сол еді. Мына жалған дүниедегі шығармашылығының соңғы нүктесін ол «Таным» атты философиялық романымен қойып кетті. Осы туынды - оның дүниетанымдық позициясы, ұлтының келешегі үшін алаңдауы мен қамығуы.

Қаламгерлік еңбегі үшін Ә.Т. Әлімжанов Қазақстан комсомолы сыйлығына, Қазақ КСР-нің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына, Джавахарлал Неру атындағы халықаралық сыйлыққа, халықаралық «Лотос» сыйлығына, Агостиньо Нето атындағы халықаралық сыйлыққа ие болды. Кезінде СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаев оған республика партия ұйымының идеология хатшылығы қызметін де ұсынғанын көпшілік біле бермейді.

Қазақ халқының тағдыр-талайы туралы ақтық демі таусылғанша айтып та, жазып та кеткен белгілі дипломат Болатхан Тайжанның 1999 жылы жазған мына пікірі де Әнекең сынды алыптардың бейнесін сәулелендіре түсетіндей. КОКП ОК-нің сырттан келген тың игерушілерге ғана берілетін жеңілдіктерге арналған қаулысына наразы болып жүрген ол бір күні Мәскеуде жазушы Әнуар Әлімжановты кездестіре қалады да: «Интернационализм дейсіз, орекеңдерді мақтап жүресіз, ал енді көріңіз, міне. - дейді. Әрі қарай сөзін былай бітіреді: - Әнекең намыстан жаралған қазақ еді ғой, Бүкілодақтық әдебиет институты өткізген кездесуде ширығып сөйлеп, одан кейін газетке мақала жариялап, жаңағы қаулының нағыз өктемдіктің бір фактісі болғанын, одан қазақ халқы материалдық та, моральдік те орасан зиян шеккенін өткір жазды. Джавахарлар Неру атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, көпке әйгілі публицист-жазушы Әнуар сол жылғы Лениндік сыйлыққа ұсынылғандардың тізімінде болатын. СОКП Орталық Комитетіндегі сырлас жолдастарымның бірінен ондағы шовинистердің Лениндік сыйлықты алуға бірден-бір кандидат Әнуарға дереу қарсы шара қолданып, оның аты-жөнін тізімнен сыздыртып тастағанын естіп: «Кесірім тиіп кетті-ау! Кейін айтпай, неге ғана асықтым екен?!» - деп қатты өкіндім» [8]. Қорытындылай келе айтсақ, Әнуар Әлімжановтың бойынан тұлғалық қасиеттерді толық көре аламыз. Бала кезінен бастап, өмірдің түрлі қиындықтарына тап болғанына қарамастан, алға ұмтылу арқылы қазақ қоғамындағы беделгі жазушы және қоғам қайраткеріне айналды. Өзінің өмір жолында қазақ халқының рухани мұрасын көтеріп, оны сақтап қалуға өз шығармаларын арнап жазды. Солардың ішінде, бүкіл әлемге танымал болған «Ұстаздың оралуы» атты шығармада

Фарабидің өміріне тоқталып, оның қазақтың қыпшақ руынын шыққандығын дәлелдеуі, Әнуар Әлімжановты тек жазушылық қасиетін көрсетіп қана қоймай, оның қоғамдық қызметтерінде көрсетеді. Ол қазақ жастарына отаншылдық намыс, өзінің ұлтының мүддесіне шексіз бағытталған жігерін, аталы сөздерін, том-том шығармаларын мұра етіп қалдырды. Кеменгер тұлғаның бүкіл өмірі-ұлттының рухани санасын көтеруге қалтқысыз қызмет етудің үлгісі десек қателеспейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Жеке тұлға туралы түсінік. URL:://www.tarih.spring.kz/ru/history /postwar/figures/alimzhanov/http
2. Тұлғалар тұғыры./Құраст. І.Қозыбаев.-Алматы: ҚазАқпарат, 2009.-540
3. Из истории социалистической партии Казахстана по документам архива Президента Республики Казахстан. URL: http://archive.president.kz/ru/iz-istorii-sotsialisticheskoj-partii-kazahstana-po-dokumentam-arhiva-prezidenta-respubliki-kazahstan/
4. Әнуар Әлімжанов шығармашылығындағы әдеби дәстүр. URL: https://baribar.kz/student/13835/anuar-alimzhanov-shygharmashylyghyndaghy-adebi-dastur/
5. Алимжанов Ануар (1930–1993 гг.) URL: /postwar/figures/alimzhanov/ http://www.tarih.spring.kz/ru/history
6. Біздің Әнуар / Наш Ануар.-Алматы: Нұрлы Әлем, 2010.-392 б.
7. Қабышұлы Ғаббас. Сөзден шошынғанға ем қонбайды.URL: https://abai.kz/post/9160
8. Қамзин Кәкен**.** Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановтың 80 жылдығына арналған баяндама // abai.kz›post/14242

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ АҚЖАН ЖАҚСЫБЕКҰЛЫ ӘЛ-МАШАНИДЫҢ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Имангалиев А.Т., 1 курс докторанты
Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарих – адамзат баласының жүріп өткен сан қырлы дәуір жолдары, бастарынан өткен қиындықтары, өмір арпалыстары, жеңісі мен жеңілісі. Тарих – сол халықты танытатын керемет өмір оқу құралы. Өткеннен сабақ алып, ата-бабаларымыздың елін, жерін қорғауда, қазақ халқының тар жол, тайғақ кешу кезеңдерін, күрестерін білу – жүрегім ұлтым деп соққан әрбір азаматтың борышы. Осылайша, белгілі ғалым Уәлихан Қалижанның «Тарихты тұлғалар жасайды» атты ғылыми тұжырымын атай келе, әр тарихи кезеңді алып қарасақ та халықты артынан ерте білетін өз заманының білгір де озық тұлғаларын көруімізге болады. Осы ойымды зерттеуші И.П. Варфоломеев: «Историческая личность» образ общественного активного человека, играющего заметную роль в истории частной событийности, отражающего важные социальные и гражданские черты характера своего народа…» [1, б 3].

Қазіргі уақытта тұлғатану мәселесі олардың қоғамдағы орны мен қызметі және өмірі жаңаша ғылыми әдістемелермен зерттеліне бастады. Осы тақырып аясында Отандың ғалымдар сан түрлі ғылыми еңбектерін жариялады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ғылымға қосқан ерен еңбегімен, сан қырлы зерттеулерімен белгілі, өз саласының білгірі Манаш Қозыбаевтың алар орны ерекше. Профессордың «Тұлғалар тұғыры» атты ғылыми еңбегінде «адам», «азамат», «тұлға» және тұлғалық қасиеттер туралы мінберінде көптеген мәселелерге анықтамалар берді. Манаш Қозыбаев аталмыш кітабында «тұлға» - бұл терең білімділігімен, ақыл мен терең ой-санаға және парасаты мол адам деп атап өтті. Сонымен қатар, сөзге жетік ораторлығымен, әділдігімен, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді терең тұрғыда меңгерген, ұлт жанашырлығымен және тапқырлығымен ерекшеленетін жан деп көрсетті.

Манаш Қабашұлы атап өткендей, тұлға ұғымы табиғатпен, яғни қоғамдық ортамен тығыз байланысты және табиғат берген сый деген шешімін өз еңбегінде атады. Шынтуайтында, тұлғалар сирек кездесетін сұранымға ие білгір адамдар болып табылады [2, б 6]. Осыған байланысты профессор, Жамбыл Артықбаев та ғалым Өмірзақ Озғанбайдың «Тарихи тұлғалар тағылымы» атты ғылыми еңбегінде пікір берген сұхбатында тұлғаның кездейсоқтықпен пайда болмайды, яғни тұлға – жүз жылда сұрыпталып барып қана дүниеге келетін дара иесі деп атап өтті [3, б 3].

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында атай келе: «ортағасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілімін таратқан» [4]. Осылайша, әлемдік деңгейде аталған екі тұлғаның Отан тарихында алатын орындары айтарлықтай. Соның ішінде 2020 жылы ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидың 1150 жылдық мерейтойы аталып өткелі тұр. Осынау тарихи тұлғаны және шығармашылық мұрасын зерттеп, Отан тарихы бетінде өшпестей таңба қалдырған Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың рөлін атап өтпеске болмайды.

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың ғұмырнамасына тоқталып өтетін болсақ, 1906 жылы қарашаның 2-де Қарағанды облысы, Қарқаралы өңірінің оңтүстік-шығысында орналасқан «Қызылсүйір» деген жерде өз заманының білгірі Машани би отбасында дүниеге келген [5, б 7]. Белгілі ғалым Ш.Абдраманның көрсетуінше, Ағыбай батыр, ақын Шортанбай қожа, Жанғұтты би, Машан би, Дербісал би және тағы басқалар өз замандарында Қарқаралы өңірінің мәдениетіне, ел және халық үшін жасаған ерен еңбек істеген тұлғалар деп атап өтті. Осы аталған тұлғалар әр қайсысы ел билеушілерінің кеңесшісі, ақылшысы, қолбасшысы және халық қалаулылары болды [6, б 17]. Яғни халық арасындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде маңызы үлкен болды. Атап айтатын болсақ, XIX ғасырда өмір сүрген Құнанбаймен достық тығыз қарым-қатынаста болып, Құсбек және Жамантай төрелер ерекше құрмет тұтты. Профессор Ш.Абдраман өз еңбегінде көрсете келе, Жамантай төренің: «Машан, Машандай ұл туғанша қашан» деп еске алған сәттерінен анық байқауға болады [6, б 15]. Осыдан XIX ғасырдың сөз майталманы Машан бидің елдегі алған орнын жоғары деңгейде болғандығына көз жеткізуімізге болады. Осыған орай, XIX ғасырда ел аузына қаратқан, білгір шешен Машан бидің ғұлама-зиялыларымен достық етене байланыста болып, ой-пікір алмасуы да өсіп келе жатқан Ақжан Жақсыбекұлы Машановқа өз әсерін тигізді. Осыған дәлел ретінде Шамшидин Әбдіраманов «Әл-Фараби және Абай» атты ғылыми еңбегінің алғы сөзінде оған Әлихан Бөкейханмен «Ақтерек» мектеп-интернатында бірге оқып білім алғандығы және Жақсыбектің немере ағасы Нөгербек пен Шәкәрім Құдайбердіұлының достық байланыста болуы Ақжан Жақсыбекұлының жастайынан Абай-Шәкәрім секілді ұлт зиялыларының өлеңдерін жаттап өсуі де осыдан деп атап өтті [7, б 10]. Осылайша, Абай-Шәкәрім зиялыларының еңбектерін оқу арқылы ежелгі шығыстың ұлы философы Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғасы мен мұрасын зерттеп, Отандық ғылым саласына жаңа бір жаңалықтарды дүниеге әкелді.

Ақжан әл-Машани 1929 жылдан бастап өзі туып-өскен жерде мектеп мұғалімі қызметінен бастады. Кейін 1934 жылы негізі қаланған Қазақ тау-кен инженері-геолог мамандығы бойынша үздік бітіріп, профессор П.А.Рыжковтың жетекшілігімен «маркшейдерлік іс» атты кафедрасының аспиранты атанды. Белгілі ғалым Ә.Н.Құдайбергенов «Тұла бойы намысқа толы өр қазақ» атты мақаласында атай келе, Ақжан Машановтың 1943 жылы «Торғай кенінің құрылымы» атты кандидатық диссертациясы және 1946 жылы Мәскеу геология-барлау институтының ғылыми кеңесінде геология, механика және кен ісі ғылымдарының тоғысында докторлық дисертациясын қорғап, ел ғылымының дамуына өзіндік бір үлес қосты. Кейін Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани ҚазССР Ғылым академиясының құрылтайшыларының бірі болып, академияның тұрақты корреспондент мүшесі атанды [8, б 5]. Ғылым жолындағы кандидаттық және докторлық диссертацияларында

өз ғылым саласы негізінде өзекті алдағы тұрған мәселелерді қозғап, геология, геомеханика саласында еңбектерінің маңыздылығы жоғары.

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани ғылым жолында геометрия, оптика, механика, химия, геохимия, кристалдық химия, геология, география, технология және әдебиет, философия, тарих ғылымдары бойынша еңбектері баршылық. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың осы ғылым саласына байланысты профессор Ә.Бейсенова «Менің ұстазым – Ақжан Машани» атты мақаласында келесідегідей атап өтті: «Ақаң тек қана маркшейдер, геолог емес, ол қазақ ұғымында полеонтологияның, минерологияның, кристаллографияның, стратиграфияның негізін салған адам. Жер ғылымының жаңа саласы – геомеханиканың негізін қалаушылардың бірі. Оның «Кристаллография, минерология және петрография» деп аталатын оқулығы кезінде табиғат сырына қызығушылардың қолынан түспейтін кітап болды» [9, б 15]. Осыған, байланысты 1939 жылы «Қазақ» мемлекеттік баспасынан жарық көрген Ақжан Машановтың «Таулар қалай құрылған» атты ғылыми еңбегінде тау жотасы тақырыбы төңірегінде «Таудың адам тіршілігіне керегі», «Тау деген не?», «Орал, Азия, Арқа таулары», «Таулардың құрылған уақыттары» атты тарауларға бөлініп ғылыми ой-тұжырымдарымен бөлісті [10]. 1948 жылы Ақжан Машановтың «Жер сыры» атты еңбегі жарыққа шықты. Келесі жылы 1949 жылы Жер сілкінуі» атты кітапшасы арнайы баспадан жарыққа шықты. ҚазССР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың «Жер сыры» атты кітабында былай деп атап өтті: «Геолог А.Машановтың «Жер сыры» атты еңбегі қазақ тіліндегі ең тұңғыш кітап болып табылады… Кітаптың әдемі әдебиеттік, геологиялық оқиғалар мен кейбір терминдердің негізін түсіндірудегі автордың шеберлігі ерекше болып табылады….» деп мәлімдей келе, аталмыш еңбектің геология ғылымы мамандарына таптырмас еңбектің бір үлгісі іспетті [5, б 233]. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың «Полезные ископаемые Казахстана» (1950)», «О некоторых принципах горной геометрии П.К. Соболевского» (1952), «Жер құрылымы» (1954), «Жер астына саяхат» (1957), «Геология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» (1960), «Ғылымның дамуы» (1960) еңбектерін атауымызға болады [11, б 369-371].

Сонымен қатар, IX-X ғасырларда өмір сүрген ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби және оның теңдесі жоқ мұрасын зерттеп, Отан тарихы ғылымы жаңа деректермен толықты. Ақжан Машанов шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби тұлғасын және мұрасын зерттеу мақсатында Таяу Шығыс елдерін, яғни Бағдад, Дамаск, Мысыр, Ливан елдерін аралап, Еуропаның ірі қалалары Берлин, Париж, Мадрид қалаларына тілек хаттарын жолдап көптеген қолжазба-деректерге қолы жетті. Осы деректік мәліметтерге сүйене отырып, Отандық ғылымның жаңа тарих бетіне енген Әбу Насыр әл-Фараби төңірегінде еңбектердің философиялық-тарихи маңыздылығы айрықша. Атап айтатын болсақ, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың «Әбу Насыр әл-Фараби еңбектері туралы» (1961), «Әбу Насыр әл-Фараби еңбегі – алғашқы рет қазақ тілінде» (1962), «Ұлы ғалым мұралары: әл-Фараби туралы» (1970), «Исследование трудов в Казахстане» (1975), «Космология аль-Фараби и ее влияние на Западе» (1975), «Ғажайып от ошағында» (1978), «Табу: ғылыми-фантастика» (1982), «Әл-Фараби және Абай» (1994) бар [10]. Бұл еңбектер ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидың еңбектері бойынша зерттеулердің аударылуы және ғылыми-тұжырымдамалары жаңа фарабитану ғылымының қалыптастыруға негіз болды. Соның ішінде Ақжан әл-Машанидың «Әл-Фараби және музыка» атты зерттеуінде «Кіріспе – Космос музыкасы» атты бөлімінде Әл-Фарабидың адамға тәлім-тәрбие беретін негізгі төрт ғылым саласына тоқтала келе, астрономия, музыка, арифметика, геометрия деп атады. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидың бір қолында астрономия болса, ал екінші қолында музыка деп, ал оларды өлшейтін, есептейтін және салыстыратын таразысы – математика деп атады [11, б 31]. Осы зерттеуде «Будда діндес халықтардың космологиялық музыкасынан», «Қос өзен өлкесінің космологиялық музыкасы», «қазақ халқының музыка мәдениеті жайында», «Пифагорлық музыка» және т.б. аталмыш тақырыптар аясындағы мәселелерді көтерді [11].

Сонымен қатар, Профессор Шамшидин Абдраман ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидың «Әл-Фараби және Абай» атты ғылыми еңбегіне баға бере келе, Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының теңдесі жоқ мұралары арқылы рухани байланысын және қазақ халқының ежелден келе жатқан мәдени тарихын танытып көрсетудегі құнды да таптырмас ғылыми еңбектердің қатарына жататындығын атап өтті. Аталмыш ғылыми еңбекте екі тұлғаның тарихын келтіріп қана қоймай. Өздері өмір сүрген замана кезеңдерін, бабалар тарихын және халық мәдениетін атады. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани аталмыш еңбегінде әл-Фараби және Абай даналықтарын дәлелді-дәйектер арқылы логикалық жолмен түйіндейді. Мысалы, әл-Фараби өз еңбектерінде «Ғалымның көркі оның иесін танудың жолы» деп атаса, ал Абай Құнанбаев ғылыми еңбегінде «жер жүзін безендірген тәңірім шебер» деп атады [7, б 6]. Бұл еңбекте әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының мұраларын және ғылыми тұжырымдарын салыстырып зерттеу арқылы, ортақ далалық сипат пен рухани сабақтастық үдерістерді көруімізге болады.

Ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбек әл-Машани ғылым жолындағы белестерді бағындыра келе, 1950-1997 жылдары Қазақ Тау-кен институтында қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде «Маркшейдерлік іс» кафедрасы меңгерушісі болып қызмет атқарып, 60 жылдан бастап осы оқу ғимаратында еңбек етті. Осы қызмет барысында Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани жетекшілігімен 1000-нан астам инженер-маркшейдерлер, 25-тен астам техника ғылымдарының кандидаты мен докторларын даярлады [8, б 32].

Қорытындылай келе, ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлының өмірдің соңына дейін халқына білім мен ғылымның, өнеге мен үлгінің нұрын шашып, таусылмайтын рухани қазына қалдырды. Ақжан әл-Машанидың еңбектері қазақ халқының баға жетпес асыл мұралардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Тарақов Әнуар Сауатұлы. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы). 10,01.02. Қазақ әдебиеті. Философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қазақстан Республикасы. Алматы, 2006. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

2. Қозыбаев І. Тұлғалар тұғыры. - Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. –540 б.

3. Озғанбай Ө.Тарихи тұлғалар тағылымы./Ө.Озғанбай.- Астана: Фолиант, 2006. – 440б.

4. http://www.akorda.kz/kz Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. 21 қараша 2018 жыл.

5. А.Машани.Ақжан Машанидың ғибраты. 7-ші т. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 – 266 бет.

6. Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш.Абдраман. – Алматы, 2006. – 340 б., суретті. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ұмырнамалық сериясы.

7. Машанов А. Әл-Фараби және Абай – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

8. Ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машанидың ғылыми мұрасының ұлттық идея контексіндегі тарихи құндылығы: атты ғылыми-тәжірибелік семинардың материалдары / жалпы ред. бас. Б.Ғ. Аяған. – Астана: Мемлекет тарихы институты, 2014. – 229 б.

9. Бейсенова Ә. Менің ұстазым – Ақжан Машани. Алматы Ақшамы баспасы, 23 қазан 2014ж.

10. http://nblib.library.kz. Машанов, Ақжан. Таулар қалай құрылған [Электронный ресурс] / Машанов, Ақжан; ҚР БҒМ ҒК "Ғылым ордасы" РМК,ОҒК. - Алматы : Қазақстан, 1939. - 35 б.

11. Әл-Машани. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. 16-том. әл-Фараби және музыка. – 416 бет.

ПОХОД АМИРА ТИМУРА 1389 г.

Исин А., к.и.н., профессор
Государственный университет им. Шакарима

В числе важных событий, относящихся к истории джучидских государств – военные походы Амира Тимура 1389, 1391 и 1395 гг. В историографии эти походы получили свою оценку, как приведшие к разгрому Золотой Орды, под которым подразумевается Улуг Улус - Объединённое Джучидское государство Токтамыш-хана.

Изучены и прокомментированы маршруты походов, особенно 1391 г. Если маршрут поход Тимура 1391 года через Улытау к Волге, великое сражение у речек Кундузша хорошо изучены в исторической науке, то этого нельзя сказать о маршруте похода 1389 г. В этом случае исследователям военных походов Тимура оказались нерасшифрованными подсказки местностей из «Зафар-наме». Исследователи оказались в плену стереотипных представлений о маршрутах походов Тимура в Могулистан, не предполагая, что Тимул шёл в 1389 г. с войсками через Сары-Арку.

К времени тимуровского похода 1389 г. степные вожди Дашт-и Кыпчака продолжали оказывать сопротивление великому завоевателю, начатое ещё героическими сыновьями Урус-хана и его полководцами. Некоторые полководцы Тимура также переходили на сторону сопротивленцев. Среди ведущих противников Тимура в Даште был талантливый степной полководец Енге-торе, возглавлявший улусы аргынов и кереитов Сары-Арки. Его связь и характер отношений с Токтамыш-ханом не ясны, хотя объективно его действия были на руку правителю Государства Улуг Улус. Известен поход Енге-торе на Мавераннахр в 1386 г., когда основные силы Тимура находились в Иране. Он нанёс большой урон тимуридским владениям и смог отойти, сохранив свои силы, когда войска полководцев Тимура, спешно подойдя, пытались его окружить. Поход Тимура 1389 г. был направлен именно против него, как наиболее опасного противника на пути к Государству Токтамыша.

О маршруте похода 1389 г. М. Иванин в книге, изданной в 1875 г., писал следующее: «Вероятно, Тамерлан шёл местами, по которым ныне проходит дорога на ст. Верную…» [1] Стереотипное представление о маршруте похода Тимура 1389 г. имело продолжение в многочисленных трудах XX века. Академик В.В. Бартольд, описывая поход Тимура, не связывал также географические названия, упоминаемые в двух «Зафар-наме», с территорией Сары-Арки [2]. А.Ю. Якубовский, также, как и В. Бартольд, видел конечные пункты пребывания войск Тимура, различая только Аягуз, Карагучур (Западный Тарбагатай), Иртыш и Алаколь. Подробно излагая события похода 1389 г., К.А. Пищулина, удивляясь не упоминанию в источниках ни о реке Шу, ни о реке Или, через которые войска должны были бы проходить, отмечала, что «движение войск шло, вероятно, вдоль Балхаша» [3]. Европейские исследователи, вообще далёкие от анализа топонимических названий на территории Казахстана, повторяли стереотипные представления о маршруте войск Тимура. К примеру, современный французский автор Жан-Поль Ру пишет: «Весной 1389 года Тимур направился к Тянь-Шаню…» [4]

После разрушения Ургенча (в отместку за переход под власть Токтамыш-хана) весной 1389 г. Амир Тимур сосредоточил свои войска на Нижней Сыр-Дарье и в районе Қаратау, чтобы вторгнуться в Поволжье. Опасность нападения Енге-торе в Мавераннахр во время ухода войск Тимура на запад была учтена советниками полководца. Эмиры и нойоны Тимура предложили: «Правильнее, если бы мы пошли на Инга-тюрю и устранили бы его зло, а затем направились бы в страну узбеков» [5]. Именно так поступил великий полководец, переиначив свой план и направив войска вместо северо-западного направления на северо-восток и восток, через горы и долины Сары-Арки.

Рассматривая эту проблему, в статьях, опубликованных мной в 1999-2000 годах [6], проанализированы оронимы и гидронимы, названные в хрониках «Зафар-наме» Низам ад-Дина Шами и Шараф ад-Дина Али Йезди в связи с походом 1389 г. В них названо достаточно

много названий местностей Сары-Арки, через которые проходили войска Тимура. По инерции, старые представления о маршруте похода Тимура в историографии и картографии сохраняются и поныне. Приходится вновь обратить внимание на те события и вкратце напомнить о тех выводах, которые были сделаны мной ранее.

В обеих «Зафар-наме», написанных, как известно в 1404 и 1425 гг., названы такие крупные оронимы и гидронимы Сары-Арки, как Уртағ (Уртақ) – Ортау, Туғрауут (Туғраатлығ) – Тоқырау, Тоқырауын, Чипарайғыр – Шұбарайғыр, Құраған – Қарағанды? Шибарту – Шұбартау, Көксалы – Көксала, Айакуз – Аягөз. Проанализированы по два списка географических названий, изложенные в хрониках в разной последовательности. Они не оставляют сомнения, что Тимур шёл с войском через горы Сары-Арки. На заключительных этапах перехода через Сары-Арку Амир Тимур преодолел реки Көксала, Аягөз и поднялся на горы Қарағұчур, отправил оттуда войска на захват улусов по южному Тарбагатаю в районе местности Уруң Йар – Үржар и озера Алаколь, по северному Тарбагатаю - вплоть до берегов Иртыша. В поиске врагов берега и острова Иртыша были прочёсаны его войсками, а на правом берегу реки воины ставили метки на деревьях [7].

В результате военной кампании 1389 г. через территорию Центрального Казахстана Тимур обезопасил себя от вторжений Енге-торе, разграбив и сильно ослабив его улусы. Это означало, что теперь он мог подготовить свой грандиозный поход для сокрушения могущества Государства Токтамыша, что и было осуществлено через год, в 1391 г. На этот раз войска преодолели Западную Сары-Арку с юга на север и, перейдя Яик, вышли на излучину Волги. Привлечение Тимуром на свою сторону степных правителей было расценено Токтамышем как причина его поражения в сражении при реке Құндызша. В письме Ягайло, объясняя «то дело», Токтамыш называл имена изменников-эмиров и беков, в числе которых Едиге-бий, использованный Тимуром для борьбы с Токтамыш-ханом, был презрительно назван как «человек по имени Едиге».

Военный поход Тимура в 1389 г. был успешным в плане обеспечения безопасности тимуридских владений на юге в то время, как войска чагатаев собирались вступить в противоборство с державой Токтамыш-хана, удаляясь от центра страны - Мавераннахра. Поход отрицательно повлиял на состояние улусов степного Казахстана. Налицо был демографический упадок, в том числе из-за угона большого числа населения в Мавераннахр. Степь лишалась демографического ресурса для сопротивления Тимуру. Особенно сильным было опустошение территории современного Восточного Казахстана. В дальнейшем это создавало условия для прихода в эти края ойратских племён.

Список использованной литературы и источников:

1. Иванин М. О военном мскусстве при Чингисхане и Тамерлане. 2-е изд. –Алматы, 1998. С.146.
2. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Сочинения. Т. III. – М., 1965. С.82-83.
3. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков. – Алма-Ата, 1977. С. 75.
4. Ру, Ж.-П. Тамерлан [Перевод французского издания 1991 г.]. – М., 2006. С.85.
5. «Зафар-наме» Низам ад-Дина Шами. «Зафар-наме» Шараф ад-Дина Али Йезди // Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып.1. – М., 1973. С. 106, 136.
6. Исин А. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // «Абай». 1999. №1. 34-42-бб.; Тимур в Восточном Казахстане: план и направление похода 1389 г. // «Вестник университета «Семей» 1999. №5-6. С.237-243; Тимур в Восточном Казахстане: план и направление похода 1389г. // «Отан тарихы». 2000. № 1-2. С. 124-128.
7. «Зафар-наме» Низам ад-Дина Шами. «Зафар-наме» Шараф ад-Дина Али Йезди // Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып.1. – М., 1973. С. 106-108, 136-139; Низамиддин Шоми. Зафарнома. – Тошкент, 1996. С. 152-154.

ДІНШЕ ӘДІЛОВ – АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Искакова К. Ы., филос.ғ.к., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

М.О. Әуезов атындағы, «Еңбек Қызыл Ту» және «Халықтар достығы» орденді Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры – тұңғыш кәсіпқой ұлттық сахналық мекеме. 1925 жылдың ақырында қазіргі Қызылорда қаласында Ұлт театры болып ұйымдастырылды. Театрдың құрылу тарихы алдағы 2020 жылы туғанына 120 жыл толатын, репресия құрбаны болып кеткен, театрдың алғашқы директоры, әрі көркемдік жетекшісі Дінше (Дінмұхамед) Әділұлы Әділовтің есімімен тікелей байланысты.

Дінмұхамед (Дінше, Мұқыш) Әділұлы (1900-1930) - қоғам және мәдениет қайраткері, ағартушы. Дінмұхамед (Дінше, Мұқыш) Әділұлы 1900 жылы Ақмола облысы, Ақмола үйезінің Шу болысында көшпелі малшы отбасында дүниеге келді. Кенесары хан қолбасыларының бірі Мыңжасар батырдың немересі. Жеті ағайынды, үлкен ағасы Байсейіт Әділұлы – алғашқы революция жылдарындағы белгілі қоғам қайраткері. Дінмұхамед Әділұлы ауылда қазақша сауат ашып,1909-1913 жылдары Ақмола қалалық қазақ-орыс мектебінде, 1913-1918 жылдары Омбы гимназиясында оқыған, 1919-21 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университетінде дәрістер курсын тыңдаған [1,20]. 1914-18 жылдары Омбы оқу орындарында оқып жүрген қазақ қыз-жігіттерінің саяси және мәдени-ағарту қауымдастығы ретінде танымал «Бірлік» ұйымының мүшесі, бірер мезгіл хатшысы да болды. Қошке Кемеңгеров екеуін Омбыда оқитын жастардың «Бірлік» атты саяси және мәдени-ағарту ұйымы табыстырды. Мұндағы жалпы оқу, өнер-білім игеру көкжиегін кеңейтуді көздеген басқосулар (олардан тысқары, әдетте астыртын өтетін жиындарда, заман талабынан туындап жататын саяси ой-пікірлер жасырын түрде айтылатын, пікір таластырылатын, халық мүддесі тұрғысында түрлі жоспар жасалатын), сауық кештері, сондай-ақ баршасы бірігіп жасап жүрген «Балапан» атты қолжазба журнал олардың көзқарастарын айқындауға, азаматтық тұғырларын сомдауға септесті. Қошке өлең жазатын, домбыра тартып, ән салатын, мәдениет тарихын қуа оқитын Дінше Қошке Кемеңгеровпен бірге ұйымның белсенді мүшелері болды. Екеуі де белгілі бір кезеңдерде «Бірлікте» хатшылық міндет атқарды. 1917 жылғы сәуірде Д.Әділұлы Ақмола облысы қазақтарының съезіне қатысады, съезде сайланған атқару комитетінің нұсқаулары ретінде Қошке Кемеңгеров екеуі Ақмолаға келіп, Сәкен Сейфуллинмен бірге үйездік қазақ комитетін, жастардың «Жас қазақ» ұйымын ұйымдастырады. Олар 1917 жылғы қазанда «Алаш» партиясы Ақмола облыстық комитетинің мүшесі болып сайланған. Дінше 1917 жылдың соңындағы саяси оқиғаларға байланысты солшыл қанатқа ауысып, жастардың демократиялық кеңесін құрады.

1917 жылғы қазан айында қазақ арасынан барған он шақты делегат жетекшісі ретінде Сібір автономистерінің съезіне қатысуы атақты қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың саяси бағдарындағы ірі бетбұрыс кезеңі болды. Ол съезден кері оралып келе жатқанында Омбыға аялдап, зиялылармен, оқып жүрген жастармен кездеседі. Алаш партиясын құрудың нақты қадамы да осы сапар жасалады. Большевиктердің Петроградтағы 1917 жылғы қазан төңкерісіне орай, Омбыда оқып журген жастар арасында екіұдай көзқарас туғанда, Д.Әділұлы ұйымның демократиялық қанатында болды. Бұл кезде қызыл әскерлермен Благовещенскіге өткен. Содан қанша қыл көпірден өтіп, минут сайын өмірін құрбан қылуға даяр болып, Омбы шаһарына келеді. Ол Омбы жасақталған қызыләскерлер отряды құрамына Қиыр Шығысқа аттанып, 1918 жылдың сәуір-қыркүйек айларында ақтарға қарсы соғыстарға қатысты. 1918 жылы желтоқсанда Омбыда Колчак үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс жасаушылар қатарында болды, көтерілісшілер жеңіліске ұшыраған соң ол жасырынып, ақтар билеген аймақтан кеңес өкіметі орнаған өлкеге қарай қашады. Кеңестердің 1920 жылғы қазанда Орынборда өткен ұйысу съезі Дінше Әділовты сырттай Қазатком (КирЦИК) мүшесі етіп сайлады. Дінше Орынборда Кеңестік Қазақ Республикасының тұңғыш сайланған Орталық

Атқару Комитетінің мүшесі, алғашқы кеңестік үкімет құрамындағы Ішкі істер халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссариатының орынбасры, бірер мезгіл міндетін атқарушы болған аз мерзімде жас мемлекет іргесін нығайтуға бағытталған едәуір жұмыс жүргізді (Батыс үйездерінің біріндегі ахуал жайында Қазатком Төралқасы межілісінде арнайы баяндама жасады, Ақмола үйезі қазақтарының көңіл-күй зеттеу үшін іссапарға арнайы жауапты қызметкер аттандырды, халкоматтың ішкі қызмет тәртібін нығайтуға бағытталған шара қабылдады, т.б.) және әр қадамында ұлт мүддесі талабын ескеріп отырады [1,45].

Монархияның құлауы Қошке Кемеңгеров екеуін ашық саясат алаңына бірге алып шықты. Омбыдағы Бостандық үйінде (күні кешегі Дала генерал-губернаторы кеңсесінде) 1917 жылдың сәуірінде өткен Ақмола облысы қазақтарының съезінде азаттық таңының атуына байланысты ағымдағы ахуал талқыланып, қазақтардың облыстық атқару комитеті құрылды. Съездің шешімін орындау мақсатымен қазақ атқару комитеті жұмысқа «Бірліктің» белсенді жастарынан жәрдемшілер тартты. Жер-жерде халық жиналыстарын өткізіп, қазақ комитеттерін құру үшін солардан комиссарлар жасақтап, үйездерге жіберді. Қошке мен Дінше Ақмола үйезіне бөлінді. Ақмолада олар сондағы мұғалімдер Сәкен Сейфуллин, Бірке (Бірмұхамед) Айбасовпен бірлесіп әрекет етті. Ауыл-ауылды аралап жиындар өткізді, үйездік жиналысқа өкілдер жіберілуін ұйымдастырды. Үйез тұрғындарының съезінде үйездік қазақ атқару комитеті құрылып, оған Рахымжан Дүйсенбаев төраға, бұлар мүше болды да, бостандық таңы арайындағы саяси жұмыстарын екпіндете жүргізе берді. Ұзамай байырғы журналист Рахымжан (ол «Дала уәлаяты газетінде» 1902 жылғы жабылуына дейін істеген, сосын заңгерлік білім алып, адвокат болып қызмет атқарып жүрген) «Тіршілік» атты газет шығарудың шаруасымен орталық қалаларға іссапарға кетеді. Үзеңгілес жігіттер Сәкеннің басшылығымен ауылдардағы жастардың басын құрап, «Жас қазақ» ұйымын құрады («Жас қазақ» мүшелері түскен, Сәкен «Тар жол, тайғақ кешуде» жариялаған суреттің бел ортасында албырт жас Дінше де бейнеленген). Содан бәрі революция рухындағы қызық жұмыстар жүргізеді. Солақай әрекеттер де болып тұрады: олардың тым тапшылдық көрсетіп, ауқаттылармен араздасулары, дінге қарсылық білдірулері, тиісінше жергілікті бас адамдармен тіл табыса алмаушылықтары ұзамай теріс нәтижесін береді. 1917 жылғы шілдеде Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезінен кейін өткен үйез халқының екінші жалпы жиналысында атқару комитеті қайта сайланады. Оның құрамына Сәкен мен оның серіктері енгізілмейді. Содан Қошке мен Дінше Омбыға қайтып кетеді. Екеуі де өз оқу орындарындағы сабақтарын жалғастырады.

1917 жылғы қазан айының аяғына қарай Омбыға Томдағы Сібір автономияшыларының съезінен келе жатқан Әлихан Бөкейханов соғады. Белгілі қоғам қайраткері және болашақ ұлт көсемімен Бостандық үйінде өткен кездесу Алаш саяси партиясын құру жиынына ұласады. Сол жиналыста Қошке де, Дінше де Алаш партиясының Ақмола облыстық комитеті мүшелігіне сайланады. Осында Бөкейхановтың пайым, уәждеріне студент Шәймерден Әлжанов қарсы сөйлеп, солшыл бағыттағы өзгеше көзқарас танытқан болатын. Ол ұзамай Көлбай Төгісов, Мұқан Әйтпеновтерді қолдап, социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясын құруға қатысады. Осы жәйт және Петроградтағы большевиктердің совет өкіметін жария еткен Қазан төңкерісі, сондай-ақ Орынбордағы Алаш автономиясын құрған Желтоқсан жалпықазақ құрылтайы «Бірлік» ұйымының тағдырына қатты әсер етеді: 1918 жылғы сәуірде «Бірлік» мүшелері көзқарас ыңғайымен екі жарылады. Қошке алаш тұғырындағы «Жас азамат» ұйымына, Дінше кеңестік бағдардағы Демократиялық одаққа қосылады. Ұзамай Дінше мүлдем большевиктеніп, Омбыда жасақталған қызыл партизандар жасағына кіреді де, ақтармен соғысу үшін Қиыр Шығысқа аттанады. Ал Қошке жастардың ұлттық мүддені күйттейтін жаңа ұйымының тілі болып табылатын «Жас азамат» газетін шығарумен шұғылданады. Осылай екі дос қоғамдық қозғалыстың екі қанатына шығып, қилы тағдыр сындарына кезіккен өз жолдарына түседі [1].

Қошкенің 1925 жылғы 16-наурызда Діншеге жазған бір хаты ОГПУ жүргізген қылмыстық тергеу ісқағаздары арасында тігулі тұр. Хатында ол ғұмырында талай тарихты

бастан кешкен Діншенің сонау Қиыр Шығыс сапарынан бастап, қазіргі өміріне шейін терең білгісі келетінін жазған. Қандай мақсатпен коммунизм жолына түскен? Бұл жолдан неге ауытқыған? Өзі көрген уақиғалар, сапарлас, қарым-қатынас жасап жүрген достары хақында қысқаша ақпар берсе. Бұлар оның қазақ зиялыларының өмірі жөнінде роман жазуы үшін қажет. Түркістандағы істері туралы хатқа жаза алмаса, ауызша айтсын, Қазақстанның дүмді деген қайраткерлеріне мінездеме берсін. Соларды есту үшін арнайы кездескісі келетінін айтқан. Сол жылғы көктемнен «Алтын сақа» сахналанып болған 1926 жылдың басына дейін олардың талай кездескеніне күмән жоқ.Қошкенің болашақ романына негізгі материалды Діншеден алғысы келуі, оның сонау омбылық досының бейнесіне шығармашылық қызығушылықпен қарауы өте орынды-тын, себебі Дінше революция ісіне жан аямай атсалысқан, сосын оның барысынан көңілі суып та үлгерген қайраткер-тін. Хатында айтқанындай, Қошке соның себебін білгісі келді. Діншенің театр ісіне кіріскенге дейін көркемөнерпаздықпен шұғылдануы 1914–1918 жылдары Омбыда оқыған шағында (жастардың мәдени-ағарту және қоғамдық-саяси «Бірлік» ұйымында) және облыстық қазақ революциялық мекемесінің комиссары ретінде Ақмолада қоғамдық-саяси қызмет атқарған кезінде (1917 жылы «Жас қазақ» ұйымын құрысқанында) орын алғанын айта кету ләзім. Одан соң 1918 жылғы көктемде Омбыда қызыл партизан жасағына кірген де, Қиыр Шығысқа аттанып, күзге дейін ақтармен шайқасқан. Благовещенскіде ақтар түрмесіне түсті. Одан Омбыға оралып, сол жылғы желтоқсанда Колчак диктатурасына қарсы қарулы көтеріліске қатысқан. Ақтардан жасырынып, 1919 жылы Түркістан өлкесіне өткен. Ташкентте Тұрар Рысқұлов басқаратын Мұсылмандар бюросы жұмысына қатысқан, қазақ педагогикалық училищесінде сабақ берген, ал 1920 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Нәзір Төреқұловтың шешімімен Алматыға аттанып, Жетісу облыстық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі лауазымында қызмет атқарған. Өзімен бірге шәкірті Ғани Мұратбаевты ертіп әкеп, қазақ мұғалімдерін даярлау курсына дәрісші етіп бекітті, оның сабақ бере жүріп, қоғамдық-саяси жұмысқа араласуына, ширап, ысылуына септесті. Сондай-ақ өзі де мұғалімдер дайындау курсына мәдениет тарихынан тұрақты дәріс беріп тұрған. Алматыға келген бетте Түркмайдан Әскери-революциялық кеңесінің уәкілі Дмитрий Фурмановпен байланысып, облыстағы алғашқы мәдени-үгіт топтарын құрысқан. (Тарихта «Верный бүліншілігі» деп таңбаланған 1920 жылғы 12–19-шы маусым оқиғаларын көзімен көрген. Мәскеуден келген революциялық трибунал бірде-бір оқ шығармаған «көтеріліс» басшыларын топтап атып, қаладағы партия ұйымының басшысын, тағы басқа қызметкерлерді жер аударуға үкім шығарған болатын. Міне сол «бүліншілік» шындығын Діншенің: «Гарнизон Фурмановқа қарсы шықты» деген бір ауыз сөзі ашып тұр – мұрағат деректері оның дұрыс айтқанын, «бүліншілік» нақты оқиғаны большевиктік тәсілмен әдіптеп бұрмалаудың салдары екенін көрсетеді, алайда бұл жеке әңгіме желісі.) 1920 жылы күзде Семейге барып, Жүсіпбек Аймауытов басқаратын қазақ бөлімі жұмысына қатысқан. Қазан айында өткен Қазақстанның тұңғыш Кеңестер съезінде Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сырттай сайланып, Орынборға келген. Ол жайында Қазақ автономиясының белгілі қайраткерлерінің бірі Смағұл Садуақасов республиканың бас газеті бетінде сол шақта: «Дінмұхамед Әділов жас болса да, қазақ революционерлерінің кәриясінен саналады», – деп жазған-ды. Әділов Ішкі істер халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, халық комиссары міндетін атқарушы болды. Сосын қазақ үкіметі пен облыстық партия комитетінің отаршылдық салқынынан арылмаған саяси бағытына Смағұл Садуақасовпен бірге қарсы шықты. Соның салдарынан халық комиссары лауазымына бекітілмеді, қызметінде қыспақ көре бастады [2]. Сонда ол Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың батасымен Ташкентке кетіп қалды. Онда 1919–1920 жылдары өзі ұстаздық еткен Қазақ ағарту институты (Казинпрос) мұғалімдері мен оқушыларының қатысуымен қаланың «Колизей» театрында өтіп жүрген «Шығыс кештеріне» арнап қазақ тұрмысынан ойын-сауық әзірледі. Одан Бұхараға кетіп, жалпытүркілік қозғалыс серкелерінің бірі Зәки Валидов жүргізген белгілі астыртын жұмысқа қатысты. Безгекке шалдыққандықтан, елге оралды. Жазылған соң, 1922–1923 жылғы қыста Сырдария

облаткомы мандатымен Шу бойында халық жиналыстарын өткізді. Кеңес өкіметі мұраттарына кір келтіріп жүрген ел ішіндегі белсенділерді ауыздықтауға қатысты. Сосын Ташкентте Казинпростың оқытушысы, 1924 жылы директоры болды. Институт директоры болған кезінде, әрине, белгілі дәрежеде көркемөнерпаздар үйірмесі жұмысымен де айналысқан. Осы жәйттер оны мәдениет қайраткері санатына қосып, 1925 жылы Кеңестер съезі қарарына сай Ұлт театрын ұйымдастыру ісіне құлшына кірісуіне сенімділік берді.

1926 жылы 13 қаңтарда Қазақ Республикасының астанасы Қызылорда қаласында Мемлекеттік Ұлт театры (қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театры) Мұхқтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», пьесасымен және халық өнерпаздары қатысқан үлкен концертпен 1925 ж. желтоқсандағы өткен Қазақ өлкелік 5 партконференция кезінде тұңғыш рет театр шымылдығы ашылды. 1926 ж. 31 қаңтарда болған Ұлт театрының ресми ашылуында Қ.Кемеңгеровтың «Алтын сақинасы» ойналды. және халық өнерпаздары қатысқан үлкен концертпен тұңғыш рет театр шымылдығы салтанатты түрде ашылды. Ұлт театрының қызметі, арнайы ұйымдастырылған бәйге, жекелеген спектакльдерді қоюшы режиссерлер, ойнайтын әртістер, бәйгеге түскен туындыларды сараптайтын комиссия құрылды. Бұл комиссияның құрамына ағарту халкомы Смағұл Садуақасов, өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ораз Жандосов, орыс театрының режиссері Михаил Насонов, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов кірді. Алғашқы театрлық маусым барысында репертуарды байыту мақсатымен драматургтерді ынталандыру шарасы жасалған – жаңа пьесаларға бәйге жарияланып, түскен туындылар бірден сахналанып тұрды. Ағарту халық комиссариаты құрған арнайы комиссия – белгілі қазақ журналист-жазушылары, орыс театрының режиссері, оқу наркомы – спектакльдерді көрермендермен бірге тамашалап, олардың сапасына, Дінше мен оның өнерпаз серіктерінің сахнада көрсеткен ойындарына баға беріп отырды. Олар және қатардағы көрермендер ұлттық драматургия, режиссура, орындаушы-әртістер жайында спектакльдің артынша, ойынның ізін суытпай пікірлерін білдіріп, өз ойларымен жас сахна шеберлерінің кәсіптік биікке біліктілікпен бет алуына септігін тигізуге тырысты [1,116]. Театр әртістері «Исатай батыр» деген тарихи драма», «Шернияз» атты қарақалпақ тұрмысынан жазылған драма», сондай-ақ «Қаракөз» атты драма» қойды. Қазақтың тұңғыш ұлттық театры Қызылордадағы орыс театрымен бір ғимаратта жұмыс істеп, аптасына бір-екі мәрте (бейсенбі, жексенбі күндері) ойын қойып отырды. Қысқа мерзімде (театрдың бірінші маусымы төрт айға ғана созылды) сахналық қойылымдардың 12 премьерасы болды. Әр пьеса аз уақыт ішінде сахналанып, бір-екі-ақ реттен қойылатын. Маусым бойы сахнада ұзын саны 20 рет спектакль ойналды. Барлық спектакльдер концерттік ойын-сауықтармен астастыра көрсетіліп жүрді. Театр артистері болып ешқандай кәсіби білім алмаған халық таланттары қызмет атқаратын, сахнада түрлі образдарды солар шығарды. Спектакльдер соңынан қойылатын концерттерде ән-күй, әзіл-сықақ, тіпті цирктік нөмірлерді де солар орындайтын.

Жас театрдың іргесін қалаушылар, сөз жоқ, тынымсыз ізденіс үстінде жүрді. Театр директоры Дінше спектакльдердің қойылымдарына негізінен жалпы көркемдік басшылық жасап отырды. Ал әр ойынның ұңғыл-шұңғылын шығармашылықпен әрлеп, режиссуралық деңгейін көтере түсу үшін ол сахна шеберлерінің өз ішінен жекелеген спектакльдердің режиссерлерін тағайындау тәжірибесін қолданды. Мәселен, «Қаракөзге» режиссер болуды Орынбор оқу орындарындағы көркемөнерпаздар үйірмесінде ойнап ысылып келген Серке Қожамқұловқа, «Шернияздың» режиссерлігін Ташкент сахналарында тәжірибе алған, Қазақ ағарту институты қабырғасындағы музыкалық драма үйірмесінде өзінің шәкірті болған Құрманбек Жандарбековке тапсырды…[2]. Осылайша, Қазақ Мемлекеттік Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының бірінші тікелей ұйымдастырушысы, тұңғыш директоры, тек директоры ғана емес, маман кадрлары жоқ жаңа өнер отауының жаңадан шаңырақ көтеріп, түтін түтетуге, үлкен сахна ордасы ретінде қалыптасуға бет алған шақтағы алғашқы көркемдік жетекшісі де, бас режиссері де Дінше (Дінмұхамед, Мұқыш) Әділов болды. 1926 жылғы 11-ақпанда халық комиссары Смағұл Садуақасов төрағалық еткен Ағарту

халкоматы алқасының мәжілісінде Ұлт театрының жай-күйіне байланысты мәселе қаралды. Дінше Әділовтің баяндамасы тыңдалып, театрдың алғашқы аяқ алысы жақсы бағаланды. Театрға «Қазақ Мемлекеттік Академиялық Театры» атауы берілсін деген қаулы қабылданды. Екі айдан кейін, 1926 жылғы 25 сәуірде, Ағарту халық комиссариатының алқасында Дінмұхамед Әділов театрдың қызметі жайында есепті баяндама жасады. Талқылаудан соң қабылданған қаулыда Қазақ театрының есеп беру мерзімі ішіндегі қызметі қанағаттанарлық деп табылды. Қысқы маусымның аяқталуы, келесі театрлық маусымға дайындық, қабілетті өнерпаздардан мұқият таңдап, труппаны жаңа әртістермен толықтыру, сахна шеберлерін осы 1926 жылдан бастап-ақ республикадан тысқары жерлердегі көркемөнер жоғары оқу орындарында оқыту және, әрине, қаржы мәселелері, республика үкіметі алдына қояр ұсыныстар, сұралатын нақты сома қаралды. Биік өнерімен ұзақ жылдар ел сүйіспеншілігіне бөленіп, Еңбек Ері атанған сахна майталманы Серке Қожамқұлов өзінің естелік кітабында театрға 1925 жылы Діншенің бұйрығымен қабылданғанын атап кеткен. Оның сонда алған театр әртісі екенін куәландыратын куәлігі республикалық мұрағатта сақтаулы. Сол куәліктің мөрлі мәтінінің төменгі жағына Дінше 1926 жылғы 5 мамырда қоңыр сиямен орысша мына сөздерді жазып, қолын қойыпты: «Анықтама. Жолдас Қожамқұлов осы уақытта Қаз. Мем. академиялық театр артисі және бас режиссері болып табылады. Театр директоры Әділов. 8/V 26 ж.» Мұны Ағарту халкоматына Серкеге әртістігімен бірге бас режиссер екендігін куәландыратын жаңа жекебас құжатын беруі үшін ұсынған екен [3].

Содан көп ұзамай Дінше қызметінен босатыланады. ОГПУ тергеушісіне 1928 жылы берген түсініктемесінде ол бұл орайда былай деген: «Мен бұл театрдың директоры міндетін кінәратсыз атқардым, қажырым мен қуатымды аямай жұмсадым деп есептедім, сондықтан да доғарысқа кетуге бел будым» («Я считал, что обязанности директора этого театра выполнил безукоризненно, внес много сил и энергии, и поэтому решил подать в отставку»).Наркомпросқа (Ағарту халкоматына) жолданған жазғы гастрольге шығатын артистердің тізіміне жаңа директор Әзиз Байсейітов 1926 жылғы 16 мамырда қол қойыпты. Демек, Дінше театр басшысы құзырындағы материалдық құндылықтар мен іс-қағаздарын оған мамырдың ортасына қарай өткізген.

Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік тұрғыда жіктеп-межелеу науқаны өткеннен кейін, қазақ жер-суы мен халқы бір шаңырақ астына топтастырылды. Ресей Социалистік Федеративтік Советтік Республикасы құрамындағы Қазақ автономиясына Түркістан республикасынан межеленген қазақ аймағын және Қарақалпақ облысын қосты. Сол шара нәтижесінде құрылған Үлкен Қазақстан Кеңестерінің 1925 жылғы 15–19 сәуірде Ақмешітте (Қызылордада) өткен Бірінші (ескі республикадағы рет саны бойынша – Бесінші) құрылтайы біртұтас Қазақ Ұлттық Республикасының құрылғаны тарихтың белгілі беттері. Құрылтай автономиядағы «халық ағартудың кезекті мәселелері жөнінде» арнайы қарар қабылдады. Онда «тұрмысы жүдеу, артта қалған Қазақстанды шаруашылығы жаңғырған күшті, мәдениетті кеңес республикасына айналдыру» жолдары, соның ішінде ұлт театрын құру мәселесі де атап айтылды. «Қазақтың ұлттық театрын құру жеделдетілсін» деген шешім жеке тармақта тұжырымдалды. Алайда оны орындау күзге дейін қолға алынбады. Тарих қаулының бұл тармағының орындалуын жүзеге асыруды Діншенің – Дінмұхамед Әділұлы Әділовтің еншісіне бұйыртты. Дінше 1925 жылғы жазда Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожановтың ұсынысымен Ағарту халкоматының аға инспекторы қызметіне тағайындалған еді. Сол тұста жас республикаға қажет мамандарды еліміздің ірі қалаларындағы белгілі оқу орындарында оқытып дайындау мәселесі күн тәртібінде тұрған. Дінмұхамед Әділұлы емтихан қабылдау комиссиясының төрағасы болды. Шәкірттер Мәскеу, Тәшкен, Орынбордың түрлі оқу орындарына жіберілді. «Осы науқан біткеннен кейін… мен ұлттық қазақ театрын ұйымдастыру қажеттігін көтере бастадым», – деп еске алды Дінше 1928 жылы. Кеңестер съезінің ұлт театрын құру жөніндегі шешімі жайында халық комиссары Садуақасов, өлкепартком басшыларының бірі Жандосов, басқа да көптеген көрнекті қызметкерлер айтып жүретін. Діншеге сол театрды ұйымдастыру тапсырылды. Дінше іске

кірісті: «Мен Қазақстанның түрлі қалаларына Садуақасовтың атынан сахна қызметкерлерін шақырған жеделхаттар жолдай бастадым». Театр жұмысын ұйымдастырудың жоқтан бар жасап маңдай тер төккізген қияметін, кәсіби сахнаның не екенін білмейтін ауыл өнерпаздарынан үлкен өнер көрігін қыздырушыларды жасауға бет алған сол кезеңнің қиындығын өнер қайраткерлерінің бертінде жазған естеліктерінен, зерттеушілердің еңбектерінен көруге болады. Соларға сүйене отырып, Мемлекеттік Ұлт театрын құру мынандай кезеңдерден өткенін байқаймыз: өнерпаздар әуелі Қазақстанның бес жылдығын тойлау күндерінде – 1925 жылдың күзінде астанада бас қосқан және Қызылорданың мерекелі орындарында ән шырқаған. Әйгілі палуан Қажымұқанның көшпелі цирк аренасында өнер көрсетуі ең атышулы, атақты оқиға болған екен. Сонда отырған еуропалық қызметкерлер халықтың Қажымұқанды ұлықтауы кезінде айтылып жатқан жүрекжарды лебіздерін орысшалауды талап еткен көрінеді. Сол кезде Ұлт театрын құру үшін жер-жерден халық таланттарын шақырып жүрген Дінше олардың алдына шығып, еркін сөз сөйлейді. Оның сондағы мәдениет хақында айтқан сөзі кешегі езілген қазақтың көкірегіне қандай мақтаныш сезімін ұялатқаны жайында атақты халық артисі Қапан Бадыров кейін тебірене еске алған еді [1, 45]. Мерекелік іс-шаралар аяқталған соң, 22-қазанда республиканың Ағарту халкоматында жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен қазақ театры жайында кеңейтілген арнайы мәжіліс өткен. Сонда халком Смағұл Садуақасұлы ұлт театрын ашу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндама жасады. Одан араға бір ай салып, Діншенің айтуынша, жаңа театр республика коммунистері форумында тұңғыш рет ойын көрсетті: «Бірінші спектакльді біз бесінші өлкелік партконференцияның ашылуына қойдық…». Яғни, Казнацтеатрдың алғашқы спектаклі Ресей Компартиясы Қазақ өлкелік ұйымының Бесінші конференциясы жұмысын бастаған 1925 жылғы 1 желтоқсанда болған. Дінше театрдың ресми ашылуына өзінің байырғы пікірлес досы Қошке (Қошмұхамед) Кемеңгерұлының «Алтын сақина» атты пьесасын сахналауға таңдап алды.Бірақ, түрлі себептермен ол талпынысы іске аспады. Дінше 1926 жылы жазғытұрым театрдың басшылығынан өз еркімен кетті де, құпия полиция қармағына түсті.1928 жылғы тәркілеу науқаны соңында тұтқындалды. Театр труппасы 1929 жылы Алматыға қоныс аударды. 1930 жылғы 21-ші сәуірде Мәскеуде, пролетариат көсемі Лениннің туғанына алпыс жыл толған юбилейі қарсаңында Дінше құрбандыққа шалынып, атылды. Смағұл қазақ еліндегі диктатор Голощекиннің айлалы саясатының құрбаны болып, 1933 жылы дүниеден озды. 1930 жылы Қошке де қамалды. Екі жыл түрмеде отырып, ішкі Ресейге жер аударылды, 1937 жылы қайта ұсталып, Омбыда атылды. Осылай үшеуінің де Ұлт театрының бастауындағы еңбектерін елемеуге негіз салынды. Қасіретті жылдарда репрессияның қара қанжары отыз жасар Діншені мерт етті. Қыршын кеткен боздақтың ұлттық сахна өнерін қалыптастырудағы еңбегі ізінше жоққа шығарылды. Республикамыздың бас газеті бетінде белгілі ақынымыз сол 30-шы жылдары: «…бетінен қаны шыққан ұлтшыл Әділұлы театрдың бағытын еңбекші тап мүддесінен бұрып әкетті», – деген жалалы тұжырымын жария етті. Содан Дінше Әділұлының есімі театр, мәдениет құрылысы тарихынан тез және ұзақ уақытқа өшірілді. Тек, 1988 жыл, 4 қараша – Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы ақталды. 1988 жылғы 4 қарашадағы ұйғарымымен КСРО Халком кеңесі жанындағы ОГПУ алқасының 1930 жылғы 4 көкектегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Әділов Дінмұхамедке қатысты қаулысының күшін жойды және бұл бөлімде оның әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан, іс доғарылды. Осылай, араға елу сегіз жыл салып барып әділет орнады, Дінмұхамед (Дінше, Мұқыш) Әділұлы ақталды [4]. Өнер ордасы 1937 жылы 27 ақпанда академиялық театр атағын, ал 20 жылдығына орай 1946 жылы Еңбек Қызыл ту ордені және 1961 жылы жазушы, драматург М. О. Әуезовтің есімі беріліп, 50 жылдығына байланысты 1976 жылы Халықтар достығы орденімен марапатталды. Театр сахнасында ерлікке толы ұлы өмірлер, патриоттық — отаншылдық сезімдер, жанқиярлық ерен еңбектер жан-жақты жырланатын қойылымдармен қатар, халқымыздың рухани асыл армандары мен мұң-мұқтаж, талап-тілегін бейнелейтін тарихи-эпостық тақырыптағы шығармаларға да көп ден қойылды. Осы тетрдың құрылуына

елеулі еңбек сіңірген ұлт қайраткері - Дінше Әділұлының ардақты есімі халық жадында берік сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Ұлт театры шаңырағын көтеруші / Қойшыбаев, Б. - Алматы : Арыс, 2000. - 176 б.
2. Қойшыбаев Б.Қазақ ұлттық сахна өнерінің іргетасын қалаған кім?// Ақиқат.- 26 ақпан, 2016
3. Қойшыбаев Б.Алғашқы директор: қазақ ұлттық сахна өнері ордасының алғашқы ұйымдастырушысы және директоры Дінше Әділов //auezov-theatre.kz/ru/press/media... Қаңтар 13, 2016
4. Жұртбай Т. Ел ардақтаған азамат // Ақиқат. – 1995. -№3. – 60-65б.

АБАЙ ЖӘНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Ишмухаммедова У.Т., 1 курс магистранты
Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Абай дүние салған күннен бастап Алаштың қайраткерлері Абайды жоқтай бастады.

Соның бәрі емес. Абайды таныған, білген, түсінген ортасы. Оның біріншісі Әлихан Абай қайтыс болғанда қазанама жариялап, Абайдың өмірбаянын жазып, туған-туыстарына, халыққа көңіл айтқан. Кейін Абайдың өлеңдерін жинап, кітап шығару керек екенін де алғаш айтқан.

Абайдың өскен ортасы мен шығармашылығын жүйелеп тұңғыш рет бір ізге салған, Абайтанудың негізін қалаған - Әлихан Бөкейханов.

Ол қазақ әдебиеттану саласының үлкен арнасы - Абайтанудың негізін салды. Кәкітай Абай өмірінің бел-белесін, шығармашылық жолын, ізденіс бағыттарын саралап, бір жүйеге негіздеп, тұңғыш рет Абай туралы деректі Әлихан Бөкейхановқа жиыстырып береді. Абай қайтыс болған соң жеті айдан кейін, яғни 1905 жылы Семей каласынын Географиялық бөлімшесінің «Семипалатинский листогында» орыс тілінде Әлихан Бөкейхановтың азалы ғұмырнамасы (некролог) жарияланды. Оның соңында бұл деректерді ретке келтіріп, баспаға ұсынған Кәкітай Ысқақов екендігі туралы сілтеме бар. Бұл қазіргі толысқан Абайтану ғылымының бұлақ бастауына Абайдың Географиялық қоғамдағы достары Михаэлис, Гросс, Коншин сияқты көңілі ниеттес достарының себепкерлігі тигені айқын. Осы мақала жарияланған соң Әлихан Бөкейханов Патша өкіметіне қазаққа дербес құқық беру туралы мәлімдеме жазып, елге қол қойдыру үшін Кереку өңірін аралауға аттанады. Сол жақта жүріп 1906 жылы 8-январъда түрмеге камалады. Ғалым Қайым Мұхаметхановтың дерегі бойынша, Әлиханның портфелінде Абай өлеңдерінің қолжазбасы болған. Оны 5 мың сомға бағалап, аман сақтауына адвокат арқылы өтініш түсірген.

Сондай-ақ 1907 жылы сол Географиялық қоғамның арнайы жинағында Абайдың суреті тұңғыш рет баспа бедеріне түсті. Осымен қатар 1909 жылы Кәкітай Ысқақов Петербургтегі Бороганский баспаханасынан Абайдың тұңғыш өлеңдер кітабын жарыққа шығарып, өмірбаяны, өлеңдері тақырыпқа реттеліп, түсініктемелер берілді. Абайтанудағы Кәкітайдың еңбегі жөнінде Мұхтар Әуезов: «... Бұл жөнінде казақтың мәдени тарихына Абай мұрасына ерекше еңбек сінірген, Абай өзі тәрбиелеп, баулыған - Кәкітай Ысқақұлының еңбегін ерекше айту керек. Кәкітай Абай шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағын бірінші рет Петербургтегі Бороганский баспаханасында 1909 жылы шығарды. Сол жинақтың аяғында акынның Кәкітай жазған бірінші өмірбаяны беріледі»,- [1]деп жазды. Шындығында, бұл Кәкітайдың әңгімесі бойынша Әлиханның Абай өмірі туралы толықтырылып жазған екінші мақаласы еді. Оның алгашқы нұсқасы 1905 жылы «Семипалатинский листохта» орыс тілінде басылды. Біз осы мақаланы окырмандар назарына ұсынып отырмыз. Бұл - ұлы Абайдың қагаз бетіне түскен ең алғашқы ғұмырнамасы болатын.

Қайым Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» - деген еңбегінің Көкбайға арналған бөлімінде былай дейді: «Көкбай 1905 жылы Семей қаласында Әлихан Бөкейхановпен танысып, сол жылдан бастап екеуі дос болып кетеді. Көкбай Әлиханды 1905 жылдан бұрын да білетін. Абайдың көзі тірісінде, 1903 жылы орыс тілінде басылып шыққан «Россия. Полное географическое описание нашего отечества»- деп аталатын көп томды кітаптың қазақ даласының тарихына арналған 18-томында, осы кітапты жазушылардың бірі Әлихан Бөкейханов, қазақ әдебиеті мен мәдениетін баяндай келіп, Абай туралы былай деген: «Наконец, как представителя нового течения в киргизской поэзии, следует назать Кунанбаева – автора многих стихотворений изящних по форме и поэтический по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежит переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом у Семипалатинских оленши (певцов) можно слышать, например, «Письма Татьяны» распеваемое, конечно, на свой мотив».

Сөйтіп, Абайтанудың алғашқы қадамын бастаған Әлихан Бөкейханов болған. Бұл кітап Абайдың өз қолына да тиген және Көкбай, тағы басқа Абай шәкірттері де жақсы таныс еді. Сондықтан олардың Әлиханға деген қадір-құрметі зор болған. Әлихан өзінің кейінгі мақалаларында Кәкітай, Тұрағұл бар Абайдың өлеңдерін жинап, Семейде, Омбыда өз орталарында талқыға салып, тақырыптарға топтап, жіктегендерін жазады. Бір жағынан Әлиханның Шәкәріммен туысқандығы бар. Бөле десе де болады. Өйткені, Құдайбердінің алған бір әйелі мен Әлиханның шешесі апалы-сіңлілі. Әлекеңмен туыстығы бар дейтініміз сол. Ауылдары да жақын. Қарқаралы, арғы жағы Шыңғыстау. Әлихан арқылы Ахмет, Міржақып, Мағжандар да тани бастады. Ахметтің өзі де айтады: «Абай, Абай дегенге өзіміздің Әубәкір сияқты ақын екен деп ойлаушы ем, сөзі аз, мағынасы терең екен»- деп. Алғашқы танығанда көбінесе ойының тереңдігіне мән бере таныды. Әлиханның танытуында да, Ахметтің танытуында да көбінесе Абайдың ой тереңдігі, өлең жазуының жаңаша үрдісі сөз болады [2]. Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындары мен мектептерде жеке пән ретінде оқытылып, өзіндік ерекшелігі мен дүниетанымы бар әдеби ілімге айналып үлгерген Абайтану негізін сонау XX ғасырдың алғашқы ширегінен алатыны белгілі. Дәл осы кезеңде ақынның алғашқы өмірбаяны жазылып, өлеңдер жинағы құрастырылып, бұқара халыққа кеңінен насихаттала бастады. Бірқатар қаламгерлер мен зерттеушілер Абай жөніндегі зерттеулерін жазып, осы салаға өз үлестерін қосып отырды. Атап айтсақ, А.Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов сияқты бір топ зиялылар Абайдың өмірі мен шығармашылығын саралап, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне өздерінің пікірін білдірді. Бірақ егер осы жоғарыда аталған авторлардың бірнешеуінің, әсіресе, А.Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының ғылыми мақалаларына назар салсақ, екеуіне ортақ заңдылыққа көз жеткіземіз. Ол заңдылық екі Абайтанушының да мақаланы жазу барысында өз кезегінде тек жалғыз ғана зерттеушінің мәліметіне сүйенуі еді. Бұл айтып отырған зерттеушіміз – мемлекет және қоғам қайраткері, атақты ғалым, «Алаш» партиясы мен «Алаш орда» үкіметінің төрағасы – Әлихан (Ғалихан) Нұрмұхамедұлы Бөкейхан.

Мысалы, А. Байтұрсынұлының Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» мақаласында зерттеуші былай дейді: «…жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынның өлеңдерін сүйіп оқыған…» [3]. Ал М. Дулатұлының «Абай» мақаласында мына жолдарды кезіктіреміз: «1905-ші жылы «Семипалатинский листок» журналында һәм онан кейін Семейдегі Географический обшествоның шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржімә халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады, 1909-шы жылы Абайдың балалары һәм інілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургта Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы…» [4].

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйенсек, Әлихан Бөкейхан Абайдың мұрасына ерекше көңіл бөлгенін көреміз. Егер осыған дейін ешбір зерттеуші бұл мәселеге байыпты назар аудармағанын ескерсек, онда шын мәнінде, Абайдың мұрасын зерттеп-зерделеу мәселесін Әлихан Бөкейхан алғаш қолға алғанына көз жеткіземіз. Сонымен бірге, ақынның алғашқы жинағының жарыққа шығуына да Алты Алаш көсемінің жәрдемі тигені де осы жерден көрінсе керек. Атақты ғалым, Абайтанушы Қайым Мұхаметханов 1995 жылы жарық көрген «Абай энциклопедиясында» бұл тұжырымды дамытып, мынадай тың дерек келтіреді: «…Халық дастандарына сипаттама беріп, «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу» жырына ерекше көңіл аударады. Шортанбай, Ноғайбай сияқты және басқа ақындарды атап айта келіп, Абайға ерекше тоқтап, оны қазақтың жаңа әдебиетінің көшбасшысы етіп бағалайды: «Енді қырғыз поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты – формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе топтағы бейнелеуде) орынды көптеген өлеңдерінің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың көптеген өлеңдерін (қырғыздарға түсініктеулерін) жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады». Сөйтіп, Абайдың көзі тірісінде, оны оқырман қауымға таныстырған адам – Әлихан Бөкейханов.[5].

Бұл пікірді дамытып одан ары тарқату үшін, ерекше жаңа мәліметті белгілі Әлихантанушы-ғалым Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлының «Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағының» I томында жазылған «Абайтану бір хаттан бастау алды» деген қысқа ғана мақаласынан табамыз. Зерттеуші Абайтанудың бастауы туралы мынадай дәйек келтіреді: «…Қазіргі абайтанудың шыңы – Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен оның «Абай жолы» трилогиясы болса, абайтанудың басталар бұлағы… Әлиханның бір хаты болатын. Ия-ия, қазақ әдебиетінің бүгінгі жеке саласы – абайтану – өзіне Абай дүние салды деген қаралы хабар жетісімен, Алаш серкесінің Омбыдан марқұмның балаларына жолдаған жалғыз хатынан бастау алды. Ұлы ақын мезгілсіз қайтыс болған 1904 жылға дейін Әлихан оның шығармашылығына бір-екі мақаласында тиіп-қашты болса да тоқталып өтеді. Бірақ әлгі хатынан кейін ол Абай шығармаларын жинап бастыру мен зерттеу ісін мықтап қолына алады… [6].

Осылайша, жоғарыдағы ғалымдардың айтқан уәждері мен пікірлеріне сүйенсек, данышпан ақын Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығының алғашқы зерттеушісі – Әлихан Бөкейхан екендігіне көз жеткіземіз. Ал енді тұңғыш Абайтанушының бұл ілімге қосқан үлесі қандай болғанын қарастырайық. Алаш көсемі ақынды көзі тірісінде оқырман қауымға таныстырып қана қоймай, дүние салғаннан кейін де мұрасына аса ерекше көңіл бөледі. Оған нақты дәлел ретінде Әлиханның Абай дүние салғаннан кейін арада 1 жыл уақыт өткен соң 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде жарық көрген «Абай (Ибрагимъ) Кунанбаевъ» атты мүнәһибін (некролог) айта аламыз.

факторға мән беру қажет еді. Соның дәлелі – Германия Сыртқы істер министрлігінің ғылыми қызметкерлері дайындаған «Ресейдегі магометандар» деп аталған аналитикалық баяндамалар. Бұл деректерден Ресейдегі мұсылмандардың саны, мекен-жайы, Ресей империясының саясатындағы және орыс-неміс қатынастарындағы орны туралы мәліметтер алуға болады. Осы қорда Ресей мұсылмандарының Орталық Кеңесінің мүшесі Осман Тоқымбет пен Жүсіп Мұзаффардың Германия Сыртқы істер министрлігіне жазған көлемді хаты сақталған. Хаттың авторлары Ресейдегі түркі халықтарының ұлт-азаттық күресі туралы, олардың патша өкіметі құлағаннан кейін дербес ұлттық мемлекеттер құрғаны туралы жазады, хатта Түркістан мемлекетінің басшысы ретінде Мұстафа Шоқай аталған [12]. Оны шығыс халықтарының мәселесімен айналысатын барлық мамандар мен дипломаттар түркі эмигранттарының ішіндегі ең көрінекті тұлға ретінде сипаттайды.

Мұстафа Шоқайдың өз әріптестерімен қарым-қатынасында жеке бас араздығынан жоғары тұрғандығын, оның кейбір көрінекті эмигранттармен келіспеушілігі идеялық айырмашылық пен саяси күрестің тактикасы мәселесіне қатысты болғандығын оның хаттарынан да көруге болады. Шоқай эмиграциядағы түркістандық, кавказдық, украиндық саяси күштердің бірлігі қажет екендігін, ал өзара әртүрлі түсініспеушіліктер ортақ мақсатқа кесірін тигізбеуге тиістілігін үнемі ескертіп отырған. Мәселен 1930 жылы Заки Уәлидидің (Валидовтың) өз әріптестерімен қақтығысы кезінде ол Уәлидидің саяси көзқарастарын сынай отыра, оның ғылыми жұмыстарын жоғары бағалады. Польша үкіметі мен эмигранттар арасындағы байланыстарды іске асыратын қызметкер Шоқайдан Уәлиди мен басқа түркі эмигранттары арасындағы қақтығысты түсіндіруді өтінген. Шоқайдың 1930 жылы 27-мамырда жазған жауап хатында мынадай жолдар бар: «Валидовтың саяси мәселелер бойынша кейбір, шындықты айтсақ, көптеген пікірлерінің даулы екендігін біле отыра..., мен Валидовқа ғылыми сипаттағы мақалалар жазуға мүмкіншілік беруді жақтаймын. Ол ғажап эрудит, біздің тарихымымызды, этнографиямызды жақы біледі, оның әрбір мақаласы аса құнды және басылымның мазмұндық әрін күшейте түседі. Ол – өте жақсы эклектик, бірақ, өкінішке орай, анализге қабілетсіз. Алайда оның біздің халқымыз бен руларымыз туралы жазғандары аса құнды дүниелер. Валидовтың «татарды жеккөрушілік» және қазақтардың саяси мүмкіндіктерін асыра бағалаушылық сезімі ауруға айналған (сондай-ақ кейбір татарлар «валидовты жеккөрушілік» ауруына шалдыққан), ол өзбектерге, яғни, біздің еліміздің отырықшы бөлігіне қатысты скептицизим, ал кейде ашық түрде салқын қараушылық... көрсетеді. Оның бұл жеке «қасиеттері» саяси қызметінде де тым айрықша көрініс тапқан. Түркістандықтар мен татарлар арсындағы үнемі қайталанып отыратын түсініспеушіліктер осыған байланысты, сондай-ақ түркістандықтардың өздерінде қазақтар мен өзбектерге бөлінушіліктің болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Бұл біздің болашақ саяси жұмыстарымыз үшін, біздің еліміздің болашағы үшін аса қауіпті жағдай. Валидов біздің еліміздің ескі тарихының жақсы білімпазы болғандықтан, әрине, ескі салттарды сақтап қалған тайпа ретінде қазақтарды көшпелі ата-бабалардың «ежелгі қазынасын» жоғалтып алған өзбектерден жоғары қояды. Жеке қасиеті бойынша жалпы прогресшіл Валидовтің (ол социалист-революционер... болған) бойында саясатқа келген кезде тарихшы-архивариус жоғары шығып кетеді. Ол өзінің мұрағаттық білімдерінің қуатты күшінің салдарынан саяси сауаттылықтың әліпбиін ұмытып кетеді... . Сондықтан, менің ойымша, біздің Стамбулдағы жолдастар оның ғылыми мақалаларын шын ниетпен қабылдайтын болар, олардың маңыздылығы және бізге қажеттілігі саяси мақалалардан әсте кем емес. Валидовты – ғылыми мақалалардың авторын – кезкелген адам құрметтейтін және жариялайтын болады, алайда Валидов – саяси мақалалар авторы – өте көп қарсылыққа кездеседі» [13].

Шоқай Еуропадағы кеңестік эмигранттар арасында танымал адам және ол жай ғана саясаткер емес, ғалым ретінде де белгілі болды. Сталин өкіметінің Қазақстан мен Орта Азияның зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратып, енді бас көтеретін ешкім жоқ деп тыныштануына Шоқайдың Еуропадағы іс-әрекеті, кеңес өкметінің саясатын әшкерелеуі бөгет болды, кеңес өкіметінің Шоқайды аса қауіпті жау санауы да осы себептен туған болар. Олар

Шоқайдың түркішілдік идеялары Кеңес Одағы тұрғындарының елеулі бөлігін құрап отырған түркі халықтарына ықпал жасауынан қауіптенді. 1928 жылы желтоқсан айында КСРО Орталық Атқару Комитетінің 4-сессиясында Өзбекстан үкіметінің баяндамасын талқылау барысында Мұстафа Шоқайдың «Түркістан Кеңестердің билігінде» деген еңбегі қатты сынға алынды. Кеңес өкіметін осы еңбекке қатысты айрықша алаңдатқан жағдай – оған Француз Социалистік партиясының жетекшілерінің бірі Ренодельдің алғысөз жазуы, онда Түркістан бұрынғы патшалық Ресей кезіндегідей қазір де отар болып отыр деп көрсетуі еді [14]. Бұл сөз Кеңес Одағының әлем халықтары алдындағы беделін түсірумен қатар батысеуропалық қоғамда кеңес өкіметі туралы жағымсыз пікір қалыптастыруы мүмкін-тін.

Түркістанның зиялы өкілдері АҚШ президенті Вудро Вильсонның 1918 жылы қаңтарда конгреске жазған хатымен – тарихта «Вильсонның 14 тармағы» деген атауға ие болған құжатпен де жақсы таныс болған сияқты. Бұл құжатты В.Вильсон кейіннен Париж бітім конференциясында талдауға ұсынып, талдаудан кейін ол Ұлттар Лигасы Жарғысының және Германиямен жасалатын бітім шартының негізін құрағаны белгілі. Ресейдің қоластындағы халықтар өкілдері «Вильсонның 14 тармағының» езілген ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы туралы идеясына айрықша мән берді. Ресейдің бұрынғы отарлары Польшаның, Финляндия-ның, Балтық елдерінің мемлекеттік тәуелсіздігін алу фактісінің халықаралық құжатта бекітілуін олар «Вильсонның 14 тармағының» іске асуы деп қабылдады. Сондықтан ресейлік Шығыстың бірқатар саяси қайраткерлері өз ұлттарының тәуелсіздігін алуына көмектесуін сұрап В.Вильсонға хат жазған. Кеңестік Ресей Үштік Одақ елдерімен сепараттық келісім жасап, соғыстан шыққан соң Еуропа елдерінде тұратын кейбір түркі эмигранттары Германияға келіп, АҚШ президенті В.Вильсонға жазған хаттарын жеткізуге көмектесуді өтінеді. Солардың ішінде Сәлім Мұса мен Мырзахмет Рахымның да хаты бар. Олар хатты АҚШ президентіне жіберу үшін Германияның Сыртқы істер министрлігінен көмек сұраған. «Президент мырза! – деп жазады Сәлім Мұса, – Киргизия халқы Ресейдің ауыр езгісінің астында жаншылуда, орыстардың жүргізіп жатқан саясаты біздерді қатты қиналтады. Олар біздің жерімізді тартып алып, орыс отаршыларына бөліп беруде, осылайша біздің халқымыз қайыршылыққа ұшыратылып отыр. Тығырыққа тірелген кезде біз сіздің Сенатқа жолдаған хатыңызды естідік. Еділдің жағасынан Қытай шекарасына дейінгі жерді мекендеген халықтың үміті қайта оянды. Сіздің хатыңыз біздің бойымызда ұлы американ халқы қырғыз халқының да құқықтарын қорғайды деген сенім тудырды, біз енді Америка осы бағытта әрекет жасай бастайды деп зор алғыспен күтудеміз». Мырзахмет Рахымның хаты да осындай мазмұнда: «Президент мырза! Сіз американ сенатына адамзаттың болашағы туралы өзіңіздің ойларыңызды мәлімдеген кезде бүкіл езілген халықтардың бойында жаңа үміт-тілектер туды. Сіздің Польшаға тәуелсіздік беру туралы ұсындыңызды біз Ресейдегі көптеген халықтарды басып-жаншып отырған қандықол тиранияны жоюдың негізі деп бағалаймыз. Ежелден келе жатқан мәдениеті және еңбекқор халқы бар, тәуелсіздікке жанқиярлықпен ұмтылып отырған Түркістан елі Сізден Польшаға көрсеткен көмегіңіздей жақсылық әрекет күтеді» [15].

Эмиграцияға кетпей, елде қалған саяси қайраткерлер де Түркістанның тәуелсіздігі туралы армандарын Еуропа елдерінен көмек алу үмітімен байланыстырған. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тәуелсіздікті аңсаған түркі халықтары үміт көзін Ресей империясына қарсы соғысып жатқан Түркия мен Германияға тікті. Сондықтан Германияның түркі халықтарына айрықша назар аударуы бірқатар саяси және діни қайраткерлердің көңілінен шықты. 1918 жылдың 7-тамызында Ресей мұсылмандары Орталық кеңесінің мүшелері О.Тоқымбет пен Ю.Мұзаффар Германияның Сыртқы істер министрлігіне хат жазып, Ресей империясының қол астындағы түркі халықтарының ұлт-азаттық күресіне көмек көрсетуді өтінген. Хаттың авторлары Ресейдегі түркі халықтарының ұлт-азаттық күресі туралы, олардың патша өкіметі құлағаннан кейін дербес ұлттық мемлекеттер құрғаны туралы жазады. Хат: «Финляндия, Польша, Украина халықтары тәуелсіздік пен азаттық алып отырғанын еске алсақ, онда түркі халықтарының да азаттыққа құқығы бар ғой»[6], – деген сөздермен аяқталған [16].

1918 жылдың қазанында Түркістан автономиясы парламентінің бұрынғы төрағасы С.Лапин емделу мақсатымен Берлинге келеді. С.Лапин Неміс шығыстану институтының қызметкерлерімен кездесіп, Германияның Мемлекеттік хатшысына Түркістанға көмек көрсету туралы өтініш жасау ниетін білдіреді. Олар С.Лапиннің хатын мемлекеттік хатшыға тапсыруға жағдай жасайды. С.Лапин хатында большевиктердің Түркістандағы саясатына жан-жақты сипаттама бере отырып, Түркістан үшін ең маңызды мәселе мемлекеттік егемендік алу мақсаты іске аспай отырғанын атап көрсетеді. «Айрықша маңызды мәселе – Түркістанның өзін-өзі билеу мәселесі шешілген жоқ, – деп жазады С.Лапин, – Егер Түркістанды большевизмнен чехословак корпусы немесе ағылшындар азат етсе, ол Англияның протекторатына айналады. Германия – Түркияның одақтасы, ал Түркістан үнемі Түркияға бағдар ұстайды» [17].

Бірінші дүниежүзілік соғысты қорытындылаған және Ұлттар Лигасын құрған Париж бітім конференциясында ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы жарияланды. Австро-Венгрия империясы құрамынан бөлініп кеткен жас мемлекеттер және Ресей империясынан бөлінген Финляндия, Латвия, Литва, Эстония, Польша Париж бітім конференциясының шешімдерімен ұлттық егеменділігінің заңды түрдегі кепілдігін алды. Бұл Еуропадағы түркістандық эмигранттардың ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі туралы үмітін күшейте түсті. Алайда Батыс елдері Түркістанға, жалпы Орыстық Шығысқа ұлт-азаттық күресінде көмек беруге асыға қойған жоқ. Өйткені жеңілген Төрттік Одақтың Шығыстағы отарлары мандаттық жүйе бойынша жеңімпаз елдерге бөлініп берілді, ал Антанта елдерінің Шығыстағы отарларының тәуелсіздігі туралы мәселе күн тәртібіне мүлде қойылған жоқ. Демек, Түркістан мен Кавказ евроцентристік әлемде Польша, Финляндия, Прибалтика және оңтүстік славян халықтарының қатарына қойылмай, отарлық Шығыс ретінде бағаланды. Париж конференциясын ұйымдастырушы Антанта елдері Ресейдің ең ірі отарлары – Түркістан мен Кавказдағы халықтардың тәуелсіздігін алуына халықаралық кепілдіктер берген жоқ. Большевиктер қарудың күшімен бес жыл ішінде ұлттық күштерді талқандап, Ресей империясының ыдырауын тоқтатты. Бұл оқиғалар отандық және шетелдік зерттеулерде Ресейдегі азамат соғысы ретінде сипатталады. Ал шындығында Ресей империясын ыдыраудан сақтау үшін жүргізілген күрес – азамат соғысына жатпайтын, бөлекше құбылыс. Азамат соғысы – ақтар мен қызылдар арасында Ресейдегі өкімет билігін алу үшін жүргізілген қарулы күрес. Өзара күресіп отырған ақтар мен қызылдарға ортақ сипат – екі топ та Ресей империясын сақтап қалуды көздеп, Түркістанда, Кавказда, Еділ-Орал бойында, т.б. аймақтарда құрылған тәуелсіз ұлттық мемлекеттерге (немесе ұлттық автономияларға) қарсы күрес жүргізді. Азамат соғысында ақтарды жеңіп, өз билігін сақтап қалған большевиктер ұлттық мәселеде екіжүзді саясаты жүргізді. Бір жағынан, олар Ресей империясынан бөлініп кеткен және халықаралық аренада тәуелсіздігі мойындалған еуропалық жас мемлекеттерден басқа жерлердің барлығын қайта біріктірді де, Кеңес Одағын құрды. Екінші жағынан, барлық ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын жариялады. Бұл идеяны большевиктер әуелі Уақытша үкіметке, одан кейін «ақтарға» қарсы қарсы күресте жергілікті халықтарды өз жағына тарту үшін пайдаланды. Большевиктер өкімет билігін алған бойда жарияланған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясында» ұлттардың өзін-өзі билеу құқығының өрісі кең екендігі, олардың бөлініп шығып дербес мемлекет құруға да құқығы бар екендігі айтылды. Алайда іс жүзінде Кеңес Одағы бұрынғы Ресей империясының тікелей мұрагері болды, ұлттық автономиялар түгілі, одақтас республикалардың өзі айтарлықтай құқықтарға ие болған жоқ.

Кеңес өкіметі 1921 жылдың 15-желтоқсанында КСРО төлқұжатын 1922 жылдың 1-маусымына дейін алмаған эмигранттар Кеңес Одағы азаматтығынан айырылады деп мәлімдеді. Мұстафа Шоқай және басқа бірқатар түркі эмигранттары шетелге эмиграцияға кеткен кезде Кеңес Одағы құрылған жоқ, демек, олар КСРО азаматы емес болатын, ол 1922 жылдың 1-маусымына дейін олар кеңестік төлқұжат алған жоқ. Олардың отаны Кеңес Одағы немесе Кеңестік Шығыстың жеке-жеке республикалары емес, 1924 жылға дейінгі тұтас Түркістан (Батыс Түркістан) болатын, олар осы отанының азаттығы үшін күресті, әрине,

олардың кейбіреулері тәуелсіздік жолындағы күресте одақтас ретінде Германияны таңдады, бұл адасудың да өзіндік объективті себептері бар. Бұл мәселе жеке талдауды қажет етеді, әйтсе де себептердің бірі ретінде дүиежүзілік соғыстар аралығындағы Кеңес Одағы мен Германияның жақындасуы, 1939 жылғы КСРО мен нацистік Германияның ынтымақтастық және достық келісімдері, 1939-1941 жж. Кеңес баспасөзінің фашистердің орнына социал-демократтарды, гитлерлік Германияның орнына Батыстың демократиялық елдерін айрықша жамандауы сияқты фактілерді атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Mende G.v. Der nationale Kampf der Russlandturken. – Berlin: Weidmannsche Buchhandlung, 1936. – 197 s.
2. Benzing J. Berliner politische Veröffentlichungen der Türken aus der Sowjetunion // Die Welt des Islams. – 1936. – Bd.18. – S.122-131.
3. Hostler Ch.W. Türken und Sowjets. Die historische Lage und die politische Bedeutung der Türken und der Türkvolker in der heutigen Welt. – Frankfurt a.M: Alfred Metzner Verlag, 1960. – 320 s.
4. Landau J. M. Pan-Turkism. From Irredentism to Cooperation.– London: Hurst and Company, 1995. – 212 p.
5. Paksoy H.B. Basmachi Movement From Within: Account of Zeki Velidi Togan // Nationalities Papers. –1995. – Vol. 23. – No 2. – P. 373-399.
6. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана:Фолиант, 2007. – 320 б.
7. Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. –.504 б.
8. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 901/61175, Bl.227.
9. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 126/v, 1588
10. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 105177, Bd.12,
11. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10, 6692, S.89-99.
12. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R11125- R11127: Bd.1-3.
13. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10, 6690.
14. Archiwum Akt Nowych w Warszawie, W. 10, 6689, S.1-5.
15. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R11071, Bd.7; R11072, Bd.8.
16. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 11125.
17. Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 11073.

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ.

Қасқабайұлы Ә., 4 курс студенті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993) — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО шет ел ордендері мен медальдарының иегері. Қазақстанның көрнекті мемлекет және саяси қайраткері, ғалым, тау-кен инженері.

Қазақстан Республикасының бірінші Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылдың 12 қаңта- рында Алматы қаласында Д.А.Қонаевтың 100 жылдық мерейтойына қатысып, қайраткерге былай деп баға берді: «Қазақ елінің тағылымды тарихында заман жүгін арқалаған талай толағай тұлғалар болды. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев — сондай біртуар болмыс иесі... Дінмұхамед Ахметұлын үлкен ішкі мәдениеті, терең білімдарлығы мен мол өмірлік тәжірибесі ерекшелеп тұратын. Ол өзіне біздің халқымыздың, сол уақыттағы қазақ зиялыларының ең жақсы қасиеттерін сіңіре білді» [1; 1].

Мемлекет басшысы Д.А.Қонаевтың Қазақстан мен қазақ халқы тарихындағы еңбегін жоғары бағалады. Елбасының осы сөздерінен Қазақстанның дамуына зор үлесін қосқан тұғырлы тұлғаға деген бүкілхалықтық шынайы құрмет, асылын ардақтай білетін елдік қасиет байқалды. Д.А.Қонаев қандай жағдайда да өз биігінен табыла білген, кейінгі ұрпақ қастерлеуге лайықты тұлға.

Бүгінгі күнде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 100 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өте отырып, еліміз өткен XX ғасырдың 50–70-жылдардағы қазақстандық тұтас ұрпақтың еңбегіне лайықты бағасын беруде. Олардың еңбектегі табыстары мен экономиканың негізін қалауға қосқан үлестері тәуелсіз Қазақстанның келешек дамуының іргетасына айналды. Жаңа тәуелсіз елді құрушы қазақстандықтар аға ұрпақ пен сол кезеңдегі басшылардың еңбегін бағалайды.

Қоңырат кенішінде Д.А.Қонаев өз маңына адамдарды топтастыра біліп, олардың күш-жігер, қайраттарын арттырып, жұмысқа шыңдала кірісулеріне ықпал жасады. Сол кездегі жағдай адам төзгісіз еді: жазда — қайнаған қапырық болса, ал қыста — қақаған аязды борандар адамның үрейін алатын, азық-түлікпен қамтамасыз ету жағы да дұрыс жолға қойылмаған еді. Бітпейтін алысқа созылған ұшы-қиырсыз кең дала, жақын маңайдағы — 500 шақырым жердегі тұрғылықты жерге дейін салынған жол да жоқ. Тек ұшақпен ғана жете аласың. Ал 30-жылдардың басында қанша ұшақ болды дейсіз? Соған қарамастан, еңбекшілердің қажырлы күш-қайратының нәтижесінде Қоңырат кеніші мен Балқаштағы мыс қорыту комбинатын тұрғызуға қатысты ұйымдастыру жұмыстары, белгіленген жоспардан асып, 150–200 пайызға орындалды. КСРО Жоғары Кеңесінің 1939 жылғы 26 наурыздағы Жарлығымен Д.А.Қонаев «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Бұл оның тұңғыш наградасы еді [2; 58].

Қазақстан Компартиясының басшысы Н.А.Скворцов 1939 жылы 9 қарашасында Д.А.Қонаевты Риддер кенішіне директорлыққа тағайындайды. Риддерге Д.А.Қонаев келген кезге дейін пайдалы руда қазбасын табу жоспары орындалмады, жердің бетін жоғары жақтан көлденеңінен қопару жұмыстары аяқталып, тұрақты жұмысқа кірісу ісі арманға айналғандай еді. Оның алдында тұрған негізгі міндет құрылып жатқан пайдалы қазбалармен қамтамасыз ететін фабриканы іске қосу жұмыстарын дайындау және осы кен ошағын пайдалы рудаларға толтыру керек болды. Ал пайдалы қазбалар өте аз табылатын. Риддердің жұмысын тоқтатып, оны жабудың сәті келгендей-ақ еді. Бұл кезең 1940 жылдарға тұспа-тұс келді. Еуропа мемлекеттері соғыс құшағына оранғандықтан, еліміз де қан майданға әзірленіп жатты. Тура осы жағдайда мыс, құрыш, қалайы немесе басқа түсті металдардың қаншалықты қажеттілік пен сұраныс тудырғандығын айтпаса да болады. Д.А.Қонаев осы өлкедегі жұмысы тоқтауға жақын қалған кен ошағына 1939 жылдың қараша айында келді.

Д.А.Қонаевтың келуімен кен орындарындағы жұмыстардың бәрі өзгеріп, өндіріс жанданып, өнім өндірудің көлемі артты. Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде де ол тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түседі. «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі — Ленингор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады.

1942 жылдың сәуір айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Н.А.Скворцов Лениногордан Д.А.Қонаевты Орталық Комитетінің қарамағына шақыртып алады да Қазақ КСР Халық комиссариаты төрағасының орынбасарлығына ұсынады. Осыдан бастап Одақтың қарамағындағы өнеркәсіп орындарының жұмысымен айналысатын болды. Д.А.Қонаевқа түсті металлургия кәсіпорындарының қызметін бақылап, көмектесу міндеті жүктелді. Сонымен қоса ол көмір және мұнай өнеркәсібін, электр желілері, темір жол тораптары, автокөліктер кәсіпорны мен қорғаныс зауыттарының қызметіне бас-көз болып, сан салалы жұмыстарды ерлікпен атқара білді. Сол кезде жасы небәрі 30-да ғана еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарының алғашқы кезеңінде, яғни 1941–1942 жылдары, неміс-фашист басқыншылары КСРО-ның Мәскеуге дейінгі батыс аудандарын басып алған болатын.

Сондықтан Сталин басқарған Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті Қазақстаннан вольфрам мен молибден концентратын күрт көбейтуді талап етті. Себебі танкілердің сауытының мықтылығы оның құрамындағы вольфрам мен молибденнің пайыздық мөлшерде жеткілікті болуына тікелей байланысты болатын. Сондықтан да Д.А.Қонаевқа Ақшатаудағы вольфрам комбинатының салынуын жеделдету міндеті тапсырылды. Сонан кейін Балқашқа барып, Қоңыраттың қалайы руда кендерінен алынатын молибден концентратының құрамын тексеріп жақсарту ісі тұрған еді. Бұл үшін ең алдымен кен көзінің бар-жоқтығын тексеруге барлау жасап, өндіріс орнын тұрғызу міндеті тұрды.

«1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тарихы» деп аталатын көп томдық кітаптан мынадай деректі оқыған кезде еріксіз елең етесіз: «Елде соғыс уақытында өндірілген әрбір 100 тонна молибденнің 60 тоннасын Балқаш даласының ерлері, Шығыс Қоңырат кеншілері беріп отырды». Соғыс кезінде жау шебін ойрандаған танктердің болат сауыты Балқаш пен Ақшатаудың вольфрамы мен молибденінен суарылған», — деп жазады ол өз кітабында [2; 101].

Жоғарыда айтылғандай, 1942–1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары қызметін абыроймен атқарып шықты.1952–1955 жылдары Д.А.Қонаев Қазақ КСР-нің Ғылым академиясының президенті қызметін атқарды. Бұл қызметке тағайындалуы өте қиын жағдайда жүзеге асырылды. Ол кезде тарихшы Ермұқан Бекмахановқа «Кенесары Қасымовтың қозғалысын дәріптеді» деген саяси айып тағылып, Орталық Комитет тарапынан туындаған жазалау басталып жатқан еді. Ал Тарих институты Ғылым академиясының бір бөлігі болып табылатындықтан, академия президенті Қаныш Имантайұлы Сатбаевта негізсіз жалған айыпталып, атақты ғалымның басында қуғын-сүргіннің бұлты үйіріледі.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы Жұмабай Шаяхметов өте қиын жағдайда қалды, себебі ол қызмет бабы бойынша Орталық Комитеттің ресми көзқарасын жақтауы тиіс еді. Бұл жағдайдың бір амалын табу үшін ол 1951 жылдың желтоқсан айында Қазақ КСР Ғылым академиясын басқаруды Д.А.Қонаевқа тапсыруға ұсыныс жасайды. Ал ол бұл қызметтен бас тартады. Екі айдан кейін Ж.Шаяхметов ұсынысын қайтадан білдірген кезде, Д.А.Қонаев келісуге мәжбүр болады. 1952 жылдың 17 сәуірде Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және президенті болып сайланды. 1952 жылдың қыркүйегінің аяғына таман Қазақстан Компартиясының VI съезі болып өтті. Ғылым академиясының Президенті республикалық Орталық Комитеттің мүшесі және Сталин басқарған соңғы Бүкілодақтық Коммунистік партия ВКП (б) XIX съезінің делегаты атанады.

Тау-кен ісі саласының ірі ғалымы Д.А.Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді. Ғылыми ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылады. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен зерттеудің теориясы мен тәжірибесінің маңызды мәселелеріне арналған. 1948 жылы кандидаттық, ал 1968 жылы докторлық диссертация қорғады. 100- ден аса ғылыми еңбектері жарық көрді. Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді.

Д.А.Қонаев 1955–60 және 1962–64 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, ал 1960– 1962 және 1964–1986 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы болды. Бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. СОКП-ның XIX съезінен бастап кейінгі съездерінің бәріне делегат болды. Партия делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелдерде болып қайтты. 1956 жылдан бастап СОКП Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1966 жылы партияның XXIII съезінде ол СОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, ал 1970 жылы XXIV съезде Саяси Бюроға мүше болып сайланды.

Осылай ол 20 жылдан аса уақыт бойы СОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі болып, КСРО секілді айдарынан жел ескен алып державаның ішкі-сыртқы саясатының мәселелерін

шешуге қатысқан әлемдік масштабтағы мемлекет қайраткер дәрежесіне көтерілді.Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін халқының пайдасына жұмсады. Д.А.Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі, қарама- қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп, Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. 1960-шы жылдардың басында Н.С.Хрущевтің озбырлығымен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін, атап айтсақ, екі совхоз бен 500 мың қойдан басқа жерлердің барлығын қайтадан қайтарып алуы соның айқын бір дәлелі еді [3; 250].

Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы қиын жылдарында ол білімдар, білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландырудың қажет екенін терең сезініп, қолдай білді.Қазақстанның қуатты аграрлы-индустриалды мемлекет ретінде қалыптасуында Д.А.Қонаевтың сіңірген еңбегі ерекше. Д.А.Қонаевтың билігі кезеңінде Өскемендегі қорғасын-мырыш және титан- магний, Соколов-Сарыбай, Лисаков, Балқаш, Жезқазған тау-кен-металлургия комбинаттары құрылды және дамыды. Оның көмегімен химия, метталлургия институттары ашылды. Қазақстандағы ВАСХНИЛ, Ақмоладағы Бараев институты әлеуметтік тапсырыс пакеттерін алды, ядролық физика саласындағы қарқынды жұмыстар басталды, Орта Азиялық әскери округ, әскери-инженерлік база құрылды.

Алматыдағы құрылыс пен қаланың өркендеуіне де ол аз нәрсе жасаған жоқ. Оның бастамасы бойынша бой көтерген Республика сарайы, Достық даңғылындағы тұрғын үйлер, «Медео» спорт кешені, Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет Сарайы, Республика алаңы, Қазақстан, Жетісу, Алматы, Алатау мейманханалары, цирк, аэровокзал, әуежай және көптеген ірі ғимараттар Қазақстан Республикасының визиттік карточкасы болып қалды. Ел астанасының көркеюіне жұрттың бәрі мүдделі десек те, сол кезде оны жүзеге асыру қиын еді. Үлкен құрылысты салу үшін Мәскеудің рұқсаты керек. Ал ондағылар басқа жақта, әсіресе мәдени-ұлттық нысандардың бой көтергеніне онша құлықты емес еді. Алматыда біраз нысандардың бой көтеруіне Д.А.Қонаевтың беделі, тіпті тапқырлығы көмектесті. Айталық, Лениннің 100 жылдық мерекесін атап өту үшін көп адам сыятын әсем ғимарат керек деген себепті алға тосып, Республика сарайын салдырды. Сол ұлы көсем атындағы даңғылды көркейтеміз деп, оның бойынан біраз мәдени-тұрмыстық нысандар тұрғызды: 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйі, М.Әуезов атындағы академиялық драма театры, М.Лермонтов атындағы орыс драма театры, Қазақ циркі, жастардың Неке сарайы, Ұлттық кітапхана, «Арасан» моншасы, жабық Көкбазар кешені, тоғыз қабатты Баспасөз үйі, Алматы темір жол вокзалдары, республикалық Пионерлер сарайы. Алматы қаласындағы құрылыс жұмыстарының салынуын үнемі назарында ұстап отырды. «Астана — елдің көркі, сырттан келгендер соған қарап еліңді таниды», — дейтін Димаш Ахметұлы. Осы бір өміршең идеяның бүгінде жалғасын тапқанына біз барлығымыз куә болып отырмыз. Жаңа елордамыз — Астана қаласы әлемнің ең әдемі қаласы ретінде күннен күнге қарыштап көркейіп дамып келеді.

Д.А.Қонаетың замандасы әрі бірге қызмет атқарған мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Жиенбаев Ұлы тұлғаға былаша баға берген болатын: «Димаш Ахметұлы ұмытылмайтындардың, халықтың жүрегінде мәңгі қалатындардың қатарында. Ол аса парасатты да талантты басшы болды, халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Ол өз заманының ұлы саясаткеріне айналды, халықтың мүддесімен өмір сүрді. Оған деген құрмет аса жоғары қызметте жүрген кезінде ғана емес, ол қызметтен кеткен соң да бәсеңдеген жоқ. Оның кен инженерінен бүкіл бір республиканың басшысына дейінгі өмір жолы, еңбеккор да аса жоғары зиялылық келбеті кез келген деңгейдегі басшы атаулыға үлгі-өнеге болғандай... Оның

парасатты ойларының, атқарған қызметінің іздері еліміздің, халқымыздың мәдени-рухани өмірінде, экономикада сайрап жатыр. Ол ел басқарған кезде халқымыздың дәстүрлі шаруашылығы — мал шаруашылығы қарышты қадаммен дамыды. Астық өндіру бұрын болмаған биікке көтеріліп, миллиард пұттармен әлемге танылдық. Өнеркәсіп пен құрылыстағы жетістіктер де жұрттың көз алдында.

Димаш Ахметұлы Қонаевтың ел басқарған кезеңін 1955–1986 жылдармен есептейміз. Осы жылдарда Қазақстанның экономикасы 7 есе өсіпті. Мыңдаған елді мекендер пайда болған, 68 жұмысшы поселкесі, 43 қала салыныпты. Халықтың саны өсті, ол республика қуатының өркендеуіне қол жеткізді. Ол өзіне жақсы серіктерді, іскер басшыларды таңдай білген адам еді. Сол тұста қаншама іске мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарайтын қайраткерлер, білікті ұйымдастырушылар өсіп жетілді десеңізші! Бұл ретте талай жыл Димекеңмен тізе қосып, еңбек еткен Б.Әшімовтен бастап, Ж.Тәшеновтің, Н.Оңдасыновтың, М.Бейсебаевтың, С.Ниязбековтің, С.Имашевтің, А.Асқаровтың, тағы басқа талай қайраткерлердің атын атауымызға болар еді. Ал солардың қатарында тәуелсіз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың да болғаны бәріміз үшін мақтаныш. Нұрекеңнің басшылығымен республикамыздағы жақсы істер еселене түсті, Қазақстан әлем таныған беделді мемлекеттердің біріне айналды.

Заманымыздың заңғар тұлғасы Димаш Ахметұлы Қонаевтың халық үшін, еліміз үшін жасаған еңбегі кезінде жоғары бағаланды. Оған КСРО-дай алып державаның ең жоғары-Социалистік Еңбек Ері атағы үш рет берілді, ең жоғары ордені -Ленин орденімен 8 рет марапатталды. Оны бұрынғы тоталитарлық елдің наградалары деп кемсітудің еш қажеті жоқ. Бұл ұлы тұлғаның еңбегін бағалағандық қана емес, оны мойындау деп те қабылдаған жөн» [3].

1953-1964 жылдар аралығындағы Н.С.Хрущев басқарған уақытта күтпеген өзгерістерге және асығыс тағайындауларға толы кезеңдер болды. Д.А.Қонаев Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің төрағасы қызметіне екі рет келіп, Республика Компартиясының Бірінші Хатшысы қызметін атқарады. Соңғы лауазымды қызметтен аймақтық мәселе бойынша партиялық диктатор көсемге наразылық білдіргені үшін босатылады.

1964 жылы Д.А.Қонаев Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қазан айында өткен Пленумына қатысады, яғни осы жиынның шешімі бойынша Никита Хрущев қызметінен босатылып, КСРО-ның бірінші басшысы болып Л.И.Брежнев тағайындалады. Ал желтоқсан айында Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болып сайланды.Ол үшін шынайы жаңарту және өзгертіп, қайта құрудың кезі келеді, бұл уақытта ол Кремльдің тегеурінді ықпалына қарамастан, партия күшінің көмегін пайдалана отырып, өз Отаны — Қазақстан үшін көптеген игілікті және ізгілікті шараларды жүзеге асырады.

Қазақстандағы индустрияландыру үрдістері 1965–1985 жылдары біршама екпінді жүрді. Еліміз КСРО-дағы өнеркәсібі дамыған аймақтардың біріне айналды. Жалпы ішкі өнім көлемі бойынша республикамыз КСРО-да үшінші орын алды (Ресей мен Украинадан кейін). Қазақстанда Кеңестер Одағындағы түсті металлургияның негізгі базаларының бірі орналасып, мол ауқымдағы отын- энергетика кешені, дамыған химия саласы, көмір өндіретін өнеркәсіп жұмыс істеді, мұнай өндірудің (тіпті әлемдік стандарттар бойынша да) әлеуеті орасан зор болды [3].

1966 жылдың 21 қазанында Дінмұхамед Ахметұлының басқаруымен Үлкен Алматы өзенінің жоғарғы жағында селден қорғаныс тұрғызуға лайықты су бөгеттерін тұрғызу мақсатында бағытталған жарылыс шаралары ұйымдастырылды. Ол жоспардан тыс басқа жарылыстарға әкеліп соқтырған жоқ, ал таудың жоғарғы жотасы жоспар бойынша ойластырылғандай, тұрғызылып жатқан бөгеттің үстіне сәтті түрде қопарыла құлап түсті.Жарты жылдай уақыт өткен соң, 1967 жылдың 14 сәуірінде сол жақ жағалаудағы жартасқа бағыттай отырып, екінші жарылыс шаралары ұйымдастырылды. Осындай жолмен селге тұрақты тосқауыл болатындай бөгеттер тұрғызылды.

1973 жылы осы бөгеттердің тұрақтылығын тексергісі келгендей, сол жаққа қарай өте қуатты сел бет алды. Сел тасқынын оған қарсы тұрғызылған бөгет ұстап қалады. Сел тасқынының екінші толқыны 16 шілдеде орын алды. Бөгет бұл соққыға да төтеп берді [2; 352]. Қаланың шығыс бөлігі апаттан аман қалды. Сол бір қиын күндері сел тасқынының салдарынан орын алған жағдайларды ретке келтіріп, қала тұрғындарының аман-есен өмір сүруін қамтамасыз ету шараларын Дінмұхамед Ахметұлы тікелей өзі басқарды.Үлкен Алматы өзені бойынша сел тасқынынан қорғаныс жұмыстары 1975 жылы басталып, 1980 жылы сәтті аяқталды. Сел тасқыны бөгеті жанында, тау етегінің тұсында заманауи «Медео» мұз айдыны бой көтерді.Ол қазақ халқының талантты өкілдерін қамқорлығына алып, шығармашылық тұрғыдан өсуіне ықпал жасап отырды. Олжас Сүлейменовтың «АЗ и Я» атты зерттеуінің философиялық мәнін түсінді, оны «орталықтың» жаласынан арашалады. Өнерді тоталитаризмнің идеологиясынан қорғай білді. Л.И.Брежнев тұсында кеңес елінің идеологиясын «сұр кардинал» Суслов басқарды. 1975 жылы Олжастың даңқты кітабы жарық көрді. Ақынның кітабы партиялық тұжырымдар талабынан шықпайтын, социалистік реализмнің шеңберіне сәйкес келмейтін. Жазушыны қуғындау басталып кетті. Бұл шараларды Суслов басқарып, осы кітапты шығаруға қатысқандардың барлығының жазалауға ұшырауын қатаң талап етті.

Сол кезде Д.А.Қонаев дос ретінде Л.И.Брежневке кіріп, оған Олжастың кітабын оқып шығуды ұсынды. Сусловтың басшылығымен идеология, мәдениет және ғылым шенеуніктерінің тарапынан жазалау шешімі мен қаулысы қарастырылып, дайындалып жатты. Бірақ Қонаев олардың алдын орап кетті. Л.И.Брежнев оған бұл мәселені жергілікті деңгейде қарастыруға рұқсат етті. Сөйтіп Олжастан диссидент жасау ісі жүзеге аспай қалды [2]. «Дінмұхамед Ахметұлы -өз заманының перзенті болған, ірі тұлға, көрнекті қайраткер. Қонаев жоғары қызметке келген уақыттың аса күрделі, қайшылығы көп кезең болғанын білесіздер.

Алайда, осындай қиындықтарға қарамастан, Қонаев елдің дамуы үшін қолынан келгенін жасады. Республикада құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы ілгерілей түсті. Елсіз жерлерде жаңа қалалар мен елді мекендер пайда болды. Сонымен қатар Димекең ғылымның, өнер мен мәдениеттің қарыштап қанат жаюына өлшеусіз еңбек сіңірді. Алды кең, жаны жомарт парасатты жанның өнер адамдарына қолдау көрсеткеніне талай рет куә болдым. Димекең туған қаласы Алматы үшін де көп жақсылықтар жасады. Бұл тұрғыдан алғанда, Дінмұхамед Ахметұлы — айрықша ардақтауға лайықты қарымды қайраткер. Сондықтан, біз оны Тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың тегеурінді тұлғасы деп бағалауымыз керек», — деп Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Д.А.Қонаевтың Қазақстан мен қазақ халқы тарихындағы рөлі мен мәнін жоғары бағалады [1; 1,2].

Д.А.Қонаевтың тұсында Қазақстан шетел мемлекеттерімен мәдени тұрғыда араласа бастады. 1955 жылы алғаш рет кеңестік Қазақстан тарихында Д.А.Қонаев Министрлер Кеңесін басқарып тұрған кезде, республикамыз алғаш рет халықаралық дәрежеде жоғары деңгейдегі мәртебелі қонақтарды қарсы алды: Алматыға Джавахарлал Неру қызымен бірге, кейінірек Бирма көсемі У Ну ресми сапармен келді. 1956 жылы Фурцева басқарған КСРО парламенттік делегациясының құрамында Англияға ресми сапармен барып қайтады. Делегацияны II Елизавета ханшайым, Премьер- министр Иден мен XX ғасырдың белгілі саясаткері Уинстон Черчилль қабылдайды. Букингем сарайында алғаш рет Еуропа жұртына бейтаныс «Қазақстан» деген сөз естіледі.

1960 жылдың қаңтар-ақпан айларында кеңестік партия делегациясының құрамында АҚШ-қа барып қайтады. Сол сапарда көптеген кездесулер болады: БҰҰ, Нью-Йорк штатының губернаторы, АҚШ Жоғарғы Сотының төрағасымен, миллиардер Рокфеллермен ресми тұрғыда кездесіп қайтады. Кеңестік делегацияны АҚШ Президенті Эйзенхауэр ресми түрде қабылдайды. Әлемде ерекше өзгерістер пайда болып, орын алып жатқан сан түрлі оқиғаларға әдеттегі дәстүрден бөлек баға беру тұжырымдары орын ала бастайды.АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Жапония, Үндістан, Иран, Мысыр сынды алпауыт мемлекеттердің Қазақстанды

танып-білуі тікелей түрде Д.А.Қонаевтың есімімен байланысты екендігі сөзсіз. Қонаевтың бастамасы бойынша, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа қарай достық көпірін салып, тығыз қарым-қатынас орнатуға жол ашылды. Оның тікелей басшылығымен 1978 жылы Алматыда Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының конференциясы болып өтті, оның жұмысына 134 елдің өкілі қатысты. Бұл жиында сенатор Эдвард Кеннеди сөз сөйледі.«Қазақстанның астанасы оның көңілінен шықты», — деп еске алады Қонаев. «Әсіресе 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы Даңқ мемориалын көріп, қаза тапқан ағасы — президентті есіне алып, кіші Кеннеди көз жасын тыя алмай қалды. Маған осы жан-жақты таңғажайып адаммен- саясаткермен кездесудің және әңгімелесудің сәті түсті. Бұл уақытта республикамыз әлемнің ондаған елімен экономикалық байланыс орнатып, ғылыми-техникалық ынтымақтастық шараларын жүзеге асырып, бірқатар Азия-Африка елдеріне медициналық жәрдем беріп те үлгерді» [3; 206].

1985 жылы СОКП Орталық Комитетінің Бас Хатшысы болып М.С.Горбачевтің келуіне байланысты 1986 жылы 16 желтоқсанда Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші Хатшылығынан босатылды. Орталықтың жүргізіп отырған әділетсіз саясатына қарсы республика жастары өз қарсылықтарын білдіріп, алаңға шықты. Бұл әйгілі Желтоқсан көтерілісіне ұласты.

Д.А.Қонаев өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті бола білді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «ол өзі айтқандай, коммунист болды және коммунист болып қалды». XX ғасырдың ұлы саясаткері әрі шебер дипломаты бола білген қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы 1993 жылғы тамыздың 22-сінде, 82 жасқа қараған шағында ел-жұртының арасында өмірден өтті.

Әр ғасырдың өзінің біртуар перзенттері болады. Солардың бірі — Дінмұхамед Қонаев. Президент Н.Ә.Назарбаевтың ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары, яғни 1994 жылдың 24 ақпанында, «Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» Жарлығын жариялады. Бүгінгі күнде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі Алматы және Астана қалаларының көшелеріне, университет пен колледжге берілді. 1992 жылы Д.А.Қонаев атындағы Халықаралық қор құрылды. Оның мақсаты — Қазақстан Республикасының мемлекеттігін нығайту, елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларға қолдау көрсету, қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани мұрасын игеріп, оның өркендеуіне септігін тигізу еді. Қазақ халқы Ұлы тұлғасының есімін ешқашан есінен шығармайды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Қонаев Д. Өтті дәурен осылай – Алматы: 1992, 448 б.
2. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды.- Алматы : 1994, 512 б.
3. Қозыбаев М. Қазақстан тарихы (4 том). – Алматы: 2010, 544 б.

КАСЫМ-ХАН И СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ

Лапин Н.С., к.и.н., ассоциированный профессор
Институт истории государства КН МОН РК

История Казахского ханства, история международных отношений в Центральной Евразии в средневековье не мыслимы без фигуры казахского хана Касыма, являющегося, пожалуй, одним из наиболее ярких и масштабных государственных деятелей казахского средневековья. Государственная, политическая, военная деятельность хана Касыма издавна привлекает внимание исследователей и в рамках истории становления Казахского ханства и изучения событий в среднеазиатском междуречье в конце XV – начале XVI вв. Библиография

деятельности этого правителя насчитывает десятки работ и исследователей начиная с известной публикации В.В. Вельяминова-Зернова и продолжая работами Т.И. Султанова, К.И. Пищулиной, М.Х. Абусеитовой, А. Исина, Н. Атыгаева, В.В. Трепавлова, Б.Б Карибаева и других. Определенный импульс в изучении внешней политики Казахского ханства и непосредственно деятельности Касым-хана был предан в условиях подготовки и проведения мероприятий, связанных с празднованием 550-летия с момента образования Казахского ханства [1-2].

В историографии изучены внутренняя и внешняя политика Касым-хана, его отношения с Шейбанидами, Могулистаном и Ногайской Ордой и ряд других. Среди сюжетов истории внешнеполитической деятельности исследователями несколько раз упоминается его связи с Русским государством времен Василия III (1505-1533). Однако этот аспект мало или фактически не изучен, причиной чего являться ограниченный круг источников. Между тем именно время правления Касым-хана является особенно важным для взаимоотношений двух государств и народов, так как есть все основания предполагать, что фактически при Касым-хане состоялись первые официальные контакты Казахского ханства и Русского государства и таким образом видеться отсчет истории казахско-русских отношений.

Сама история казахско-русских отношений уходит корнями в средневековье, к тюрко-славянским связям, восходящим ко временам половецкого владычества в южнорусских степях в начале второго тысячелетия. Собственно, связи двух государств – Казахстана и России (в их ранней форме – Казахского ханства и Русского государства/царства) имеют весьма продолжительную историю, начало которой надежно датируется XVI веком,

История изучения казахско-русских отношений насчитывает уже не одно столетие, включая десятки, если не сотни исследований, хронологически восходящих еще к трудам П.И. Рычкова, Я.П. Гавердовского, А.И. Левшина и др. В историографии проблемы двусторонних отношений решались самые разнообразные аспекты, это и история присоединения казахских земель, и их последующая интеграция в российское имперское пространство, проблемы становления и развитие экономических и гуманитарных связей в различные периоды и многое другое.

При этом, какой бы аспект истории двусторонних отношений, не изучался закономерно встает вопрос об их истоках, первых контактах между двумя странами и народами, актуализируя научный поиск и исследование периода становления казахско-русских отношений. И здесь оказывается, что период отношений «до 1731 года», то есть в позднее средневековье при всей его актуальности крайне слабо изучен.

В обращении к истории двусторонних, международных отношений, к истории внешней политики, на первый план выходит вопрос истории дипломатических связей между государствами. То есть, говоря об истории становления казахско-русских отношений в позднее средневековье, исходя в первую очередь из характера этих отношений, а также отталкиваясь от источниковой базы, мы можем говорить не обо всем комплексе этих отношений, а только об истории международных отношений имея в виду в первую очередь конкретно историю двусторонних дипломатических связей.

Как раз этот вопрос, не смотря на его насущность и научно-историческую актуальность для эпохи Казахского ханства до сих пор специально, фактически не исследовался. А между тем история дипломатических связей, история посольских миссий является краеугольным вопросом истории двухсторонних отношений Казахского ханства и Русского государства и является важнейшей научно-исследовательской и познавательной задачей, без решения которой невозможно со всей полнотой исследование дальнейшей истории казахско-русских отношений в новое и новейшее время. Это актуализирует изучение истории становления дипломатических связей между Казахским ханством и Русским государством в позднее средневековье.

В статье мы предпримем попытку показать значение эпохи Касым-хана для становления казахско-русских отношений, предполагая их начало в период его правления и

предложим датировку самых ранних контактов, о которых известно из исторических источников.

Историки довольно давно выявили, вполне вероятно, действительно первые упоминания о наличии определенных дипломатических связей Казахского ханства и России. Исследователи, опираясь на данные «Описи царского архива», составление которой датируется царствования Ивана Грозного (1533-1584), начало казахско-русских дипломатических связей относят к концу XV века. Данная «Опись», оригинал которой храниться в отделе рукописей Государственной публичной библиотеки имени М.Е. Салтыкова-Щедрина в Санкт-Петербурге, была дважды опубликована, сначала в 1836, а затем в 1960 годах [3-4]. «Опись» содержит лапидарное описание дел («ящиков») некогда хранившиеся в царском архиве, где нашли отражение и дела Посольского приказа Русского царства, что позволяет довольно точно представить государства и народы, с которыми русские правители имели те или иные дипломатические отношения.

Среди записей есть и интересующая нас краткая опись «ящика 38», в котором как следует из описи содержались «книги и списки Казатцкие при Касыме царе и Тюменские при Иване царе» [3, с. 339; 4, с. 24].

Как видно данный фрагмент не дает никаких подробностей относительно содержания «книг» и «списков», что совершенно не позволяет говорить о характере казахско-русских отношений в тот период, уровне и интенсивности дипломатических связей и так далее. Не содержится и такой важный параметр как время установления связей, что позволило бы исследователям начать отсчет в дипломатической истории двух стран.

Однако на основании того, что в одном деле содержались упоминания имени правителя сибирского ханства Ибака чья жизнь и деятельность связана со второй половиной XV века часть исследователей, например, В.Я. Басин предполагают установление или наличие казахско-русских дипломатических отношений как минимум с конца того века. В.Я. Басин имея ввиду цитированную выше «Опись царского архива» пишет по этому поводу: «официальные русско-казахские сношения начались, по-видимому, не позднее 90-х годов XV в., поскольку книги и списки о них, упоминаются в русском архиве наряду с такими же списками сибирского хана Ибака, а последний умер в 1495 г.» [5, с. 78]. Ранее практически эту же аргументацию приводил А.П. Чулошников [6, с. 62]. В новейшей историографии также высказываются предположения о начале первых контактов Русского государства и Казахского ханства уже в конце XV столетия или указывается шире – в годы правления первого государя всея Руси Ивана Великого (1462-1505) [7, с. 53; 8, с.388; 9, с. 433].

Однако, нам ближе другая гипотеза, согласно которой отсчет первых дипломатических связей казахских и русских правителей следует датировать, вероятно, не ранее начала XVI века, в историографии чаще всего авторы указывают время правления Василия III (1505-1533) [10, с. 138; 11, с. 35; 12, с. 275; 13, с. 11].

Однако данное предположение на наш взгляд возможно скорректировать. Дело в том, что, относя историю первых контактов к эпохе правления Василия III, с чем в общих чертах можно согласиться авторами, к сожалению, совершено не приводиться какая-либо аргументация и становиться непонятна привязка именно к правлению этого русского государя. Во-первых, его продолжительное правление, которое охватило, вместе с годами его предшественника треть XVI столетия, размывает датировку почти на три десятка лет и во-вторых непонятно, а при чем здесь имя Василия III, когда в «Описи» указаны имена сибирского и казахского ханов. Если А.П. Чулошников и В.П. Басин аргументируют датировку периодом правления сибирского шибанида Ибак-хана (ум. 1495), то на наш взгляд еще более логичнее было бы датировать время установления первых казахско-русских дипломатических связей правлением непосредственно самого казахского правителя – Касым-хана.

Известно, что хан Касым приобрел свой политический вес и фактически стал самостоятельным правителем еще до своего официального воцарения. Например, Т.И.

Султанов приводит довольно информативный фрагмент знаменитого сочинения современника событий Мирзы Хайдара, где как раз фиксируется этот факт. Говоря о событиях 1510 года Мирза Хайдар пишет, что Касым-хан в то время «еще и не принимал титул хана, хотя власть его уже была настолько велика, что никто и не думал о Бурундук-хане» [цит. по: 12, С. 272].

Так же известно о том, что русское правительство, собственно, как и любое другое весьма ревностно относилось к фиксации титулов не только самих русских правителей, но и тех, с кем велись или были установлены дипломатические связи [см.: 14]. В том числе это относиться и к истории казахско-русских дипломатических связей, что весьма убедительно показал Н.А. Атыгаев [15].

Исходя из этого прямое указание в описи на царский титул Касыма («при Касыме царе») явно может свидетельствовать о том, что речь должна идти непосредственно о времени с момента официального воцарения, то есть принятия ханского титула, а не в целом политического возвышения Касыма. В данном случае трудно не согласиться с замечанием Ж.М. Сабитова сделанным как раз в связи с установлением хронологии правления Касым-хана: «фактический и формальный правитель – это большая разница» [16, с. 738].

В историографии имеется несколько оценок и мнений относительно времени официального («формального») правления Касыма, то есть обладания им ханским титулом. Предлагаются и обосновываются такие, например, датировки: – 1512-1518гг. (Т.И. Султанов), – 1509-1521 гг. (Н.А. Атыгаев), – 1513-1521 гг. (Ж.М. Сабитов) [16, с. 742; 17, с. 112; 18, с. 51].

Из приведенных датировок при всех имеющихся разночтениях видно, что основное, время правления Касыма выпадает на второе десятилетие XVI века.

Однако и эти данные можно скорректировать, и предложить еще более конкретную датировку установления первых дипломатических контактов Казахского ханства и Русского государства. Для этого необходимо обратить внимание на внешнеполитическую активность Касым-хана в последние годы его жизни.

В научной историографии, в учебной литературе и публицистике нередко встречается объяснение первых казахско-русских контактов экспансией Русского государства в Поволжье (присоединение Казахского и Астраханского ханств) и дальнейшее продвижение в Сибирь, в результате чего территории двух государств входят в соприкосновение и это таким образом способствует зарождению двусторонних отношений.

Однако, как показано выше официальные контакты начались заметно раньше этого времени. И можем предположить, что это было связано не столько с продвижением русских на Восток, сколько с экспансией казахов в западном направлении. Как хорошо известно, исследователям одним из значимых векторов внешней политики Касыма были отношения с ногайскими правителями, контролировавшими тогда территорию примерно современного Западного Казахстана.

По предположению В.В. Трепавлова после неудачного похода по овладению Ташкентом в 1513 г. Касым обратил внимание, на ногайцев, желая их покорить и за их счет восстановить свои людские и материальные ресурсы. С этой целью им был подготовлен и осуществлен масштабный поход, целью которого как пишет В.В. Трепавлов было «окончательно и прочно утвердить свою власть над ногаями» [19, с. 141]. Касым-хану удалось фактически полностью покорить территорию ногаев, в результате чего казахи вышли к Волге, раздвинув свои границы значительно на Запад и таким образом приблизившись к владениям Русского государства. Часть исследователей (А. Исин, Н. Атыгаев) [20, с. 65; 21, с. 392] именно время похода против ногаев связывает с установлением казахско-русских отношений. Данное предположение вполне логично и объяснимо с точки зрения ситуации, которая сложилась в Северном Прикаспии в результате присоединения ногайских владений к Казахскому ханству.

Время этого похода достаточно надежно установлено, благодаря наличию ряда исторических источников, которые говорят о продвижении казахов к Волге и фактическом выдавливании части ногайцев далее на Запад [22, с. 688]. Речь идет о 1519-1520 гг.

Таким образом, основываясь на данных «Описи царского архива», исходя из времени официального правления Касым-хана, событий «ногайского покорения» можно с относительной уверенностью предположить, что начало казахско-русских дипломатических связей следует датировать именно этим временем, то есть 1519-1520 годами.

Это в свою очередь дает основание утверждать о полутысячелетней истории двусторонних отношений. Если предположение верно, то в следующем 2020 г. следует отметить еще один не маловажный юбилей – 500-летие установление казахско-русских отношений!

Список использованной литературы и источников:

1. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылуы тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 520 б.
2. Материалы меж. науч.-практ. конф. «Мәңгілік Ел» посвященной 550-летию Казахского ханства (11 сентября 2015 года). – Астана: Мемлекет тарихы институты, 2016. – 812 б.
3. Опись царскаго архива // Акты, собранные в библиотеках и архивах Российской империи Археографическою экспедициею Императорской академии наук / Дополнены и изданы Высочайше утвержденной комиссиею. Том I, 1294-1598. – СПб.: В Типографии II Отделения Собственной Е.И.В. Канцелярии, 1836. – С. 335-355.;
4. Опись Царского архива XVI века // Описи царского архива XVI века и архива Посольского приказа 1614 года. Под редакцией С. О. Шмидта. – М.: Издательство восточной литературы, 1960. – С. 15-44.
5. Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI – XVIII вв.: Казахстан в системе внешней политики российской империи. – Алма-Ата: Наука, 1971. – 276 с.
6. Чулошников А.П. Торговля Московского государства с Средней Азией в XVI–XVII веках // Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Часть I: Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии в XVI-XVII вв. / Ред. издания академик А.Н. Самойлович. – Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1932 (1933). – С. 61–88.
7. Абусеитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1985. – 104 с.
8. Абусеитова М.Х. Хакназар-хан. Укрепление государства во второй половине XVI века // История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 2. – Алматы: «Атамұра», 1997. – С. 383-397.
9. Валиханов Е.Ж. Взаимоотношение с Россией и соседними народами // История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 2. – Алматы: «Атамұра», 1997. – С. 433-445.
10. Абуев К. Хан Абылай и его время. – Астана: Елорда, 2006. – 304 с.
11. Васильев Д.В. Касимовское ханство и первые дипломатические контакты России и Казахстана // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики Тамбов: Грамота, 2015. № 7 (57): в 2-х ч. Ч. II. – С. 35-38.
12. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: «Рауан», 1992. – 380 с.
13. Темиргалиев Р.Д. Казахи и Россия. – М.: Междунар. отношения, 2013. – 352 с.
14. Филюшкин А.И. Титулы русских государей. – М., СПб.: «Альянс-Архео», 2006. – 256 с.
15. Атыгаев Н.А. Казахское ханство: терминология источников как отражение истории государства // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 2. Режим доступа: http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/272 (дата обращения: 08.08.2018).
16. Сабитов Ж.М. Хронология правления казахских ханов в XV – середине XVI века // Молодой учёный. – № 2 (106), январь, 2016 г. – 737-743.
17. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). – М.: Издательство «Наука» Главная редакция восточной литературы, 1982. – 134 с.

18. Атыгаев Н. А. Хронология правления казахских ханов (XV –середина XVI века) // Тюркологический сборник / Ин-т востоковедения РАН, С.-Петерб. филиал. – М.: Вост. лит., 1970-2006 / ред. кол. С.Г. Кляшторный (пред.), Т.И. Султанов, В.В. Трепавлов. – 2007. С. 50-62.

19. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. / Отв. ред. М. А. Усманов. 2-е изд., испр. и доп.– Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. – 764 с.

20. Исин А.И. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI в. – Семипалатинск, 2002. – 139 с.

21. История казахской государственности (древность и средневековье): Монографическое исследование. – Алматы: изд. «Адамар», 2007. – 416 с.

22. Сборник Императорского Русского исторического общества. Т. 95. Памятники дипломатических сношений Московского государства с державами иностранными. Т. II. 1508-1521 гг. Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымом, Нагаями и Турциею / изданы под ред. Г. Ф. Карпова и Г. Ф. Штендмана. – СПБ: Печатня С.П. Яковлева, 1895. – XIX, 706 с., 108 ст.

ҚАЙРАТКЕРЛІК ПЕН ДАНАЛЫҚ МІНБЕРІНДЕГІ ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

Мұратбекқызы Б., аға оқытушы
Берліғалиева Г., 3 курс студенті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр!
Сонда ғана «Білім» деп аталатын асыл
тас ешқашан тот баспастан
жалтырай да, жарқырай береді.
Қ.И.Сәтбаев

Қазақ халқының біртуар перзенті, есімі жалпақ дүниеге мәлім аса көрнекті ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, еліміздің жаңа замандағы ғылымының іргесін қалаған, адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбеті халқының аузында аңыз болып қалған жаны жайсаң азамат - Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Біз мақтанатын тұлғалардың бірі емес бірегейі Қаныш Сәтбаев киелі жерде дүниеге келген, құнарлы топырақта, қасиетті иманды ортада өскен, ұлтымыздың біртуар ұлы. Демек, бұл мақала Қаныш Имантайұлының қажымас қайратымен, мұқалмас жігерімен, Қазақстан ғылымын жаңа биікке бастап, өмірін елінің экономикасы мен мәдениетінің өркендеу жолына тіккен, халқының кәдесіне жаратқан абзал азамат туралы.

Қаныш Сәтбаевты қазақ даласындағы жартас жазулары да көп қызықтыратын. 1937 жылы ол Бұланты өзенінің терең шатқалынан бұғы мен аю бейнеленген суреттер тапты. Мұндай суреттер кейін Ұлытаудың батыс жағындағы Жетіқыз өзенінің және Талдыеспе өзенінің бойында табылды. Қаныш Имантайұлының пікірі бойынша, аюлар мен бұғылар бейнесі жартасқа олар осындай өмір сүрген кезеңде, яғни төрттік дәуірдің алғашқы бөлігінде, біздің эрамызға дейін бірнеше мың жыл бұрын қашалған. Ежелгі түркі тайпаларының Жезқазған ауданында жиі кездесетін сым тастарын да Қаныш Имантайұлы жан-жақты сипаттаған-ды.

Қ.И.Сәтбаевтың орасан зор қызметінің арқасында кезінде еліміздің қорғаныс қабілеті әлдеқайда арта түсті. Атап айтқанда, 1928-1940 жылдардың кезеңінде Жезқазған-Ұлытау аймағында сан алуан пайдалы қазбалармен қара және түсті металдардың, алтынның, вольфрамның, қорғасынның, марганецтің және де басқа да рудалардың болашағы зор кен орындарының тұтас бір сериясы белгілі болды.

Академик Қ.Сәтбаевтың ой толғамына жүгінсем, Ұлытау «ескі сөз естеліктің кені». Және де «Ұлытау кенересін Сарыарқаның кіндігі деп айтуға болады. Сондықтан Ұлытау

жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының ашық алаң, кең майданы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан. Сарысуға құятын Қаракеңгір дейтін өзеннің жиегінде атақты Шыңғыс ханның баласы Жошы хан мен Алаша хандардың мазарлары әлі күнге дейін бұзылмай тұр. Жыланшық өзенінің бастау көзі шығатын Ұлытаудың бір биігінде Ер Едігенің моласы бар деп жұрт аңыз етеді. Абылай да ордасын Ұлытауға тіккен, Ұлытаудың түстік бөктеріндегі «Хан төбе» дейтін жерде өткен XIX ғасырдың 30-шы жылдарында атақты Кенесары батырды Орта жүздің баласы басы Арғын Шеген би болып, ақ киізге салып хан көтерген» деп жазады. Расында, Ұлытаудың қатпар-қатпар құпия сырларының керемет бір көріністері осындай. Ол – Қазақ елінің географиялық орталығында орналасқан саяси-экономикалық және этномәдениетінің алтын ордасы. Ол өзінің дәуірлеп, гүлденген заманында Дешті Қыпшақ немесе Жошы ұлысы атанған.

Ұлытау дегенде тарихи ой-сана, ұлттық зерде-зейін, ар-намыс, қайрат-жігер, рух тұтас оянады. Даланың тарихы, дана бабалар, дарынды баһадүрлер тарихы қайтадан жаңғырып тіріледі. Ұлытау ұлылығы мен ұлағатында телегей сыр, теңдесі жоқ терең мағына бар. Тарихтың «алтындай тазасы, алмастай асылы» Тәуелсіз Қазақстанның екпіндеп өрлеуіне ересен серпін қосады.

Ғалым-публицист Сәтбаев көпқырлы дарыны бар, өмірді сүйген, қоғамдық белсенділігі ғаламат адам еді. Ол бар іске де үлгеретін. Оның сан алуан ауқымды мақсаты болатын. Ойланып жатпай-ақ кез-келген бір мысал келтірейік. Алтышоқы тауының етегінде ерте кезде мыс өндіру ісін зерттеп, жүргізіп, Сәтбаев тілде жазылған жазуы бар кішкене тас пирамида кездесті. Ол жазудың бір әрпін қалдырмай қағазға түсіріп алды да Ленинградтағы «Эртимажға» жіберді. Көп кешікпей ол жақтан «Экипаждың» ғылыми қызметкері Морозов келіп, қымбат қазына ретінде плитаны алып кетті. Артынша-ақ профессор Поппэ жазудың шешуін тауыпты: «Жеті жүз Қара Тоқмал елінде қой жылғы көктемнің ортаңғы айында Тұрана , Темірбек, Сұлтан екі жүз мың қолмен Тоқтамыс ханның қанын ішіп, өз мерейін асыру үшін жортып келе жатты. Өзіне таныс осы жерге жеткен соң қорған тұрғызды. Құдайдың өзі жар болсын». Сәтбаев Ақсақ Темірдің Жезқазған даласындағы ізін осылай тапты. Қаныш тапқан сол археологиялық ескерткіш әлі күнге дейін «Эртимажда» көрсетіліп тұрады [1, 6 б.].

Қаныш Сәтбаев шоқантанудың қазақтан шыққан алғашқы зерттеушілерінің бірі болды. Томскіде оқып жүрген студент Қаныш Шоқан Уәлихановтың еңбектерін талдау үстінде тарихтағы белгілі тұлға Едіге батыр туралы эпосқа тап болады. Ол Сәтбаевтың өңдеуімен, алғы сөзімен 1927 жылы Мәскеуде қайтадан жарық көрген. Осының бәрі – жас Қаныштың Шоқанды зерттей жүріп, жолын жалғастыруды, сабақтас болуды арман еткендігінің белгісі. Ш.Сәтбаева:«Бұл ретте ол тұңғыш қазақ топырағында небір нәзіктік пен сиқырлы қасиеттерді иемденген көркемсөзді ғылымға қызмет еткізген, өзінен ілгеріде өмір кешкен ұлы ғалым Ш.Ш.Уәлихановтың дәстүрін жалғастырушы ретінде ерекшеленеді»,- деп әдемі тұжырымдаған. Қаныш Шоқанға еліктеп, Қарсақбай, Жезқазған-Ұлытау өңірлеріне алғаш келген 1926 жылдардан бастап тамаша экономикалық, әлеуметтік және тарихи-этнографиялық, археологиялық зерттеулер жүргізді. Өзінің геологиялық жолында болсын, қазақтың Ғылым академиясын құруда, басқаруда болсын, кен байлығын халық қажетіне жаратуда болсын Сәтбаев Шоқан Уәлихановты алдында желбіреген жалауындай қадір тұтты. Ресейдің Шоқан толық мүшесі болған географиялық қоғамының басқарушысы П.Семенов-Тянь-Шаньский қанша тырысып бақса да, патшалық Ресей кезінде Шоқанның еңбектері толығымен жиналып басылмады. Орыстың саяси департаменттері орыс географтарының табысын Еуропаға таныту мақсатымен өздеріне керегін ғана үзіп-жұлып бастырып шығарды. Ал толық жинағын қазақтың қолына ұсыну үлкен арман еді. 1961-1972 жылдары Шоқанның ең алғаш жарық көрген 5 томдық шығармаларының дайындалып, қазаққа жетуіне Сәтбаев нақтылы себепкер болды. Өзі редакция алқасына кірді, ал құрастырушы жұмысты академик Әлкей Марғұланға басқартты. Қазір Ғылым академия ғимаратының алдында Ш.Уәлихановтың

ескерткіші тұр, айналасында көптеген ғылыми институттар бар. Осының бәрі қазақтың асыл перзенттері Шоқан мен Қаныштың табиғи жалғастығын, мәңгілік бірлестігін айқындайды.

1946 жылдың 1 маусымы-біздің Ұлттық академиямыздың дүниеге келген күні. Оның бастауында академияның тұңғыш президенті болып бірауыздан сайланған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тұрды. Ғылым академиясының құрылуы зор саяси маңызы бар тарихи оқиға және қазақ халқының ғылымы мен мәдениетін дамытудағы алып адам болып табылады.

Біз Қ.И.Сәтбаевтың қол таңбасы қалған ғылымның, өндірістің қай саласын алсақ та, олардың бәріне де талантты және жоғары білікті мамандарды таңдай білген. Мұндай жағдайға Қ.И.Сәтбаев кемеңгерлігі мен көргендігі арқасында қол жетті. Ол бүкіл Республика көлемінде ғылымға жоғары оқу орындарын бітірген неғұрлым дарынды және қабілетті жастарды тарту негізінде ғылыми кадрларды іріктеу мен әзірлеудің бағдарламасын тұңғыш рет жүзеге асырушы болды. Қазақстан ғылымының көптеген ірі тұлғалары ғылымға «Сәтбаевтің шақыруы» бойынша келген, ол тәрбиелеген мамандар болды.

Қ.И.Сәтбаев мінез-құлқы мен өз өмірін арнаған істің дұрыстығына деген кәміл сенімі көптеген қиыншылықтарға қарсы күрес үстінде шыныққып, беки түсті. Тіпті, сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдарда, оған саяси айыптар тағылып, тоталитарлық тәртіп тарапынан қудалануға алынып және кемсітілген жылдарда былай деп жазды:

«...Феодалдық тәртіптерді орнатушы» деп маған тағылған айыптың сандырақ екендігін, менің ойымша, Қазақ КСР Ғылым Академиясы жұмысының негізгі көрсеткіштеріне атүсті жасалған талдаулардың өзі-ақ айқын дәлелдеп береді. Ол көрсеткіштер менің академияда орнатқан бірден-бір тәртібім қажетсіз тақырыптарға қарсы күрес жүргізу, академияның қызметін практикалық талаптармен тығыз органикалық байланыста өрістету, ғылыми зерттеулердегі кешендік элементтерді барған сайын күшейте түсу, ол зерттеулерді ірі-ірі халық шаруашылық проблемаларын шешуге бағыттау болып табылатынын да айқын дәлелдеп береді» [2, 74 б.].

Қ.И. Сәтпаев туралы әсіресе кеңестік тарихи әдебиетте кеңінен жазылды. Әсіресе, ірі монографиялық зерттеулер, ұжымдық еңбектер халықаралық-практикалық ғылыми конференциялардың материалдары жарық көрді, көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды, сонымен қатар көркем әдебиет пен кинематография да оған көп көңіл аударды. Қ.И.Сәтбаевтың өзінің де, ол туралы жазылған мен еңбектерде өз алдына бір төбе.

1965 жылы көзі тірі замандастарының, шәкірттерінің естеліктері негізінде «Академик К.И.Сатпаев» атты (А., «Ғылым», құрастырушы Т.А.Сатпаева, бас редакторы Ш.Ш.Шөкин) жинақ, ал 1967-1970 жылдар аралығында осы баспадан (бас редакторы Ш.Есенов) ғалымның таңдаулы ғылыми еңбектерінің бес томдығы жарық көрді.

Ғалымның атақ-табысына, ел үшін жасап кеткен ұлы істеріне сүйсінген, соларды ұрпақ тәрбиесіне үлгі-нұсқа етуді мақсат еткен бір топ әдебиетшілер, академиктер: Қ.Жұмалиев, Е.А.Букетов, байырғы қаламгер А.Брагин, әуесқой әдебиетші Т.Оразов Қаныш Имантайұлы туралы деректер жинап, оның ізі түскен жерлерді аралап, ғұлама бейнесін әдеби шығармалар арқылы сомдауға әзірлікке кіріскен. Кейбіреулерінің алғашқы жазбалары жарық та көрген-ді.

Алайда 1974 жылдан былай Қазақстанның зиялы қауымы түсінбеген, шындығын айтқанда, сол бір өрескел арандатушылықты қабылдамаған масқара шырғаландар басталды. «Академик Қ.И.Сәтбаевтің қоғамдық ғылымдардағы мұрасы» атты деректі кітабында (А., «Ғылым», 1997, 197-б.) тарихшы Ғ.О.Батырбеков былай деп атап көрсеткен: «12 жыл бойы оның ғылыми еңбектерін жариялау, насихаттау түгілі, есімін атауға, әдеби шығармалар жазуға, тіпті Ұлттық Ғылым Академиясын құрудағы тамаша істерін айтуға ресми үкімет тарапынан жасырын түрде тыйым салған әділетсіздік орын алды. Бұл туралы әлдеқанша айғақтар мен материалдар келтіруге болады.

Тек 1987 жылы ғана қиянат шектеушілік тоқтап, туғанына 90 жыл толуына байланысты Қазақстан үкіметінің «Қ.И.Сәтбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» екінші қарары қабылданып, ғалымның ғылыми мұрасын зерттеу, насихаттау ісі қайтадан жандана бастады...»-

деген тұжырымның бір сөзін теріске шығаруға болмайды. Ащы болса да бұл-кешегі өткен өмірімізде көз көрген, «Қазақтың Қанышы» кітабын (Сәрсеке Медеу А: Атамұра, 1999) жазушы бастан кешкен шындық.

Сәрсеке Медеу мен Евней Букетов өз еңбектерінде академик Қ.И.Сәтбаев туралы бұрын-соңды жариялаған деректі шығармаларын жинақтап, бұған дейін ғалым өмірінің кейбір айшықты тұстарын толығырақ ашып айта алмай жүрген «ақтаңдақ сәттерін» қоса баяндап, өз еңбектерін жазып шығарды [3, 102 б.].

Жазушы Медеу Сәрсекеев өзінің өмірін қаһарманының ғұмыр жолын зерттеп, жазуға арнайды. Оның үлкенді-кішілі кітаптары дүниеге келген-ді. Нақтылы айтсақ, олар-«Жазушы» баспасы 1973 жылы шығарған «Туған жердің асылы» атты көркем әңгімелер жинағы, төлтума нұсқасы Алматыда қиянатпен тоқтатылып, көп бейнетпен Москвада «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдардың өмірі» (ЖЗЛ) сериясы бойынша 1980 жылы жарық көрген.

Қазіргі таңда да ұлы ғалым туралы көптеген жинақтар, монографиялар, альбомдар шығуда. Соның ішінде атап көрсететін болсақ «Қаныш аға», «Академик К.И.Сатпаев» атты естеліктер жинағында Қ.И.Сәтбаевтың бүкіл өмірбаяны, ғылымға қосқан үлесі, Қазақстанда Ғылым академиясын құрудағы рөлі, ондағы академик, президент болып атқарған қызметі толық жазылған [4, 4 б.].

Барлығымыз Қаныш Сәтбаевты Қазақ Ғылым Академиясының тұңғыш президенті және геолог ретінде білеміз. Бірақ геология саласынан басқа тарих және әдебиет саласының дамуына өзіндік үлес қосқан еңбектері бар екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Жезқазған жерінде геологиялық барлау жұмыстарынан бөлек Жезқазған тарихын зерттеді. Қаныш Сәтбаев шоқантанудың қазақтан шыққан алғашқы зерттеушілерінің бірі болды.Байтақ даладан жер асты қазыналарын іздеу жолында ол халықтың рухани байлығына кенікті. Оның мақалаларына зер сала отырып, біз Академияны басқарған жиырма жылдың өн-бойында Қаныш Имантайұлын әдебиет пен мәдениет мәселелері үнемі толғандырып отырғанын аңғарамыз. Қаныш Сәтбаев өзінің барлық саналы өмірін қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады.Туып-өскен жерін, өз халқын жан жүрегімен беріле сүйген ғалым алғашқы еңбектерінен бастап-ақ зерттейтін өлкесінің өткен кезеңіне қазақ халқының көне мәдениет ескерткіштеріне көп көңіл бөлген болатын.

Байтақ даладан жер асты қазыналарын іздеу жолында халықтың рухани байлығына кенігіп, бүкіл саналы ғұмырын халқының игілігі жолына арнаған Қаныш Имантайұлы қайраткерлік пен даналық мінберіне осылайша көтерілді. Академик Д.И.Щербаковтың сөзімен айтқанда «Қ.И.Сәтбаев туралы сөз болғанда мен көз алдыма бір-тұтас, жігерлі, кең, мемлекеттік ауқымда ойлай алатын ақылы бар адамды елестетемін. Қ.И.Сәтбаев толық ғылыми көзқарасы бар, дұрыс жол таңдап ала білген, алға қойған мақсатына қалтқысыз баратын азамат. Қазақстанның шексіз даласында дүниеге келген ол, өмір үшін, жеңіске жету үшін күреске бейімдейтін қатал табиғаттың қасиеттерін өз бойына жинаған.»

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Қаныш аға (Академик Қаныш Сәтбаев туралы естеліктер) Алматы, - Жазушы: 1989, -124 б.

2. Сәрсекеев М. Сәтбаев. Алматы, Өнер. 1989. -219 бет.

3. Сағындықова С.С. Қ.Сәтбаев Қазақстан түсті металл өндірісінің модернизациялаудың негізін салушы. // Социальная модернизация в странах постсоветского пространства: исторические тенденции и казахстанская практика. Материалы научно-теоретической конференции. - Актобе: АқтМПИ, 2013. –С. 71-74.

4. Сәтбаева Ш. Сәулелі әулет. Алматы, Қазақстан, 1996, 3-5 бб.

АҚЫТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАЙЫНДА

Мұхамадиұлы Х., т. ғ. д., профессор
Монғолия Ғылым Акедемиясының Халықаралық қатынастар зерттеу Институты

Ақыттану – шет елдегі қазақ әдебиеті мен тарихын тану ғылымының бір саласы. Ақыттану Ақыт хажы Үлімжіұғлы Қарымсақов Алтайскийдің өмірі мен шығармашылық өнері, дүниетанымы, қоғамдық, діни көзқарастары, тарихи білім, тәуелсіздік, бостандық жайлы ойлары, ұлт азаттық күресінде ақының атқарған істері, шет елдегі қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі, шығармаларындағы Абай және араб, парсы өркениетінің әсері жайлы жан-жақты зерттеуді мақсат етеді. Ақыт хажының өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде оның шығармашылық өнері бастау алған сол заманда басталды. 1897 жылы Қазан қаласында тұңғыш кітабы жарық көрісімен шығыс зерттеуші ғалымдардың назарына ілікті. 1897 жылы профессор Н.Ф.Катанов[1] « Деятель»[2] журналында Ақытты қазақ ақыны деген еді. Алайда, XX-ші ғасырда Еуразия кеңістігінде болып өткен сан алуан аласапыран оқиғалардың кесірінен және ақынның шет елде өмір кешуі т.б себептерден Ақыт ақынның мұрасын жинау, баспадан шығару, насихаттау, зерттеу, бағалау ісі ұзақ жылдарға кенжелеп қалды. Сөйтіп, Ақыттануды жүйелі, дәйекті түрде дұрыс ғылыми көзқарас бойынша дамыту қажеттігін өмірдің өзі алға шығарды. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан Ақыт хажының аты аталып, шығармаларының кейбірі Моңғолияда, Қазақстанда, Түркияда, Қытайда жарық көріп, шет жағалап зерттеулер жасауға деген талпыныстар болды [1, 438-441]. Алайда, нағыз ғылыми Ақыттанудың ірге тасы әлі толық қаланған жоқ.

Цин империясына қарасты Өр Алтай жерінде Ақыт 1868 жылы туылып, жеті жасында ауыл молласы Мырзабақа, Садық, Бұхарадан келген Махбубулладан сабақ алып, хатқа, дінге жүйірік болып алады. Араб тілін меңгеріп, Қазан және Станбул баспасынан түрік тілінде басылған кітаптармен танысқандығын алғашқы кітаптарынан байқауға болды.Ақыт шәкірт кезінен шағын өлең жазып, Қобда қаласына келген кезде қаламы төселіп қалған жас ақын болатынды. Бұл **бірінші** кезең - ақынның хат танып, білімін жетілдіріп, шағын өлеңдер шығарып, дастандар жазуға дайындығы толысқан уақыты еді.

Ақыт Қобда қаласына почта қызметіне келген соң көп адамдармен танысып, Қазан қаласынан келген жаңа басылымдарды оқып, оған әсерленген ол, 22 жасында «Жиһаншаны» небәрі бірер сағаттың ішінде жазуы оның таланттылығының белгісі болады. Бұл ақын шығармашылығының ең тамаша дәуірі - **екінші кезеңінің** басы еді. Өр Алтайда аз уақыт болып, Қобда бетіндегі Барлам үкірдайдың ауылына бала оқытуға келген соң ақынның қаламынан «Керей ешені Мухаммед Муһмин», «Жақсы қатын мен жаман қатын», «Кесік қол келіншек», «Ахуал қиямет» т.б сияқты көркем туындыларын жазып, кейбірін Қазанда бастырды.

Ақыт ақын 1907 жылы 39 жасында хажы сапарына аттанып, ұзақ сапар шегіп, көп мемлекеттің жерін басып, талай халықтың өмір тірлігін өз көзімен көріп, шығыс елдерінің көп мәдениеттер тоғысқан өркениетінің мәдениеті мен, әдебиетімен, білімді оқымысты

---

[1] *Катанов Николай Федорович-Хызылұлы Пора (6.5.1862, Ресей, Краснояр өлкесі, Аскиз ауданы– 10.3. 1922, Қазан) – хакас филологы, этнографы, түркологы, Қазан университетінің профессоры, салыстырмалы тіл білімінің докторы,1888 – 92 жылы Санкт-Петербург ғылым академиясының тапсырмасымен Сібірде, Моңғолияда, Жетісуда болып, ұйғыр, өзбек, қазақ, тыва, тағы басқа түркі халықтарының этнографиясы мен тілі жөнінде мол материал жинады. Қытайға сапарында оны Жүніс Итқараұлы деген қазақ бастап апарған.*

[2] ***«Деятель»*** *— общественно-литературный журнал трезвеннической направленности, печатный орган «Казанского Общества Трезвости», издававшийся в г. Казани в 1896—1917 гг. Первый номер увидел свет в январе 1896 г. в типографии Императорского Казанского университета, где располагалась и его редакция. Всего было издано 280 номеров.*

адамдармен танысып, дүниеге көзі ашылып, дүние танымының көк жиегі кеңейіп, тіл білімі артып, көп нәрсені үйіреніп, 1908 жылы аман-есен оралады. Ақыт хажыға бұл сапардың әсері ұшан теңіз болумен қатар ақын шығармашылығының тұтастай бір кезеңін иеленді. Ақыт хажы көрген-білгендерін түгел қағазға түсіріп, сапарнамалық күнделік дәптері - «Хажы баян» көлемді көркем шығарма ғана емес шет ел қазақтарының қажыға бару тарихы, көрген бейнеттері, ақынмен қажыға бірге аттанған 60-тай қазақтың әрқайсының аянышты тағдыры, әлеуметтік-мәдени ортадағы құбылыстар, көптеген тарихи-мәдени мәселелер жайында хабар бере отырып, ақын өзінің дүниетануы тереңдей түскенін, рухани көзқарсының берік іргетасы қаланғанын, және ол ақынның онан соңғы шығармаларында көрініс тапқанын айта кету керек. Сөйтіп, Ақыт ақының қажы сапары аясында жазылған шығармаларын шығармашылығының тұтас бір –**үшіші кезеңі** деп қараған дұрыс болмақ.

Ақыт қажы сапарынан оралған соң Өр Алтайды мекен етіп, өмірінің ақырына дейін жазған туындылары ақын шығармашылығының **төртінші** кезеңіне тиеслі болмақ. Хажы сапарында дүниені шарлап, көпті көріп, терең ой түйіп, туған жеріне оралған соң шығармашылыққа өмірінің 30- дай жылын арнады. Бұл дәуірде кемеліне келген ақын, ғұлама Ақыт хажы «Асан ата деп еді», «Абақ Керей шежіресі», «Ер Жәнібек», «Мұхаммет Құнафия», «Самырық құс», «Смағұлдың қиссасы» т.б жазады. Ақыт ұлы Абайды үлгі етіп, Абайдың философиялық ойларын дамытып, идеяларын шет қазақтарына танытып, кең көлемде насихаттайды. Құранды қазақшаға бірінші аударған діни қайраткер болды. Бұл дәуір Синьцзянда қым-қуыт саяси жағдайлар шиеленіскен, қазақтар зорлық-зомбылыққа көндіге алмай атқа қонған дәуір еді. Осындай тарихи заманда Ақыт ақын қазақтың жайын ойлап, ұлт-азаттық күрестің рухани көшбасшысы бола білді. Осындай кезеңде өмір кешіп, арпалыспен өткен қиында, соқтықпалы өмірінде өшпес із қалдырып, «1940 жылы жендет Шэн Ши Цайдың тар есік, тас босаға, қараңғы қамақханасында қинау мен аштық салдарынан 72 жасында қайтыс болды [2, 17]».

Ақыт Үлімжіұлы жиырма жасынан бастап (1888 ж.) шығарма жазумен шұғылданған десек содан ол түрмеге түскенге дейін (1939 ж.) жарты ғасыр бойы творчествомен айланысқан көрінеді. Ақыт өзінің саналы ғұмырында оның қаламынан аса мол мұра туған. Оның басым көбі жыр толғаулармен хисса-дастандар болып келеді. Көптеген дастандары басылып шығумен қатар, бірталай жырлары қолжазба, ауызша тараған.

Ақыттанудың қайнар бұлағы ақынның жас шағында баспадан жарық көрген мол мұрасы және қолжазба, ауызша тараған шығармалары болып табылады. Ақыт хажы Үлімжіұғлы Қарымсақов Алтайскийдің Қазан қаласында оннан астам кітабының дүркін-дүркін мол данамен басылған 20-дан астам нұсқасы ақыттанудың сарқылмас қайнар бұлағы болып табылады. 1809 жылы Қазан университетінде баспа ашылады. 19- ғасырда Қазан қаласы Орта Азия және Қазақстан халықтарының мәдени-ғылыми мұраларын жинап, зерттейтін, жарыққа шығаратын орталыққа айналып қазақша кітаптар шығаратын баспалар құрылды. Бұлардың ішінде «Университет», «Ағайынды Каримовтар», «Шарқ», «Тұрмыш», «Умид», «Урнәк», т.б. баспалардың рөлі ерекше болды. Қазақ тіліндегі тұңғыш кітап - Қазан гимназиясы баспаханасы шығарған «Сейфүл-мәлік» қиссасы (1807). 1851 ж. Қадырғали Қадырғали Жалайыридің «Джами-ат-тауарих», Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (1879) т.б. қатарлы 1917 жылға дейін қазақ тілінде 700-ге жуық кітап басылды. Бұл кітаптардың 600-ден астам аталымын қаһармандық және лиро эпос - 45, айтыстар – 29, т.б ауыз әдебиеті иеленсе және бұған діни уағыз, ғылыми танымдық, оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер қосылды. Ал, қазақ авторларының өз шығармалары басылған кітаптар жалпы баспадан шыққан кітаптардың азғана бөлігін құрады. Ақыт ақыннан бұрын баспадан шыққан қазақ ақындарының екі басылымды баса атау керек. Бұл Дулат Бабатайұлының (1802-1864) «Өсиетнаме» (1880), Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) «Шортанбайдың бала зары» (1890) еді. Міне, осылардың ізін баса 1896 жылы Қазан қаласында Сейфульмаликтің үшінші

Ақыттың нұсқасы – «Қисса-и Сейфульмалик»[3] дастаны [3], 1897 жылы баспадан шыққан «Тәржүмә-и Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский / Қарамсақов/ дастаны[4] қазақ төл тума шығармаларының алдыңғы қатарынан орын алып, біртұтас қазақ жазба әдебиетінің іргетасын қаласты. Бұл басылымдар Ақыт Үлімжіұғлы Қарымсақов Алтайскийдің қазақ әдебиеті дамуы тарихында ірі бетбұрыс жасаған тұлға екенінің айқын дәлелі бола алады. Ақыт ақын өз дәуіріндегі қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілдерінің бірі ретінде өз бағыт бағдарынан таймай, оны онан ары жалғастырғанын кейінгі баспадан шыққан кітаптарынан байқауға болды [3-17]. Бұл басылымдар ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орнын анықтауға, өзіндік өзгешелігін, асқан шеберлігін тануға басты негіз болатыны сөзсіз.

Қобда қаласында 1891 жылы тұңғыш дастаны «Жиһанша»-ны жазып, 1897 жылы Қазан қаласында бастыруы ақын шығармашылығының өрлеуінің басы болады. Бұл жайында ақын: «Жиырма үште хатшы болып Қобда келдім, көп елім қоймаған соң сонда келдім», - дейді.

Өзінің кітаптарын Қазан қаласына қалай бастырғаны жайында ақын: «Ғабдолқадыр - ноғайда асыл бекзат, Қобдаға кеп жүргенін сонда көрдім», - деп 1892 жылы Тобольскілік саудагер Ғабдолқадыр Ғабдолуахабұлымен танысып, хисса-жырларын бастыруға сол кісіден жібергенін 1897 жылы Қазан қаласында баспадан шыққан «Тәржүмә-и Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский» / Қарамсақов/ атты дастанында жазады.

Пайғамбардың тууы, қайтыс болуы жайлы жырының соңында:

«Аралап дәмін таттым талай жердің,
Кітаптан әуелі оқып бәрін көрдім.
«Бастыруға Қазанға жібергіл»-деп
Ахметкәрім ноғайға жазып бердім» - дейді.

Ақыт ақын көбінде Жайсаңдық /Зайсан/ саудагер, достас адамы Кәрімберді Бабаев арқылы қолжазбаларын Қазан қаласына жіберіп тұрғаны байқалады.

Кәрімберді Бабаев-
Зайсандағы танысы
Алтай жұрты Өр Керей,
Баспаға сөзім жете алмай,
Әттең жердің алысы,
Кәрімберді, Сәлімжан,
Зайсанский Бабаев -
Алтайға мәлім саудагер,
Таниды тамам халайық.
Ойлаңыздар, асыл зат,
Почтаға хисса салайық,
Құсайынов Шамсалдин
Қабыл көрсе ғазиздер,

Бастырып хисса алайық [18] - деп шығармалары жайын толық баяндайды. Қазан қаласында жарық көрген Ақыт Үлімжіұлының хисса-жырларының көбін Шамсалдин Құсайынов және оның мұрагерлері тарапынан бастырып отырған көрінеді. Осылай, Ақыт Үлімжіұғлы Қарымсақов Алтайский Цин империясының алыс батысынан Ресейдің Қазан қаласына шығармаларын жіберіп, қағаз бетіне түсіріп, бастырып отыруы ақынның көлемді шығармалары түгелдей дерлік сақталып бүгінге жетуі - ақыттанудың берік тасы болып табылады. Бұл ғұламаға тән айрықша көрегендіктің, білгірліктің, өлең сөздің қадірін терең

---

[3] «Қисса-и Сейфульмулик». – Казань, типография Университета, 1907. В этой киргизской повести, известный казанским татарами так и киргизам,расказывается о долгих странствованяхь по чужимъ странамъ Китаю, земялямъ Сейфульмулика, происходившего от египетского царя Асима и дочери Іеменского царя жившихь во время царя Соломана. Катологъ А.Т.Соловева и А.Ф.Катанова, с.327-328. Указатель журнальных и газетных статей о киргизах. А.Е.Алекторов. – Казань, 1900. - С.31

[4] Жазылу жылы туралы дастанның соңында ақын өзі «Мың үш жүз сегіншіде жаздым мұны» дейді. Бұл хижра жыл санауы, ал григориан жыл санауынша 1890 жыл.

бағалай алатын ақындық сезімталдықтың нағыз үлгісі еді. Ақыттың көзі тірісінде жарық көрген шығармаларынан 11 кітабы 20-дан астам рет басылып халық игілігіне жарағаны белгілі[5].

Ақыт қажы Үлімжіұлы Қарамсақов Алтайскийдің Қазан қаласында 1895-1914 жылдар аралығында басылып шыққан шығармалары ақын творчествосының сүбелі де, құнарлы бөлігі болып табылады. Бұл кітаптардың идеясы айқын, көркем, кесек көлемді, қияли аңыз, эпостық жырға тән құрылымды болып келеді. Осы мұралар - Ақыт ақынның дарынын, алғырлығын, шалымдылығын танытып ғана қоймай, ақыттанудың бұлжытпас қайнар көзі. Сонымен қатар, Ақыт мұралары XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың ортасына дейінгі бір ғасыр дәуірдегі Алтай тауы қазақтарының тарихы, тілі, әдебиеті, салт санасы, діні, рухани өмірінің нақты бет бейнесінің көрінісі, ғылыми сарқылмас қайнар бұлағы екені айқын. Сондықтан да, Ақыт хажы Үлімжіұлы Қарамсақов Алтайскийдің Қазан баспаларынан жарық көрген туындыларын толық тауып, зерттемейінше ақыттанудың олқылығы толмайды.

Ақыттанудың тағы бір қайнар бұлағы - ақынның қолжазбалары болып табылады. Ақынның қолжазбалары қаншалықты мөлшерде сақталғаны туралы толық дерек жоқ. Ақыт өлеңдерінің көбі көзі тірісінде де қолжазба және ауыздан ауызға өтіп жатталып тарағанды. 1939 жылы 24-ші желтоқсан күні ақынды Гоминдан жендеттері тұтқынға алып, Шәкүртідегі мешітнен көптеген кітаптарын бұлап алып өртеп жіберді. Діни кітаптары мен қатар өлеңдерінің қолжазбалары да болып халықтың қолына тимей, өртеліп кеткен. Ал, соңында ақынның 816 кітабын Гоминдан үкіметі тарабынан қайтарып бергенін, оны өзі санап алғанынын ақынның баласы Ақытұлы Ғазез жазса да, қолжазба жайында айтпаған. Ал, 1965-1978 жылдары Қытайда болған мәдени революция тұсында Ақыт ақын қолжазбалары тағы жиналып алынып, өртеліп жіберілді [19, 173]. "Жиһанша"-Ақытұлы Ғазез "Он жылдық алай-дүлей соққан боранда оның туындылары апатқа кетіп, отқа өртеліп, суға тасталғаннан сырт біз аяулы атамыздың атын атай алмайтын жағдайға тап болғанбыз" [2, 18] - деп жазады. Осыған қарағанда, ақынның қолжазбалары 70-80-ші жылдарға жетіп, мәдени революция кезінде дерлік жойылғанға ұқсайды. Ақынның өз қолжазбалары болса, жеке зерттеу және ақынның кейбір шығармалары түгелдей дерлік басқа адамдардың қолжазбалары арқылы жеткенін де ескеру қажет болады. Жекелеген қолжазбалардың көлемі және мазмұнында өзгешеліктер орын алғанын назар да ұстау керек. Сондықтан оларды қосымша деректер ретінде пайдалану орынды болмақ.

Ақыт хажы Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайский шығармаларының XX –ші ғасырдың екінші жартысы мен XXI-ші ғасыр басында топтастырылған жинақтары - ақыттанудың құнды қайнары болып есептеледі [20-26].

Ақыт хажы Үлімжіұлы Қарымсақов Алтайскийдің толық шығармаларын жинау, реттеу, баспадан шығару ісінде ілгерлеушілік көрініс тапты. Алайда, әрбірінің өзіндік жетістіктері мен бірге айтарлықтай кемшіліктері де байқалады.

Ақын аса үлкен кеңістікте ұзақ өмір кешіп, аса мол мұра қалдырса да, шығармалары зерттеушілерге қол жетімді болмай келді. Әрі ұзақ жылдар бойы Ақыт ақынның мол дүниесі қолдарында тұрған Қазақстан филологтарының еңбектерінен Ақыт туралы, оның

---

[5] *«Тәржума-и Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский» / Қарымсақов/. Дастан. Қазан: Университет табиғханасы, 1897. Бастырған Мұхаммед- Нәжиб Ғалиакбаров. 44 бет. Бұл кітап туралы "Восточная библиография"-да былай деп таныстырлған: ««Тарджуме-и Акыть, Валяд-и Улюмужу, Алтайскій» произведение алтайского киргиза Акыта, сына Валяда. Казань. 1897. Типогр.Унив. 44 стр.8.д. Въ этой киргиз, былинь писанной стихами и изданной впервые Мухаммедъ-Наджибом Али -Акберовымъ въ количествъ 5000 экз., киргиз Акытъ, родомъ изъ колена Керей, повествует о некоемъ царевиче Джигань шахъ, сына Кабульского царя Тамуза, и его возлюбленной. На стр. 42-44 авторь описываеть свою жизнь и путешествие по Сибири и Монголии. Книжка испещрена татаризмами, но стихъ выдержанъ почти везде. «Деятель», №-8-9. - 1898. - С.429-430.*

творчествосы туралы пәлендей пікір кездестіре алмадық. Әліде кездеспей жүр деп жазады Қ.Қабидаш 1972 жылғы басылған кітабында [27, 47].

Өткен ғасырдың ортасынан Ү.Ақыт ақын шығармаларын жинау, зерттеу, басу жұмыстары басталып, «Сәйфулмәлік» қиссасы Алматыда «Ғашықнама» жинағына кірсе, филология ғылымдарының докторы Қ.Қабидаш 1972 жылы «Халық ақындары» [27, 108-139] кітабында Ақыт ақын жайлы сөз етті. Онан соң Ақыт шығармалары Өлгий қаласында басылды. Синцзян-Ұйғыр Автономиялы ауданында 1984-жылы ақынның үш томдығын баспадан шығарды.

Оның өмірімен шығармашылығын зерттеу іс басталғалы 50-дан астам жыл болды. Тоқырау жылдарында Ақыт шығармаларын жинау, нәсихаттау, зерттеу ісі шектеулі болғанымен батыс пен шығыс мемлекеттеріндегі тарихшылар, әдебиет зерттеушілер Ақыттың есімімен еңбектерін ел есінен ұмыт қалдырмауға тырысып бақты. Қазақстанда Ақыт туралы қазақ энциклопедиясында жазылды. Үшқұлтай Суханбердіқызы «Сәйфулмәлік» дастаны ақы иесі атымен бастырса, Қ.Нариман , Ә.Жиреншин, т.б баспасөз басуды насихаттайды. Шығыс Түркістанда Н.Мыңжан, А.Татанайұлы Ақыттың өмірбаяны, шығармалары жайында жазды. Ақытұлы Ғазез, Ақытұлы Қалман, әдебиет зеттеушілер Шәмсі Құмархан, Шәкен, Оңалбай, тағы басқалар еңбектерін жариялап, 1980-жылдардан Ақыт аты аталып, таңдамалы шығармалары баспаға ұсынылған. Солай бола тұрса да, бұл өлкеде Ақыт хажы туралы мұрағат деректеріне сүйеніп шындықты айтқан толық зерттеу жасалмай келеді. ФРГ-де марқұм Хасен Оралтай аға Ақыт туралы алғаш шындықты айтып, баспасөз, радиода кең көлемде сөз етіп келді.

Моңғол еліндегі 90-шы жылдарға дейінгі коммунистік идеология Ақыттануға толық мүмкіндік туғызбады. Ақынның қазақтың ұлттық мүддесін жоқтап, елім деп еңіреген жырларын жариялай алмады. Ақыт Үлімжіұлы Алтайдағы ұлт-азаттық күресінің рухани көшбасшысы болғаны айтылмады. Солай болса да, зерттеушілер мүмкіндікке сай оның шығармаларынан жарияланды. Қ.Қабидаш Ақыт өмірі мен шығармаларының шет жағалап тілге тиек етті.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң ақыттануда жаңа бетбұрыс басталды. Ақыттың шығармашылығының әледенше көлемді жинақтары басылды. Ақыт Үлімжіұлының туғанына 125, 130, 140 жыл толуына арналған ас-той, ғылыми конференциялар өтті. Журнал, газеттерде өмірімен шығармалары туралы жазылып шығармалары мектеп оқулығына кіре бастады. Ақыт шығармашылығы Қазақстанда филология ғылымдарының докторы, профессор Зұфар Сейітжановтың «Ақыт ақын» атты «Қазақ университеті» баспасынан 2002 жылы шыққан оқу құралы арқылы қазақстандық әдебиет сүйер қауымға танылады. Ақынның баласы Ғазез Ақытұлының «Ақыт Үлімжіұлы» атты кітабы Алматыда 2008 жылы «Мұсылман баспа үйінде» басылып шықты. Таралымы - 2000 дана болды.

Ғылыми тұрғыдан алғанда Ақыт қажының өмірі мен шығармалары туралы зерттеу еңбектер, монографиялар, диссертациялар жазып, сан алуан маңызды мәселелерді қамтитын, көп салалы ғылым болып қалыптастыру заман талабы болып есептеледі. Басты мәселелер қатарында алдымен Ақыттың өмір және оның шығармашылық жолын толық зерттеу, ұлттық, діни сипатын айқындау, баспадан шыққан кітаптарының тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып көрсету, сондай-ақ ұлы ақын, ғұламаның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу мәселесі тұр. Ол өте кең кеңістікті басып өтіп, аса көп мемелекет, ел, жерді көріп, ұзақ өмір кешіп, жан-дақты білім иеленіп, сан тақырыпта аса мол мұра қалдырды. Ақыттануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтеру үшін ұлы ақын, ағартушы, ғұламаның алып тұлғасын исі қазақ оқырмандарына танымал болғызуда ақын шығармаларын дүркін-дүркін жариялау, шығармаларының ғылыми басылымын жасау сияқты орасан зор мақсаттар тұр. «Ақыт» энциклопедиясын жасап ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық жолына қатысты қыруар деректерді, құнды ой-пікірлер жинақтап, жүйелі түрге түсірген жөн. Ақыттанудың оқулығын жазып, Ақыттану курсын университеттерде өткізу, интернетте веб-парақшаны 3 әліпбиде ашу

маңызды. Шығармаларының жинағын шет тілдерде кітап етіп бастыру қажет. Ақыт қажы Үлімжіұғлы Қарымсақов Алтайский өмірі мен шығармашылығының алтын дәуірін өткізген мекен Монғолияның Баян-Өлгий аймағының орталығы Өлгий қаласында Халықаралық Ақыттану орталығын құрып, Ақытты зерттеу, насихаттау, дәріптеу мәселесімен үздіксіз айналысу, ғылыми кітапханасын қалыптастыру, Дэлүүн сұмыны орталығына ескеркішін қою игі іс болмақ. Ақыт қажы мекеніне экскурсиялық-танымдық саяхат ұйымдастыру керек. Ол өте кең кеңістікті басып өтіп, аса көп мемелекет, ел, жерді көріп, ұзақ өмір кешіп, жан-жақты білім иеленіп, сан тақырыпта аса мол мұра қалдырған ақын, ғұлама осындай құрмет, марапатқа лайық. Ақыттану - қазақ әлемін танудың құрымдас бөлігі болғандықтан, қазақ зерттеушілердің алдында келешектеде кең көлемде ғылыми жұмыстар жасауы рухани жаңғырудың тамаша үлгісі болмақ. Ол үшін жер жердегі ақтаушылар бас қосып, бірігіп қимыл жасаса көп іс тындырған болар еді.

Ақыттану тарихы 1887 жылы басталса да, біршама ұзақ кеңінен зерттелмей, тек өткен ғасырдың 70-жылдары қайта жанданып, жаңа ғасыр басынан өріс алды. Бұл мәселені тұңғыш рет сөз етіп, өз алдына арнайы түрде зерттеу қажеттілігі ең алдымен Қ.Қабидаштың ,сонымен бірге басқалардың еңбектерінде көрініс тауып ақыттану тарихы басталды. Ақыттану тарихы — бүгінде дамып, өсу, өркендеу жолында Ақыттанудың іргелі саласының біріне айналып келеді.

Ақыттану және ақыттанудың бүгінгі мәселеріне келсек, Ақыт Үлімжіұлы қазақтың біртуар перзенті, кемеңгер, озық ойшыл, қазақтың қамын ойлап өткен ұлтшыл қайраткер ұстаз, дара ақын. Ақыт әлемін шынайы зерттеу үшін әлі де талай жұмыстар атқарылуы керек. Ақыт қажы Үлімжіұғлы Қарымсақов Алтайскийдің ардақты есімі Қазақстанда, шет елдегі қазақтар арасында ерекше құрметпен аталып өтуге лайық. Қазақстанда ақынның өмірі мен шығармасын зерттеу ісін мемлекеттік бағдарлама деңгейінде жүргізіп, оқырманға кеңінен терең таныстыруга назар аударған жөн. Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) т.б. ізін баса қазақ төл тума әдебиетіне өз шығармалары арқылы аса ірі үлес қосып, XIX-ші ғасырдың соңында бастырған оннан астам кітаптары біртұтас дүние жүзіндегі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірегейі болған ақынның рухани мұрасын ғылыми тұрғыдан дұрыс бағалау ең басты мақсат болып отыр. Ақыт қажы мұраларын шет елдегі қазақтардың рухани өмірі, әдебиеті мен мәдениеті тарихы мен тығыз байланыста зерттеу керек. Ақыттану - қазақ әлемін танудың құрымдас бөлігі болғандықтан, қазақ зерттеушілердің алдында келешектеде кең көлемде ғылыми жұмыстар жасауы қажет бола бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Хурметхан М. Соел иргэншил ба Төв Ази.УБ.,2016.
2. Ақыт хажы. Ғахилия. – Өлгий, 1994.
3. «Қисса-и Сейфульмалик» - дастан, Сейд -Керей, / Сайд- монғол тілінде хатшы/. – Қазан: Домбровский баспасы, 1896. - 75 бет.
4. «Қисса-и Сейфульмалик» - дастан, нәшері Шамсалдин Құсайынов уәрселері. Қазан: Домбровский мәтбатесі, 1909. - 55 бет.
5. «Қисса-и Сейфульмалик» - дастан, нәшері Шамсалдин Құсайынов уәрселері. – Қазан: Домбровский мәтбатесі, 1914. - 55 бет.
6. «Қисса-и Габдульмалик» - дастан / ”Қисса-и Сейфульмалик”-тің аты өзгерген түрі/ нәшері Шамсалдин Құсайынов уәрселері. – Қазан: «Университет табиғханасы», 1902. - 56 бет. Жазған Сайд – Керей / 2-ші бетте /.
7. «Қисса-и Габдульмалик» - дастан / ”Қисса-и Сейфульмалик”-тің аты өзгерген түрі / нәшері Шамсалдин Құсайынов уәрселері. – Қазан: «Университет табиғханасы», 1904. - 56 бет. Жазған Сайд – Керей / 2-ші бетте /.
8. «Қисса-и Габдульмалик» - дастан / ”Қисса-и Сейфульмалик”-тің аты өзгерген түрі / нәшері Шамсалдин Құсайынов уәрселері. Қазан: «Университет табиғханасы», 1914. - 56 бет. Жазған Сайд - Керей./ 2-ші бетте /

9. «Тәржүма-и Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский / Қарымсақов/, дастан. – Қазан: Университет табиғханасы, 1897. Бастырған Мұхаммед- Нәжиб Ғалиакбаров. 44 бет – «Қисса-и Жиһаншаһ Тамуз шаһұғлы.Тәржүма-и Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский Қарымсақов. Нәшері Мұхаммед - Нәжиб Ғалиакбаров. - Қазан: Университет табиғханасы.1897. 44 бет.

10. «Қисса-и Жиһаншаһ Тамуз шаһұғлы. Тәржүма-и Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский Қарымсақов. Нәшері Исмағул Нәжмеддинұғлы Шамсуддинов. - Қазан: Университет табиғханасы, 1901. / Муқабада 1902/ 44 бет.

11. Қисса-и Жиһаншаһ Тамуз шаһұғлы. Тәржүма-и Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский Қарымсақов. Нәшері Исмағул Нәжмеддинұғлы Шамсуддинов. Университет табиғханасы, 1902. - 34 бет.

12. «Әбиат –Ғахилия» Ғибрат-жыр. – Қазан: Университет табиғханасы, 1908. Бастырған Ш.Құсайыновтар балалары.

13. «Әбият- Ғахидия». Үшбу әбъятлар Алтай жерінде Керей елінде Ақыт Үлімжіұлының бәгзі таспиретлерінен -дүр. Нәшері Шәмсуддин бин Хусайн уәрселері. – Қазан: Б.Л.Домбровский мәтбәтесі, 1909. Ақыт Қарымсақов Алтайский Керей елі. / 14 бетте/ .

14. «Ахуал Қиямет» Ахид уәләд Гүлімжі-Алтайский Қарымсақов. Насихат-толғау. – Қазан, 1908. Бастырған Кәрімовтар. 20 бет.

15. «Қисса-и Минахиб пиран Ғазиз-ан» - дастан. – Қазан: Университет баспасы, 1909. - 32 бет.

16. «Қисса-и Бәһрам», қазақша нәшерлері, кітапшы Шәмсуддин Хусайынов уәрсесі. – Қазан: Университет табиғханасы, 1908. - 56 бет .

17. «Керей ишаны Мухаммед Мүһмин Хазрет». – Қазан, 1909. Бастырған Ш.Құсайыновтар.

18. Ақыт Үлімжіұлы Қарамсақов Алтайский. Әбиат Ғахидия. Баспаға әзірлеген М.Хурметхан // «Шұғыла». - 1987. - №-4 /121/, б.81-92.

19. Жақсылық Самитұлы. Қытайдағы қазақтар. – Алматы, 2000.

20. Ақыт Ү. Шығармалар. Үш томдық. 1-т. – Үрімжі, 1994 (Ғазез). Осы томға енгізілген ақынның шығармаларына «Сайпілмәлік Бәдиғұлжамал (1901ж.) «Жиһанша» (1904 ж.) «Жәнібек батыр» (жазылған жылы көрсетілмеген) қатарлы қисаларды және бірталай өлеңдері енген. Бұл қиссаларының кейбіреулері 1914-жылға дейін Қазан қаласында баспадан басылғанды. Бірінші томында ақынның 4 хисса, 5 толғау, 126 өлеңінен құралған 5556 жолдық шығармалары кірген.

21. Ақыт Ү. Қажыбаян. - Өлгий, 1992 ж (Ж.Какей құрастырған).

22. Ақыт Ү. Ақыретбаян. – Өлгий, 1993 ж (Ж.Какей құрастырған).

23. Ақыт Ү. «Ғахилия». Құрастырған Ш. Рахметұлы. Демеушісі - Моңғолия үкіметі. Сарапшылар: Қаржаубай Сартқожаұлы, Хурметхан Мухамадиұлы, Ақыт хажының ұлы Ғазездің «Ақын атаны еске алғанда» беташарымен басылды. Жинақта ақынның жыр, толғау, қисса дастандары кірген. – Өлгий, 1994 ж., 328 бет.

24. Ақыт Ү. Жаһанша. – Өлгий, 1994 ж. (Р. Шынай)

25. Ақыт Ү. Ақыт Үлімжіұлы. – Өлгий, 1994 ж. (Қабидаш)

26. Ақыт Үлімжіұлы. Шығармаларының толық жинағы. – Кония, 2011., Том 1. Алғы сөз, ақынның өмірі, өлеңдер 125, толғау 5, қиссалар 4; Том-2. Ғ.Ақытұлы әкем-Ақыт, қазынама 17, романдар мен дастандар 6, толғаулар 15, өлең мен жырлар 38 топтастырылған.

27. Қалиасқаруұлы. Халық ақындары. - Өлгий, 1972.

КНЯЗЬЯ ТАЙБУГИДЫ И ИХ СИБИРСКИЙ УЛУС

Нұрбай Қ.Ж., д.и.н., профессор
АО «Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина»

Актуальность темы статьи, прежде всего, определяется словами Президента РК Н.А. Назарбаева о том, «что исторический процесс в массовом сознании носит преимущественно персонифицированный характер - и что - ... великая степь породила целую плеяду выдающихся деятелей» [1]. Это, в первую очередь, относится к истории тюркских кочевников, построенной на шежире, а последняя начинается с конкретного предка – родоначальника рода. Продолжая свою мысль, он отмечает далее, что «... необходимо систематизировать и

активизировать деятельность по созданию и распространению научно-популярной серии «Ұлы дала тұлғалары», охватив широкий исторический горизонт» [1].

Исходя из сказанного следует отметить, что если история таких личностей Сибирского Улуса (*впоследствии - ханства*), как хан Кучум, султан Ораз-Мухамет, Кадыргали би Жалаир достаточно исследована, то относительно основателя правящей династии указанного Улуса - князя Тайбуги и его потомков, правивших им в течение трех столетий (*с перерывами, связанными с приходом к власти шейбанидов*), этого сказать нельзя, она мало исследована.

Тема статьи актуальна также по той причине, что исследование проблем этнополитической истории очень важно для Отечественной истории, оно позволяет очертить ареал расселения казахских родов и племен, проследить образование их политических объединений в эпоху средневековья. Кроме того, приближается 800-летие образования Сибирского Улуса (*образовался предположительно в 1220-1221 годах*), имеющего важное значение в истории казахского и другиих тюркских народов.

Начнем анализ проблем этнополитической истории с Кимакского каганата, история которого непосредственно связана с историей казахского и других тюркских народов. Территорию северо-восточного Казахстана и западной Сибири вплоть до земель, «... где никто не живет,... до окружающего моря» приблизительно с середины IX века (*после педения Уйгурского каганата*) занимал Кимакский или иначе Кимекский каганат с центром «... в бассейне Среднего Иртыша», земли которого на севере доходили до сибирской тайги, «на западе и юго-западе... граничили с семиреченскими и приаральскими огузами, на юге - с карлуками, на востоке -с государством енисейских кыргызов» [2, с. 127-130; 3, с. 46, 53, 57, 113, 118]. По утверждению известного ученого-кыпчаковеда Б. Кумекова «здесь (*на Иртыше - Қ.Ж.Н.*)... помещает Аль-Идриси древние земли кимаков и две столицы кимакского хакана... - и - дорога (*путь к кимакам - Қ.Ж.Н.*) вдоль берега Ишима через Акмолинск выходила на Иртыш у г. Павлодара» [3, с. 46, 52, 78]. Исходя из сказанного, трудно согласиться с выводом исследователя А. Нестерова, что «политическая история этого периода (*IX-XIII вв. - Қ.Ж.Н.*) неизвестна» [4, с. 121]. Известно, что кимаки особо почитали реку Иртыш, поклонялись ей и говорили: «Река - бог кимаков» [5, с.96, 98].

Казахстанский исследователь Ю. Зуев, опираясь на Рашид-ад-дина, связывал кимаков с родом Чингиз хана «киян», вероятно, имея в виду племя татар, один из основных компонентов в формировании семиплеменного кимакского союза [6, с. 5, 126; 2, с. 128]. Он, в частности, отмечал, что «их (*кимаков - Қ.Ж.Н.*) прихинганский (*доиртышский*) период вплотную связан с историей тюркских огузов-татар,... - а - их свадебные обычаи одинаковы с тюркскими - и что - там много сосны и березы» [6, с. 126-127]. Другим главенствующим племенем, входившим в состав кимакского *(йемеки - по М. Кашгари)* племенного союза были кыпчаки, о которых видный ученый-тюрколог С. Кляшторный отмечал, что «в синхронных памятниках Северного Алтая, входящих в круг конгломератской верхнеобской культуры, достаточно рано прослеживаются элементы, характерные впоследствии для культуры раннесредневековых кипчаков» [2, с. 82-83, 117, 127]. А исследователь Ю. Худяков «местами постоянного обитания кыпчаков» называет горные и степные районы юга Сибири и отмечал, что «Д.Г. Савинов считает носителей верхнеобской культуры предками тюркоязычного этноса - кыпчаков» [7, с. 40].

Указанные выше кыпчаки в начале XI века пришли к власти в Кимакском каганате и продвигаясь на запад и юго-запад, во второй половине этого столетия заселили огромные степные пространства до берегов Волги и Днестра, и образовали собственное государство [8, с. 175, 180, 184-185, 191, 193; 9, с. 58; 10, с. с. 419, 425, 430]. По утверждению исследователей, «новый противник Руси в Диком Поле, тюркский по происхождению народ – половцы дал о себе знать в 1061 г., выйдя к берегам Дона и северного Донца» [11, с. 31]. Они отмечают, что «наиболее опасным противником Руси с середины XI века стали тюркские кочевники половцы (*кипчаки*). Они пришли из-за Волги (*т.е. из казахских степей – Қ.Ж.Н.*) в степи северного Причерноморья – отмечают они далее – и вытеснили обитавших там печенегов» [12, с. 26]. В

17.Гребенщиков Г.Д. Сайляу. Очерки из киргизской жизни (часть вторая) // Сибирская жизнь. – 1910. – 3 декабря. – № 270.
18.Кшибеков Д.К. Истоки ментальности казахов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 204 с.
19.Гребенщиков Г.Д. Джаксы джигит // Собрание сочинений в тридцати томах / Под общ. ред. А.Б. Фирсова. – Барнаул, 2005. – Т. 20. – С. 6-29.
20.Зелинский Г. Киргиз. Поэма, перевод с польского Г. Гребенщикова. – Томск: Изд-е Т-ва «Бытовая Сибирь», 1910. – 46 с.
21.Гачев Г. Путешествие в казахстанский Космос. – Семей: Международный клуб Абая, 2002. – 224 с.
22.Сарсенбаева З.Н. Мировоззренческие аспекты этнического самосознания казахов, определяющие целостность и своеобразие ментальной духовной сущности казахского этноса // Котошева К.К., Сарсенбаева З.Н., Бегалинова К.К., Байтенова Н.Д. Духовная идентичность как субстанциональная сущность исторической целостности казахского этноса. – Алматы: КазНТУ, 2014. – С. 106-147.
23.Коянбаева Г.Р., Заурбекова Л.Р. Мировоззренческие универсалии казахов: опыт кочевой культуры // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. – 2011. – № 6. – С. 27-32.
24.Гребенщиков Г.Д. В тиши степей // Собр. соч. в шести томах. – Барнаул: Изд. Дом «Барнаул», 2013. – Т. 1. – С. 413-422.
25.Турсунов Е.Д. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.
26.Гребенщиков Г.Д. На лыжах // Собрание сочинений в шести томах. – Барнаул: Изд. Дом «Барнаул», 2013. – Т. 2. – С. 240-243.
27.Гребенщиков Г.Д. Степь да небо // Собрание сочинений в шести томах. – Барнаул: Изд. Дом «Барнаул», 2013. – Т. 2. – С. 263-267.
28.Гребенщиков Г.Д. Кызыл-Тас // Избранное / Книжная серия «Томская классика». – Томск: Изд-е Томской писательской организации, 2014. – 460 с.

АБУ-Л-ҒАЗИДІҢ «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ОҒЫЗХАН: САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ

Ташқараева Ә., 3 курс докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ұлы дала кеңістігінде маңызды орынға ие Түрік тектес халықтардың атасы – Оғыз қаған мен оның ұрпақтарының таралуы ерте заманның өзінде-ақ зерттеушілердің қызығушылығын тудырған. Соның бірі Хиуа ханы әрі тарихшы Абу-л-ғази «Шежіре-и-таракиме» шығармасында [1] Оғыз хан және оның ерлік істері, ел билеуі, айтқан өсиеттері, жасаған жорықтары, ұрпақтарының таралуы туралы кеңінен баяндайды. Оның екінші еңбегі «Шежіре-и-түрікте» [2] оғыздар туралы мәліметтер мен олардың берілуі «Түрікмендер шежіресімен» бір. Тек, Оғыз ханның үлкен ұлы Күн ханның билік етуінен бастап шежірелер тармақталады. Түріктер шежіресінде: «Күн хан жетпіс жыл патшалық құрған соң, өз орнына інісі Ай ханды отырғызып, хақ рахметіне кетті»,- дейді де, Ай ханнан Шыңғыс ханға қарай билік құрған хандар реті бойынша деректер береді [2. 21 б.]. Ал, «Шежіре-и-таракимеде» Күн

хан қайтыс болған соң оның үлкен ұлы Қайы ханның билікке келуінен бастап, түрікмендердің тарихына бағытталады.

Абу-л-ғази шежіреде өзіне дейінгі жазылған ауыздан ауызға аңыз-әңгіме күйінде жеткен «Оғыз-наме» дастанын [3], Махмут Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрігін» [4], Рашид-ад-диннің «Жамиғат ат-тауарихын» [5] дереккөз дереккөз ретінде пайдаланған болуы мүмкін, себебі, еңбектегі Оғыз қаған туралы мәліметтердің берілуінің әсіресе, Рашид-ад-Диннің жазбасымен сәйкес жерлері көп.

Абу-л-ғазидің Оғыз ханның туылуы мен ер жетуі туралы елден ерек сиқырлы, артық қасиеттерге бөлейтін жазбасы Рашид-ад-Диннің мәліметі секілді шынайы негізі бар аңыз түрінде беріледі. Екі шығармада да Оғыз дүниеге келген соң үш күн бойы анасының омырауын ембей, түсіне еніп, «мұсылман болсаң ғана сүтіңді ememін» деген шарт қояды. Анасы жасырын түрде мұсылмандықты қабылдайды. Қара ханның сол кездегі монғолдардың дәстүрі бойынша, бала жасқа келгенде ат қою үшін бүкіл елді жинап, үлкен той жасағанда, оған тіл бітіп, менің атым – «Оғыз» деп жария етеді [1. 40 б.], [6. 81 б.]. Ал, Оғыз туралы деректердің ең ескісі саналалтын «Оғыз-наме» дастанының ұйғырлық нұсқасында Оғыз ханның тұлғасы қиял-ғажайып оқиғалармен суреттеліп, аңыз адам кейіпінде берілген: «Тағы күндерде бір күн Ай қағанның көзі жарқ етіп ашылып, ер бала туды. Осы ұлдың өңі – шырайы көк еді, ауызы оттай қызыл еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді. Нұрлы періштелерден көріктірек еді. Осы ұл анасының көкірегінен уызын татып көріп, одан кейін ембеді; шикі ет, ас, шарап сұрады. Тілге келе бастады. Қырық күннен соң өсті, жүрді, ойнады. Аяғы өгіздің аяғындай, белі бөрінің беліндей, жауырыны бұлғынның жауырындай, кеудесі аюдың кеудесіндей еді. Тұла бойын түгел қалың түк басқан еді» [3, 36 б.]. Дастанда Оғыздың әкесі туралы айтылмайды, ерекше қасиетті нұрдан жаратылған кейіпте келтіріледі [7, 7 б.]. Оғыз-намеде де, Рашид-ад-дин мен Абу-л-ғази да «Оғыз» атауының мағынасына тоқталмайды, кейбір зерттеушілер «оғыз» атауын «оқ» сөзінен шыққан дейді. Профессор Ж.Артықбаев Қазақ шежіресінде Оғыздың аты «Уыз» ретінде аталауын анасынын сүтінен бас тартуымен байланыстырады [8].

«Шежіре-и-таракимеге» сәйкес, Оғыз тілі шыққанда үнемі «*Алла, Алла!*» деп, Алланы аузынан тастамай жүреді. Мұны естіген жұрт: «Ол бала, не айтып жүргенін түсінбейді»,-деп мән бермейді. Абу-л-ғази «Алла» арабтың сөзі, ол заманда моғол елінің бір де бір атасы араб сөзін естімеген деп түсіндіреді [1, 41 б.]. Оғыздың бала күнінде Алланың есмімін аузынан тастамауы, анасына және әкесінің құда түсіп, алып берген қыздарға «мұсылмандықты қабылда» деп шарт қоюы секілді жазбалардан [1, 42 б.] Оғызды мұсылман дінінің жаңғыртушысы ретінде көреміз. Себебі, Абу-л-ғази Нұх пайғамбардың ұлы Яфестен бастап Алынджа ханға дейін мұсылман дінінде болған, Алынджа хан таққа отырғанда байлыққа мас болып, жаратушысын ұмытты дейді. Сәйкесінше, халық та дінін ұмытқан. Ал, Қара ханның кезінде әкесі баласының мұсылман болғанын білсе, оны өлтіретін болған, немесе баласы әкесінің мұсылмандықты қабылдағанын білсе көзін жоятын болған. Абу-л-ғази Оғыздың анасының мұсылмандықты қабылдап, ешкімге тіс жармағанын да осы себеппен түсіндіреді [1, 41 б.].

Оғыз хан тағына отырғаннан кейін жан-жақты шапқыншылық жорықтарын жүргізеді. Абу-л-ғази Оғыздың жаулаушылық жорықтарын рет-ретімен, жүйелі түрде және нақты деректермен жеткізген. Ол Оғыз ханның алғашқы жеңіспен аяқталған жорығы татарларға бағытталғанын, осы кезден бастап 72 жыл бойы шыққан тегінің бір екеніне қарамастан монғол және татарлармен соғыс жүргізіп, 73-жылы өзіне түбегейлі бағындырып, ислам дінін орнатқанын жазады [1, 43 б.]. Рашид-ад-диннің жазбасында да Оғыздың өзіне қарсы шыққан басқа тайпалармен 75 жыл соғыс жүргізіп, ақырында жеңгендігін жазады [6, 16 б.]. Абу-л-ғази жазған шежіредегі деректерге сәйкес, Оғыз хан Жүржіт, Хатай және Таңғұт, Қарақытайларды өзіне қаратты. Бұл кезде Хатайдың арғы бетінде, теңіздің жағалауындағы кішігірім тауларда бірнеше тайпалар өмір сүрген еді. Бұл тайпалардың басшысы Ит-Барақ хан еді. Оғыз хан Ит-Барақ ханмен соғысып, жеңіліске ұшырайды. Тек он жеті жылдан кейін жаңа күшпен келіп,

Ит-Барақты өлтіріп, әскерін талқандайды, өз еркімен мұсылман болғандарға тиіспей, қалғанын тұтқынға алады [1, 43-45 б.].

Енді Оғыз хан өзіне қараған татарлар мен монғолдардан әскерінің қатарын көбейтіп, Хатай, Жүржіт, Таңғұт, Қара-Хатай жерлерін алып, Ит-Барақпен күресте жеңіске жетті. Одан әрі балаларымен бірге Сайрам, Ташкентті, Түркістан, Әндіжан, Самарқандты, одан әрі Бұқар, Балх және Гор уәләйятын, Кабул және Ғазнинді, Кашмирді жаулап, даруғалар тағайындады. Бұдан кейін еліне оралып, келесі жылы Иранға аттанды. Хорасанды алған соң, Әзербайжан, Әрмения, Шам, Мысырды алды. Алған жерлерінің барлығына даруғалар тағайындап, еліне оралды [1. 45-48 бб.]. Абу-л-ғазидің қысқаша келтірген бұл мәліметтері Рашид ад-Диннің «Оғыз-намедегі» мәліметтеріне ұқсас, алайда Рашид ад-Дин Оғыз ханның әлемді жаулауға арнаған жорықтарына он төрт бөлімін арнап, толығырақ мәлімет береді. Ол Оғыздың Мысырды жаулаған соң одан әрі бірнеше қалалар мен елдерді, оның ішінде франк, рум елдерін де жаулап, өздеріне алым-салық төлеткенін жазып қалдырған [6. 11-31 бб.]. Ал, «Оғыз-намеде» Оғыздың жорығы қиял-ғажайып пен шынайы оқиғасы аралас түрде берілген. Ол ең алғашқы ерлігіжігіт болған шағында елдің тыныштығын бұзған алып мүйізтұмсықты өлтіргенде көрінеді [9, 306 б.]. Одан әрі өзіне бағынбаған елдерге жорыққа шыққанда арлан бөрі жол көрсетеді [9, 310 б.].

Оғыз қаған туралы жазбаларда оның жорық кезінде өзінің қарамағындағы бектер мен сарбаздарына олардың қызметтері мен ерекшеліктеріне қарай ат қоюы баяндалған, бірақ әр еңбекте мәліметтердің берілуі бір-біріне ұқсай бермейді. Оғыз хан өзін өлтірмек болған әкесіне қарсыласу үшін қол жинағанда Қара ханның інілерінің балалары келіп қосылады. Оғыз оларға «ұйғыр» деген ат берді. Абу-л-ғази «Ұйғыр» – түркі сөзі, мағынасы «қосылу», «жабысу» дегенді білдіреді дейді [1, 42 б.]. Автор Ұйғыр этнонимінің шығу тарихы туралы «Шежіре-и-түрікте» толығырақ жазған, [10, 25-26 бб.]. Ал, Рашид-ад-диннің жазбасында Оғыз әкесі мен ағаларымен болған күрестен кейін алтын шатыр тігіп, той жасауды бұйырғанда, оған көмектескен тайпаға ұйғыр атауын беріп, мағынасын «соңынан еру», «қосылу» деп түсіндіріледі [6, 16 б.]. Кейіннен, Оғыз әскерімен Еділ бойына жеткенде артта қалған еліне бас-көз болулары үшін ұйғырларды Талас және Алмалыққа жіберді [6, 18 б.]. Рашид-ад-дин Оғыздың Дербендке жорыққа шыққанда қолындағы қазынасын еліне жеткізуді қаңлы тайпасына тапсырғанын жазады. Ал, Абу-л-ғази Оғыз ханның татарларға бағытталған жорықта үлкен олжаға кенелгенде, еліне жеткізу үшін арба жасалғанын және арбаның шығарған үніне қарай арбаны «қаңқ» деп, ал оны жасаған адамды және оның ұрпағын «қаңқлы» деп атаған дейді [1, 43 б.]. «Оғыз-наме» дастанында да Жүржіт елімен соғыстан түскен есепсіз көп олжа, жиһаз-мүліктерді артатын арба ойлап тапқан шеберді «Қаңғалық» деп атаған [9, 314 б.].

Ертеден бергі тайпалардың бірі қыпшақтарды Абу-л-ғази соғыстардың бірінде қаза тапқан Оғыздың бектерінің бірінің баласынан тараған тайпа дейді: «Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ деген, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшақ қоюы содан еді, Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқұр елдеріне жіберді. 300 жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс ханның заманына дейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды, сондықтан ол жер Дешті қыпшақ (қыпшақ даласы) деп аталды» [1, 43-44 бб.]. Абу-л-ғази бұл деректі Рашид-ад-диннің жазбаларынан алған болуы керек, алайда Рашид-ад-диннің жазбасында қыпшақтың ағаштың қуысында туылғаны мен Оғыздың ат қоюы ғана берілген [6,18-19 бб.], ал Абу-л-ғази қыпшақтардың тек шығу тарихымен шектелмей, одан кейінгі тарихына қысқаша тоқталып өткен. Ауыздан ауызға жеткен «Оғыз-наме» дастанында да Еділ өзенінен әскерін ағаштан сал жасап, аман-есен өткізіп бергені үшін Ұлық Орда бекке Қыпшақ деген ат қойылғандығы жазылған [9, 312 б.]. Бір қызығы, бұл жерде де Қыпшақ есімі ағашқа қатысты оқиғамен байланысты болып отыр.

«Шежіре-и-таракимеде» қарлұқтар мен қалаштардың да шығуына қатысты жазбалар бар. Автордың жазуынша, Оғыздың таулы жерлердегі жорықтарының бірінде қалың қар жауғанда қалып қойған адамдарға Оғыз «қарлық» деп ат қойған, барлық қарлұқ тайпасы осылардан тараған дейді [1, 45 б.]. «Оғыз-наме» дастанында Мұзтауға қашып кеткен сүйікті шұбар атты ерлік көрсетіп алып келген бір бекке үсті-басын ақ қырау сүңгі басқан сұсты түріне қарап, «Қаһарлық» деп ат берілгені жазылған [9, 313 б.]. Абу-л-ғазидің жазбасы мен дастандағы жазба қармен байланысты шығып тұр, аңыздардың берілуі әр түрлі. Ал, қалаш тайпасының атауының шығуын Абу-л-ғази «қал аш», яғни «ашығып қал» сөзімен байланыстырса [1, 47 б.], дастанда Темірду Қағул деген кісіні есігі темірден жасалған үйді «қалып аш», «қал аш» деген сөзбен байланысты ат берілген дейді [9, 313 б.].Абу-л-ғази «Халаж» аталып кеткен тайпа өкілдерінің көбі Мәуреннахрда, Хорасан мен Иракта екенін жазып қалдырған [1.47 б.].

Рашид-ад-Дин де, Абу-л-ғази да ұзақ жылдар бойы жорықта жүріп, әлемнің жартысын жаулаған Оғыз хан еліне оралып, ұлан-асыр той жасағаны және алты ұлына жаулап алған жерлері мен есепсіз байлығы, дүние-мүлкін үлестіріп, алтын жақ тауып алып келген үлкен үш ұлына «бұзық», үш оқ тауып алып келген үш кіші баласына «үш оқ» деген ат беріп, өзінен кейін таққа Күн хан отыруын және одан соң бұзық нәсілінен кімді қабыл қылса соны патша етуін кеңес қылғанын жазады [6, 31-32 бб.], [1. 49 б.].

Оғыз хан турасындағы Абу-л-ғазидің жазбасы осындай болды. Оның еңбегіндегі сенімді мәліметтердің арқасында Еуразияның ауқымды территориясындағы кең таралған тайпалардың атасы – Оғыз ханның мифтік емес, шынайы тарихи тұлға ретінде қарастыруға толық негіз болды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Кононов А.Н. Родословная туркмен /Сочинение Абу-л-Гази хана Хивинского. Издательство АН СССР Москва-Ленинград, 1958. – 285 с.

2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. / Көне түркі тілінен аударған Б.Әбілқасымұлы. – Алматы: Ана тілі, 2006 ж. - 200 бет.

3. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. Памятники древнеуйгурской и староузбекской письменности. Москва: издательство восточной литературы, 1959. – 170 стр.

4. Махмут ал-Кашгари Диван Лугат ат-Турк / Перевод , предисловие и комментарии З.-А. М. Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.

5. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Том I книга первая перевод с персидского Л.А.Хетагурова. редакция и примечания проф.А.А.Семенова Издательство Академии наук СССР Москва-Ленинград 1952.

6. Фазлаллах Рашид ад-Дин. Огуз-Наме. // Перевод с персидского, предисловие, комментарии, примечания и указатели Р. М.Шукюровой. Баку «Элм» 1987. - 128 с.

7. «Оғыз-наме». «Мұхаббат-наме». Алматы: Ғылым, 1986. – 208 бет.

8. Артықбаев Ж. Огуз-хан и проблемы древней истории Среднего Прииртышья (Огуз хан, Уыз хан,Огуз-каган) URL: https:////https://e-history.kz/ru/contents/view/526 (дата обращения: 19.09.2019).

9. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. /Құраст.: Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қорабай, Қ.Орынғали, Қ.Сартқожаұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 504 бет.

10. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 12-т.: Әбілғазы. Түрік шежіресі/Құраст.: Б.Әбілқасымұлы. – Алматы- 2011.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫН ЖАҢҒЫРТУШЫ – АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ

Темирханова А .С., 2 курс докторанты
Садықов Т. С., т. ғ. д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Әбдуақап Қ., т. ғ. д., профессор
Мимар Синан атындағы өнер университеті

Ғұлама тарихшы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының халық депутаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Республикасы Президентінің «Бейбітшілік және рухани келісім» сыйлығының лауреаты Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың есімі елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде кеңінен таныс. Ғалымның баға жетпес тарихи-ғылыми мол мұрасы – іргелі монографиялық еңбектері, ғылыми зерттеулері мен мақалалары еліміздің рухани асыл қазынасы екені сөзсіз. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев ғалым Манаш Қозыбаев туралы «Ғалымның Отандық тарих ғылымы саласындағы сіңірген еңбегі мен артында қалған мол мұрасы, шығармалары халықтың игілігі мен қазынасы болып қала береді» – деп зор баға берген болатын. Манаш Қозыбаев талай дүбірлі оқиғаларды басынан кешірген XX ғасыр перзенті.

Мұрағат қорларында сақталған өз қолымен жазылған өмірбаянында, ол 1931 жылдың 16 қарашасында қазіргі Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының (қазіргі Меңдіқара ауданы) Итсары деген елді мекенінде (қазіргі Жарқайық ауылы) шаруа отбасында дүниеге келген екен. Қазақтың генеологиялық түп-тамыры шежіре арқылы анықталатындықтан, деректерге сүйенсек, олар он екі арыс Ашамайлы Керейден тарайтын іргелі ата. Әкесі Қозыбаев Қабаш 1898 жылы туған, жиырмасыншы ғасыр басында болыс басқармасы, көпес Ахметжанның қол астында жұмыс істеген, кейін ел басқару жұмыстарына араласқан. Аудандық кеңестердің барлық шақырылымына депутат болып сайланған. Анасы, Қозыбаева Ақсұлу (Шақан) Махметқызы Манаштан басқа Сағымбай, Әлия атты балаларды дүниеге әкеліп, олардың өсіп-өнуіне барын салған. Сол сияқты, академик Манаш Қозыбаевтың жақын туыстары: Әбілмәжін, Әбіл, Сәкен, Оразалы Қозыбаевтар жайында мағлұмат бере келіп, Оразалы ағасының Қостанай облыстық партия комитетінде инструктор болып қызмет істегеніне де тоқталып өтеді. Қиын-қыстау кезеңдер басынан өтсе де Қозыбай әулетінің өмір сүруге деген ұмтылысы ерекше болған. Сол уақыттарда жасы жетпіске келіп қалған Қозыбай ақсақал отбасының қамы үшін тыным таппай еңбек етті. Әкесі Қабаш болса, елдің еңселі азаматтардың бірі ғана емес, бірегейі болды. Елдің көркеюіне, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына бел шеше араласты. Жарқайық, Қаратал, Сарқамыс, Байғожа сияқты іргелі ауылдардың аштықтан аман қалғандарын жинап, кооператив ұйымдастырды. Жаңатұрмыс ауылын басқарды [1, 12 б.].

Қабаш Қозыбайұлы Ұлы Отан соғысы жылдары майданға самолет жібергендердің бірі. Авиация маршалы Верещагин Қабаш Қозыбайұлына «Сіз берген самолеттер бүкіл соғыс бойы Қарулы күштер құрамындағы транспорт авиациясында пайдаланылды» – деп құрмет көрсеткен. Жасөспірім шағы, Ұлы Отан соғысы кезеңімен тұспа-тұс келген Манаш Қабашұлы ертерек еңбекке араласып, есепшінің көмекшісі болып жұмыс істеді. Ауылдағы жетіжылдықты бітірген соң, аудан орталығындағы педучилищеде оқыған. Ол белгілі оқу орны болатын. Мәселен, тарих пәнінен сабақ берген А. Сыров жайында: «Бізді үш жыл үзбей оқытқан ұстазымыз А.Д. Сыров деген ақсақал Боровойлық болатын. Ол селоның тарихын жақсы білетін, жас кезінде ағартушылықпен айналысқан тәжірибелі ұстаз еді. Кейін Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім атағын алды» – деген, ғалымның естеліктері сақталған. 1947 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогикалық училищесін үздік бітіріп, бір

жыл Үлгілі жеті жылдық мектебінде мұғалім болып қызмет етеді. Дегенмен, тағдырдың тәлкегімен шыңдалған жас маман білім қуып сол кездегі еліміздің астанасы болған Алматы қаласына жол тартты. Осылайша Манаш Қабашұлы 1948 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1953 жылы үздік бітірген еді. Ол кезде университ қабырғасында М.О. Әуезов, Т. Тәжібаев, І. Кеңесбаев, Усанович сияқты ұлылардың ұлысы қызмет етсе, тарих факультетінде Е. Бекмаханов, А. Нүсіпбеков, Б. Сүлейменов, М. Ақынжанов, Фришман, Серовский, С. Бейсембаев, Богуславский, Н. Киікбаев сияқты көрнекті тарихшылар дәріс оқыған.

Академик Манаш Қозыбаевтың өмірдерегін саралай отыра, ғалым ретінде қалыптасуының өсіп-өну жолын төрт кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең, Қостанай пединститутында ұстаздық еткен 1953-1958 жылдар. Бұл уақытта ассистент, аға оқытушы бола жүріп, Манаш Қабашұлы алғашқы ғылыми еңбектерін дүниеге әкеліп, олардың көбі өлкені тану бағытында, яғни Қостанайдың тарихына, онда Кеңес өкіметінің орнауы мен Азамат соғысы мәселелеріне, Әліби Жангелдиннің өмірі мен қызметіне арналған еді. Екінші кезең, академик Манаш Қозыбаевтың Алматыға келіп, университеттегі ұстазы С. Бейсенбаевтың ықпалымен ғалым болып қалыптасқан 1958-1985 жылдар. Үшінші кезең, ғұлама ғалымның тарих саласындағы еңбегінің 1986 жылдан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясына, оның Тарих және этнология институтына ауысуымен байланысты іргелі ғылыми еңбектерінің жарық көруімен байланысты. Төртінші кезең, еліміздің тәуелсіздік алуымен ғалымның қайраткерлік еңбегінің нәтижесінде атқарылған жұмыстары мен баға жетпес құнды тарихи мұралардың дүниеге келуімен орайласады [2].

Академик Манаш Қозыбаевтың еңбек жолы Қостанай педагогикалық институтынан басталды. 1953 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің тарих факультетін үздік бітіріп, өзінің сұрауымен Қостанай пединститутына қызметке жіберілді. Бұл жерде Манаш Қабашұлының сапалы білімі де, ұйымдастырушылық қабілеті де, әділдік үшін күресе білетін қасиеті де көрінді. Жас ғалым зерттелуі кенже қалған өлке тарихының «ақтаңдақ» беттерін ғылыми тұрғыда зерделеумен айналысты. Мәселен, «Қостанай» топонимінің шығу тегін, Ресей империясының Қостанай өңірін отарлау кезінде жойылып кеткен ұлттық жер-су аттарын зерттеумен, өңірде Кеңес өкіметінің орнауы тұсындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланысты бірқатар тарихи оқиғалардың ықпалы жайында ізденіс жұмыстары жүргізіліп, ғылыми тұжырымдар жасады. Өлкетанулық зерттеулерін жариялады, Қостанайдың ономастикасын ұлтсызданған мазмұннан арылтуға үлес қосты, Ыбырай Алтынсариннің есімі мен ісін ұлықтады. Жас ғалым Тобыл жағасындағы аудандардың біріне Ыбырай Алтынсарин атын беру туралы ұсыныс жасады. Бірақ, тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, Қостанай ауданынан Обаған өңірі бөлініп шыққан кезде ғана Ыбырай Алтынсарин аты ауданға берілді. Сонымен қатар, Қостанай оқытушылар институтын педагогикалық институт дәрежесіне көтеруде және оған жаңа ғимарат салуға да Манаш Қозыбаевтың еңбегі ерекше екенін атап өту керек. «Қостанай кезеңі мені өсірді, шынықтырды, шыңдады, – деп еске алыпты жастық жалынға толы жылдарды. – Мен азамат болып, есейдім. Өзімнің бақытым Сара Пішенбайқызымен отау құрдым, тұңғышым Ілияс дүниеге келді. Ең ғажабы, Қостанайға интернационалист болып келген мен Алматыға ұлтшыл болып оралдым...», – деген жүрекжарды пікірлері маңызды болып табылады. Дегенмен, өмір қозғалыста болғандықтан, көптеген игілікті істердің нәтижелі аяқталуына арқау болған Манаш Қабашұлының өмірінде алматылық кезең басталды. 1958 жылы сол кездегі Партия тарихы институтының директоры Серікбай Бейсембайұлының шақыруымен келді. 1963 жылы жарық көрген «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктері» ұжымдық еңбекті жазуға ат салысып, келер жылы «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны» монографиясы көпшілікке танымал болды. Сөйтіп, Манаш Қабашұлы аз уақытта Одақ көлеміндегі Отан соғысы тарихының көрнекті маманына айналып, айтулы оқиғаның 30 жылдығына арналған «На защите Советской Родины» атты ұжымдық еңбектің авторы атанды.

Бұл қиындығы мен қызығы қатар жүретін ғылымның соқпағына түскен ғалымның осы тақырыптың майталманы ретінде Отан қорғау, оның тарихнамалық мәселелеріне түпкілікті ден қойғандығын көрсетті. Отан тарихында ғұлама тарихшы ғалым Ермұхан Бекмахановтан кейін тарих ғылымының шынайы жан-жақты зерттелуіне мұрындық болатын Қозыбаев есімі жарық жұртшылыққа танымал болып, қазақстандық ғалымдар қауымдастығы мойындады, одақтық әріптестері таныды. 1962 жылы «Опыт коммунистической партии Казахстана по руководству промышленностью и транспортом в период Великой Отечественной войны Советского Союза (1941 июнь – 1945 гг.)» тақырыпта кандидаттық диссертациясын, 1969 жылғы «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Еліміздің, Ресейдің мұрағат қорларынындағы ғылыми айналымға енбеген құнды деректерді тиімді пайдалана білген ғалым, Қазақстаннан майданға, тыл армиясына алынғандардың саны екі млн. жуық екендігін дәлелдеп, шығыстағы ұлттық аймақтар генофонының әлсіреуіне тигізген әсерін ғылыми тұжырымдармен дәйектеп берді. Жас ғалымның замана ызғарынан қаймықпай айтқан сол уақыттағы теориялық пікірлері бүгінде көптеген зерттеулерге арқау болғандығы ақиқат. 1970 жылы тарих саласы бойынша профессор ғылыми атағын алды. Ғалымның ғылыми ізденісі арта түсті. Сол жылы тарихшылардың Халықаралық конгресінде баяндама жасады, 1971 жылы «Қазақстан – арсенал фронта» монографиясы үшін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығымен марапатталды. 1980 жылдардың ортасында еліміздің тарих ғылымының дамуында айтарлықтай өзгерістер басталды. Манаш Қабашұлы ол кезеңді былайша еске алады: «Дүбірлетіп жаңа заман келе жатты. Елдің де, менің де жұлдызды сағатым соғатын кез келді». Манаш Қабашұлы осы жылдары Қазақ Энциклопедиясына басшы болып тағайындалды. Жылдар бойы жинаған ғылыми тәжірибесі мен ұлтына деген сүйіспеншілігі бұл қызметінде айқын көрініс тапты. Энциклопедиялық танымды жаңа жолға салды. Кеңестік қазақстандық тарихнаманың жабық бетіне айналған Отан тарихының өзекті мәселелерін жарыққа шығара бастады. Мәселен, ол кездері жазуды қойып, есімдерін айтуға тыйым салынған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұстафа Шоқай, тағы басқа қазақтың аяулы азаматтарының өмірбаянын энциклопедияға енгізу туралы мәселе қойды. Ғалымның бұл мәселені көтеруі ерлікпен пара-пар еді. Әрине, ұсыныс қабылданбады. Дегенмен, 1985 жылы басталған горбачевтік қайта құрудың кеңестік жүйені, социалистік лагердің шаңырағын шайқалтудан басталды. Әу баста социализмнің болашағына қалтқысыз сенген көңіл бірте-бірте күдікке толып, мұндай көзқарас 1985-1989 жылдарғы шығармаларда көрініс тапты. Ол саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын анықтау және оларды ақтау жолында жалпы мемлекеттік маңызы бар көлемді де жүйелі жұмыстарға араласты. Бұл еңбектің қорытындысы кезінде Алашорданың туын көтерген қазақ халқының бірегей ұлдары ақталып, энциклопедиялық жинаққа енгізілді [3].

Манаш Қозыбаевтың басшылығымен сол кезеңде орыс және қазақ тілдерінде 4 томдық Қазақ энциклопедиясы, Алматы, Қарағанды облысы энциклопедиялары, Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың бес томдық толықтырылып, өңделген шығармалар жинағы және тағы да басқа іргелі еңбектер басылып шықты. Осы тұстағы атқарылған ірі жобалардың бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан жайлы 40 сериялы құжатты фильмнің шығарылуы. Бас кеңесші-сарапшы ретінде әр серияның сценарийін мұқият оқып, әр фильмді байыптап көріп, тележурналистермен, режисерлермен тығыз жұмыс жүргізеді. Сол 40 фильм қазақ теледидарының алтын қорына кірді. 1986 жылы Ұлттық Ғылым Академиясының Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына бөлім меңгерушісі, көп кешікпей осы айтулы ғылыми-зерттеу мекемесінің директорлығына тағайындалған Манаш Қабашұлы одақ деңгейінде танылған ғалымдығымен қоса ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру ісінде де мол тәжірибе жинаған кәсіби басшы болып қалыптасқан болатын. Талай жылғы зерттеулерінің нәтижесі ғылыми жұртшылыққа кеңінен танылып, «ақтаңдақ» термині алғаш

рет қолданысқа түсті. Оның қолдану аясы бірте-бірте кеңіп, Отан тарихының көптеген кезеңдерін қамти бастады. Тарихтағы ақтаңдақ дейтін құбылыстың ішкі мәні мен туу себептерін зерделей келгенде, патшалы Ресейдің отаршылдары мен кейінгі тоталитарлық тәртіпті енгізген большевиктердің саясаты сөз жүзінде бір-біріне қарама-қарсы деп жарияланғанымен, жергілікті халықтардың өткен тарихын бұрмалауға және ұлттық сана-сезімі ояна бастаған зиялы өкілдерін құдалауға келгенде әлгі екіұдайы жүйенің көзқарастары мен тәсілдері бір-бірімен ымыраласып, ара-жігі жойылып кететіндігін Манаш Қабашұлы көптеген тарихи фактілермен көрсетті. Сол сияқты, автор ақтаңдақтар қатарында қазақ халқының этногенезі, қазақ халқының жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық қозғалысы, ұлттың көне мәдениет тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы, көшпенділер өркениеті, қазақ халқын күшпен отырықшыландыру әдістері мен шежіре мәселелерін жатқызды. Кеңестік дәуірдің құрдымға кетіп бара жатқандығына көз жете бастаған тұста тарихшылардың көшбасшысына айналған академик Манаш Қозыбаев Қазақ мемлекеттігі, отаршылдық жүйе, геноцид туралы алғашқы идеяларды алға тартты. Осыған орай, Манаш Қабашұлы бастаған институт ұжымы Ресей Ғылым Академиясы Тарих институтымен бірлесе отырып Орта Азия мен Қазақстанда кеңестік күштеп ұжымдастыру саясатын тарих таразысына қайта салды. Бұл зерттеу жұмысының нәтижесі «История СССР» журналында (1990, №7) Манаш Қозыбаев бастаған авторлық топтың «Казахстанская трагедия» деген атпен жарық көрді. Кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында, нақтылап айтсақ, 1989 жылы Манаш Қозыбаев ғылыми атақ-дәреженің асқар шыңына көтерілді: Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым академиясының толық мүшесі – академигі болып сайланды. Ал Кеңестер Одағының, демек Қазақстанның да тағдыры қыл көпір үстінде қылпылдаған тұста, республика басшылығына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келгеннен кейін тарихи майданның алғы шебіне ұлтының жанашыр перзенттері шықты. Бұл кезде Манаш Қабашұлы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры қызметінде отырып, Алаш зиялыларын ақтайтын комиссия құрамында белсенді еңбек етті, қандықол Ермактың бетпердесін сыпырды, Қазақстанның мемлекеттік шекарасына қатысты дерек пен дәйекті методологиялық биік өремен сөйлетті, байларды кәмпескелеудің (1928 ж.), кулактар мен байларға қарсы күрестің (1930 ж.) заңсыздығын әшкерелеген комиссия жұмысына жетекшілік жасады. 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Егемендік туралы декларацияда, 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңда қайраткер тұлғаның үлесі бар. Өйткені, 1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың бас кезінде ұлттық сана-сезімнің күшеюі, кеңестік мемлекеттік жүйе мен коммунистік идеологияның күйреуі және тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жариялануы мен қалыптасуы тарих ғылымының қоғамдағы орнына түбегейлі өзгеріс енгізгені аян. Осы кезден бастап академик Манаш Қозыбаев басқарған Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге орасан зор үлес қосты.

Қазақстан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін алды. Тәуелсіздік – киелі ұғым. Сол киелі ұғым тарих қойнауына еніп, талай дүниені ақтарып жүрген ғалымның арманы асқақтай түсті. Азаттық таңы атысымен қимылы тіпті ширап, Кеңес дәуірінің тарихы ауқымынан шығып, әлемдік тарихи үдерістер мен өркениеттегі қазақ халқының орнын анықтауға күш салды. Академик М. Қозыбаевтың шығармашылығындағы тағы бір ерекшелік – ұлттық мүдде жолында қызмет етудегі азаматтық бейнесінің өз еңбектерінде айқын сезілуі. Сондықтан ғалым бір жағынан: Ұлт болмысы, Ұлт намысы, Ұлт тілі, Ұлттық мәдениет, Ұлттың рухы, сияқты мемлекет құруда ең қажетті де қасиеттер ұғымдарды ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндірудің жолдарын қарастырса, екінші жағынан: Тәуелсіздік жолы – үміт жолы, Тәуелсіздік рухы, Тәуелсіздік самалы, Егемендік декларациясы – тәуелсіздіктің алдыңғы баспалдағы, Тәуелсіздік толғаныстары, – деп тәуелсіздік тарихын мейірлене зерделеді. «Ұлт элитасы – қайраткер, жасампаз, дауылпаз жан. Қайраткелік ұлы істе танылады. Ұлы іс халық мүддесінен туындайды» – деп азаттық жолындағы қазақ халқының мүддесі үшін күрескен

азаматтардың тұлғалық қасиеттеріне шынайы баға береді. Ғасырлар тоғысында Отандық тарих ғылымының қара шаңырағын басқара жүріп ұлттық тарихнамаға салған екі олжасын айрықша атап өткіміз келеді. Бірі – «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» (1995 ж.), екіншісі – бес томнан тұратын «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның алғашқы үш томын жарыққа шығаруы. Тұжырымдамада тарих білімінің негізгі басымдықтары, тарих ғылымының өтпелі кезеңдегі басты мәселелері мен оларды шешудің мүмкін бағыттары, тарих білімі мен оқу-ағартуды реформалау жолдары дәйектелді. Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев тарих ғылымында алғаш рет Еуразия кеңістігіндегі дала өркениетінің дамуы туралы тұжырымының негізін жасады. Патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт-азаттық көтерілісінің ғылыми теориялық мәнін ашып, Кенесары Қасымов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Әбдіғаппар Жанбосынов сынды көтеріліс қолбасшыларын дәріптеді, Алаш қозғалысы мен Алашорда автономиясына қатысты тыңғылықты зерттеулер жүргізілуімен, сөйтіп объективті шындықты қалпына келтіруде елеулі жұмыстар атқарылуымен ерекшеленді. Сонымен қатар, осы кезеңнен бері Қазақ хандығының тарихы жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының Отан соғысы, Абылай ханның өмірі мен қызметі туралы және тарихымыздың басқа да өзекті мәселелеріне байланысты ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Манаш Қабашұлы басқарған институт Ресейдің, АҚШ-тың, Қытайдың, Жапонияның, Ұлыбританияның, Германияның, Түркияның және басқа да елдердің ғылыми орталығымен тұрақты ғылыми байланыс жасап келеді. Манаш Қабашұлы Қозыбаев ірі ғалым болуымен бірге ғылыми-педагогикалық жұмыстарға да көп назар аударған. Ол талантты ғалымдардың тұтас бір шоғырын тәрбиелеп шығарды. Оның жетекшілік етуімен 86 ғылым кандидаттары мен докторлары әзірленді. Осылайша, ғалым Манаш Қозыбаев тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектептің негізін құрды. Ол көп жылдан бері Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми Кеңестің төрағасы, тарих ғылымдары саласындағы проблемалық ғылыми-үйлестіру Кеңесінің төрағасы, Мемлекеттік ономастикалық комиссия мүшесі қызметерін атқарды. Академиялық ғылымының білім саласымен дәстүрлі байланыстарын дамыта отырып, Манаш Қабашұлы Қозыбаев орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын шығарды. 1998 жылдан бері ғалымның басшылығымен іске қосылған «Отан тарихы» журналы қазір Қазақстанға ғана емес, шетелдік ғылыми қауымға да кеңінен танылған. Ұлтының жанашыры, ғұлама ғалым Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың көптеген еңбектері бүгінгі таңда ТМД елдері халықтарының тілдеріне аударылған, сонымен бірге АҚШ-та, Ресейде, Қытайда, Болгарияда, Германияда, Украинада, Америкада, Молдавияда, Жапонияда, Иранда және т.б. елдерде жарық көрді. Ол Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылы жалпы ұлттық келісім және жапай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Жылы деп жариялау туралы», «1998 жылы халық бірлігі мен сабақтастығы Жылы деп жариялау туралы» Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде де қыруар жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасының өркендеуіне, тарих ғылымының дамуына қосқан ерен еңбегі еленіп, 1995 жылы Қазақстан тарихының өзекті проблемаларына арналған бір топ зерттеулері үшін ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Белсенді әрі жемісті мемлекеттік және қоғамдық сыйлығы үшін 1997 жылы ол Қазақстан Республикасы Президентінің «Бейбітшілік рухани келісім» сыйлығының иегері атанды. Сонымен қатар, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, «Ана тілі» Халықаралық қазақ тілі қоғамының мәртебелі белгісімен, «Республикаға сіңірген еңбегі үшін» және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Академик Манаш Қозыбаев Шәкәрім атындағы «Семей» мемлекеттік университетінің (1998 ж.) Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының (1999 ж.), Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, Қорқыт Ата

атындағы Қызылорда университетінің, «ҚазГОР» Академиясының құрметті профессоры болып сайланған. Ол Қостанай қаласының және Мендіқара ауданының құрметті азаматы.

Манаш Қабашұлының жансерік жолдасы Сара Пішенбайқызы – танымал педагог, ұстаз інісі Сағынбай Қозыбаев, баласы Ілияс – тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар, қызы Гүлшат тарих ғылымдарының кандидаты. 2003 жылдың 30 мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен оны мәңгі есте қалдыру үшін Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетіне академик Манаш Қозыбаев есімі берілді, ғалымның ескерткіші ашылды. Осы уақыттан бері университет ұжымы ғұлама ғалымның өмірі мен қызметін, ғылыми еңбектерін көпшілік қауымға насихаттау мақсатында мол мұрасын жинақтап, жыл сайын ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп келеді. Тарих ғылымының сан алуан мәселелерін қарастыратын бұл ғылыми жиынға еліміздің көрнекті ғалымдары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, алыс-жақын шетелдерден қонақтар қатысып, маңызды мәселелер төңірегінде сөз қозғалады. Унисерситет тарихы музейінің бір залының экспозициясы ғалымның өмірі мен қызметіне арналған. Сонымен қатар, академик Манаш Қабашұлының құнды ғылыми туындыларын және Отан тарихының іргелі мәселелерін зерделеу үшін университет жанынан М. Қозыбаев атындағы ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Бүгінгі таңда ғылыми орталық маңызды істер атқарып, зерттелуі кенже қалған қатпарланған өлке тарихының беймәлім тұстарын анықтау бағытында және «Манаштану» мәселесін ғылыми пайымауда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Енді міне Манаш Қозыбаев аңсаған күнде туды. Мемлекет тарапынан тарих ғылымына назар аударылып, мұны жай ғана ғылым ретінде немесе мамандық тұрғысынан қарамай, бүгінгі жаһандану кезеңіндегі еліміздің іргетасын бекем ұстайтын тұтас идеологиясының негізіне айналдыру қажеттігі туындады. Осы бағытта Елбасының «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясы көтерілуі және «Халық тарих толқынында» Мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы ұлттық тарихты зерделеуге, насихаттауға жағдай туғызды. Мемлекет тарапынан тарих ғылымына, мамандығына ерекше назар аударылып, кезінде түрлі себептермен жабылып қалған, басқа мамандықтарға қосылып кеткен Тарих факультеттері қайта бой көтерді, ұмытылуға айнала бастаған Қазақстан тарихы кафедралары қайта жанданып, бұл саланың дамуына жаңа серпін берді. Бүгінгі таңда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарық көруі қоғамға серпіліс әкелді. Гуманитарлық саланың дамуына негіз болған мақаланың аясында тарих ғылымының жандануына да мемлекеттік деңгейде үлкен мән берілуде. Осы тұрғыдан алғанда, академик Манаш Қозыбаевтың тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде жасаған маңызды істері бүгінде өзінің лайықты жалғасын табуда.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Академик Манаш Қозыбаев. Мерейтойлық жинақ. – Алматы: Атамұра, 2001. – 240 б.
2. Жұлдызы жанған ғұлама. Академик Манаш Қозыбаев туралы естелік. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
3. Сыдықов Е.Б., Садықов Т.С. Тұғыры биік тарихшы. // Астана ақшамы. – 2011. – № 126 – 6-7 бб.
4. М. Асылбеков, З. Төленова Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 280.
5. Төленова З.М. Академик М. Қ. Қозыбаевтың ұлттық тарихи сананы қалыптастыру жөніндегі ойлары //Абай ат. Алматы университетінің Хабаршысы. – 2002. №1. – 75–83 бб.

СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ: АЛАШ ЭТНОНИМІ ТУРАЛЫ

Төлегенов Б.Ж., 4 курс студенті
Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Мақалада маңғыстаулық зерттеуші С.Қондыбайдың қазақ этнонимінің егіз ұғымы «Алаш» мәселесіне қатысты жаңаша тұжырымдары талданады. Авторлар қазақ этногенезіне қатысты ғылыми пікірлерді С.Қондыбайдың пәнаралық әдістер мен мифтік ұғымдар мен түсініктерді лингвистикалық талдау негізінде верификациялап қана қоймай, қазақ тарихының арғы қатпарларының ежелгі өркениеттерден бастау алатыны туралы тұжырымды дәлелдегеніне назар аударады.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы өткен тарихты тереңірек зерделеуге жол ашады. Жаңарған еліміздің жарқын болашағын бағдарлауда бабалар жүріп өткен жолдағы игі істерді, мәдени, рухани қайнарларды, ғаламдық тұтастықта халқымыздың «ұлттық кодын» сақтау міндеттері қойылып отыр. Осы тұрғыдан қарастырсақ, тарих көлеңкесінде қалған мәселелердің бірі –көне қазақ мифтері, аңыз-әңгімелері.

Ежелгі замандарда адамзаттың өзінің шығу тегі және қоршаған ортасы: дүниенің жаратылуы жөнінде дүниетанымдық түсініктері қалыптасты. Жазу-сызу болмаған замандарда бұл түсініктер ауызша дәстүрмен эпос, аңыз әңгімелер, мифтер, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар, тіпті сөздік қор арқылы бізге жетті. Алайда кеңестік формациялық методология мен тек жазба дерекке сүйенетін батысевропалық позитивтік әдіс ауызша тарихты дерек ретінде қолдануға тиым салып, көптеген ұлттарды, соның ішінде, қазақ халқын да «тарихы жоқ» халықтар қатарына қосты.

XX-XXI ғғ., тоғысындағы тарих ғылымындағы жаңалықтар мифтердің адамзаттың тарихи санасының алғашқы сатысы екендігін тұжырымдады. Осылайша ел тарихының ақтаңдақтарын ашуда, әсіресе, ұлтымыздың этноним атауларының шығу тарихын халық арасында сақталған мифтерді пайдалану мүмкіндіктері туды. Қазіргі кезде біз қолданып жүрген этнонимдік көптеген атаулардың түп төркіні ежелгі дәуірлерге барып тіреледі. Қазақ тарихнамасындағы ең таласты мәселелердің бірі - ұлтымыздың егіз атауы «Алаш» мәселесі. Алаш этнониміне қатысты Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердіұлы, Қ.Халид, О.Әлжанов, Б.Кәрібаев, Ә.Хасенов, А.Левшин, Н.Аристов, П.Рычков т.б. пікірлері бәрімізге белгілі. Осы мәселені жаңаша пәнаралық әдістер мен мифтік– лингвистикалық қырынан зерттеген зерттеушілердің бірі – С.Қондыбай.

Маңғыстаулық зерттеуші Серікбол Қондыбай (1968 – 2004) – ғұмырының жартысын қазақтың тарихын, мәдениетін, салт-санасын жаңғыртуға арнап, сүбелі үлес қосқан өлкетанушы, географ, публицист, этнограф-ғалым. 1991 жылы Қазақ Ұлттық университетін “географ-геоморфолог” мамандығы бойынша бітірген ол 1991 – 1997 жж. Маңғыстау, Үстірт мұражай-қорығында, облыстық экология және биоресурстар басқармасында қызметкер, орта мектепте мұғалім, өлкетану, туризм, ландшафт эстетикасы мәселелері саласында зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Оның шығармашылық қызметінің шырқау шегі – байырғы қазақ шежіресі мен әфсана аңыздарын, мифологиясын, тарихи этногенезін қамтитын «Маңғыстау географиясы», «Қазақ мифологиясына кіріспе» (1997), «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» (2000), «Есен-қазақ» (2002), «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі» (2003), «Арғықазақ мифологиясы» (2004), «Эстетика ландшафтов Мангистау» (2005), «Маңғыстаунама» (2006), «Қазақ даласы және герман тәңірлері» (2006), «Жауынгерлік рух кітабы» (2006) сынды еңбектері бар[1, 385]. Бұл еңбектер қазақ ғылымында үлкен серпіліс тудырды. Әлем халықтарының мифтерін ғылыми талдаудан өткізген ол қазақ мифлогия ғылымын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосты. Ол ежелгі шығыстық: египеттік, қос өзендік(шумерлік,вавилондық, ассириялық, библиялық, т.б.), үнділік, қытайлық, парсылық, гректік, римдік, скандинавтық-европалық, славяндық

мифтік жүйелерді салыстыра келіп, қазақ мифтерінің жүйе түрінде емес, аңыз- ертегілер, мақал-мәтелдер, тұрмыстық салт–жоралғылар, әдет-ғұрыптар мен эпос мазмұндарында, сөз тіркестерінде сақталғанына және олардың әлем мифтерімен ұқсастығына назар аударды[2, 512]. Оның қиыр шеттегі, шалғай жерде өмір сүріп, тым қысқа ғұмырында тағдыр тауқыметін тартып, ертеңінің не боларын білмей, дәрменсіз ауру болса да,жазылудың жолын іздеп, бар мүмкіндігін тән саулығын түзетуге жұмсаудың орнына бар арман-аңсарын елінің ғажайып ертеңіне қызмет ететін, бүгінде ұмыт қалған өткен тарихын ашуға жұмсағанына таңданыс пен ризашылық білдіреді.

Шындығында Қондыбай шығармаларын зерделей келе, оның қазіргі әлемдік тарихнама қолданатын жаңа әдістерді терең меңгергенін көруге болады. Сондай әдістердің бірі - пәнаралық тәсілді қолданған ол, жазба дәстүрі ұмытылған көшпелі қазақ халқының көне тарихының мифтік негізін ашып, лингвистикалық талдауға басты мән берді. XX-XXI ғғ., тоғысындағы әлемдік тарихнамадағы жаңаша тәсілдерді өз зерттеулерінде қолдануы және қазақ тарихы мен мәдениетін дүниежүзілік тарих пен мәдениетпен сабақтастыра зерделеуі оның шығармашылық, интеллектуальдық деңгейінің биіктігін дәлелдейді.

Зерттеуші қазақтың бай ауызша дәстүрі мен тілдік қорларындағы сөздер мен ұғымдар, түсінік – терминдер сырына үңіліп, қазақ тарихының арғы қатпарларының ежелгі өркениеттерден бастау алатыны туралы гипотезаны дәлелдеуге біраз еңбек сіңірді. Бұл пікірдің дақпырт еместігін гуманитарлық ғылымдардағы соңғы ғылыми жаңалықтар аясында қарасақ, көз жеткізуге болады. Қазір әлемдік тарихтың іргелі мәселелері қайта қаралуда. Батыс өркениеті дәріптеген евроцентристік, «арийлік» теорияларға негізделген «үндіевропалық тілдік жүйенің басымдығы» туралы тұжырымдар дағдарысқа ұшырауда. Осы тұрғыдан скиф, сармат тайпаларының «парсы тілділігі»(арийлігі) жөніндегі тұжырымдар қайта қаралып жатыр. С. Қондыбай зерттеулеріне тікелей қатыссыз, ғалымдар адамзат өркениетінің ортақ бастаулары туралы гипотезаларды ұсынуда. Мұның бәрі С. Қондыбай болжамдары мен тұжырымдарының негізссіз еместігін көрсетеді. Оның мол ғылыми мұрасын зерделеудің қазақстандық ғылым үшін, қазақ халқының рухани қайнарларының тұңғиығын түсіну үшін маңызы айрықша. Дегенмен бұл мақалада С.Қондыбайдың қазақ ұлтының егіз атауы ретінде қолданылатын «Алаш» термині жөніндегі пікірлерін талдау мақсаты қойылады. Осыған орай, бұл мәселені зерттеген ғалымдар тұжырымдарын саралау арқылы С. Қондыбайдың қосқан үлесін айқындауға болады. "Қазақ" этнонимінің синонимі - Алаш атауының шығу тегі жайлы тұжырымдар аңыздық бастаулармен тығыз байланысты. Ортағасырлық түркілік авторлар М.Х.Дулати, Әбілғазы хан деректері де, соларға сүйенген және халықтық ауызекі дәстүрге негізделген орыс шығыстанушылары– Аристов, А.И.Левшин, Г.Н.Вернадский, т.б., пікірлері мен қазақ ғалымдары Ш.Уәлиханов, М.Тынышбаев, Ш.Құдайбердіұлы, тіпті қазіргі қазақстандық тарихшылар пікірлерін салыстырсақ, ортақ негіздерді байқауға болады. Зерттеушілердің көбі Алаш этнонимін Алаша хан мәселесімен байланыста және оны тарихи тұлға ретінде қарастырады.

А.И. Левшин қазақтардың алаттар, сібір татарларымен туыстық, ортақ негіздерін көрсетіп, әртүрлі тарихи кезеңдерде бөлініп кеткен оларды біріктіруші, Алаша деген билеуші болғанын, оның тіпті Бұқараны да қосып алғысы келгенін жазады. Левшин халық арасында ауызекі сақталған аңызға сүйеніп, оның әскерлері негізінде қазақтың үш жүзі қалыптасқаны туралы тұжырым жасайды [3, 147 б]. Даңқты Рашид ад-Диннің «Жылнамасы» мен Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі» әлейім жұртшылыққа, әсіресе түркі қауымына ортақ тарихи шежіре саналады. Осы шежірелерде «Алаш» атауына қатысты деректер де ұшырасады. Мысалы, Рашид ад-Диннің «Жылнамасында» Нұһ пайғамбардың немересі ретінде Абулджа хан атты кісі есімі аталады [4, 81]. Ал, Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресінде» де Нұһ пайғамбардың ұлы Иафестің алтыншы ұрпағы Алынша хан туралы дерек келтіріледі [5, 13-14].

Белгілі этнограф ғалым Ж.Артықбаев бұл шежірелік деректерді талдай келе, Алынша ханға қатысты оқиғалар б.э.б III-II мыңжылдықта болған деп болжайды [6, 63]. Алаш»

атауының пайда болуы діни түсініктен де болуы мүмкін. Бұл туралы тұңғыш рет айтқан тарихшы Құрбанғали Халид болатын. Ол бұл пікірін «Алаш» атауының шығуы жөнінде: «Бағзылар хазіреті Анас әулетінен болғандықтан, Анастан Алаш болды деседі: Бабаларын санап келгенде бұл дәлелсіз дағуалар жарым жолда қалады. Анасқа қосылмайды. Кейбіреулер өзбекті де араластыралы, ол дұрыс емес, бұған қоса өзбектің арабтан шықпағандығына ешкім шек келтірмейді» [7, 56]. Бұдан басқа Алаш этнониміне қатысты М.Хайдар Дулати, Ш.Құдайбердіұлы деректерінде Алаша ханды Моғолстанның хан Жүніс ханның ұлы Сұлтан Ахмет деп келтіреді [8, 144], [9,23].

Қазақстандық тарихшылардың (Б.Кәрібаев, Ә.Хасенов) Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясындағы пікірлері де осымен орайласады: «Алаш (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып, хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Моңғол-татар – қазақ шежірелерінде Алаш (Алашы) хан туралы айтылады. Кеген тас жазуында (б.з.д. IV ғ. шамасында) «Қаған алты бөріг алаш(а) ерті» деген жолдар, Алтай тауының Сібір жағында (Тува) Алаш атты өзен, Алаш атты тау сілемдері бар. Алаш атауы бүгінгі күнге дейін түрікмен, қырғыз, қазақ, ноғай, т.б. халықтардың есінде сақталған. Кеген тас жазуында «алты бөріг» («алты қасқыр») деген сөздің «алты алаш» мағынасын беретіні жөнінде (үйсін, қаңлы, қырғыз, хақас, татаб-татар, сяньби-ғұн тайпалары) ғылыми болжамдар бар [10, 248]. Осы пікірлерді саралай келе, С.Қондыбай ұлтымыздың алғашқы ұғымы «Алаш» атауының түбі түркілік терең дәуірлерде жатқанын қайталап қана қоймай, оны пәнаралық әдістермен дәлелдеуге тырысты. Қазіргі тарих ғылымы қолдана бастаған мифтерді, тарихи ұғымдар мен көне атауларды, текстерді лингвистикалық талдау арқылы халқымыздың тарихының ежелгі өркениеттермен сабақтастығына назар аударды.

Жалпы біз кеңестік кезеңде толыққанды дерек ретінде мойындалмай келген қазақ шежіресінің мәліметтерінің аңыз еместігінің бүгінде генетикалық зерттеулердің дәлелдеген айтуымыз қажет. Сондықтан зерттеуші Алащ этнонимін ғылыми сараптауда ауызекі дәстүр арқылы жеткен протоқазақтық этнонимдер Қалша Қадыр, Алаша хан, Алшын, Эфталит т.б атауларымен сабақтастырады.

С.Қондыбай қазақтың шежірелік түп-аталарының бірі – Қалша Қадыр мен аққу (қаз) құс кейпіндегі перінің қызы, перизаттан «Қазақ» атты ұл туғаны, ал одан Ақарыс, Жаңарыс, Бекарысдегенқазақтың 3 жүзінің аталар таралатыны туралы мифті талдай отырып, қазақ этногенезінде кеңінен қолданылатын Қадырбай атауының Қалша сөзімен тіркесіп айтылуының себебін түсіндіреді. Қалша» сөзі мен «Қалша» этнонимінің түркілер, оның ішінде, қазақтар үшін,түп-ата» болғанын және оның мифтік, ықылым замандармен байланыстылығын тұжырымдайды. Ол Қалша Қадыр батырдың пері қызына үйленіп, балалы болусюжетінің үнді халқының «Рамаяна» мен «Маться Пурана» атты эпостарында кездесетіне назар аударады. Онда бір –біріменжауласқан «Ай әулеті» мен « Күн әулеті» арасындағы соғыс жырланады. Сондағы Ай әулетінің» бірінші патшасы Пуруравас Айла да Урваши атты нимфаға (су перісі) үйленеді. С.Қондыбай Пуруравас Айла мен Қалша Қадырдыңұқсастығын көрсетіп қана қоймай, үнді эпостары сюжеттерінің Қазақстан мен Орта Азия арқылы өткен үндіарийлер ортасынан шығып, үнді эпосы мен қазақ мифтеріне негіз болған деген тұжырым жасайды[11,416]. Бұл протоқазақ бабалардың үндіарийлермен кездескенін дәлелдейді. Сонымен қатар, зерттеуші түп ата - Қалша есімінің матриархат дәуірінде пайда болғанын да тұжырымдайды. Протоқазақ этногенезіндегіҚалша" есімінің қазақтағы «келін», «келіншек», «қалыңдық», «қалыңмал», «қалжа» сияқты тек жас келіншектерге қатысты сөздермен түбірлестігін («кал» праформасы) көрсете келіп, «Қалшаның» әубастатүп – ана болып, кейін (патриархатта–түп-ата болғаны туралы пікір ұсынады. Қалшаның түп аналығын ол «қалжа» сөзімен сабақтастырып, оның тек жас босанған келінге (әйелге) арналып сойылатын жас мал сорпасы ғана емес, осы келіндердің

«пірі» болған қазақтарда – Қалша,әзербайжандарда, курдте – Хал, осман түріктерінде, түркмендерде, т.б – Ал, атанған матриархат дәуіріндегі бастапқы анаға, тәңіриеге арналған садақа атауы дейді [12,696].

Серікбол Қалшаның түп-аналығын ол әйелдерге қатысты қолданылатын «қатын-қалаш» деген біріккен сөздегі «қалаш» сөзімен де байланыстырады. Бұдан қандай қорытынды шығады? Бұл протоқазақтық этнонимдердің сонау мифтік заманнан бастау алып, бүгінге жеткенін, яғни қазақ халқының тарихының ежелгі замандардан бастау алатынын көрсетеді.

Осы пікірді бекіту үшін орыс ертегілеріндегі – Калин царь туралы деректі, солтүстік Кавказ, осман түркілеріндегі халықтарында кең тараған Гелинжик атауы мен оның тәңірие болғандығы туралы мәліметтерді айтсақ та жеткілікті. Шындығында қазіргі Геленджик қаласының атауына негіз болған Калин тәңіриеге арналған конус түріндегі тас мүсіндерді көптеп кездестіреміз. Яғни Орыстың және Кавказдың түркілері, осетин , адыгей халықтарына ортақ Калин тәңіриенің көне замандарда прототүркі тайпаларына да ортақтығын көруге болады. Бұл үндіарийлік тілдік жүйеге кіретін осы орыс, осетин, адыг халықтары мен түркі халықтарының ортақ қайнарларының болғанын дәлелдейді. Осы тұрғыдан С. Қондыбай қазіргі қарабайырланған қазақ тілінің түп негіздері үндіевропалық , тіпті одан арғы гиперборейлік қатпарлармен байланыстылығын тұжырымдайды.

Зерттеуші қазақтың мифтік-шежірелік комплексінің ең басты тұлғасы- Алаша хан есіміне қатысты аңыздардың мифтік сипатын Халаш, Қалша этнонимімен сабақтастырады. Яғни «Алаш» сөзі XV ғ. қазақ боп құрылған ру-тайпалардың ең ежелгі замандардан бері атадан балаға ауызекі дәстүрмен жеткен түп-аталық атауы екендігін тұжырымдайды. Ол «Алаш» , «Қалша» сөздерінің этимологиясы ортақ, мұнда да оның әйел тұрпаттылығы «Ал-әже» (Ал-ажа, Ал-аджа, Хал-аджа)сөздерімен түсіндіріліп, алапес баланы туатын әйел" образы, сірә, «Алаша» болған, кейін осы есім балаға қатысты айтылған деген пікір ұсынады. Бұл орайда, С.Қондыбай протоқазақ тайпаларының Ұлы Ана тәңірге сенген үндіевропалық тайпалармен сабақтастығын дәлелдеуге тырысады. Қазақты құраған тайпалардың өздерінің аңыз-мифтерінде, этногенезінде сақтап қалған Алаш атауының матриархат кезеңімен байланыстылығын негіздейді. Сонымен қатар, зерттеуші Алаш этнонимінің көне түркі заманымен(VI ғ.) сабақтастығы туралы өзіне дейінгі ғалымдардың пікірін ғылыми сараптайды. Ол Алаша ханның әкесінің — Абдулла аталуын да көне түркі тайпаларының бірі болған ақ ұндар- эфталиттермен сабақтастырып, эфтал сөзіне этимологиялық, лингвистикалық талдау жасайды. «Эфтал» сөзінің ең қарапайым түсіндірмесі - "жеті ал" түсінігінің мифтік-шежірелік ұғым болғанына назар аударады. Яғни эфталиттер немесе оның билеуші руы өздерін «ерекше жаратылған, асыл тұқым» - "Жеті-ал" - "Эфталдан" таратқан, солардың тікелей ұрпағы деп есептеген. Бұдан шығатын басты қорытынды - ортаазиялық ортада осы "жеті кейіпкерге" байланысты арнайы шежірелік-мифтік культ болған. Осыны жаңа әулет өздерінің әулеттік-рулық, кейін мемлекеттік атауы ретінде алған. Қондыбай пікірінше, Алаша ханның әкесінің "Абдул-Эзиз" немесе "Абдулла" есімі де осы «жеті ал» - "иеті ал"-"эфтал"-"абдал" атауымен байланысты. Тарихи аңыз бойынша, Абдул-Әзиз (Абдулла) хан өзінің "алапес" болып туған баласын Сырдария өзеніне себетке салып ағызып жібереді. Кейін Сырдың төменгі ағысында, Арал маңында ержеткен Алаша бала сол жерде ұйымдасқан әскери қауымның топ басшысы, ханы болып шығады. С. Қондыбай эфталит-хионитердің бастапқы ордасының Арал маңында, Амударияның Сырдарияның төменгі ағыстары өңірінде пайда болғандығы жөнінде ғылыми жорамалды келтіріп, осы тұстағы үш бірдей сәйкестікке назар аударады:

1. Алаша ханның мемлекет құратын жері мен Эфталиттердің мемлекеттігінің бесігі болған жердің бірдей екендігі. Ол - Арал-Сыр аймағы.

2. Алаша ханның әкесі «Абдулла» немесе «Абдул» есімі мен «эфтал» сөзінің бірдей мағына беретіндігі. Яғни Алаш шежіресі мен эфталит билеушілерінің ықтимал шежіресінің типологиялық тұрғыдан бірдей болуы.

3. Алаша-Алаш есіміндегі «ал» сөзінің «эфталит» этнонимінде де негізгі сөз жасаушы болу.

Осыған орай зерттеуші қазақтың "Алаша ханы" туралы аңыздың XIV ғасырда пайда болып, XV-XVII ғғ., дейін сақталған аңыздық нұсқаларының I—VI ғғ., аландар мен эфталиттермен байланысты деген тұжырым жасайды. Бұл тағы да протоқазақ этногенезінде арийлік тайпалар жатқандығын тағы да дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997. 385 б
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. –Алматы:Дайк—Пресс.2004.512 б.
3. .Левшин А.И. «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» Алматы-1996. 147 б.
4. Рашид ад-дин.. Сборник летописей. Т.I. кн. 1. Москва-Ленинград. Издательства АН СССР, 1952. с 81
5. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы. Ана тілі. 1991. 13-14 беттер
6. Артықбаев Ж.О. Историческое наследие М.Ж.Копеева. Павлодар. 2004. с 63
7. Құрбанғали Халид. «Тауарих Хамса». Алматы. «Қазақстан». 1992. 56 б
8. Дулати М.Х. «Тарих-и Рашиди» Алматы-2003. 144 бет
9. Құдайбердіұлы Ш. «Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі». Алматы-1991. 23 бет).
10.Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.1, – Алматы. 1998. – 248 б.
11. Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы. Алпамыс ғаламы.// т.ш.ж. 8 т. Алматы. «Арыс» баспасы. 2008. -416 б.
12. Қондыбай С. Гиперборея. түс көрген заман шежіресі. Т.ш.ж. 6 том. Алматы : Арыс. 2008. 696 б.

СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АЛАШТЫҚ ИДЕЯ

Тұрсұн Х., т.ғ.д., профессор
Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі» [1,1] деп тарихи тұлғатанудың басты міндетіне айқындық берді. Дегенде, осындай күрделі мәселенің түйіні отандық тарих ғылымындағы тұлғатанудың теориялық-әдіснамалық мәселелері арқылы тарқатылатындығы белгілі. Ал, қазіргі тарихи тұлғатану бағытының даму деңгейі, қалыптасқан ғылыми тұжырымдар мен өлшемдер алдағы атқарылатын міндеттерді іске асыру үшін де жаңа көзқараспен бағамдауды қажет етеді.

Академик М. Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалау зәру мәселелердің бірі екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер - жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек» - деген ойды одан әрі өрбіткен ғалым «Отан тарихынан кей бір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [2, Б.366] деген пікір айтады. Тәуелсіздік жағдайында ұлттық тарихтың мазмұнын қайта бағалау тұрғысында айтылған бұл пікірдің көрнекті мемлекет қайраткері,биыл туғанына 125 жыл толып отырған Сұлтанбек Қожановқа тікелей қатысы бар деп білеміз.

Отан тарихында осы кезге дейін ғылыми тұрғыда игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Ал өзінің тарихи бағасын осы кезге дейін ала алмай келе жатқан тұлғалар бірі – Сұлтанбек Қожанов. Оның тұлғасын тану мен танытуға қатысты бірқатар

арнаулы зерттеу еңбектер жарыққа шықты Атап айтқанда өзбекстандық тарихшы Р.Я. Раджапова, қазақстандық Т. Қожакеев, Р. Бердібай, Б. Қойшыбаев, Ж. Әлмашұлы, А. Шәріп, Ж. Симтиков, Ж. Уалиханова және т.б. ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектері де осы қатарды толықтыра түседі. Әйтсе де, қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен әдеби-мәдени мұрасын зерттеп, зерделеуде кенжелік, соңын күткен кібіртіктеу байқалады. Оның сыры неде болды екен? деген сауал әркімді де ойлантуы тиіс. Оның басты себебі С. Қожановтың партия мүддесінен ұлт мүддесінен жоғары қойған шынайы ұлтжандылығы болды. Тоталитарлық билік саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға да аса бір сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет жасағандар ақталып, олардың тұлғасы кеңестік тәрбиенің идеялына айналдырылды. Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық төзімсіздікке ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С. Қожанов сияқты партия қайраткерлерін ақтау кейінге шегеріле берді. Бұл – кеңестік биліктің саясаты. Тәуелсіз қоғамымызда осы саясаттың тоңы жібігендей болғанымен де тұлғатану бағытының методологиялық негізінің қалыптаспағандығы мәселені терең де жан-жақты зерттеуге қолбайлау болуда.

Қайраткердің өз қызметіне қатысты соңына қалдырған деректерінде партиялық биліктің ыңғайымен бүгіп қалған жайттары жоқ емес. Таратып айтар болсақ, ол мақалалары мен ресми баяндамаларында өзінің Алаш қозғалысына тікелей қатыстылығын айтудан тартынып келген. Қазіргі кезде ашық айтылатын мәселе - шын мәнінде С. Қожановтың Алаш қозғалысының өкілі және кеңестік билік жағдайында өзінің қоғамдық-саяси қызметінде алаштық идеяны одан әрі жалғастырған қайраткер болғандығы. Осы пікірді тереңірек өрбітіп көрейік.

1916-1917 ж.ж. Ташкент қаласында қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесі жұмыс істеген. Түркістан қаласында С. Қожановпен бірге 1918-1919 жж. бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Ленинмен кездескендігі жөнінде естеліктер жазған Дүйсенбай Нысанбаевтың деректері «Кеңес» үйірмесінің қызметіне ғылыми талдау жасауға мүмкіндік береді.

Үйірме және оның қызметі туралы Д. Нысанбаевтың 1925 ж. 31 қаңтарында РК(б)П Қырғыз облыстық Бақылау Комиссиясына жасаған мәлімдемесінен [3, Б.173-185] аса құнды мағлұматтарға қанығамыз. Бұл құжаттың деректік құндылығы жоғары болатыны, онда өлкелік партиялық басшылыққа, ОГПУ органдарына Түркістандағы алашордашылардың қызметіне қатысты айғақ ретінде түрлі хаттамалар, газет тігінділері сияқты қомақты құжаттық деректер ұсынылған. Осы жерде құпия хат түрінде жазылған мәлімдеменің тікелей С. Қожановты әшкерелеуге арналғандығын атап айтқанымыз орынды болар.

Үйірменің төрағасы генерал Сейітжаппар Асфендиаров, орынбасарлары М. Шоқай және өмірі мен қызметі Түркістан қаласымен тығыз байланысты болған Садық Өтегенов болатын. Осы саяси үйірме ұлттық идеяларды іске асыруды өзінің бағдарламалық міндеті ретінде алға қойған еді. Үйірменің баспасөз органы «Бірлік туы» газетінің алғашқы редакторы М. Шоқай, одан кейін Хайретдин Болғанбаев, ал 16-санынан бастап С. Қожанов редакторлық жасады. 1917 ж. қарашаның 26 күні Қоқан қаласында Бүкілтүркістан мұсылмандарының IV съезі Түркістан мұхтарияты (автономиясы) атты ұлттық үкімет жариялады, «Улуғ Туркистон», «Голос Туркестана» газеттерімен қатар «Бірлік туы» осы автономияның қазақ тіліндегі баспасөз органы болып бекітілді. Осы съезге және желтоқсан айында Алашорда үкіметін жариялаған Орынбор қаласындағы II Бүкілқырғыз съезіне делегат болып қатысқан С. Қожанов алаштық идеяны іске асыруға белсене араласты. Бұндай тұжырым жасауға деректік және дәйектік негіздер жеткілікті. Алғаш рет бұл тұжырым Түркістандағы партия-кеңес органдарының ресми құжаттарында «Алаш Орданың» түркістандық бөлімі «Бірлік туы» газеті органымен аттас ұйым болды. «Бірлік туы» газеті 1917 ж. маусымынан Ташкентте шыға бастады. Аталған газетті ұйымдастырушылардың тұғырнамасы дәлме-дәл алашордашылардың тұғырнамасындай еді» [4, Л.208] деген сипатта негізделді.

Жоғары партиялық инстанцияларға С. Қожановтың үстінен жазылған құпия хат түріндегі арыз-шағымдар бұнымен шектелген жоқ. Мұндай арыз-шағымдарды саяси ұпай жинау мақсатында әсіресе партия-кеңес қызметкерлері - олардың арасында Д. Нысанбаев сияқты үзеңгілес серіктері де бар, көптеп жазды. Олардың мазмұны «ұлтшыл, «алашордашыл», «оңшыл ауытқушы», «топшыл» деген саяси айыптауларға негізделіп, соңы «қожановшылық» айдарына айналды. Арнаулы органдардың мекемелерінде жинақталған бұндай компромат тиянақты талдаулармен БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының Құпия бөліміне жүйелі түрде жеткізіліп отырды. Республиканың саяси басшысы болғанымен оның әрбір ізін аңдыған мұндай әрекетті Орталықтың басқарып отырғаны да жасырын емес. Осындай жағдайда С. Қожановтың Қазақстанда қалыпты жұмыс істеуі және ұлттық идеяны іске асыруға еркін кірісуі мүмкін емес еді. Республикадағы саяси басшылыққа кәсіпқой революционер Ф. Голощекиннің келуі бұл саяси үдерісті өршітіп жіберді. С. Қожанов Мәскеуге кеткен соң оны айыптайтын саяси науқан кең өріс алды. Осыған байланысты С. Қожанов Қазақ өлкелік партия комитетіне 1926 ж. ашық хат жазып, ақталуға мәжбүр болған. Хаттың жазылу мақсаты оның Қазақстандағы қызметіне қатысты өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф. Голощекиннің өршіткен саяси айыптауынан басын арашалау болды. Осы хатты деректік тұрғыда талдағанда С. Қожанов Қазақстандағы саяси қызметінің сипаты мен мазмұны туралы өз аузынан баяндалған көп мағлұматқа қанығамыз. Сонымен бірге бұл құжаттан С. Қожановтың ұлтжандылық қызметіне негіз болған қоғамдық-саяси көзқарастарының өзегін танимыз.

Ол аталған хатында былай деп баяндайды: «Мен партияның алдыңғы қатарында жүріп мына мәселелерге белсене қатыстым:

Отаршылдық пен жергілікті ұлтшылдықты саяси тұрғыдан жоюға;

Жерге орналастыру және жер-су реформасын жүргізуге;

«Қосшы» одағын ұйымдастыру науқанына;

Орта Азияда ұлттық межелеуді іске асыруға;

Қазақстанның орталығын Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға және Қазақстанның ішкі құрылысында ұлттық мүддені күшейтуге тікелей араластым» [3, Б.250]. Ұлтжанды қайраткердің өзі саяси қызметі туралы жасаған бұл қорытындыларының әрқайсына жеке тоқталып, нақты тарихи дәйектер және дәлелдермен кеңінен таратуға болады. Қайраткер қызметінің биік шыңдары болып саналатын ол жетістіктерді ғылыми тұрғыда талдап, тарихи танымның игілігіне айналдыру - таяу күндердің және осы бүгінгі ұрпақтың еншісі болуы керек.

Қай кезде де тарихи танымның рухани өзегі, ғылыми негізі болады. Кеңестік қоғамда алаштық үлгідегі қайраткерлердің тұлғасын танудағы рухани өзек таптық-партиялық құндылықтар болса, оның ғылыми негізі маркстік-лениндік дүниетаным болғаны белгілі. Ал бүгінгі тәуелсіз қоғамымызда тарихи танымның талабы өзгерді. Мақсат та өзгерді. Қоғам жаңарды, қоғаммен бірге адам да жаңарды. Ендігі кезекте тарихи таным да жаңаруы тиіс. Тарихи танымды жаңартудың жөні осы екен деп жергілікті, аймақтық деңгейдегі тұлғаларды дәріптеу бүгінгі интеллектуалдық тарихқа жараспайды. Тұлғаларды танудағы әрекеттің алтын арқауы, жібек желісі -ұлттық мүдде болуы керек. Яғни, мәселе тура мағынасында қойылғанда - ол тарихи тұлға ұлтымыз үшін не істей алды? деген сауалға жауап беруді қажет етеді. Сол сияқты, кейбір зерттеулерде кеңестік дәуірдегі партия-кеңес қайраткерлерін біржақты айыптау тенденциясы да жоқ емес. Ал олардың саяси қайраткер ретіндегі қызметіне берілер баға да оның қызметінен ұлт тағдырына қандай және қаншалықты зиян келді? деген сауалдың төңірегінде өрбімек. Бұл ұстанымдар тұлғатану бағытына өлшем бола алады.

С. Қожанов Түркістан өлкесіндегі кеңестік билікке дейінгі саяси қызметі өлкедегі қазақ зиялыларының «Кеңес» астыртын үйірмесінде хатшы, «Бірлік туы» газетінің редакторы болды. Ал кеңестік билік орныққан кезде Түркістан уездік кеңесінің төрағасы, Сырдария облаткомының төрағасы, Ішкі істер, Халық ағарту, Жер істері халкомы, Түркатком төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшесі қызметтерін атқарды.

Оның бірыңғай партиялық саясаттың сойылын соққан кейбір үзеңгілес серіктерінен ерекшелігі осы қызметтерінде ол алаштық негіздегі ұлттық идеядан бір сәт те қол үзген емес.

Түркістандағы ұлт-азаттық күрес тәжірибелерін өлкедегі Алаш қозғалысының Оңтүстік қанатын (Түркістан қанаты деп атауға болады) дербес тарихи таным нысаны ретінде қарастыруға негіз болады. Оңтүстік қанаттың нақты ұйымдық құрылымы болмағанымен оның қызметінің мазмұны қазақ жеріндегі тарихи құбылыстың құрамды бөлігі болып саналады. Түркістан өлкесіндегі қазақ зиялыларының Алаш қозғалысы қайраткерлерімен тығыз байланыста болғандығы жөнінде деректер жеткілікті. Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының 1917 ж. Минскіден жолдаған жеделхатында түркістандықтардың да ата аталады. Сол сияқты түркістандықтар Орынборда өткен Алаш съездеріне де қатысқан. Орынбордағы шілде айында өткен съезден соң 2-5 тамызы күндері Түркістан қазақтарының съезі болып өткен. Орынбордағы съездің саяси тұғырнамасымен өткен жиын өлкеде «Бірлік туы» саяси бірлестігін құру мәселесін күн тәртібінен алып тастаған. Өйткені, Алаш партиясы құрылғаннан соң өлкеде ондай саяси ұйым құру қажет емес деп тапқан. С.Қожанов осы жиында хатшы болып қатысты [4]. Өкінішке орай, өлкедегі қаурыт саяси процестер Алаш партиясының ұйымдық құрылымының қалыптасуына мүмкіндік бермеді. Өлкедегі қазақ зиялылары ендігі кезекте Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының құрамында саяси күреске араласты.

Түркістандағы жергілікті халықтардың арасында отаршылыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысының өкілдері М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқай, Қ. Қожықов, С. Өтегенов және тб. қайраткерлердің саяси қызметінде жаңа қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты. М. Тынышпаев, С. Лапин, М. Шоқайдың өлкедегі саяси қозғалыстың және Түркістан мұхтариятының басшылығында болуы олардың Алашорда үкіметімен байланыс жасауына мүмкіндік беріп, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды. Осы мәселе 1918 ж. 4-9 қаңтардында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде арнайы қарастырылды. Алаш Орда үкіметінің басшылары Б. Құлманов, Т. Құнанбаев, М. Дулатовтар арнайы қатысқан съезд шын мәнінде Алаш қозғалысы ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналды. С.Қожанов осы съезді ұйымдастырушылардың бірі болды. Түркістан қазағын алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Алаш һәм Түркістан» мақаласында [5 Б.109-111] «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ: кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» деп ұлттық идеяның қолдау тапқандығы жазылды.

Түркістанда мемлекеттік құрылыстың, билік құрылымдарының қалыптасуы күрделі мазмұн алған. Бұл жерде дәстүр сабақтастығының іске асу қағидасы талап ететін міндетті түрде сақталуы тиіс қоғамдық шарттар бар. Соған сәйкес кеңес өкіметі ескі қоғамның билік институттарының мазмұнын мансұқтағанымен әкімшілік бірліктер, басқару құрылымдары түрінде олардың сыртқы формаларын сақтап қалды. Осы сияқты басқару элитасы орталық және жергілікті басқару органдары шенеуніктерінің орасан зор бөлігі әкімшілік басқару дәстүрлерін жалғастырып, жаңа қоғамда мазмұндық, түрлік жаңғыруды бастан өткізді. Кеңестік қоғамның басқару құрылымдарының негізін құраған ол мемлекеттік қызметкерлердің басты миссиясы екі қоғам арасындағы байланыстырушылық рөл еді. Өздерінің тарихи миссиясы бойынша ерекше маңызға ие болған бұл категорияның арасынан кеңестік қоғамда көрнекті қайраткерлерге айналған ұлттық элитаның мықты өкілдері өсіп шықты. Олардың қатарында М. Тынышпаев, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, А. Серғазиев, Қ. Ибрагимов, И. Тоқтыбаев, Б. Аралбаев, Қ. Сармолдаев, С. Есқараев, О. Жандосов, Т. Жүргенов, Н. Рүстемов, Ә. Палмұхамедов, Ә. Құдабаев, Н. Сатыұлов, Қ. Болғанбаев, Қ. Қожықов, Қ. Күлетов және т.б. көптеген тұлғаларды атауға болады. Олар Түркістан республикасының жоғарғы билік құрылымдарында басшылық қызметтер атқарып, жаңа қоғамда ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға елеулі ықпал жасаған еді. Олардың қызметіне ғылыми талдау жасағанда саяси көзқарастарымен өмірлік ұстанымдарының әртүрлі

болғандығы басты назарда болуы керек. Бірі таптық, бірі ұлттық идеяға қызмет жасағанымен олар өз заманының перзенттері болатын. Бүгінгі көзқараспен кемшілік деп тануға болатын олардың кейбір әрекеттерінің сырын қоғамдық қайшылықтардан іздеу мәселеге сыңаржақ сипат берген болар еді. Тұлғалардың көзқарасындағы қайшылықтар олардың қоғамдық әрекеттерінен көрініс табатындықтан да мәселеге қарама-қарсылықтың күресі және бірлігі заңдылығы қағидаларымен баға беру тарихи ақиқатқа жақындата түсері даусыз.

С.Қожановтың Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің жоғары эшелонында атқарған қызметтерінде Алаш идеясын басшылыққа адалдығы көзге ұрып тұрады. Осы қызметтеріне қатысты мынадай қорытынды жасауға болады: біріншіден: оның алаштық қайраткерлерді Ташкентке шақырып, қызметке тартуы ұлт мәдениеті мен әдебиеті үшін барынша жемісті болды. Екіншіден: оның тікелей басшылығымен 1921-1922 жж. Жетісуда жүргізген жер-су реформасы алаштық идеяның іске асырылуының жарқын көрінісіне айналды. Үшіншіден: 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу кезіндегі қайраткерлігі қазақ елі мен жерінің тұтастығын көксеген алаштық идеяның іске асырылуына жасалған қызмет еді.

Елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерді мұғажырлық жағдайда жіті қадағалап отырған М. Шоқай большевиктер партиясы қатарына енгенімен өздерінің шынайы ұлттық элитаға тән азаматтық, отаншылдық биіктен төмендемеген қандастары туралы «Смағұл Сәдуақас, Қожанұлы Сұлтанбек және Меңдешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. Бірақ олар, өткен тәжірбиелері көрсетіп отырғандай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз. Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айрылмайды деп сенеміз. Смағұл Сәдуақас та сондай тұлға. Ал Меңдешұлын өз басым білмейді екенмін. Бірақ оның да Сұлтанбек пен Смағұл тәрізді қайраткер екеніне шүбә келтірмеймін» [6, Б.60] деп баға береді. М. Шоқайдың саяси тұлғалар қызметін бағалауда олардың ұлтжандылық әрекетіне баса мән берген бұл пікірін әдістемелік негіз етіп алуға болатын танымдық қағида деп қабылдауға болатындай.

Әрине «көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерінің өмірі дегеніміз белгілі бір адамгершілік және әлеуметтік бағдарлар жүйесіндегі оның нақты ойлары мен әрекеттері ғана емес, ол сонымен бірге тұлғаның өзі саясат сахнасынан кеткеннен кейінгі де қоғамдық үдерістерге жасайтын ықпалы» [7, С.4] екендігін ескерсек аталған тұлғалар алдағы уақытта да ғылыми ойдың нысаны болып қала бермек. Осыған байланысты большевиктер көсемі В.И. Лениннің өзіне тән категориялықпен «Пролетариатқа саяси қайраткерлердің тірісі және өлісі туралы да шындық керек, өйткені саяси қайраткер атына шын мәнінде лайық болғандардың тәні бақилық болса да олар саясат үшін өлмейді» [8, С.8-9] деген тұжырымын қуаттауға болады. Демек, С. Қожановтың тұлғасы саясат үшін де, тарих үшін де қызмет жасайды. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Ұлттық мүдде бар жерде оған қызмет етудің өлшеміне айналған С. Қожановтың тұлғасы менмұндалайды.

Ендігі мәселе қайраткердің қоғамдық-саяси қызметін ғылыми танымның игілігіне айналдыруға байланысты. Бұл үшін ең алдымен С. Қожановтың өмірі мен қызметіне қатысты материалдар мен құжаттардың және шығармаларының жинақтарын ғылыми айналымға ұсыну. Алматы мен Ташкенттің, Мәскеу мен Орынбордың архивтеріндегі құжаттардың басым бөлігі ғылыми жұртшылыққа жетпей жатыр. Сол сияқты оның әдеби шығармаларының өзі қомақты дүние болмақ. Оның соңына қалдырған құжаттық деректерінің арасында бүгінгі ғылыми танымның қажетіне жарайтын, ұлттың рухын көтеруге қызмет ететін дүниелер аз емес.

С. Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі болды. Оның өзінің сан-салалы қызметінде топтық, аймақтық тіпті таптық мүдделердің деңгейінде қалып қоймай ұлттық, мемлекеттік биліктен табылды. С. Қожанов сияқты ұлтжандылығы мемлекетшілікпен ұласқан, мемлекетшілігі ұлтының рухына қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер халықтың жадынан да, ғылыми танымнан да мәртебелі орын алуға әбден лайық.

Отан тарихының мазмұнындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, жекелеген тұлғалардың қызметін бағалауда ғылыми айналымға ұсынылатын тың құжаттық деректерден тарихи ақиқатты табу, тану, таныту үшін жаңа әдіснамалық негіз қалыптастыруда ұлттық, мемлекеттік мүдде басты назарда болуы тиіс. Тарихи ақиқатты бүкпесіз және боямасыз тарихи танымға ұсынуды талап ететін бұл ғылыми және әлеуметтік фактор отан тарихының мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтарға сай жаңалайды және қоғамдық ой сананы тұрақтандырады. Елбасының мақаласында тарихи сана қалыптастыруға қызмет етуі тиіс «Ұлы Даланың ұлы есімдері» бағытында атқарылатын кешенді жұмыстардың ғылымилығы осындай методологиялық тұжырымдарға негізделуі керек.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев. Ұлы Даланың жеті қыры / «Егемен Қазақстан». 21 қараша 2018 ж
2. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. -369 б.
3. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 ж.ж. -Алматы: «Ел-шежіре». 2007. Т.3.Кн.1.-304 с.
4. Сборник важнейших декретов, постановлений и распоряжений правительства ТССР за 1917–1922 гг. -Ташкент, Издания Комиссии СНК, 1923, 213 с. (С.1-5)
5. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. желтоқсан 1917 – мамыр 1920 ж.ж. -Алматы: «Алаш». 2005. Т.2.-496 с.
6. Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. -Алматы: Қайнар, Т-2.-1999. -520 б.
7. Волкогонов Д.А. Сталинизм: сущность, генезис, эволюция: доклад по совокупности работ на соискание ученой степени доктора исторических наук.- М.: 1990. – 47 с.
8. Ленин В.И. Полное собрание сочинения. изд. 5-е. М.: Политиздат, 1973.- т. 20. -532 с.

XIX Ғ. РЕСЕЙ ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ ДАМУЫНА ҮЛЕСІН ҚОСҚАН ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ЫСМАЙЫЛ ҒАСПЫРАЛЫ

Ускембаева А.А., Жангабулова Ж.М., 2 курс докоранттары
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Этносаралық қарым-қатынас мәселесі көптеген халықтар мен мәдениеттер қатар өмір сүрген Орталық Азия кеңістігіндегі мұсылман аймақтары үшін әрқашан өзекті болады. Ежелгі заманнан бастап көшпелі түркі тайпалары Еуразия құрлығының кең байтақ жерлерін бірнеше рет біріктіріп келді. Бүкіл дерлік Ұлы Дала оларға тиесілі болды. Олар ұзақ уақыт бойы өз бостандығын, тілін, ұлттық болмысын ірі отырықшы империялардың қол сұғуынан қорғады. Бірақ түркі мемлекеттері ұзақ өмір сүре алмады. Түрлі дала түркі этникалық топтары осы көшпелі державалардың мұрагері болды.

Ысмайыл Ғаспыралының ағартушылық қызметін тарихи оқиғалардан бөлек қарастыруға болмайды. Яғни, Ғаспыралының көзқарастары «еуразияшылдық» идеяның өзіндік прототипі болды. Және бұл үрдісте пантүркизм идеологиясы өте маңызды рөл атқарды. Пантүркизм идеологиясы XIX ғасырда Ресей империясының түркі халықтары арасында қалыптасты. Бұл үрдіс Еділ, Солтүстік Кавказ, Кавказ және Орталық Азияның дәстүрлі исламдық қоғамдарына еуропалық философиялық жәнесаяси ойлардың енуімен байланысты болды. Және жергілікті зиялылардың діни немесе этникалық емес, ұлттық бірегейлікке бағдарларын қалыптастырды.

«Біздің дініміз жақсылықты үш жолмен жасауға болады деп үйретеді: еңбек, сөз және зекет арқылы, осылардың барлығы Құдайға ұнамды және асыл: кедейлер - жақынына жұмыс жасау арқылы, ғалым - тәлім беру арқылы, байлар - садақа беру арқылы көмектеседі». Бұл

сөзді қырым татарларының ұлы ағартушысы, қоғам қайраткері, баспагер Ысмайыл Ғаспыралы (1851-1914) айтып кеткен [1].

Ысмайыл Ғаспыралы - көрнекті Қырым татар қоғам қайраткері, жазушы, публицист, баспагер, ағартушы және қаламгер. Оның шұғылданғын істерінің тізімін одан әрі жалғастыруға болады. Ысмайыл ағаның түркі халықтарының мәдениетінің дамуына, Ресей патшалығында және одан тыс жерлерде өмір сүрген мұсылман түріктердің рухани жаңғыруына үлкен үлес қосқаны факт. Түркі әлемінің бірлігі мен дамуына мол үлес қосқан, жәдитшілік қозғалысының қайраткері. Түркі әлемінде оның есімі жоғары бағаланады.

Ысмайыл Ғаспыралының өмірін шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады: оның көзқарастары қалыптасқан ерте кезең (1851-1883); оқытушылық және журналистік қызметіне арналған ағартушылық кезең (1883-1905); кеш саяси кезең (1905-1914), бұл аралықта ол «Иттифак аль-Муслимин» партиясы мен Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясы шеңберіндегі саяси жұмыстарға белсенді қатысты.

Ы. Ғаспыралы 1851 жылы 21 наурызда Бахчисарай маңындағы Авджикой ауылында Мұстафа Ғаспыралының отбасында дүниеге келді. Бастауыш білімін үйде алды, содан кейін - ауылдағы мұсылман мектебі, Симферополь гимназиясы және Воронеж кадет корпусында білімін жалғастырады. 1864-1867 жылдары Мәскеу әскери гимназиясында оқыды. Мұндай беделді оқу орнында оқу мүмкіндігіне ие болуының себебі, оның әкесі мемлекеттік қызметте болған және орыс ақсүйектеріне теңестірілген Қырым мырзаларының отбасынан шығуы бірден бір себеп болды.

1860 жылдардың соңы бұл Шығыс халықтарының Еуропа отарлаушыларынан бірқатар жеңілістерінен кейін, білімнің маңыздылығы мен әлеуметтік және рухани өмірді жаңарту қажеттілігі туралы идеялар мұсылман әлемінде тамырлай бастаған кез еді. Қоғамда ұлттық намыс сезімі ояна бастады, отаршылдыққа қарсы күресті дамыту идеялары кеңінен таратылды. Жұртшылықтың мұндай көңіл-күйі батыстық білім алған, бірақ өз халқының дәстүрлеріне адал болатын жаңа типтегі көшбасшылардың пайда болуына ықпал етті. Осы идеяларды таратушылардың бірі, өз халқының мәдениетіне, тіліне және дініне деген адалдығы еуропалық және орыс мәдениетінің барлық байлығын игеру ниетімен үйлескен Ысмайыл болды.

1867 жылдан бастап Ысмайыл Бахчисарайдағы Захжирліде медреселерде сабақ беру бастайды. Бірақ, үш жылдан кейін ол Парижге аттанып, Сорбоннада дәрістерге қатысады, аудармашы және жазушы Иван Сергеевич Тургеневтің жеке хатшысы болып жұмыс істейді. Содан кейін Ғаспыралы шамамен бір жыл Түркияда, Ыстамбұлда тұрады.

Оның көзқарастары көптеген факторлардың ықпалының қарамағында қалыптасты. Стамбулда шамамен бір жыл өмір сүрген кезінде Ысмайыл Ғаспыралы, кейіннен өзінің білім беру қызметінде кейбір аспектілерін қолданатын османшылдық және панисламизм идеяларымен жақын танысуға мүмкіндігі болды. Діндар мұсылман ретінде Ғаспыралы ислам дінін ұстанған халықтардың реформаланған қауымдастығын құру мәселесін алға қойған болатын.

Ысмайыл Ғаспыралының атымен исламдық шығыс халықтарының ағымдық қозғалысы - жадидизмнің құрылуы мен дамуы байланысты. Бұл мұсылман елдерінде бастауыш білімнің мәні мен құрылымын түбегейлі өзгертіп, оған неғұрлым зайырлы сипат беретін жаңа, зайырлы оқыту әдісі еді.

Түрлі дереккөздерде бұл тұжырымдаманың көптеген түсіндірмелерін байқауға болады: жадидизм ағымдық қозғалыс, либералды-саяси қозғалыс, кей жағдайларда жадидизм мен түркизм (пантүркизм) ұғымдарының қосындысы ретінде. Мақалада «жадидизм» термині Ресей империясындағы мұсылмандардың ағартушылық қозғалысы ретінде түсіндіріледі. Бұл ең алдымен ескі білім беру жүйесін реформалаумен және алғаш рет Ысмайыл Ғаспыралы енгізген медреселерде жаңа дыбыстық оқыту әдісін енгізумен, сондай-ақ түркі тілдеріндегі баспасөздің таралумен және «бұратана»-мұсылмандардың білім деңгейін көтерумен байланысты.

Бұл қозғалыстың пайда болуын кейбір зерттеушілер XIX ғасырдың басына жатқызады. Осы пікірге сәйкес, бұл еуропалық идеялардың мұсылмандық ортаға енуінің әсерінен пайда болған объективті құбылыс болды. Бірінші кезең - жандану немесе дайындық ойшыл және ағартушы, татар теологы Абуннасыр Курсавидің (1776-1812) қызметімен байланысты, екінші кезең - шын мәнінде модернистік, татар ағартушылары тарихшы, этнограф, шығыстанушы Шигабутдин Маржанидің (1818-1889), татар этногенезін зерттеудің негізін салған этнограф және жазушы Каюм Насыридың (1825-1902) есімдерімен байланысты [2, б. 102].

Оның білім берудің жаңа әдістері тек Қырымда ғана емес, сонымен қатар Татарстан, Қазақстан, Башқұртстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия, Солтүстік Персия және Шығыс Қытайда сәтті қолданылды. Жадидтер іс жүзінде Ресей патшалығының түркі-мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімі туралы айтушылардың алғашқы өкілдері болды.

Дүниетанымның негізі бала кезінен қаланғанын түсіне отырып, Ысмайыл жас оқытушыларға бағытталған көптеген оқулықтарды қырым татар тілінде жазып шығарды. Ғаспыралының басылымдары уақытқа сәйкес келді және қоғамда кеңінен танымал болды. Атап айтсақ, оның «Хожа и-субян» («Балалар оқытушысы») оқу құралы бірнеше рет басылып шықты және түркітілдес әлемдегі ең танымал басылым болды [3].

Қырымға оралып, Бахчисарай қаласының әкімі лауазымына тағайындалып, ол өзінің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа білім беру идеясын іске асыру үшін мүмкіндік іздей бастады.

Жүйелі мерзімді басылым шығару шешімін қабылдаған соң, Ысмайыл аға астанаға кетеді. Үш жыл бойы 1879-1882 жж. өзінің баспасын ашып, ана тілінде газет шығаруға рұқсат алу үшін бірнеше рет Санкт-Петербургке барады. Рұқсат алғаннан кейін де, ол көптеген мәселелерге, соның ішінде газетке жазылушыларды іздеуге және газетті шығарудың материалдық құралдарына тап болады.

Бірақ Ғаспыралы жоспарлаған істі жүзеге асырудың шешімін табады және кейіннен оны өзі газет беттерінде былай деп сипаттайды: «Петербургте жоспарланған баспалардың нұсқаухат - хабарландыруларын басып шығарып, біз Нижний Новгород жәрмеңкесіне аттандық, онда сіз Ресейдің әртүрлі аймақтарындағы мұсылмандарды кездестіре аласыз» [4]. Ресейдегі мұсылмандардың мәдени орталықтарының бірі Нижний Новгородта, ол өз басылымдарының алғашқы 100 жазылушысын табады [5, б. 46]. Жиналған қаражатпен Ғаспыралы баспахана сатып алады. 1882 жылы келесі жинақтарды: «Тонгуч» («Тұңғыш»), «Шефаг» («Таң»), «Календарь» (Күнтізбе) және 1883 жылы 10 сәуірде ол орыс-татар «Тержиман- Аудармашы» газетінің алғашқы санын шығарады», ол ұзақ уақыт бойы Ресей империясындағы жалғыз түркітілдес мерзімді басылым болды [6, б. 9-14]. Алғашында газет аптасына бір рет, содан кейін аптасына үш рет және күн сайын шығатын болды. Басылым 1914 жылы Ғаспыралы өмірден кеткеніне дейін және оның ұлы - Рефаттың редакциясымен тағы төрт жыл шығып тұрды.

Терджиман (Аудармашы) газеті Қырымда, Еділ бойында, Түркістанда мұсылмандық білім беруді модернизациялауда жетекші рөл атқарды, жаңа оқулықтар мен жаңа оқу бағдарламаларын жасайды, Қырымда «жаңа әдіснамалық мектептерін» құрды және кейіннен олар мұсылмандық Самарқанд, Ташкент және Бұхара вассалдық әмірлігі территориясында кең таралған болатын. Осы жаңа әдіснамалық мектептердің арқасында XX ғасырдың бірінші жартысында еуропалық білімді, бірақ өзінің «мұсылман» болмысын жоғалтпаған мұсылман зиялыларының жаңа ұрпағы дүниеге келді, [7, б. 378-400].

Шын мәнінде, Ғаспыралыны діни мәселелер емес, түркі халықтарының әлеуметтік-мәдени дамуы қызықтырды. Ол мәдениетті конфессиясыз түсінеді, әлем туралы білімдердің жиынтығы ретінде, сонымен қатар бұл білімді адамға қызмет етуге мүмкіндік беретін технологиялар ретінде. Ғаспыралы схемасында мұсылмандыққа тек этикалық үстемдік орны, діндарлық дәстүрі берілген.

Сондықтан Ғаспыралы өзінің білім беру стратегиясының жобасында, ең алдымен, түркі тілдері мен мәдениеттеріне, жалпы мәдени және тілдік орта ретінде түсінілетін түркіизмге үндейді. Ғаспыралының айтуынша, сол кездерде ресей түріктерінің өзін-өзі тануының негізгі мұсылмандық термині болған. Шындығында бұл ұлттық түркі жаңаруының жобасы еді. Сондықтан Ғаспыралы пантүркизм - түркі халықтарының ортақ тілмен және тарихи тағдырлармен байланысты мәдени-саяси бірлестігі идеясының бастамашыларының бірі екендігі таңқаларлық емес. Ресейде тұратын түркі халықтары (Қырым және Еділ татарлары, башқұрттар, ресей Түркістанының түркі халықтары), Ғаспыралының пікірі бойынша, мәдени жақындығы мен ортақ мұсылмандық ерекшелігінің арқасында қоғамдастық пен мәдени болмыстың жаңа формаларын құруы керек. Сонымен бірге, ресей түркілерінің әлем туралы және заманауи технологиялар туралы қазіргі заманғы білімді Еуропадан, атап айтқанда Ресейден алынуы керек еді. Дәстүрлі тақуалықтың, жаңа білім мен озық технократизмнің үйлесімі түріктер үшін болашаққа есік ашуы керек еді [8, б. 83].

Модернизация жағдайындағы «Терджиман» газеті беттеріндегі басты орындардың бірі біртұтас әдеби ортақ түркі тілі мен біртұтас түркі ұлтының құрылуымен тікелей байланысты мәселелер болды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Ысмайыл Ғаспыралы оның модернизациялау бағдарламасы аясында ұлт құрылысының кең таралған әдістеріне жүгінгенін атап өтеміз [9, б. 240], мысалы, біртұтас әдеби тілді (жалпы түркі) құру сияқты, біртұтас білім беру желісін құру («жаңа әдіс» мектептері), жаңа әдебиеттерді құру (жаңашылдықты және азаматтық поэзияны дамыту) және ұлттық БАҚ («Терджиман» газеті және басқалар). Сонымен бірге Ғаспыралы осы газет беттерінде қарастырылып отырған кезеңдегі ұлтшылдық пікірлер үшін дәстүрлі риториканы - ұлттың оянуы, ағарту, модернизация және т.б. пайдаланды [10, б. 146].

1881 жылы Ысмайыл Ғаспыралы жазған «Орыс мұсылмандығы. Мұсылманның ойлары, жазбалары мен байқаулары» еңбегі тек автор үшін ғана емес, және де ғалымдарғы интеллектуалдық манифестке айналды. Ол орыстар мен мұсылмандар арасындағы қарым-қатынас және мұсылман халықтарының өміріндегі білімнің рөлі туралы әңгімеледі. Бұл шығармада публицист өзінің қазіргі өміріне «қарғыс сұрақтарды» қояды - татарлар мен орыстардың арасында қандай қатынастар болуы керек? Ресей үкіметі мұсылман бұратана халықтарына қатысты қандай мақсатқа ұмтылады (және соған ұмтылуда ма?)

Ғаспыралы бойынша, орыс мұсылмандығы ресейлік Отаның мүдделерін сезінбей, мойндамайды; оның қайғысы мен қуанышы оған беймәлім, ол ұлттық ұмтылыстар мен идеяларды түсінбейді. «Орыс тілін білмеу оны жалпы адамзаттық мәдениеттен оқшаулау туралы айтпағанда, оны орыс ойы мен әдебиетінен ажыратады. Орыс мұсылмандығы өзінің ескі тұжырымдамалары мен наным-сенімдеріне жақын, қанық жерде өседі, өйткені ол адамзаттың қалған бөліктерінен алынып тасталған» [11, б. 17-58].

Ғаспыралы мұндай жағдайға не себеп болғанын түсінуге тырысады. Мұның себебі орыс халқында емес - олар, автордың пікірінше, өте ашық деп айтқан. Оның айтуынша, көптеген публицисттер мұндай құбылыстарды исламның дұшпандық рухымен түсіндіруге бейім. «Маған, мұсылман ретінде, бұл сұрақ маған жақсы таныс, сондықтан мен діннің оған ешқандай қатысы жоқ екенін қатты мәлімдеймін. Жерге деген сүйіспеншілік догмасы бар, оны тамақтандыратын және иесіне адалдық танытатын, қорғайтын, саяси мағынада иеліктен, оқшауланудан, дұшпандықтан орын қалдырмайтын ілім...Ресейдің барлық жерінде сіз мұнара мейрамханасында сауда жасайтын және төзімділік үйін ұстайтын мұсылманды таба алмайсыз» [12]. Гетеродоксияға және бұратана халықтарына қатысты келісілген, ойластырылған саясаттың болмауы көптеген қиыншылықтардың себебі болып табылады.

«Аудармашы-Терджиман» газеті арқылы Ысмайыл Ғаспыралы орыс мұсылмандарына білім беру қажеттілігі туралы өз идеяларын жүзеге асыра бастайды, біртұтас түркі тілін құруға шақырады, оқытудың жаңа әдісінің жетістіктері туралы айтады.

1887-1889 жж. «Терджиман» газетінің беттерінде Ысмайыл Ғаспыралы білімді саяхатшы Мулла Аббас Франсавидің атынан «Дар ур-рахат» («Өркендеу жері») романын жариялайды. Бұл саяхатшы Парижде болғанда: «... Мысырдағы британдықтар үшін жаулап алу құқығы да, дін құқығы да, туыстық құқығы да жоқ. Олардың бұл елде болуы тек басып алудан басталады; бұған көңіл айтып, білдіру мүмкін емес».

Қиял-ғажайып оқиғалар саяси романның элементтерімен қиылысқан бұл жұмысты жариялау уақыты кездейсоқ таңдалмағанға ұқсайды. Роман Франко-Орыс Одағы құрылу кезеңінде және Африкадағы отаршылдық экспансиясында неміс-англо-француз қайшылықтарының өсуі кезеңінде жарияланды [13, б. 112]. Жалпы, Ысмайыл Ғаспыралы тіпті цензура кезінде де дұрыс таңдалған әдеби және көркем бейнелер арқылы өз оқырмандарына уақыттың ең өзекті мәселелерін шебер жеткізді.

Ғаспыралы мұсылмандық этно-конфессиялық және халық ағарту жүйесін қайта құру негіздерін жасап жетілдірді. Ол өзінің жаңа әдісін кеңінен насихаттауға және түркі халықтарын одан әрі ағартуға арнады. 1893 жылы ол өзінің газет беттерінде «Бахчисарайдан Ташкентке саяхат» деген мақалада сипатталған Орта Азияға аттанады [14]. Бірақ, Білкент университетінің профессоры Хақан Қырымлының айтуынша, ол бұл жерге бейресми түрде барады, алайда бұл оқиғаны газетте жариялауға байланысты келісудің қажеті жоқ. Сонымен қатар 1893 және 1908 жылдар аралығында Түркістанға, Самарқандқа, Бұхараға сапар шекті. Бұхара қаласында «Музаффария» атты жаңа әдісімен оқылатын медресенің ашылуына қатысты.

1895 жылы «Терджиман» газетінің 38 нөмірінде В.В. Радловтың «Енисей жазбаларының шифрлерін анықтау нәтижелері туралы» мақаласы жарияланады. Бұл Ғаспыралының түркілердің тарихына деген нақты қызығушылығын және оның жалпы түркі тамырлары мен тіліне назар аударғысы келетіндігін көрсетеді [15]. Сол жылы ол Ыстамбұлға барады, «Терджиман» газетінің 25 нөмірінде сапар туралы есеп береді [16], сондай-ақ Бакуге де сапарға аттанады [17].

1900 жылы «Түркістанның ислам білімпаздары» кітапшасын шығарады. Онда 1891 жылы қайтыс болған Шах Накшибендиден хижрадан бастап, Түркістан ғалымдарына дейін қысқаша өмірбаяндары бар. Ол осы кітапшалардың көбін «Тержиманға» қосымша ретінде немесе жеке басылымдарда жариялады [18, б. 468].

Жалпы, 1883-1905 жылдар аралығында Ысмайыл Ғаспыралы өмірінде жадидтер қозғалысының оқиғалары және ол шығарған газет арқылы идеяларын кеңінен тарату байқалды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Қазанда («Мухаммедия», 1882), Орынборда («Хусайния», 1892), Троицкте (1893 жылы жаңа әдіс санатына өткен «Расулия»), Уфада («Ғалия», 1906) және т.б. жаңа типтегі мектептер мен медреселер құрылды [19, б. 10].

Ысмайыл Ғаспыралының ағартушылық идеялары жаңа пайда болған түркі зиялыларының ортасында бірқатар объективті әлеуметтік-экономикалық себептерге - мұсылман буржуазиясының қалыптасуына, мұсылмандар арасында білімнің өсуіне және т.б. себеп болды. Кейбір ғалымдар мен зерттеушілер де жадидизмнің тез таралуының негізін - орыс емес халықтардың орыстандыруға реакциясын «жоғарыдан» жүзеге асырады [20, б. 83].

Бірақ Ысмайылдың қолдаушылары мен жақтаушыларынан басқа да, оның қызметін сынға салған адамдар да болды. Мысалы, православиелік дінге үндеуші мен ағартушы Н.И. Ильминский (1822-1891) Қасиетті Синодтың Бас Прокуроры К.П. Победоносцевқа (1827-1907) Ысмайыл Ғаспыралы туралы жазған хаттары бар. Атап айтқанда, 1889 жылғы 16 желтоқсандағы хатында ол былай деп жазады: «Татар газеті «Терджиман» 8 жыл ішінде өзінің өнерін толық ашты <…> Мен оны өзім оқымадым, бірақ зейінді және мұқият адамдар онда православиелік орыс мемлекеті мен қоғамы үшін қолайсыз, дәйекті және табанды ойды таба алады» [21, б. 415-416]. Бұл Н.И. Ильминскийдің ұстанымы Ғаспыралының қызметіне қатысты түсінікті. Оның православиелік дінге үндеуші ретіндегі қызметінің түріне орыс емес халықтардың, ең алдымен татарлардың ағартуы кірді. Алайда, Ғаспыралы мен Ильминсийдің бұл білім беру туралы көзқарастары біршама алшақтады. Атап айтқанда, Ильминскийге тіпті

кирилл графикасына негізделген татарлар үшін жаңа әліпби әзірлеу тапсырылды [22, б. 134]. Ысмайыл, керісінше, араб жазуы бойынша жазуды кеңінен таратуға тырысты, өйткені ол диалектикалық айырмашылықтарға қарамастан, әр түрлі түркі тілдері араб тілінде жазуда іс жүзінде өзгеше емес деп санайды, ал бірыңғай жазбаша тілдің насихатталуы бірыңғай ауызекі тілдің пайда болуына әкеледі.

Император Александр III (1881-1896) кезінде жүргізілген Ресейдің орыс емес халықтарын орыстандыру саясаты, әрине, кейбір жағдайларда орын алды, бірақ оның мөлшері мен маңызын асырмаңыз, өйткені аймақтық мұсылмандық біртұтастық жалғаса берді. Айта кету керек, Ресей патшалығының көптеген халықтарының ағартуы олардың христиан дінінің идеологиялық міндетімен тікелей байланысты болды, ал шығыстық дін үндеушілердің арасында А.Н. Самойлович атап айтқан: «Ғылыми қызығушылықтан басқа Шығыс елдеріне және халықтарына деген махаббатпен де ұштасады». Олардың арасында, әрине, Н.И. Ильминский де болған шығар [23, б. 73]. Патшалықтың орыстандыру саясаты белгілі бір дәрежеде Ресейдің мұсылман халықтары арасында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесін жеделдетудің де бір себебі болды [24, б. 195].

1908 жылы ол Каирде мұсылман конгресін шақырудың бастамашыларының бірі болды, мұнда адамгершілік тәрбиесіндегі исламның рөлін күшейту талқыланды. 1911 жылы Ысмайыл Ғаспыралы Үндістанға барып, онда оқулық шығарды, сонымен бірге Бомбейде жаңа әдіснамалық медресені ашты.

Бірінші орыс революциясы жылдарында Ғаспыралы Ресей патшалығының мұсылмандардың саяси қозғалысына белсенді қатысты.

Ол 1905-1906 жылдар арасында үш мұсылман конгресіне делегат болды, революциялық идеялардан шабыт алған либералды көзқарасты мұсылмандардың үміттерін білдіретін «Иттифак әл-Муслимин» (Мұсылман одағы) жалпы мұсылман саяси партиясын құрушылардың бірі болды. Бұл үміттер, өкінішке орай, орындалмады. Ысмайыл Ғаспыралы барлық лагерьлердің идеологиялық қарсыластарына төзімді болды. Көптеген отандастарына қарағанда рухани жағынан жоғары болғандықтан, ағартушы әрдайым ақылға қонымды ымыраға келуге дайын, бірақ сонымен бірге ол ешқашан адамгершілік пен ағартушылықтың маңызды қағидаларымен, туған халқына деген сүйіспеншілікпен қарап және батыс, орыс немесе кез-келген басқа өркениеттерге ашықтықпен кем болған жоқ.

Мүмкін, Ысмайылдың басты іскерлігі - ол білім берудің жаңа тұжырымдамасын жасау болды. Ол білім беруді түбегейлі жаңғыртуда, оқу бағдарламасының құрамы мен бағытын жаңартуда мәдени трансформацияның тиімді құралдарын көрді. Бұл тұрғыда оның журналистік және әдеби қызметі әрқашан болашаққа бағытталған болған. Ысмайыл Ғаспыралы сол кездегі мұсылмандардың интеллектуалды келбеті мен мұсылман өркениетінің жалпы жағдайына қанағаттанбады, сондықтан өзінің бар күш-жігерін мұсылмандықтың жаңаруы үшін жасаған жобасын жүзеге асыруға өз өмірін толықтай арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Гаспринский И. Русское мусульманство: Мысли, заметки и наблюдения мусульманина. Типография Спиро, 1881 год, Симферополь.
2. Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение. Уфа, 2002. С. 102.
3. Гаспринский И. Ходжа и субъян («Учитель детей»), 1884.
4. Терджиман. 1883, №24.
5. Kırımlı C.S. İsmail bey Gaspıralı. İstanbul, 1934. S. 46.
6. Ганкевич В.Ю., Шендрикова С.П. Исмаил Гаспринский и возникновение либерально-мусульманского политического движения. Симферополь, 2008. С. 9-14.
7. Ганкевич В.Ю. Ислам в Евразии: современные этические и эстетические концепции суннитского Ислама. М., 2001. С. 378–400.

8. Горшков Н., Червонная С. Пантюркизм и панисламизм в российской истории и историографии // Ислам в Евразии С. 83.
9. Anderson B. Imagined communities. London-New York: Versus, 2006. 240 p.
10. Gellner E. Nations and nationalism. New York: Cornell University Press, 2009. 146 p.
11. Гаспринский И. Русское мусульманство: Мысли, заметки и наблюдения мусульманина (переиздание). Казань, 1993. С. 17-58.
12. Гаспринский И. Русское мусульманство: Мысли, заметки и наблюдения мусульманина. Типография Спиро, 1881 год, Симферополь.
13. Климович Л. На службе просвещения. О первой тюркскоязычной газете «Терджиман» и ее издателе И. Гаспринском. //Исмаил бей Гаспринский. Россия и Восток. Казань, 1993. С. 112.
14. Терджиман. 1893, №30.
15. Терджиман. 1895, №38.
16. Терджиман. 1895, №25.
17. Терджиман. 1895, №3.
18. Исмэгыйль Гаспринский. Тарихи-документаль жыентык. Казань, 2006. С. 468.
19. Имамутдинова З. Тенденции просвещения и европеизации в исламском мире. XIX столетие и рубеж XIX-XX вв. // И. Гаспринский (1851–1914 гг.) – идеолог, реформатор, просветитель. На переломе эпох. Тезисы научной конференции. 16-17 ноября 2014. М., 2014. С. 10.
20. Беннингсен А. Исмаил бей Гаспринский и происхождение джадидистского движения в России // Исмаил бей Гаспринский. Россия и Восток. Казань, 1993. С. 83.
21. Письма Ильминского обер-прокурору // Исмагыйль бей Гаспринский. Тарихи-документаль жыентык. Казан, 2006. С. 415-416.
22. Колчерин А. Христианизация народов Поволжья. Ильминский и православная миссия. Москва, 2014. С. 134.
23. Благова Г.Ф. История тюркологии в России (вторая половина XIX-начало XX вв.). М., 2012. С. 73.
24. Сенюткина О.Н. Тюркизм как историческое явление (на материалах истории российской империи 1905-1914). Нижний Новгород, 2007. С. 195.

АКАДЕМИК А.Х.МАРГУЛАН В 30-50 ЫЕ ГОДЫ

Хамитова М. А., к.и.н., ст. преподаватель
Центрально-Азиатский университет

Алкей Хаканович Маргулан – академик АН КазССР, доктор филологических наук, профессор, заслуженный деятель науки КазССР, ученый-энциклопедист. Он был не просто ученым, а личностью, обладающей титаническим трудолюбием, особым природным даром интуиции, принципиальный и огромными знаниями. Как пишет академик НАН РК О.Исмагулов: «В XX в. среди плеяды казахских ученых одним из обладателей такого огромного таланта в области гуманитарной науки был Алькей Хаканович Маргулан».

Он – один из тех, кто в начале прошлого века отправился из казахских степей в Россию получать знания. А. Маргулан в 1925–1931 годах учился в Ленинградском Восточном институте. Одновременно учась на Восточном отделении факультета общественных наук Ленинградского государственного университета, начиная с 1928 года, он посещает лекции в Институте истории искусств. С 1931 года является аспирантом Государственной академии истории материальной культуры при АН СССР, где вплотную занимается изучением восточных источников под руководством академика С.Ф. Ольденбурга и члена-корреспондента Академии наук СССР А.Ю. Якубовского, специализируется по археологии и искусству Восточного Туркестана, вследствие чего он глубже знакомится с восточными и западноевропейскими письменными источниками. К тому же он стал знатоком и собирателем казахских эпосов, поэм и сказаний.

В годы учебы А.Маргулан участвует в Казахстанской и Алтайской экспедициях Особого комитета по исследованию Союзных и автономных республик, организованной Академией наук СССР под руководством академика А.Е.Ферсмана и профессора С.И.Руденко [1].

По воспоминаниям академика Ч.Чокина, аспирант А.Маргулан как ближайший друг Магжана Жумабаева был задержан в 1934 году НКВД, и в 1935 году был отчислен из аспирантуры. Но, как свидетельствуют архивные документы, он с 1936 по 1938 год работал научным сотрудником в том же Институте истории материальной культуры АН СССР.

В 1938 г. по вызову Совнаркома Казахской ССР был переведен в Алматы в Казахский филиал АН СССР. Это было тяжелое время для казахской науки, так как репрессии 1937 года уничтожили ведущих ученых казахской истории и литературы. Началось духовное обнищание казахского народа. В дело спасения народа от этой катастрофы активно включились ученые К. И.Сатпаев, М.О. Ауэзов, А. Х.Маргулан. Перед А. Маргуланом стояли сложные задачи:

- привести в систему такие науки как история, археология, этнография;
- организовать крупные экспедиции по исследованию исторических памятников;
- наладить выпуск монографий по истории и литературе;
- способствовать воспитанию молодежи, склонной к науке.

Сейчас главные труды Гумилева: «История народа Хунну» (1960), «Открытие Хазарии (1966), «Древние тюрки» (1967), «Поиски вымышленного царства»(1970), «Хунну в Китае» (1974), «Этногенез и биосфера Земли» (1979), «Древняя Русь и Великая степь»(1989), «Тысячелетие вокруг Каспия» (1990), «От Руси к России» (1992) и другие читают не только историки, философы, филологи, журналисты, но и химики, физики, математики и др.

Имя Льва Николаевича Гумилева – бесконечно. Оно вне пространства и времени. Оно символизируют единство народов Евразийского региона.

Л. Н. Гумилев раскрыл историческую взаимосвязь стран и народов Евразийского региона, одним из первых признал мировую значимость этносов Евразийского региона и доказал, что без евразийских компонентов мировая история была бы не полной в прошлых тысячелетиях, а значит и в III тысячелетии.

Список использованной литературы и источников:

1. Шалахметов Г. Век Гумилева только начинается // Казахстанская правда, 2012, 29 сентября. – с.8

2. Доронин Г. Век Гумилева только начинается... (Беседу с выдающимся ученым вспоминает известный журналист Гадильбек ШАЛАХМЕТОВ) // ЧЕЛОВЕК. ЭНЕРГИЯ. АТОМ. - Научно-публицистический журнал НЯЦ РК. - №4 (18)-2012, с.64-68

3. Шалахметов Гадильбек: «Век Гумилева только начинается...» // Eyrazia yniversiteti. - №17 (291), қазан 2019, 5 б.

МАДЬЯРЫ И ТЮРКИ: ВЗГЛЯД ИЗ ВЕНГРИИ В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПЕРСПЕКТИВЕ

Шандор Д., дипломат, журналист-международник, эксперт по Средней Азии (Венгрия)

Восток, Азия, и, прежде всего Центральная Азия, всегда стояли в поле зрения венгерской общественности и науки.

Мадьярорсаг — Мажарстан — так венгры называют свою родину. Довольно необыкновенная формация в сердце Европы населена народом азиатского происхождения, говорящим на одном из угро-финских языков, имеющим древние кочевые традиции с элементами тюркской культуры.

Венгерский язык не имеет сходства с европейским языками: самими близкими его родственниками являются сегодняшние угорские языки ханты и манси из Западной Сибири.

В отличие от соседних, и вообще европейских народов. мадьяры-венгры несут традиции древней кочевой и тюркской культуры. В первом тысячелетии нашей эры они долгими столетиями кочевали вместе с тюркскими племенами.

Затем кыпчакские куны-куманы укрепили родственные связи с тюркскими народами: в начале ХШ-го века присоединились к мадьярам-венграм, живущим в то время уже в Карпатском бассейне. По некоторым оценкам, приблизительно 350 тысяч людей из сегодняшнего 10-ти **миллионного** населения Венгрии имеют кыпчакские корни благодаря тому, что кумано-кунские племена поселились на Большой Венгерской Равнине.

От прародины Урала до Паннонии. Согласно мифам, легендам и традициям, мадьяры-венгры всегда считали себя «правнуками Аттилы», потомками гуннов (хунов). Основой венгерской национальной мифологии являются общеизвестные сказания о братьях Хунор и Магор: Хунор стал прадедом **хунов,** а Магор основал мадьярскую (венгерскую) ветвь общего народа.

Древняя история мадьяров-венгров, как и других кочевых наций, довольно туманная. Единственное, что с уверенностью можно сказать, так это то, что пока больше открытых вопросов, чем надёжных источников - ответов. Исходя из сегодняшних достижений науки, то есть имея довольно малочисленные источники и достоверные данные, можно только в общих чертах проследить исторический путь из Азии к сердцу Европы. Сомнения не оставляет один факт: мадьяры-венгры пришли на новую родину со своей кочевой культурой и с угро-финским языком.

По результатам современного сопоставимого языковедения с научной точки зрения сегодня нет оснований сомневаться в том, что современный венгерский язык имеет утро-финские корни. Но надо отметить, что с самого начала формирования этой научной позиции нашлись и представители другого мнения, которые по многочисленным тюркским элементам венгерского языка считают, что основы языка мадьяров - в тюркской принадлежности. Дискуссия по этому поводу продолжается.

Историки в основе своей сходятся в то, что «воинственные полукочевники-скотоводы» - протовенгры в самом начале нашей эры жили в составе союза угорских племён где-то в

лесостепях Юго-Восточного Урала и Западной Сибири. Именно оттуда они перешли на западную, юго-западную сторону Урала, и потом постепенно спустились на юг, став степными кочевниками.

Иные учёные, опираясь на результаты языковедения, утверждают, что мадьяры-венгры стали одним из первых кочевых народов. Согласно их данным, в этих краях они имели тесные связи с ираноязычными, а затем тюркоязычными племенами, об этом свидетельствуют так называемые языковые памятники на венгерском языке: слова, выражения, связанные например, с животноводством, и особенно, кочевничеством.

По некоторым теориям мадьяры-венгры довольно долго, до VI-VII-го века кочевали в Прикамье и Поволжье, в том числе на территории сегодняшнего Башкортостана. Поэтому историки называли эту- территорию Magna Hungaria, что означает Большая (или Древняя) Венгрия.

Отсюда возникает и такое интересное предположение, что часть башкирских племён имеют венгерские корни, ведь не все венгры поехали на Запад, и небольшая часть народа осталась на месте, или переехала в этот регион.

Раньше лингвисты-языковеды считали, что самоназвание двух венгерских племени сохранились в башкирском языке —Gyarmat и Jenő / Дьярмат и Енё / — которые можно найти и в названиях башкирских племен Yurmatn и Ydndy. По новым исследованиям выяснилось, что только одно племя имеет отношение к мадьярам-венграм: Енё или Уднду.

Некоторые специалисты думают, что эти оставшиеся части мадьярско-венгерских племён были тюркиризованны, ассимилированы, и стали башкирами. Очень интересно. что «...с другой стороны, в работах арабских и персидских географов и путешественников, начиная уже с X века названия мадьяр и башкир употребляются для обозначения одного и того же народа»

Очень важно тут отметить: в середине ХШ-го века, по поручению короля Венгрии, Бела IV–го **монах**-доминиканец Юлиан Венгерский совершил длительное путешествие на Восток, чтобы связаться с мадьярами-венграми, оставшимися на Востоке, и найти прародину (Magna Hungaria). Ему это удалось. Добрался до региона реки Камы, где нашел людей, с которыми смог поговорить по-венгерски! Это именно они сообщили ему о готовящемся монгольском нашествии на Европу.

Существуют теории о том, что из этих частей венгерских племен некоторые группы позже вошли в состав больших племенных формирований аргынов и кыпчаков, создав рода мадьяр-аргынов и мадьяр-кыпчаков. Вопрос этот не закончен, дискуссия продолжается.

Ранее имело место и такая гипотеза: хроники Константина VII Багрянородного (903-959) свидетельствуют, что небольшая часть венгров в начале 800-х годов переселилась на Кавказ - их память якобы сохранилась в названии древнего города Маджар, руины которого находятся рядом с современным городом Будённовск (бывший город Святой Крест) в Ставропольском крае. Но и эта теория пока тоже не доказана, и, может быть, останется лишь легендой. К такому выводу пришёл например, исходя из своих исследований венгерский учёный - языковед Лоранд Бенкё. Это мнение подтверждают и археологические данные: в данном регионе до сегодняшнего дня пока не нашли однозначных следов мадьяров-венгров.

Основная часть мадьяров-венгров постепенно откочевала на причерноморские и приазовские степи, где веками жила совместно с тюркскими племенами, иногда и под их властью. Так они стали союзниками хазарского ханства, имели очень тесные связи и с другими тюркскими народами — прежде всего болгарами и оногурами. Об этом свидетельствуют многие языковые памятники на венгерском языке.

Очень характерным для той эпохи является тот факт, что Константин VII Багрянородный (Порфирогенет), несколько раз лично принимал представителей мадьяров-венгров, в своих произведениях регулярно называя их турками: мадьяры-венгры внешностью, одеждой, обычаями и языком очень схожи были с тюрками. Кроме этого, тоже не исключено,

как предполагают некоторые ученые, что в то время в составе венгерского народа находились и тюркские племена, например, болгары.

В начале IX-го века венгры отделились от хазарского ханства, и не без «помощи» бесконечных нападок печенегов довольно быстро (семь венгерских племён и три кабарских (тюрки кавары), в 896-ом году завоевали новую территорию. Эта была Паннония - бывшая губерния Римской империи, Карпатского бассейна, где и создали своё государство. (Интересно, что потом и небольшая часть печенегов тоже нашла свою родину на территории сегодняшней Венгрии.)

В венгерском языке до сих пор содержится около 300 тюркских слов из времён кочевки, до прибытия в Карпатский бассейн, такие как балта, баром, борю, арпа, алма, турул, и т.д. Известный венгерский тюрколог, профессор Иштван Вашари в своей книге отметил, что эти чувашские по происхождению слова венгерского языка свидетельствуют об очень тесных связях с тюркскими племенами болгар и оногуров. Можно к этому добавить, что эти слова и сегодня употребляются в ежедневном венгерском разговоре.

Памятники древности. Венгрия всегда бережно хранит свои древние кочевые традиции, а также славится тем, что тесно поддерживает культурные связи с тюркскими народами. Таким доказательством является известный Курултай тюркских народов, собирающий миролюбивые народы раз в два года. В августе 2014 года в очередной раз прошло Большое Собрание потомков Аттилы в венгерской степи, недалеко от города Бугац, в самом сердце Кишкун-шага, где живут наследники кунов-куманов.

С точки зрения исторических связей с тюркским, особенно казахским народом важное значение имеет появление в Венгрии кыпчакских племен.

В XIII-м веке, под руководством Хан Котяна — Kötöny (венгр.) — десять кыпчакских-куманских племен переселились из Великой Степи на большую Венгерскую Равнину, которая считается продолжением евразийского степного полоса. Мадьяры-венгры называли их *кун*-ами.

В их честь регионы проживания и сегодня носят название Надь**кун**шаг и Киш**кун**шаг, что означает Большая Кумания и Малая Кумания. Столицей Надькуншага является Карцаг — Карсак по-кумански — где уже много лет работает Консульство Республики Казахстан.

И здесь, в этом городе родился знаменитый тюрколог, мадьяр-кун Иштван Коныр Мандоки, первый в Венгрии научный исследователь кун-куманского языка, культуры и традиций.

Сегодняшней столицей Киш**кун**шаг является город Киш**кун**феледьхаза. являющийся центром избирательного округа вице-председателя Венгерского Парламента Шандора Лежака, главного покровителя Курултая, союзника тюркских народов.

Шандор Лежак является и автором венгерской рок-оперы «Аттила. Меч Божий», премьера которой состоялась ещё в 1993 году в Будапеште.

Кыпчакскне куны-куманы и пришедшие с ними ясы-аланы (ираноязычные народы) долгое время, в течение нескольких веков имели свою автономию и свою юрисдикцию, сохраняли свою самобытность, культуру и язык. К сожалению, на сегодняшний день кунский-куманскнй язык, самыми близкими родственниками которого являются казахский и кыргызский, считается мёртвым.

По некоторым данным, куны-куманы в конце XVI-го, начале XVII-го века спорадически ещё говорили на своём родном языке, затем стали пользоваться в основном венгерским. Но до сих пор много слов куманско-кыпчакского происхождения сохранилось в мадьярско-венгерской речи, как например комондор, кувас, чёс, аркань, а также сохранились куманско-кыпчакские памятники в фамилиях (Бёкень, Бота, Бурзук, Гарагуй, Каракаш, Карачь, Котан. и т.д.), населённых пунктах страны (Бодоглар, Тазлар, Ченгеле, Кашкантью и др.).

Куны-куманы в этой эпохе перешли на христианскую (в основном, реформаторскую веру). Самая знаменитая память кыпчакского языка в Венгрии - это молитва: «Кунское Отче

наш», сохранившаяся в устной форме. Последующая версия молитвы собрана и записана Иштваном Коныром Мандоки в 1973-м году:

В венгерской транскрипци:
Bizim atamiz kim-szing kцkte
Szentlenszing szening ading
dbs-szbn szening kцnglьgьng
necsik-kim dzserde aIaj kцkte
bizing ekmegimizni ber bizge bьt-bьtьn kьnde
ilt bizing minimizni
necsik-kim biz ijermiz bizge цtrь kelgenge
iltme bizni ol dzsamannan
szen barszing bu kьcsli
bu csin ijgi tengri
amen.

В казахской транскрипции:
бізім атамыз кімсің көкте,
сентленсін сенің атың
дүшсүн сенің көңүлүң,
нечік кім жерде алай көкте
бізім екмегімізні бер бізге бүт-бүтүн күнде
ілт бізім мінімізні
нечік кім біз иеріміз бізге ұтрұ келгенге
ілтме бізні ол жаманға,
құтқар бізні ол жаманнан
сен барсың бұ күчлі
бұ чын игі теңрі, амен
/Транскрипция на казахском языке: Онгайша Мандоки и Давид Шомфаи Кара. Благодарю за их помощь! С казахской транскрипцией публикуется первый раз. Ш.Д./. В изучении кыпчакского языка играл ведущую роль Иштван Коныр Мандоки, который по желанию похоронен в Алматы, «в среде своего любимого народа».

Родственные связи. Самый интересный вопрос современной историографии мадьяров-венгров - это взаимоотношения и контакты с куманскими, кыпчакскими народами евразийских степей. В связи с этим приведу высказывание директора Института Международного Кыпчаковедения, всемирно известного историка-востоковеда, академика НАН Республики Казахстан Болата Кумекова: «казахско-венгерские взаимосвязи своими корнями уходят вглубь веков и ассоциируются с историческими процессами, которые протекали на территории Западного и Северного Казахстана и в смежных с ними областях Западной Сибири, Приуралья п Поволжья...».

Сегодня существуют теории, по которым не исключено, что мадьяры-венгры имеют «двойную родственную связь» с казахским народом. Это объясняется, с одной стороны куманами-кыпчаками, переселившимися в Венгрию, а с другой стороны - мадьярами в Казахстане. Среди казахских племён есть роды, называющие себя мадьярами, мажарами, мадиярами, вследствие чего некоторые ученые-исследователи предполагают, что возможно, они имеют мадьярско-венгерские корни.

Приверженцы этих взглядов не исключают, что они являются потомками правенгров. не ушедших на Запад с основным мадьярско-венгерским населением, а остались на месте, в регионе Прикамья и Приволжья.

«Не все мадьярские племена покинули свою древнюю родину - Великую Венгрию», часть племенных групп осталась к востоку от Итиля (Волги). Позже, по всей вероятности,

присоединились к тюркским народам, с которыми перекочевали в Центральную Азию. Среди казахских племён части рода мадьяр существуют не только на территории самого Казахстана, но и в Узбекистане, Западной Монголии.

От венгерской тюркологии к туранизму. Память о восточных корнях и интерес к самому Востоку никогда не исчезал из венгерского исторического сознания: особенно это относится к самобытности, духовной жизни и традиции дворянства. Естественно, эти явления в разных эпохах по-разному дают о себе знать. Именно этим объясняется, например, упомянутое выше путешествие Юлиана Венгерского в 1230-х годах в Прикамье, такие же корни развития имеет венгерская научная тюркология XVIII-XIX-XX веков и венгерские научные экспедиции, организованные в этот регион в течение двух столетий.

В дань памяти и в честь великих предшественников, знаменитых венгерских учёных, исследователей-путешественников, в 2013 году совершена новая венгерская экспедиция на Восток, именно в Центральную Азию. Путь. протяженностью 18 тысяч километров охватывал в том числе и Турцию, Иран, Азербайджан, Туркменистан, Узбекистан, Кыргызстан, Казахстан. В состав экспедиции входили молодые тюркологи и этнографы, а также ботаники и географы Венгрии.

В Будапештском Университете (основан в 1635-ом году) академическое обучение турецкому языку ведется с 1850-го года, а первый в мире факультет тюркологии был создан в 1870-ом году. На нем трудился всемирно известный венгерский учёный-тюрколог, профессор Армин (Арминий) Вамбери.

В 2013-ом году, тогдашний премьер министр Турции Реджеп Тайип Эрдоган, выступая в Будапештском Университете имени Лоранда Этвеша (ELTE), отметил: «... первый в мире факультет тюркологии внес значительный вклад в развитие науки тюркологии».

Не секрет, что эта научная деятельность часто имела двойную взаимосвязанную цель: исследование самих начал венгерской истории, происхождение мадьярско-венгерского народа с одной стороны, и изучение древнего тюркского мира с другой. Очень важно учитывать при этом, что и сама история мадьяров-венгров, формирование народа тесно связано с Востоком, перекочевкой через евразийские степи.

Интерес к тюркскому миру и Востоку особенно вспыхнул в Венгрии во второй половине XIX-го века в связи с празднованием тысячелетнего юбилея создания венгерского государства в 1896-м году. Естественно, это событие связано и с усилением национального сознания мадьяров-венгров. Вслед за этим, в процесс изучения и открытия Центральной Азии включились известные всему миру венгерские учёные - востоковеды, путешественники Армин Вамбери, граф Дьёрд Алмаши, граф Енё Зичи, Антал Регули, Аурел Штейн, Дьюла Принц, Габор Балинт Сенткатолнаи, Мор Дечи, Берталан Оноды и др.

Шандор Чома Кёрёшн, венгерский филолог-востоковед, основатель научной тибетологии уже в самом начале XIX-го века занимаясь поиском корней венгерского народа в Азии, в 1819 году отправляется в первую восточную экспедицию. В ноябре 1821 года прибыл в Бухару, откуда продолжил свои путь в Кашмир, затем в Тибет.

В том, что именно Армин Вамбери первым начал исследовать вопросы языков, культуры и традиций тюркских народов Средней Азии, есть своя закономерность. Исследователь считается духовным отцом туранизма и пантюркизма, потому что именно он первым обосновал эту доктрину в своем произведении «Путешествие в Центральную Азию». Труд увидел свет в 1865-ом году. В этой книге он обрисовал картину, точнее карту великой империи Турана, которая от Алтая до Адриатического моря охватила все тюркские народы.

Политическая элита Венгрии в конце XIX-го века — начале XX-го века считала, что страна относится именно к этому миру, в котором и должна играть ведущую роль. Воплощением этих стремлений стало создание в 1910-ом году Общества «Туран» /Turáni Társaság/, основателем которого стал граф Пал Телеки, будущий премьер-министр Венгрии, по образованию географ, издатель атласа Дальнего Востока.

Эти взгляды выразили стремление мадьяров-венгров укрепить родственные связи с азиатскими тюркскими народами, и может быть, сплотить их в своеобразный политический блок. С другой стороны, это стало идеологической основой стремлений политических кругов тогдашней Венгрии играть доминирующую роль в политической жизни Европы, в качестве лидера некоего туранского союза — в противовес Великобритании со своей империей и других господствующих держав.

Но первая мировая война, и союзнический союз Антанты сорвали будапештские идеи и планы, связанные с укреплением отношений и созданием союза с тюркскими народами и государствами.

Венгрия сегодня. Венгрия расположена в Центральной Европе, и существует как самостоятельное государство уже более одной тысячи лет.

Территория Венгрии была значительно сокращена после первой мировой войны: Трианонский (Парижский) мирный договор оторвал от страны 2/3 её обшей территории и тем самим значительную часть самого мадьярско-венгерского народа.

Современная Венгрия является членом НАТО и ЕС, в международных отношениях стремится к сотрудничеству как в политическом, так и в экономическом плане со странами мира, в том числе тюркоязычными государствами.

Венгрия — одна из тех стран - членов ЕС, которая в последнее время стала на позиции зашиты национальных интересов.

Экономика страны традиционно и тесно связана с Германией, но значительное сотрудничество имеет и со своими соседями, странами - членами ЕС, государствами бывшего СССР.

После международного финансового кризиса 2008-2009 гг. Венгрия с прибытием к власти правых сил во главе с партией Фидес в 2010 году возобновила свою внешнеэкономическую деятельность со странами и вне Евросоюза. Именно с этой целью была выработана так называемая концепция «Открытие Востока», предусматривающая значительное развитие и расширение сотрудничества в области экономики, в культурном и научном направлении со странами Центральной Азии, а также с арабским миром, и такими государствами, как Россия, Китай и Вьетнам.

В ходе осуществления этой политики значительным шагом явилось официальное присоединение Парламента Венгрии в качестве наблюдателя к Парламентской Ассамблее Тюркоязычных Государств (Тюрк-ПА) от 11-го июня 2014 года.

Венгрия и в дальнейшем намерена расширять и развивать сотрудничество с организациями тюркского мира, странами Центральной Азии.

В Будапеште исходят из того, что Центральная Азия - регион будущего, страны которого в в ближайшие десятилетия будут стремительно развиваться. Поэтому Венгрия готова всесторонне поддерживать это динамичное развитие на основе взаимовыгодных отношений и сотрудничества, делиться опытом в обновлении экономики стран региона.

Этот опыт — по сходствам исторического развития в течение десятилетий XX-го века гораздо ближе реалий государств региона, и нет сомнений в том, что может быть и полезнее, чем опыт и советы некоторых высокоразвитых стран.

Для успешного партнёрства и сотрудничества в будущем между Венгрией и странами Центральной Азии есть огромный задел.

Данная статья была написана на материалах 2015 года. С тех пор Венгрия стала членом-наблюдателем Совета Сотрудничества Тюркоязичных Государств. В Венгрии в 2016-ом и 2018-ом годах состоялись новые курултаи тюркских народов.

2 – СЕКЦИЯ

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АРАБ-МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ

ҒЫЛЫМ ІЗДЕНУ АДАМНЫҢ АДАМДЫҚ БОРЫШЫ ДЕП БІЛГЕН АБУ-НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Алпысбес М., т.ғ.д., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Имани адам құдайға құл болса, имансыздар мен құдайсыздар пендеге құл, дүниеге құл. Дүниешілдік дерт пендеге құл болуға мәжбүрлейді. Дүниеге құл болушылар көбейген жерде ұдайы дінсіздік орнайды. Құдай болам деген пендінің пірі сайтан екені де шүбәсіз. Секталардың кейбірі пендені құдайға айнадырумен әуре. «Исламның алдындағы діндерге қысқаша шолу» атты еңбегінде фарабитанушы ғалым Ақжан Әл-Машани: бастапқы діни кітаптар – Мұсаға келген Тәурат, Дәуітке келген Забур, Ғайсаға келген Інжіл түпнұсқа қалпында толық сақталмай, талас-тартыстардың әсерінен сол кітаптарға бөгде сөз, орынсыз өзгерістер, көптеген шатасулар енгені туралы айтады.

Ислам діні: Алла тағаладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед (с.ғ.с) оның елшісі – дейді. Осыны мойындып мойынсұнған адам мұсылман болады. Қазақ халқы «Алла бір, пайғамбар хақ» деп иман келтірген. Әл-Фарабидің «Космология» атты еңбегінде Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с) сахабасы Жабр бин Абдоллаға «Тәңірінің ең алғаш жаратқаны сенің пайғамбарының нұры» деп айтқан хадисі келтірілген. Табиғат дүниесіне, пұтқа табыну сияқты көпқұдайлық ғұрыптардың кейбірі исламға дейінгі діндерге де енген. Ежелгі Грекияда Зевс «құдайдың» мүсінін жасап, соған шоқынатын болған. Отқа табынудың көріністері де осы күнге дейін сақталған. Жәһилия заманының ақындары дінсіздікті мадақтаған. Мысырдағы перғауындар заманында сиырды әулие тұтып, алтыннан бұзау жасаған, соған өздері шоқынған.

Христиан дініндегілер Ғайса пайғамбарды Құдай деп, Ғайсаның суретіне шоқынуды әдетке айналдырған. Пайғамбардың сөзін бұрмалап, өзін Құдай деп күпірлікке жол ашқандардың бұл ісі де атаққұмарлық, пайдакүнемдік, өтірік айтуды ұят санамау сияқты жат қылықтардан шыққан. Құдайсыздықты немесе көпқұдайлықты дәріптеудің де астары бар. Бүгінгі әлем де қай замандағыдай болмасын бәсеке, талас, тартыс заман. Көптеген үдерістердің себебі мүдделер қайшылығында жатыр. Дүниешілдікті мақсат тұтқан ынсапсыз күштердің көздегені шексіз баю, тым молшылық іздеу. Осыған қол жеткізу үшін олар әртүрлі аяр іске де барады. Әл-Фараби өзінің ислами көзқарастарында адам гармониясы, сол арқылы қоғам гармониясын орнату жайында ойларын білдірген.

«Қайырлы қала тұрғындары» еңбегінде осыны айтады. Соның әсерімен Т.Мор (1478-1535), Т.Кампанелла (1568-1639) сынды Европа гуманистері «Утопия» (Кемел ел), «Күн қаласы» атты еңбектерін жазған. Береке, дәулетке қол жеткізу жолында ынсапсыз ашкөздік, қиянат жасау, аярлық болмауы тиіс. Адам гармониясы (үйлесімділік) оның рухани және фәни (тәни) болмысының тең дамуы деп білеміз. Діннің де айтатын жақсы өнегесі сол. Ал кез келген ауытқушылық (үйлесімсіздік) адам болмысының осы екеуінің бірі басым түссе байқалады. Адамның тәні де бар, жаны да бар. Тәні де, жаны өз қажетінше азық тілейді. Алланы танып иман келтірген, пайғамбарларға ерген, олардың амалдарын сүннет еткен адамдар үнемі жақсылық істеген, ізгілікті, шыншыл, ойшыл, хәкім болған.

Фома Аквинский (1225-1274) ғылымның міндеті – дүниенің жаратылыс заңдылықтарын түсіндіру, ал философиялық таным теологияның қарауында дегені белгілі. Альберт Эйнштейн (1879-1955) дін мен ғылым арақатынасы туралы оқыған дәрісінде өрнек үшін мысал келтіріп, дінсіз ғылымды балдақсыз ақсаққа, ал ғылымсыз дінді таяқсыз соқырға теңеп, діннің ғылымға, ғылымның дінге зияны жоқтығы және бірінсіз-бірі нәтижесіз екені

туралы айтқан. Дегенмен ортағасырларда орын алған надандық әсерінен инквизиция кезінде христиан діндарлары ғылымға қысым жасап, ғалымдарды қуғындаған.

Надандық билеген халықтардың ортасында жаман әдеттер көп болады. Ғайса пайғамбарды Құдайдың баласы деп қате уағыздаумен теріс жолға түсіп, ислам дінін, мәдениетін қолдаған, оны уағыздаған адамдарды сотқа апаратын болған. Ислам астрономиясын қолдаушы Н.Коперник, Г.Галилей сынды ғалымдар қудаланды. Христиан діні Европа қоғамына тән езуші таптың қанау құралына айналғаны да рас. Білім қасиеті үлкен күш. Сондықтан ерте уақыттардан-ақ білімге тосқауыл қою арқылы қалың бұқараны надан күйінде ұстау, білім таратпау, көптеген билеуші аз үстем топтардың мүддесінен шыққан. Халықты қараңғылықта ұстаудағы тиімді құрал – догма, яғни қатып қалған сартап ұғымдарға бой ұрындыру, сол жалған нәрсені ақиқат етіп көрсете отыра, соған имандай сендіру.

Ислам ғылымы еуропалықтар ортасына келген соң протестанттық, яғни жалған уағызға қарсы (протест) шығу, бой көтеру, өтірік сөзді әшкерлеу, қатып қалған сартап түсініктерді бұзуға әсер етті. Бүгінгі таңда адамзат зайырлы мемлекет құру қалпына келді. Зайырлы мемлекет – діни құқық канондарын сүйенбейтін, еркін азаматтық нормалар негізінде реттелетін мемлекет. Оның заңнамалары діни нормаларға ішінара сәйкес келуі мүмкін болғанымен, мемлекет тіршілігі негізіне діни қағидалар алынбайды. Зайырлылық идеясын құдайсыздық қоғамын құру құралы ретінде дәріптеген кейбіреулер болғанымен, негізінде зайырлылық дінсіздік дегенді білдірмейді. Зайырлылық ғылымды діни догмалардан сақтау кепілі деп те білуге болады. Бірақ қалай болғанда да, кез келген ғалым адам ретінде діни әдеп, имани сезім сақтауы тиіс деп білеміз.

Әл-Фараби де, Абай да – мұсылман ғұламалары. Мұсылман ғалымдарының сүйенетін ғылым көзі – Құран Кәрім. «Әл-Фараби және Абай» еңбегін фарабитанушы ғалым Ақжан Әл-Машани осы екі ірі ғалым қалдырған рухани мұрасы қай тұрғыдан үндес екенін көрсетуге және олар не себепті үндес келетінін анықтауға арналған.

Ең алдымен, қазақтың фарабитану ілімінің негізін салушы ғалым Әл-Машани қазақ ортасында Әл-Фараби мұралары қаншалықты танымал екен деген сұраққа жауап іздеу барысында Абай мен Әл-Фарабиді жалғастырған ғалым, Шаһабуддин Маржани (1818-1889) шайхы екенін байқаған. Шаһабуддин Маржани Бұқара (1838), Самарқандта (1843) білім алған. Оның пірі – Баһауеддин Нақшбанди шайхы, ұстаздарының бірі Әбу-Сайыд Самарқанди болған. Самарқандтан кейін 1845-48 жж. үш жыл бойы Бұқарадағы Мир-Араб медресесінде болған Ш.Маржани енді еліне оралады. Қазанға келіп мешіт, медреселер салдырады, оның осындағы оқыған тікелей шәкірттері Семей мен Қарқаралыда бала оқытқан. Сондықтан Абай Ш. Маржани және оның еңбектері туралы қанық болған. 1870 жылы Ш.Маржанидің «Назрат-үл-Хақ» еңбегі жарыққа шыққан.

Бұдан басқа «Хаккуль-ма'рифа ва хуснуль-идрак» («Таным ақиқаты», 1880 г.) «Мустафадуль-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар» (“Қазан мен Бұлғар туралы ақпараттар», 1885 г.), «Китабуль-хикма аль-балига аль-джанийя фи шархиль-акаид аль-ханафийя» («Ханафи даналаранының еңбектерін түсінуге құрал кітап», 1888 г.) сияқты еңбектерін жариялаған. Осы еңбектерінде Ш.Маржани Әл-Фараби туралы, оның ғылым, философия, музыка саласындағы қағидаларын айтып тоқталатын бірнеше жері бар. Әл-Фараби мен Абай арасындағы рухани байланыс турасында көп ойланған Ақжан хазрет Әл-Машани Абай заманында қазақ жерінде исламның ғақли-ислам және нақли ислам сияқты екі түрлі ағымы болғанын байқаған. Сол ғақли-ислам Әл-Фарабиден Ұлықбекке, Ұлықбектен – Маржаниге, Маржаниден Абайға жалғасқанын аңғарған. Осы «ғақли», «нақли» түсініктерін Абайдан алғаш рет кездестірген Ақжан хазрет, Абай Әл-Фараби ілімін білген деп тұжырым жасаған.

Арал теңізінің тартылуында екі фактор әсері бар екенін зерттеушілер айтады. Оның бірі 20 ғасырда орын алған шаруашылық мақсаттарына суды жұмсаумен байланысты болса, енді бірі Арал және Каспий теңіздерінің суы толуы мен тартылу ырғағы бары айтылады. Мәселен, Евразия халықтары тарихын терең зерттеген Л.Н. Гумилев парсы тілін игерген шығыстанушы, тарихшы болуымен қатар география ғылымынан мамандanған ірі ғалым. Ол өзінің

еңбектерінде Арал теңізі мен Каспий арасын жалғаған Узбой (гидроним семантикасы белгісіз) арнасы осыдан 16 ғасыр басында-ақ суға толы өзен болғаны туралы сенімді деректерге сүйеніп айтады. Сол уақытта Узбой бойы қалың ел қонған қоныс орны, тары мен бидай егілген жайқалған егін орны болған.

Ортағасырларда жасаған орталық-азиялық жазушылар Хамдаллах Казвини, Хафиз Абру Амудария суын Каспий теңізіне құятынын, ал 1417 жылы Арал теңізі тартылғаны туралы деректер келтіреді. Арал теңізіне тек қазақ қана емес, жалпы Тұран халықтары қарыздар. Арал өңірі түркі халықтары шыққан көне жұрт. Бүгін қазақ жерінің экологиялық ахуалы қиын екені рас. Кеңес Одағы өз кезінде табиғатқа тигізген зардабы зор. Қазақ халқының басты қасиетерінің бір жерді қадірлеу, оны кие тұту болатын. Олар қоршаған ортаны аялаумен өткен. Жылқы шаруашылығымен үнемі көшпелі тұрмыс құруы да сол табиғат ыңғайымен жүруден шыққан.

Ғылыми-техникалық прогресс тұсында адам баласы табиғатпен күш сынасуға шықты. Онысы бекер. Адам берекесіздігі табиғатқа ауыр тиді. Қазір тек Арал теңізі ғана емес, қазақ даласы да тозу үстінде. Кез келген жерден кен орнын ашып, көлемі ұзын, аса енді әрі терең келетін ашық кеніш қазу арқылы жер қазыналарын алу оңай болғанымен, бұның барлығы адам экологиясы үшін аса зиянды. Мал мен егін өсіру мақсатына құнды әрі қажетті жерлер мөлшерсіз кен орындарына айналып жатыр. Айналасының барлығы у-қоқыс, шаң-тозаң. Экологиялық мәдениет туралы сөз қозғайтын адам аз. Арал теңізін қорғау оның айналасында орналасқан мемлекеттердің ортақ мүддесі болуы тиіс.

Ғылымды жіктеу таным мақсаты үшін, таным шеңберін кеңейту үшін қажет болған. Ғылыми пәндердің саны қанша рет арта түскенімен, ғылымның өзі тұтас болып қала бермек. Әл-Машани еңбектерінде Әл-Фараби сол заманда болған ірі-ірі 20 ғылым саласында өзін таныта білгені туралы айтылады. Оларды Әл-Фараби «Мақалатун фи-ихса әл-ғұлум» («Ғылым сыныптамасы») еңбегінде беске жіктеген – біріншісі, тіл ғылымы, екіншісі, логика; үшіншісі – математика (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, ауырлық туралы және тамаша амалдар); төртіншісі, физика; бесіншісі, ғылым және догмалық діни ілім; және осы аталған барлық ғылымдардың ішкі салалары. Бұл жерде енді ғылым сөзінің төркінін және оған қатысты басты ұғымдар мағынасын ажыратып алу қажет.

Ғылым – арабтың сөзі, мағынасы білім, таным, түйсік деген түсінікті қамтиды. Ғылым – әлемнің, дүниенің жаратылыс сырлары, оның ішінде нақты болмыс заңдылықтары мен қоршаған орта туралы тұжырымды сөз бен ой және кітап жүзінде қордаланған білім жиынтығы және адамның ой күші мен табиғат құбылыстары, қоғамның даму жайы мен тіршілік иелерінің құрылысы, олардың болмыстық себеп-салдары туралы білімді жан-жақты дамытуға, ғылыми танымды тиянақты түрде жетілдіруге құрылған ұйым-мекемелер, институт, таным мақсатына бағытталған адамның айрықша амал-әрекетінің бір түрі. Осындай әрекеттер қатарына ажырату, құрау, талдау амалдары кіреді. Ғылым – таным үрдісін ұйымдастырушы мекеме әрі таным объектісі мен субъектісі. Өйткені ғылымның нақты қалыптасқан зерттеу объектілері бар. Объект – ең басты таным нысаны және философияның бастапқы категориясы. Объект – латын сөзі, мағынасы - зерттеу нысаны – есім, зат (материя), құбылыс, пән, үрдіс, яғни назарға алынған кез келген нәрсе, назардағы зат, баяндалатын жағдай, оқиға, танып-білуді қажет ететін факт, ал соны назарда алушы, ұстаушыны субъектілер дейміз. Субъект – амал етуші тұлға, әрекеттенуші адам, белсенді рух. Ғылыми таным субъектілері – ғалымдар, ғылыми мекемелер, институттар. Институт – тұлғалардың тұрақты түрде күш жұмылдырып таным объектісін жан-жақты зерттеуі, бір мақсатқа жету жолында шараларды іске асырушы ұжым, мекеме. Ғылыми таным жолын іздеудегі бағыттаушы ұйымдардан әрі таным ісін жүзеге асырушы ғалымдар ұжымдарынан құралады. Ғылыми таным – субъектілер тарапынан ұйымдастырылған және бағытталып отыратын үдеріс. Оның қалыптасқан әрі қалыптастырылырп отыратын құралдары бар. Сондай құралдардың ең бастысы – тіл.

Қазақ халқы «Өнер алды қызыл тіл» деп бекер айтпаған. Ғылымның өнер болу сыры адамның ой қабілетінен басталады. Адам баласы әуелі ой ғылымын жетілдірген, өзіндік (нафс)

болмысын таныған, зат сырын ашқан, құрал жасаған, артынан қуат күшін игерген. Адамның ойлау қабілетінің бастауы бар-жоқты білуден, санау білуден, сан ғылымын игеруден, уақыт пен кеңістікті есепке алудан басталған. Бірді жалғыз деп білуі. Жалғызды маңызды деп білуі. Жалғыз Бір Жаратушы туралы сырға өзіндік ойтолғамымен жетуі. Екіні жұп деп білуі. Дүниенінің бәрін жұп қылып жаратқанын, оның қарама-қайшылығының түсінуі. Осының бәрі адам баласының бастапқы білімі мен ғылымы болған. Исламда Алла тағала он сегіз мың ғаламды жаратқан Иесі делінеді. Алла тағала – шебер. Алла тағаланың тоқсан тоғыз атының бірі – Ғалим – Білуші. Сондықтан мұсылман ғұламалары қаншалықты терең білім иесі болса да «Алла – ағламу», яғни «барлығынан артық білуші Алла» деп айтуды ұмытпаған.

Ғылымның көзі – адамның санасы. Адам баласына сана беруші Алла тағала. Алла тағаланың бір есімі Кәләм – Сөз. Әл-Фараби: «ғылым іздену адамның адамдық борышы» деген. Ғылым – игі. Өйткені ғылымның жемісі адам баласы үшін дәулет әкеледі. Ғылым – ізгі, өйткені ғылым адамды жақсылыққа тәрбиелейді, адамға білім қасиетін береді. Ғылым – тағлым. Тағлым – өнер. Өнерлі адам азат, тәуелсіз болған. Қазақтағы бүгінгі өмірде орын алатын жалған ғылым ғалымның жалғаншыл, яғни дүниешіл болуынан бастау алады. Оқу көп болғанымен, оқығанды орынды етіп санаға тоқу, шын көңілмен білім игеру байқалмайды. Білімге үйірету, ғылым үйрету ісі ең алдымен адами қасиет, имани мінез тәрбиелеуден бастау алу тиіс. Имансыз ғалым – залым болады. Оқыған надан оқымаған наданнан қоғам үшін әлде қайда қауіпті екені анық. Ғылым мен өнер адамдарының жиі бой алдыратын ауыр күнәларының бірі бақастық, көреалмаушылық болатын болды.

Астрологияның ілімдердің бастаулары ескі уақыттардан жалғасады. Ғылыми білімнің дамуы барысында ғалымдар астрологияны жалған, хурафатқа жататынын дәлелдеген. Астрология дегенде логос – ғылым сөзі болғанымен, астрология ғылыми методологияға сүйенбейді. Астрологияның негізгі тәсілдерінің бірі бал ашу, болжам жасау, магияға сүйену. Ғылыми таным қалыптасқан уақытқа дейін адам санасында орын алған ескі, ешбір дәлелді негізі жоқ көзқарастарды ислам ғылымы курафатқа жатқызады. Мысалы, геоцентризм идеясы, Жер шары өгіздің мүйізінде тұр деген түсінік, жер бетіндегі тіршілік бар болғаны бірнеше мың жыл бұрын пайда болды деген жалған ұғым, адамға табыну, табиғат пен жануарларға бас ию, иконаға шоқыну, сиқырға сену және т.б. осындай ырымдық көзқарастарды Әл-Фараби сияқты ғұламалар әшкерлеген, ислам қағидаларына жат, Құран баяндаған ақиқатқа қайшы келетінін айғақтаған. Астралдық жалған идеологияға қарсы шыққанымен, Әл-Фараби астрономияның, яғни аспан шырақтарының қозғалысын зерттеу арқылы уақыт өлшемі, геометрия жайында терең зерттеулер жазған. Жарық сәулесі мен дыбыстың таралу құбылысы ұқсас болуына қарай астрономия мен музыка арасын қатар қойған. Ал, астрологияның осы күні де әлі жойылмай, кейде тіпті кең қанат жайып сұранысқа ие болуы мушриктердің көбеюімен, аңқау елге арамза молланың көп болуымен түсіндіруге болады.

Мойындамауларға апаратын жол – жалған ғылыми қағидалар екені белгілі. Соның бірі адамзат тарихын екі бөліп қарау, яғни жер бетінде тарихи әм тарихтан тыс халықтар тұрмыс құрып жатыр деген түсінік 19 ғасыр басында пайда болған. Осы қағида бойынша жазу мәдениеті бар халықтар ғана озық, дамуға икемді, өз тарихын біледі, сондықтан олар тарихи, ал өткен тарихы жазуға түспеген халықтар тарихтан тыс делінген. Оларға енді даму жоқ делінген. Одан кейінгі уақытта бұл түсінік қате екені айтылғанымен, осы көзқарас кей уақытта әлі де көрініс беріп жататыны жасырын емес. Адасу басының бір көрінісі осы. Алайда қазіргі ғылым жер бетінде озық дамыған талай өркениеттер жойылып кетіп отырғанын айтады. Бұл туралы Құран Шәрифте де айтылады. Ал, Құран Кәрим – Алла тағаланың тарапынан келген тура жол көрсетуші нұсқау. Әл-Фараби ғұламаның философиялық ойларының негіздерін тануда алдымен оның еңбектеріне тәпсір жасаған кейінгі ғалымдардың еңбектерін білу арқылы келу қажет, өйткені ғылымда бір ізділік, ой даму тәртібін сақтау маңызды. 20-шы ғасырда фарабитану ілімі қазақ жерінде екі негізге сүйенген күйде қалыптасты. Оның бір негізі түркілік әм ислами идея ілімдері болса, ал екіншісі – марксизм ілімі сүйенген батыстық ілімдер болды.

Ислам ғұламалары Әл-Фараби еңбектеріне екі түрлі баға бергенін фарабитанушы Ақжан Әл-Машани (1907-1997) еңбектерінде айтылады. Әр замандарда жасаған батыс ғалымдарының ішінде де ақиқатқа адал болған ғұламалар аз емес. Батыстың өркениеттік негізі христиандық құндылықтардан дамып қалыптасқанын білеміз. Христиан діниндегі біршама ғалымдар, әсіресе католиктер пен протестанттар ортасынан шыққан ғалымдар, христиан діндарларының киелі кітаптар шындығын бұрмалап сөйлейтінін білген. Мысалы, Исаак Ньютоннің (1642-1727) шірекеуді ширк келтіру деп түсінгені ғылым тарихынан белгілі. Әл-Фараби мен Ибн Сина еңбектеріне сүйеніп Европа елдеріне ғылым жайған ағылшындық францискан монахы Роджер Бэкон өз кезінде шіркеудің надан істеріне наразы болған, ислам ғылымының шындығын айтқан. Ортағасырлық европалық ғалымдар өз еңбектерін көбіне-көп араб ғұламаларының ғылыми мұраларын тану, соған ізбасар болу арқылы жазып, ғылымды дамытқаны туралы шын сөз Британияда шыққан көптомдық ғылым тарихының әлемдік энциклопедиясында айтылған. Астрономиялық аспаптар, ойыс айна (линза), телескоп жасау, обсерватория салу ісі де ислам елдерінен алынған үлгілер. Ғылым тарихының осы сияқты мәліметтерін білетіндер бұны, әлбетте, мойындайды, адасушылық қайдан шығатынын біледі. Ғылымдағы адасу мен мойындамаудың себебі өзімшіл тәкәппарлықта жатыр. Осындай қате түсініктің бірі – әлемдегі барлық ғылым сәулесінің басы алдымен ежелгі Грекия, ақыры Европа деп білу. Фалес (б.д.д 640-550 ж.ш.), Пифагор (б.д.д 570-490 ж.ш.), Платон (б.д.д 428-348 ж.ш.) сынды көнедегі ірі ғалымдардың шыққан тегі грек болғанымен, білім терген, ғылым үйренген жері ескі Шумер (б.д.д 4-3 мыңжылдық) жері болғанын, сондықтан олардың ғылымы шығыс ғылымының жалғасы болатынын атақты фарабитанушы ғұлама Ақжан Әл-Машанидің дәл айтқан. Ертедегі көп грек ғалымдарының есімін, білімін Европа елдері ислам арқылы таныған. «Қазіргі батыс мәдениеті ренессансқа, ренессанс исламға қарыздар» деп Р.Бодлей (1892-1970) айтқан.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЕУРОПА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІ ОЙШЫЛДАРЫ

Алтаев Ж., филос.ғ.д., профессор
Муканова Г., т.ғ.к., профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ел басының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы ой-пікірлерді бүгінг заман талбына сай жеткізе алу, рухани жаңғыру деген не, болашаққа апарар құндылықтарымыз қандай болу керек деген сұрақтарды қоя отырып, ХХ-ғасыр басындағы қазақ рухани элитасының мұрасын танып-білу, жастраға таныстыру бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі деп ойлаймыз.Біздің болашағымыз жастар бүкіл түркі әлемінің рухани мұраларын, сндай-ақ ХХ-ғасыр басындағы Алаштың біртуар азаматтарының еңбектерін философиялық ойларын, ғылыми мұраларын білуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда мақалада Алаштың біртуар азаматы Мұстафа Шоқайдың бүгінгі күнге дейін белгісіз болып келген мақаласы жөнінде сөз айтпақпыз. Түркі дүниесінің ұлы ойшылы, философ, ғұлам ғалым екінші ұстаз әл-Фарабидың «ізгі қала» ілімін зерделеп, ғылыми тұрғыдан қалай негіздеген. Қайраткердің бұл ұстанымы жалпы түркі мұрасын ұлтшылдық және фашистік идеологияға жақындату әрекетінен қорғап қалай сақтағаны жөнінде өз ойларымызды ортаға салмақпыз. Шоқайдың еуропалық достары ол қайтыс болғаннан кейін жарық көрген бұл мақаланы өте жоғары бағалаған.

Қазақ ұлттық интеллигенциясы үшін ХХ ғасыр тарихы зор маңызға ие. Орталық Азияның көшбасшы элитасы ұлттық мемлекеттердің тағдырына деген жауапкершілікті өз мойындарына ала білді. Сыртқы басқыншылықтан интеллектуалды мұраларды, анығында, түркі тегінен шыққан ортағасырлық философ Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ілімін де қорғау қажеттілігі туындады. Еуропаға еріксіз түрде эмиграцияға кетуге

мәжбүр болған қазақ саясаткері Мұстафа Шоқай түркі мәдени мұрасын, соның ішінде әл-Фарабиді насихаттау мен танытуда үлкен іс атқарып кетті. Сол уақыттағы қиын-қыстау кезге қарамастан, ол көптеген әлеуметтік топтар мен БАҚ редакцияларымен әріптестік орнатып, достық байланыста болды.

Еуропада мәжбүрлі эмиграцияға тап болған қазақ саясаткері Мұстафа Шоқай публицист, құқықтанушы, сарапшы ретінде жан-жақты қырлары ашылған тұлғаға айналды. Ол белгілі неміс және француз ғалымдары, тарихшылар мен философтарымен тығыз байланыста болды. 1941 жылы М. Шоқай «Түркістан» деп аталатын мақаласында әл-Фарабидің «қайырымды қаласының» үлгісін келтіре отырып, оған тамаша талдау жасайды.

Еуропалық тілдерді жетік меңгеру М. Шоқайға сол замандағы философиялық еңбектермен түпнұсқада танысуға, жекелей алғанда, фашизмнің өрті лаулап тұрған кезге қарамастан, оларды өзіндік заманауи тұрғыда түсінуге жол ашты. Осылайша оның қолына, әл-Фарабидің іліміне қате сілтеме жасап, Ницше ықпалындағы бұрыс ойға бұруды көздеген зерттеуші барон Карра де Воның кітабы түседі. Сондай-ақ, Карра де Во әл-Фарабидің ізгілікті қоғамы мен неміс философы Ницшенің «үстін адамын» («сверхчеловек») салыстыра отырып, қатар қояды. Дүниежүзілік соғыс алдында, фашистік үгіт-насихат жағдайында бұндай ойлар мүдделі жақ тарапынан бірден қолдауға ие болып, вермахт идеясы үшін «жұмыс жасауы» мүмкін еді. Кәсіби заңгер (Санкт-Петербург университетінің түлегі), ақиқат үшін күресуші Мұстафа Шоқай жарияланған еңбекке өз ойын білдіріп, бірден мағыналық жағынан сәйкессіздік барын білдіреді. 1941 жылы жазылған оның жазбалары кейінірек «Түркістан» журналында орыс тілінде жарық көрді. Оның достары мен замандастары М.Шоқай қайтыс болған кейін, отанын азат етуді арман тұтқан қазақ күрескерінің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында «Түркістан» деген атпен 1949/1950 жылғы желтоқсан айындағы журналдың номеріне жариялайды.

Бұл басылым Мұстафа Шоқайдың түркілердің мәдени мұрасын жанын сала қорғағандығын, фашизм мен расизмнің қауіптілігін алдын-ала білгендігін дәлелдейді. Тарихтың тағлымы бойынша: үлкен әлемге жол ашатын шет тілдерін білу өз кезегінде жеке тұлғалық дамуға көмектеседі. Бұл аксиома Орта Азиядан шыққан тамаша қайраткерлер әл-Фараби мен Мұстафа Шоқай өмірлері арқылы дәлелденді.

«Түркістан» мақаласы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Түркістан» ұғымының географиялық және этносаяси мәні, әлемдік тарихтағы аймақтың орны түсіндіріледі. Ары қарай Шоқай осы аймақтың интеллектуалды тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар туралы былай дейді: «сүнниттік-мұсылмандық түркілердің отаны әрі бесігі болып табылатын Түркістан, Ирандық шиизімнің ықпалын сіңіре отырып, жалпы мұсылмандық мәдениет пен ғылымға есімі әлемге әйгілі тұлғаларды тудырды. Солардың ішінен ең ірі және Еуропалық ғылыми ойдың дамуына ықпал еткен ірі тұлғаларды атап өтеміз».

Мұстафа Шоқайдың мақаласында Мұхамед әл-Хорезми, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу-Әли Ибн-Сина, Улығбек, Бурхан-ад-Дин Маргина, Мухаммед-ибн-Исмаил Бұхари, Бабыр Сұлтан есімдері аталады. Математика теориясының негізін қалаушылардың бірі болып табылатын әл-Хорезмиге берген ғылыми қысқаша сипаттамасында М. Шоқай кеңестік түрколог және ирантанушы Е.Э. Бертельстің еңбектеріне сілтеме жасайды.

Әл-Фарабидің өмірбаянына тоқталсақ, (зерттеуші жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласында тәжірибеге ие бола отырып, түрлі тілде жазылған ғылыми ізденістердің нәтижелерін жүйелей білді) ойшылдың еңбектері еуропалық ақпараттық кеңістікте негізінен француз тіліндегі аудармалармен белгілі.

Мұстафа Шоқай жақсы сарапшы болатын. Ол заманауи кітаптарды ыждақаттылықпен оқи білді. Осылайша ол, француз зерттеушісі-арабтанушы барон Карра де Во (Карра-де-Во, Бернар 1867 жылы туған француз шығыстанушысы, «Orient chrctien» негізін қалаушылардың бірі, Париж қаласындағы католик институтында араб тілінің профессоры болып қызмет атқарған) 1920 жылдары «Les Peaseursdel' Islam» («Ислам ойшылдары») деген атпен жарық көрген 5 томдық энциклопедиясынмен танысқаннан соң біледі. Ондағы мұсылман

ойшылдары туралы жинастырылған ақпараттармен танысып, ішінде әл-Фараби мен оның қайырымды қала трактаты туралы да мәліметтерді кездестіреді.

Жоғарыда аталып өткендей, XX ғасырдың екінші онжылдығы фашизм идеясының таралуымен ерекшеленді. Бұл қауіпті үдеріс ғылыми әлемге де әсер етпей қоймады. Ортағасырлық философтардың трактаттары мен Ницше көзқарастарын қатар қарастыра отырып, бұдан барон Карра де Во да қашып құтылмады.

Әл-Фараби ілімінің негізгі мәнімен жақсы таныс Мұстафа Шоқай батыл түрде түркі ойшылын қорғауға ұмтылды. Егер барон Карра де Во: «қоғамдағы зорлық-зомбылық пен күштің рөлі туралы ойлар өзгеше күйде Ницшенің кейінгі тұжырымдамаларына жақын келеді»,- деп жазса, Мұстафа Шоқай бұндай анықтамамен келіспейді. Шоқай ашық түрде: «күш пен зомбылыққа және олардың қоғамдағы рөліне деген қатынас әл-Фарабиде мүлде басқаша, неміс философына қарама-қайшы келеді. Егер Ницше үшін изгілік (добро) - жоғары таптың төмен тапқа билік жүргізуі, яғни, «үстін адамның» («сверхчеловек») қарапайым адамдардан жоғары тұруы болып табылса, Фараби үшін күш пен зомбылық «адам философиясындағы қатігездік ауруы» және бұл туралы «Қайырымды қала» авторының жетілмеген қалалар туралы бөлімінде ерекше түрде көрсеткендігін айтады.

XX ғасырдың алғашқы жартысында еуропалық философиялық дискурста түркі ғылымы мен оның жетістіктеріне деген ерекше қызығушылықтың болғандығын атап өтуіміз қажет. Мамандардың айтуынша, 1930-1932 жж. Парижде әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты шығармасының алғашқы бөлімін Эрланже француз тіліне аударды.

Осылайша, келесідей деректерді келтіруге болады. Түркі философиясының Ренессансы Еуразиялық кеңістікте өзіндік орынға ие болды. Отырардан шыққан ойшыл трактатындағы идеалды әлеуметтік-қала бейнесі еуропалық интеллектуалды қауымдастыққа жақын болғандығын, ондағы идеялардың нацистік фетиштерге қарсы тұрғандығы нақтыланды. Бір жағынан, Гитлердің бұйрығы бойынша шығыстық мистика мен теология негізінде нацизм идеясын негіздеу мақсатындағы тоқтаусыз ізденістер өз кезегінде ориенталистика ғылымын дамуға жетеледі.

Мұстафа Шоқай мен басқа түркістандықтардың түркілер мұрасын насихаттауға тигізген ықпалы әзірше толықтай өз деңгейінде дәлелденген жоқ. Алайда, М.Шоқайдың француз ғалымы Жозеф Кастаньемен бірге жазған эпистолярлық мұрасы қазақ интеллектуалының еуропалық әріптестерімен ақпараттық әріптестікте болғандығына дәлел бола алады.

Еуропада соғыс жағдайындағы кезеңде, герман және итальян фашизмінен нәр алған ақ арийлік ұлттардың басымдығын жақтайтын идеология өсіп шықты. Ницше тұжырымдамаларын ұлттық-социализм идеологтары әдейілеп көптеп насихаттай бастады. Мистицизмге деген қолдан жасалған қызығушылық жасалынды – осы жерде, Шығысты зерттеу (ориенталистика) мен шығыс философиясына бетбұрыс сипат алды. Еуропалық мәдениеттанушылардың ортағасырлық қолжазбаларға деген қызығушылығын осымен түсіндіріледі: барон Карро христиандық ілім мен исламды қатар қарастырып, түркі философы әл-Фарабидің еңбектері оның назарын аударды.

Әл-Фараби ілімін насихаттауда Карроның сіңірген еңбегін мойындай отырып, Мұстафа Шоқай онымен пікір-таласқа түседі. Оның ойынша, әл-Фарабидің «қайырымды қала үлгісінің» мәнін қарастыру барысында теріс түсіндірулерге жол бермеу керектігін баса айтады. Шоқай сенімді түрде Әл-Фарабидің Ницшенің «үстін адам», «үстін ұлт» секілді идеяларымен ортақ ештене жоқтығын негіздейді. Мұстафа Шоқай құқық қорғаушы рөлін атқаратынынын мақтан тұтады. Шоқайдың әл-Фарабидегі Ницше идеяларын терістеуі, оның расизмді қабылдамағандығын, сондай-ақ, қосымша бұл дәлел, оның фашистік идеологияны жақтамағандығын көрсетеді. Бұл мақала 1941 жылы Гитлер мен партиясының мақсаттары анық болған кезде жазылғандығын еске саламыз.

Мұстафа Шоқай сан қырлы қабілеттерге ие еді: ол француз тілін жетік білді, ғылыми басылымдарды қадағалап отырды, Түркістанның мәдени және ғылыми мұрасының

айналасындағы пікір-таластардың бәрінен хабары болды. М. Шоқай қазақ эмигранттары арасындағы академиялық сабақтарға уақыт бөлген жалғыз қазақтардың бірі болды. Оны Еуропа пен Азия, Батыс пен Шығыс қатынасы туралы тақырыптар, бұрынғы философтардың ізгілік туралы ойлары қызықтырды.

Еуразияшылдық, ізгілікті қоғам мен адамгершілік жетілудің шыңы болып табылатын «үстін адам», бірегейлілік мәселелері М.Шоқай қызығушылық танытқан тақырыптар еді. Ол тек саясаткер, публицист ғана емес, сонымен бірге ойшыл һәм идеолог болғандығын мойындауымыз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі таңда да Әл-Фарабидің шығармалары ғалымдарды қызықтырады және шындықты іздеуде қайта оған оралуды қажет етеді. Тіпті бүгінгі күні, XXI ғасырда да бейбі тсүйгіш түркілік ой-сана оны лайықты дәрежеде биіктікке қоя білуде.

Қорытындылай келсек, әл-Фарабидің ілімі аталатын М.Шоқайдың көпшілікке онша мәлім емес «Түркістан» (1941) мақаласы ғылыми айналымға жаңа деректер енгізді. XX ғасырдағы қазақ полиглоты Түркістан тарихын жетік біле отырып, Еуропаның белгілі ғалымдарымен тең дәрежеде философиялық категориялармен пікір таластыра алды.

Заманауи оқырманға ортағасырдағы ойшылдың теориялық тұжырымдамаларын талқыға салған қазақ саяси қайраткері мен француз мәдениеттанушылары, арабтанушылары арасындағы ой-талқыны білу бүгінгі күні де маңызды әрі қызықты болатындығы сөзсіз.

Мұстафа Шоқай – көпқырлы әрі толық бағаланбаған бірегей тұлға. Саяси тартыспен бірге, түркілік ғалымдардың мұрасын насихаттауды да ол өзіне міндет етіп алды.

Бүгінгі таңда түркі философиясын тереңдеп зерттеудің қажеттілігі туындап отыр. Өкінішке орай, XX ғасырда түркістандықтардың гуманистік ілімдері саяси жағдайларға байланысты екінші орынға ығысып, М.Шоқайдың мақаласында аталған ұлы тұлғалар толықтай оқулық беттерінен түсіп қалған болатын.

Жаһандану жағдайында ізгілікті қоғам құру үшін не қажет? Бүгінгі күні әл-Фараби мұрасы, оның қайырымды қоғам тұжырымдамасы өзге мақсатқа пайдаланып кетуден қорғалған ба? Болашақта бұған қалай қарсы тұруға болады? Орта Азиялық аймақ жарқын болашақта әлі де өз Ренессансын қайта бастан өткереді деп сенеміз.

Гуманистік дүниетаным арқылы байланысқан көптілді интеллектуалды үрдіс негізіндегі мәдениетаралық жақындасу бұған дейін де болған, бола да береді. Қазақстан жастары осы ақиқатты түсіне отырып, жарқын келешек үшін өздерінің лингвистикалық және тарихи танымдарын терңдетуге ұмтылулары керек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Блок М. Апология истории, или Ремесло историка/Пер. Е.М. Лысенко. -2-е изд., доп. -М.: Наука, 1986.-254 с.
2. Ени Теркестан//INALCO. L’Archives de Moustafa Chokay Bey. Carton 6. Dossier 5. PP. 109-112.
3. Бертельс Е. Литература народов Средней Азии от древнейших времен до XV века н.э.// Новый мир. -1939.-№6. (№9. - Г.М.)
4. Carra de Vaux. Les Peaseurs de l’Islam. Paris: «Paul Geuthner», 1921
5. The ideal State-Society of Plato and al-Farabi: A comparative analysis.
6. Muhammad Rafiqul Islam—International journal of Islamic thoughts, 2, 2013. [Режим доступа] https://ru.scribd.com/doc/161626502/The-ideal-State-Society-of-Plato-and-al-Farabi-A-comparative-analysis-by-Muhammad- Rafiqul-Islam-IJIT-V-2-N-1-2013
7. Robert Hammond, The Philosophy of al-Farabi and Its Influence on Medieval Thought. New York: Hudson Press, 1947
8. Polak, Fred. The image of the Future. Translatee and Abridged by Elise Boulding. Elsevier Sdentific Publishing Company. Amsterdam London New York, 1973.
https://en.laprospective.fr/dyn/anglais/memoire/the-image-of-the-future.pdf

9. Matti Mosa. A tribute to Bishop Mor Gregorius Bulus Behnam (1914-1969). Электронный ресурс. [Режим доступа] http://www.syriacstudies.com/2014/03/28/a-tribute-to-bishop-mor-gregorius-bulus-behnam-1914-1969-dr-matti-moosa/

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Елтай Р.М., 1 курс магистранты.
Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында туған жердің тарихы, мәдениеті, діні, тілі, салт-дәстүрі және әдет-ғұрпы арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу рухани жаңғырудың басты қағидаларының бірі екенін атап көрсетті. Ел басы елдің бүгіні мен болашағы туралы ой-толғамдарымен бөлісе отырып, қазақстандық әрбір азаматтың туған жеріне тағзым етуге деген құлшынысын, Отанына, еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға ұмтылысын қолдауды өзекті мақсаттардың бірі деп санайды.

Әл-Фарабидің дүниетанымы өзіміздің қазақ жерінде қалыптасты. Ойшыл Орта Азияда дүниеге келіп, осы жерде білім нәрімен сусынданған. IX-XII ғғ. Орта Азия мұсылман әлеміне назар салайық: мұнда ғылым мен білімнің гүлденген уақыты болғаны бізге белгілі. Әл-Фарабидің кезінде ислам діні енді етек жайып жатқан кезі еді. Бұған дейін де қазақ жеріне көптеген діндер аяқ басты. Бұл жер Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолы тоғыз жолдың торабы болғанның бәрімізге белгілі. Ол әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінде үлкен өзгерістер жасады. Орта Азия, әсіресе, таяу және қиыр шығыс мемлекеттерінің арасындағы сауда-саттық қатынаста үлкен рөл атқарды.

Ислам діні түркі халықтарының тілі мен ұлттық әдет-ғұрыптарының, дүниетанымдық ерекшеліктерінің сақталып, дамуына кедергі келтірмеді. Мұсылман ойшылдарының шығармашылық ізденістерінің негізгі арқауы бұл – ислам мәдениеті мен құндылықтары болып табылады. Өйткені, Мұсылман ойшылдарының өмірі мен шығармашылық қызметі ислам мәдениеті мен өркениетінің аясында өрбіді.

Тарихшылар әл-Фарабидің шығу тегіне қатысты түрлі пікірлер айтуда. Ибн Усейба «Мәлімет бастаулары» кітабында оның шын аты Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан деп жазады. Ибн Халлиқан болса, «Атақтылардың өлімі» атты еңбегінде оның есімі Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ екенін көстетеді [1].

Ибн Надим өзінің «Тізбегінде» оның есімі Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан дейді. «Ұлт құрылымы» кітабында Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Насыр деп келтірсе, дәл осы кітаптың басқа жерінде әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммед ибн Насыр деп айтқан. Енді ұлы ғұламаның толық аты-жөнін талдап көрейік. Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-Турки.

1. ат-Турки – шыққан тегі түркі дегенді білдіреді.

2. Әл-Фараби – Фараб(Отырар) қаласынан шыққан деген сөз.

3-5. Ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ – ұлы ғұлама Мұхаммедтің баласы, ол өз кезегінде Тарханның баласы, ол Ұзлақтың баласы деген сөз. Басқаша түсіндірсек, ұлы ғұламаның әкесінің аты – Мұхаммед, атасының аты – Тархан, бабасының аты – Ұзлақ.

6. Ұлы ғұламаның азан шақырып қойған өз аты – Мұхаммед.

7. Әбу Насыр – Насырдың әкесі дегенді білдіреді. Ғалымның атының өзі бізге шыққан төркіні туралы біраз мәліметтер береді.

Алғашқы сауатын өзінің туған жерінде өз тілінде ашқан ол 12-16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп, «Байт әл-Хәкма» атты ғалымдар үйі мен бай кітапханасы бар Бағдатқа барады. Кейбір деректер бойынша әл-Фараби өз отанында біраз уақытқа дейін

қалып, терең діни білім алады және сот жүргізумен де айналыса бастайды, бірақ үнемі іздеуден жалықпаған ол туған жерде ұзақ қала алмай, Мервке қоныс аударады, кейін қырық жасқа толған шағында Бағдатқа келеді. Бағдатқа қоныс аударғанға дейін білім іздеу үрдісінде жүрген ол сонымен қоса, Бұқар, Самарқан, Балх және сол уақыттың басқа да көптеген мәдени орталықтарына соғады. Харранда ол өзінің логика мен философиядан білімін ең жоғарғы деңгейге жеткізуге көмектескен христиан ғалымы Йуханой бен Хайлянмен танысады. Бағдатта ол Аристотельдің «Органонының» білгірі ретінде танылған Әбу Бешра Метта бен Жүсіптен «ильм әл мантык» білімін алды. Бірнеше уақыт өткеннен кейін сол қалада ол атақты филолог ибн Сарраджеммен кездесіп, одан араб тілінен сабақ алады. Тіл саласының атақты ғалымы, өз кезегінде сол уақытта әр түрлі ғалымдардың белді бірлігіне айналып үлгерген ибн Сарраджем әл-Фарабиден логика сабағын алған еді. Осыдан Бағдатқа келгенге дейін ол араб тілін жақсы меңгерген болатын. Бағдаттағы қиын жағдайға байланысты 941 жылы «Шам еліне» (қазіргі Сирия) қоныс аударады. Сол кезде Сефуддаул әмір әл-Фарабиді өз сарайында құрметпен қарсы алады. Ибн Халиканның кітаптарында былай жазылады: «Әмір одан отыруды өтінген кезде, әл-Фараби одан: Өзімнің орнына ма, әлде сенің орныңа ма?-деп қайта сауал тастайды. «Қай жер ыңғайлы соған отыра беріңіз», - деген жауап қайтарылады. Сонда ол, Сейфуддалды ығыстырып, оның жанына таққа отырады, әмір өзінің көмекшілеріне қарап, оларға ғана түсінікті тілмен мынаны бұйырады: «Егер мына тәрбиесіз қарт қойған сұрақтарының барлығына шамалы уақыттан кейін жауап бере алмаса, онда олар оны тез арада сарайдан қуып шығулары тиіс!» Сол уақытта билеушінің сөзінің мәнін түсінген әл-Фараби, сол тілде оған тіл қатады және қабылдаған шешімін аздап кешіктіруін сұрайды. «Іс олар аяқтағаннан кейін жалғасады»,-дейді ол есеңгіреп отырған билеушіге. «Сен бұл тілді білесің бе?»-деп сұрайды әмір. «Мен жетпістен аса тіл білемін»,-деп тіл қатады философ. Сол кездің өзінде адамдардың білімінің жоғарғы болғанын және кез келген еңбектерді талдай алатын дәрежеде екенін көз жеткізіп отырмыз [2]. Қасиетті Құран Кәрім тек діни қағидалар жинағы ғана емес, сонымен қатар талай ілімнің құпия кілтін бойына бүккен ғаламдық кітап болғандықтан, Әбу Насыр әл-Фараби бүкіл ислам ғалымдарына парыз болған – иджтихад (ойлау қабілетінің шыңына жету үшін беріле еңбек ету) және муджтахид (иджтихадпен шұғылданған адамның өз жаңалықтарын Құран Кәрім мен Хадис Шариф – парыз-сүннет амалдарына негіздеп отыруы) жолына түскен. Кеңес өкіметі тұсында атеистік идеологияның ықпалымен әл-Фараби діннен тыс ғалым ретінде көрсетілді деп өз пікірін береді.Әл-Фараби өте сирек қолданылатын, кейде тіпті құпиялық үшін қолданатын тілдерді де өте жақсы білген.

Сирияда ол өте қарапайым тіршілік еткен. Күндіз бағбан болып қызмет етсе, түнде күзетші қызметін атқара жүріп, шамның жарығымен кітаптар оқыған. Сейфуддаул жағынан белсенді жағдай жасалғанымен, әл-Фараби тақуалық өмір салтын ұстанды, күнделікті тіршілік етуіне төрт дирхеммен ғана шектелген. Ол 950 жылы Сирия қаласы Дамшықта сексен жасында дүние салады. Ойшылдың жаназасына он бес мемлекеттен келген шенеуніктермен қоса Сейфуддаулдың өзі де қатысады. Философиялық ғылымдардағы жоғарғы қабілеттігінің арқасында Әл-Фараби «Әл-муа`ллим әс-сани» («Аристотельден кейінгі екінші ұстаз») титулын алды. Грек философиялық терминдерін жақсы меңгергендігі анық дәлелденген. Ол ислам интелектуалды өміріне орасан зор ықпал етті. Аристотелді түсіну мен талдауда жаңа саты жасаған ибн Рушд келген уақытқа дейін, ислам перипатетизмінің мектебі тұтастай және толығымен әл-Фараби идеяларының ықпалында болды [3]. Әбу Нәсір әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», Данышпандықтың маржаны», Бақытқа жету жайында», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Ақылдың мәні туралы трактат» тағы басқа әйгілі тундыларының ой-идеялары мен «Құтты білігі» дастанындағы аналогиялық толғам, философиялық түйіндер бір мәдениеттің, бір өркениеттің, заман мен әлеуметтік жағдай ғана емес, бір тектес ел, жұрт тіршілігін тұтастырған бір дүниетанымның жемістері. Екі ғұламаның ел, ел басы, қоғам туралы ой-толғамдары бір арнада тоғысып отырады. Екеуі де адамгершілікті, имандылықты, мейірім-

рахымшылықты адам баласының асыл қасиеті ретінде жоғары қояды. Парасат, білімді адамшылдықтың алды деп таниды [4].

Ортағасырлық мұсылман әлемінде маңызды мәселенің бірі болып табылатын адам тәрбиесіне Әл-Фараби де, Жүсіп Баласағұн да аса қатты мән беріп, баланы туа салысымен тәрбиелеу әдісін ұсынады. Баланың педагогикалық тәрбиесін ерекше марапаттайды. Өйткені, тәрбиелеу барысында ыждаһатты, ілтипатты болу керектігін түсіндіреді. Баланың бойына пайдалы әдеттер мен қайырымды моральды мінез-құлық сіңіру керек, сонымен қатар, сауатын ашып, негізгі кәсіп пен түрлі еңбек түрлері мен өнерге баулу керек. Әл-Фарабидің тәрбие туралы тағылымдары Ибн Синаны да бейтарап қалдырмаған. Ойшыл бұл турасында алты жасынан бастап баланы қиын емес үй шаруасына жұмсау абзал. Ал бала он төрт жасқа дейін білім алатын мектептерде міндетті түрде қайырымды, білімі жақсы тұлғалар қызмет жасауы шарт. Ибн Синаның айтуынша бала міндетті түрде жалғыз емес, өзінің қатарластарымен бірге тәрбиелену керек. Жалғыз білім алып, тәрбиеленген бала эгоист, бір жақты керек десеңіз бақытсыз болады. Мектептен тыс уақытта бала ойнау керек, бір-бірінің жақсы қасиеттерін бойына сіңіргені дұрыс. Алты жастан он төрт жасқа дейін, яғни сегіз жыл ішінде бала теологиялық ғылымдармен таныс болуы шарт, турасын айтқанда Құранды, шариғатты, ана тілін сонымен бірге моральды этикалық мазмұны бар трактаттарды меңгеруі тиіс. Ұстаз болса баланы жақсы қасиеттрге баулиды. Бірақ қатал болудың қажеті жоқ. Бала қорықса, тұйық, басқалардан кеңес ала алмайтын, ойын ұстазға тура жеткізе алмайтын күйге түседі. Сондықтан тәрбиеші баланы жан-жақты зерттеп, мінез құлқымен таныс болуы ләзім. Бала тәрбие алып болған соң өз күнін өзі көріп, ата-анасына көмектесу керек. Мұны байқаған ата-ана баласын дереу үйлендіріп, мүмкіндігі болса оңаша үймен қамтамасыз етеді. Жастар үшін ең жақсы қасиет пен кәрілер үшін ең қайырымды қасиет не дегенге Әл-Фараби жастар үшін – қарапайымдылық, батырлық, ер жүректілік, кәрілер үшін – даналық пен байсалдылық дейді. Кемеңгер ойшыл Әбу Насыр өз өмірлерінде қайырымды көмек пен жақын достарына көп иек артқан екен. Достықты дәріптеп, адалдықты аялаған. Бұл ілімнің өміршең болғаны соншалық оны тек ислам әлемі ғана, бүкіл адамзат баласы аялап қастерлеуде. [5].

Адамзат ақыл-ойының дамуына қазақ халқының кемеңгер перзенттері қосқан үлестері аз емес Әбу Насыр әл-Фараби қазақ даласына мол мұрасын қалдырды. Ойшылдың араласпаған ғылым саласы кемде-кем деп айтуға болады. Екінші Ұстаздың тарихи мұраты мен «Шын хакімдерінің мисал, хиқыматтарымен безендірілген. Ел басының «Рухани жаңғыру» еңбегі аясында рухани дүниемізді байытуға негізделеді. Қазіргі Жаһандану кезеңінде рухани, мәдени, кәсіби біліктіліктің қалыптасуына кепілдік беруге және жастардың діни салауаттылығын дамытуға қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастырудың басым бағыттары ретінде ислам мәдениетінің жастардың этикалық тәрбиесіндегі моральдық-рухани құндылықтарының қалыптастыруына ерекше рольге ие. Қазақстандағы дәстүрлі исламға жат, радикалды ағымдардың қоғамға таралуының алдын алуға.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Әбу Насыр әл-Фараби Таңдамалы трактаттары– Алматы: "Арыс" баспасы, 2009. – 609 б.
2. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. Асқар Егеубаев. Астана: Аударма, 2003.-128 б.
3. Машани А.Ж. Ислам діні және ғылым. //Шалқар. – 1994. – шілде. - 4-5 бб.
3. Қабылова А.С. Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн: дүниетаным, философия. Монография. -Алматы, 2013. -295 б.
4. Қабылова А.С. Абу Насыр әл-Фараби философиясындағы білім мен зерде. Монография. -Алматы, 2009. -213 б.
5. https://aqtobegazeti.kz/?p=59735

ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ОЙШЫЛДАРЫ ІЛІМІНДЕГІ КЕМЕЛ АДАМ МҰРАТЫ

Қабылова А.С., ф.ғ.д., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Адамзат рахатының ең жоғарғы шыңы бақытқа қол жеткізу әділетті де саясаткер тұлға билік ететін қайырымды қала тұрғындарына нәсіп етіледі. Әл-Фарабидің ойынша қайырымды қала тұрғындары қоғаммен тұтастыққа күй кешіп, бақытты болудың теоретикалық және тәжірибелік мәнін түсінумен айналысады, ал, Жүсіптің ойынша бек қоғамның барлық қабатымен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Сонымен бірге отырарлық ойшылдың ойынша олар Бірінші Тұлға туралы білімдерін кеңейтіп, оның ерекше белгілерін зерттеп, рухани мәніне үңіліп, өзіне ғана тән қасиеттеріне сипаттама жасап, Белсенді интеллектіден туындайтын анықтамаға теңесуге тырысып өмір сүреді. Осыдан кейін барып аталмыш қала тұрғындары аспан денелері туралы ұғымдарын күшейтіп олардың қасиеттерін оқып, заңдылық пен даналық ережесін меңгеруі тиіс. Егер біреу аспан денелерінің орнын, ара қашықтығын білемін десе, ол *жұлдыз (аспан)* ғылымы бойынша біліп отыр, бұл ақиқат заңдылықтар қатарына жатады,– дейді отырарлық ойшыл. Енді біреулер жұлдыздардың бірі бір жерге қарама-қарсы келгенде әсерді қабылдаушының кедергісі болмаса қыздырады десе, ол да жұлдыз ғылымы бойынша біліп отыр, бұл көбінесе құбылыстар санатына жатады. Ал енді біреулер бір жұлдыз екінші жұлдызға жақын келгенде жер бетінде біреу баийды екен немесе басқа бір оқиға болады екен десе, ол да жұлдыз ғылымы ережелері бойынша біліп отырмын деп ойлайды. Алайда бұл күдікті жорамал. Мұның табиғаты басқа біреуінің табиғатына қарама-қарсы, олардың бірігуі ортақ есімінде ғана. Сөйтіп көпшілік адамдар үшін жұлдыз арқылы болжаушылардың іс-әрекеттері күңгірт, өйткені олар ережелерді толық білмейді, ақиқат ғылымдарды меңгермеген. Сондықтан да қайырымды қала тұрғыны аспан денелері туралы білімін үнемі шыңдап, кеңейтіп отыруы шарт,– деп атап көрсетеді Әбу Наср. Олар үнемі білім қуып, тәлім алуға құштар болуы керек. «Ізгі қала бес түрлі адамдардан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан. Ең құрметті адамдар санатына даналар, пайымдағыш адамдар, маңызды істерде білімді болатын адамдар жатады. Олардан кейін діни қызметкерлер мен шешендер, атап айтқанда, дін уағызшылары, сөз шеберлері, ақындар, музыканттар, хатшылар және солар сияқтылар да солардың тобына жатады. Өлшеушілер дегеніміз – есепшілер, геометрлер, дәрігерлер, астрологтар және басқа сондайлар. Жауынгерлер дегеніміз – жасақшылар, сақшылар және соларға ұқсастар солардың тобына жатады. Байлар дегеніміз – қалада байлық табатындар: егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер және басқа сондайлар» [1, 177 б.]. Осы тұста Жүсіптің де саудагерлер, мал баққан шаруалар, қолөнершілер, қалалық және көшпенді мәдениет өкілдеріне қарасты айтқандары да бар. Қоғамдық еңбек бөлінісін суреттей отырып, ондағы адамның орны мен маңыздылығына мән берген. «Құтадғу біліктің» берер тәлімі, ұлағаты көп және жан-жақты. Онда бүгінгі өз маңызын жоймаған философиялық, этикалық, эстетикалық, тарихи, географиялық, педагогикалық, психологиялық ой иірімдері көптеп кездесіп отырады. Дастанды оқыған сайын оның ғажайып әлемі өзіне тез тарта береді» – дейді Н. Мұсаева. Осы ойшылдардың еңбегін жалғастырушы бүгінгі ғалымдар, әсіресе Ғ. Есімнің: «Заманды түзетуші де, жетілдіруші де – адам» [2, 1 б.] дегені ойға оралып отырады. Белгілі ғалым Ә. Нысанбаевтың: «Дүниеде барша жақсылық та, жамандық атаулы да адам қолынан жасалынып келеді. Әлемдік ауқымда алып қарасаңыз да, жеке ұлттың тарихы шеңберінде алып байқасаңыз да солай. Кез-келген қоғамның өсуі немесе өшуі ондағы адамдардың парасаты мен істеген істеріне байланысты болып келеді» [3, 41 б.],– дегені сол ойшылдардың пікірлерімен сабақтасып жатыр. Жүсіп Баласағұн қоғамның қабатын белгілі бір топтарға бөліп, ғалымдармен, оташылармен, құшнаштармен, түс жорушылармен, жұлдызшылармен,

ақындармен, диқандармен, сатушылармен, малшылармен, қолөнершілермен, кедей-пақырлармен қалай қатысу керектігін айтып отырады. Барлығына жеке-жеке тоқталмай-ақ, «жақсы көріп, құрмет көрсет басына, шаң тигізбе хақына да, атына» [4, 407 б.] деген Жүсіптің пікірімен түсіндірме жасағым келеді, өйткені олардың барлығы қоғам қабатының қажетті өкілдері. Қайырымды қала тұрғындарының арасынан философтар санын көбейту керек. Әділетті әкім соған алғы шарттылықтар тудырады. Бақыт дегеніміздің өзі – адам фәлсафаның көмегімен ұғынатын абсолютті қайырымдылық. Жер бетіндегі адамзат адамзат атаулының әртүрлілігіне байланысты, олардың рухани заттарды ашуға да қабілеттері бір-біріне қарама-қайшы. Алайда қайырымды қала тұрғындары қайырымдылық жасауға, бақытты талаптанып табуға және кемелденуге қол жеткізу үшін табиғи диспозицияны ерік жігер мен тәртіптің көмегі арқылы дағдыландырады. Үнемі жүргізілетін еңбектің арқасында нығаятын және көрінетін әртүрлі өнер мен ғылымдағы байқалатын бір-біріне қарама-қарсы қабілеттеріне байланысты адамдар үнемі ерекшеленіп отырады. Қайырымды қаладағы кез-келген адам өзінің қабілеті мен дайындығына байланысты әрекет етеді. Бақытқа қол жеткізудегі тұтыну талабын адамдар даралықта емес әділетті әкім ұйымдастырған көпшілік арасында яғни қоғамда жүзеге асырады. Ал осы қайырымды қаладағы нағыз билеуші дегеніміз – әрекет етуші интеллектіге мүлтіксіз жақындауша адам. Ол ақиқатты таниды. «Ел басқарудың алғашқы ізгілікті сабағы қалалар мен халықтар арсындағы ізгілікті тұрмыс салты мен ізгілікті қабілеттерді орнықтыруды, оларды жан-жақт насихаттауды және мәдениетсіз өмір салтының келеңсіз көріністерінен сақтануды қамтамасыз ететін іс-әрекеттерден тұрады» [5, 59 б.].

Қайырымды қаладағы азаматтардың қол жеткізген бақыт деңгейі саны мен сапасы жөнінен әр түрлі. Жойылуға душар болған мінсіз адамдардың жаны уақыт өткен сайын тәнінен алшақтай түсіп, рухтың болмысын қалыптастырады. Бірінен соң бірі ұрпақ осылайша өте береді. Барлық жақсы адамдардың жаны көп мөлшерде бір-бірімен кездесіп, олардың бақыты өзара танымның арқасында көбейе түседі. «Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер философия немесе абсолюттік мағынада айтқанда, «даналық» деп аталады». Адам бақытқа тек көркемдікті меңгергеннен кейін ғана жетеді. Философия ғылымы болмайынша, ғаламның бағынысты үйлесімін, құрылысының сұлулығын түсінбейінше шын бақытқа жету мақсаты сағым іспеттес. Белгілі философ А.Х. Қасымжанов Фарабидің бұл көзқарасын жоғары бағалап өтті: «Теориялық философияның курсын түгел өту адамға жоғары бақытқа жету үшін қажет. Бақыттың не екенін білмей тұрып оған жету мүмкін емес, бақытты нақты және нақтылайтындай мақсат етіп, одан шеттемеу керек. Сондай-ақ бақытқа жету үшін не істеу керек екенін білу қажет. Бұған байланысты мәліметтер мен нұсқаулар практикалық философияда жасалады» [6, 142 б.]. Даналық бақытқа жетелейді. «Даналықтың тақ-тәжі сатылмайды ақшаға» десе енді бірде «даналардың әр сөзі тең ғой бейіш үнімен, даналықтың мәуесі – қайырымдылықтың бағы да» [4, 597 б.] дейді Жүсіп Баласағұн.

Әбу Наср пайымында бақытқа қол жеткізудің алғашқы құралының бірі – дін. Жер бетінде әртүрлі қайырымды қалалар мен ізгі ұлттар, ұйымдар, тайпалар өмір сүреді. Олардың діни сенімдері де әртүрлі болу шарттылығын қарастыра отырып Фараби, барлық адамзаттың ұмтылысы бірақ нәрсе, ол – бақытқа қол жеткізу деп дәлелдейді. Діни ілімдер, мемлекет пен адамдардың бірігуі бір қоғамда жүргізіле береді, ең ақырында барлығының мақсаты бақытты болу деп тұжырымдайды әл-Фараби. «Бір сөзбен айтқанда, бұл дүниені Жаратушының салып берген қасиетті жолымен дұрыс жүре отырып, құдіретті күшті Алла Тағалаға барынша еліктеу және жаратқан ием дарытқан өзіндік ерекшеліктер мен инстинктері, табиғи түрлерімен сипатталатын болмыстың сан-алуандығына арқа сүйеп отыру қажет. Ал мұндай жағдайда дүниенің барлық түрлері олардың өз сатыларына сәйкес табиғи игілікпен өзара үндестік табады» [5, 69 б.]. «Қайырымда қалада» әл-Фараби материядан тыс болмыс, мәңгі жаратылыс құбылысының бастауы болып табылатын алғашқы себеп – Алла туралы өте терең талдау жасағанын көруге болады. Бұл теория ислам философиясының маңызды бір бөлігін құрайды. Ай үсті және ай астындағы деп әлемді екіге бөледі. Бұл әлемдер әрдайым қозғалыс

үстінде, әрі ұдайы өзгеріп отырады. Әл-Фараби *Бірінші Тұлғаны* яғни Тәңірдің міндетті болмыс болғандығын және сол себепті де Ол өзінің *бар* болуы үшін еш нәрсеге мұқтаж еместігін қабылдайды. Оның формасы еш нәрсеге ұқсамайды. Еш нәрсе оған ұқсамайды. Оның қарама-қайшылығы мен серігі жоқ. Тәңірі мен көпшілік қауым арасындағы байланысты әл-Фараби *судур (эманация)* арқылы түсіндіруге тырысады [7, 126 б.]. Фарабидің қоғамтанулық философиясы тәңірлік сөзден бастау алып, ғылыми негіздермен тұжырымдалады. «Фараби бүкіл болмысты себеп және салдар ара қатынастармен байланысты алты дәрежеге (себепке) бөледі: Алла (*ас-сабап әл-Аууал),* аспан денелері (*ас-сабап ас-саний),* ақл (*әл-ақл әл-фаал*), жан (*ән-нафс*), форма (*ас-сурат),* материя (*әл-мадда*). Бұлардан Алла (*вужуди уажіп*) міндетті болмыс, ал қалғаны (*вужуди мүмкін*), яғни мүмкін болмыстар. Бұлар бір-бірімен себеп жағынан байланысты. Адам пайда болған кезде ондағы ең маңызды рөл алатын азықтандырушы қуат (*қууа әл-ғазия*), кейін сезімдік (*хасса*), қиялдау (*мутахаийла*), ойлау (*натиқа*) және қалау (*нузуғия)* қуаттары пайда болады. Бұл бесеуі рухтың негізгі қуаттары» [7, 127 б.]. Ойшылдың айтуынша қала тұрғындарының барлығы осы қуаттарға ие. Фарабидің дүниетанымы оның мағына жағынан тиянақты бөлігіне іс-әрекеттің реалды тарихилығын уақытқа шұғыла, әсер, сәуле беру үшін ғана емес бүкіл идеялар мен таптық күштердің соқтығысуындағы адамдардың ой-сана құрылымы мен бастан кешіргендерін қамтитын кезеңді айқындайды. Әлеуметтік бақыт, мәдени және этикалық дәстүрлерге тәуелді болатын әртүрлі жауаптар әл-Фараби еңбектерінде – әлем мен адамға, қоғам құрылысына, болмыс мағынасына, өнер мен дінге, философия мен ғылымға, ақыл – ой мен қайырымдылыққа, дәуір құбылысының бүкіл тұтастығына оның айқындама дәлелі бар десек бірден-бір қателеспеген болар едік. Әбу Наср әл-Фарабидің қайырымды қаласын сөз қылғанда айтарымыз, ойшыл мұрасы мен мұраты біздің Қазақстан Республикасындағы қоғам дамуы мәселелерімен төркіндес. Фараби қалалар тұрғындарының арман мүдделері мен ниетін суреттей отырып, өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы әділетсіздік пен мінез-құлық коррупциясының күшейіп бара жатқандығын тікелей айтуға мүмкіншілігі болмай, өзінің қарсылығын басқаша формада теоретикалық тұрғыда түсіндіруге тырысады. Надан қалаларда «ауқатты болуда және бай болуды көздеп, қажетті заттарды және осы заттардың орнына жүретін нәрселерді: дирхемдер мен динарларды көбейте беру үшін, өз бастарының өмір сүруіне ең қажетті заттарға жеткілікті бола тұрса да қажетінің сыртынан байлықтың, тойымсыз құлқының соңына түскендер» өмір сүреді деп жазады Әбу Наср. «Надан қалалардың тұрғындары өздері өлгеннен кейін, өздері тастап кететін сыбағалы дүниенің игілілігінен – рақаттан, байлықтан, құрметтен және басқа игіліктерден айырыламыз деп қорқады, ал бұзық адам өзінің артында қалатын тіршіліктегі (игіліктерден) айырылудан қорқады, өзім өлгеннен кейін бақыттан айырыламын деген ойдан қорқады» [1, 190 б.]. Фараби бұл жағдайды қатал сынға ала отырып, мұндай қоғамда адам тағдыры,оның рухани жетілуі, олардың арасындағы қарым-қатынастар саудаға түсетінін ескертеді» дейді А.Х. Қасымжанов. Мұндай қаланың билеушісі де толып жатқан жағымсыз, қоғамға жат қасиеттерге ие болмақ. Фараби мемлекеттегі бір орталыққа бағынған билік жүйесін құптай отырып, дәл осы уақытта барлық надан қалалардың ішінде коллективті қалаға ерекше мән беріп отырады. Даналар мен ораторлар өмір сүретін мұндай қалада қайырымдылық пен қатігездік үйлесімділік тапқанымен, қадірлі адамдардың пайда болуы әбден мүмкін. Өйткені надан қалалардың ішінде де кейбірінің қайырымдылық жолына түсуге болатын мүмкіншіліктері бар екенін ескертіп отырады. Аль-Фараби суреттейтін қалалардың әркелкі үлгілері өздері ұмтылыс жасайтын игіліетің өздері ұмтылыс жасайтын игіліктің түрлеріне байланысты анықталады.егер тұрғындар ұмтылыс жасайтын игілік жеке басты толық жетілдіруге бағытталған және ол ең ақырында ең жоғарғы игілік-бақытқа қол жеткізуге алып келетін болса, бұл «қайырымды қала» әрекетіне тән. Егер игілікке қол жеткізу маңызды қажеттілікті қанағаттандыруға, пайдакүнемдікке, көңіл көтеруге, мансапқұмарлыққа алып келсе, мұндай әрекеттегі тұрғындар пасық, мансапқұмар, зәру, даңғой қалаларда өмір сүреді. «...Надан қаланы материалдық және потенциалдық санадағы адамдар басқарады. Адамдар

мен мемлекет басшылары кейбір нәрселерді білгенімен шын мәнінде надан. Білген нәрселері тек қана осы дүниедегі істер туралы мағлұмат қана» [7, 129 б.]. Қалаларға жоғарыдағыдай сипаттама беру, оларды бөліп қарастыру сол кезеңдердегі феодалдық қоғамның реалиясын ашып көрсетеді. Қалалардың түрлерін қарастыру-адамзат бақыты мен тіршілік мәнін түсінүді анықтаудағы белгілі бір дүниетанысмдық үлгіні жүзеге асыру болмаса орындау іспеттес. Фараби осылайша қайырымды қала мен надан қаланы, ондағы билеушілерді салыстыра отырып,ең жоғарғы бақытты қоғамды аңсайды. Өйткені өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі ортағасырлық аббасид халифатының ішіндегі әлеуметтік қарама-қайшылықтарды әділетті сынға алып, оны теортетикалық жағынан түсіндіруге тырысқан. Мінсіз мемлекеттердегі азаматтардың қол жеткізген бақыт деңгейі саны мен сапасы жағынан әртүрлі. Жойылуға душар болған мінсіз адамдардың жаны уақыт өткен сайын тәнінен алшақтай түсіп, рухтың болмысын қалыптастырады. Бірінен соң бірі ұрпақ осылайшаөте береді. Барлық жақсы адамдардың жандары көп мөлшерде бір-бірімен кездесіп, олардың бақыты өзаратанымның арқасында көбейе түседі. Ал жаман адамдардың жаны – ауру, олар мәңгілік бақытқа, кемелденуге қол жеткізе алмайды.

Жүсіп Баласағұн дидактикалық туындысы «Құтты білік» шығармасында үлгілі қоғам мұратын, ондағы тұрғындардың бақытқа қол жеткізу мәселесін терең қарастырған. Баласағұндық ойшылдың қоғамы қатал түрде иерархиялық сипатта, ондағы тұлға қатал түрде бақыланады, әрқайсысының өзінің атқаратын қызметі бар. Сословиелік бөлініс те өз деңгейінде жоғарғы көрініске ие. Діни заңдылықтар мен ата-баба өсиетін орындауғы үлкен мән береді. Аталмыш шығармада тайпалық аристократияның келбеті жақсы суреттелген. «Құтты білік» шығармасының түр-сипаты, мазмұны жағынан тастағы сына (руна) жазуларымен үндес. Оны біз бүгінгі күні А. Егеубаевтың аудармаларын оқи отырып көз жеткіземіз. Таптық біржақтылық бой көрсететін түркі қоғамындағы саяси пікірдің сан алуандығы бүгін бізді таң қалдырып отыр. Олжа түсіру үшін соғыс ашу, ол кірісті тең етіп бөлудегі қайырымды билеушілердің келбеті ашық айқындалған.

«Ескендірше бар жаһанды алайын.
Нұқтың жасын беріп ұзақ қалайын.
Ұстап жасын қылышын да Қайдардың,
Рүстемдей даңқпен жерді жайлармын.
Не Исадай ұшып көкке шығайын,
Нұшырбандай әділ заңды құрайын!
Иә, қарындай байлық жинап алайын,
Не темірден қамал қала салайын!» [8, 136 б.].

Мұндай айбатты ұйқастарды VIII ғасырдағы түркі қағандары мен қолбасшыларының мәлімдемелерінен, әсіресе Орхон ескерткіштерінен, оның ішінде Білге қаған (735) мен Күлтегін (732) және Тонықөк (шамамен 725 ж) эпитафияларынан байқауға болады. Ескерткіштердің саяси философиясының мәні бір мәселеге алып келеді: «адам әлемінің» құрылымы «төртбұрышты» ғалам құрылымына ұқсас. Оның сөзсіз, үзілді-кесілді бір мағынасы бар, ол кез-келген халықтың басқаларды өзіне бағындыруға, сөйтіп билік құруға ұмтылысы, немесе басқалардың қол астында жүргісі келмей, дербестікке талпынуы. Сондықтан да барлық халықтар бағынады немесе біреулерді бағындырады. Жалпы түркі қауымының яғни жекелеген тайпалар (bod) мен рулардан (oγuš) тұратын түркі тайпалық одақтарының (türk qara qamaγ bodun «жалпы тұтастай түркі халқы») құрылымы инвариантты; олар саяси ұйымдастырылыған. Рулық-тайпалық ұйымдастырушылық – бодун және әскери-әкімшілік (мемлекеттік) ұйымдастырушылық – эль бір-бірін толықтырып тоғысып тұрады. Патша «эльді ұстап, одунды басқарады». Ол өзінің тайпалық одағының ішінде рулар мен тайпалардың генеалогиялық иерархиясындағы көсем, жоғарғы сот және абыз рөліндегі «азаматтық» билеу қызметін атқарды. Сонымен бірге саяси ұйымға жетекшілік етіп, басқа тайпаларды бағындырып, олардан салық жинайтын әскери басшы болған. Эль өз қызметіне жауапкершілікпен қараған, мықты жасақталған әскерді өз деңгейінде ұйымдастырған,

жорықтар мен шапқыншылықтардың бағытын белгілеген, басып алған аймақтарға қатал бақылау жасап, олардың экономикалық және әскери ресурстарын пайдаланған, ал барлығының үстінен әскери әкімшілікті басқаратын ақсүйектерге сүйенетін қаған қарайтын болған. Түркі қағандары мен оның маңайындағылар адамдарды ақсүйектер және халық деп екі сословиеге бөлген. YI ғасырдың соңындағы соғды тілдес Бугут жазбаларында бұл екі сословие куркапындар, яғни «атақ иелері, мәртебелі» деп аталады. Ал, екінші Түрк қағанатының (687-744) жазбаларында – дәл осы ұғым бектер мен халық (türk begler bodun «түрк бектері мен халық») деп беріледі. Мұндай сословиелік жіктелуді енисей қырғыздарынан да кездестіруге болады. YIII ғасырдың ортасындағы ежелгі ұйғыр сына жазуларында *atlyγ* «атақтылар» и *igil qara bodun* «қарапайым халық» деген терминдерді кездестіресіз. Ғаламтор мәліметтеріне жүгінетін болсақ, Орхон ескерткіштерінде әлеуметтік оппозицияның екі баспалдақты мінездемесі байқалады:

Қаған және бектер >< халық

Қаған >< бектер және халық

Жазбалардағы мұндай көріністер бектер мен халықтың тәртібі мен көзқарасының алуан түрлілігін байқатады. Мысалы, Онгин жазбаларында (шамамен 731 ж) соғыстың бір сәтінде қарапайым халық қырылып, бектердің соғыс алаңынан қашып кеткені сөз болады. Ұйғыр қағаны Элетмиш Білге сатып кеткен «атақтылардың» пікірі мен «қарапайым халықтың» пікірін қарама-қарсы қойып салыстыра отырып бөлініп кеткен тайпаларды өзіне қосып алады. Ал басқа жағдайда түркілердің Білге қағаны халықтан бектермен бірге болуды талап еткен. Бұл жерде Махмұт Қашқаримен сабақтастық бар:

«jer basruqy taγ

bodun basruqy beg

Жердің тірегі – тау,

Халықтың тірегі – бек».

Осы орайда тағы бір қырғыз бегінің айтқаны белгілі: «Қарапайым халық еңбексүйгіш болыңдар! Эльдің бұйрығын орындаңдар!». Ал басқа бір естеліктерді оқысаңыз, керісінше бектер мен халықтың бірдей, тең болуын насихаттайды. Қалай десек те барлық сословиелер материалды жағдайларының жақсаруы үшін күреседі. Мысалы деректерге жүгінетін болсақ, түргеш қағаны Сұлудың өркендеуі мен өлімі туралы мынандай айтылады: «Сұлу билігінің алғашқы кездерінде адамдарды жақсы басқарған; ықыласты және ұқыпты болған. Жорықтан кейінгі олжаны қол астындағыларға тең етіп бөлген. Олар да бұған жақсы қызмет етеді... Соңғы жылдары мардымсыздықты сезініп, түскен олжаны бөліске салмаған. Сөйтіп қол астындағылар одан бөлектене бастайды... Мохэ Даган мен Думочжы күтпеген жерден шабуыл жасап, оны өлтіреді» [9, 298-299 бб.]. Осы сияқты мысалдар өте көп. Ежелгі түркі қоғамының жоғарғы баспалдағында қаны жағынан ақсүйек, ерекше статусы бар, айтқаны сөзсіз заң деп қабылданатын бектер отырды. Мысалы түркілерде Ашын руынан шыққан қағандар, ұйғырларда Яғлакар руынан шыққандар іріктелгендер санатын толықтырады. Бірақ бұлардың маңайында басқа да атақты ру өкілдері болған. Барлығы бірігіп қауымды басқаратын болған. Олар тек басқарып қоймай, руластарының әл-ауқатын жақсартуға да баса назар аударатын. Әрбір түрк, ұйғыр, қырғыз тайпаларын генеалогиялық қауымдастық идеологиясы байланыстырады. Басып алынған аймақтардан түскен олжаны тең етіп бөлетін болған. Түркі қағандарының барлық жазбаларында халыққа жасаған көмектері туралы айтылады. Бугут жазбаларында Мұқан қаған (553-572) «халықты жақсы тамақтандырған», Білге қаған болса «халықты жақсы киіндіргенін, сөйтіп оларды байлыққа кенелткенін» мақтанышпен жеткізген. Оның інісі Күлтегін халық үшін «күндіз жұмыссыз отырмаған, түнде ұйықтамаған» деген жақсы келтірімдер кездеседі. Қағандардың барлығы тайпа ішіндегі теңдікті, татулықты қалаған. Кез-келген жасөспірім бала он жасқа келгенде *er aty* «ер, батыр, жауынгер» деген атаққа ие болып әскер қатарына алынады, Элтеріш қағанның ұлы Күлтегін де осы жасында жауынгер атанған. Бұл титулға ие болу үшін жас жігіт алдымен аңға шыққанда немесе әскери ерлік көрсетіп көзге түсуі керек. Бұл турасында мынандай

мысал келтіруге болады «жеті жасында Күли-чор тау ешкісін өлтірген, онға келгенде жабайы қабанды олжалайды». Әрине ақсүйектердің аңға жиі шығуына байланысты баларын сынна өткізу рәсімі де ертерек жасалатын болған. Тек соғысқа қатысқан бала ғана ер жетіп кемеліне келді деген пікір қалыптасқан. Тура осындай мәселені оғыз эпосы «Менің атам Қорқыттың кітабы» туындысынан да кездестіресіз: «Байбөрі ханның ұлы он беске толғанда жігіт атанды, бірақ ол кездерде біреудің басын алмаған бозбалаға есім берілмейді екен, Сөйтіп ол бірде кереуенге шабуыл жасаған қарақшылардың көзін құртып, басын алған. Сол кезде оның әесі Байбөрі оғыздардың бектерін шақырып той жасайды, сөйтіп баласына Байсы-Бейрек деген ат беріледі» [10, 33-34 бб.]. «Ер есімін» иеленген соң жігіт қағанаттың әскери-әкімшілік иерархиясындағы титулдарға қол жеткізе бастайды. Титулдарды беру туралы рәсімдер, ережелер Ихе Хушоту жазбаларында жақсы көрінеді [10, 27-33 бб.]. Монғолия мен Енисейден табылған қабірдегі жазбалардың барлығында дерлік өлген адамның титулы, жасаған ерліктері жазылған. Эльдің мәртебесі мен абыройы оның байлығына, жанұясының жақсы тұрмыс пен молшылықта болуына байланысты белгіленетін болған. Жеке меншігі киіз үй *(eb, keregü),* ағаш құрылыстарымен *(barq)* қоса малы да көп болуы керек. Орталық Азиядағы түркі ақсүйектері үшін байлық мақтаныш құралына айналған. Бұл туралы бізге қырғыз жазбалары жақсы мәлімет береді: «Мен өте бай едім. Малға арналған он қашам бар. Табындарым шексіз» деген Құтлұқ бага-тарқан деген қырғыз бегінің естелігіне қарағанда ол өзінің қоғамдағы әлеуметтік маңыздылығын баса көрсеткенге ұқсайды. Сына жазуларын зерттей отырып, бай мен кедейдің де ара жігін еркін ашып алуға болады. Байларды *(baj, bajbar, jylayγ)* кедейлермен *(čγüaj, joq čγγaj)* салыстыру бар. Кошо Цайдам жазбаларында кедейлер туралы «жейтін тамағы жоқ, киетін киімі жоқ – аянышты, сұрықсыз, төмен адамдар *(jabyz jablaq bodun)* туралы жазылған.Кедейлерге жек көрінішпен қарау сарыны байқалады. Өйткені олардың ұғымында нағыз «жауынгер ержүрек адам» қарудың арқасымен өзіне байлық жинау керек. Мысалы, «Мен он беске келгенде Қытайға жорық жасап, өзімнің жау жүректігімнің арқасында алтын, күміс, бір өркешті түйе, адамдар алып келдім» деген жазбаларды кездестіресіз.Мұндай деректер өте көп. Мұны айтып отырған себебім Жүсіп Баласағұнның шығармасындағы олжалы «батыр сарбаздың» бейнесін сомдауы ежелгі жазбалармен іштесіп үндесіп тұрған сыңай танытады:

«Ұрысқа кір мұздай қару жасанып,
Жау ат қойса, сен қарсы сал қасарып!...
Кісі тонап, күшпен алдым мал жанын,
Бірін қинап, бірін құдым алдадым
Қанша бекті бұл күлкімен сендіріп,
Өлім құшып, кетті көзі телміріп!» [8, 207 б.].

Қ.А. Мамаділ былай дейді: «Қазіргі түркі тілдері, оның ішінде, қыпшақ тобына жататын қазіргі қазақ, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қырым татары, қарақалпақ, ноғай тілдерінің ұлт тілдері болып қалыптасқанға дейінгі ортақ мұраларын әркім өзіне бұра тарта зерттеп, өзіне ғана жағатын оң тұжырымдар жасап алғаны дұрыс бола қоймас. Біз көне түркі ескерткіштерін былай қойғанда, орта ғасырдағы, Алтын Орданың құрылып – құлағанға дейінгі (1250-1517) кезеңдеріндегі жазба мұраларды ортақ немесе күретамыр ретінде зерделесек қана, ұтарымыз анық. Мәселен, татар ғалымдары орта ғасырдағы түркі тіліндегі жазба ескерткіштердің барлық түркі халқына ортақ мұра екенін айта отырып, ол жазба тілді бастапқыда қай тайпа не ұлыс жасады деген сұрақ қояды, оған өздері жауап береді. Соған сүйенсек, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» (1069-1070) атты дидактикалық дастаны Қараханид империясының (840-1212) негізін қалаған «чігіл, яғма сияқты туыс тайпалардың тілінде» жазылған болып шығады. Бірақ дастандағы көптеген сөз қолданыстары көшпелі өмір тәжірибесінен туындағанын, тіпті олардың бүгінгі күні бірқатар түркі тілдерінде кездеспегенімен, қазақ тілінде өзгеріссіз қолданылатынын көрнекті ақын, дастанды қазақшаға тұңғыш аударушы А. Егеубаев Алматыдағы М. Әуезов мұражайы жанынан құрылған Халық университетінің (ол кезде директоры ф.ғ.к., профессор Р. Бердібаев

болатын) кезекті бір сабағында (80-ші жылдары) оқыған дәрісінде айтқан еді. Ұмытпасам, оған ұйғыр ғалымдары да қатысты. Алайда қазақ тіл білімі «Құтадғу білікке» әлі күнге дейін қазақ тілімен салыстырмалы түрде жан-жақты тарихи-лингвистикалық анализ жасай алмай келеді. Содан болар, жоғары оқу орнында оқулық ретінде қолданылып жүрген «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты оқулықтарда дастан туралы жалпылама сипаттама бар болғанымен, нақты тілдік деректерге жасалған талдаулар берілмей келеді. Керісінше, әдебиеттік қырларын зерттеп-тануда қазақ филологиясы батыл да байыпты зерттеулер жүргізіп, білім мен ғылымның ілгерілеуіне аса қажетті материалдар бере алды. Мысалы, профессор Н. Келімбетовтің «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986) атты оқулығы, А. Егеубаевтың аударған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны (1986) қазақ әдебиетінің орта ғасырдағы арналарын тануға айтарлықтай үлес қосты».

Өнегелі адам мұратын қарастырған кезде әл-Фараби мен Ибн Сина философиялық көзқарастарының сабқтастығына тоқталамыз. Қос ғұлама ғылым жолына түсіп халифаттың көптеген жерлерінде айтар болсақ Шам, Мысыр, Харран, Иран қалалары – Исфахан, Хамадан, Рей мекендерін шарлап, кейбір деректерге сүйенетін болсақ Үндістан шаһарында да болып білім нәрімен сусындаған. Әл-Фараби сәл ертерек Саманидтер билігінің шарықтау кезеңінде ғұмыр кешсе, Ибн Сина бұл империяның соңғы кезеңдерінде өзінің туындыларын жазыпты. Самнадидтер дәуірі өздері өмір сүрген аймақтың мәдени және саяси қайта өрлеуіне үлкен мән береді. Бұл дәуірдің іргелі де көлемді туындысы деп бүгінгі шығыстанушылар Фирдоусидің «Шахнамэсін» айтып отыр. Саманидтер династиясының құлауына (999 ж) қарамастан Орта Азия халықтарының мәдени қайта өрлеуі тоқырап қалмады, керісінше алдыға дами береді. Осы тұста айтарымыз Әбу Насрдың ізбасары Ибн Сина шығармашылығы шарықтау шегіне жетіп, бүкіл Шығыс Ренессансының негізгі өзегіне айналады. Екінші Ұстазды нағыз ұстазым деп, өзін оның шәкіртімін деп мойындаған Ибн Синаның да этикалық пайымы өте тереңде жатыр. Бұл ойшылдың бүкіл әлеуметтік ілімі философиялық антропология мен этикаға негізделген. Ойшыл өзінің «Психологияға» арналған еңбектерінде адамның хайуаннан айырмашылығын былай қарастырады: жануар табиғаттың берген сыйлығына қанағаттанады, адамға ол аз, өйткені оған тамақ, киім, үй керек; жануар табиғат сыйын пайдаланып жүре береді, адам болса оны еңбектену арқылы игереді, ол үшін жер жыртады, қолөнермен айналысады; жануарлар топтасып өмір сүргенімен, жалғыздықта да күн кешеді, адамдар жалғыз өмір сүре алмайды, себебі оларға қарым-қатынас пен өзара көмек қажет, бұл дегеніңіз тіл мен ақыл-ойдың кеңеюін талап етеді [11, 332 б.]**.** Адамның қызметіне мән бере отырып Ибн Сина адам мен жанауардың ұқсастықтарына тағы да мән береді, адам сияқты жануарлар да үй соғады, азық жинайды, бірақ жануарлар оны түйсік яғни ырықсыз сезім арқылы істесе, адамдар саналы ұйымдастырған түрде әрекет жасайды. Дегенмен ойшыл қоғамдағы адамдардың әртүрлілігіне әсіресе екі факторға мінез-құлық пен табиғи-жағрапиялық шарттылықтың маңыздылығына ерекше мән береді. Осы екеуін салыстыра отырып ол мінез-құлықтық принциптерді бірінші кезекке шығарады. Себебі халықтың мінез-құлық тазалығы мәдениеттің гүлденуі мен саяси тұрақтылыққа жетелейді. Соның нәтижесінде өзара көмекке ұмтылыс, қайырымсыздықты жоятын көңіл-күй пайда болады. Қоғамның барлық мүшелері үнемі пайдалы әрекетпен айналысу керек. Ол қоғамды үшке бөледі: патшалар (билеушілер), қолөнершілер және әскери адамдар. Алайда бұл көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, ойшыл құл иеленушілік құрылысты қош көрген Аристотель идеяларынан қайда алыста. Ибн Сина қоғамды материалды жағдайына байланысты үш қабатқа бөледі: «Егер адамдардың барлығы патша мен билеушіге айналса, онда олардың барлығы құрып кетер еді, егер адамдардың барлығы бағынушылар мен жұмысшыларға айналып, арасында билеуші болмаса ол кезде де барлығы өліп қалар еді, ал егер адамдардың барлығы тең құқықты болып, ешкім жұмыс істемейтін болса, онда адамзат бір-біріне деген көмектен қағылып, қайырымдылықтан жұрдай болып, адамилықты жоғалтар еді, егер адамзат шетінен барлығы кедей, жоқшылықта болса, аштан өлер еді. Бұл дегеніңіз қоғамдағы адамдардың өмірін

күрделендіріп, қиындата түсер еді» [11, 135 б.]. Бұдан шығаратын қорытынды Ибн Сина қоғамдағы таптық бөліністі құптаған. Бірақ әр таптың немесе топтың мүшесі өз міндетін жауапкершілікпен атқарып, қоғамдағы дербестігін сақтайтын жағдайдағы ғанибет қоғамды насихаттайды. Жалпы мінез-құлықтық кемелдену мен интеллектуальды даму кезінде ойшыл сенімді билеушілерге, визирлерге, министрлерге, әскер басыларына артады. Өйткені дәл осы топтар тарихты жасайды, адамдардың өмірінде маңызды рөл атқарады, елдер мен мемлекеттер арсында келіссөз жүргізеді. Сонымен бірге Ибн Сина қоғамның тарақиятты дамуына ықпал етуші кәсіп немесе қолөнер кәсібіне үлкен мән береді. Өйткені бұл сала экономикалық даму мен материалды сұранысты қамтамасыз етеді. Қолөнер, сауда, экономика, қоғамдағы таптық бөлініс мәселесін қарастырған кезде Ибн Сина Аристотель, Платон, әл-Фараби мұраларына иек арта отырып, аллегориялық формадағы өте жақсы монархиялық мемлекеттің утопиялық моделін ұсынады. Өзінің атқты шығармаларында ойшыл тамаша мемлекет идеясын былайша көрсетеді: қайырымды мемлекетте барлығы өз пайдасы үшін жұмыс істейді; барлық материалды жетістіктер қоғам мүшелері үшін тең бөлінуі керек; адамдар адал сауда жасап, бір-бірін алдамаса қақтығыстар жойылып соғыс болмайды, мемлекет аралық тартыстар бейбітшілік жолмен шешіледі; қайырымды қала тұрғындары тәртіптің арқасында табиғи мінез-құлқын шыңдап, ұзақ өмір сүретін болады; бұл қала тұрғындарының сұранысы қамтамасыз етілген, сондықтан бір-біріне мейірімді, өмір сүйгіш, керемет ән мен музыка тыңдап қартаймай шат-шадыман ғұмыр кешеді» [11, 339-340 бб.]. Бұл тұрғыда қарайтын болсақ Ибн Сина өзінің мемлекеттік-құқықтық көзқарастары жағынан әл-Фарабиге жақын. Ибн Сина тұжырымына жүгінетін болсақ, «артық байлық адамды азғындатады, дұрыс жолдан тайдырады» [11, 341 б.]. Бұл тұрғыда Платон мен Аристотельден алыс кетіп, өзінің пайымы жағынан ерте христиандық, буддалық әдебиетке және түрік-ұйғыр әдебиетінің өкілі Жүсіп Баласағұн идеяларына таяу келіп, жапсарлас болып жатады.

Мораль мен бақыт ұғымына қатысты Шығыс халқының, әсіресе әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның ұлан-ғайыр мұрасын ыждағаттылықпен зерттеп, қазіргі таңда қол жеткен ғылыми ой-сана деңгейінде қайта қорытып, қайталанбас табиғи болмысымен ашып көрсету – жауапты да күрделі мәселелердің бірі. Адам мәселесі мәңгілік, абсолютті, бірақ ол тарих доңғалағының әртүрлі сатыларында өзінің жаңа қырларымен, бітім-болмысымен көрініп отырады. Осы орайда бүгінгі заманның жаңашыл ізденіс жолдарымен шектесетін өнегелі адам мұратындағы бақыт ілімі осылай суреттелді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Әл-Фараби. Музыканың үлкен кітабы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2005. – Т. 3: Әл-Фараби философиясы. – 297-458 бб.
2. Есім Ғ. Заман өткен сайын адамның адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? // Абай. – 1998. – №2. – 9-14 бб.
3. Ислам философиясы. – Алматы, 1998. – 250 б.
4. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы, 1998. – 616 б.
5. Әл-Фараби. Философияның дінге қатынасы // Әлемдік философиялық мұра: 20 т. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т. 4: Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. – 47-70 бб.
6. Касымжанов А.Х. Эстетические взгляды аль-Фараби. – Душанбе: Ирфон, 1990. – 144 б.
7. Кенжетай Д.Т. Әбу Насыр әл-Фараби – түркі-ислам ойшылы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2005. – Т. 4: Ислам философиясы. – 119-131 бб.
8. Егеубаев А. Жүсіп Баласағұн. – Алматы: Арда, 2005. – 311 б.
9. Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 160 б.
10. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена: в 3-х т., – М., 1960. – Т. 1. – 320 с.
11. Болтаев М.Н. Абу Али Ибн Сина. – Москва: Сампо, 2002. – 398 с.

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ: ҰЛЫ ОЙШЫЛДАР АРАСЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚ ОЙ-ПІКІР САБАҚТАСТЫҒЫ

Оразаев С. Б., гуманитариялық ғылымдар магистрі
Искакова К. Ы., филос.ғ.к., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады», - деп Ел басы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында атап көрсеткеніндей [1], қазақ даласының ұлы адамдары шоғыры ішінде алар орны өте жоғары тұрған Әл Фараби бабамыз және Абай атамыздың есімдері екендігі ешбір күмән туғызбайды. 2020 жылы ұлы ойшыл, Шығыстың Аристотелі атанған, атақты жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл, данышпан, ойшыл Абайдың туғанына 175 жыл толады. 2019 жылдың 26 тамызында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби мен Абайдың мерейтойларын кең ауқымда атап өту туралы тапсырма берді. Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік комиссияның жұмыс органы болып белгіленді. 2019 жылдың 10 қазанында дайындау және өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысы өтті. Үстіміздегі жылы ЮНЕСКО деңгейінде де Фарабидің 1150 жылдығы, Абайдың 175 жылдығы атап өтіледі.

Әл-Фараби өмірбаянының кейбір кездерін еске сала кетсек. Толық аты-жөні: Әбу Насыр Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараб.Ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, физик, ботаник, астроном, лингвист, логика мен музыка теоретигі. Әскербасының отбасында дүниеге келген. Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білім алған.

мен Т. Смағұлұлының «Развитие государственности у древних тюрков в VI-VIII вв.» атты зерттеу жұмыстары, «Қазақ хандығының тарихы» бойынша белгілі тарихшылар: Ж. Қасымбаев, К. Пищуллина, И.В. Ерофеева, Е.Ж. Валиханов, Қ. Абуов, А. Исин, Б. Аяған, Х. Әбжанов, Б. Кәрібаев және Ә. Мұқтар, Е. Сыздыков және басқалардың еңбектері жарық көрді. Кейінгі буын өкілдерінің де шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалары жарық көре бастады. Ұлттық Ғылым академиясының академиктері К. Байпақов, З. Самашев, В.Ф. Зайберт, профессорлар У. Шәлекенов, М. Елеуов, Ә. Төлебаев, Ж. Таймағамбетов, С. Жолдасбаев, А. Досымбаева бастаған археолог-ғалымдар тың жобалармен жұмыс жасады. Бүгінгі күні бұл ғалымдардың әрқайсысы бір әлем. Әсіресе, «Қазақстанның палеолит кезеңі», «Орал-Ертіс өзенаралығындағы энеолит дәуірі» қазбалары, «Ортағасырлық қалалар және Шу-Талас өзенаралығы тұрақтарын (VI - XIII ғ. басы)», «Жетісу тұрғындарының мәдениеті (б.д.д. IIғ. – б.д. Vғ.)» және басқа да ізденістерден кейінгі тың археологиялық зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми қауым арасында мойындалды.

Айта кету керек, заманауи кезеңде Қазақстанның этнография ғылымы жан-жақты дамып келеді. Зерттеуші ғалымдардың (С. Әжіғали, А. Тоқтабай, Д. Әлкейқызы, Р. Мұстафина, Ш. Тохтабаева, А. Қалыш, М. Алпысбес, А. Оразбаева, Т. Картаева және басқалар) халықтың тұрмыс-тіршілігі, тілі мен діні, өнері, әдет-ғұрпын және тарихи кезеңдердегі дәстүрлі қазақ қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуын пәнаралық байланыста зерделеген еңбектері отандық және шетелдік ғылыми баспалардан жарық көрді. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында (2001-2004 жылдары) ғана, Қазақстан тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша тарихи жадыны қалыптастыру және тарихи әділеттілікті орнату бағытында 26 арнайы зерттеу жобасы іске асырылды. Жан-жақты зерделеу нәтижесінде, шетел тарихнамасы аясында Қазақстан тарихының (К.Л. Есмағамбетов, Б. Садыкова т.б.) түрлі қырлары алғаш рет ашыла түсті. Араб деректеріндегі қыпшақ, құман және қимақтар, көне түркі ескерткіштеріндегі деректік құндылықтар, тұлғалар (Ә. Дербісәлі, Б.Е. Көмеков, Қ.З. Тұрсынхан), Цинь империясы тұсындағы қазақ елінің стратегиялық ұстанымдары (К. Хафизова), Орталық Мауереннахар қалаларының (II-VII/VIII-XIII ғғ.) өмір-тіршілігі (Ә.Қ. Мүмінов), «Түрік әлемі: Тарихты қайта пайымдау» (Қ. Салғараұлы), Қазақ-Қытай қатынастары (Н.А. Алдабек, Н. Мұхаметханұлы), ҚР кәсіби әскери кадрларды даярлау тарихы (А.Б. Тасболатов), XVII-XVIII ғғ. Қазақстардың әскери ісі тарихы (А.Қ. Көшкімбаев) және т.б.. Мұрағат қорларындағы тарихи тың деректер, өткен ғасыр басылымдарындағы материалдар ғылыми айналымға қосылды. Олар: Алаш қозғалысы (К.Н. Нұрпейіс, Қ.С. Алдажұманов, М.Қ. Қойгелдиев, С. Аққұлұлы және т.б.), Біртұтас Түркістан идеясы (Д.Қ. Қыдырәлі), Қазақстан тұрғындары көші-қонының тарихнамалық мәселелері (С.И. Ковальская), «1926-1959жж. Қазақстанның демографиялық дамуы» (А.И. Құдайбергенова), «XVIII-XIX ғасырдағы қоныстандыру тарихы және зардаптары» (Д. Әбенов, Б. Әбенова), XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз материалдарындағы қазақ тұрмысы (С.Ө. Смағұлова), «Кеңес мемлекетінің көші-қон саясаты (Қ.М. Ерімбетова), «Қазіргі заман тарихы» (Б. Аяған, А. Ауанасова) және т.б.

Қазақстан тарихы әлемдік тарихпен ұштастырыла зерттелген еңбектер жарық көрді. Мысалы, профессор К.Қ. Қожахметов ҚазМУ-де Шығыстану факультетін құрудың алғашқы бастамашысы, 1989-2003 жылдар аралығында Азия және Африка елдері тарихы кафедрасының меңгерушісі, ал одан соң Индология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Ол Корея, Египет, Палестина, Үндістан, Қытай, Ливан, Түркия, Иран, Пакистан және де басқа елдердің елшілігі мен мәдени орталықтарымен өзара байланыс орнатуға ықпал жасаған, араб елдері мәселелеріне қатысты іргелі зерттеу жүргізген дара тұлға. Сол сияқты ежелгі герман қоғамынан халықтардың Ұлы қоныстануына дейінгі дамуының негізгі мәселелері (Қ.Т. Жұмағұлов), Францияның ақыл-ойындағы голлизм (Ж.О. Ибрашев), одақтас республикалар ынтымақтастығы (Қ. Қаражанов), Жошы ұлысы құрамындағы Шығыс Дешті қыпшақ. Ақ Орданың саяси тарихының аспектілері (Қ.З. Өскенбай), XVIII ғасырдың соңғы ширегімен – XIX ғасырдың 70-ші жылдарына дейінгі Қазақ-қоқан қарым-қатынастары (Ө.Қ.

Қожақов), XVIII – XX ғғ. басындағы Түркістан халықтарының өзара қарым-қатынасы тарихы (С. Мәдуанов, М. Шәлекенов), Ресейдегі қазақ диаспорасы (Меңдіқұлова Г.М., Қалыш А., Қабылдинов З.Е. Қалшабаева Б.К.), XIX ғасыр тарихы архив деректерінде (В.В. Галиев), Қазақстанның шығыс аймағы мен Алтай өлкесі шетел деректерінде (Ғ.М. Қарасаев), Қазақстан тарихының тарихнамасы (О.Х. Мұқатова) және өзге де ғалымдар (Н.А. Абдуллаев, М.Ж. Әбдіров, Х.М. Тұрсын, Ұ.Ш. Ысмағұлов, Р. Оразов, А. Күзембайұлы, С.К. Шілдебаев, Қ. Әлімғазинов, З. Сақтағанова, Г. Көкебаева, Ф.Т. Көкеева, Т.С. Көлбаев, Б. Қойшыбаев, Р.М. Жұмашев, Т.А. Төлебаев, Қ.Р. Несіпбаева, Р.Ж. Қадысова, М. Аңсатова, Д. Сәтбай, Г.М. Какенова, Г.К. Кенжебаев, А.Ш. Махаева, Р.М. Таштемханова, Д. Махат, К.М. Ілиясова, А. Оразбақов, У. Ибраев, Н. Мыңжасов, Ә. Әлпейісов, Қ.А. Еңсенов және т.б.) өзекті тақырыптарда ғылыми жұмыстарының нәтижесін жариялады.

Қазақстанның XX ғасырдағы қоғамдық-саяси, экономикалық өмірі мен тұлғалар тағдыры кеңінен тарихнамалық әрі деректік тұрғыда ғалымдардың (М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Ж. Қуанышев, Ө. Озғанбай, Г. Халидуллин, Қ. Атабаев, Т. Жұртбай, Л. Гурьевич, С. Мәжитов, М. Кәрімхан, Н. Шаяхметов және басқалардың) зерттеу нысанына айналып, тарихи «ақтаңдақтардың» ақиқаты айқындалды.

Жоғарыда аталған және басқа да іргелі ғылыми зерттеу барысында ата тарихтың белестері дала өркениетінің құрамды бөлігі ретінде, шежіре және құжаттық деректер арқылы тұжырымдалды. Қандай заман болмасын, елдік мүдде - қазақтың ұлттық мемлекеттік бітімі, біртұтастық үрдісі болғандығы айқындалды. Ата-баба жолы – ата дәстүрі, елін және жерін қорғау дәстүрінің сабақтастығы сараланды. Тарихқа деген қызығушылық артты. Рухани салада түбегейлі өзгерістер қалыптаса түсті. «Тарихи сана тұжырымдамасы» аясында, қазақстандықтар өз рухтарының – өрі де, тұғыры да – төрде болуы жолында, еңбек етті және алға ұмтылыс жасалды. Келешек ұрпақтың жаңа дүниетанымдық моделін жобалау, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау қажеттігі туындаған тұста, 2013 жылдың 5 маусымында Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген алқалы жиыны болып өтті. Жиынға ҚР Мемлекеттік хатшысы, ҚР Президенті Әкімшілігінің өкілдері, үкімет мүшелері, Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері, жергілікті атқарушы билік басшыларының орынбасарлары, республиканың танымал жетекші тарихшылары қатысты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Мұхамбетқазыұлы Тәжиннің басшылығымен өтіп, баяндама жасады және ол «бүгінгі күні тарихи ғылымға мүлде жаңа талаптар қойылып отырғанын, ал әлемдік тарихнамада таным тәсілдеріне қатысты сыни қайта бағалау жасалынып отырғанын ерекше атады. Қазақстандық тарих ғылымын алдыңғы қатарлы методология мен тәсілдер негізінде сапалы дамытуға жол ашу, қазақтардың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру, Қазақстанның қазіргі заман тарихының екі он жылдығын електен өткізу сияқты нақты мақсаттар қойылды. Жалпы қазақстандық бірегейлік - ұлттың тарихи санасының тұтқасы болуы қажеттілігі» баса назарға алынды. Ұлттық бірегейлікті үйлестірудегі тарих ғылымының маңызы ерекше екені белгілі. Тарих ғылымының даму Тұжырымдамасына да өзгерістер енгізу қажеттілігі артты. Тарих ғылымының жаңа міндеттері де айқындала түсті. Олар: мұрағат құжаттары мен жазбаларды сыни көзқараспен сүзгіден өткізу, зерттеу тәсілдері мен тілдік құралдарды өзгерту, жүйелі зерттеу, толыққанды ұлттық тарихи көрініс жасау, елдің көпэтникалық құрамының қалыптасу процесін объективті тұрғыда зерттеу.

Соңғы ширек ғасырда елдегі өткен оқиғалардың ауқымы мен тарихи маңызы жүйелі зерделеуді қажет етеді. Тарихшылар үшін нақты ғылыми талдау жасау нысаны ретінде, мемлекеттік басқарудағы қазақстандық моделдің маңызды бөлігі – ұлт көшбасшының рөлі көрсетілді. Әсіресе, оның стратегиялық көрегендігі, халыққа нақты іс-қимыл ауқымында уәде беретіндігі, басқарудың инновациялық түрін меңгеруі, жеке тұлғаның интеллектуалдық күші зерделенуі керектігі алға тартылды. Осының барлығы жүйелі әрі объективті қарастырылуы

қажеттігі ескерілді. Ведомоствоаралық жұмысшы тобының отырысында алдағы кезеңнің жоспары айқындалды және бекітілді.

2013-2016 жылдары қабылданған шешімдерге сәйкес келесі жұмыс жүргізілді. Шет елдерге экспедициялардың нәтижелері бойынша материалдар жинақталып, электронды ресурстарға орналастырылды: Ұлттық кітапхана, «Мәдени мұра» порталы, «Қазконтент» АҚ, Электронды каталог (www.ncai.kz).

2013-2014 оқу жылының басында барлық мемлекеттік университеттерде Қазақстан тарихы кафедралары ашылды, жоғары оқу орнынан кейінгі «Тарих» мамандығы бойынша кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс, сондай-ақ PhD докторлар саны өсті.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктерін көрсететін оқу жоспарларына өзгерістер енгізілді, департаменттердің материалдық-техникалық жабдықталуы, кітапхана қорын толықтыру мәселелері талқыланды. ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарының бірқатар веб-сайттары жаңартылды . Ғалымдар тобымен ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі ұлттық тарих бойынша негізгі оқулықтарды дайындау бойынша ауқымды жұмыс жүргізді.

2014-2016 жылдардағы «Халық тарих толқынында» ғылыми зерделеу бағдарламасы аясында ұлттық тарих тұжырымдамасының жаңаша сипаты айқындалды. Ұлттық Конгресс тарихи ғылымды жаңғыртуда үлкен жұмыс жасады. 2014 жылы ғалымдар, университеттердің, әкімдіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан алты аймақта тарихшылардың кездесулері өтті. «Нұр Отан» партиясының мүшелері, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Жастар конгресі, Жас тарихшылар қауымдастығы және басқа да қоғамдық және ғылыми ұйымдар көптеген тақырыптық іс-шараларға қатысты. ҮЕҰ мемлекеттік тапсырыс бойынша 16 арнайы жобаны ұсынды, олар қажетті сараптамалардан өтті. Сыртқы істер министрлігімен бірлесе отырып, шетелдік ғалымдардың Қазақстанға келуі және археологиялық экспедицияларға қатысуы, сондай-ақ шетелдік рейтингтік ғылыми журналдарда Қазақстан тарихына арналған материалдарды аудару және жариялау туралы мақалалар дайындау жұмыстары басталды. 2014 жылы қазақстандық ғалымдар тарапынан шетелдік он елдің мұрағат қорларына ғылыми сапарлар ұйымдастырылды: Иран, Үндістан, Қытай, Египет, Түркия, Моңғолия, Ұлыбритания, Германия, Өзбекстан, Ресей. Түркі қағанатының қалыптасуы мен даму тарихы туралы түркі тастан-жазбаша және қолжазба дереккөздерін анықтау, суретке түсіру және көшіру жұмыстары жүргізілді, Шыңғыс хан дәуіріне дейін түркі тайпаларының тарихи бірізділігі мен біртұтас этно-географиялық байланыстары туралы мәліметтер анықталды. Моңғолиядан, Қытайдан және Германиядан шыққан түркітілдес (әсіресе қазақ) халықтар тарихының прото-, ежелгі және ортағасырлық кезеңдерін түсіндіруге мүмкіндік беретін ежелгі, түрік руна хемо-жазба, ежелгі үнді, қытай көздерінің негізінде ерте көшпенділердің тарихына тарихи деректердің көшірмелері әкелінді. Ғылымды одан әрі дамытуға үлкен серпіліс берген Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеуге байланысты еді (2015).

2014-2016 жылдарға арналған «Халық тарих толқынында» бағдарламасы аясында көне, ортағасырлық, жаңа, қазіргі заман және тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан тарихы мен мәдениетіне арналған ғылыми жобаларының іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстарының бағдарламасы дайындалды. Айта кету керек, қазақстандықтар бойына жоғары руханилықты қалыптастыруда, қоғамда тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтап, нығайтуға мемлекеттік қоғамдық-мәдени және діни ұйымдардың бірлескен ұжымдық жұмысы қажеттілігін алға тартқан шығыстанушы-исламтанушы ғалым, ата сөздің шешені - Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ол Иран, Орталық Азия және Ресей, араб елдері кітапханалары қорларында сақталған араб және парсы қолжазбаларын ғылыми айналымға енгізіп, X-XVIII ғасырлардағы ғылымның көптеген салаларын дамытуға үлес қосқан 50-ден аса ойшылдар мен оқымыстылар есімімен толықтырып, отандық ғылымның дәрежесін көтерді. Бір ғана Отрардың ислам ғылымы мен мәдениетіне үлес қосқан 18 Отрарлық-Фарабилер жөнінде тың мәліметтер жариялады. Оған қоса, әрбір дерекке ғылыми дәлелдер және қорытындылармен тұжырым жасады. Ғалым

ортағасырлық қазақ тарихшысы, дипломат және ақын Мұхаммед Қайдар Дулаттың жерленген жерін анықтап, ондағы құлпытас эпитафиясының мағынасын шешті, оның шығармашылығының жаңа қырларын ашты. Тәу еткен тәуелсіз Қазақстан тарихының асқар белестерінің бірі – Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында Душанбе, Ташкенттің қолжазба нұсқалары және Тehранда жарық көрген А. Ғаффарифәрд тексологиясы еңбегі негізінде парсы тілінен қазақшаға аударылған, құнды дерек көзі - Мұхаммед Қайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» шығармасының жаңа басылымын қазақтың қажырлы азаматы, шығыстанушы-ғалым Ислам Жеменей тарихсүйер қауымға тосын сый ретінде ұсынды. Кітап «Тарихи сананың жаңғыруы» атты алғысөзбен жарық көрді.

Мемлекет тарихы институты «Халық тарих толқынында» бағдарламасы аясында Салааралық жұмысшы тобының кеңейтілген отырысының хаттамасына сәйкес, тапсырмаларды қолға алынып, 2014-2016 жылдар аралығында жұмыстар атқарылды [5]. Атап айтқанда, Батыс Еуропа елдеріндегі екінші дүниежүзілік соғысқа қазақтардың қатысуы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің қызметі, оның қазақстандық мемлекеттілікті қалыптастыру және оны нығайтудағы рөлі; Қазақстан тарихы (ерте кезеңнен тәуелсіздікке дейін) оқулығы мен хрестоматиясын, базалық Қазақстан тарихы оқулықтарын оқу процесіне енгізу (жобасы қолға алынды); «Қазіргі заман тарихы» оқулығы мен хрестоматиясын жасау және баспадан шығару; Қазақстан Республикасы дүниежүзілік және аймақтық интеграциялық процестерде; Алаш интеллигенциясының тарихи ойы, тұлғалар және қазіргі кезең; Қазақстандағы этностар мен мәдениеттер т.б.

Қазақстан Республикасы жаңғырған мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінде отандық ғалымдар ғана емес, сол сияқты таяу және алыс шетелдегі тарихшы қауым да белсенділік көрсетті. XX ғасырдың 60-шы жылдары қазақтың Мағжанын тірілткен, 70-ші жылдары Алаш қайраткерлерін ұлағаттап, қазақтың ұлт-азаттық қозғалысына шолу жасаған, бірегей тарихшы - Хасен Оралтай (1933 - 2010), XX ғасырдың 40-шы жылдары көрші қытай елі оқырмандарына қазақ халқының тарихы мен мәдениетін «Қазақ тарихының дерегі» (1947ж.) еңбегі арқылы танытқан аудармашы, тарихшы-әдебиетші, «қазақтану ғылымының атасы» атанған ірі тұлғалардың бірі - Нығмет Мыңжанұлы. Түркия еліндегі Мимар Синан университетінде жұмыс атқаратын тарихшы-түрколог, Мұстафа Шоқайтанушы ғалым – Әбдіуақап Қара Ресей Федерациясы Ресей Тарихы институтының (бұдан әрі, -РФ РТИ) профессоры, тарих ғылымдарының докторы Найля Ермұханқызы Бекмаханова, Дина Ахметжанқызы Аманжолова, РФ Шығыстану институтының профессоры Александр Шайдатұлы Қадырбаевты атап өту абзал. Айта кету керек, соңғы жылдары Қазақстан мен Ресей ғалымдары арасында өзара ғылыми-интеллектуалдық ортаны қалыпты жағдайда дамыту үрдістері жаңаша бағытта жаңғырып келеді.

Астана – тәуелсіздіктің тұмары болғандықтан да республика аймақтарындағы рухы биік тарихшылар қауымы, әрбір ғылыми шарада шығармашылық белсенділігін көрсете білді. Мемлекет тарихы институты тек мемлекеттік органдар мен қорлар ғана емес, сол сияқты аймақтағы ЖОО-дағы тарихшылармен тұрақты байланыс орнатқан. Республика бойынша аға буынның жолын жалғастырған танымал тарихшы, археолог, антрополог, этнограф, демографтар және басқа қоғамдық білім және ғылым салаларының мамандары өсіп жетілді. 2018 жылы 19 қаңтар күні Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегі және отандық тарих ғылымының міндеттері» тақырыбында өткізілген Қазақстан тарихшыларының V Ұлттық Конгресінде басты идеялар - қоғамдық сананы жаңғырту, ұлттың рухани жаңғыру мәселелері талқыланып, арнайы Қарар қабылданды. Мемлекет басшысының барлық идеялары мен бастамалары, рухани даму және жаңғыру негіздерін қалыптастыру сияқты ұсыныстары үлкен қолдауға ие болды. Ал, «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында тұжырымдалған тәуелсіздік кезеңдері, негізге алынды.

Мемлекет тарихы институтының ғалымдары қазақстандық қоғамда тарихи танымды қалыптастыру, халықтың тарихи-мәдени мұрасын талдау, жаңа жағдайдағы Отан тарихының теориялық-методологиялық принциптерін қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар

атқарды және жалғасуда. Қазақстан Республикасының қазіргі заман тарихының іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстары жолға қойылып, оның нәтижесі бойынша ғылыми басылымдардан іргелі ғылыми еңбектер жарық көруде. Жаңалыққа ұмтылыс және жаңғырған заманға қарай бейімделу нәтижесінде, Қазақстанда әлем қауымдастығы алдында беделге ие болды және ол стратегиялық мұраттары бар қуатты мемлекетке айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Тоқаев Қ.-Ж. Выступление Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева на Общих дебатах 74-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН г. Нью-Йорк, 24 сентября 2019 г.
2. Козыбаев М.К. История и современность.-Алма-Ата: Ғылым, 1991.-254с.; Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты.-Алматы: Қазақ университеті, 1992.-272б.; Козыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. -Алматы: Қазақстан, 1994.-192б.; Козыбаев М.К., Едыгенов Н.Е. Труд во имя Победы.-Алматы: Казахстан, 1995.-176с.; Қозыбаев М. Тарихзердесі. 1-2 кітап. Алматы: Ғылым, 1999.-344б.; Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Т. 1-2.-Алматы: Ғылым, 2000.-420с.
3. Заключение Комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан по изучению постановлений КазЦИК и СНК КАССР от 27 августа 1928 года «О конфискации байских хозяйств», от 13 сентября 1928 года «Об уголовной ответственности за противодействие конфискации и выселению крупнейшего и полуфеодального байства», от 19 февраля 1930 года «О мероприятиях по укреплению социалистического переустройства сельского хозяйства в районах сплошной коллективизации и по борьбе с кулачеством и байством».//«Советы Казахстана», «Казахстанская правда», 22 декабря 1992 год.; Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақханды ғының 550 жылдығына араналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі. –Астана, 11 қыркүйек 2015 жыл.; Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументінің ашылуында сөйлеген сөзі. –Астана, 31 мамыр 2012 жыл.
4. Нұрсұлтан Назарбаев. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017.-83 бет.
5. Мемлекет тарихы институтының жылдық есебі. Іс № 01-02-08. Том № 1, Том № 2.; Народ в потоке истории.// Казахстанская правда, 2013. Июнь – 6.

ҰЛЫ ДАЛА – ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ТІРЕГІ

Әбжанов Х. М., т.ғ.д., профессор
ҚазҰАУ«Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының жетекшісі

Елбасымыздың қаламынан туған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы ниеті дұрыс әрбір қазақстандықты мақтаныш сезіміне бөледі, ел мен жердің өткені, тағдыры, келешегі жайлы қалың ойға жетеледі. Мұндағы: «біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз», деген жолдар қоғамтанушы ғалымдарға аса жауапты міндет жүктегені акиқат [1].

Мақаланың атауынан-ақ ойға оралатын бірінші сұрақ Ұлы дала дегеніміз не? Оның адамға, қоғамға, тарихқа ықпалы қандай?

Даланы әркім – орыс, қытай, араб, т.б. – өзінше түсінеді. Қазақ үшін дала – ұшы-қиыры жоқ әрі жер бедерін көрсетпей тастайтын табиғи кедергіден ада, Абай сөзімен айтсақ, «айналасы теп-тегіс, жұмыр» кеңістік. Даласыз мемлекет болмаса керек. Аумағының дені (90%) таулы болып келетін Ауғанстанда да, Арменияда да дала бар. Бірақ Еуразия құрлығында даланың ең әсерлісі, үлкені бізде, Қазақстанда. Біздің жыл санауымызға дейін-ақ сақтардың ұлан-ғайыр жері болғанын тарихтың атасы Геродот та жазып кеткен [2]. Ана шетінен мына шетіне дейін, қиналмай демейік, бөгесінсіз жүріп өтесіз. Сарыарқаны Жетісудан, Алтайды Атыраудан бөліп жатқан асу бермес тау, өткел бермес су, ит тұмсығы батпайтын ну орман, аяғыңызды тұңғиыққа тартқан батпақ алдыңыздан шықпайды. Қиырдан қиырға дейін құшағын жая адам шақырып тұрған ашық кеңістік. Даланың бұл да бір ұлы қыры. Осы

тұрғыдан келгенде Қазақстанмен қатар тұруға Моңғолия ғана таласа алар. Алайда оның жер көлемі әлдеқайда аз ғой.

Тұтастық әрі өмір сүруге жайлылық мамыражай көсілген даламызға тән. Алғашқы еңбек бөлінісінен кейінгі дәуірде мұнда мал шаруашылығы мен жер шаруашылығына қатысты барлық алғышарттар қалыптасқандықтан адамдардың құтты мекеніне айналды. Соған сай қала мәдениеті өркендеді. Ежелгі және ортағасырлық жазба деректерде Ұлы даланың бақуатты өмірі туралы аз айтылмаған. Рухани әлемі жалпыадамзаттық биікке көтерілгенін бабаларымыз қалыптастырған аң стилінен анық көрінеді. Есте жоқ ескі замандардан-ақ Батыс пен Шығысты жалғап жатқандықтан түрлі мәдениеттер мен өркениеттерді тоғыстырды. Жыл мезгілдеріне – жазға, қысқа, көктем-күзге – рет-ретімен ауысатын табиғаты да мінезге бай. Жердің сегіз қырлы, бір сырлы қасиеті тап осы топырақтан жаратылып, табан аудармастан 40 ғасырдан бері этникалық болмысын шыңдап келе жатқан байырғы тұрғындары – қазақтың бойына, тарихына молынан дарыған. Каспий мен Балқаштың жағасында, Алатау мен Алтайдың баурайында, Қазығұрттың басында, Кенесарының Бурабайында мінезі сан алуан адамдарды – батыры мен ақыны көп албанды, жау түсіруге әзір адырайған адайды, әр сөзіне қарауыл қойып сөйлейтін арғынды, бетпе-бет келсе аюмен алысатын найманды, Шыңғыс ханды жиені санайтын қоңыратты, колбасшысы Мұқалимен қайта табысқан жалайырды кездестіресіз. Атасы бөлек қожалар мен төрелер қазақ болып кеткені қашан! Осының бәрі алғашқыда түркіше, XV ғасырдан беріде бір тілде – қазақша сөйлеуде. Мұндай көпқырлы бірегейлік әр этностың маңдайына жазыла бермеген. Жер көлемі Қазақстаннан бес есе үлкен Қытай халқы жеті тілде сөйлейді екен. Алақандай Қавказ анау: қырдың бергі жағындағылар арғы ауылдағыларды түсінбейді. Тілдік тұтастық қазақтың шешен әрі бай тілде сөйлеуін қамтамасыз еткеніне қоса дәуірлер мен уақытты жалғап жатыр. Қазақ VIII ғасырдың тұлғасы Күлтегінді, бүгінгі түркілік халықтарды қиналмастан түсіне береді. Даланың құдіретті ұлылығын осыдан да байқаған абзал.

Бұл Даланың басынан қандай тағдыр өтпеген. Империя биігіне көтерілді, империялар қоластындағы отар өлкеге де айналды. Соның бәрі сайын даланың төсіндегілер тағдырымен бірге өрілгендіктен табиғат пен тарихтың көзге көріне бермейтін ішкі байланысы ретінде ұлттық тарихнамамыздан лайықты орнын табуы керек. Қай дәуірде болмасын артық туған ұл-қыздары адамзат өркениетіне материалдық, рухани, имани, интеллектуалды олжа салды. Бөтеннің зорлық-зомбылығымен қынадай қырылып жоғалуға шақ қалғаны да рас. Бірақ Ұлы даланың ашықтығы, тұтастығы адамдарының бойында құрыштай бекем мәдени-генетикалық кодпен, салт-дәстүрмен, әлеуметтік қатынастармен көмкерілгендіктен тағдырдың тезінен аман-сау қалыппыз. «Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға қақымыз жоқ» [1]. Алыс-жақын елдер де білуі керек. Ақиқатын айтсақ, әрісі отарлық, берісі кеңестік Қазақстанның қуанышы мен қасіретінен басқалар хабардар бола бермеді. Білмегендіктен ақиқатқа қиянат жасаумен Борат туралы кино түсірушілер табылды. Енді ғана ақиқат алдындағы ғасырлар қарызын қайтарудамыз. Тарихқа көзқарасымыз саяси, теориялық, методологиялық жағынан түбегейлі жаңғыруда. Тәуелсіздікпен қайта өрлеп, Мәңгілік Ел орнатуға бет алған жайымыз бар. Даланың ұлылығына айғақ-дәлел осындай-ақ болар.

Ұлы даланың қасиеті мен киесі арқасында халқымыз жаһандық деңгейдегі екі апаттан аман қалды, жоғалып кетпеді. Оның бірі – миллиондаған қазақтың өмірін жалмаған ашаршылықтар мен экологиялық дағдарыстар. Ашаршылық жерді сан ғасырлық иесінен тартып алумен, яғни иесіз қалдырумен, жердің сәні, этножүйесінің драйвері, берекесі төрт түлік малды аяусыз қырумен келді. Халық құрамындағы қазақтың үлесі 29%-ға дейін құлдырады. Демографиялық қысымнан жұтылып кетуі керек еді. Жетімсіреген жер, құлазыған ен жайлау үнсіз қала алмады. Көреген бабаларымыз жердің қамқоршыл қасиетін XIV ғасыр бұрын Күлтегін тасына қашап жазуы бекер емес:

Көкте түркі тәңірісі,

Түкінің қасиетті жері-суы,
Былай депті:
«Түркі халқы жоқ болмасын»,-дейін
Халық болсын,-дейін [3].

Сталиндік-голощекиндік геноцидтен кейін де қазақты бауырына басты, қалаға жосылтпады. Өйткені қаладағы басым көпшіліктің тілі мен діні ғана емес, жер туралы түсініктері де қазақтікімен жанаспайтын. Олар жерді сакралды нысанға жатқызбады, табыс көзі, құрылыс алаңы, уақытша тұтынатын зат деп қабылдады. Мұндай психология қазаққа мүлде жат еді. Жердің тағдырына жеңіл-желпі қарау қасірет шақыратынын XX ғасыр әбден дәлелдеді. Ол тұрақтылыққа, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретінін жерді сатуға наразылық білдірген 2016 жылғы оқиғалар, 2017 жылғы Конституциялық реформа және көрсетті.

Аралдың тартылуы, топырақтың, судың, ауаның бұзылуы, ядролық жарылыстармен, жойдасыз тың игерумен Ұлы даланың асты-үстін талқандау, яғни Жер-ананы қорлау тоталитаризмнің барша адамзатқа қарсы жасаған қылмысы. Айналып келгенде, асқанға тосқан, зауал бар екен. Ұлы даланың обалын мойынына артқан большевиктік кеңестік билік қылмыскер ретінде тарихтың қоқыр-соқырынан орын тепті. Осының бәрі ұлттық тарихнаманың методологиялық қағидатына айналғанда өткенді дәлме-дәл танимыз, тарих тағылымының миссиясы мен қызметі тәуелсіздік кадесіне жарайды.

Жаһандық апаттың екіншісі - қуғын-сүргін де тоталитаризмнің саясаты мен теориясынан туындады. Батыр бабаларымыз күндіз отырмастан, түнде ұйықтамастан қорғаған жер мемлекеттік меншік саналғанымен шекарадан әленеше мың шақырымда жатқан Кремлдің ашса алақанында, жұмса жұдырығында қалды. Ономастикасы шұбарланды, миллиондаған басқа халықтар зорлықпен осында көшірілгендіктен демографиялық дамуымыз ғана бұзылған жоқ, ұлттық кодымыз әлсіреді, әсіресе ең ұлы байлық - тіліміз мүшкіл халге түсті. Жерді жатсындыру оның тарихтағы орнын методологиялық, деректік, теориялық тұрғыдан бағалау мүмкіншілігін тарылтты. Демек, санаға, ұрпақтар сабақтастығына қатер төнді. Үздіксіз қуғын-сүргін ұлттың мәйегі – зиялыларды дүниетанымдық, сандық және сапалық дағдарысқа ұрындырды. Егер бірінші апаттың қасіреті XX ғасырдың ортасынан асқынса, екінші апат қазақтар үшін Ресейге бодандықты қабылдағаннан 1991 жылдың 16 желтоқсанына дейін созылды.

Сыртқы дүлей күш әкелген осыншама зұлматты, әділетсіздікті қара жер мен оның топырағынан жаралған қазақ халқы ғана көтерді. Өйткені адамзатқа жылқы мәдениетін, алма мен қызғалдақты, көне металлургия мен сына жазуды, мал шаруашылығындағы қалдықсыз технологияларды сыйлаған, ең бастысы, барша адамзатты бауырындай сүйген, таспен атқанды аспен атуды құптаған Ұлы далада басқаша болуы мүмкін емес. Жасампаз менталитет мезеттік саяси-идеологиялық адасудан, жымысқы отарлау практикасынан үстем түсті. «Орнында бар оңалар» деген ғой. Тәуелсіздігіміз жер-ананың құрсағынан, Ұлы даланың бауырынан өрбіген бақыт, он сегіз мың ғаламның иесі түпжаратушының бізге тартқан сыйы, тәңірінің «қазағым жоғалмасын,Мәңгілік Ел болсын» деген тілегі. Аққан қанның, төккен тердің өтеуі.

Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ. Барша тарихымыз оптимизммен, гуманизммен, сеніммен көмкерілген. Ол дүниетанымдық, пәлсапалық, педагогикалық, әдеби-көркем ұстанымдарымызда да тұр. Қазақ оптимизмінің негізінде жақсылықтан, ілгерілеуден үмітті үзбеу жатыр. Мақсатты да нысаналы іс-әрекетті бәрінен жоғары қояды, үмітсіздерді шайтанға теңейді. Ұлы дала әзіл-қалжыңның отаны іспетті. Мұнда ойын арзан, күлкі қымбат. Туғаннан жер қойнына кіргенше жан баласы өлеңнен ажырамайды. Нәтижесінде тарих та оптимизммен суғарылған.

Қазақ – гуманист халық. Кісі ақысын жемеуді, обал-сауапты ұмытпауды, екі дүниенің сынағынан адал жандар ғана өте алатынын баланың құлағына жастай сіңіреді. Ауыз әдебиетіміз бен музыкалық фольклорымыз тұнып тұрған ізгілік, қайырылымдылық, қанағат, ынсап, бейбіт өмір идеясы. Гуманизмның құқықтық асқар шыңы – Тәуке ханның «Жеті

жарғысы» шегінде өлім жазасын құн төлеумен алмастырғаны. Билікті асыра қолданған ханға да қырын қарағаны саяси мәдениеттің кемелдігін, Ұлы даланың гуманизмін айшықтайды.

Оптимизм мен гуманизмнің қайнар көзі – сенім. Дәстүрлі қоғамдағы қазақ табиғатпен біте қайнасып кеткен халық болғандықтан жыл мезгілдері сөзсіз ауысатынына қалай сенсе, үлкендердің, ел ағаларының, қадірлі адамдардың айтқанына солай сенді. Әрине, сақтықта қорлық жоқ екенін білді. Дегенмен, түсі игіден түңілмей, тілінен бал тамызғандарға сеніммен қарағандары рас. Табиғаты таза даланың, ақыл-ойы, жан дүниесі таза жандары сеніммен өмір сүрді, еңбек етті, ұрпақ тәрбиеледі. Сана мен өмір салтында дархан далаға, оның фаунасы мен флорасына ұжымдық жауапкершілік басымдыққа ие болғандықтан адам мен табиғаттың, адамдардың арасындағы қарым-қатынас сілкіністен, антагонизмнен бұрын тұрақтылықты, толеранттылықты талап етті. Бірдің кесірі мыңға тиетін ортада бас-басына би болу, санғасырлық дәстүрді, дәстүрге негізделген заңды – «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», «Жеті жарғыны» бұзу ауыр қылмыс саналды.

Гуманизм, оптимизм, сенім пәрменді таным методологиясымен ұштасқанда төл тарихымызда орын алған әттеген-айлар мен жұлдызды сәттердің шынайы баянын айта аламыз. Мәселен, М.Шоқай Түркістан мұхтарияты тарихын қозғағанда 1917 жылы орыс демократиясына тым сеніп қалғанын өкінішпен жазған еді.

Ұлы дала мен тұрғындарының ажырағысыз тұтастығы қоғамның бірлігі мен бірегейлігін қалыптастырумен қатар игі шарапатын жаһанға тигізді. Оны адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келе жатқанын мақтанышпен ауызға алған Ұлт көшбасшысы жеті құбылысқа ерекше тоқталды. Бұлар ғайыптан пайда бола қалған жоқ. Құдіретін тануға әлемдік ғылыми ақыл-ойдың алыптары жегілді. Дат ғалымы В.Томсонның Күлтегін жазуын алғаш оқығанына 130 жылға жуық уақыт өтіпті. «Аң стилі» термині Ресей ғылымында XX ғасыр басында орнықты. Түркілердің атты әскері, қазақ жеріндегі көне металлургия, алма мен қызғалдақ әлемдік тарихнамадан ғасырлар бойы түспей келеді.

Әрине, бұдан Ұлы даланың жеті қыры ғана бар деген пайым-тұжырым тумауы керек. Ол 37 немесе 77 де болуы мүмкін. Хронологиясы туралы да осыны айтуға болады. Археологиялық қазба жұмыстары алғашқы адамдар мұнда 1 млн жыл бұрын өмір сүргенін дәлелдеп отыр [4]. Осының өзі оның айшықты қыры. Кейбір құрлықтар мен мемлекеттерде адамның пайда болғанына 100 мың жыл өткен жоқ. Ұлы даланың жартастағы суреттері, қола дәуірінен белгілі домбырамыз, киіз үйіміз оның қайталанбас интеллектуалды қырының нышаны болып табылатынын сырттағы білімпаз мамандар толық мойындады.

Елбасы ұлықтаған қырлардың мерзімдік шегі неолиттен басталып орта ғасырлармен аяқталады. Мәселен, Қазақстан аумағында қола дәуірге дейін-ақ жылқы малы қолға үйретілсе Ұлы Жібек жолы XIV ғасырға дейін жұмыс істеп тұрды. Содан кейінгі 6-7 ғасыр аясында Ұлы дала жаһандық әлденеше ілгерілеу мен өзгерістің бесігі болғаны сөзсіз. XV ғасырда Француз, Испан, Ағылшын халықтарымен бір мезгілде ұлттық мемлекетіміз – Қазақ хандығын құрғанымыз төл тарихымыздағы жұлдызды сәт.

Демек, Ұлы даланың қырларын анықтағанда «пәлен саннан, түген ғасырдан аспасын» деген методологиялық шектеу қойылуы мүмкін емес. Ол адам адам болғаннан бергі тарих пен жердің өзара ықпалдастығын, байланысын жоққа шығарады. Бұдан да маңыздысы, Елбасының мақаласы, біріншіден, ғылыми ізденістің іргелі бағыт-бағдарын көрсетіп, шығармашылық еркіндікті кәдеге жаратудың тамаша үлгісін паш етті, екіншіден, ұлт тарихын танудың кілті ұлттық методологияда екенін қысқа да нұсқа дәйектеді, үшіншіден, тарихты зерттеу методологиясында жер мәселесін негізгі тіректердің бірі ретінде бағалады.

Қысқасы, отандық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар алдына қыруар міндет қойылды. «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінін және болашағының негіздеріне тікелей қатысты» [1]. Міндет үдесінен шығу үшін алты ірі жоба жүзеге асырылады: 1. Архив – 2025. 2.Ұлы даланың ұлы есімдері. 3. Түркі әлемінің генезисі. 4.Ұлы даланың ежелгі

өнер және технологиялар музейі. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі.

Бірден айтайық, бәрі өзекті, бәрі керекті жобалар. Бұл миссияны атқару барысында тарих ғылымы асыра сілтеусіз, әсіре бояусыз, әр затты өз атымен атағанда өткеніміздің бары мен жоғы, тапқаны мен жоғалтқаны түгенделмек. Тарихи ақиқатты табудың алғышарттары көп. Солардың ішінде зерттеудің методологиясын қапысыз түзудің маңызы ерекше. Бұл орайда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларының берері, әкелген серпіні мен ұсыныстары көңілден шығуда. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы жайын қозғағанда Елбасымыздың былай дегені бар: «әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ» [5].

Менің ойымша, ғалымдар төл тарихымызды зерттеудің методологиясын түзгенде бөтеннің моделіне, Батыстың ойшылдарына жөн-жосықсыз жүгінудің реті жоқ. Білейік, сөйте тұра түркі әлемінің ғұламаларына назар аударайық. Бізге А.Тойынбиден гөрі әл-Фараби, М.Қашқари, Төле би, Ататүрік қымбат емес пе. Бұл – бір. Екіншіден, ірі оқиғаларды, экономикалық, саяси жүйелердің ауысуын, халықаралық байланыстарды, әскери-соғыс факторын әспеттей бермей, басты ұстаным ретінде Ұлы даламызды, яғни жерді тарихтың базисі, субстраты, ірге тасы мәртебесімен кемел де кешенді дәйектей алуы міндетті. Жерді бәрінен жоғары қойып отырғанымыз кездейсоқтық емес. Түптеп келгенде, жер адамнан бұрын пайда болған. Адамның өмір салты, кәсібі, табиғатты тануы, азық-түлігі, барша болмыс-бітімі жерге тәуелділігімен қалыптасты.

Жердің заңын – күнді айналуын, жыл мезгілдерінің ауысуын, басқа планеталарға алыс-жақын орналасуын адам қылаудай өзгерте алмайды. Тіпті жер бетіндегі өзен-көлдердің ағу бағытын бұру, топырақтың құрамын өзгерту, ол түгілі жеті қабат жер астына әсер ету ауыр зардап әкелетінін мойындауымыз керек. Жер ешқашан адамға табынған емес, жер бар болса, адам да бар.

Жер – тарихтың материалдық тірегі. Хронологиялық тұрғыдан алғашқы адам пайда болғаннан сына жазуы шыққанға дейінгі дәуір ұлттық тарихымыздың 99%-ын қамтып жатса, соның шежіресін археология ғылымы тарқатады. Демек материалдық тірек болғандықтан ақпараттық қазынаны бауырына басуда. Жерден бір клеткалы амеба мен туфелкадан тартып ең дамыған тіршілік иесі адамға дейін жаралған, нәр алған, әлі алуда. Жерге мәңгі қарыздар екенімізді Күлтегін тасы да еске салады:

Жоғарыда көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы,
Адам баласын басқаруға ата-бабам
Жаралды [3].

Өз кезегінде қазақтың жерге деген шексіз сүйіспеншілігін айна-қатесіз екі құбылыстан - онымен тірі адаммен коштасқандай қоштасқанынан және әр ғасырдағы демографиялық үдерістен байқауға болады. Қоштасудың түрлі нұсқасын белгілі түрколог В.Радлов, Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов, Т.Шонанов әр өңірден жазып алған екен [6]. Ал демографиялық көрсеткішке келсек, жер жау қолына түскенде ғана қазақ сыртқа кетті. Қазақтан басқалар материалдық-тұрмыстық себептерге басымдық берді. Тарихтың адам жаралғаннан кейінгі екінші тірегі – тіл мен сөз. Адамның ақыл-ойы, қабілет-қарымы тілмен, сөзбен сыртқа шықты, тарихының интеллектуалды негізі әрі шежіресі рөлін атқарды. Адамдар қауымдастығы белгілі бір даму белесіне аяқ басқан сәттен тарихи үдерістің үшінші тірегі, саяси тірегі, мемлекет пайда болды. Бұлар жайлы байтақ зерттеу қажет.

Ұлттық тарихқа қатысты қоғамдық сананы жаңғыртуда болжамды межеге тез арада, жылдам жетуге тырысу әрқашан өзін ақтай бермейді. Жеті рет өлшеп-пішіп, бір кескен ұтады. Асықпайық дегенге бөгеліп те қалмайық. Тарихи сананы жаңғырту жалпыға бірдей міндетті

тарихи білім беру науқаны емес. Ұлттық методологияны түзудің нәтижесінде, біріншіден, отарлық және тоталитарлық дәуірлерден қордаланып қалған біліми, ғылыми, мәдени қарыздарды, құндылықтарды, өскелең аманатты иесіне – халыққа саф алтындай таза күйінде қайтару, екіншіден, ғасырлар мұрасының жасампаз әлеуетін тәуелсіздік мүддесіне әлемдік деңгейде кәдеге жарата білу, табыс көзіне айналдыру, үшіншіден, әрбір қазақстандықтың қасиетті де киелі ортақ іске жұмылуына септесу атқарылады. Елбасымыз айтқандай, «өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» [1].

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры// «Егемен Қазақстан». 2018, 21 қараша.
2. Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы Дала тарихы: 4 томдық / Құраст. А.Н.Гаркавец. – Астана: Фолиант, 2007.Т.1: Ертедегі грек авторлары Ұлы Дала туралы /Қазақ тіліне ауд. М. Ілес, Ә. Шашаев. – 2007. – 464 б. 53-б. Геродоттың жазуынша, сақ жеріндегі алғашқы адам Тарғытай екен. Оның Липоксаис, Арпоксаис және Колаксаис есімді үш ұлы болыпты. Әкесінен кейін патша тағына кенже ұлы Колаксаис отырыпты. «Олардың жері соншалықты көп болғандықтан Колаксаис оны ... үш патшалық етіпті де, ағайынды үшеуі бөлісіп алыпты-мыс», дейді Геродот.
3. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. Алматы: Ғылым, 1990.- 60-б.
4. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы/ қазақ тіліне аударған Д.С.Байгунаков.-Алматы: Қазақ университеті, 2011. 40-б.
5. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// «Егемен Қазақстан». 2017, 12 сәуір.
6. «Темірқазық» журналының 2-3 саны: көмекші оқу құралы/ құраст.:А.Ақынбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 86-б. 1923 жылы Н.Төреқұловтың басшылығымен шыққан осы журналда В.Радлов жазып алған төмендегі мәтін берілген:

Қазақтың жермен қоштасқаны

Қайранда қайран – қайран/ Пайдаң маған тиген тау/ Үш атамыз өткен тау/ Үш мың қара біткен тау/ Баян бір ауылы қазақ/ Жолың жатыр қазылып/ Жазғы тұры көшкенде/ Қалушедің қара жол/ Қабырғадан қазылып/ Күзді күні қонғанда/ Жатушы едің жазылып/ Он екі қазылы үй түлік/ Бауырым жатқан бай түлік/ Қазанымның қақпағы/ Желі қағар тоқпағым/ Ат ұстауға құрығым/ Үй тіреген сырығым/ Қайранда қайран қара тау/ Маған пайдаң тиген тау/ Атам күйеу болған тау/ Енем келін болған тау/ Кетейін деген ойым жоқ/ Айналасы толған тау/ Ащыңның бойы ай татыр/ Алалы жылқы жусатар/ Қожыр-қожыр тастарым/ Көзімнен ағар жастарым/ Шыбыш ұлақ салмаған/ Тоқтым қысыр қалмаған/ Байтөбетім мыңдалып/ Қонағыма өрген тау/ Біз барамыз, барамыз/ Барсақ бадал табамыз/ Егінде жәйін білмейміз/ Аштан өліп қалармыз.

XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ БАСТЫ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Әбдінәсір Н. Н., 1 курс докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақстан тарихында XX ғасырдың бірінші жартысы, яғни қазақ халқының Ресей империясының құрамына кіру процесінің аяқталуы халқымыз үшін демографиялық мәселелердің бастау алу кезеңі деп сипатталады. Осы кезеңдердегі көптеген тарихы маңызы бар оқиғалар: 1905-1907 жылдар аралығындағы революция, бірінші дүниежүзілік соғыс, Ақпан және қазан төңкерісі, осы тарихи маңызды оқиғалардың азаматтық соғыспен жалғасуы, отанынан айырылған қашқындар мен босқындар, әскери қамауға алынғандар, 1920 жылдардағы ашаршылық, 1930 жылдарда талай қазақты қан жылатқан, қанша азаматымызды жоғалтқан ұлы жұт, репрессия, кулактардың жер аударылуы, ұжымдастыру және индустрияландыру саясаты, оның әрі қарай екінші дүниежүзілік соғысқа ұласуы, депортация

процесі, көші қон саясаты, қоныс аудару процесі және т.б. бір ғасыр ішінде орын алған келешек ұрпақ үшін тарихи маңызы бар оқиғалар тарихшы, әлеуметтанушы және көптеген ғалымдар үшін демография саласында терең зерттеу жұмыстарын жүргізуге, еңбектер жазуға алып келді.

Алексеенко А.Н. және Алекссенко Н.В. өзінің «Население Казахстана за 100 лет (1897-1997)» деп аталатын еңбегінде демография ғылымының Кеңестік Қазақстанда және басқа да КСРО құрамындағы мемлекеттерде дамуын бірнеше этапқа бөледі. Жиырмасыншы жылдар статистикалық мәліметтердің көптігімен сипатталады. Отызыншы жылдарда публикациялар саны бірнеше есеге азайса, қырықыншы жылдар ортасы және елуінші жылдарда жарияланымдар өте аз болды деп қарастырылады [1, б.5]. Қазақ халқының демографы С. Тұрғанәліұлының еңбегін қарайтын болсақ, екі жалпы ауқымды кезеңге бөлетінін көреміз: бірінші кезең - 1-ші дүниежүзілік соғыс пен 1926 жылғы санаққа дейінгі аралықты қамтыса, ал екінші кезеңі болса 1927-1939 жылдар аралығын қамтып, 39 жылғы бүкілодақтық халық санағының жүргізілуімен сипатталады.

XX ғасырдың басындағы көші-қон саясаты, кедей шаруаларды ұлттық аймақтарға қоныстандыру саясаты бүкілресейлік деңгейді қамтыды. Алексеенко А.Н. есебі бойынша осы тарихи кезеңде 1.5 миллион кедей шаруа Қазақстан жеріне қоныс аударылды. Тіпті осы кезеңдерден бастап қазақ ауылдары полиэтникалық деп есептелінді. - Көші-қон саясатының нәтижесінде аймақтың этнодемографиялық құрамы өзгеріске біртіндеп ұшырай бастады.

Шаруаларды қазақ жеріне қоныстандыру халық құрылымына айтарлықтай өзгеріс алып келді, 1914 жылғы санақ бойынша орыс ұлты барлық ұлттың 35% құрады. Негізінде осы бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі этнодемографиялық жағдай осы кезеңді зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша тек қана соғыс пен байланысты болды деп баға беріледі, негізінде бұл тарихи кезең кеңес билігі орнауының ең алғашқы бастамаларымен тікелей байланысты болған еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс алдында Қазақстан халқының саны көші-қон процесінің нәтижесінде, шаруалардың келуімен өсіп отырды және 1911 жылғы есеп бойынша 5408.1 мың адамды құраса, 1913 жылы 5909.9 мың адамды құрады. Соғыс барысында халық саны біразға азайып, 1917 жылы 5753.5 мың адам болды [2, б.367].

Дегенмен, бұл кезеңдердегі санақ процесінде бірнеше қиындықтар болды, және осы аталған мәліметтер дәл осындай анық деп айта алмаймыз. Сондықтан да сол кезеңдердегі ең анық мәлімет бере алатын деректермен көбірек танысып, ғалымдар берген сандық ақпаратты салыстырмалы зерттеп, талдау арқылы ғаң оңды нәтижеге қол жеткізі алуға болады деп ойлаймын. Тарих дегеніміз өте үлкен сынды, ізденуді, деректермен жұмыс жасай отырып, бірнеше ақпарат көздерінің шынйылығына ккз жеткізе отырып, ұзақ уақыт талдау жүргізіп барып, бір шешімге келуді талап етеді. Әсіресе, демография саласымен айналысқанда.

Осы тұста айта кететін тағы бір факт, Дала және Түркістан генерал губернаторлығының территориясына әскери тұтқындардың алып келіп қоныстандырылуы. Осының нәтижесінде Қазақстан халқының этникалық құрылымында өзгерістер байқалады. Дегенмен ол бірден байқала қоймады. Ең алған әскери тұтқындар партиясы бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Қазақстанның солтүстік батыс бөлігіне көптеп қоныстандырылды. Олардың құрамында поляк, венгер, неміс, румын, италяндықтар болды. Олар ақырындап орналыс алған соң, өздерінің уезд орталығын құрды. Ол орталықтар Ақмола, Семей, Павлодар, Петропавловск қалаларында орналысты.

Өйткені Қазақстанның территориялық әкімшілік құрылымында түбегейлі өзгерістер күнделікті орын алып жатқан еді. Осы тарихи кезеңде орыс, украин, болгар, татар, поляк, неміс, белорусь, эстония ұлттарының өкілдері көптеп қоныс аудырды. Бірақ та кейіннен яғни 1920 жылдардың басында саяси жағдайлар нәтижесінде қалыптасқан ашаршылық басталуына байланысты, күзде анықталуы бойынша барлық осы жылғы жиналған нан көлемі өткен жылғы қалған азық түлікті қосқанда әр адам басына шаққанда екі пұттан ғана келді, және ол норманың ең төменгі дәрежесінде болды. Осы ауыр жағдайдан шығу мақсатында және өздерін сақтау мақсатында орыс славян кедей шаруаларының біраз бөлігі Украинаға көше бастады

және Түркістан жерінен өздеріне жайлы территория іздей бастады, әкімшілік билік органдарының қарсылығына қарамастан осындай іс әрекеттерге баруға мәжбүр болды. Сол кездегі саясат және 1921 жылғы Украин әкімшілігінің Қазақстан жерінде өмір сүретін славян халықтарына тыйым салуына қарамастан орын алып отырды. Көшіп келушілердің көп бөлігі Орал губерниясына және Темір уездіне келді деп сипатталады. Осы сәттегі көшудің айтарлықтай көп болғанын, Қазақстан басшылығының қазақ жеріндегі украиндарға, Украин КСР Орталық атқару комитететіне ұсынысынан көруге болады [3, б.368].

Бұл кезеңдегі халық санының азаюы тек қана ашаршылық нәтижесінде емес сонымен қатар эпидемия кесірінен де көп халық көз жұмды. Мысалы Ақтөбе губерниясы бойынша жазылған есепте «Ашаршылық нәтижесінде орын алған ауру және эпидемя халықтың 50% -ын құрады, өлім 28% дейін жетті. Көбінесе ауру басқа губерниядан келген қырғыз халқын жалмады. Губерния бойынша ашаршылық негізінде қаза болғандар санын анық білу болыстар үшін ғана емес, сонымен бірге губерния орталығына да тіпті мүмкін болмады, өйткені қыс кезінде қалың боран нәтижесінде мүлде байланыс болмады. Дәл осы сәтте өлім процесі ең жоғарғы шегіне жетті» деп баяндалады [3, б.369].

Сонымен қатар, 1920 жылдардағы ашаршылық Қазақстан халқы үшін халық санының өзгеруіне, ұлттық құрамына үлкен өзгерістр алып келді, ВЦИК декреті бойынша Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларының өзі ашаршылықтан зардап шеккендер қатарына кірді және азық түлік салығынан босатылды. Осы ашаршылық кезеңін Алексеенко А.Н өзінің «Этносы Казахстана» еңбегінде бұл кезеңдегі шығын көлемін тек қана 192қ жылғы демографиялық және ауылшаруашылық санақ арқылы және 1923 жылғы ауылшаруашылық және қалалық санақ арқылы ғана біле аламыз деп көрсетеді. Сонымен қатар, осы деректер бойынша республикада халық саны 19.1%, ауылда 21.5% дейін азайды.

Одан кейінгі Қазақстан халқының этнодемографиялық қалыптасуына, диаспораға әскер еткен келесі тарихи кезең кеңес дәуірінің кезеңі және олардың билігімен тікелей байланысты. Бұл кезеңді жеке бөліп қарастырып, зерттеу жүргізуге болады. Кеңестік кезең басталғанда Орталық Азия жерінде көптеген автономиялар құрыла бастады, әрине осының нәтижесінде территория бөлісу процесі орын алды. Сонымен қатар, бір автономия халқы мен көршілес автономия этностары арасында алмасу процесі жүрді. Егер де Түркітан автономиясының тарихын алып қарайтын болсақ, автономия құрамында түркітілдес бірнеше этностар бірге өмір сүрді және автономияның өмір сүруі, тәуелсіздігі үшін бірге күресті. Мысалы Автономия идеясының авторы Мұстафа Шоқай болды, және оның орнын басушы алдыңғы қатарлы көшбасшылары көбіне өзбек халқынан шықты (Мунаввар Кара, Убайдулла Ходжаев). Қазақстанның оңтүстігінде құрылған автономиялар тарихымен таныса отырып, ұлтаралық ауызбіршіліктің берік болғанын ерекше атап өткен дұрыс деп ойлаймын. Осы кезең жайлы зерттеуші демограф халықтарда әртүрлі көзұарас қалыптасқан. Мысалға, кей ғалымдар кеңес кезеңінің орнауы қазақ халқы үшін айтарлықтай өзгеріс алып келе қоймағанын, тек сапасы жағынан ғана өзгеріске ұшырады деген ойды тілге тиек етеді.сонымен қатар Қазақстан территориясы тек жер аударылған әртүрлі этнос өкілдері қоныстандыру территориясы болды деп баға береді [2, б.389].

Ашыққан батыс бөліктегі губерниялардағы адам шығын саны 648.7 мың адамды құрады, бұл жалпы халықтың 29.5%. Бұл аталған сан құрамына қоныс аударылғандар, республикадан бөлек басқа жаққа көшіп кеткендер, аштықтың кесірінен қаза тапқандар, эпидемия секілді ауыр аурулардан құрбан болғандар санын қосып есептегендегі көрсеткіш болды. Аштықтан 414 мың қазақ каза болды. Бұл этностың 18.5% құрады [7, б.13].

Қазақ халқы барынша өз құндылықтарын, «моноэтникалық» ерекшеліктерін сақтауға тырысты. Дегенмен, көші қон процесін басқарушылар, яғни әкімшілікте келген ұлт өкілдерін бос жатқан жерлерге орналастыру құқығы болды.

Сондай ауыр кезеңдерге қарамастан кейіннен яғни 30-жылдарға қарай аталған ұлт өкілдері миграция нәтижесінде және табиғи өсім негізінде орыс славян халқының саны өсе

бастады. 1930-31 жылдар аралығында КСРО бойынша 1 803 392 адам қоныс аударды [2, б.378].

Статистикалық мәліметтерден көріп отырғанымыздай бұл деген сөз Қазақстан халқының этнодемографиялық құрылымында қандай тарихи маңызы бар оқиғалар орын алғанын сөзсіз түсінікті көрсетіп тұр. Бұл біз сипаттағалы отырған қазақ халқы этнодемографиялық қалыптасу кезеңінің тек бір шеті ғана. Одан бөлек қаншама жекеленген ұлттық топтарды айтар болсақ, дегенмен олар өз қалауларымен емес, мәжбүрлі түрде қазақ жеріне қоныс аударылды. Мысалы ұйғыр және дүнген халықтарының келуінің өзін екі тарихи этапқа бөлуімізге болады: 1884 жылы Жетісу жеріне 9572 ұйғыр ұлт өкілі, 4682 дүнген ұлт өкілдері келіп орналастырылды. Тіпті қоныстанған ұлт өкілдерінен бес болыс құрастырылып, әр ауылда олар өздерінің ұлты ғана болып өмір сүрді, сонымен қатар табиғи өсім өте қарқынды жүрді. [5]

20-30 жылдар кезеңіне Татимов «қысым көрсету» саясаты деп баға береді. Өйткені қаншама жылдар бойы белгілі бір социализм тәртібіне үйренген халық лениншіл ұжымдастыру саясатына төзу өте ақыр соқты, қатаң казармалық әкімшіл бұйрықшыл террор орнатылды. Өйкені аталған саясат бойынша Қазақстанда ұжымдастыру процесі 1932 жылға дейін аяқталуы кажет болды.Бұл қысымның қаншалықты ауртпалығын түсіну үшін былай алып қарауымызға болады, егер 1922 жылы Қазақстан шаруашылығының 2 пайызы ұжымдандырылса, 1931 жылы 50,4%, ал 1932 жылы 65% ұжымдастырылды [4, б.186].

Осы секілді сандық көрсеткіштерді жеке кәсіпкерлер мен ба кулактардың қудалану процесінен де көре аламыз, бұл кезеңге ғалымдар «голощекиндік геноцид» деп баға береді.

Бұл күштеп қоныс аудару процестері нәтижесінде халық саны көбейгенімен оның этникалық құрамы әртүрлі болып, оның болашақта тарихи өзгерістер бастауы болуының негізгі қадамы болды. Қазақстан тарихында XX ғасырдың 20-50 жылдар аралығы тек қана бір ғана тарихи оқиғалар емес бірнtше маңызы бар саяси, рухани, психологилық өзгерістерге толы болды.

30 – жылдардың екінші жартысы миграциялық оқиғалар легінің бірден жоғарылауы және этникалық ерекшеліктері бойынша тіпті барлық халықты Қазақстан жеріне күштеп қоныс аударуымен ерекшеленеді. Козина В.В. өз еңбегінде мигранттардың көбісі Украина, РСФСР орталығынан, аз бөлігі Оралдан, алыс шығыстан, Белоруссиядан, Орта Азиядан келе бастады. Олардың 80%ауылдық жерлерде қоныстандырылды және өндірілмеген жерлерде таңдады. Қостанай округінде 15%, Ақмола және Ақтөбе губернияларында 40%, Семейде 24%-ды құрады деп көрсетеді.Өңделмеген жерлердегі ормандық және далалық алқаптағы жерлер климаттық және өнімділігі бойынша мигранттар үшін қолайлы болды. Ресейдің еуропалық бөлігінен келген мигранттар өзіне жақын этникалық ортаға келіп орналаса білді. Өйткені бұл кезде республикада әле жалпы кеңестік ұйымдастырылған жүйеге, шығыс аймақтық бөлікке але кіріспеген еді [7, б.35].

Екінші дүниежүзілік соғыс Қазақстан тарихының этнодемографиялық процесінде өшпестей ізін қалдырды. Қоныс аударушылар мен арнайы келгендрді қосқанда 7.6 млн. Халқымызыдан 120 мың адам Отан қорғауға аттанды. Соғыс кезінде 410 мың адам қаза тапса, 125мың адам хабарсыз жоғалып кеткен [2, б.389]. Депортация процесі екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде жалғасын тапты, Қазақстан территориясына көптеген майдан шебінен қоныс аударған азаматтарды қабылдады. Қазақстанда соғыс уақытысында 444 мың неміс, 96 мың поляк, 95 мың корей, 400 мыңнан астам шешен және ингуш ұлт өкілдері, 18 мың балқар және 63 мың қарашай және де басқа көптеген ұлт өкілдері күштеп қоныстандырылды. 1953 жылғы санақ бойынша арнайы қоныс аударушылардң тірі қалғандарының саны 988.3 мыңды құрады. Немесе КСРО бойынша 35.9% [8, б.17]. Әсіресе осы кезеңдерде Балтық елінің халықтары, Белорус, Украин халықтарының саны күрт азайып кетті. Халық азаюының басты себебі соғыста болған шығын, миграция және өмір сүру жағдайының төмендігінен өлім-жітімның көптігі болды. Қазақстанда жұмысшылардың және қызмет етушілер саны 1945 жылға қарай соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда 13.8% ға көтерілді және жалпы 1043 мың адамды

құрады.[9, б.99] Бұл өсімнің негізгі себебі қоныс аударушылар Ұлы Отан соғысы кезеңінде Қазақстан жалпы есеппен алғанда 1.5 миллион эвакуацияланған және окупацияланған КСРО аймағынан қоныстанушыларды қабылдады.Дегенмен олардың маңызды бөлігі соғыс аяқталған соң Қазақстады тастап, басқа жақтарға, не өз туған жерлеріне көшіп кетті [8, б.17].

Осы тұста «История Казахстана: народы и культуры» еңбегіндегі ғалымдар мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда сында айдауға жіберілген 180 015 еңбек қоныстанушылар өмір сүрді. Мысалға алып қарайтын болсақ, 1941 жылғы тамыз айының соңынан бастап, неміс ұлтының қазақ жеріне қоныс аудару процесі 1948 жылға дейін жалғасты. 1943-1944 жылдар аралығында Қазақстанға қалмақтар, шешендер, ингуш, балкар, болгар, грек, армян, курд, хемшид, азербайжан, қырым татарларының депортациясы орын алды [2, б.387].

Өйткені біздің еліміздегі Карлаг, Степлаг деп аталатын айдауға жіберілген кулактар мекеніне айналды, сонымен қатар осында жіберілген әр түрлі ұлт өкілдері осында әрі қарай өмір сүруге қалып қойды. Бұл тұста айтасақ та белгілі бұл тарихи жағдай еліміздің этнодемографиялық құрамының күрделі өзгерістерге ұшырауына алып келді. Бұл кезеңдегі оқиғаларға сыни баға беретін болсақ, бұл кезде олардың астыртын саясатын байқауымызға болады. Кеңес үкіметінің негізгі көздеген мәселесі, ол қазақ жерінің ресурстық байлықтарын мейлінше өз пайдаларына жарату немесе иемдену болды.

Ал М.Х. Асылбеков және А.Б. Ғали демографтарының жұмысын тағы алып қарайтын болсақ, жұмысшылар мен қызмет етушілер саны 1943 жылы 1940 жылмен салыстырғанда эвакуация нәтижесінен 7% өсті, бірақ та жалпы елдегі халық саны 38 % азайған еді.[9, б.100]

Жалпы халық санын алып қарайтын болсақ, 1945 жылғы есеп бойынша 43 жылмен салыстырғанда, жалпы халық саны 5.3% азайды. Ұлы Отан Соғысы кезінде туу процесі азайды, адам шығын көп болды, табиғи өсім төмендеді. Ауылдықтар саны азайып, мигранттар, қоныс аударушылар есебінен халық саны көбейді [2, б.392].

Соғыстан кейінгі кезеңді алып қарайтын болсақ та, табиғи өсім мен туу але де жоғарыламағынын көреміз. Табиғи қозғалыстан көрі механикалық іс-әрекеттердің жалғасуы деп баға беріледі. Біруақытта жер аударылған қоныс аударушылар мен Қазақстан территориясын тастап кеткен эвакуциялық оқиғалар орын алды. Оның ішінде көбінесе неміс ұлт өкілдері, және «халық жауы» деп айыпталған Сталиндік репрессия құрбандарының қарама қарсы толқындық процесі орын алды. Қазақ жеріндегі айдауға жіберілген халықтар үшін арналған лагерлер бос қалмады. Орын алған әртүрлі тарихи жағдайларға қарамастан әрбір кәсіпорын, өндіріс мекемелері өз жұмыстарын жалғастыра берді.

Ғалымдардың көптеген еңбектерін оқып, зерттеу жасай отырып, талдап қарағанда статистикалық мәліметтер бойынша әртүрлі, біркелкі емес ақпараттар алуымызға болады. Дегенмен сол тарихи маңызы болған, қиын, халық үшін стресске толы болған кезеңдерде, ауа райының қолайсыздығы, ресурстардың жетіспеушілі, адам шығын болған жағдайда оны санап алу мүмкіндігі болмаған жағдайда оларды анық есебін жасау мүмкіндігі аз болған еді.

Қорыта келе, Қазақстан жеріндегі этностардың қалыптасу процесін былай жіктеуге, оны бірнеше кезеңге бөлуге болады: кедей шаруаларының қазақ жеріне қоныстануы; бірінші дүниежүзілік соғыс; азамат соғысы; әскерлердің Қазақстан территориясына қоныстануы; 1920 жылғы ашаршылық; Кеңес одағының құрылуы; депортация; миграция; ұжымдастырыу; индустрияландыру; 1930 жылғы ашаршылық; қоныс аудару саясаты; репрессия; екінші дүниежүзілік соғыс; эвакуация және депортация процестері; деп бөліп, немесе Қазақстан халқының қалыптасуына әсер еткен тарихи кезеңдердің әсері бүгінгі күнге дейін өз ерекшеліктерін еске салып тұратындай. Қазақстан территориясында бүгінгі танда 140-қа жуық тарихы ортақ әртүрлі ұлт өкілдері өмір сүреді. Әрине бір тәуелсіз елде тату-тәтті ғұмыр кешу осыншама ұлт өкілдері үшін әр уақытта да мүмкін емес. Қазақ халқымызда өте жақсы нақыл сөз бар: «Жаман үйді қонағы билейді» деген, сондықтан да өз туған ұлтымыздың, ата-бабмыздан қалған асыл мұрамызды ешқашан ұмытпай, әрдайм сақтай білейік, дегенмен қонақтарымызды да сыйлай білу қажет. Болашақ өз қолымызда, сондықтан тарихымызды терең білу арқылы, болашшаққа жарқын қадам жасай білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897-1997). – Усть-Каменогорск: 1999. – С.158.
2. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана: народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс. 2001. - С.608.
3. Мейірманов С.Т. Демографиялық саясат. – Алматы: Эверо. 2015. - 380 б.
4. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз демографияда. - Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 264 б.
5. Зимовина Е. П. Основные этапы формирования диаспоральной структуры Казахстана и стран Центральной Азии/ № 377 – 378. 18 - 31 мая 2009. Электронная версия бюллетеня Население и общество. Институт демографии Государственного университета - Высшей школы экономики. http://[www.demoscope.ru/weekly/2009/0377/analit04.php].
6. Алексеенко А.Н., Алексеенко Н.В., Козыбаев М.К. и др. Этносы Казахстана: историко-демографический справочник - Астана: Елорда. 2001. – С.168.
7. Козина В.В. Демографическая история Казахстана (конец XIX – нач. XXI вв.). - Алматы: Атамұра. 1995. – с.145.
8. Абдыкаликова Г.Н., Курманов А.М. Социальная защита населения в условиях демографических изменений в Республике Казахстан.- Астана: 2010.-С.396.
9. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). - Алма Ата: Гылым. – с.192.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Багитова А. Б., 4 курс студенті
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Еуразияның нақ ортасында, батыстағы Каспий теңізінен шығыстағы Алтай тауларына дейін, Оңтүстік Сібірдің орманды далаларынан Арал маңы шөлейттері мен Солтүстік Тянь-Шань жоталарына дейін ежелгі Қазақ елі кеңінен көсіліп жатыр.

Бұл жерде көптеген мыңжылдықтар бойы түрлі халықтар өмір сүріп, олардың мемлекеттері пайда болып, ғасырлар қойнауына сіңіп, жоғалып жатты; бұл жерде шексіз керуен жолдары түзілді, тарихта айрықша із қалдырған ұлы қалалар салынып, өсіп-өркендеді.

Бұл жерде мекен еткендер көп салалы шаруашылықпен айналысып, жартылай көшпелі, жартылай отырықшылық тіршілік кешті. Олар мал бағып, жер өңдеумен айналысты, руда өндірді, металл балқытты, егістігін суару үшін канал қазып, жол салды, қолөнер мен сауданы дамытты. Ең дарындылары ғалым, ақын, музыкант және сәулетші атанып, олардың шығармашылық жетістіктері, ашқан жаңалықтары мен өнертабыстары өзге халықтар арасына тарап, бүкіл адамзатқа қызмет ете бастады. Ғылымда анықталған деректер адам мен табиғаттың достығы мен жемісі одағының мысалы бола алады, бұл жөнінде бүгінде ғалымдар көп айтып та, жазып та жүр. Есте жоқ ескі замандарда жылқы да құлан, сайғақ немесе бұлан сияқты жабайы хайуан болған екен, оларды алғаш рет қолға үйрету Еуразияда, нақ осы біздің даламыздың аумағында жүзеге асырылыпты. Салт атпен жүруге қолайлы болуы үшін үзеңгіні де осы жерде ойлап тауыпты, мұның өзі ұлы көшпелі өркениеттің пайда болуына қуатты серпін берген. Тағы бір қызғылықты мәлімет планетағы алманың көптеген танымал мәдени сұрыптарының әдепкі отаны Қазақстан, нақты айтқанда, қазіргі Алматы облысының Жетісу таулы аудандары болғанын айғақтайды. Еуропалық ғалымдардың пікірінше, бұл жерде әлемдегі ең тәтті әрі хош иісті алмалар өседі. Өз ісіне берілген еңбеккер жандар, қарапайым әуесқой бағбандар уақыт өте келе осындағы жабайы алманың негізінде сан алуан сұрып түрлерін өсіріп шығарған. Солардың ішіндегі ең танымалы Алматы апорты

болды. Егер ежелден осы өлке тұрғындары табиғаттың өздеріне тарту еткен тау бақтарын аялай білмесе, осы ғажап нәрсені болашақ ұрпақ үшін сақтау мақсатында қамқорлық танытпаса, бұл алмалар болмас та еді. Қазақтар халықтың ұзақ тарихындағы еркіндік пен тоқшылықта өмір сүрген ең тәуір кезеңдерді Ғасыр сағадат деп атап, аңыз-әпсаналар мен әндер шығарған. Өз Отанын «жұрттың бәрі де бақытты ғұмыр кешіп, молшылық пен алаңсыз тіршілік салтанат құрған, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» сиқырлы мекен – Жерұйыққа теңеген. Бірақ әрдайым олай бола бермеген. Қысқа ғана берекелі жылдар ондаған және тіпті жүздеген жылдарға созылған ауыртпалықтармен алмасқан. Еркін жүрген малшылардың, диқандар мен қолөнершілердің бейбіт тіршілігін бірде оңтүстіктен, бірде шығыстан, бірде солтүстіктен, бірде батыстан келген қаһарлы жатжерлік басқыншылар жиі-жиі бұзып отырған. Сонда біздің байырғы бабаларымыз – асыл текті хандар, сұлтандар мен билер, әйгілі қолбасшылар мен қатардағы жауынгерлер, қарапайым қала тұрғындары мен далалықтар қолдарына қару алып, келімсектермен күреске шығып, оларды жерінен қуып тастап отырған. Біздің халқымыздың сын сағатта туған Отанының бостандағын, ары мен ожданын қорғау үшін тайсалмай шыққан ерлердің есімдері мен жауынгерлік ерліктерін әрдайым ұмытпай, ерекше қастерлейтіні, міне, сондықтан.

Қазақтарды ешбір сыртқы жау ешқашан жеңе алмаған және жеңетіндей жағдайда болмаған. Олар тек қана өзара тартыстан әлсіреген, ал біріккен кезде қуатты күшке айналып шыға келетін. Елге соғыс пен құлдыққа ұшырау қаупі төнген кезде қазақтар өз арасындағы ежелгі өкпе-реніштін ұмытып, намыс туын биік көтеріп, нағыз көсемдердің төңірегіне топтасқан. Егер біздің халқымыздың ынтымағы мен жанқиярлық болмағанда, онда қазақтардың қазіргі ұлттығы да, бізге бабаларымыздан қалған мынау кең-байтақ жер де, егемен Қазақстан мемлекеті де болмас еді. Қазақстан мемлекетінің атын шығарған, әлемге танытқан тұлғаларымызды айта кетпесек болмайды. Елдің қамын ойлаумен, халқын бірлік, ынтымақтастықта, бір тудың астында ұстап отыру еліміздің Президентінің басты міндеті және парызы болды.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан халқы өзінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен тәуелсіздігін салтанатты түрде жария еткен соң, әлемнің саяси картасында жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Көптен күткен Азаттықпен және өзін-өзі айқандау құқығымен бірге адамдарға зор тарихи міндет – өз жерінің толыққанды иесі болу, ата-бабаларының көпғасырлық арман-аңсарларын жүзеге асырып, қазіргі заманғы қуатты мемлекет орнату және кейіннен Тәуелсіздіктің қасиетті туын қолына табыс ету үшін өскелең ұрпақты лайықты тәрбиелеу жауапкершілігі жүктелді.

Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының осындай шиеленісті сәтінде тарих сахнасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев феномені пайда болып, бар тұлғасымен толық танылды.

Әр адам – өз халқының, өз елінің және бүкіл адамзаттың перзенті. Әрбір адамның өзінің үлкен Отанынан басқа іңгәлап дүние есігін ашқан, кіндігі кесілгенде тамған қаны осы топырақпен мәңгілік бауырластыратын кіші отаны – туған жері болады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Алматы облысы Қаскелең ауданына қарасты Шамалған ауылында 1940 жылғы 6 шілдеде дүниеге келді. Бұл мекеннің қазіргі атауы – Қазақстан Республикасының Алматы облысы Қарасай ауданындағы Үшқоңыр ауылы. Бұл жердің біздің байырғы ата-бабаларымыз қойып кеткен байырғы атаулары оның табиғи ерекшеліктерін дәл танытады. Алматы – «алмаға бай», Қаскелең – «мөлдір салқын суы көбіктене буырқанып ағатын өзен», Шамалған – «таңғы шықтан сыз тартқан салқын самал», «Үшқоңыр – «алуан түрлі көкорай шалғын қалың өскен үш шоқы» дегенді білдіреді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаһандық қауымдастықта ілгеріден-ақ әрі заңды түрде әлемдік деңгейдегі саяси көшбасшы ретінде танылды. Ол игі істері, жетістіктері мен еңбектері үшін әлемнің түрлі елдерінің көптеген жоғары мемлекеттік және қоғамдық марапаттарына ие болғанын айрықша атап өткен жөн. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Астанадағы музейінде экскурсияда болғандардың қай-

қайсысы да онда қойылған наградалар мен олардың сипаттамаларына қызыға көз салған болар. Кеңестік кезеңнің өзінде-ақ Қазақстан үкіметін басқарған Нұрсұлтан Назарбаев 2 орденнің кавалері, 3 медаль, 4 құрмет грамотасы, 4 құрметті атақтың иегері болып еді. Қазақстан Республикасының наградалары мен ерекшелік белгілерінен оған ерекше үлгідегі «Алтын Қыран» ордені, «Халық Қаһарманы» және «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары берілген. Шетелдер мен халықаралық ұйымдардың 49 орденімен, 29 медалімен марапатталып, шетелдік қоғамдық бірлестіктердің 40-тан астам құрмет белгілері мен сыйлықтарына ие болған. Оған көптеген отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының құрметті профессоры атағы берілген. Бірқатар шетелдерде Н.Ә. Назарбаевтың құрметіне ескерткіш мүсіндер орнатылып, қала көшелері есімімен аталған. Егер әр марапаттың тарихын: оны қашан және не үшін алғанын талдап-таразылайтын болсақ, саясаттан, экономикадан, ғылымнан, білім беруден, мәдениеттен, рухани өмірден бастап дене шынықтыру мен спортқа дейін тұғырлы тұлғаның зор әрі сан қырлы таланты бой көрсетпеген маңызды сала табыла қоймайды. «Еңбегіне қарай құрметі» деген мәтел бар қазақта. Басқаша айтар болсақ, адам бұл өмірдегі жақсылық атаулының бәріне де – танымалдыққа да, құрметке де, даңққа да ең алдымен өзінің халық игілігі жолындағы адал еңбегімен қол жеткізеді. Қазақ даласының сан ғасырлық тарихынан, мәдениетінен сыр шертетін «Ұлы даланың жеті қыры» атты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мақаласы 2018 жылы 21 қарашада жарық көрген болатын. Ұлы дала елінің сан ғасырлық мұрасын ұрпақ санасына сіңіру, ұлт тарихының өзекті мәселелерін кеңінен насихаттау, жастардың ұлт тарихына деген көзқарастарын қалыптастыру еліміздің басты мақсаттарының бірі болуы керек. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз: "Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, болашақты болжау қиын» деп бекер айтпаса керек. Бұл мақала әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан Түркі жұртының қарашаңырағы болған Қазақстанның сан мың жылдық тамырлы тарихының кеткенін келтіріп, кемтігін толтыратын игі бастама болары айдан анық. Кез келген ұрпақтың өкілі өзінің бабасының қандай болғанын көріп, байтақ тарихын сезініп, онымен мақтануы керек. Өзіңнің ұлтыңның, халқыңның төл тарихымен мақтана білу үшін, әуелі сол тарихты оқып-біліп, өзгеге жеткізе білу де – ардың ісі. Шынында да төл тарихымыздың зерттелмеген қатпарлары, ашылмаған тұстары жетіп артылады. Тіпті, Қазақ хандығын қалыптастырған тайпалардың XV ғасырда осы Ұлы далада жоқ жерден пайда болмағаны анық. Қазақтың кейбір ру-тайпаларының атаулары «қазақ» этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды. Мұндағы басты мақсат жаһандық тарихтағы қазақ халқының рөлін байыппен әрі дұрыс пайымдай білу. Н. Ә. Назарбаев жүйелі мақаласында аса көрегендікпен қарауға және зерделеуге, өткеннен сабақ үйренуге шақырады. Себебі, әр халықтың шежіресі қаһармандыққа, жеңістер мен трагедияға толы, оны сол күйінде қабылдаған абзал. Ол үшін ғылыми тұрғыдағы көзқарас қажет. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы екі бөлімнен тұрады. Алғашқысы «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» деп аталады. Мақаланың аты айтып тұрғандай, негізгі бөлім Ұлы даланың жеті қырын айқындап береді. Оның ішінде жеті қазынамыздың бірі жылқыға ерекше мән беріліп отыр. Жалпы «жеті» саны киелі сан екені санамызға сіңіп қалған. Тұңғыш Елбасымыздың да бұл мақаланы киелі санмен байланыстыруында үлкен тарихи мән жатыр деп ойлаймын. Тұңғыш Елбасымыз атап көрсеткен Ұлы даланың жеті қыры төмендегідей:

1. Атқа міну мәдениеті
2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия
3. Аң стилі
4. Алтын адам
5. Түркі әлемінің бесігі
6. Ұлы Жібек жолы
7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны.

Ұлы дала халқы металл өндіру мен терең тарихымен мақтана алады. Сондай-ақ Түркі әлемінің бесігі болып, Еуропа мен Азияны жалғаған Қазақстан Ұлы Жібек жолын жаңғыртуды да көздеп отыр. Қазақ даласының сулы, нулы табиғаты да елеусіз қалмады. Ал, мақаланың екінші бөлімі алдағы уақытқа бағыт-бағдар береді. Тұңғыш Президентіміз бұл мақаласында Қазақстанның тарихын зерттеу және ұлттық мұрамызды паш етуге бағытталған ірі алты жобаны таныстырды. Оның ішінде «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасау, Түркологтардың дүниежүзілік конгресін ұйымдастыру атты, ежелгі өнер және технологиялар музейін ашу сынды тарихи әрі маңызды міндеттер бар. Осы «Ұлы даланың жеті қырына» қысқаша тоқтала кетейік. Н.Ә. Назарбаев: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі» - деген ғибратты сөздер айтқан болатын. Осындайда әйгілі Асқар Сүлейменовтің «Өзгелер маймылдан жаратылса жаратылған шығар, қазақ жылқыдан жаратылған» дейтін сөзі еске түседі. Иә, қазақтың арғы-бергі тарихын саралап қарасаңыз ұйқысыз өтсе де, жылқысыз өтпегенін көруге болады. Дала тарихын ат тұяғының ізімен жазған көшпенділердің соңында Ботай, Берел, Есік секілді тарихи қорғандар қалды. Бұлар жылқы тарихының, жылқыны қолға үйрету тарихының бастауы екенін қазіргі тарих өзі-ақ айқындап берді. Мән мағынасы терең мақалада біздің тарихымыздың ажырамас бөлігі болып табылатын атқа міну мәдениеті жөнінде атап өткені көңілге қонарлық жайт. Ата-бабаларымыз ат үстінде жүріп ұлан-ғайыр жерімізді жаудан қорғап қана қоймай, күнкөріс көзіне де айналдырып, оны көлік те, тамақ та, сусын да қыла білген. Жылқы малы қазақ халқының өмірінде аса маңызды ерекше орын алып келген жануар. Қазақ балаларын жастайынан атқа(тайға) мінгізіп үйреткен. Тайға мініп жарысу, ат үстінде аңға шығу, аттың құлағында ойнап жүріп ұлттық ойынның түрлерін меңгеру – баланы ептілікке, қарулы болуға, жинақылыққа бағыттайды. Сондықтан біз ата-бабамыздан қалған бұл мұраны сақтап қалу үшін, оны тек біліп қоймай, жаңғыртып, қолданысқа енгізуіміз қажет.

Қазақ даласы – ежелгі металлургияның отаны. Металды балқытып, одан бұйым жасауды ата-бабаларымыз осыдан сан ғасыр бұрын меңгерген. Оны археологтар ғылыми тұрғыда дәлелдеп келеді, қаншама құнды жәдігер табылды. Археологтардың айтуынша ұлы даладағы ежелгі металлургия Ұлытау жерінде дамыған. Киелі өлкедегі Талдысай қонысы – соның дәлелі. Бұл жерде ерте қола дәуірінде ата-бабаларымыз мыс балқытып, түрлі бұйымдар жасапты. Осыдан бірер жыл бұрын ғалымдарымыз шахталық тәсілмен жұмыс істейтін жерасты пештерін тапқан болатын. Тарихшылар «Ұлы Жібек жолынан» бұрын «Мыс жолының» болғанын, керуеннің дәл осы Ұлытау жерінен өткенін айтады. Қазба жұмыстары кезінде ел аумағында табылған археологиялық жәдігерлер – ежелде бұл жерде жоғары мәдениет болғандығының дәлелі. Табылған заттардың арасында құмыралар, қару-жарақ, ерекше алтын бұйымдар бар. Ежелгі жазулар да кездеседі. Бұл,әрине, Қазақстанның бай шежіресінің маңызды бөлігі. Қазір оларға жергілікті тұрғындар ғана емес, барша әлем жұртшылығы қызығушылық танытып отыр. Қазақстанның тарихи өткеніне ерекше қызығушылық танытылуы ежелгі сақ мәдениетінің аң стилімен де тікелей байланысты. Оны әрбір жәдігерден көруге болады. 1969 жылы Есік қорғанында табылған "Алтын адам» осыған дәлел. Оның киімі 4 мыңнан астам алтын әшекейлермен безендірілген. Бұл мақаланы оқи отырып Алтай мен Атыраудың арасын, Ертіс пен Есілдің жағасын мекендеп, Қаратаудан Ұлытауға дейінгі ұлы даланы жайлаған ұлтымыздың ұлылығына, бабаларымыздың батырлығына тағы көзіміз жетті. Біздің бабаларымыз адамзат өркениетіне атқа міну мәдениетін енгізіп, болатты балқытып, темірден түйін түйіп, дала заңы бойынша өмір сүрген. Тауында жатқан тасын түртсең тарихы сөйлейтін даламыздан «Алтын адам» табылып, Ұлы Жібек жолы өтті. Ал асқаралы Алтай – Түркі әлемінің алтын бесігі. Ұлы Жібек жолы еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Еуразияның шығысы мен батысы, солтүстігі мен оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы

байланыстардың желісіне айналды. Бұл жол халықтар арасындағы жаһандық өзара тауар айналымы мен зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасып, дамуы үшін орнықты платформа болды. Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы дала халқы ежелгі және орта ғасырлардағы аса маңызды сауда қатынасының басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды. Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымды экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

Кең байтақ қазақ даласының қойнауы табиғи байлыққа, алуан түрлі өсімдік түрлеріне бай. Соның бірі – көктем шыға көздің жауын алып, қырда құлпырып, жайнайтын қызғалдақ гүлі. Қызғалдақтың елімізде 35 түрі кездеседі. Оның 12 тек қазақ жерінде ғана өсетін түр болып саналады. Осы себепті де Қазақстан – «Қызғалдақтын отаны» аталады. Шындығында, аталмыш гүлдің қазақ даласынан бастап бүкіл жер жүзіне таралғандығы бүгінде ғалымдар нақты дәлелдер келтіруде. Осылай әлем мойындап отырған ғажайып өсімдігімізді өзгелерге насихаттап, Қазақстанның төл өнімі ретінде мақтаныш етуге біздің толық қақымыз бар.

Әлемнің бірқатар елдері өздерінің жерінде өсетін табиғи өнімдерін дүние жүзіне жарнамалап және экспорттап мемлкетінің бренді ретінде көрсететіні белгілі. Мысалы, Үндістан үнді шайымен, Бразилия кофесімен, Куба қантымен, Голландия гүлімен әйгілі. Ендеше бізге де қызғалдақ пен алмамызды брендке айналдыруға неге болмасқа? Академик Рақым Оразалиевтің дерегіне қарағанда XX ғасырдың басында голландиялық мамандар Шымкенттің Сарыағаш тауларында өсетін қызғалдақ гүлінің тұқымын алып кеткен. Соны өсіріп, түрлі тәсілдер арқылы сапасын жақсартып, қазір атақты «голландские тюльпаны» ретінде әлемге танытып отыр. Қызғалдақты орыс тілінде «тюльпан» атап кеткен. Қызғалдақтың гүлшанағы шығыс халықтары киетін бас киім – сәлдеге ұқсағандықтан осы сөзге бейімдеп «тюльпан» атап кеткен. Міне, қараңыздаршы қазір қыз-келіншектердің басынан тастамай киетін тюрбанның түбі қайда жатыр? Сондықтан, қызғалдақты тек мақтаныш етіп қана қоймай, көбейтіп өсіруді, қорғауды қолға алуымыз керек. Оған тағы бір себеп, жерімізде өсетін қызғалдақтардың 18 түрінің «Қызыл кітапқа» енгендігі.

Алма туралы, алманың тарихы жайында да аз жазылған жоқ. 1913 жылы Мәскеуде үлкен тарихи оқиға болды. Романовтар әулетінің тұғырдан таймай таққа отырғанына 300 жыл толып, оны әлемдік деңгейде атап өтті. Бұл мерейтой Ресейдің қол астына қараған барлық «бұратана» халықтың жерлерінде де аталып өтті. Мәскеудегі үш ғасырлық осы торқалы тойға барған қазақтардың сол уақытта төбесі көкке бір елі жетпей қалды. Әлемдегі ең үлкен империяны ғасырлар бойы уысында ұстап келген Романовтар әулеті ол кезде барлық құрметке лайықты еді. Патша ағзам өткізген ұлан-асыр тойда жан-жақтан Мәскеуге келген сый-сияпатта шек болмады. Алайда, қазақ топырағынан барған тартудың орны бөлек болды. Ол кәдімгі алма болатын. Алматы апортының даңқы осы сәтте бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп өтті. Тойға қазақ жерінен 30-дан астам адам барған еді. Бұл жайында тереңнен сөз қозғаған: "Біздің қазақтың үш жүзінен барған ақсақалдар патша тойына Алматының апортын алып барған. Оның әрқайсысының салмағы 1 килограмм 200 грамм – 1 килограмм 300 граммнан шыққан еді. Тойға жиналған қауым сол жерде өлшеп көріп, Алматының алмасына таңқалысады. Небәрі 300 граммның айналасындағы өздерінің «Антоновка» сияқты алмаларын ғана көріп жүрген жұрт риза болғаны соншалық: «Мұны біздің патшамыздың құрметіне «Александра» деп атайық!» дейді сол жерде. Сөйтіп, біздің Алматының апорты сол атқа ие болып шыға келді. Негізі апорт алмалар Қырғызстанда да бар, біздің елімізде де бар, басқа жерде де болуы мүмкін., бірақ нағыз апорт, өзінің топырағын тапқан апорт – Алматының апорты», - деген еді ғалым-биолог Құнанбай Ысмағұлов. Алматы апортының таихы адамның басын айналдырғандай еді. Ол – араға миллиондаған жылдар салып, атамекеніне қайта оралған алма ағашының жемісі. Жер шарын шыр айналып шыққан алма ағасы, ақырында, өз топырағын қайта тапқан. Ол алмалы Алматының айналасы болатын. Қазіргі Қазақстан жерінде керемет алмалардың өсетіндігін Қытай мемлекеті 1240 жылдан

бастап жаза бастаған, сондай-ақ алма тұқымының осы жерден таралғанын да айтқан. Көріп тұрғанымыздай жеріміз, еліміз көптеген нәрселерге бай. Н.Ә. Назарбаев атамыз ерекше назар аударып өткен алма мен қызғалдақ біздің басты назарамызда болуы керек.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып табылатын Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» жаңа бағдарламалық мақаласы Қазақстан халқының ыстық ықыласына бөленіп, қоғамда кең талқыға түсуде. Ол қазірден-ақ тарихи құжат деген атқа ие болып үлгерді. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы туралы пікір білдірген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы директорының бірінші орынбасары, саяси ғылымдар докторы, профессор Әмірхан Рахымжанов Тұңғыш Елбасының стратегиялық мақаласын терең ұғынуды талап ететінін жеткізді, себебі мемлекет басшысы ұлт тарихының әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін зерделеуге шақырады: «Өз еліңнің ұлттық дәстүріне, тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарау кез келген тәрбиенің негізі болып табылады және ең зор ұлттық құндылығымызды көрсетеді. Шыққан тегімізге зор мән беріп қарау арқылы нағыз азаматтар тәрбиелеп, мықты мемлекет құра аламыз. Осы жағынан алғанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы біздің назарымызды мемлекеттік тарихи мұрасына оның тарихи кеңістіктегі өзектілігі мен маңызы тұрғысынан қарауымызға назар аудартады. Мақаланың мағынасы тереңде екені сөзсіз. Тұңғыш Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтқаны секілді кезекті рет ұлттық тарихымыздың әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін бағамдауға шақырады».

Тұңғыш Елбасы ерекше атап көрсеткен Ұлы даланың жеті қыры әлемдік өркениетті құру мен дамытуға септік еткен ұлттық мұра топтарын ұсынады. Жылқыны қолға үйрету және жылқы шаруашылығының кейінгі дамуы Ұлы даланың экономикалық және технологиялық жарылысқа серпін берді. Ерте заманда-ақ металлургияны, қола мен темірді өңдеуді меңгере отырып біздің ата-бабаларымыз әлемдік өркениеттің дамуына зор үлес қосты. Көшпенді халықтар айрықша құрылған әскери жүйенің арқасында бірнеше ғасырлар қатарынан қарсыластарына өздерінің әскери-саяси артықшылықтарымен үстемдікке ие бола білді.

Ұлы Жібек жолы далалық Еуразиядағы өркениеттің дамуының мықты факторына айналды, түріктердің Орталық Азияда өркендеп, гүлденуіне ынталандырушы рөл атқарды. Бұл мұра қазірдің өзінде де еуроазиялық аймақ мемлекеттерінің тағыз өзара іс-қимылын қозғаушы күштердің бірі болып табылады, соның жарқын көріністерінің бірі – «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы.

Қазақстан сақтарының материалдық-мәдени мұрасы бойынша көптеген ескерткіштердің ашылуы Қазақстан мен Еуразияның іргелес аймақтарының ежелгі тарихын қайта құруда зор маңызға ие. Ғылым мен мәдениеттің орталығы болып, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауилер өмір сүрген және түрлі еңбектер жазған ортағасырлық қалалар – бұлар нағыз Ұлы дала жетістіктері. Олар әлем тарихы мен мәдениетінің дамуы мен қалыптасуына зор ықпал еткен. Ұлы даланың біртуар ойшылдары бейнелерінің галереясы және келбеті орын тебетін Отырардың қайта жаңғыруы – бұл біздің мемлекетіміздің дамуының заманауи кезеңіндегі абсолютті қажеттілік. Сондықтан Тұңғыш Елбасы айтқан Қазақстан тарихын зерттеу мен елдің мәдени мұрасын паш етуге бағытталған жаңа, күрделі жобаларды сапалы етіп орындау, Ұлы дала елдерінің тарихи рөлін тануға және Қазақстанның рухани-идеологиялық дамуына септік етеді. Өткен ұлы көшпелі өркениетті нақты тану қазіргі заманғы Қазақстанның дамуына қанат бітіріп, ұлттық мұрамыздың барлық маңызын терең түсінуіміздің көрінісі болады».

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы ұлттық мұраларымызды терең тануға серпін беретін үлкен тарихи мәнге ие өсиет болып табылады. Тұңғыш Елбасының осы мақаласында айтқан керемет сөзі бар: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Әсіресе, Ұлы даланың ғасырлар қойнауынан келген батырлар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің қайнар бұлағы» , - деп атап айтқан жолдары рухани жаңғырудың

негізі еліміздің өнері мен мәдениетінің қайнар көзі ұлттық күйлері мен ән-жырларымыз күн сайын санамызда жаңғырып тұруы қажет. Бұл мақаланың мәні мен маңызының арқасында қазақ қандай ел болған деген сұрақтарға сансыз жауап алуымызға болады. Бұл біз үшін тарихи сәт – жас ұрпақ ұлама халқымыздың болғанын терең түсінуімізге үлкен септігін тигізеді.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде: «Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда. Сендер тәуелсіз Қазақ елінің перзенттерісіңдер. Тәуелсіз елде туып, тәуелсіз елде тәрбие алдыңдар. Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш. Мен сендерді, жас отандастарымды табандылық танытуға және Отанымыздың жарқын болашағын қалыптастыруға көмектесетін мәңгілік құндылықтар – ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырамын. Мен сендерге сенемін!» деп жастарға үлкен үміт артқан болатын.

Біздің алдымызда тұрған ендігі міндет – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев айқындап берген басымдықтарды іске асыруға қоғам болып, жастар болып жұмылу. Бұл ауқымды жұмысқа баршамыз бір кісідей атсалысып, өз үлестерін қосса, көздеген мақсатқа қол жеткізу жеңілдейтіні анық. Ең бастысы, ел дамуы мен тарихымызды танудың жаңа кезеңі жолында әрқайсымыздың аянбай еңбек еткеніміз абзал. Себебі, болашақтың жарқын болуы – жастардың, яғни біздің қолымызда.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. АҚЫЛ-ПАРАСАТ КІТАБЫ/ Нұрсұлтан Назарбаев – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 276 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
3. Нұрсұлтан Назарбаев: ЕЛМЕН СЫРЛАСУ. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2009. Т4 – 328 б.
4. «Біздің Президент» Деректі повесть, Алматыкітап баспасы, 2015.

ОСОБЕННОСТИ МОДЕРНИЗАЦИОННОЙ МОДЕЛИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ МНОГОПОЛЯРНОГО МИРА

Иманбаева Ж.М., докторант
Научно-исследовательский Центр Аль-Фараби

Со словом «модерн», часто употребляется слово «современный». Необходимо проанализировать эти два понятия на предмет их соотношения и различия. Словосочетание «Современное общество» в трактовке Т. Парсонса употребляется «не как временная, достаточно неопределенная характеристика приближенности к нашим дням, а как абстрактное типологическое понятие, определение особого типа общества — а именно современного, или в достаточной степени модернизованного, то есть такого, которое прошло весь сложный процесс модернизации (буквально — осовременивания)» [1, p. 2]».

Российский философ Б.Г. Капустин в книге «Современность как предмет политической теории» предлагал иную трактовку современности. Современность по словам ученого относится к исторической категории, поэтому может быть описана только в форме нарратива. В основе этого нарратива лежит проблемная или историческая ситуация, обозначенная в определенных временных рамках. Знание о современности не может быть знанием научно-теоретического характера, невозможно построить теорию современности. Поэтому модернизация не есть движение к абстрактному современному обществу, а есть способ бытия в современности.

Историческая ситуация означает историческую эпоху. «В таком случае понятие современности обозначает длительную историческую эпоху, которая характеризует определенный этап всемирной истории в соответствии с ведущей для этого времени тенденцией общественного развития.» [2, p. 35]. Тенденция развития сохраняющаяся на протяжении длительного времени определяет отличие одной исторической эпохи от другой. Современным считается то, что актуально выражает обновляющийся дух времени.

Б.Г. Капустин высказывался за строгое разделение понятий «современность» и «модерн». Современность как историческая категория относится к философии истории, в то время как модерн- понятие социологии. Существует мнение что общество модерн имеет универсальный характер. Однако реализация в истории не только западных моделей модернизации заставляет признать существование различных типов общества модерн.

По словам российского философа В.М.Межуева теория модернизации по существу себя изжила. В классической формулировке модернизация – это переход традиционного общества к современному. Современное отождествлялось с индустриальной фазой общественного развития, которая сегодня уже сменилась на постиндустриальную, информационную и т.д. Большинство стран мира уже модернизировалось в том смысле что уже почти нигде не существует аскриптивно заданная социальная стратификация, повсеместно внедрено промышленное производство с той или иной степенью технологического усовершенствования и ликвидирована массовая безграмотность. Когда мы говорим о модернизации сегодня нужно понимать, что речь идет о преобразованиях и дальнейшем развитии уже модернизированных обществ.

Проблему современности каждая страна понимает и решает по- своему. Не может существовать одного общего для всех решения этого вопроса. В этом смысле современность исторична, изменчива. Обществу чтобы быть современным не обязательно отказываться от своей идентичности. Общество, с которым мы себя отождествляем современно для нас даже при существующих в нем недостатках.

Современный этап глобализации характеризуется стремлением всех стран к сохранению своей национальной (цивилизационной) идентичности, культурной самобытности, что в свою очередь порождает усложнение и рост многообразия отношений в мире. Гетерогенность мирового развития таит в себе потенциальные угрозы. К ним можно отнести принцип «движущихся целей» и «модель расходящихся путей». Последствия глобализации также неоднозначно положительны.

Принцип "движущихся целей" означает усилившуюся конкуренцию после краха социализма означавший, потерю относительной мировой безопасности. В новой ситуации многополярного мира создается турбулентная среда, в которой трансформирующиеся общества стоят перед угрозой еще большего отставания от передовых, а последние сталкиваются с неожиданной конкуренцией обществ с иной культурно-цивилизационной традицией. Все это вместе может порождать кризисные явления в мире.

Согласно «модели расходящихся путей» в критически поворотных моментах истории, подъема или кризиса, происходит фуркация общественного развития. Формируются военно-политические коалиции, например, социалистический и капиталистический блоки в период холодной войны, определяющих на значительное время мировое развитие. Уход социалистических режимов можно рассматривать как критическую ситуацию фуркации. Перемены в 90-е гг. XX в. в странах бывшего социалистического лагеря разрушили складывавшуюся в течение десятилетий социальную структуру. Нельзя назвать благоприятными условия шоковой терапии в которых были ускоренно проведены хозяйственные реформы. Создание новых инфраструктурных сетей, связанных с капиталом, инновациями и ноу-хау требуют времени и значительных инвестиций.

Существует мнение, согласно которому в XXI веке национальные государства будут доминировать как акторы. Однако есть и те, кто понимает глобализацию как мега-тренд

ограничивающий способность национальных государств к действию, подрывающий их суверенитет.

Одной из основных угроз глобализирующегося капитализма можно назвать растущую нагрузку на окружающую среду. Современные способ производства и уровень потребления требуют использования все больше не восполняемых природных ресурсов. Параллельно растет уровень загрязнения окружающей среды. Без достаточного регулирования в масштабах не только отдельно взятой страны, но и всего мира эти проблемы не решить.

В эпоху техногенной цивилизации человечество располагает широкими возможностями изменения окружающей среды, однако не всегда способно адекватно вписаться в конструируемый им самим техногенный мир. Для эффективной жизнедеятельности в новых условиях человеку необходимо задействовать весь свой интеллектуальный и духовный потенциал.

Модернизация не обязательно явление комплексное. «Запоздавшие в своем развитии народы», – пишет французский историк Ж. Ле Гофф, – научились проводить в ходе модернизации различие «между социальной и культурной модернизацией и модернизацией иной – технологической и экономической, т. е. материальной» [3, p. 63]. Современный китайский философ Ту Вэймин показал, как Восточная Азия создавала альтернативную модель модернизации на основе своей культурной традиции. «Сам факт того, что конфуцианская Восточная Азия создала альтернативную модель модернизации для Таиланда, Малайзии и Индонезии, является знаком того, что буддийские, исламские, а также индуистские формы современности не только возможны, но и высоко вероятны. Нет поводов сомневаться в том, что Латинская Америка, Центральная Азия, Африка и местные традиции во всем мире обладают потенциалом, достаточным для того, чтобы развить свои собственные альтернативы западной современности» [2, p. 26].

Обновление промышленности, технологий, информационное развитие и создание инновационной экономики являются основными направлениями модернизационных процессов сегодня. В не западных обществах наблюдаются различные варианты происходящих изменений: копирование (прямое заимствование), синтез (гибрид), симбиоз или отторжение [4, p. 78].

В известном труде «Эволюция восточных обществ: синтез традиционного и современного» (1984) Л.И.Рейснер и Н.А.Симония описывая переходный период в постколониальных странах Востока отмечают, что «традиционное на Востоке модернизируется не само по себе, а именно в синтезе» [2, p. 28]. Компромисс между традиционным и современным по их мнению является необходимым. «Вступая в синтез, современное также видоизменяется, определенным образом приспосабливается к традиционному, иначе компромисс (синтез) был бы просто невозможен» [4, p. 79]. Данная толкование соотношения традиционного и современного нашла широкое распространение в литературе последних лет.

В работе А.И. Яковлева «Страны Востока в эпоху глобализации: синтез традиционного и современного», «синтезная» модель активно поддержана и развивается дальше. Синтез (от греч. synthesis – соединение, сочетание, составление) является соединением различных элементов, сторон объектов в единую систему, обретающую принципиальное новое качество. Возможен и симбиоз - относительно независимое сосуществовании разнородных элементов в границах некоторой целостности. Симбиоз порождает такое явление как многоукладность. Многоукладность может быть сопряжена с отторжением, когда борьба двух разнородных элементов приводит к вытеснению одного другим. Чаще всего отторжение происходит в сфере культуры и духовной жизни.

«Модернизация - сложный, многосторонний (охватывающий все сферы жизни общества) и многовариантный способ преобразования общества, в котором взаимодействуют внутренние и внешние, самобытные и заимствованные факторы» [5]. Модернизация часто осуществлялась методом внедрения чужих институтов, товаров,

технологий. Например процесс вестернизации имеет место быть в виде отдельных заимствований западной политической и бытовой культуры и т.д. «Вестернизация – буквальная реализации западной модели по всем ее свойствам и параметрам» [4, p. 78]. Однако процесс модернизация не сводиться к вестернизации.

Важным инструментом модернизации выступает социальная гибридизация. Социальная гибридизация - это скрещивание институтов, подсистем, разных типов обществ [6]. В биологии «Гибридизация - скрещивание особей, принадлежащих к разным сортам, породам, подвидам (внутривидовая гибридизация) или видам и родам (отдаленная гибридизация) растений и животных». Гибридам свойственен гетерозис, гибридная сила, выражающаяся в улучшении показателей по сравнению с родительскими формами. Точно также социальный гетерозис способствует гибкости социальных систем, повышает их адаптивность в меняющемся мире.

Параметры государственности в странах Востока могут претерпевать изменения на основе внедрения достижений западной политической модели, таких как рационализация бюрократической управленческой структуры, демократизация институтов власти, развитие институтов гражданского общества и др. Стоит отметить, что интенсивность реформ или поспешное насаждение чужих моделей не является залогом успеха. Все зависит от эффективности кадрового потенциала, без которого никакая система управления не могла бы реализоваться успешно. Именно человеческий фактор является в итоге решающим в государственном управлении.

Глобализация не означает унификацию жизнедеятельности всех народов, особенно в ее культурно-цивилизационном аспекте. «Культурно-цивилизационный аспект процессов глобализации, является сегодня наиболее спорной и непредсказуемой темой. Разброс мнений чрезвычайно широк, некоторые из них взаимоисключают друг друга.» [7]. Для успешной интеграции в мировое сообщество важно определить собственный вектор цивилизационного пути. В этой связи хотелось бы упомянуть разрабатывавшуюся в рамках современной социальной философии теорию Институциональных матриц. Матрица – это теоретическая модель воспроизводства социокультурной общности людей (цивилизации). В структуру матрицы входят институциональные матрицы и матрицы-норм. «Институциональная матрица – это устойчивая, исторически сложившаяся система базовых институтов, регулирующих взаимосвязанное функционирование основных общественных сфер – экономической, политической и идеологической» [8, p. 67]. Социальные институты формируются в устойчивых, обретших форму государственности человеческих сообществах. Матрицы-норм составляют ценностно-мировоззренческое ядро матрицы, т.е. регулируют отношения между человеком и государством, человеком и природой и т.д. Моделей матриц существует множество. С течением времени в своих сущностных характеристиках они не меняются. Матрица по своему значению очень близка к понятию идентичность.

Согласно теории институциональных матриц, существуют две основные X-и Y-матрицы. Для Y-матрицы (иногда называемой западной) характерны институты рыночной экономики, федеративное (субсидиарное) политическое устройство, индивидуалистическая идеология. Для X–матрицы (иногда называемой восточной) характерны институты редистрибутивной экономики, унитарно-централизованное политическое устройство, коммунитарная идеология (Мы над Я).

Отличительной особенностью X-матрицы является то, что в ней государственная власть приобретает сакральный характер. Сакрализация связана с идеей неразрывного единства социума с его «месторазвитием» т.е. территорией страны. Государство в данном случае воспринимается как сверхчувственная, трансцендентная реальность несводимая к конкретным властителям и историческим формам управления. Это обусловливает формирование определенных жизненных приоритетов, ценностей и норм нравственного поведения. Подобные трансцендентные ценности в незападных государствах-цивилизациях

продолжают присутствовать на всех уровнях экономической, политической, социальной жизни, в мире их актуального культурного опыта. В процессе реформирования таких обществ необходимо учитывать особенности их цивилизационной матрицы.

Особенно важное отличие X-матрицы от Y-матрицы состоит в несводимости к вещной форме социальных связей. К. Маркс определял вещную связь как исторический продукт, созданный людьми внутри определенных производственных отношений. «Индивиды не могут подчинить себе свои собственные общественные связи пока они эти связи не создали» [9, p. 105]. Вещная связь предполагает независимость и безразличие, даже отчужденность людей по отношению друг к другу. В значительной мере эта связь не является естественной и не имманентна природе человека. Поэтому неправильно было бы считать, что «красота и величие покоятся именно на этой стихийной, независимой от знания и воли индивидов связи» [9, p. 105].

Қазіргі көзқарас пен құндылықтар өзгерген әдет-ғұрып, салт-дәстүр жаңғырған заманда бұл ұғым одан сайын кеңейіп, көкірегінде сәулесі бар әрбір азамат төл тарихын игеруді туған жерінің, өскен ортасының тарихын, мәдениетін білуден бастау керек деген ұғым қалыптасты. Дәлірек айтсақ, өлкетану-отантанудың алғашқы қадамы. Бұл заңды құбылыс. Әр ғылымның тұңғиығына терең бойлау үшін ең әуелі оның әліппесін игеру қажат. Ал Қазақстанның әрбір азаматының Отан тарихын оқып-зерттеудегі алғашқы баспалдағы, әліппесі-өз өлкесінің, туған жерінің, өскен өңірінің тарихын игеру болса керек. Бұл орайда, ұлттық мұрағаттардың алатын орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Алтаев Б.Е. Место музеев Казахстана в мировом сообществе. //Қазақстан музейлері. -2003. 21(3)- с.13.
2. Қазақстан музейлері.2002.-1 (1). -7б.
3. Тұрысбеков Р. Музей-тарих// Өркен. -1990. мамыр. -8 б.
4. Әлібекова К., Көшекбаев Ә., Әліпбаева Ұ. Жәдігерлер жасай береді // Сыр бойы, 27.06. 2007.
5. Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). - Алматы: Атамұра, 1998. -10-11 бб.
6. Айдосов А. Сыр туралы сыр. Алматы: Бастау, 1998-26-б.
7. Қосанов О., Қосанов С. Қызылорда облысының жан-жануарларының экологиялық ахуалы. Қызылорда: Тұмар, 2002.-3-б.
8. Жонтаева Ж.А., Әбдібаев Ш.Ш. Сыр елінің мәдени мұралары. Қызылорда, 2005.-3-б.
9. Әбдібаев Ш.Ш. Тарихи мұралар тағылымы // Сыр бойы, 10.12.2002ж.
10. Мырзамұратова Н. Музей: Тарихпен жүздесу, Күмбез. -2002 №4.-35 б.
11. Юренева Т.Ю. Музееведение. Москва: Академический проект, 2003-350

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Марқабаева А. М., тарих магистрі
Абданбаева А. А.
Нұр-Сұлтан қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Жаһандану күшейген сайын ұлттық идеяны қалыптастыру маңыздылығы арта түседі. Бұл идея болашағымызға бағдар болып, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелеуі тиіс. Ұлттық идея-ұлттың және мемлекеттің мұраты болуы аса маңызды.

Мәңгілік ел идеясы- тәуелсіздік пен азаттықтың рухымен сабақтасады. Оның тарихы 5-ғасырдан астам уақытты қамтиды. Ол әлем елдерімен терезесі тең қатынас жасау, Мәңгілік ел ұғымынан туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік, құрмет пен жасампаздық рухындағы патриоттық тәрбие бастау алады. Болашақ ұрпақ бұл идеяны тек ұрандатумен ғана шектелмеу қажет екендігін түсінуі тиіс. Ұлттық идеяда жер тұтастығы жатқанын сіңіріп, мәңгілік таусылмайтын қуат көзіне айналдыру қажет [1].

Мысалы, Американдықтар тәуелсіздіктің мәнін түсінетін халық. АҚШ-тың күшті мемлекетке айналуына негіз болған құндылық-азаматтарының ұлттық мүддені қамтамасыз етуге бағытталған ынта-жігері. Американдықтар отаншылдық сезімге адал халық. Осылайша американдықтар дүниежүзінде барлық салалар бойынша басымдық көрсетуде. Американдықтардың осындай жетістіктерге қолжеткізу құпиясы:

1. Өз азаматтарының өзге елдер азаматтарынан ерекше екендігіне сендіру және сену.
2.Отбасы-қасиетті шаңырақ, оны мемлекет қорғайды және қолдайды.
3.Ұлтына қарамастан бәрі тең.
4. Америка-ұлы ел
5. Американың досы да, жауы да жоқ, Американда мәңгілік ұлттық мүдделер ғана бар.

А.Линкольннің «Сен маған мемлекет не береді деп ойлама, керісінше менің америка үшін қандай пайдам тиеді деп ойла» тұжырымының рөлі зор. АҚШ-та патриот болмау опасыздықпен тең. Ондай адам сөгіс алмаса да отандастарымен қатынас жасауы қиындайды. Яғни бесіктен бастап ұрпақ санасына сіңіреді. АҚШ-тық индивидуализмнің іргетасы- жеке табыс- іс-әрекетке дайын тұру-өз күшіне сену. Олардың түсінігінше мемлекеттің басты қызметі- индивидтің дербестігі мен тәуелсіздігін жүзеге асыруға қажетті барлық жағдайларды жасау. Сондықтан әрбір американдық азамат мемлекетті қорғауды өзінің өмірін, құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен бірдей деңгейге қояды. Мектепте сабақтар еліне ант берумен басталады.

Ұлыбритания да бұл мәселені басты орынға қояды. У.Черчильдің « Британияның тұрақты жаулары мен тұрақты достары жоқ, тек тұрақты мүдделері бар» ,-деген сөздері бұған дәлел болып табылады

1879 ж. Жапон императоры Мэйдзи «Білім берудің ұлы мақсаты» атты заңында: Адамдар ең алдымен өз бойына рухани байлықты жинап, моральдық ұстанымды мінез-құлық дағдысына айналдыруы керек. Содан кейін ғана әртүрлі мамандықты игеру үшін білім қажет»,-деп атап көрсеткен. Қазіргі уақытта Жапондық мектептер ұлттық рухты таратады, қажетті моральдық қасиеттерді қалыптастырады, ұлттық сипаттағы дәстүрлік қасиеттерді дамытады [1].

Яғни қазіргі уақытта азаматтарының патриотизмі жоғары деңгейдегі елдер дүниежүзіне өздерін мойындатып отыр. Қазіргі уақытта дамыған елдер қатарындағы Германия, Жапония, Ұлыбритания, Түркия мемлекеттерінің баласы жас күнінен «елім, ұлтым» деп өседі. Есейген соң барлық білімі мен дағдысын мемлекетіне жұмсайды.

Елбасы мұндай ұғымның көптеген елдерде бар екендігін атап өтіп, жапондар күншығыс еліміз, қытайлықтар аспан асты еліміз, кәрістер таңғы шық еліміз, орыстар Великая Русь деп санайтындығын мысалға келтірді. Бұл атау еліміздің географиялық ерекшелігіне сипаттама ғана емес, бұл халқымыздың кеңпейіл дархандығының, мемлекеттік күш-қуатының, айрықша мәртебесі мен Тәуелсіздігінің айнымас бір нышаны ретінде қабылдануға тиіс [1].

Қазақстанның мүмкіндігі мен әлеуеті зор. Сондықтан мемлекет азаматтарын патриоттық рухпен, ұлттық мүдделерімізді қамтамасыз ету жолында әрбір қазақстандық аянбай күш-жігерін қолдануы тиіс. Үшінші жаңғырудың мақсаты- әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру, Яғни , «**бәсекеге қабілеттілік», «ұлттық бірегейлікті сақтау», «білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы»**, «**сананың ашықтығы» бағыттары арқылы мемлекеттің болашақ дамуының бағыттарын айқындаған**. Басты мақсаты- бәсекеге қабілетті адамдардың Біртұтас ұлтын құру. **Осылайша** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Тәуелсіз Қазақстанның болашақ қадамдарының ұлттық идеологиялық маңызды іргетасы болып табылады [1].

Жаһандану дәуірінің негативті салдарларынан ұлтты сақтаудың дара жолы-«Ұлттың рухани коды» мәселесі екені айқын. Яғни технологияны дамытуға басымдық бере отырып, ұлттың тілі, тарихы, өнері, әдет-ғұрпын сақтау аса маңызды мәселе. XX –ғасырдың басында Ұлт көшбасшысы Ә.Бөкейхановтың қазақ мемлекеттілігін Жапония үлгісінде құруды армандағанын білеміз. Жапония технологияның аса қарыштап дамыған орталығына айналып, ұлттық ерекшеліктерді толық сақтауда.

«Білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы керек» ұстанымы адамның құндылығы, рухани байлығы, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға мән беру қажеттілігін айтып отыр . Отан – бұл тек жер, аумақ қана емес, ортақ дүниетанымдық құндылықтар, тіл, дәстүр, әдет-ғұрыптарға ие халық.

Ал қазіргі қазақстандық қоғам кең гуманитарлық эрудициясы дамыған және кәсіби шеберлігі жоғары зияткерлік әлуеті қалыптасқан кадрларға зәру. Бұл әсіресе ұлттық инновациялық инфрақұрылымды дамыту жағдайында маңызды. Саяси тәуелсіз болғанымызға 28жыл толса да рухани тәуелсіздігіміз әлі ақсап тұрғаны-ащы шындық. Рухани жаңғыру бойынша ұлттық сананы рухани жаңғыртудың бағыттары негізінде қазақстандық даму үлгісі насихатталуы тиіс. Адамдардың санасында әлі күнге дейін тоталитарлық режимнің психологиялық кері белгілері сақталып келеді. Қазіргі кезде жиі байқалатын ысырапшылдық пен астамшылық, даңғойлық пен кердеңдікке қарсы «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу қойылады.

Сондықтан,Отанын, халқын сүйетін , ұлттық нақышта тәрбиеленген жаңа қазақстандық жаңа буынды қалыптастыру қажет. Сондықтан қазақстандық азаматтардың бойында тарихи сананы қалыптастыру аса маңызды. Себебі сананың істен озық жүруі маңыздырақ. Қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи сана өскелең ұрпаққа бүгінгі күнгі оқиғалар мәнін түсіндіреді.

Тарихи сана - бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжам, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оған қоса оқу-тәрбиелік процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына жәрдемдесуі тиіс. Сондықтан да «Қазақстан тарихы» пәні оқушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. Қазақстан тарихы пәні мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді. «Қазақстан тарихы» пәні «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, өз кезегінде ол, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын, адамдар құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асады [3].

Қазақстан тарихы пәні білім бағдарламасының міндеттері: Оқушыларға ұлттық және адамзаттық құндылықтарды дарыту және «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру үшін оны негізге алу болып табылады. Бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және жауапкершілік, өмір бойы білім алу құндылықтарына негізделген. Сондықтан «Мәңгілік Ел» - жалпыұлттық идеясы Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларын тәрбиелеудің негізі болып белгіленген.

Қазақстан тарихы пәнінің мақсаты-Оқушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту болып табылады. Қазақстан тарихы бойынша оқу бағдарламасында қолданылатын құндылықтарға бағытталған ұстаным қазақстандық патриотизмді, толеранттық сана, өз елінің тарихи өткеніне, ата-бабалар мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Әртүрлі тарихи кезеңдегі өз елінің тарихын зерделеу арқылы оқушылар тарихи процестің біртұтастылығы мен сабақтастығын, оған қоса Қазақстан тарихын дүниежүзі тарихының бір бөлшегі екенін түсінеді. Оқушылар тарихи даму процесіндегі Қазақстанның халқы адамзаттың ілгеруіне өзіндік бірегей әрі ауқымды үлес қосқандығын түсінеді [3].

Бағдарлама бойынша мына оқу мақсаттары мемлекет идеологиясын толық қамтиды:

5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу

6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану

6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау

6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау

6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру

6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау

6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М.Қашғари, Ж.Баласағұни және А.Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру

7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау

7.2.2.4 ұлттық киім үлгілерінің ерекшеліктерін анықтау арқылы қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау

9.2.1.3 *«Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау*

9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау

9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу [3].

Аталған оқу мақсаттарының пән бойынша жүзеге асырылуы механизмдеріне әртүрлі. Мәңгілік Елдің "Жалпыға ортақ еңбек қоғамы" мәселесі бойынша жаңартылған бағдарламада оқушылар еңбек өнімділігін анықтайтын практикалық бағыттағы есептерді модельдейді және шешеді, күнделікті өмірден мысалдар келтіреді. "Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік өңірлік мәселелерді шешуге жахандық тұрғыдан қатысуы" бағытына сәйкес оқушылар Қазақстан, әлем және өзі тұратын аймақтың экологиялық мәселелерін шешу жолдарын ұсынады. "Тарих, мәдениет пен тілдің ортақтығы" бағытына сәйкес оқушылар Қазақстан мәдени құндылықтарын сақтау жөнінде идеяларды талқылап, зерделейді. Отбасының мемлекеттегі рөлі мен маңыздылығы туралы талқылау жасайды.

«Қазақстан тарихы» пәнін мемлекеттік тілде оқыту оқушылардың халқымыздың мәдениеті мен тарихына қызығушылығын арттыруға, әлеуметтік-экономикалық фактілер мен тарихи құбылыстарды қазақ тілінде танып білуге, тарихи деректерді интерпретациялауға, уақыт пен кеңістікте бағдарлауға, түсіндіру және талдау сияқты дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушыларда ұлттық намыс, ел бірлігі және мемлекеттік мүдде деген ұғымдарды қастерлеуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға үйретеді, ұлттық идеологияның қалыптасуының да негізгі қайнар көзін құрайды. Яғни, «Қазақстан тарихы» пәнін жаңаша оқытудың маңыздылығы арта түсуде.

Қазақстан тарихы пәні ұстаздарына оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын, тарихи түсініктері мен сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытуға жәрдемдесетін белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдану талабы қойылады. Сонымен қатар сабақты жоспарлау

және ұйымдастыру барысында оқытудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару қажет. Материал мазмұны Елбасы жариялаған «Мәңгілік Ел» идеясына сай болуы керек және қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарын бекітуге бағытталуы тиіс, яғни, Отанымыздың патриоттарын, зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекеттің, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, адамгершілігі мол, толерантты азаматтарын тәрбиелеу басты назарда. Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында бұл мақсаттарға және жоғары нәтижеге тек қана нақты, жүйелі, икемді құрылған сабақ жоспары арқылы ғана қолжеткізуге болады.

Әл-Фараби айтқандай «Тәрбиесіз берілген білім адамзатты апатқа ұшыратады». Ал Қоғамдық сананы жаңғырту ұлттың мәдениеті мен кодын сақтаған жағдайда мүмкін болады. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелеріне баса назар аудару қажет. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеяға айналуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. «Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016.- 26 сәуір.

2.«Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 68 б.

3.Қазақстан тарихы. 5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы. Астана,2018

4. Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы. 2013.02.07. берілген өзгерістермен толықтырулармен.

5. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы. 2016.19.04.

6. Кульжанова Г.К. Патриотическое воспитание казахстанской молодежи: проблемы и перспективы. – 2016.// articlekz.com/article/10988

7. https://sn.kz/sn-sayasat/5418-ly-dala-ymy-ly-ym

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БИЛІККЕ ҚАРСЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Садыков Т. С., т.ғ.д., профессор
Набиев С. Т., докторант
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

XYIII-XX ғасырдың басындағы Ресей империясының отарлық саясатына қазақ халқының қарсылығы ұлт-азаттық сипат алғаны белгілі. Араға жылдар салып ауық-ауық көтеріліске шығып отырған халқымыздың күресі кеңес дәуірінде де жалғасын тапты. Бірақ, патшалы Ресей дәуіріндегі көтерілістерге қарағанда кеңестік кезеңдегі билікке қарсы тұрудың өзіндік ерекшеліктері бар. Кеңес заманындағы қазақ баласының азаттыққа жетудегі күрес пен азапқа толы жүріп өткен тарихи жолын саралайтын болсақ тумысымыздан тиесілі бостандық жүгінің ауыр болғандығын аңғарамыз.

Отан тарихының қайта зерделеп, ғылыми айналымға еніп жатқан тың деректерді қайыра саралайтын болсақ көзге анық түсетіні - жаңа теориялық-методологиялық тұрғыдан зерттеуді қажетсінетін тұстарының бар екендігі аңғарылады. Осы кезеңдегі жаңа сипатқа ие болып, түрлене түскен кеңестік отаршылдыққа қарсы халық көтерілістерін зерттеудің жаңа нысанына айналдыратын уақыт жетті. Оның ішінде біздің ойымызша алдымен назар аударатын толғағы жеткен мәселелер бар.

Жер шарындағы отаршылыққа қарсы күрескен халықтардың тарихына көз жүгіртсек, іргелес орналасқан бауырлас башқұрт жұртынан орыс отаршылдығына қарсы 1755 жылдары тұңғыш бас көтерген Абдолла Әлиев, кейінірек оның ісін жалғастырған Салауат Юлаев;

Кавказ жұртындағы күллі Дағыстан жұртын соңына ерткен Шайхы Мансұр мен оның ісін жалғастырған имам Шәміл; Мексиканың испандық конкистадорлардан азаттығы жолында мерт болған Мигель Идальго-и-Костилья мен Хосе-Мария Морелостар және олардың істерін жалғастырған Бенито-Пабло Хуарес; сонау Солтүстік Африкадағы Алжир халқының француз езгісіне қарсы күресін басқарған әйгілі Абд-аль Кадир және т.б. сынды өр тұлғалардың есімін өзге жұрт жақсы біледі. Ал, орыс отаршылдығына қарсы тұрып, жанын берген ұлтымыздың өр тұлаларының ерен ерліктерін, есімін біз өз деңгейінде насихаттап жүрміз бе деген ойдың қылаң беретіні анық. Әлем халықтарына жақсы таныс өзге ұлттардың осындай батырларының қатарында қазақтың елін соңынан ерткен ұлдарының аттары неге аталмасқа ?

Әсіресе, кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің «бөліп ал да, билей бер» саясатына қарсы елін соңына ерітіп, қарсы шыққан батыр бабаларымыздың аттарын, олардың тарихи тағдырын, қуғынға түскен жақындарының қилы өмірін жете зерттей алмай жатқанымыз белігілі. Біздің ойымызша, жалпы қазақ халқының кеңестік отаршылдыққа қарсы көтерілуін зерттеу кезінде баса назар аударатын төмендегідей мәселелері бар:

Біріншіден, халықтың азаттық үшін күресінің сипатына тарихи баға беруде алдымен ғылыми әдебиеттерде қолданыста жүрген «ұлт азаттық қозғалыс», «көтеріліс» ұғымдарына ғылыми, бастысы қазақы анықтама қажет, яғни мәртебесінің анықталуы шарт. Осы уақытқа дейін ғылыми айналымда В.И.Дальдің «Толковый словарьндағы» «восстание – мятеж, возмущение» немесе «перейти от покоя к движению, возмущаться, идти против властей» тәрізді анықтамасы маңызын жоғалтқан жоқ, пайдаланымда кезедеседі [1, 454-455-бб].

Осы мәселе жайында кезінде академик М.Қозыбаевтың айтқан: «...Қалай болғанда да біз тарихи әдебиетте халық бостандығының тарихына байланысты терминдерге, ұғымдарға мән бергеніміз жөн» деген жанды пікірін қаперге алған дұрыс [2, 21-б]. Патша дәуіріндегі қазақ халқының көтерілістерінен кеңес дәуіріндегі халық көтерілістерінің айырмашылығы, ұқсастығы, өзара сабақтастығын салыстырыу нәтижесінде ұлтымыздың Тәуелсіздікке жету жолындағы қозғалысының ортақ бейнесі шығары сөзсіз. Сонымен бірге патшалық Ресей және кеңестік дәуірдегі отарлық саясаттың ортақ үндестігі мен жаңалықтары айқындалуы шарт.

Өткен ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ішінде күрескеріміз М.Шоқай ғана «көтеріліс» сөзіне былайша анықтама берді: «Көтеріліс езілген халықтың езушілерге қарсы өшпенділік сезімінің бір бұлқынысы» [3,104-б].

Большевиктер билігі қазақ даласына қанатын кеңге жайғанда кешегі М.Шоқай: «Бұл Ресейде қазір 1916 жылы біздің аға інілерімізді, апа қарындастарымызды атып өлтірген, нәрестелерімізді бесігінде, ата әкелерімізді отбасында өмірін үзген баяғы сол орыс жұмысшылары мен орыс диктатурасының үкіметі өмір сүруде» [4, 196-б] деп бағалауы патша дәуірінен бастап тамырын тереңге тартқан ұлы орыстық отарлау саясатының өміршеңдік танытып отырғанын тануынан еді.

Ақиқатында, кезіндегі Ресей империясының құрамындағы қазақтар тәрізді ұсақ ұлттардың да отарлықтың қамытын киюі және орыстандыру саясатының құрбанына айналуы кеңестік өкімет тұсында да заңды жалғасын тапты.

Ал, егемендік алғаннан кейін ұлтымыздың азаттық жолындағы күресінің теориялық мәселелеріне қалам тартқан ғалымдардың ішінде академик М.Қозыбаев «Менімше, ұлт-азаттық көтеріліс – ұлт азаттық қозғалысының бір түрі, оның сөз жоқ, қарулы халық қатысқан бір түрі. Ал, осы көтеріліс бір оқиғалық, региондық шеңберінен шығып, масштабы кеңейіп, бүкілхалықтық дәрежеге көтерілсе, ол ұлт азаттық революция санатына көтеріледі» деген тұжырымы көңілге қонады [5, 21-б].

Сол сияқты, тағы бір тың ұстаным профессор Х.М.Әбжановтікі: «Ұлт азаттық мәртебесіне ие болу үшін оның мемлекеттік билік мәселесімен кірігіп жатуы шарт дедік. Шынтуайтына келгенде, мемлекеттік билік мәселесін күн тәртібіне қоймаған әлеуметтік сілкініс бар болғаны наразылық, бүлікшілік, қарсылық дәрежесінде қалады деп есептейміз» [6, 101-б]. Жоғарыдағы мәселенің теориялық тұстарына қалам тартқан ғалымдарымыздың сан түрлі пікірлерінің ғылыми әдебиеттерде көптеп кездесуі азаттық күресінің сипатына әлі ортақ

көзқарастың қалыптаспағандығын аңғартады. Әсіресе, ол кеңестік биліктің орнаған алғашқы жылдарында (нақтырақ айтқанда 1921-22 жылдардағы) орын алған көтерілістердің сипатын айқындау, бағалау барысында алдымызда көлденең шығады.

Екіншіден, кеңес саясатына ұлт зиялыларының басшылығынсыз қарсы шыққан қарапайым халықтың жаңа билікке көзқарасы және оны қабылдау процесі, сонымен қатар көрсеткен қарсылығының түрін анықтау қажет (малын сойып алу, басқа жаққа көшіп кету, қоймаларды өртеу және т.б.). Сондықтан да, қарапайым халықтың қарсылығын біз қарастырып отырған уақытта «Кеңес билігі халыққа не берді» деген ұстаным биігінен қарастыру керек.

Өйткені, 1916 жылғы патшаның маусым жарлығына қарсы көтерілген халықтың арасында «Біз патшаға не үшін, қай қызметі үшін және қандай жақсылығы үшін қара жұмысқа адам беруіміз керек» деген жалпыға ортақ пікірдің қалыптасқанын деректер растайды. Ақырында, жарлыққа көнбейтіндігін сөзімен де ісімен де дәлелдеді. Халықтың мұндай таңдауы тарихта болды.

Көшпелі халықтың сайын далада ғасырлар бойы өмір сүрген биліктің жалғыз формасы хандық билікті ғана мойындағаны белгілі. Халықтың түсінігінде хандық билік мемлекеттіліктің және тәуелсіздіктің символы іспеттес және бұл ұлт жадынан өшпей әр уақыт көрініс беріп, жаңғырып отырды. XX ғ. 20-30 жылдарында Қазақстанның әр түкпірінде көтеріліске шыққан халықтың орталарынан хан сайлап алуы соның айғағы.

Атап айтсақ, 1921-22 жылдары Торғай, Атбасар уездерінің территорясын шарпыған Кейкі Көкембайұлы бастаған сарбаздар орталарынан Бабырдың ұрпағы Құлсейітті хан көтерсе, 1929-31 жылдардағы батыс өңірдегі «Адай ханы» атанған Әлниязов Тобанияз, Қарақұм көтерілісшілерінің сайлаған ханы Байымбетов Жұмағазы, ол тұтқындалған соң Жұбанов Көпжанның хан болып тағайндалуы, Созақ көтерілісіндегі Сұлтанбек Шолақовты және т.б. айтуға болады. Бұл жерде саяси сауатты, істің байыбын жете түсінген қазақ зиялыларының ұстанымдары мен жөні бір бөлек.

Бұдан шығатын қорытынды кеңес үкіметі 1916 жылғы көтерілістің даңқты қаһармандарына сенімсіздік танытып, оларды құрықтауға бел шеше кіріскендігін аңғартады. Хандық биліктің жанына халықтың ұйыса алатынын жаңа билік өкілдері түсінді. Кеңес билігінің алғашқы жылдарында ақ алдымен қазақ зиялыларын құрықтаудан бұрын 1916 жылғы көтерілістің көзі тірі жетекшілері қуғынға түсті.

1920 жылдың басында 1916 жылғы көтерілісте Арғын хандығының ханы О.Шолақовты және мыңбасы Қ.Алтынсаринді «...үкіметке қарсы әрекет етушілер» ретінде айып тағып, соттап Семейге, кейін Сібірге жер аударды [7, 4-б]. Бағаналы хандығының ханы Қасен Қасқабайұлы 1928 жылғы мал мүлкі тәркіленетін ірі байлардың қатарына ілігіп, Қазақстаннан тыс аймаққа үш жылға жер аударылды. Оның ұрпақтары тек егемендік алғаннан кейін ғана Өзбекстаннан ата жұртына оралды. Қыпшақ хандығының ханы Ә.Жанбосыновтың тағдыры да белгілі.

Өйткені, халық ішінде беделді, тірісінде-ақ аты аңызға айналған ерлердің кез келген сәтте елін соңынан ерітіп, жұмылып жұдырық бола алатынын 1916 жылғы оқиға көрсеткен еді.

Үшіншіден, кеңестік биліктің қамытын киген ұлттық республиканың территориясын тұтастай қамтыған халық қозғалысы мен қазақ зиялылары арасындағы байланыс. Оның ішінде кешірім жарияланып большевиктер жағына өткен алаш қайраткерлерінің ұстанымы, қарапайым халықтың кеңестік саясатқа қарсылығына берген бағалары. Өз елінің қайта талауға түскен күйін көрген зиялылырымыздың бұған бей жай қарамағаны анық.

Қарақұм көтерілісін басуда билік басындағылар Ә.Жәнкелдин, С.Сейфуллин, Ғ.Мүсірепов және т.б. бастаған қайраткерлерді көтерілісшілермен келіссөз жүргізуге пайдаланғандығы кейінгі зерттеулерден белгілі.

Төртіншіден, сол сияқты уақытындағы халық түсінігіндегі «большевиктер билігі» мен «орыс билігі» ұғымдарының ара жігін ажырату қажет. Өйткені, отарлықтың зардабын тартқан

жергілікті сол кешегі жергілікті халық, солардың ұрпақтары, билік ауысқанымен де халықтың күйі баяғы қалпында қалды;

Бесіншіден, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбы қозғалғанда шетелдегі қазақтардың, әсіресе Қытай, Моңғолия, Ауғанистан, Үндістан жеріндегі көшіп барған отандастарымыздың күресі қамтылмай қалады. Бұлардың туған жеріндегі халық күресімен байланысы, ортақ заңдылықтары анықталуы шарт.

Алтыншы, Қазақстан тарихының темірқазығы саналатын 5 томдықта қазақ көтерілістері баяндалып, соңында «тарихи маңызы» деген түсінікпен аяқталатыны белгілі. Бірақ, күрестің халық ішінде бағалануы, жетекшілерінің, қатысушыларының ерліктерінің дәріптелуі, насихатталауы, тіпті жаңғыруы індетте зерттеуді қажет етеді. Өйткені, халықтың жадында мұндай ұлы оқиғалар мен көсемдері ұмытылмай кейінгі күрестеріне дем беретін насихат құралына айналғандығы белгілі.

Жетіншіден, халық күресінен кейінгі отаршыл әкімшіліктің тарапынан жазалаудың жүргізілуі, белсенді қатысушылардың өзінің, отбасы мен жақындарының қудалануы, жетекшілердің басына ақша тігу тәрізді әдістер тұтас көтеріліс тарихының ішінде қамтылуы керек. Ұлт көсемдерінің басына ақша тігудің бүгінгі алпауыт елдердің әлі де жүзеге асырып отырған айласы.

Біздің айтпағымыздың соңғысы, қазақтың азаттық күресіне қатысты жазылған зерттеулерді, естеліктер мен құжаттар жинағын өзге тілдерге аударса абзал болар еді. Себебі, отаршылдықтың қамытын киген әлемнің басқа халықтары қазақтыңда сондай күй кешкенін, орыс отаршылдығының ерекшеліктерін және оған қарсылықтың сипатының қандай деңгейде болғандығын ұғынатыны сөзсіз.

Жоғарыда айтқан мәселелер шешуін таппаса ол әрдайым зерттеушілердің алдынан шығатта отырады және ұлт күресін бағалауға, тамырын табуға кері әсерін тигізеді. Және де бұрын отар болып, кейін тәуелсіздігін алған Латын Америкасы, Африка, Оңтүстік шығыс Азия елдеріндегі бұл мәселенің зерттелуі де қаперден қалыс қалмауға тиіс.

Қорыта айтқанда халқымыздың ғасырларға созылып, бір сәт толастамаған азаттық қозғалысының тарихы ұлттық тарихымыздың маңызды буыны, бүгінде «арық сөлеп, семіз шығатын» кез келді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. Москва, 2001.
2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы, 1994.
3. Шоқай М. Таңдамалы. 2 том, Алматы, 1999.
4. Көрсетілген еңбек.
5. Қозыбаев М. Көрсетілген еңбегі.
6. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр, Алматы, 2003.
7. //Егемен Қазақстан, 29 қараша, 2002 ж.

ҰЛТ МҰРАТЫ МЕН ЕЛ БІРЛІГІ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ

Тұрысбек Р., ф.ғ.д., профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ел бірлігі, татулық пен туыстық мәні – қоғамдық даму мен әлеуметтік мәселелердің, мәдени-рухани арналардың басым бағыттарын құрайды. Билік пен халық арасын, дала мен қала қарым-қатнасын нығайтатын алтын арқау, басты ұстанымдардың бірі. Бұл ретте, сөз жоқ қоғамдық диалог: елдік пен бірлік негізі, татулық пен тұтастық тірегі екені анық аңғарылады.

Қазақстан халқына арналған – «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдаумен оқып-танысқанда, ел дамуының жаңа

кезеңдері мен өркендеу өрістеріне жетудің мол мүмкіндіктері байқалды. Әсіресе, Ұлт жоспарын жүзеге асырудың қажеттілігі басты назарға алынады. Заман талабына қатысты мемлекеттік мүдделер, қоғамдық - саяси өмірді жаңғырту жайы, экономикалық реформаларды іске асырудың мәні, басты қағидаттары алға тартылады.

Жасыратыны жоқ, Жолдаудың бастапқы тұсында, елдіктің басты ұстанымы, халықтың басты арман-аңсары – Тәуелсіздік мәні, тарихы мен тәжірибесі, тағылымды қырлары назарға алынады. «...бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы» болғаны кең түрде айтылып, ел дамуының жаңа тарихындағы белесті биік, маңызды мәселелер қатарында айтылады. Баянды бірлік, елдік мұрат, тәуелсіздік жетістіктері ретінде еске алынады. Елбасы саясаты, бейбітшілік пен келісім, жасампаздық жолы көрсетіледі. Мұның мәні былай беріледі: «...Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз». Саяси жүйедегі мемлекет негізі мен тұрақтылығы, билік пен қоғам арасындағы байланыс тетігі осыған саяды. Сайып келгенде, мұның өзі қоғам өкілдерін құрайтын – Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ротациялық тәртіпке негізделетінін айқындай түседі.

Бұдан басқа, билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог орнату, азаматтық қоғамға қолдау көрсету, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мәніне зор маңыз беріледі. Осы арқылы халықпен тиімді кері байланыс орнату, адамдардың әлеуметтік ахуалына, мұң-мұқтажына назар аудару басты басымдықтар ретінде аталады. Ел бірлігі мен оның әралуандылығы, қоғамдық келісімді нығайту, митингтер туралы заңнаманы жетілдіру, азаматтық қоғам құру жолындағы өкіметтік емес ұйымдардың беделіне мән беріледі. Қалың жұртшылық, жас ұрпақ та бұған үміт-сеніммен қарайды. Ел бірлігі, татулық пен тұтастық – қоғамдық келісімнің қайнар көзі. Ол үшін қоғамдық диалог, халықпен кері байланыс орнату – уақыт талабы. Анығын айтқанда, мұның өзі: « ...Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады». Билік пен қоғам байланысының бір көрінісі осы.

Сондай-ақ, ел өміріндегі маңызды мерекелер мен мерейтойларға айрықша тоқталып, ерекше мән беріледі. Атап айтқанда, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы, Әл-Фарабидің 1150 және Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойлары, оны өз деңгейінде, лайықты атап өтумен дәріптеуге ерекше орын беріледі. Оның маңызы, сөз жоқ қазақ тарихы мен руханиятына құрмет. Әрі өрениетіміздің қайнар көзі - білім-ғылым, ақыл-парасатқа ашылған кең өріс екені да анық жайттардың бірі.Ұлт пен оның танымал тұлғаларына деген құрмет пен тағзым екені де терең танылады. Осы орайда, сөз жоқ алдағы жылы аталып өтетін – әл-Фарабидің 1150 жылдық, А.Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойлары: елдік мұрат пен ұлт ғұламаларына құрмет. Олар, негізінен асыра мақтан, алақайлаған той, немесе ысырапшылдық жол беру бағытында емес, жауапкершілігі жоғары, игілікті істі арқау еткен кәделі де сауапты, ізгілікті қадамдар қатарына жататыны айрықша аталады. Мұның өзі ұлт мұратын асқақтатып, ел мерейін өсіріп, отаншылдық рухты биік белеске көтеретіні, жасампаздық жолға бастайтыны айқын аңғарылады.

Сонымен бірге азаматтардың негізгі құқықтары, әкімшіліктегі әділет құрылымы, браконерлік проблемасы, сыбайлас жемқорлықпен күрес, құқық қорғау жүйесін реформалау, табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау жайы, еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, Орталық Азиядағы беделімізді арттыру сынды стратегиялық міндеттер де барынша айқын орын алады.

Қазақстандағы цифрлық экономика, қала мен ауылды дамыту, шағын және орта бизнеске кең өріс ашу, жер ресурстарын тиімді пайдалану, әділетті салық жүйесі, Ұлттық қорды тиімді пайдалану, еңбекақы төлеу деңгейін арттыру, жұмыс берушілерді ынталандыру мәселелері де бүгінгі күні өткір қалпында қалып отыр. Өйткені, жер-жаһандағы даму бағыттары мен жетістік нәтижелері, ашық қоғам құру мен цифрлық жүйе мәні, оны жүзеге асырудың тиімді тетіктері осында жатар. Бұған да жіті мін беріп, сергек қараған жөн.

Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңдерін айтқанда, сөз жоқ бірнеше бағыттарға мән беріледі. Олардың қатарында білім бері сапасын жақсарту, мамандар даярлаудың отандық жүйесі, жас ұрпаққа кәсіби бағыт-бағдар беру саясаты, орта және жоғары білімнің сандық және сапалық қырлары айқындалады. Жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі негізгі назарға алынады. Елдік мұрат, дәстүр мен тарих мәні де тиісінше орын алады. Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайына, еңбекақысына көп көңіл бөлінеді. Отбасы және бала институтын қолдау, бұқаралық спортты дамыту, мәдениет қызметкерлерінің мүмкіндіктерін ескеру, зейнетақы жүйесі, тұрғын үй саясаты, инфроқұрылымды дамыту, заңнама жүйесін зерделеу мен сараптау институтын құру, қоғамдық диалогтың негізі - татулық пен тұрақтылыққа айрықша тоқталып, барынша маңыз беру мәселелері кеңінен қозғалады.

Бұл ретте, сөз жоқ әлеуметтік бағыттардың маңыз-мәні айқындалып, маман дайындаудың отандық жүйесі, еңбек ресурстардың тиімді тәсілдері, кәсіби бағыт-бағдар берудің қажеттілігі кеңінен көрсетіледі. Атап айтқанда, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасына қатысты алшақтық, ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы сынды өзекті мәселелер орынды қозғалып, нақтылы көрсетіледі. Әсіресе, ол: «...Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр...Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек...Білім саласына қатысты тағы бір мәселе – қаржыландырудың біркелкі болмауы және өңірлік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімсіздігі», басқа да қордаланған жәйттер анық айтылады. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа бағыт, биік деңгейлерге көтеру жәйі де қозғалады. ЖОО-дағы білім сапасы, дербес қаржыландыру тәртібі мен диплом сату сынды келеңсіз де көлеңкелі көріністер мәні, жат та теріс сиқы да сын тұрғысынан сөз етіледі.

Асылы, аталған жайттардың бәрі – ел дамуына, ұлттық мұратқа негізделіп, оны өркениет деңгейіне көтеру бағытына арналғаны көңілге қуаныш орнатады. Қысқасы, ел ертеңі мен кемел келешегіне қатысты нақты жұмыстар, маңызды мәселелер, сапалы өзгерістер мәнді де нанымды, жүйелі жеткізіледі. Бұдан сөз жоқ, ел еңсесі көтеріледі. Ұлт мұраты айқындалады. Жасампаздыққа жол ашылады. Жас ұрпақ үлгі-өнеге алады. Көпке керегі де осы. Негізінен алғанда, «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты биылғы Жолдау баянды бейбітшілік пен берік бірлікті, татулық пен тұтастықты кең түрде сөз етіп, ел дамуының нақты көрсеткіштері мен алдағы уақытта атқаратын міндеттерді байыпты саралап, жүйелі жеткізуімен де мәнді болып табылады.

Осы орайда еске алсақ, «Мәдени мұра» (2004), «Халық-тарих толқынында» (2013), «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (2017), «Ұлы даланың жеті қыры» (2018) сынды бағдарлама мен жобалар жүйесі, мақалалар топтамасы, сөз жоқ өткен тарихқа құрмет пен тағзым, сондай-ақ ежелгі ескерткіштер мен жәдігерлерді, мәдени-рухани құндылықтарды тану мен бағалау ісінде, қысқасы Ұлы Даланың әлемдік өркениет алдындағы жауапкершілік жүгін біліми арналар мен ғылыми деректер негізінде нақты да жүйелі қарастыруға мол мүмкіндіктер береді. Бастысы, ел тарихы мен даму үрдістерін кең түрде танып-таразылап, жіті айқындайды. Еске түсірсек, бұл ретте: « Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық қуаты мен сипаты басым мақалада: «...Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды...Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек»,- деп анық-қанық атап көрсетіледі. Сондай-ақ. Ұлттық кодты сақтау, тарлан тарихқа тағзым, ұлттық сананы жаңғырту, бәсекелік қабілетті арттыру, елдік болмыс пен рухқа, сана-сезімге кең өріс ашу қажеттілігі көрсетіледі. Түйінді тұста: «...Өмір сүру үшін өзгере білу керек».- деп жаңа уақыт рухын, жаһандану кезеңінің талаптарын алға тартты.

Ал, орайлы тұста: « Ұлы даланың жеті қыры» атты тұжырымдамалық мақаланың табиғаты мен тағылымына ден қойсақ, алдымен бізді қоршаған Кеңістік пен Уақыт мәні мен сыры ашылады. Осы бір тоғысты тұстан; «...ұлт тарихы басталады»,- деп фәлсафалық сырға

толы терең мәнді түйін жасалады. Өркениетті елдердің (Италия, Германия, Үндістан т.т.) арғы-бергі кезеңдеріне, тарих толқынындағы орын-үлестеріне, даму үрдістеріне мән беріледі. Осының негізінде ұлттық тарихқа, оның қилы кезеңдеріне, қырлы-сырлы тұстарына заманауи тұрғыдан зер салынып, берік ұстаным жасалады.

Негізінен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еліміздің жер-жерінде мың сан іс-шаралар ұйымдастырылып, мәдени-танымдық тұрғыдан оң бағыт, ұнамды сипаттар алды. Оның бәрі-баршасында қоғам дамуы, ел бірлігі мен татулық-тұтастық сынды қымбат та қастерлі бағыттарға басымдық берілді. Ұлы Дала тарихы, танымал тұлғалардың ерен еңбектері, әл-Фараби мен Абай мұраттарына ұласқан дәстүр жалғастығы кең орын алды. Ендеше, ұлт мұраты мен ел бірлігі – халқымыздың қымбат қазына-құндылықтары һәм басты ұстанымдар қатарына жатады.

МАЗМҰНЫ
ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

Сыдықов Е.Б. *КІРІСПЕ СӨЗ* 3
Көмеков Б.Е. *ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖАЙЛЫ*..... 5
Аяған Б.Г. *ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ: ТАРИХИ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ*..... 7
Кабульдинов З.Е. *ВЕЛИКИЕ ЛИЧНОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В НОВЫХ РАССЕКРЕЧЕННЫХ ДОКУМЕНТАХ ЗАРУБЕЖНЫХ АРХИВОВ (АБЫЛАЙ ХАН, УАЛИ ХАН, СУЛТАНМАМЕТ И ДР)* 10

1 – секция
ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР КОНТЕКСІНДЕГІ ҰЛЫ ДАЛА

Абишева Ж.Р. *БІРТУАР ТҰЛҒА*..... 23
Алиакбарова А.П., Дүкенбаева З.О. *ХАЛИФА АЛТАЙ-ТАРИХШЫ, ЭТНОГРАФ*..... 28
Айтмагамбетов Д. Р., Искакова К. И. *ОДОМАШНИВАНИЕ ЛОШАДИ У КАЗАХОВ: НАЧАЛО ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ*..... 31
Акпар А. *ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: В.В. РАДЛОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ*..... 38
Ақтайлақ Б.Б., Садықов Т.С. *Х. ОРАЛТАЙДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ*..... 41
Әпендиев Т.Ә. *ЖҮСІП ХАС ХАЖИБ БАЛАСАҒҰННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ*..... 45
Байдалы Р. Ж. *ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ»*..... 52
Балыкова А.М. *МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ЕҢБЕГІ -ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ*..... 57
Бижанов А.С., Елкей Н.Н. *1916 ЖЫЛЫ СӘТБАЙ АБАҚҰЛЫ МЕН МОЛДАЖАН ЖАДАЙҰЛЫ БАСТАҒАН ЕРЕЙМЕН КӨТЕРІЛІСІ*..... 59
Булекбаев С. *ШТРИХИ К ТВОРЧЕСТВУ ФИЛОСОФА А.Х. КАСЫМЖАНОВА* 64
Булекбаев С. Б. *ТЮРКСКАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ВОСТОЧНОГО РЕНЕССАНСА*..... 68
Гайсина М.Б. *ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ САЯСИ ОЙЛАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ИДЕЯСЫ*..... 76
Дукенбаева З.О. *ВЕЛИКАЯ СТЕПЬ В КОНТЕКСТЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПЕРСОНАЛИСТИКИ*..... 80
Елеуханова С.В. *ЭВАКУАЦИЯ ЕВРЕЕВ В КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ НА ПРИМЕРЕ СОФИИ МЕНДЕЛЕЕВНЫ МЕНДЕС*..... 85
Елтай Р.М., Дүкенбаева З.О. *ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСЫ*..... 88
Жанисов А.Т., Рахым Н.М. *ЗЕЙНОЛЛА СӘНІКТІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ МЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ РӨЛІ*..... 91
Журасова А.Ш. *ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ: МАҢЫЗЫ МЕН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ* 95
Жұмағалиева М., Дүкенбаева З.О. *ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ*..... 99
Жұмамұратов Н.А., Искакова К.И. *ӘНУАР ӘЛІМЖАНОВТЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕСІ*..... 102
Имангалиев А.Т., Дүкенбаева З.О. *ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ АҚЖАН ЖАҚСЫБЕКҰЛЫ ӘЛ-МАШАНИДЫҢ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ*..... 105
Исин А. *ПОХОД АМИРА ТИМУРА 1389 г.*..... 109
Искакова К. Ы. *ДІНШЕ ӘДІЛОВ - АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ*..... 111

Ишмухаммедова У.Т., Сайлаубаева Н.Е. *АБАЙ ЖӘНЕ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ*..... 117
Кабульдинов З.Е. *ПОТОМОК ДЖУЧИ ХАНА СУЛТАНМАМЕТ СУЛТАН – ПРАВИТЕЛЬ КЫПЧАКСКОГО УЛУСА В СРЕДНЕМ ПРИИРТЫШЬЕ (XVIII ВЕК)*..... 123
Каженова Г.Т. *КОКШЕТАУ – СТАВКА КАЗАХСКИХ ХАНОВ АБЫЛАЯ, УАЛИ, КЕНЕСАРЫ*..... 133
Козыбаева М.М. *ИЗУЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКИХ ПРЕДКОВ В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ (О РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТА «ВЕЛИКИЕ ИМЕНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»)*..... 138
Көкебаева Г.К. *МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ЕУРОПАДАҒЫ ТҮРКІ ЭМИГРАЦИЯСЫ*..... 142
Қасқабайұлы Ә. *ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ*..... 148
Лапин Н.С. *КАСЫМ-ХАН И СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ*..... 154
Мұратбекқызы Б., Берліғалиева Г. *ҚАЙРАТКЕРЛІК ПЕН ДАНАЛЫҚ МІНБЕРІНДЕГІ ҚАНЫШ СӘТБАЕВ*..... 159
Мұхамадиұлы Х. *АҚЫТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАЙЫНДА*..... 163
Нұрбай Қ.Ж. *КНЯЗЬЯ ТАЙБУГИДЫ И ИХ СИБИРСКИЙ УЛУС*..... 169
Оразалин С. *Қ. ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ С. АМАНЖОЛОВ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ*..... 176
Попов Ю. *ГАБИДЕН МУСТАФИН – ТВОРЕЦ «ТУГАН ЖЕР»*..... 181
Рахимов А.А. *ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ ЕЛБАСЫНЫҢ РӨЛІ*..... 186
Рақымжан Н.Р., Искакова К.Ы. *АҚЫН, ӘНШІ, КОМПОЗИТОР АҚАН СЕРІНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ТАРИХШЫЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ*..... 191
Рахимбекова А.К., Ашкарова А.Б. *ВДОХНОВЛЕННЫЙ СТЕПЬЮ*..... 195
Садықов Т.С., Темирханова А. С. *АКАДЕМИК МАНАШ ҚАБАШҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ*..... 198
Сайлаубай Е.Е. *БАТЫРЛЫҚ ЗАМАН ТАРИХЫНАН*..... 201
Селиверстова Ж.Б. *НАЦИОНАЛЬНАЯ И АВТОРСКАЯ КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИЯ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ТЕКСТЕ Г.Д. ГРЕБЕНЩИКОВА*..... 205
Ташқараева Ә. *АБУ-Л-ҒАЗИДІҢ «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ОҒЫЗХАН: САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ*..... 211
Темирханова А .С., Садықов Т. С., Қара Ә. *ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫН ЖАҢҒЫРТУШЫ – АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ*..... 215
Төлегенов Б.Ж., Дүкенбаева З.О. *СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ: АЛАШ ЭТНОНИМІ ТУРАЛЫ*..... 221
Тұрсұн Х. *СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АЛАШТЫҚ ИДЕЯ*..... 225
Ускембаева А.А., Жангабулова Ж.М. *XIX Ғ. РЕСЕЙ ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ ДАМУЫНА ҮЛЕСІН ҚОСҚАН ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ЫСМАЙЫЛ ҒАСПЫРАЛЫ*..... 230
Хамитова М. А. *АКАДЕМИК А.Х.МАРГУЛАН В 30-50 ЫЕ ГОДЫ* 236
Четин Н., Байшов Б.Б. «*ҰЛЫ ДАЛА» ТАРИХЫ МЕН ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР МЕН ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАР*..... 242
Шалахметов Г. М. *ЛЕВ ГУМИЛЕВ - РЕНЕССАНСНЫЙ ЧЕЛОВЕК*..... 246
Шандор Д. *МАДЬЯРЫ И ТЮРКИ: ВЗГЛЯД ИЗ ВЕНГРИИ В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПЕРСПЕКТИВЕ*..... 251

2 – секция
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АРАБ-МҰСЫЛМАН ӘЛЕМІ

Алпысбес М. *ҒЫЛЫМ ІЗДЕНУ АДАМНЫҢ АДАМДЫҚ БОРЫШЫ ДЕП БІЛГЕН АБУ-НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ*..... 257
Алтаев Ж., Муканова Г. *ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЕУРОПА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІ ОЙШЫЛДАРЫ*..... 261
Елтай Р.М., Дүкенбаева З.О. *ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ*..... 265
Қабылова А.С. *ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ОЙШЫЛДАРЫ ІЛІМІНДЕГІ КЕМЕЛ АДАМ МҰРАТЫ*..... 268
Оразаев С. Б., Искакова К. Ы. *ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ: ҰЛЫ ОЙШЫЛДАР АРАСЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚ ОЙ-ПІКІР САБАҚТАСТЫҒЫ*..... 276
Шабамбаева А.Г., Талғатбек М. *ВКЛАД АКЖАНА ЖАКСЫБЕКОВИЧА МАШАНОВА В РАЗВИТИЕ ФАРАБИЕВЕДЕНИЯ КАЗАХСТАНА*..... 282
Шабамбаева А. Г., Хасенова Ж.О. *К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ СТАНОВЛЕНИЯ НАУЧНОЙ ШКОЛЫ ФАРАБИЕВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ*..... 287

3 – секция
ҚАЗІРГІ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Акылбаева И.М. *ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И ПОГРУЖЕНИЕ МОЛОДЕЖИ В НАЦИОНАЛЬНЫЕ ВИЗУАЛЬНЫЕ КОДЫ*..... 291
Алексеева Л.В. *СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА И НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ШКОЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РОССИИ*..... 293
Ауанасова А.М., Нурпеисов Е.К. *ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО И ИНДИВИДУАЛЬНОГО СОЗНАНИЯ И КАЗАХСТАНСКАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ*..... 297
Аяған Б. Ғ., Ерімбетова Қ. М. *ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ*..... 301
Әбжанов Х. *ҰЛЫ ДАЛА – ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ТІРЕГІ*..... 308
Әбдінәсір Н.Н. *ХХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ БАСТЫ ТЕНДЕНЦИЯСЫ*..... 313
Багитова А.Б. *ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ*..... 318
Иманбаева Ж.М. *ОСОБЕННОСТИ МОДЕРНИЗАЦИОННОЙ МОДЕЛИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ МНОГОПОЛЯРНОГО МИРА*..... 324
Калиева Б.Т. *ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ЖАДЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА САЯСАТЫ*..... 331
Ковальская С.И. *ИНДИЙСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЕВРАЗИИ И ВЕЛИКОЙ СТЕПИ* 333
Мажитова М.А. *ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР БЕТТЕРІ*..... 338
Марқабаева А. М., Абданбаева А. А. *ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ*..... 341
Садыков Т.С., Набиев С.Т. *ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БИЛІККЕ ҚАРСЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ*..... 344
Тұрысбек Р. *ҰЛТ МҰРАТЫ МЕН ЕЛ БІРЛІГІ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ*..... 347

«ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ:
КӨНЕ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН»
Халықаралық Еуразиялық форумының
МАТЕРИАЛДАРЫ
1-ТОМ

Таралымы 100 дана
Пішіні 60х84 1/8. Көлемі шартты 39,8 б.т
Қаріп түрі «Nimes New Roman»
Тапсырыс №15335

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ типографиясында басып шығарылды
010008, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к., 13/1